

1-KYH





## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

### ТАНЫСАЙЫҚ

Ынтымақтастыққа ұласатын мығым, сенімді қарым-қатынасты дамыту үшін жаңа топтармен сабақ барысында осы жаттығуларды пайдаланыңыз.

**Ұсынымдар:** топ қатысушыларымен белгілі жеке ақпаратпен алмасуға дайын болыңыз. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Егер сізге жауап беру үшін көп орын қажет болған жағдайда, парақтың артқы жағын пайдаланыңыз. Кәсіби оқыту бойынша келесі сабаққа барғанда, осы парақты ала барыңыз.



Аты: \_\_\_\_\_

Электронды адресі: \_\_\_\_\_

Оқыту саласы: \_\_\_\_\_

1. Қызығушылығы және әуестенетін салалар: \_\_\_\_\_

2. Отбасыңыз туралы ақпарат: \_\_\_\_\_

3. Оқытудан не күтесіз? \_\_\_\_\_

4. Оқытуға қатысты сіздің күдік-күмәндарыңыз: \_\_\_\_\_

5. Оқыту туралы не білгіңіз келеді? \_\_\_\_\_

6. Оқушыларыңыздың бойында сізге не ұнайды? \_\_\_\_\_

7. Өз оқушыларыңыздың бойында сізді бәрінен де не толғандырады? \_\_\_\_\_

8. Неге қол жеткіздіңіз? \_\_\_\_\_

9. Неге қол жеткізгіңіз келеді? \_\_\_\_\_

10. Өзіңіз туралы қосымша ақпарат: \_\_\_\_\_

## Жаттығу

## Сенімді қарым-қатынас сипаттамасы

**Ұсынымдар:** Сенімді қарым-қатынас құру дегеніміз не? Егер топ мүшелері бір-біріне сенетін болса, олар нені айтып, не істей алатыны туралы ойланыңыз? Төменде өз идеяларыңызды тізіп жазыңыз:




## СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



*Дереккөз: Team to Teach: A Facilitator's Guide to Professional Learning Teams [Ұйымдастырушы педагогтің команданың кәсіби қалыптасуы туралы анықтамалығы], by Anne Jolly. Oxford, OH: NSDC, 2008.*





### Топтарда жұмыс істеу не үшін қажет?

#### «Ынтымақтастық» және «бірлескен оқу» дегеніміз не?

Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал *бірлескен оқу* соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Адамдар топтарға бірлескен барлық жағдайларда топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен іске қосқан үлесі құрметтеліп, атап көрсетілетін, адамдардың жұмыс істеудің басқа тәсілі орын алады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін билік пен топ пен жауапкершілік топ мүшелерінің арасында бөлінеді. Ынтымақтастық оқудың негізгі аспектісі топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы бітімге, келісімге қол жеткізуіне негізделген.

#### Бірлескен оқудың мәні

Ынтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады.

## ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

*Жалпы алғанда, топтардағы бірлескен жұмыс төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады:*

Әлеуметтік	Танымдық	Эмоционалдық
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тәжірибемен және идеялармен алмасу;</li> <li>• Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;</li> <li>• Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;</li> <li>• Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;</li> <li>• Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету</li> </ul>

*1-сурет. Топтық жұмыс жүргізу мақсаттары*



*2-сурет. Топтағы бірлескен жұмыс жүргізу себептері*



### Топтарда қалай жұмыс істеуге болады?

Топтық жұмыстан барынша көп басымдылық алу үшін, мұғалімдер мен оқушылар барлығынан хабардар болуы қажет және бақылау мен қарым-қатынас жасау барысында жеке тұлғалық дағдыларын дамытып, өз ойларын білдіріп және басқаларға қолдау көрсету өте маңызды (3-сурет)



**Қарым-қатынас:** жазбаша және ауызша әңгімелесу, тыңдау, ым мен қимылды пайдалану



**Өзін-өзі таныту:** үстемдік танытпай, топтағы жұмысқа белсенді қатысу үшін өзіне-өзі сенімді болу



**Басқаларды қолдау:** топтың қызметіне үстемдік жүргізбей, топ жұмысына белсенді қатысу үшін шиеленіскен жағдайларды шешу



**Басқаларды бақылау және басқалар туралы хабардар болу.** Топтың басқа мүшелеріне қарым-қатынас барысында ықылас таныту.

*3-сурет. Топтық жұмыс барысындағы дамитын дағдылар*

### Топты ұйымдастыру ережелері

Топтар түрлі тәсілдермен құрылуы мүмкін. Кей кездері мұғалімдер (және оқушылар) әріптестерінен (немесе достарынан) бірге жұмыс істеуін өтінеді, басқа жағдайларда кездейсоқ іріктеп алынған топтар құрастырылады. Ал кейде топтар жекелеген мүшелердің нақты бір мықты қасиеттеріне қарай құрылады.

Топтың қандай тәсілмен құрылғанына қарамастан, жаңадан құрылған кез келген топқа бір-бірімен жұмыс істеу сипатына, дағдылары мен стиліне икемделіп, бейімделуге уақыт талап етіледі. Табысты топтар осы айырмашылықтардың артықшылығын пайдалануды, оларды бастапқы кезеңде анықтауға және тиісінше топтың қызметін ұйымдастыруды бірден үйренеді (1-кесте).

Қалыптасу кезеңі топ жұмысының басталуымен шектелмейді. Топ мүшелерінің бір-бірі туралы хабардар болуына қарай, топтың қарқыны біртіндеп өзгереді, және де топ мүшелеріне мұндай өзгерістерге қатысты әрекет ету үшін қажеттілігіне қарай жұмысты түзетуге дайын болу керек.

### Топта жұмыс істеу ережелері

Топтық жұмыс жеке шешуге болатын тапсырмаларды емес, анағұрлым күрделі тапсырмаларды шешуді көздейді.

Кез келген команда барлық мүшелері білетін және түсінетін жалпы ережелерді

## ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

басшылыққа алуы қажет. Ол топтың әрбір мүшесінің одан не күтілетіндігін, жұмыс қалай бөлінетіндігін және қолдау көрсетілетіндігін, сондай-ақ нәтижелерге қалай қол жеткізілетіндігін білулері үшін қажет.

Топты құру	Топтық жоспарлау	Жоспарды жүзеге асыру	Қызметті жүзеге асыру	Топ жұмысын бағалау
<ul style="list-style-type: none"><li>•Топтың құрамына кім кіреді?</li><li>•Сіздің жеке артықшылығыңыз неде?</li><li>•Оларды қаншалықты ұтымды пайдалануға болады?</li><li>•Топ қалай бірлесіп жұмыс атқарады?</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>•Не істеу қажет?</li><li>•Сізге жұмысты орындауға қанша уақыт қажет?</li><li>•Жұмыс топ ішінде қалай бөлінеді?</li><li>•Жұмыс істеу барысында топ ішіндегі қарым-қатынас қалай жүзеге асырылатын болады?</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>•Топ мүшелері бір-біріне қалай көмектеседі?</li><li>•Бір-бірінің жұмысын қалай талқылар едіңіз?</li><li>•Жұмыстың барысы қалай бақыланады?</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>•Соңғы өнім қандай нысанда жасалады?</li><li>•Жобаны орындау барысында түрлі дағдылар түрлі тапсырмаларға сәйкес келе ме?</li><li>•Сізге жұмыстың қай түрі үшін баға беріледі?</li><li>•Топтық ынтымақтастықтың болғандығының жеткілікті дәлелі бар ма?</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>•Сіздер команда ретінде қаншалықты ұтымды жұмыс істедіңіздер?</li><li>•Сіздер бір-бірлеріңізге қаншалықты көмек көрсеттіңіздер?</li><li>•Топта жұмыстың қандай негізгі аспектілері ұтымды орындалды?</li><li>•Не орындалмады?</li><li>•Одан қандай сабақ алуға болады?</li></ul>

*1-кесте. Топ құру кезеңдері*

### Топ мүшелерінің саны қанша болуы қажет?

Топтағы оқушылардың саны оқушылар арасындағы сонымен қатар, оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты барынша тиімді қамтамасыз етуі тиіс.

Топтың көлемі мен санының арасындағы тепе теңдікті орнату маңызды. Мысалы, көптеген шағын топтар немесе жұп шектеулі қысқа уақыт (мысалы, шамамен 5 минут) барысында тиімді жұмыс істей алады. Аздаған үлкен топтарда оқушылардың көңілі басқаға ауып, тәртіптерінің бұзылуына әкелуі ықтимал. Белгілі бір тапсырманы айрықша тиімді орындау үшін, мұғалім топ қатысушылар саны қанша болатынын анықтап алуы қажет. (4-сурет).

### Мұғалімдердің рөлі

Мұғалімдер топтық жұмыстарды ұйымдастырып және оны қолдап отыруы қажет, сонымен қатар, тапсырманы орындағаннан кейін оны талқылауға уақыт беру керек.


Мұғалімдер топтың тиімді жұмысына қолдау көрсетіп, оңтайлы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етулері керек.

Сыныппен жұмыс істеу барысында неге қол жеткізетіндерін және нені білу жоспарланғандығын, топтық жұмысқа арналған тапсырмалар барлық сыныпты оқытумен қалай байланысты екендігін талқылауды қамтуы тиіс. Талқылау барысында оқушыларға олар қолдана алатын дағдылар, стратегиялар мен ережелер туралы ескерту қажет.

Оқушылардың жұмысына мұғалім сыпайы түрде араласып, оқушыларға ұсынылатын әдістерді модельдеуі тиіс. Топтың бірлескен жұмысын қамтамасыз ету үшін, мұғалім бастапқы кезеңдерде барынша көп қолдау көрсетуі керек.

Сабақ аяқталған соң мұғалім оқушыларды топтағы жұмыс үдерісі жайлы және оның нәтижелері туралы ойланулары үшін түрткі жасау керек.

## ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ



4-сурет. Топтың көлемі


Топтық жұмыс ұтымды, тиімді болу үшін белгіленген тапсырмалар мен топтың қызметі стратегиялық тұрғыдан дұрыс құрылуы тиіс, олар топта тиімді жұмыс істеуге ынталандырып/қамтамасыз етіп, жоғары деңгейдегі оқытуды, ойлауды және түсінуді дамыту үшін қолданылады.

### Топтағы бірлескен жұмыстың нәтижелері

Жақсы ұйымдастырылған топтық жұмыс оқушылар арасында әлеуметтік өзара қарым-қатынасты, тиімді араласу және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде оқушыларды өздерінің оқуларына белсенді қатысуға итермелейді.

Оқушыларды алынған ақпаратты ойластыруға және талқылауға, өзгелердің пікірлерін түсінуге немесе теріске шығаруға ынталандырған жағдайда топтық жұмыс тиімді болады.

Фактілер бұл үдеріс кезең-кезеңмен өтетінін растап отыр. Айталық, бастапқы кезеңдегі топтық жұмыс әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларын дамытуы қажет, содан кейін оқушылардың арасында қарым-қатынас біршама орнаған соң, мұғалімдер олардың тиімді қарым-қатынас жасау және мәселелерді шешу дағдыларын дамыта алады (5-сурет).



5-сурет. Дағдыларды дамыту үдерісі

### Әлеуметтік өзара әрекеттестік дегеніміз не?

Төменгі және жоғарғы сынып оқушылары топқа мүше болудың мәні туралы ойды қалыптастыру мүмкіндігіне ие болып, басқа адамдардың пікірлері мен идеяларына төзімді бола білуге үйренуі тиіс, соның нәтижесінде олар басқа адамдарға қатысты өзара сыйластыққа және түсіністікке келеді.

Тапсырмаларды орындау барысындағы бірлескен жұмыс оқушыларға жағдайды

## ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ

---

басқа адамдардың пікірлерін ескере отырып, қарауға мүмкіндік береді.

### *Тиімді топтық қарым-қатынас дегеніміз не?*

Қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігі топтағы жұмыстың барынша қолайлы аспектісі болып табылады, алайда ол тек айта білуді ғана емес, сонымен қатар тыңдай білуді де қажет етеді, сондықтан оқушылар білуге тиісті бірнеше негізгі ережелер бар, олар:

- кезекпен сөйлеу;
- белсенді тыңдау;
- сұрақ қою және сұрақ бар ма екенін сұрау;
- ұсыныс енгізу және басқаларда ұсыныс бар ма екенін сұрау;
- өз ойларын және пікірлерін ортаға салу және басқалардың идеялары мен пікірлерін білу;
- ұсыныстарды, идеяларды және пікірлерді ұжыммен талқылау;
- көмектесу және көмек сұрау;
- түсініктеме беру және түсініктеме беруді өтіну;
- идеяларға түсініктеме беру және оны бағалау;
- топтық шешім қабылдау және бір тоқтамға келу;
- талқылаудың қорытындысын шығару;
- дәйекті айғақтар келтіру.

### *Проблемаларды шешу стратегиялары*

Орын алған проблеманы шешу мақсатындағы топтық жұмыс – оқытудың өте ықпалды тәсілдерінің бірі. Оқушылар ересек адамдарға тәуелді болмау үшін тапсырмаларды жоспарлайды және оларды орындауды ұйымдастырады. Бұл тәсіл оқушыларға:

- уақытты ұтымды жоспарлауға;
- инновациялық көзқарастар мен идеяларды ұжыммен талқылауға;
- топтағы жұмысқа дейін қандай да бір жеке-дара қызмет немесе ойластыру қажет пе екендігін анықтауға;
- топ ішінде рөлдерді анықтауға (басшы, хатшы, тілші, бақылаушы және т.б.) немесе топ мүшелеріне тапсырмаларды бөліп тапсыруға;
- тапсырмаларды орындау барысында келісімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.



## Талқылауды қолдануды не үшін ұлғайту керек?

Егер сыныпта жайлы өзара әрекеттестік орнап, балалар сабаққа тартылса, талқы жүргізіп, әңгімелесу үшін мүмкіндіктер жасаудың маңызы зор болмақ. Бір мақсатқа жету үшін жүргізілген талқылау – бұл топтағы барлық жұмыстардың сәтті болуының негізі. Талқылау оқушыларға өз идеяларын зерделеп, өзара әрекеттестікті жақсартуға, топтық жұмыстың қарқынды өтуіне ықпал етіп, оқушылардың оған белсенді қатысуына көмектеседі.

### Талқылау жүргізуге жағдай жасау

Белсенді талқылау қызметінің түрлері әртүрлі болып келеді. Алайда бұл жұмыс түрлерін 1-суретте көрсетілгендей кеңінен жіктеуге болады. Ауыспалы тәсілді қолданған әлдеқайда ұтымды болып табылады.



1-сурет. Талқылау жүргізу қызметі



## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

### ШАҒЫН ТОПТАРДА ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР БОЙЫНША БІРНЕШЕ ҰСЫНЫС

Толық құрылымдалмаған тапсырмалар талқылауды қадамдап жүргізуге арналған нұсқаулықты қолдануды талап етеді. 2-суретті қараңыз.

Алдын-ала сұйықтықтар мен газдарды зерттеп, қатты материалдарды сынау бойынша тәжірибелік сабақтарды аяқтаған сыныптарға арналған келесі тапсырманы қарастырыңыз. Сіз сабақтың соңғы жиырма минутын олардың шағын топтардағы зерттеулерін талқылауға пайдалануды шештіңіз делік. Сіздің жұмысыңыз төмендегідей болуы мүмкін:

**Материалдарды сынау бағдарламасы**

Жұптасып:

1. Тестіленген қатты материалдарды сипаттау үшін жазып алған сөздеріңізді жұбыңызға айтыңыз (2 мин).
2. Барлық қатты материалдарды сипаттауға келетін сөздер бар ма? (1 мин)
3. Өткен аптада сұйықтықтар мен газдарға қатысты орындалған жұмыс туралы ойланыңыз – олардың көпшілігін сипаттауға келетін сөздер бар ма? (1 мин)

Енді басқа жұппен бірігіңіз:

4. Ақпаратпен бөлісіңіз (2 мин).
5. Қатты материалдардың сұйықтықтар мен газдардан айырмашылығы неде екенін анықтап көріңіз (2 мин).
6. Бұл аталған материалдардың ұсақ элементтері бір-біріне қаншалықты жақын және олардың қалай қозғалатынына байланысты ма? Талқылаңыздар (5 мин).

Барлық сыныппен:

7. Қатты материалдарды, сұйықтықтарды немесе газдарды қыздырғанда, олардың ішіндегі элементтер қалай жүреді? Тақылаңыздар (3 мин).
8. Қыздырған кезде материалдар үлкейеді. Бұл проблема туғызуы мүмкін бе? (4 мин)

Ақпаратпен таныстыру

сіндіру

Қолдану

3.4-тапсырма  
Шағын топтарда талқылау кезінде мұғалімге берілген түрлі рөлдердің қысқаша сипаттамасын жасаңыз. Өз идеяларыңызды 4-суретте келтірілген идеялармен салыстырыңыз.


Талқылау оқушылардың фактілерді еске алып, өз тәжірибесі туралы әңгімелеуінен басталады. Мұғалім оқушыларды төрт адамнан тұратын топтарға бөліп, жоғарыда көрсетілген сұрақтарды қоя бастайды (4-6 сұрақтар). Бұл кезеңде мұғалім оқушыларды белсенді атсалысуға және топтар арасында пікір алмасуға ынталандыра отырып, талқылауға жетекшілік етеді. Шындығында, шағын топтарда талқылауды реттеу арқылы мұғалім жұмысты шағын топта орындаудан бүкіл сынып болып орындауға ауысуға мүмкіндік алады. Бұл өз кезегінде рефлексивтік талқылау жүргізуге мұрындық болады. Пікірталас барысында оқушылар өз білімдерін көрсетумен қатар, жаңа абстрактілі идеяларын да білдіруі мүмкін (7-8 сұрақтар). Қажет болса, бүкіл сыныпқа арналған қалыптастырушы есеп пен топтық жұмыс барысында орындалған постерлер мен плакаттар ұсынылуы мүмкін.

2-сурет. Талқылау жүргізудің қадамдары туралы нұсқаулық үлгісі



## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

Оқушылар шағын топтарда орындай алатын тапсырмалардың үлгісі төменде 3-суретте көрсетілген.



3-сурет. Шағын топтарда жұмыс істеуге арналған ұсыныстар

## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

### Шағын топтарда талқылау жүргізудегі мұғалімнің рөлі

Рефлексивтік талқылау болып жатқанына көз жеткізіңіз. Сіз оны топтарды барлық сыныпқа таныстыру түрінде жасауыңызға болады. Мұндай жағдайда, шағын топтарда дайындық жүргізуге уақыт бөліңіз:

- Пікірлерді анықтаңыз
- Түйіндеңіз және біріктіріңіз
- Әр топтың көзқарасын бөліңіз
- Оқушыларға шағын топтарда дайындық жүргізу арқылы барлық сынып алдында сөз сөйлеу кезінде өзіне сенімді болуға мүмкіндік беріңіз.



Арақашықтықты сақтаңыз:

- Сабақты тездетіңіз, бірақ ойлануға уақыт беріңіз
- Үнсіздіктен қорықпаңыз
- Әуесқой, еті тірі және ұйымшыл болыңыз
- Еркін жағдай жасаңыз.

Топтардың өзара әрекет етуін ынталандырыңыз (Бұл сіз қалаған, бүкіл сыныптың бірлесіп талқылауына әкеледі)

- Атауларды ұсына отырып, топтардың бейімділігін
- Шағын топтар арасындағы достық жарысты көтермеленіңіз.

Өз тапсырмаңызды дайындаңыз, бірақ оның икемді болуын көздеңіз. Құрылымдалған тапсырманы немесе бағдарламасы бар бағытталған талқылауды қолданып

- Топқа тапсырманы қалай шешу туралы кеңес беріңіз
- Оқушылардың рөлдері мен жұмысын үйлестіріңіз
- Рөлдерді ауыстырыңыз
- Әлсін-әлсін сыныпты еліктіруге, өз тәжірибеңізді айтуға дайын болыңыз

Топтың орындағанына түсінік беріңіз:

- Олардың жұмысының сапасына
- Олардың жұмысты қалай орындап жатқанына
- Өз рөлдерін қалай орындағандарына

Талқылау кезінде топтарға жақын болыңыз:

- Жетіспейтін пікірді ұсыныңыз, бірақ артық сөйлемеңіз
- Тұйық әрі ұялшақ оқушыларды талқылауға тартыңыз
- Орындалған қорытындыларды нақтылаңыз, бірақ олардың мағынасын өзгертпеңіз
- Барлық пікірді бағалаңыз.
- Кейбір оқушылардың асқан үстемдігін шектеңіз
- Дәлелдерді құрастыруға көмектесіңіз
- Рефлексивтік талқылау үшін пікірлерді белгілеңіз
- Оқушылардың сөйлеп және тындап отырғанына көз жеткізіңіз.

4-сурет. Шағын топтарда талқылау жүргізудегі мұғалімнің рөлі

### Бірлескен оқу – мозаикалық оқыту әдісі


Мозаикалық оқыту әдісі – бұл оқытуды құрылымдаудың, сондай-ақ жұмыс көлемін бөлудің пайдалы техникасы. Мозаика атауының мағынасында жатқандай, топтың әр мүшесінен жалпы тапсырманың нақты бір бөлігін оқып әрі орындау кезінде жауапты болуын талап етеді. Содан кейін топтың әр мүшесі жалпы тапсырманы аяқтау үшін бастапқы тобына қайта оралады.

*Мозаикалық тапсырмаға мысал: 1-қосымшаны қараңыз.*

Берілген тапсырмада оқушылар төрт адамнан тұратын бастапқы топтарға бөлініп, жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін маусымдық өзгерістерге қатысты негізгі сегіз сұрақтан тұратын тапсырма бойынша

## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

жұмыс істеуі керек. Топтарға талқылауға он минут беріледі, содан кейін топтар өз ойларымен барлық сыныппен бөліседі. Мұғалім тапсырманы орындаудың тиімді нұсқасын, яғни топтың әр мүшесін жауап үшін қажет болып қалатын нақты бір ақпаратқа жауапты етіп тағайындауды ұсынады. Осыдан кейін бастапқы топтар тапсырманы одан әрі тереңірек зерделеу үшін сарапшы топтарға бөлінеді.



5-сурет. Мозикалық әдісті қолдану жолы

Әр сарапшы топқа сұрақтың белгілі бір аспектісі, яғни бірінші қосымшадағы төрт ақпараттық парақтардың бірі беріледі. Топқа ойларын талқылап, бір топтамға келу үшін шамамен жиырма минут беріңіз. Осыдан кейін сарапшы-оқушылар алған ақпараттарымен бөлісу мақсатында бастапқы топтарына оралады. Оқушылар өздерінің сөйлейтін сөздерін нақтылап, қайта қарап және кеңейту үшін бір-біріне сұрақтар қояды. Олар қазір талқылауға және орнықты сұрақтар қоюға айтарлықтай тиімді жағдайда. Оқушылардан таныстырылымды бастапқы топта ұсынуды сұрауға болады. Мұғалімдер оқушылардан нені және қалай оқығандарын көрсетуді сұрай алады. Бұл мұғалімге оқытуды бағалауға және алдағы даму жоспарын бағалауға көмектеседі.





## Жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін өзгерістер

### Қысқаша бағдарлама


Сарапшы топтарда ұсынылған тақырыптардың бірін талқылаңыз: қысқы ұйқы, көші-кон, маусымдар, түн мен күн

Енді төменде көрсетілген бағдарламаны қолдана отырып, барлық үш тапсырманы бастапқы топта талқылаңыздар.



## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

### Талқылау стратегиясының көмегімен ілгерілеу



### Оқушылардың ерекшеліктерін ескеру

#### Ұяң әрі ұялшак

- Достарының қасына отырғызыңыз.
- Диалогқа дайындалуға уақыт беріңіз.
- Әлсін-әлсін өзіне сенімді болуы үшін уақыт беріңіз.
- Әр оқушы кезектесіп жұмыс істеуі үшін уақыттың белгіленгені туралы жариялаңыз.
- Шағын жұмыстарды мақтаңыз, бірақ оларға аса артық көңіл бөлмеңіз.
- Түсінкемелер айтуларын сұраңыз, бірақ мұнымен абай болғайсыз.
- Басқа оқушылар тарапынан кедергі келтіруге тыйым салыңыз.
- Сырттан бақылаңыз, бірақ қажет болса кеңес беріңіз.

#### Сайқымазақ немесе көңіл бөлуші

- Бетіне қараңыз; ол өзін бұлай ұстағанда, қандай қиындықтар туындайтынын айтыңыз.
- Өзін өзі ұстауды жақсартуға қатысты нақты кеңестер беріңіз.
- Өз-өзін дұрыс ұстағандарды мадақтаңыз.
- Мұндай теріс әрекеттерге жол бермейтін топқа отырғызыңыз.
- Мұндай оқушыны өзін өзі бұлай ұстауды мадақтайтын оқушылардан алыс ұстаңыз.
- Анда-санда топқа қосылыңыз.
- Талқылауға қоспаңыз, ең соңғы кезекте ғана сұраңыз.

#### Енжар немесе жабырқаңқы

- Достарымен бірге отырғызыңыз.
- Қатысуға деген кез келген құлшынысын мадақтаңыз.
- Топтық жұмыс аясында нақты рөл мен тапсырма беріңіз.
- Жұмысты бар мүмкіндігінше қызықты етіп өткізуге тырысыңыз.
- Түрлі материалдарды көптеп ұсыныңыз.

#### Үстем немесе сөзшен

- Жұмысқа арналған уақытты бөліп қойыңыз.
- Жазбаша орындауды талап ететін рөл беріңіз.
- Өзін өзі ұстаудың мұндай түрі басқалар үшін қаншалықты кері әсерін тигізетіні көрсетіліп, қадағалаушы сауалнамасын қолдану арқылы кері байланыс орнатуға болады. Алайда баланың талпынысын мақтаңыз.
- Оған басқаларды жұмысқа ынталандыру үшін көшбасшылық рөлін ұсыныңыз.
- Ұқсас оқушылармен отырғызыңыз!

#### Даукес немесе жанжал шығарушы

- Өзін өзі бұлай ұстауының себебін анықтауға тырысыңыз; ол жөнінде сөйлесіңіз және қиындықтарды шешуге тырысыңыз.
- Өзін өзі бұлай ұстағанда қандай қиындықтар туғызатынын түсіндіріңіз.
- Өзін өзі ұстаудың ұнамды әдісін ұсыныңыз.
- Өзін өзі басқару және даулы жағдайларды шешу туралы кеңес беріңіз.
- Ашу мен дауласуға болмайтын жағдайларды түсіндіріп, негізгі ережелермен таныстырыңыз.
- Айқын даукестерді айырыңыз.
- Егер қажет болса, талқылаудан шығарыңыз.

#### Ерекше мәселелер

- Зерек оқушыларға талқыға салынғалы тұрған тақырып жөнінде алдын-ала ескертіңіз және оған қатысуға таңдау құқығын беріңіз.
- Балама тапсырмалар беріңіз.
- Ондай оқушыны түсінігі мол топқа немесе

## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

<ul style="list-style-type: none"><li><input type="checkbox"/> Оқушыға тақырыпты, рөлді немесе тапсырманы таңдап алуға мүмкіндік беріңіз.</li><li><input type="checkbox"/> Топта немесе жеке (ең соңғы нұсқа ретінде) жұмыс істеуді ұсыныңыз</li><li><input type="checkbox"/> Әр оқушының қатысуын талап ететін тапсырманы қолданыңыз.</li><li><input type="checkbox"/> Сырттан бақылаңыз, бірақ қажеттілік туындағанда кеңес беріңіз.</li></ul>	<p>мұғалімі бар топқа қойыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li><input type="checkbox"/> Аса шетін мәселелерден қашқақтай отырып, тақырыптарды қарап шығыңыз.</li><li><input type="checkbox"/> Оқушыларға тақырып өте шетін болса талқылауға қатыспауға болатыны туралы ережелерді түсіндіріңіз.</li></ul>
--	---

### Бүкіл сынып болып талқылау

Бүкіл сыныпты маңызды талқылауға тарту оңай емес. Осыған орай бұл жұмыстың өзіне тән көптеген кемшіліктері бар.

Мұғалім өзара әрекеттестік кезінде маңызды рөл атқару үшін көп сөйлейлі.

Тұрақты түрде жақсы жұмыс істеу қиын.

Тапсырманы бірнеше оқушы ғана орындайды, қалғандары тыңдамайды немесе оларға қызық емес.

### Бүкіл сыныппен талқылауды жақсарту үшін қандай стратегияны қолданған жөн?

Миға шабуылды қолданудың не қажеті бар?

- Аз уақыт ішінде көптеген идея алуға болады
- Барлық сынып тартылады
- Шығармашылық және креативтік ойды ынталандырады
- Идеяларды біріктіреді – жиырма бас бір бастан артық Бұл қорқынышты емес, көңілді

Миға шабуыл төмендегі қасиеттері арқасында пайдалы стратегия болып табылады:

- Идеяларды туындату; шолып өту; бағалау
- Шешім қабылдау үшін кеңесу
- Тәжірибелік сабақтарды жоспарлау
- Тақырыпты қайта қарастыру
- Бейне бағдарламаға шолу жасау
- Негізгі сұрақтар мен тармақтарды түйіндеу
- Шағын топтар жұмысы үшін бағдарлама жасау
- Жаттығуларды бағалау.

#### Мұғалімнің ескертпелері

- Тақырыппен таныстырып, уақыт шектеулерін қойыңыз.
- Оқушылардың ойын сұраңыз; олар ойлансын
- Идеяларды кез келген ретпен жазып отырыңыз
- Барлығын жазып отырыңыз! (Бұл олардың орынсыз идеялар айтуына шектеу болуы мүмкін)
- Әр оқушының идеясын бірдей бағалаңыз. Егер идеялар таусылып қалса, сөйлеуші рөлін өзіңізге алмаңыз – тыныштықтың орнауы топқа олардың жауапкершілігі туралы ескертеді
- Идеяларды талқылап оларды топтастырыңыз; оқушыларды мадақтаңыз.


#### Миға шабуыл ережелері

- Барлық оқушылардың идеялары мен ойларын жазып алу;
- Барлық оқушылардың идеялары мен ойларын бағалау – ешбір кекесінсіз;
- Қаншалықты қарапайым болғанына қарамастан, басқа келген бірінші ойды айту!



## ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІКТІ ҰЛҒАЙТУ: ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

### 2. Шеңбер Шеңбер - бұл пайдалы әдіс



#### Шеңбердегі сабақ ережелері:

1. Барлығының талқылау кезінде түсініктеме айтуға мүмкіндігі бар
2. Бір оқушы бастайды және барлығы кезекпен жұмыс істейді
3. Басқа оқушының сөздеріне ешкім де, тіпті мұғалімнің өзі де түсініктемелер айта алмайды
4. Әркімнің: «мен өткізіп жіберемін» деп өз кезегінен бас тартуға құқығы бар.
5. Егер түсініктеме талқылауды қажет етсе, онда талқылау тек шеңбердің аяқталуынан кейін өткізіледі.

#### Пайдалы әдістер:

- Кез келген уақытта оқушы ойын айтқысы келгенде, шеңбер – еш сынсыз және кекесінсіз сөйлесуге шынымен лайық жер
  - Тәжірибені, мысалы, фильмді, бейнежазбаны, рөлдік ойынды талқылау үшін
  - Тапсырманы немесе мәселелерді шешуге көмектесу, мысалы, «Менің ойымша, бізге байқап көруге болады ...»
- Бағалау жұмыстары, мысалы, «Маған тәжірибеде бәрінен қатты ұнағаны – бұл...»

**3. Номиналдык топ әдісі (НТӘ).** Бұл – ұзақ талқылаусыз топты құру немесе келісімге келуге мүмкіндік беретін пайдалы әдіс. Бұл әдіс сондай-ақ басымдықты орнатуда ыңғайлы, мысалы, мәселенің оңтайлы шешімін келісуде қолдануға болады.

НТӘ-ға арналған ережелер.

1. Тақырыптың ең маңызды элементтерінің тізімін жасау үшін әрқайсысын жеке сұрастырыңыз (әдетте, тыныш жағдайда).
2. Барлық ұсыныстарды жазып отыру үшін бір оқушыны жауапты етіп тағайындаңыз.
3. Әр оқушы жаңадан 5 элемент таңдайды, бірақ бұл жолы негізгі тізім ішінен. Оқушылар 5 элементті басымдығына қарай орналастырады.
4. Топтың және сыныптың басымдықтары әрбір оқушының ұсыныстарынан қалыптасады.

#### 4. Басқа стратегиялар

Мүмкін барлық сыныппен талқылаудың ең қарапайым түрі мұғалімнің баяндап, содан кейін сұрақ қоюы шығар. Бұл талқылаудың өте шектеулі түрі және бұл әдісті жаратылыстану ғылымдары мұғалімдерінің жиі қолдануына қарамастан, айтарлықтай дағдыларды талап етеді. Егер сіз талқылаудың осы әдісін қолданатын болсаңыз, мына жайтты есте сақтаңыз:



**Ойындар, рөлдік ойындар, мысалдар және дебаттар мәселені барлық сыныппен талқылауға мүмкіндік береді.**




1-қосымша:

АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҚ ► ҚЫСҚЫ ҰЙҚЫ

## Жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін өзгерістер

Бұл тақырып үшін сіздер «сарапшы» деп аталатын топқа бөлінесіздер, келесі бағдарламаны төменде көрсетілген тақырыпты талқылауға көмекші құрал ретінде қолданыңыздар.



### Қысқы ұйқы

«Қысқы ұйқы» бұл аңдардың аязды немесе қарлы қыс кезінде қорек іздеу қиындықтарынан қашқақтауы. Олар жылы мезгіл келгенше және олардың қорегі қайта қолжетімді болғанша дейін ұйқыға кетеді.

Тек ұйқының ұзақтығы мен тереңдігі болмаса, қысқы ұйқыға кету жай ұйқыға кетуден, қатты ерекшеленбейді. Аңның дене температурасы ол өліп қалғандай болып төмендейді: - 1°C жуық. Дене қимылы үшін еш қуат шығындалмайтын болған сон, тыныс алуы баяулайды, ал жүрек қағысы өлсіз өрі ақырындайды. Сондай-ақ қуатты шығындаудың қажеттілігі болмағандықтан, денедегі сақталған май өте баяу жұмсалады.

### Ұйқышыл

Ұйқышыл - бұл қыста қысқы ұйқыға кететін сүт қоректі аң. Күз мезгілінде өте көп қоректеніп семіреді.


Ауа температурасы 7°C дейін төмендеген кезде, олар қысқы ұйқыға кетеді. Ол тығыздалып, дөңгелектене оранып, өз құйрығын басынан және арқасының жан - жағынан айналдырып, алдыңғы аяқтарын беттерінің қасына қойып ұйықтайды. Ұйқышыл жыртылған ырғай қабығынан жасалған ұяда ұйықтайды. Ол өз майының арқасында тіршілік етеді.

Қысқы ұйқыға кететін басқа аңдар Қысқы ұйқыға кететін басқа ағылшындық сүтқоректілер - кірпілер. Кірпілер домаланып, қураған жапырақтардан жасалған ұяда ұйықтайды. Жарқанаттар да қысқы ұйқыға кетеді. Олар үңгірлерде, ескі ғимараттарда және қуыс ағаштарда ұйықтайды. Кейбіреулері оянады және оларды қыстың түнінде көруге болады. Сүр және жирен тиіндер қысқа қорек жинайды. Олар қатты суықтарда әдеттегіден ұзақ ұйықтайды, бірақ олар ұйқышылдар мен кірпілер сияқты қысқы ұйқыға кетпейді. Борсықтар мен аю түрлерінің кейбіреулері де қыста әдеттегіден ұзақ ұйықтайды.



## Жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін өзгерістер

Бұл тақырып үшін сіздер «сарапшы» деп аталатын топқа бөлінесіздер, келесі бағдарламаны төменде көрсетілген тақырыпты талқылауға көмекші құрал ретінде қолданыңыздар.



Жыл сайын көптеген аңдар ұзақ саяхатқа аттанады. Міне, олардың бірнеше түрі:



### Еуропалық көкқұтан

Көкқұтан қыс мезгіліне Солтүстік Еуропадан Африкаға ұшады да, көктемде балапан шығару үшін қайтып келеді. Әдетте, олар дәл сол төбелерге қайтып келеді.

### Қызылиықты қара трупиял

Қызылиықты трупиял қыс мезгілі кезінде Англияға және Еуропаға көшіп, жазды өткізуге жайылымға қайтады.

### Басқа да аңдар

Карибу немесе канадалық бұғы күзде және көктемде өте ұзақ саяхаттайды. Итбалықтар, әсіресе, теңіз итбалықтары көп уақытын теңізде өткізеді. Олар жыл сайын бірлесіп көбейетін жерлеріне бір күнде аттанады. Итбалықтар ашық теңізге қашан аттануды, төлдері енесінен ажыраған кезде қайтуды жоспарлайды. Солтүстік Американың кейбір бөліктерінде кейбір жәндік жегіш жарқанаттар, сондай-ақ қарлығаштар күзде жылы жақтарға – оңтүстікке ұшып кетеді.


### Сақина салу

Көші-қон жөнінде ақпаратты құстардың аяғына темір жүзік кигізу арқылы алуға болады. Осылайша құстардың қайда екенін бақылауға мүмкіндік туады.



## Жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін өзгерістер

Бұл тақырып үшін сіздер «сарапшы» деп аталатын топқа бөлінесіздер, келесі бағдарламаны төменде көрсетілген тақырыпты талқылауға көмекші құрал ретінде қолданыңыздар.



### Төрт мезгіл



Температура 0°C жуық, Орташа жауын-шашын күніне 40 см. Күннің ұзақтығы 7 сағ.



Температура 9°C жуық, Орташа жауын-шашын 25 см күніне. Күн ұзақтығы 9 сағ.



Температура 20°C жуық, Орташа жауын-шашын күніне 10 см. Күн ұзақтығы 15




Температура 12°C жуық, Орташа жауын-шашын күніне 18 см. Күн ұзақтығы 9 сағ.





АҚПАРАТТЫҚ ПАРАҚ ► ТҮН МЕН КҮН

## Жануарлар мен өсімдіктерге әсер ететін өзгерістер

Бұл тақырып үшін сіздер «сарапшы» деп аталатын екі топқа бөлінесіздер, келесі бағдарламаны төменде көрсетілген тақырыпты талқылауға көмекші құралы ретінде қолданыңыздар.



Түн мен күн





## МҰҒАЛІМДЕР НЕЛІКТЕН ӨЗГЕРУІ КЕРЕК?

*Мұғалімдер неліктен өзгеруі керек? Неліктен біз олардан қажырлы еңбек етуді, ескіше көзқарастан алышақтап, жұмысты жаңаша орындауды сұраймыз?*

*Себебі - алғашқыда мұғалімдікке неліктен келген болсаңыз, сол себепті өзгересіз. Сіздің табыс көзіңіз ешқашан жай жұмыс болған емес – көбіне ол миссия, міндет, сондықтан сіз өзгересіз. Сіз балаларға жаныңыз ашиды әрі ол білім мен дағдыларды меңгергенге дейін сіз оларды балаларға бере алмайсыз, сондықтан сіз өзгересіз.*

*Неліктен өзгеру қажет? Сіздің өзгеруіңіз қажет, себебі әлемдегі барлық адамдардың ішінен – мұғалімдер ғана үзіліссіз оқудың бағасын түсінеді. Қарым-қатынастың маңыздылығын интуициялы түсінгендіктен, басқа балалар үшін істеген істеріңіз арқылы өз балаларыңызға мұра қылып қалдыруға мүдделі болғандықтан, сіз өзгересіз. Оқу бір жерде тұрмайтынын, өзгерістің болмауы өсудің тоқтағанын білдіретінін түсінгендіктен сіз өзгересіз.*

*Неліктен өзгеру қажет? Себебі мұғалім болу ақшадан, мәртебеден және танымалдықтан да артық екендігін ұғынып, мұғалім болу туралы шешім қабылдадыңыз. Сіз әлемді өзгерту үдерісін жалпы өзгеріс ету үшін мұғалім болдыңыз... Сіз дұрыс бірдеңе істеу үшін өзгересіз – себебі ол дұрыс және сіз басқаларға үлгі болу қажеттігін түсінесіз, өйткені олардың да дұрыс істегені жөн. Сіз көп сағаттар бойы тынымсыз жұмыс істеуге әдеттендіңіз. Сіз өзіңізге жүктелген міндеттерге мойынсұндыңыз және аз танылғандығыңызға үйрендіңіз. Сіз істегендеріңіздің ұзақ нәтижесі бар екенін білесіз.*

*Әлем өзгергендіктен, сіз де өзгересіз және қазіргі сәтте өзгеріссіз қалу өте қауіпті екенін білесіз. Сіз өзгересіз, себебі сіз білім алғанды, білім бергенді жақсы көресіз, балаларды сүйесіз және олар мына жылдам өзгертін әлемде бағыт беріп отыратын сізді қажет ететіндігін білесіз, оны істеу үшін сізге алдымен өз жолыңызды табу қажет. Сондықтан сіз де, олар да өзгеруі қажет.*

С Бич, 2012

### **ЭЫДҰ не дейді**


**ЭЫДҰ жүргізген инновациялық ортаның салыстырмалы талдауы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:**

- Мұғалімдерге көптеген оқыту стратегиялары, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктері, сондай-ақ нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігі туралы білім қажет болады.
- Мұғалімдер пайдаланатын стратегиялар жалпы алғанда, бүкіл сыныпты оқыту мәселелеріне, сонымен қатар жүргізілетін зерттеулердің бағытына, топтық жұмыстарға, өзіндік жұмыстарға және жеке жүргізілетін зерттеулерге қатысты болмақ. Оның үстіне білім беру стратегиялары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да естен шығармауға тиіс.
- Мұғалімде жалпы білім алу үдерісі қалай жүретіні туралы, жекелеген оқушыларды оқуға ынталандыру, олардың көңіл-күйлері, толғаныстары туралы және олардың мектептен тыс өмірі туралы барынша ауқымды мағлұмат болуға тиіс.
- Мұғалімдер өз әріптестерімен өздері сабақ беретін пән бойынша және мазмұндас пән бойынша; бір ұйымның ішінде немесе бірқатар басқа ұйымдардың өкілдерімен; желілік кәсіби қоғамдастық шеңберінде, тәлімгерлік жүйесін көздейтін басқа да іс-шаралар аясында ынтымақтастық орната білулері керек.
- Мұғалімдер ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында мықты дағдыларды игеріп, оқытудың тиімді құралы ретінде оларды қалай пайдалану әдістемелерін меңгеруге тиіс, сондай-ақ, оқу үдерісін бақылауда ақпараттық-басқару жүйелерін тиімді қолдана білгені жөн.
- Мұғалімдер әріптестерімен ынтымақтастықта оқу ортасын құру, жүргізу, басқару және жоспарлауға үлес қосу үшін өзінің мүмкіндіктерін барынша жетілдіріп отыруға тиіс.
- Соңғысы: мұғалімдер өз тәжірибесі арқылы білім алу үшін өз практикасына қатысты рефлексия жасауға, яғни ой толғауға міндетті.



салмақты
әуесқой
көп оқыған
мақсатқа ұмтылатын
тез тіл табысатын
жақсы тәрбиеленген
белсенді оқушы
экстраверт
тәртіпті
табанды
жұмысқа қабілетті, қолынан іс келетін
қанағатшыл
бір нәрсені қадалып орындайтын
ынтымақтастықта әрекет ететін
құндылықтарды ұстанатын
дербес
іскер, батыл
тәуекелшіл
ойлауға бейім
шығармашыл
ықыласты
бақытты
байсалды

## ӘРТҮРЛІ БЕС ЕЛДЕГІ МІНСІЗ ОҚУШЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

	Италия	Нидерланды	Польша	Испания	АҚШ Пенсильвания және Коннектикут
<b>Барынша маңызды</b>	Іскер, батыл	Тез тіл табысатын	Салмақты	Тез тіл табысатын	Мақсатқа бағытталған
	Шығармашыл	Іскер, батыл	Әуесқой	Мақсатқа бағытталған	Қанағатшыл
	Дербес	Бақытты	Білімді, көп оқыған	Бір нәрсені қадалып орындайтын	Бақытты
	Тез тіл табысатын	Бір нәрсені қадалып орындайтын	Мақсатқа бағытталған	Білімді, көп оқыған	Белсенді оқушы
	Ойлауға икемді	Дербес	Тез тіл табысатын		Ынтымақшыл
	Ықыласты	Ықыласты	Өзін жақсы ұстай біледі		Білімді, көп оқыған
	Тәуекелшіл	Мақсатқа бағытталған	Белсенді оқушы		Дербес
	Белсенді оқушы	Қанағатшыл	Экстраверт		Салмақты
	Табанды	Білімді	Ұйымшыл		
		Жақсы тәрбиеленген	Жігерлі		
		Салмақты	Белсенді		
			Қанағатшыл		
		Бір нәрсені қадалып орындайтын			
		Ынтымақшыл			
<b>Онша маңызды емес</b>			Құндылықтарды ұстанатын		

*Teachers' Ethnotheories of the 'Ideal Student' in Five Western Cultures* [Мұғалімдердің мінсіз оқушы туралы этнотеориялары] Author(s): Sara Harkness, Marjolijn Blom, Alfredo Oliva, Ughetta Moscardino, Piotr OlafZylicz, Moises Rios Bermudez, Xin Feng, Agnieszka Carrasco-Zylicz, Giovanna Axia, Charles M. Super Source: Comparative Education, Vol. 43, No. 1, Special Issue (33): Western Psychological and Educational Theory and Practice in Diverse Contexts (Feb., 2007), pp. 113-135



2-KYH





## ҚҰРЫЛЫМДАЛҒАН БАҚЫЛАУ КЕСТЕСІНІҢ ҮЛГІСІ

Көрсеткіш	Мұғалімнің тәсілі	Бағалау өте жақсы ----- нашар Мысалы: √	Үлгілі тәжірибе мысалы	Бақылау жолымен алынған Иә (И) немесе Жоқ (Ж)
Сыныптағы қауіпсіз және жайлы ахуал	Оқушыларға өздерін еркін сезінуге жағдай жасайды		Балаларға оң ықылас білдіреді	
			Әзілмен жауап беріп, әзіл шақырады	
			басқа деректер?	
	Өзара сыйластықты ынталандырады		Балаларды бір-бірін тыңдауға ынталандырады	
			Басқа деректер?	
	Оқушылардың өздеріне сенімін қолдайды		Балалардың сауалдары мен жауаптарына ілтипатпен түсініктеме береді.	
			Оқушылардың қолынан келетін істерге оң көзқарасын білдіреді.	
			Басқа деректер?	
Оқушылардың мінез-құлқына және тілді қолдануына құрметпен қарайды		Оқушылардың сөзін аяқтауға мүмкіндік береді.		
		Олардың айтуы қажет нәрсесін тыңдайды.		
		Басқа деректер?		

## МӘДЕНИЕТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Мұғалімдер мен оқушылар үшін «мәдениет» дегеннің нені білдіретіні туралы ойлану маңызды тапсырма болып табылады.

### **1-жаттығу. Мәдениет дегеніміз не?**

1. «Мәдениет дегеніміз не?» Топта немесе жұпта талқылауға арналған сұрақ.

«Мәдениет» сөзі туралы өзіңіздің түсінігіңізді үлкен (А3) қағаз бетіне тұжырымдамалық карта ретінде салыңыз. «Мәдениет» түсінігін қамтуы мүмкін барлық жайттарды қосыңыз.

2. Басқа топтармен өз нәтижелеріңізді бөлісіңіз.

Әр топтан бір адам келесісіне өтетін әдісті қолдана отырып, жұптарды немесе топтарды араластырыңыз, осы топ кейін жаңадан келген адамға олардың қағаздарында не бар екенін түсіндіреді, жаңадан келген адам өз тобына оралады да, қағаз бетіне өзінің басқа топтардан көрген кейбір нәрселерін қосады. Осыны қатысушылар басқа топтарға ауысқан кезде үнемі орындап отырыңыз.

3. Өз жазғандарымызды қалай жіктеуге болады? Топтар мәдениет ұғымын құрастыруға ұсынылған сөздерді санаттарға бөлуге тырысады (көмек: құндылықтар немесе түсініктер; мінез-құлық нормалары; мәдени ескерткіштер/мәдени шығармалар – бұлар ортақ санаттар, бірақ егер топтар өздерінің санаттарын ұсынатын болса, тіптен жақсы). Топтарда және бүкіл сыныпта талқылаңыз.

## МЕКТЕПТЕГІ ЖӘНЕ СЫНЫПТАҒЫ АХУАЛ

Мектеп ішіндегі ахуал оқыту мен оқу үшін қажетті алғышарттарды қамтамасыз ететін өзгерістерге неғұрлым қабілетті физикалық және психологиялық мектеп аспектілерін көрсетеді. Мектеп ішіндегі ахуалды мектеп ортасының төрт аспектісі тұрғысынан қарастыруға болады:

Мектеп ортасының физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық және оқу (танымдық) факторлары мыналар:

<b>Жайлы және оқуға қолайлы физикалық орта</b>	<p style="text-align: center;"><b>Оқуды қолдайды</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Мектептегі оқушылар саны нормадан артық емес.</li> <li>▪ Оқушылар мектеп ішінде барлық жерлерде өздерін қауіпсіз және жайлы сезінеді.</li> <li>▪ Сыныптар толық жарақталған.</li> <li>▪ Сыныптар мен алаңшалар таза әрі жақсы жағдайда ұсталады.</li> <li>▪ Шу деңгейі төмен.</li> <li>▪ Сабақ пен түрлі шараларға арналған орындар мақсатқа сай келеді.</li> <li>▪ Сынып бөлмелері көрнекі және оқуға тартады.</li> <li>▪ Қызметкерлер жеткілікті әдебиетпен және мектепке қажетті жабдықтарымен қамтылған.</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Оқуға кедергі жасайды</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Мектептегі оқушылар саны нормадан асып кеткен.</li> <li>▪ Дәлізде, демалыс бөлмелерінде, асханада және ойын алаңдарында оқушыларға басқа оқушылар қысым көрсетеді.</li> <li>▪ Сыныптар толық жарақталмаған.</li> <li>▪ Сыныптар мен алаңшалар кір, аса жарық емес және нашар жағдайда.</li> <li>▪ Шудың деңгейі жоғары.</li> <li>▪ Сабақтар ол үшін лайықталмаған бөлмелерде өтеді.</li> <li>▪ Сыныптар жасырылған, тексеруден қорғаулы.</li> <li>▪ Әдебиеттер мен мектепке қажетті жабдықтар жеткіліксіз. Жеткізу бөгелуде.</li> </ul>
--	---	--

<b>Қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікке түрткі болатын әлеуметтік орта</b>	<p style="text-align: center;"><b>Оқуды қолдайды</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Өзара әрекеттестікті ынталандырады. Мұғалімдер мен оқушылар белсенді қарым-қатынаста болады.</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Оқуға кедергі жасайды</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Өзара әрекеттестік шектелген. Оқушылар мен мұғалімдер бір-бірімен сөйлеспейді. Мұғалімдер бір-бірінен алшақ. Оқушылар өздерін бір-бірінен алшақ ұстайды. Ата-аналарды тең серіктес ретінде қарастырмайды</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Мұғалімдер алқалы жұмыс істейді. Оқушылар тобы әртүрлі. Ата-аналар мен мұғалімдер оқыту үдерісінде серіктес болып табылады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Барлық шешімдерді орталық әкімшілік немесе басшылық ата-аналардың қатысуынсыз қабылдайды.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Шешім алаңшада тікелей мұғалімдердің қатысуымен қабылданады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Оқушылардың пікірі қызметті анықтау немесе сыныптағы және жалпы мектептегі проблемаларды шешу кезінде ескерілмейді.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Мұғалімдер құрамы оқушылардың ұсыныстарын белсенді түрде қабылдайды; оқушылар шешім қабылдауға қатыса алады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Басынулар мен дау-дамайлар қаперге алынбайды.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Мұғалімдер құрамы мен оқушылар даудың алдын алуды үйренген.</li> </ul>	

<i>Ұжымшылдық және өзін-өзі сыйлау сезіміне ықпал етуші аффекттік орта</i>	<i>Оқуды қолдайды</i>	<i>Оқуға кедергі жасайды</i>
	Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі сыйластыққа, қолдаушылыққа, жауаптылыққа негізделіп құрылған.	Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі көбіне өте аз және қашық. Кейбір оқушыларға көп көңіл бөлінеді, ал сонда басқаларының қызығушылығы қалыс қалады.
	Оқушылар мұғалімі мен ұжымына сенеді. Мұғалімдер мен оқушылар бір-біріне достықпен қарайды.	Оқушылар мұғалімдерінің олардың қызығушылығына әрекет еткендерін көрмейді.
	Мектеп түрленуге ашық және барлық мәдениетке құрметпен қарайды	Мұғалімдер мен оқушылардың моральдық деңгейі төмен.
	Мұғалімдер мен оқушылар мектеп жетістігіне жеке үлесін қосатынын сезінеді.	Мұғалімдер мен оқушылар өздерін жеткілікті бағаламайтынын сезеді. Оң әрекеттері үшін ынталандыру жоқ.
	Біртұтас қоғамдастық сезімі бар.	Мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар өздерін біртұтас сезінбейді.
Ата-аналар мектепте өздеріне жылы шырайды сезінеді	Ата-аналарды балаларының «қиын мінез-құлқы» үшін кінәлайды.	

<i>Оқуға және өзін-өзі іске асыруға түрткі болатын академиялық орта</i>	<i>Оқуды қолдайды</i>	<i>Оқуға кедергі жасайды</i>
	Салмақ академияға түседі, бірақ та зият пен оқытудың кез келген түріне қолдау көрсетіледі. Баланы оқытуға ықпал ететін кез келген әдіс қолданылады.	Қолданылатын әдістер әртүрлі емес. Академиялық маңыздылығы төмендетіледі және марапатталмайды.
	Барлық оқушылардан жоғары нәтиже күтіледі. Мұғалімдер табысқа жету үшін әрқайсысын ынталандырады.	Күтілетін нәтижелер төмен.
	Өрлеу үнемі қадағаланады.	Бағалау төмен немесе жүйелі емес.
	Бағалау нәтижелері бірден оқушылар мен ата-аналарға хабарланады.	Бағалау нәтижелері өте аз талқыланады. Оқушылар алынған нәтижелерді қалай пайдалануды білмейді. Ата-аналар балаларының түпкілікті бағаларын көргенде ғана олардың оқуда қиындық көріп жүргенін біледі.
	Бағалау нәтижелері оқыту үдерісі мен оқу мазмұнына баға беру және қайта құру үшін қолданылады.	Нәтижелер жақсарту мен дамыту үшін пайдаланылмайды. Оқушылар мен мұғалімдер бұрынғы қателіктерін үнемі қайталайды. Марапаттау мен мақтау сирек.
Мұғалімдер білімді әрі сенімді.	Мұғалімдер сенімсіз әрі дайындықсыз.	

## СЫНЫП МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ОҚУШЫНЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ

Сіз кез келген сыныпқа арнап бұл сауалнама нысанын өзгерте аласыз. Есіңізде болсын, егер сіз оқушылардан сауалнамаға өз аты-жөндерін ашық түрде жазуды сұрасаңыз, сауалнама нысанын жасырын толтырған кездегіден мүлде басқа жауап алуыңыз мүмкін.

	Әрқашан	Жиі	Кейде	Сирек
Сынып ұйымдастырылған ба?				
Сіз сынып ережесін түсінесіз бе?				
Қалай ойлайсыз, сіз маған сұрақ қоя аласыз ба?				
Мұғалім шын мәнінде әділетті ме?				
Сіз мұғалімге сенесіз бе?				
Сізге қажет кезінде көмек көрсетіле ме?				
Сіз өзіңізді сыныпта физикалық тұрғыдан қауіпсіз сезінесіз бе?				
Сіз өзіңізді сыныпта моральдық тұрғыдан қауіпсіз сезінесіз бе?				
Сізге сыныпқа келу қызықты ма?				
Сізде проблемалар туындаған жағдайда мұғалім тыңдай ма?				
Сіздің ұсынысыңызды мұғалім тыңдай ма?				
Сіз өзіңізді сыныптың қатысушысы ретінде сезінесіз бе?				
Сіз басқа оқушылар тарапынан қолдау сезінесіз бе?				
Сіз басқа оқушыларды қолдайсыз ба?				

## ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ТҮСІНУ

Біз жаһандану дәуірінде өмір сүріп жатқанымыз түсінікті. Технология әлемді жақындата түсті. Бұл әртүрлі мәдениет адамдары бірлескен жұмыс кезінде бірге болып, бір-бірімен көбірек қарым-қатынас жасайды деген сөз.

Бұл өте қызықты әрі тартымды, бірақ бұл ұнамсыз болып, оң мен солынды айыруға кедергі жасауы мүмкін. Басқа мәдениет адамына қалай қарайсыз? Әңгімені тез бастау үшін сіз нені айтасыз, ал нені айтпайсыз? Мәдени табу бар ма, жоқ па екенін білу қажет пе?

Бүкіл әлемдегі адамдармен байланыс орнату мәдени әралуандылық аспектілерінің бірі ғана. Сіз сонымен қатар адамдарды уәждеу, жобаларды құрылымдау және стратегияларды әзірлеу туралы ойлануыңыз қажет.

Бір жерде әсері болған нәрсенің екінші жерде әсері болмауы мүмкін. Мәселе – бұл мәдени айырмашылықтарды қалай түсінуге болатындығында? Біз шынымен де қателіктерден үйренуді ұмыта бастадық па, еліктеуге болатын әмбебап басқару қағидаттары бар ма екен?

Бақытымызға қарай, Герт Хофстеда есімді психолог бұл сұрақты өзіне 1970 жылдарда-ақ қойған екен. Он жылдан кейінгі зерттеуден және мыңдаған сұхбаттардан соң, жұртшылық мойындаған халықаралық стандартқа айналған мәдени көрсеткіштер моделі пайда болды.

Әлемнің 40-тан астам еліне тараған бір ұйымда жұмыс істейтін адамдармен сұхбаттаса отырып, Хофстеда мәдени деректер жинақтап, оның қорытындыларын талдаған. Сөйтіп әуелі мәдениеттерді бір-бірінен ажырататын төрт дәрежені бөліп алған. Кейінірек бүгінгі күні модель болып табылатын бесінші дәрежені қосты.

Ол мәдениет дәрежесін 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеді. Көрсеткіш жоғары болған сайын, дәреже қоғамда айқынырақ көрінеді.

### МӘДЕНИЕТТІҢ БЕС ДӘРЕЖЕСІ

Мәдениет статистикасы бойынша үлкен дерекқоры болғандықтан, Хофстеда үлгілер нәтижесін талдай отырып, осы бес дәреже бойынша берілген жауаптар арасында айқын ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тапты. Оның зерттеуі тек IBM қызметкерлері үшін жасалғанын атап өткен жөн, бұл оған корпоративтік мәдениеттегі айырмашылықтар проблемаларын жоя отырып, үлгілерді негізінен мәдениеттегі ұлттық айырмашылықтарға жатқызуға мүмкіндік берді.

Мәдениеттің бес дәрежесі:

**1. Күш / арақашықтық (КА)** – Билігі бар және биліксіз адамдар қабылдайтын теңсіздік дәрежесі туралы сөз болып отыр. КА көрсеткіші жоғары болса, бұл қоғамның биліктің тең бөлінбеуін қабылдайтынын және адамдардың жүйедегі «өз орнын» білетіндігін білдіреді. КА көрсеткіші төмен болса, бұл билік жақсы бөлінгенін және таратылғанын білдіреді. Бұл сонымен қатар қоғам мүшелерінің өздерін тең санайтындықтарын білдіреді.

Қолдану: Хофстеда моделі бойынша КА көрсеткіші жоғары елдерде, мысалы, Малайзия сияқты (104), сіз есепті тек қана жоғары басшылыққа жіберер едіңіз және аз ғана адамдар, күштілер мен таңдаулылар қатысатын жабық кеңестер өткізер едіңіз.

#### Сипаттама

#### КА көрсеткіші жоғары

- Орталықтандырылған компаниялар
- Иерархия мықты
- Борыш, бедел және сыйластық арасында айырмашылық үлкен.

#### Кеңестер

- Көшбасшы билігін мойындау.
- Сізге жауап алу үшін басшылыққа жүгінуге тура келетінін есте ұстау.



<b>КА көрсеткіші төмен</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тең ұйымдар.</li> <li>• Басшылар мен қызметкерлерді тең деп санауға болады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Командалық жұмысты пайдаланыңыз.</li> <li>• Шешім қабылдауға мүмкіндігінше көп адам тартыңыз.</li> </ul>
----------------------------	---	---

**2. Жеке-даралық (ЖД) –** Бұл жерде қауымдастықтағы адамдардың басқалармен байланысының күші туралы сөз болып отыр. ЖД көрсеткіші төмен елдерде адамдар арасында тығыз байланыс болады. ЖД көрсеткіші жоғары елдерде тұлғааралық байланыс жоқ, отбасы үшін жауапкершілік аз бөлінеді, ол тек жақын достар арасында ғана көрінуі мүмкін. ЖД көрсеткіші төмен қоғамда топ мүшелері арасындағы байланыс берік, оларда өзара сыйластық жоғары. Жалпы топ та, ондағы адамдар да бір-бірінің жайлылығы үшін жауапкершілік алады.

Қолдану: Хофстеда талдауы Орталық Американың Панама, Гватемала сияқты ЖД көрсеткіші өте төмен елдерінде (тиісінше, 11 және 6) қоғамға пайда әкелетін, не әйгілі саяси қозғалыспен байланысты маркетингілік науқан жақсы қабылданар еді деп көздейді.

	<b>Сипаттама</b>	<b>Кеңестер</b>
<b>ЖД көрсеткіші жоғары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Адамдардың уақытын жоғары бағалау және олардың бостандықты қажет етуі.</li> <li>• Тапсырманы орындаудан ләззат алу және ауыр жұмыс үшін марапат күту.</li> <li>• Жеке өмірге сыйластықпен қарау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жетістіктерді мойындаңыз.</li> <li>• Жеке сұрақтарды көп қоймаңыз.</li> <li>• Пікірталас және өз идеяларын білдіруін қолдаңыз.</li> </ul>
<b>ЖД көрсеткіші төмен</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дағдыларды дамытуға баса назар аудару, адамдар өз ісінің шеберлеріне айналады.</li> <li>• Жұмысты өзін қанағаттандыру үшін істеу.</li> <li>• Адалдыққа қарағанда, үйлесім маңыздырақ.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жасына және даналығына құрмет білдіріңіз.</li> <li>• Үйлесіммен жұмыс істеу үшін сезіміңіз бен эмоцияңызды басыңыз.</li> <li>• Дәстүрлерді құрметтеңіз, өзгерістерді біртіндеп енгізіңіз.</li> </ul>

**3. Еркектік (ЕР) –** Қоғамның құндылықтарды, дәстүрлі ер және әйел рөлдерін қаншалықты ұстанатындығы туралы сөз болуда. ЕР көрсеткіші жоғары елдерде еркектер – катал, отбасының отағасы, мықты тұлғалар. Егер әйелдер үйден тыс жерде жұмыс істесе, олардың еркектерден өзгеше мамандықтары бар. ЕР көрсеткіші төмен болса, гендерлік рөл өзгермейді. ЕР көрсеткіші төмен қоғамда бұл рөлдер айқын көрінбейді. Бұндай елдерде көптеген мамандықтарда тең дәрежеде бірге жұмыс істеп жүрген әйелдер мен еркектерді көруге болады. Кәсіби табысқа жету үшін еркектер сезімтал болып, әйелдер көп жұмыс істей алады.

Қолдану: Жапония еркектік көрсеткіші жоғары ел (95), ал Швецияда көрсеткіш ең төмен (5). Хофстеда талдауы бойынша, егер сіз Жапонияда кеңсе ашып, команданы басқаруға ер адамды қойсаңыз және командада ерлер болса, сіз өте табысты болар едіңіз. Швецияда, керісінше, сіз жынысына қарай емес, дағдылары жағынан тең командаға ұмтылуға тиіссіз.

	<b>Сипаттама</b>	<b>Кеңестер</b>
<b>ЕР көрсеткіші жоғары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еркектер ержүрек, әйелдер нәзік.</li> <li>• Әйел мен ер адамның жұмыстары арасында нақты белгіленген айырмашылық бар.</li> </ul>	<p>Адамдар бір-бірінен өзгеше әйел және еркек рөлдерін күтуі мүмкін екені есіңізде болсын.</p> <p>Еркектерге эмоцияларды талқылаудан немесе эмоцияға негізделген шешім қабылдап, дәлел ұсынудан аулақ болу ұсынылады.</p>
<b>ЕР көрсеткіші төмен</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әйел еркек істей алатын жұмыстардың бәрін істей алады.</li> <li>• Мықты әрі табысты әйелге сүйсініс, құрмет білдіріледі.</li> </ul>	<p>«Ересек ұлдар клубы» менталитетінен аулақ болу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жыныстық белгілер бойынша кемсітпейтін жобалар және жұмыспен қамтамасыз ету.</li> <li>• Әйелдер мен еркектерге тең дәрежеде бірдей қарау.</li> </ul>

**4. Түсініксіздік / аулақ болу индексі (ТАБИ)** – бұл қоғам мүшелерінің нақты емес және бейтаныс жағдайда үрейленуіне қатысты. ТАБИ көрсеткіші жоғары елдер түсініксіз жағдаяттардан мүмкіндігінше аулақ болуға тырысады. Олар нақты ереже мен тәртіп орнатып, ұжымдық «шындыққа» ұмтылады. ТАБИ көрсеткіші төмен қоғамға жаңа оқиғалар мен құндылықтардағы өзгешелік ұнайды. Ережелер өте аз және адамдар өзі үшін өз шындықтарын ашуға ұмтылады.

Қолдану: Хофстеданың мәдени дәрежелері ТАБИ шәкілі бойынша 94 ұпай алған Бельгияда адамдармен жобаны талқылау кезінде сіз түрлі нұсқаларды зерттеп, содан кейін шектеулі ғана нұсқа ұсынуға тиіссіз, бірақ қауіп төнген жағдайда нақты, толық ақпарат бар екеніне сенімді болу керек (Бельгияда француз және голландиялық сөз сөйлеушілер арасында мәдени айырмашылық болатынына көңіл аударыңыз).

	<b>Сипаттама</b>	<b>Кеңестер</b>
<b>ТАБИ көрсеткіші жоғары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Істі тым формалды жүргізу. Ережелер мен саясаттардың көп болуы.</li> <li>• Қажетті және күтілетін құрылым.</li> <li>• Шамшылдық эмоция және оны білдірудің жоғары деңгейін жоққа шығарады.</li> <li>• Айырмашылықтардан аулақ болу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Күтілетін нәтиже мен өлшемдерді жеткізуде айқын әрі қысқа болыңыз.</li> <li>• Жоспарлаңыз және дайындаңыз, жиі және алдын ала қарым-қатынас жасаңыз, жұмыс немесе жобаның тактикалық аспектілеріне назар аударыңыз.</li> <li>• Өзіңіздің эмоцияларыңызды қимылмен және көтеріңкі дауыспен білдіріңіз.</li> </ul>
<b>ТАБИ көрсеткіші төмен</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Іске бейресми көзқарас.</li> <li>• Күнделіктіге қарағанда, ұзақ мерзімді стратегияға назар аудару.</li> <li>• Өзгерістер мен қауіпті қабылдау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қажеті болмаса, ережелер мен құрылымдарды таңи бермеу.</li> <li>• Байсалды бола отырып, эмоционалдық пікіріңізді азайтыңыз және айтпас бұрын жағдаяттарды қарастырып алыңыз.</li> <li>• Айырмашылықты тапқанда, қызығушылық білдіріңіз.</li> </ul>

**5. Ұзақ мерзімді бағдар (ҰМБ)** – Бұл жерде қоғам қысқа мерзімдімен салыстырғанда, ұзақ мерзімді дәстүрлер мен құндылықтарды қаншалықты бағалайтындығы туралы сөз болады. Бұл бесінші дәрежені Хофстеда 1990 жылы Азия елдері батыс мәдениетіне қарағанда негізінен конфуцийлық философияға сілтеме жасай

отырып, басқаша әрекет ететіндігін тапқаннан кейін қосты. ҰМБ көрсеткіші жоғары елдерде әлеуметтік міндеттемелерді орындау және «беделін сақтау» маңызды болып саналады.

Қолдану: Хофстеда талдауының деректері бойынша, Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда ҰМБ көрсеткіші төмен. Бұл шығармашылық пен жаңа идея тұрғысынан алғанда бұл мәдениеттерден ештеңе күтуге болмайтынын білдіреді. Бұл модель АҚШ және Ұлыбритания адамдары басқа елдерге қарағанда дәстүрлерді бағаламайтындығын білдіреді, сондықтан олардың сізге ең инновациялық жоспарларыңызды орындауға көмектесуге толық түрде қатыспайтынына дайын болуыңыз керек (олардың дәстүрді қалай қабылдайтынын ескеретін болсақ, Ұлыбритания адамдары бұны білсе, таңғалар еді).

#### Сипаттама

#### Кеңестер

#### ҰМБ көрсеткіші жоғары

- Отбасы қоғамның негізі болып табылады.
- Ата-аналар мен еркектердің жас адамдар мен әйелдерге қарағанда өкілеттіктері көбірек.
- Мықты жұмыс этикасы.
- Білім мен оқу өте құнды.
- Дәстүрлерге құрмет көрсетіңіз.
- Ысырапшылдық немесе жеңілтектік танытпаңыз.
- Табандылық, берілгендік және міндеттеме алуды көтермелеңіз.
- «Беделдің жоғалуына» әкелетін нәрселерден аулақ болыңыз.

#### ҰМД көрсеткіші төмен

- Теңдікті қолдау.
- Жоғары шығармашылық, жеке-даралық.
- Басқалар өзіңізге қалай қарасын десеңіз, өзгелерге де солай қараңыз.
- Өзін өзі жүзеге асыру жолдарын іздеу.
- Өзіңіз жасаған стандарттар мен ережелер бойынша өмір сүруге дайын болыңыз.
- Басқаларды құрметтеңіз.
- Қажетті өзгерістерді енгізуден ұялмаңыз.

Елдер бойынша ұпайлар саны мен Хофстеда зерттеулері бойынша толық ақпаратты мына [веб-сайттан](#) ала аласыз.

#### Ескерту:

Хофстеда талдауы елдер бойынша жасалды. Көптеген елдерге қатысты бұл нәтижелер әділ болса да, этникалық тиістілік немесе географияға негізделген мықты субмәдениеті бар елдерде олар қолдау таппайды. Канадада, мысалы, Канаданың ағылшын бөлігімен салыстырғанда мүлдем басқа нормалар қолданылатын әртүрлі франко-канадалық мәдениет бар. Ал Италияда еркектік көрсеткіші Солтүстік пен Оңтүстікте мүлде өзгеше болады.

### ТҮЙІНДІ СӘТТЕР

Мәдени нормалар жұмыстағы тұлғаралық қатынастар тетіктерінде үлкен рөл атқарады. Сіз белгілі бір мәдениет аясында өскендіктен, оның мінез-құлық нормаларын ұстанатыныңыз түсінікті. Сіз өзіңіздің реакцияңыз, қалауыңыз бен сезімдеріңіз туралы ойламауыңыз керек.

Сіз бөтен мәдениетке кіргенде, барлығы күтпеген жерден өзгереді. Сіз не істеу немесе не айту керектігін білмейсіз. Хофстеданың мәдени көрсеткіштерін пайдалана отырып, сіз қоғам сіз туралы не ойлауы және сізге қалай жауап беруі мүмкін деген жалпы мағынаға негізделген өзіңіздің тәсіліңізді, өзіңіздің шешіміңіз бен әрекетіңізді бағалай аласыз.

Әрине, бірде-бір қоғам біртекті емес, сондықтан Хофстеда нормаларынан ауытқу жоқ деп айта алмаймыз, алайда жолнұсқар ретінде қолыңызда бұл ақпарат болса, сіз өз бағыт-бағдарыңызды реттей аласыз. Белгісіздік сондай қорқынышты болмайды, әрі сіз бұл мәдени модельді зерттеу кезінде өзіңізге қажетті сенім мен қауіпсіздік сезімін аласыз.

### **МҰНЫ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ**

- Хофстеданың әртүрлі мәдени дәрежелерін анықтау үшін [елдер көрсеткішін](#) қарастыруға уақыт табыңыз.
- Басқа елдердің адамдарымен араласқанда немесе араласып жүрсеңіз, осы көрсеткіштер тұрғысынан қандай да бір өзара әрекеттестік туралы ойлаңыз. Осы білген жаңалық тұрғысынан, Сіздің сұхбатыңыз немесе ассоциацияларыңыздың мәні бар ма?
- Бір мәдениет туралы көбірек білу үшін өзіңізді сынаңыз. Егер сіздің жұмысыңыз басқа елдің адамдарымен жұмыс істеуді көздесе, бұл елді бастапқы нүкте ретінде пайдаланыңыз. Хофстеданың көрсеткіштерін қолдана отырып, сіздің жағдайыңызда олардың дәл әрі өзекті болуын анықтаңыз.
- Келесі жолы басқа мәдениет адамымен жұмыс істеген кезде, Хофстеданың көрсеткіштерін пайдаланыңыз және өзіңіздің тәсіліңіз туралы, талқылау кезінде неге дайын болуыңыз керектігі туралы және неге осылай санайтыныңыз туралы жазбалар жасаңыз. Осыдан кейін өз жұмысыңызды бағалаңыз да, зерттеуіңізді әрі қарай жүргізіп, келесі жолға дайындалыңыз.
- Ең алдымен мәдени ерекшеліктерді ескеруді күнделікті әдетіңізге айналдырыңыз. Адамдар арасындағы ерекшеліктерді бағалап, әрбір ұлттың айрықша белгілерін құрметтеуге, сыйлауға үйреніңіз.

3-KYH







## МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ЗЕРДЕЛЕУ

Бұл тапсырма мұғалімге өзінің қандай болуға тиіс екендігін ой елегінен өткізуге және талқылауға көмек көрсету мақсатында әзірленген.

- Үш адамнан тұратын топта жұмыс істеңіз.
- Әрбір топта осы парақтың бір көшірмесі болуға тиіс.
- Әрқайсысында мұғалім мен оның рөлі туралы бір дәйексөз болуға тиіс 22 карточка болатындай етіп осы парақты шаршыларға кесіңіз.
- Топтың әрбір мүшесі төрт карточка – өздері толық келісетін көзқарас жазылған екі карточка және өздері үзілді-кесілді келіспейтін көзқарас жазылған екі карточка таңдауға тиіс.
- Содан кейін топтың әрбір мүшесі өз тобының мүшелерімен таңдауы туралы ақпаратпен бөлісуге тиіс. Олар өздері қандай карточканы және не үшін таңдағаны туралы айтады.
- Топтың басқа мүшелері айтылған пікірлермен келісетінін немесе келіспейтінін түсіндіре отырып талқылауға тиіс.

### 22 карточка

Мұғалімдер бақылау, тәлімгерлік және бағалау жүргізу үшін өзінің сыныбына әріптестерін шақыра отырып, «ашық есік» тәсілін меңгеруге тиіс.	Мұғалімдер сыныптағы өзінің жеке құзыреттілігіне ерекше назар аударуға тиіс
Өз жұмысын мектеп директоры белгілеген саясатқа барынша сәйкес етіп жүргізетін мұғалімдер – үздік мұғалімдер.	Мектепте тиімді мұғалім болу үшін мұғалімдер біліктілігін арттыруға тиіс.
Мұғалімдер басшылық лауазымға тағайындалар алдында тиісті дайындықтан өтуге тиіс.	Мұғалімдер бәрінен бұрын өз оқушыларының жетістіктеріне көңіл бөлуге тиіс.
Жақсы мұғалім – жай ғана өз пәнін жақсы білетін және өз білімін жас ұрпаққа бере алатын тұлға.	Мұғалімдер өзінің дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіруге міндетті.
Мұғалімдер жастарды өркениетті және демократиялық өмір салтына баулу арқылы қоғамды өзгертуге тиіс.	Барлық мұғалімдер өз әріптестеріне жасайтын ықпалы мен мектеп тәжірибесінің дамуына жауап береді.
Мектеп тиімді болу үшін онда білікті мұғалімдер болуға тиіс.	Жақсы мұғалімге айналу үшін жаңа кәсіби білім қалыптастыру мақсатында әріптестеріңізбен бірлесіп жұмыс істеуге қабілетті болуыңыз керек.
Барлық мұғалімдер өз мектептеріндегі оқушылардың білім нәтижелері үшін ұжым болып жауап береді.	Әріптестерінің кәсіби оқуына қолдау көрсету мұғалім рөлінің маңызды бөлігі болып табылады.
Мұғалімдер қоғам, жұртшылық, ата-аналар мен оқушылар алдында олардың мектебі беретін білім сапасы үшін ұжым болып жауап береді.	Мұғалімдер мектепте қандай пәндер оқытылуға тиіс екендігі туралы шешім қабылдауда шешуші рөл атқаруға тиіс.
Мұғалімдер мектепте және оның қабырғасынан тыс жерде өз	Мұғалімдер кәсіби шеберліктер мен дағдыларды алу және беруде шешуші рөл

көзқарастарын білдіру арқылы білім беру саясатын дамытуға үлес қосуға тиіс.	атқаруға тиіс
Рефлексивті зерттеу жүргізу және мектеп жұмысының тиімділігі жөніндегі талдау деректері мұғалімнің рөлін бағалайтын маңызды фактор болып табылады.	Сабақты жоспарлау, негізінен, жеке тапсырма емес, бірлескен жұмыс болуға тиіс.
Мұғалімнің міндетіне оқушыларының немесе олардың отбастарының жеке проблемаларын шешуге көмектесу кірмейді	Жақсы мұғалімдер мектептегі балалардың әлеуметтік және жеке тұлға түрінде дамуы үшін өзінің жауапты екенін сезінеді

### Мұғалімдердің кәсіби шеберлігі: менің түсінігімді дамыту

Талқылау аяқталған соң мынадай сұрақтар бойынша өз көзқарасыңызды жазуға уақыт бөліңіз:

- Жақсы мұғалімнің қасиеттері қандай?
- Мұғалімнің өз тәжірибесі туралы ойланғаны маңызды ма?
- Сіздің ойыңызша, мұғалімнің өз мектебіндегі тәжірибені өзгертудегі рөлі қандай?

Өз ойларыңыз жазылған парақты өз портфолиоңызға қосыңыз.

## МІНСІЗ ОҚУШЫ ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Үзінділер:

Harkness, S., Blom, M., Oliva, F., Moscardino, U., OlafZylicz, P., Rios Bermudez, M., Feng, X., Carrasco-Zylicz, A., Axia, G. & Super, C. (2007) Teachers' Ethnotheories of the 'Ideal Student' in Five Western Cultures. [Батыстың бес еліндегі мұғалімдердің «мінсіз оқушы» туралы этнотеориясы]. *Comparative Education*, 43, (1) 113 -135

### Кіріспе

Бүкіл әлемде шамамен алты жастан бастап балалар мектепке бара бастайды. Егер балаларды ерте оқытудың жаһандануын назарға алар болсақ, оқушылар күнде үйлерінен кетіп, белсенді уақыттарының басым бөлігін олардың оқуына арналған мекемелерде өткізетіндігін ұмытпаған жөн. Осылайша, өркениетті қоғамның құзырлы мүшесі үшін аса маңызды болып табылатын оқу және санау сияқты танымдық дағдыларды дамыту қажеттігі туындайды. Бірақ бұнымен қатар балалар мектепке топтың тең құқылы мүшесі болып үйрену үшін, бәсекеге қабілеттілік дағдыларын дамыту және индустриалдық және постиндустриалдық қоғамды қамтамасыз ету үшін қажетті қабілеттерін қолдану үшін барады. Бір қарағанда, мектепте оқу жалпыға белгілі және түсінікті құбылыс болғанымен, шын мәнінде әртүрлі елдерде оқушылар мектепте үйренуге тиісті бірнеше негізгі дағдылармен қатар, арнайы дағдылар мен білімдер түрлері кездеседі.

Түрлі мәдениеттердегі осындай құбылыстарды зерттеу мектептегі оқу деген ұғымның негізінде жатқан «зият» деген әмбебап ұғымның өзі де түрлі қоғамдарда түрліше түсіндірілетіндігін көрсетті. Бір жағынан, баяғыдан бері антропологтар барлық елдердің, мәдениеттердің өкілдері әртүрлі болып көрінуіне қарамастан, олардың қабілеттері мен таланттары бірдей екендігін айтып жүр. Екінші жағынан, есептер мен тестілерді мәдениетаралық қолдануда көрініс тапқандай, кейбір психологтар зияттың мәдени ерекшелігі туралы дауласуда.

Ванг және басқалар (2004) «Біз «өзгермейтіндік» деген ұғым жоқ деп ойлаймыз, негізгі құзыреттер әрбір бала үшін жарамды. Сонымен қатар танымдық құзыреттер бала ұйымдастырушылық қызметке қатысатын белгілі бір мәдениеттерге, әлеуметтік және физикалық жағдайларға, сондай-ақ бала қабылдай алатын мәдени және әлеуметтік талаптарға сәйкес келеді» деп тұжырымдайды (227-бет).

АҚШ-тың аналитикалық ақыл-ес және басқа (әсіресе батыстық емес) мәдениеттер ұғымына қатысты қолданған тәсілінде айқын қарама-қайшылықтар анықталды. Олардың мәні дарынды балада жай ғана тамаша танымдық дағдылардан басқа да қабілеттер көп деген пікірге саяды. Жалпы алғанда, басқа мәдениеттерді зерттеу зияттың әлеуметтік және тұлғааралық аспектілерін белгілеп берді.

Осылайша, тіпті батыс әлемінің өзінде де зият пен құзырет туралы ұғымның мәдениетаралық өзгермелілігі туралы шынайы деректер бар. Осы өзгермеліліктің табиғатын түсіну түрлі батыс елдерінің білім беру мамандары арасында мәдениетаралық байланысты нығайту үшін ғана емес, сонымен қатар табысты даму дегеніміз не және мұғалімдер балаларға мектеп қабырғасында осыған қол жеткізуге қалай көмектесе алатындығы тұрғысында баламалы көзқарастардың болуын мойындау үшін де маңызды болып табылады.

Wang, W., Ceci, S. J., Williams, W. M. & Kopko, K. A. (2004) Culturally situated cognitive competence: a functional framework [Мәдени қалыптасқан танымдық құзырет: өмірдегі табыс] in: R. J. Sternberg & E. L. Grigorenko (Eds) Culture and competence: contexts of life success (Washington, DC, American Psychological Association), 225-250.

**Тапсырма:** Сіздің сыныбыңыздағы мінсіз оқушыға қандай қасиеттер тән екендігі туралы жазыңыз.

## ОҚУШЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ: МАЗАСЫЗ АЛЬМА

Альма көптеген пәндерден оқу үлгерімі орташа 12 жастағы оқушы, бірақ жаратылыстану ғылымынан үлгерімі нашар. Ол орындаған тест тапсырмаларының көбі жауапсыз қалады. Кейде дұрыс жауаптары жазылады, бірақ ол кейін оларды өшіріп тастайды. Альма кейде жаратылыстану пәні бойынша сабаққа қатысудың орнына бас ауруын, іш ауруын немесе қандай да болмасын басқа ауруларды сылтауратып, мектептегі дәрігерде отырады. Ал сабақ аяқталғаннан кейін ол табан астынан жазылып кетеді.

Бірінші тоқсанның бастапқы бірнеше аптасы ішінде жаратылыстану ғылымының мұғалімі сыныпта талқылау үдерісіне қатыстырғысы келіп және сабақта өткен тақырыпты түсінгенін бағалау үшін оған жиі-жиі сұрақ қойып тұрады. Бірақ, әдетте ол қатысудан бас тартатын, мұғалім сұрақ барлығының көзінше қойылғанда Альманың ыңғайсызданатынын сезіп, оны сыныптағы пікірталасқа қатыстыруға тырысқан жоқ.

Сонымен қатар, оның сыныптағы оқу үлгеріміне қарағанда, Альманың үйге алатын тапсырмалары әдетте аяғына дейін және де негізінен дұрыс орындалатын. Бұл ретте мұғалім Альманың ата-анасымен әңгімелесіп, ол үй жұмысын өзі орындайтынын білді. Альманың үй тапсырмаларына қарап, оның тырысса жауап бере алатындығын көріп, мұғалім оның сыныптағы мінез-құлқы туралы ойланып қалды.

Ол өзіне сенімсіздігінің салдарынан сұраққа қате жауап беруден гөрі, жауап беруден мүлде бас тартқан тыныш деп ойлайды. Оған сабақта ойын жинақтау қиын, себебі қате жауап беріп қаламын ба деп алаңдайды. Өзінің тестіге жақсы дайындалғанына қарамастан, тест берілгенде Альма үрейленеді; ол кеше ғана жап-жақсы біліп тұрған қарапайым әдістерді есіне түсіре алмай қиналады. Мұғалім оған сынып алдында сұрақ қойғанда, ол басқа оқушылар оған сынап қарайды деп ойлады, сондықтан бұл оның ойын жинақтауға кедергі келтіреді.



## ОҚУШЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ: ӨТЕ САҚ САЛЛИ

Мұғалімдер Салли үнемі өте жоғары бағаға оқи алады деп сенеді, ол дарынды әрі талантты оқушылардың ресми тізіміне енген. Әдетте Салли – тәртіпті, сенімді және жоғары ынталы мінсіз оқушы. Бір алып қарағанда оқуға ынтасы жағынан онда еш проблема жоқ сияқты.

Алайда оқудағы жоғары қабілетіне қарамастан, ол тек жақсы баға мен мұғалімнің оған құрметпен қарауын ғана күтетін сияқты. Ол "В+" деген бағаны өте ұят деп санайды. Мұқият көңіл қоятын болсақ, Саллидің мінсіз жетістіктеріне қарап, бүкіл оқу курсы оған еш қиындық тудырмағанын көруге болады.

Салли әрбір бақылау тапсырмасын мұқият орындайды. Ол мұғаліміне қатты көңіл бөледі, тест тапсырмасында қандай материал негізгі болатынын дәл табатын керемет қабілетке ие. Салли әрбір тест бойынша өте көп дайындалады, мәтінді бірнеше рет қарайды және сұрап қалуы мүмкін-ау деген әрбір фактіні еске сақтайды. Ол мектепте талап етілмейтін тапсырманы сирек оқиды.

Салли мазасыз, бірақ оның мазасыздығы өзінің ақыл-ой сұранысының шегінен шықпайды. Мұғалімдер оған жетістікке жетуге үнемі қолдау көрсетіп отырады, сондықтан оқуға қатысты өзіне сенімді сияқты болып көрінеді. Сыныптастары арасында беделді, әлеуметтік тұрғыдан белсенді.

Өкінішке орай, Салли алдына қойған міндеттерді орындай алмайтын оқиға туындауы мүмкін. Ол өзінің оқу үдерісінде үнемі қауіпсіз жол таңдайды. Сабақта өзіне қажеттіні ғана оқиды, және де бұл кейін қалай бағаланатынын ескере отырып оқиды. Оқудың жақсы баға алу мен көпшілікке танымал болуға арналған құрал болумен қатар, кейбір ішкі мәні бар екені туралы ой мүлдем басына кірмейді. Өзіне берілген басшылық нұсқаулар мен құрылым шегінде әдістемелік тұрғыдан жұмыс істей отырып, ол шығармашылық таныту үшін еш күш салмайды.

Салли кәсіптік бағдарлау жөніндегі кеңесшінің қосымша оқу жұмысына қатысу туралы ақылын тыңдамайды. Оған оқу дағдысында өзіне деген сенімділік жетіспейді және жеңіліске ұшырамауы үшін тәуекел етпеді дұрыс көреді. Сыныбында көрсететін сенімділігі шын мәнінде елес қана. Көп оқуды қажет етпейтін мұқият тандалған курста үлгеруі үшін «жеткілікті деңгейде ақылды» екенін біледі, бірақ күрделі тапсырмаларды орындайтынына аса сенімді емес. Ол ешқашан тексермегендіктен өз біліктілігінің нақты шекарасын білмейді.

Салли білімі мен қиялын дамытпайды. Салли үшін оқу дегеніміз тек мектепте орындалатын нәрсе ғана. Ол үшін оқу ішкі мәнге ие емес, тек құрал ғана сияқты. "А" деген баға береді, бірақ ешқандай қуаныш не толқу әкелмейді. Оқу дегеніміз – өз қабілетінді дамытпайтын, біреудің идеясын есте сақтау ғана. Саллидің шығармашылық ойлау әлеуеті ешқашан анықталмайды.

## ОҚУШЫ СИПАТТАМАСЫ: ҚОРҒАНАТЫН ДЕЙВ

Дэйв 10-сыныптағы ең нашар оқушылардың бірі болып табылады. Сондай-ақ, ол өзінің нашар оқу үлгерімі мен сабақта ештеңе түсінбейтіндігі арасындағы байланысты жасырғысы келеді. Өкінішке орай, оның ақымақ болып көрінбеу үшін қолданатын стратегиялары оқуын жақсартуға кедергі келтіреді.

Ол әдістерді тапқырлықпен қолданады. Мысалы, бір күні таңертең Дэйв бұған дейін орындауға тиісті болған тәжірибелік сабақ туралы он сұраққа жауап беру шеңберіндегі тапсырмаларды орындап отырады. Мұғалім сыныпта өз қабілеттеріне қарай және сұрақтарға жауап алу арқылы әрбір оқушы жұмысының мониторингін жүргізе отырып, әр оқушымен кезек-кезек жұмыс істейді. Дейв мұғалімге бірнеше сұрақ қояды, бірақ ол көптеген сұрақтарға өздігінен жауап беру үшін бар ынтасымен жұмыс істеп отырғандай әсер қалдыруға тырысады. Шындығында, ол қалған жауаптарды сыныптастарынан алады немесе көшіріп алады. Осылайша, Дэйв берілген жұмысты оқымай-ақ және түсінбестен тапсырманы аяқтайды.

Келесі сабақта мұғалім оқушылардан кешегі жұмыстарын көрсетуді сұрайды. Дейв жоқ дәптерді іздестіру мақсатында өзінің сумкасын қарап жатқандай кейіп танытады, бірақ, бұл ретте оның өзін қоса алғанда, оның мұғалімі де, бүкіл сыныптастары да, шындығында, оның бұл тапсырманы орындамағанын біледі.

Модуль бойынша тестілеу соңында Дэйв екі рет қарындашын ұштайды, жерге құлап қалған өшіргішті көтерген сияқты болады және бауын байлайды. Ол сұрақтарға көңіл бөлмейтіндігін жасыруға тырыспайды. Керісінше, ол сыныптағы әрбір адамның оның тесті шешуге тырыспайтынын байқағанын күтеді. Мұғалім барлығының көзінше, егер ол тырысса, оның бағасы жақсы болатынын, олай болмаған жағдайда нашар болатынын Дейвке және оның сыныптастарына хабарлай отырып, оған бірнеше рет жұмысқа қайта оралуды ескертеді. Дейвтің қалайтыны да осы болатын, ол басқалардың осы сөздерді естуін тілейтін.

Дейвтің стратегиялары, кем дегенде қысқа мерзімде, өз мақсатына жетеді. Ол кейбір тапсырмаларды өте жақсы деп айтпасақ та, жақсы деңгейде орындаудың жолын табады. Тест орындауға тиісті уақытта (бұл жағдайда көшіріп алу сияқты басқа стратегиялар мүмкін емес) ерігіп отырып, ол ақымақ екендігі туралы тұжырымнан аулақ болуға тырысады. Бірақ тапсырманы орындауға ешқандай әрекет қабылдамай, ол өзінің бағаларының төмен болуының түсініктемесін ғана іздейді, алайда тапсырманы орындауға тырысып көрсе, тестіден жақсы баға алуға болатыны туралы ойланбайды да.

Бұл жердегі қайғылы жағдай ақымақ болып көрінбеу үшін қолданылатын әр алуан күш жігердің барлығы өзін-өзі қорғау актісі болып табылатындығында. Бірақ оның оқу бағдарламасын меңгеруде ілгері жылжу жоқ, ал оның сәтсіздігі күн сайын шарасыз болып барады. Ақырында Дэйв қабілетті адам ретіндегі өз бейнесін сақтау амалдарынан бас тартып, сыныптағы «топас» балалардың бірі болып шыға келеді. Егер ол осы өзін-өзі бүлдіретін ойынды жалғастыра беретін болса, онда ол көп ұзамай ақылды болып көрінуге тырыспайтын Ханна сияқты дәрменсіз болып шығады.

## ОҚУШЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ: РИЗА БОЛҒАН СЭМ

11-сыныптың оқушысы өмірге риза Сэмді сыныптың күлдіргіші деп санайды. Ол алғашқылардың бірі болып мектепке келеді және сабақ біткен соң үйге қайтпай, ұзақ уақыт бойы мектеп ауласында өзінің сыныптастарымен бірге жүріп, ойына келгенін істейді. Оған мектеп ұнайтын сияқты, ол құрдастарының арасында әйгілі, тек кейде ғана өз қылықтарының салдарынан қиындық көріп жатады.

Сэм – сүйкімді оқушы, бірақ көптеген мұғалімдердің көңілін қалдырады. Ол негізінен «С+/В-» бағаларын алады, бірақ ол еш қиналмастан «А» бағасын да алар еді. Қабілетті анықтауға арналған стандартталған тестілер бойынша оның алған балдары көптеген сыныптастарына қарағанда айтарлықтай жоғары балға қол жеткізуге қабілетті екенін үнемі көрсетеді, бірақ ол өзінің шынайы қабілеттерін сирек көрсетеді. Ол сабаққа шын мәнінде бар зейінін аударатын сирек күндері Сэм күрделі сұраққа жауап бере алатын сыныптағы жалғыз оқушы болып шығады. Оның әлеуетін сондай-ақ өзіне қызықты жобамен шұғылданғанда айқын көруге болады.

Негізінен, Сэм мектеп жұмысына аса қызығушылық танытпайды. Ол аздаған күш жұмсап алатын бағаға қанағаттанатын болғандықтан, нашар баға алудың ешқандай қаупі жоқ. Ол әдетте өз жұмысын аяқтайды, бірақ көбірек жұмыс істеуге ешқашан тырыспайды. Ол сабақта барынша назар аудара отырып-ақ көптеген тестілерден өтуге болатынын білетіндіктен, тестілерге ешқашан дайындалмауды дағдыға айналдырған. Сэм ақылды екенін біледі, бірақ таң қалдыруға ұмтылмайды. Ол өзінің оқудағы артықшылықтарын көрсету арқылы құрдастары арасында құрметке жетуге қызықпайды және өз мұғалімдерінің сыйлауына қол жеткізуге мүлде ұмтылмайды. Ол проблемалардан, кем дегенде, белгілі бір уақыт бойы алыс болуға ынталы. Демек, ол мұғалімдерден өзін алыс ұстау үшін не қажет болса, соны істеуге дайын.

Сэм үйінде ойлануды талап ететін компьютерлік ойындарды сағаттап ойнайды. Сондай-ақ Сэм ғылымға қызығады. Ол ғарыш жөніндегі өзі таба алған барлық кітаптарды оқып шыққан және әдетте, жаратылыстану ғылымдары бойынша білім беру бағдарламасының бөлігі болып табылмайтын тақырыптар бойынша дамыған түсінікті білдіретін өз түсініктерімен физика мұғалімін жиі таң қалдырады. Ал сабақта жаратылыстану пәндері бойынша қарастырылатын тақырыптар бойынша орындаған жұмысы барлық қалған пәндер сияқты кәдімгі жұмыс болып табылады – ол қолайсыздыққа ұшырамау үшін не жасау қажет болса, соның нақ өзін жасайды. Оның тағы бір үлкен сүйікті ісі – ғылыми-фантастикалық романдарды оқу, ол тіпті бірнеше қысқа әңгіме жазған. Өз ойын жазбаша баяндауға бейімі болуына қарамастан, бұл оның мектептегі бақылау жұмыстарынан көрініс таппайды.

Сэмнің мұғалімдері оның мектепте жоғары деңгейге қол жеткізе алатынын біледі. Негізінде әр мұғалім стратегияның бір ғана түрін сынап көреді. Оның бақылау тапсырмаларын орындағанда жартылай күш салатынын байқай отырып, мұғалімдер оның барынша жоғары баға алуы үшін өзінің мектептегі жұмысына шамалы уақыт бөлуі үшін жағдай жасайды. Бірақ Сэмге бұл стратегия ықпал етпейді, себебі Сэм үшін жақсы бағаның басқа балаларға сияқты құны жоқ, ол төмен бағаны жаза деп санамайды.

Сэм мектеп жұмысында алға басу үшін ешқандай себеп көрмейді. Оған зияткерлік тапсырмалар ұнайды, бірақ барлығы емес, өзі осындай деп санайтын тапсырмалар ғана. Егер оның қызығушылықтары сабақ талаптарымен үйлесіп жатса, ол өзін үздік оқушы ретінде танытады. Негізінен, Сэмнің зияткерлік белсенділігі сыныптан тыс жағдайларда байқалады, ал сыныптағы белсенділігі төмен. Сэм сияқты оқушыларды барлық оқыту сатыларында кездестіруге болады. Олар ата-аналардың да, мұғалімдердің де көңілдерін қалдырады. Өз мұғалімдерін шын мәнінде оқи алмайтынына сендіретін Ханнаға қарама-қарсы Сэмнің мұғалімдері оның артық қабілеттерінің барын біледі. Бірақ ынталандыруға арналған қарапайым стратегиялар Сэм сияқты оқушыларға келгенде тиімсіз болып қалады.

## ОҚУШЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ: ДӘРМЕНСІЗ ХАННА

Ханна жарты сағатқа жуық партаның басында отырды және мұғалімнің ойынша, ештеңе істемей бос отырды. Мұғалім Ханнаны ойлануды талап ететін бір тапсырманы орындауға тартпақ болды. «Мен жасай алмаймын», - деді Ханна, тіпті мұғалім нұсқаған тапсырмаға қарамай тұрып-ақ. Сосын: «Мен не істеу керек екенін де білмеймін», - деп қосып қойды. Оның жауабына қанағаттанбаған мұғалім: «Жаңа ғана осыған ұқсас есепті тақтада шығардық емес пе? Сен тыңдамай отырғансың ғой?»- деді. «Мен түсінбеймін», - деді Ханна. Мұғалім сұрақ қоя отырып, есепті шығару жолдарын түсіндірді. Ханна көп сұраққа дұрыс жауап берді. Оның есеп туралы аз да болса түсінігі бары айқын көрініп тұр. «Міне, сен бұндай есепті қалай шешуді білесің», - деді мұғалім. «Өз қалауыңмен тағы біреуін неге шығарып көрмейсің?». «Мен қалай шығаруды білмеймін», - деп айтқанынан қайтпады оқушы. Мұғалім: «Ал сен менің сұрақтарыма дұрыс жауап бердің ғой?». «Өйткені сіз маған көмектестіңіз» - деп дереу жауап берді Ханна. Қыздың аздап қулық жасап тұрғанын түсінген мұғалім қатқыл дауыспен: «Мен білем, сен бұны шығара аласың және осы есептердің кейбірін өзің шешкенді қалаймын», - деді.

Мұғалім Ханнамен әңгімесін осылай аяқтап, оны есепті шығаруға оңаша қалдырып, басқа оқушыға көңіл аударды. Шамалыдан соң Ханнаның партасы тұсынан өтіп бара жатып, есептің сол күйі шығарылмағанын байқады. Дәл осындай оқиға жылына бірнеше мәрте қайталанады, сондықтан ең соңында біз кейіген мұғалім мен мұғалімнің кейіген кейпін өзінің әлсіздігі деп ұғатын оқушыны көреміз.

Ханна зерттеушілер «жүре пайда болған дәрменсіздік» деп атаған құбылыстың классикалық үлгісі болып табылады. Оның сабақ үлгерімі үнемі төмен, сыныптастары оған «ақымақ» оқушы ретінде қарайды. Оның өзін кез келген жаңа оқу материалын игеруге қабілетсіз деген пікірі күн өткен сайын нығая берді. Сабақтағы «үлгермеушіліктен» бәрібір құтыла алмаймын, демек «тырысудың қажеті қанша» деп ойлайды ол.

Ханнаның үлгерімі нашар. Ол сыныпқа әлеуметтік тұрғыдан кірікпеген, сол себепті айналасымен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік жоқ. Ханна озбыр бала емес және қандай да бір тәсілмен өзіне назар аударудың немесе өз сыныптастарына кедергі жасаудың орнына, уақытын кеңістікке көз тігумен бос өткізіп, тыныш отырады. Бұдан басқа оның мұғалімге қоятын еш талабы жоқ. Ханна сұрақ қоятын еш себеп көрмейді, себебі өзін бірдеңе түсінемін немесе жауапты пайдаланамын деп ойламайды.

Оқушылардың «жүре пайда болған дәрменсіздігінің» көптеген түрі бар. Өзінің сабақ үлгерімімен құрметке ие болудан шайлыққан кейбір оқушылар өзін таныту үшін энергиясын басқа салаға жұмсайды. Олар сыныпта сайқымазақ, бұзақы немесе сыныптастарын мазақтайтын оқушы болуы мүмкін немесе жасөспірім шағына қарай оның академиялық үлгерімін қабылдамайтын құрбылары арасында құрметке бөлену үшін қоғамға жат қылықтарды көрсете бастауы ықтимал. Әдетте бұндай «дәрменсіз» балалар үшін қабілетін спорт, музыка немесе басқа жұмыс түрлерімен айналысуға жұмсау жат болып келеді. Кей оқушыларда өзін қабілетсіз сезінудің тамыры тереңдегені соншалық, олар өздері табысқа жете алатын сала жоқ деп санайды.

Ханна сияқты оқушыларға мектепте онша қызық емес. Олардың күні сенімсіздікке, торығуға толы және сол себепті олар тапсырмамен жұмыс істеуге аз уақыт бөледі, іші пысады. Сыныптастары да аулақ жүруге тырысады, тіпті кейде оған мұғалім де көңіл бөлмейді, бұндай оқушылардың сөзге сараңдығы мен қауқарсыздығын ескерсек, бұндай реакция түсінікті де.

«Дәрменсіз» оқушылар бірдеңе істеуге ұмтылмайтындықтан, оқуда қандай да бір жетістікке сирек жетеді. Бірнеше әрекеттерінің сәтсіз болуы оларды өздерін қабілетсіз сезінуге итермелейді. Тіпті жетістікке қол жеткізген күннің өзінде, оған өзінің қатысы жоқ деп санайды. Олар өзінің сәтті ісін өзіне ешқандай қатысы жоқ уақытша бірдеңе деп немесе тапсырманың жеңілдігімен, мұғалімнің көмегімен шешкенін немесе әншейін сәттілік деп түсіндіреді. Олардың логикасы өте қарапайым, ал оның салдары өте ауыр болып жатады. Бақытына қарай, «жүре пайда болған дәрменсіздік» сирек кездеседі, көбіне бұның солғындау белгілері кең таралған. «Жүре пайда болған дәрменсіздікке» «шалдыққан» балаларды ынталандыру өте күрделі мәселе, ол өте ақылды және төзімді мұғалімдерге де қиын соғып жатады. Ең дұрысы оның дамуының алдын алу, болдырмау екені айқын. Алайда соңғы стадиялардағы осындай оқушы кездескенде мұғалімдер бұл оқушы ықпал етуге дәрменсіз болып, бұрын қалыптасып кеткен әдетті өзгерте алмайды.

## ТРЕНЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ: МАЗАСЫЗ АЛЬМА

### **Неліктен Альма өзін осылай ұстайды?**

Альма сабақ оқи алады, бірақ өз білімін көрсету қажет болған кездерде қиналады. Альманың мұғалімі оның білімін тексерген кезде оған күйгелектігін басуға бағытталған стратегияларды пайдаланып, тексеріс қорытындыларынан теріс нәтиже күтпеуге көмектесуге тиіс.

### **Мұғалім не істей алады?**

Альманың мұғалімі проблеманың күрделілігі мен бірегейлігін ескере отырып, бұл проблеманы Альманың өзімен талқылаудан бастай алады. Ол Альманың тестілеу кезіндегі күйгелектігі оның пәнді оқуға деген ынтасына кедергі келтіріп, түбінде жаратылыстану ғылымдарынан мүлде жиреніп кетуге әкелуі мүмкін екендігін айтып алаңдаушылық білдірді. Бастапқыда Альма осы тақырыпты сөз етуді аса қаламаса да, бірақ түбінде аталған проблеманы шешу үшін жеке бағдарлама қажет екендігіне көзі жетуге тиіс. SENCO-ның қолдауымен бұл бағдарлама мынадай құрамнан тұруы мүмкін:

- релаксация әдістеріне қатысты кітап оқу және өзі үшін пайдалы деп тапқан бірнеше әдістерді оқытушымен талқылау;
- Альма өз еркімен күніне бір рет сыныптағы пікірталасқа қатысуға міндеттенеді, ал мұғалім оның орнына ол бұны қаламайтын кезде сұрамауға уәде береді;
- оның өзіне деген сенімін дамыту үшін, мұғалім оған үй тапсырмаларымен қиындық көріп жүрген басқа оқушыға көмектесу туралы тапсырма береді.

Емтихандарды мейлінше қорқынышты емес қылып көрсету үшін пайдалануға болатын стратегиялар бар. Альмаға, мысалы, тестілеу кезінде көбірек уақыт беруге болар еді. Сондай-ақ, оған көмек ретінде шешімдері бар бірнеше тапсырма үлгілерін беруге немесе тестілеу уақытында өз оқулығын пайдалануға мүмкіндік беруге болар еді. Тестілеудегі тапсырмалар пәнді түсінуін талап етуге тиіс, бірақ ол өз жауаптарының дұрыстығына сенімді болу үшін шешімдер үлгілеріне қарай алады. Одан басқа, егер Альма өзінің үрейі тапсырманы орындауға кедергі келтіреді деп санайтын болса, оған тестілеуді қайта тапсыра аласың деп уәде беруге болады. Бұның өзі оның мазасыздығын азайта алады, сондықтан тестіні қайта тапсыру мәселесі өздігінен жойылады.

Сыныптарда осы сияқты алаңдаушылықтан азап шегетін оқушыларға арналған арнайы орын жабдықталуы мүмкін. Алайда мұғалімдер оқушының жай-күйін түсінбеген жағдайда немесе оларға жеке орын беруге болмайтын (мысалы, мектеп бітіру емтихандарында) жағдайларда оқушыларды тиімді жұмыс істеуге даярлау үшін, мұғалімдер бұл проблеманың себептерін шешуге тиіс. Бұл сияқты алаңдаушылықтың түп тамыры әдетте өзіне сенімсіздікте жатады.



## ТРЕНЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ: ӨТЕ САҚ САЛЛИ

### **Неліктен Салли өзін осылай ұстайды?**

Мұғалімдердің көбісіне өз сыныптарында Салли сияқты оқушылардың болғаны ұнайды. Саллидің бастауыш мектептегі мұғалімдері оны олардың нұсқаулықтарына сәйкес дәл орындаған жұмыстары үшін мақтауы мүмкін. Оның тестілерінің көптеген нәтижелері хабарландырулар тақтасында 100 пайыз дұрыс жауаптармен көрсетілді және оған ерекше артықшылықтар берілді. Салли осындай әлеуметтік мадақтауларға үйренген және бұл мадақтың жоғалуына әкелетін бірдемені сынап көруге қорқады. Оның өзіне берген бағасы басқалардың пікірлеріне және осы пікірмен байланысты атрибуттарға (мысалы, бағалар) тікелей байланысты болып табылады.

### **Мұғалім Саллиге көмектесу үшін не істей алады?**

Нәтижесінде, Саллидің мақсаты оның жұмысын бағалау үшін барынша дербес стандарттарды дамыту болатын. Бірақ қысқа мерзімді кезеңде мұғалім оның сыртқы күтпеген жағдайларға тез әрекет етуін өз пайдасына айналдыра алады. Мысалы, оның мұғалімдері жақсы бағаны Салли үшін күрделі болып табылатын жұмысты, кем дегенде, жартылай орындауына байланысты етіп жасауы мүмкін. Мұғалімдер оның тапсырмаларды қаншалықты жақсы орындайтынына қарамастан, айтарлықтай күш жұмсап, табандылықты талап ететін тапсырмаларды орындауға талпынатыны үшін мақтай алады. Оның мұғалімдері сондай-ақ оны сыныпта ең жоғары баға алғаны немесе емтихандарды қатесіз тапсырғаны үшін құттықтамас еді. Сонымен қатар, мұғалімдердің оның тәуекелге бас тігуін жоғары бағалайтындықтарын көрсететін көптеген қолайлы тәсілдер бар. Мысалы, олар жұмыстың дұрыс орындалғанына емес, көбінесе оқушының тәуекелге бас тігуіне оң пікір білдіре алады.

Егер көзделетін мақсат Саллидің сыртқы мақұлдау мен мадақтарға тәуелділігін азайту болса, онда басқа ынталандыру жүйесін дамыту қажет. Қолданыстағы ынталандыру жүйесі көп жылдар бойы жақсы қолданылып келгендіктен, бұл оңай шаруа емес. Мұғалімдерге оның қызығушылығы мен білімқұмарлығын оятуға тырысу қажет болады. Бұған олардың беретін пәніне өздерінің ішкі қызығушылықтарын үлгі етіп көрсету арқылы жартылай қол жеткізуге болады. Әуел бастан-ақ оқушылар қандай мұғалімдердің өз пәндерін және қандай дәрежеде жақсы көретінін біледі, кейде олардың өзіндік көзқарастары да олардың мұғалімдерінің көзқарастарына байланысты болатын жағдайлар кездеседі.

Саллидің мұғалімдері сондай-ақ оның оқыту қызметімен мектеп бағдарламасының талаптарынан тыс шұғылдануына түрткі бола алады.

Тестілер мен бағаларды талқылау тәсілдерін өзгерту Саллидің тестілерді жақсы орындауға шамадан тыс ұмтылуын және оның бағаларға тәуелділігін азайтуы мүмкін. Ақпараттық тестілерді орындауға бар назарын аудару Саллидің тестіні адамның өзін-өзі құрметтеу көрсеткіші ретінде орындау ниетін азайтқан болар еді. Оқушылардың бар назарын бағаға аудармай, жақсы бағаларға арналған өлшемдерді анық ұсыну Саллидің сыртқы бағалауға жұмысқа ынтаны арттыратын себеп ретінде қарауын бәсеңдетер еді.

Саллидің жұмысты орындауға қатысты алаңдаушылығын толық жою мақсат емес, біздің мақсат оларды оқудан рахат алуға және жоғары жұмыс көрсеткішіне кепілдік берілмейтін күрделі оқу түрлеріне қатысуға ұмтылуына кедергі келтірмей, ол алаңдаушылықты азайту болып табылады. Салли тіпті өзін еркін ұстап, оқудан рахаттанған болар еді.

## ТРЕНЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ: ҚОРҒАНАТЫН ДЭЙВ

### **Неліктен Дэйв өзін осылай ұстайды?**

Қорғанатын Дэйв ақымақ болып көрінбеу үшін оқушының жасай алатынының бәрін жасайды. Ол белгілі бір дәрежеде сыныптастарының сұрақтарға беретін жауаптарына сүйенеді және ол тапсырмаларға жазған жауаптары қате болуы мүмкін деп санайтын кезде өз дәптерін таба алмай қалған түр танытады. Дэйв жұмысты орындамағаны және үлгерімінің нашар екендігіне қалай ақталудың жолын ойластырып алған. Оның үстіне, ол өзіне айтылған ақылдарға назар аудармай, кейде тапсырмаларды орындағысы келмейтінін және орындамайтынын бар түрімен танытады.

Дэйв «емтиханнан құлаудан қашатын» оқушының классикалық үлгісі болып табылады. Шын мәнінде ол материалдарды зерделеу және тапсырмаларды өздігінен орындау сияқты заңды әдістермен табысқа қол жеткізуге болатынына сенбейді. Демек, ол табысқа жетуге ұмтылмайды, бар болғаны бар күшін құлап қалмауға салып бағады. Қысқа мерзімді перспективада мақсатқа жету және ақымақ болып көрінуге мүмкіндік бермеу тұрғысынан алғанда Дейвтің мінез-құлқы қисынды. Ол аса көп күш жұмсамай көптеген тапсырмаларды жақсы болсын, жаман болсын, бірақ шешеді, ол өзінің үлгерімінің нашар болуы оның қабілетінің жоқтығынан емес, аз күш жұмсауының нәтижесі деп басқаларды сендіреді. Дэйвтің ішкі логикасына қарамай, ұзақ мерзімді перспективада оның мінез-құлқы қисынсыз. Себебі барған сайын ол нашар үлгерімнің қақпанына терең бата береді және оны түсіндіру де барған сайын қиындай береді.

### **Мұғалім Дэйв сияқты оқушымен не істей алады?**

#### **Бұл жағдайда екі түрлі өзгеріс маңызды болмақ**

**Біріншіден,** Дэйв өзінің шынайы табысқа өздігінен қол жеткізе алатынына сенуі керек.

**Екіншіден,** Дэйв ынта-жігерін емтиханды тапсыра алмауды болдырмауға емес, барынша табысқа қол жеткізуге жұмсауы үшін емтихандарды тапсыра алмаудың теріс салдарлары жойылуға тиіс.

Жетістікке шын мәнінде қол жеткізуге болатынына Дэйвтің көзін жеткізу үшін мүмкін «жетістік» ұғымының түсінігін өзгерту қажет шығар. Егер жетістік нәтижелерге ғана негізделетін болса, Дэйв ешқашан жетістікке жетпес. Емтихандағы «жетістік» түсінігі қайта қаралып, «өз білімін жақсарту» ұғымымен немесе расында да орындауға болатын қандай да бір тапсырмаларды орындау тұрғысынан біріктірілуі керек. Табысты қол жеткізуге болатын мақсатқа айналдыру да тапсырмалардың күрделілік деңгейін қайта қарауды талап етуі мүмкін. Алдын ала қабылданған шаралар мен соның нәтижесінде алынатын жетістік арасындағы өзара байланысты түсіндіру арқылы, сондай-ақ жай ғана оқуға күш сала отырып, нақты мақсаттарға қол жеткізген басқа оқушыларды мысалға келтіру арқылы Дэйвтің өзінің табысқа қол жеткізуге қабілетті екендігіне сенімін күшейтуге болар еді.

Дэйвтің оны алда жеңіліс күтіп тұр деген уайымын азайту үшін, егер оқушы бұл ретте білім алуға тырысып күш салатынын көрсететін болса, мұғалім Дэйвтің нашар үлгеріміне шыдамдылықпен қарауға тиіс. Мұғалім оны бүкіл оқушылар қателік жасайтынына сендіруге тиіс және әрекет етуді жалғастыруға шақырады (мысалы, оған оның бағаларының жақсаруы әбден мүмкін екенін айта алады). Егер Дэйв барлығының көзінше дұрыс жауап бермесе (мысалы, топта немесе сыныптағы пікірталаста), мұғалім оның жауабынан құнды бірдемені табуға және Дэйв өзінің тапсырманы түсінудің қандай да бір тиянақты деңгейіне қол жеткізуге қабілетті екенін өзіне және сыныпқа көрсеткенше, оны әңгімеге тартып, сыныптағы пікірталастарға қатыстыруды жалғастыруға тиіс. Оған сондай-ақ жақсы баға алуға бірнеше мүмкіндік берілуі мүмкін. Егер Дэйв тестідегі тапсырмалардың көбіне жауап бермейтін болса, оған сыныпта «алдын ала» баға алу мүмкіндігі берілуі мүмкін және оқушының бағалары өзін де, мұғалімді де қанағаттандырғанша дайындалып, тестіні қайта тапсыру мүмкіндігін ұсынуға болады.

Осындай амал-тәсілдердің арқасында Дэйвке емтиханнан «құлап қалмаудың» жолдарын іздестіру қажет болмайды. Шын мәнінде, бұл тәсілдер белгілі бір деңгейде «емтиханнан құлау» деген сөзді мүлде жойып, оны «сәтсіздік» сөзіне ұқсас бірдемеге ауыстыруға көмектеседі.

## **ТРЕНЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ: РИЗА БОЛҒАН СЭМ**

### **Неліктен Сэм өзін осылай ұстайды?**

Жалпы барлық қарым-қатынаста риза болған Сэм Саллиға қарама-қарсы болып табылады. Ол зияткерлік тапсырмаларды шешуге бар ынтасымен ұмтылады және өзінің дағдыларын сүйсіне дамытады. Проблема оның тапсырманы таңдауында және өзі дамытатын дағдылардың мектептің білім беру бағдарламасымен сирек сәйкес келетіндігінде. Шынында, оның барлық зияткерлік қызметі (мысалы, компьютер немесе ғылыми жобалар) сыныптан тыс жүреді.

Сэм проблемадан аулақ жүріп, лайықты бағаның ең төменін алуға, әрі мектеп пәндерінен үздік болып көрінбеуге тырысады.

Сэмнің көптеген зияткерлік жетістіктеріне қарамастан, ақылды ересектердің пікірі бойынша, ол біздің қоғамда білу маңызды болып табылатын материалдарды меңгермеген. Сэмнің мұғалімдерінің алдында күрделі міндет тұр. Олар Сэмнің зияткерлік тапсырмаларға қатысты оның әуестігін және құлшынысын төмендетпей, мектептің білім беру бағдарламасына назар аударуына қол жеткізуі қажет.

### **Мұғалім көмектесу үшін не істей алады?**

Алғашқы қадам – Сэмнің өзінің зияткерлік қызығушылықтары туралы кейбір мәлімет алу қажет. Екінші қадам осы қызығушылықтарды пайдалануға ұмтылу және оны мектептің бақылау тапсырмаларына енгізу болып табылады. Сэмнің мұғалімдері оны мектептің барлық бағдарламаларына толық қызықтырудың креативті жолдарын таба алады деп күту дұрыс емес, бірақ аздаған талпыныстар Сэмнің іс жүзінде мектептің білім беру бағдарламасын игеру маңызды екендігіне көзін жеткізуге көмектесуі мүмкін.

Жалпы, Сэм сияқты оқушыларға қатысты ескерілуі қажет екі қағидат бар. Біріншіден, мұғалімдер осындай оқушыларға қаншалықты мүмкін болса, соншалықты таңдау жасауға мүмкіндік беруге тиіс. Оқушылардың ерекше тапсырмаларды таңдауда қаншалықты мүмкіндік берілсе, олардың өздерін қызықтыратын бірдемені табу ықтималдығы соншалықты арта түседі.

Екіншіден, «мектеп білімін» көрсету үшін күш салу қажет. Егер оқушылар шығарма жазу дағдыларын зерделейтін болса, неліктен оларға жеке журналдар, Президентке хат немесе мектептің ақпараттық бюллетеніне әңгіме жазбасқа? Оның төмен баға алатыны туралы жиі ескертуден гөрі, осындай ашық, бірақ қызықпайтын оқушының, мысалы, Сэм сияқтылардың, ынтасын тартуға арналған осы сияқты тәсілдерді қолдану барынша тиімді болады.

## **ТРЕНЕРДІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ: ДӘРМЕНСІЗ ХАННА**

### **Неліктен Ханна өзін осылай ұстайды?**

Бұл тапсырма Дэйвпен болған жағдай сияқты, оқушының білім алуға жұмсайтын күшін арттыру жөніндегі тапсырма емес, бұл жерде айтарлықтай күрделі тапсырма болып табылатын, ынталандыру мәселесінің шешімін табу қажет. Дэйв қабілетті болып көрінуге тырысудан толық бас тартпаған болса, Ханна өзінің қабілетінің төмендігіне нық сенімді және ол сәтсіздікке ұшыраудан қашып құтыла алмайды. Ол өзінің жеңілгенін мойындап отыр.

Ханна сияқты көптеген балалар оқуда сыныптағы өз жолдастарынан айтарлықтай артта қалған және көп жағдайларда олар өздерінің қауымынан тыс қалады. Кейбір оқушылар осындай жағдайда болғанымен, әдеттегідей оқуын жалғастыра беруі мүмкін, дегенмен олар одан да жақсы жұмыс істей алар еді; ал өздерінің жеңілгенін толық мойындаған Ханна сияқты оқушылар сыныпта үнемі нашар жұмыс істейді.

### **Мұғалім Ханнаға көмектесу үшін не істей алады?**

Ханнамен жеке жұмыс істеу керек, ал оқушылар саны жиырма бестен отыз беске дейін жететін сыныпта бұл оңай шаруа емес. Оқытудағы шығармашылық тәсілдер осындай оқушыларға көмектесе алады.

Тапсырмалар Ханнаның деңгейі үшін сәйкес келетіндей болып, мұқият әзірленуге тиіс. Ханнаның өзіне деген сенімін қайтаруға тиіс болғандықтан, бастапқыда өте қарапайым материал алуға болады, оны орындағанда Ханнаның өзінің тапсырманы жақсы орындай алатындығына сенімі арта түседі. Тапсырманы біртіндеп қиындату керек, себебі кезекті сәтсіздіктен Ханнаның беті тез қайтып қалуы мүмкін.

Осы сияқты оқушылармен күнделікті 1 немесе 2 жеке сабақ өткізуге болады, бұл жағдайдағы қолдан келетіннің барлығы осы екені шындық. Демек, Ханнаның мұғалімі де сыныптағы сабақ кезінде Ханнаны тарту тәсілдерін ойлап табуға тиіс, ал бұл әрекет мұғалімнен бұдан да көп күш жұмсауды қажет етеді. Оған сондай-ақ оқушының әлеуметтік беделін көтеріп, оның тапсырмаларды орындай алатындығына сенімін арттыру үшін, мұғалім оған қандай да бір жауапты тапсырма жүктей алады. Коэн және Лотан әзірлеген стратегияға сәйкес, оқушының әйтеуір бір жағынан жақсы екенін табып, осыны көпшілікке көрсету керек, сондай-ақ бұндай оқушының мәртебесін көтеру үшін оны Ханнаның өз көзінше, сондай-ақ оның сыныптастарының көзінше бір саладағы сарапшының орнына қойып көру қажет, бұл әсіресе пайдалы болуы мүмкін.

Алайда, егер Ханна өз оқуындағы шынайы жақсаруларды көрмейтін болса, мұндай тәсіл тиімсіз болады. Ханна сияқты оқушыға көмектесудің озық тәсілі оның өз деңгейін жақсартуға үйренуін және басқа оқушылар сияқты, өз қабілеттерін ынталандыруға мүмкіндік беруді қамтамасыз ету болып табылады.

**Мектепте жастардан кеңес алу**

**Джин Раддок және Джулия Флаттер**  
**Хомертон колледжі**  
**Кембридж**

**Оқушылардан кеңес алу пайдасы туралы дәлел және басқа мәселелер**

Соңғы 20 жылда жас буынның өзгергеніне қарағанда, мектептердің өзгергені шамалы және көптеген жастар мектептен тыс және мектеп ішіндегі өмірде күрделі байланыс пен міндеттемелерді сәйкестікке келтіру үшін күреседі: мектепте көптеген жастар оларға әлі де «бала ретінде» қарайтынын айтады және олар күннен күнге шеттетілуде. Оның үстіне, кейбіреулерінің бойында ерте жастан-ақ мұғалімдер оларды оқушы ретінде теріс қабылдайды деген сезім қалыптасады және жүйе оларды теріс қақпайлайтынын сезеді. Бір оқушы: «Мектеп – жақсы жер, бірақ мен оған жоламаймын» деген екен.

Жастардан кеңес алу екі жағдайды шешу әдістерінің бірі болып табылады. Кеңес алу балаларға оларды жеке тұлға ретінде де және мектепке қарайтын мектеп мүшесі ретінде де құрметтейтінін сезінуге көмектеседі. Тұйық балаларды мектеп өміріне араласуға тарту арқылы олардың белсенділігін арттыруға болады. Оқушылардан кеңес алатын мектептер, оқушылар арасындағы айырмашылық қабылданатын, оқытуды күрес деп санайтын оқушылар үшін өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілетін орынға айналған жағдайда инклюзивтік білім беру дәстүрі қолданылатын орын бола алады.

Бірақ кеңес шынайы болуға тиіс және оқушылардың айтқандарының барлығы мұқият қаралатындығына және олар айтқан сын немесе кеңес нәтижесінде қабылданған кез келген шешімдер бойынша түсініктеме алу арқылы мұғалімдердің шынымен қызығушылық туғызатынына сенімді болуға тиіс.

Біз ұстаз өз тәжірибесін жақсарту үшін оқушылардан пән бойынша оқыту тәжірибесі туралы сұрау алатын зерттеу мен мектептегі кеңінен таралған саясат мәселелері туралы кеңес алу арасындағы айырмашылықты талқылаймыз. Оқушылармен жүргізілген зерттеу түрінің екеуінің де мақсаты мен нәтижелерін талқылау орынды деп ойлаймыз.

Дәстүрлі түрде мектептер оқушылардан (әдетте мектеп кеңесі арқылы) алдын ала болжамданған тақырыптар туралы (бірыңғай киім, мектеп мәзірі және шкафтар) кеңес алады. Алайда, соңғы бірнеше жылда тақырып ауқымы мен мәнері кеңейтілді.

Оқушылардан кеңес алуды қолдау түрлі деректерден шығады: мектептердегі азаматтық бойынша бертінгі жұмыстардан; Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқығы туралы конвенцияларынан (1989; атап айтқанда, 12-бап) және ортақ логикалық негіз ұсынатын мектеп жүйесін жақсарту бойынша қозғалыстан: егер біз оқушылардың жетістіктері мен оқуға берілгендігін жақсартқымыз келсе, онда біз бағдарламаны, ішінара, олар бізге оқыту және оқу туралы не айтатындығына сүйене отырып өзгертуге тиіспіз.

Мектептің оқушылардан кеңес алуы жаңа тәсіл болып табылатын мектептерде мұғалімдер мына мәселелерге алаңдауы мүмкін:

**Биліктің дәстүрлі қатынасын ауыстыру үшін олар оқушылармен қалай сөйлесулері керек және оқушылар өзінің шынайы көзқарастарын, не болмаса «мұғалім пайдасына» деген көзқарастарын білдіріп тұрғанын қалай түсінуге болады?**

Оқушылардан кеңес алу идеясы бойынша алаңдаушылық білдіретін кейбір мұғалімдер, өз тәжірибелеріне сүйене отырып, оқушылар мектепте оқыту мен оқу туралы



тыңдауға болатындай маңызды не айтушы еді дейді. Осындай пікірді қолдайтын мектептерде, шынайы кеңес алуға қол жеткізу қиын. Бірақ оңай шешілетін басқа алаңдаушылық бар. Мысалы, ұстаздар оқушылардан кеңес алуға уақыты аз екендігін сезінуі мүмкін; олар кеңес алу үдерісіне және жауаптарды жазу және талдауға сенімсіз болуы мүмкін. Бұл жерде осы мәселені өнімді кеңес алған басқалармен талқылаған пайдалы.

### **Проблемалар мен тәсілдерді жалпы шолу**

#### **Жастарды ынтымақтастыққа тарту және кеңес алудың пайдасына айтылған**

##### **дәлел**

Олардың кемелденуі және оларға үлкендерге сияқты қарасын деген тілегі.

Мектепте сені жеке тұлға ретінде де және топ ретінде де, «құрметтейтінін» және тыңдайтынын сезіну маңыздылығы.

Әсіресе өздерін елемейді деп ойлайтын жастар үшін кеңес алу басқалардың оларды қажетсінетінін және ішке тартатынын сезінуге мүмкіндік береді.

##### **Кеңес алуды анықтайтын қағидаттар төмендегілерге негізделеді:**

- жастарды тыңдау ниеті шынайы болып табылады.
- тақырып соны, жаңа болып табылады.
- кеңес алу мақсаты жастарға түсіндіріледі.
- жастар өздері айтқан деректермен не болатынын біледі және өзінің пікірін, сезімін немесе тәжірибесін шынайы айтқаннан оларға зиян келмейтініне сенімді.
- кеңес алынған адамға пікір, кері байланыс ұсынылады.
- жастарда өзіндік пікір-көзқарастардың қалыптасуына, сондай-ақ олардың бірнәрсеге алаңдауын тудыруға ықпал ету мақсатында қабылданған іс-шаралар түсіндіріледі және қажет болған жағдайда негізделеді.

### **Оқушылардан кеңес алынатын тақырыптар**

Біз жұмыс істеген мектептер оқушылардан мынадай мәселелер бойынша кеңес алған:

#### ***Сыныптағы оқу аспектілері, мысалы:***

Оларға сыныпта оқуға не кедергі жасайды және оқуға не көмектеседі?

Жақсы мұғалімнің сипаттамасы қандай?

Сабақтың жақсы болуына не ықпал етеді?

Оқушылар кері байланысты қалай қабылдап, өздерінің жұмысын жақсарту үшін оны қалай қолданады?

Сыныпта олар кіммен жақсы жұмыс істейді?

Олар ынтымақтастық жұмыс істеудің не екенін және түрлі пәндер бойынша ынтымақтастық қалай жұмыс істеуді біле ме?

Неліктен ер балалар қыз балаларға қарағанда кейбір пәндер бойынша, мысалы ағылшын тілінен тапсырманы жақсы, тез орындайды?

#### ***Мектеп саясаты мен құрылымы, мысалы:***

Оқушылар бағалау және марапаттау жүйесі туралы не ойлайды және оны қалай жақсартуға болады?

Оқушылар мектеп ережелері мен санкциялары туралы не ойлайды, оларды түрлендіру үшін қандай да болмасын негіз бар ма?

Оқушылар басқалардан қалып қоймай, олармен қатар болу қиын деп санайтын оқушыға көмектесу үшін мектеп не істей алады?

Оқушылар көп ақпарат алуды қалайтын немесе мұғаліммен, не болмаса үлкен оқушылармен талқылауға көбірек мүмкіндік алғысы келетін мектеп аспектілері.

Оқушылар бір деңгейден екіншісіне өту кезеңін қалай көреді (үлгерімнің төмендеуі мүмкін деп белгіленген жылдар)

#### ***Мұғалімдермен, оқушылармен және қоғаммен қарым-қатынас:***

Қандай жағдайда мұғалімнің алдындағы үрей ұлғаяды, ол қандай дәрежеге дейін жетеді және осы қорқынышты басу үшін не істеуге болады?

Ата-аналардың мектепке келуіне түрткі болатын арнайы шаралар туралы идеялар.

Мектеп пен қоғам арасындағы байланысты күшейтетін арнайы шаралар мен қызмет түрлері туралы идеялар.

Мұғалімдермен және/немесе жоғары сынып оқушыларымен оқу туралы диалог жүргізуге мүмкіндік бар ма?

### **Оқушылардан кеңес алу жиілігі**

*Жүйелі түрде:*

Сынып деңгейінде, мысалы жұмыс блогының соңында;

Жүйелі түрде мектеп кеңесінің жиналысын өткізу арқылы мектеп деңгейінде;

Әр сыныппен жылына бір рет, сынып жетекшісі өткізеді.

*Кезең-кезеңмен:*

Бірыңғай референдум арқылы, мысалы, бірыңғай оқушы киімі туралы

Белгілі жағдайларға байланысты, мысалы, мектеп бітіруші сыныптар үшін ата-аналар кешін жоспарлау немесе архитектормен ойын алаңшасын жақсарту жұмысын жоспарлау.

### **Кеңес алу әдістері**

Бұл әдіс *зерттеу ауқымына* (жалпы мектептік немесе белгілі бір сынып аясында), *оқыту кезеңіне*, *оқушылардың жас мөлшеріне* немесе басқа санаттарға қарай әртүрлі болып келеді.

*Кеңес алуды жүргізетін адамдар:*

Мұғалімдер;

Мектеппен жұмыс істейтін зерттеушілер немесе жергілікті сарапшылар;

Кейбір жағдайларда және кейбір тақырыптар бойынша оны өздеріне зерттеуші рөлін алған және басқа оқушыларға ауызша кеңес беретін оқушылар өткізуі мүмкін.

*Дерек жинау тәсілдері:*

- сауалнама және қысқа жауап;

- күнделіктегі немесе өз бетінше білім алуға арналған журналдардағы жазбалар;

- фокус-топта талқылау;

- жеке және шағын топта сұхбаттасу.

### **Деректерді жазу**

Біз өз тәжірибемізден көріп отырғанымыздай, ең пайдалы деректерді сауалнама барысында белгілі бір сұрақ бойынша дәйекті пікір арқылы алуға болады. Мұғалімдер үшін аса құнды болып табылатын, пайдалы, бай мәлімет алуға мүмкіндік беретін деректі топтағы сұхбаттан немесе мұқият ұйымдастырылған талқылаудан алуға да болар, бұл үшін сұхбат немесе талқылау қағазға немесе магнитофонға жазылып алынса, тіпті жақсы болады.

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДАН КЕҢЕС АЛУ

Жастардың өз пікірін айтуға құқығы бар және олардың мектеп тәжірибесі туралы айтарлары бар екендігін әлем мойындаған. Әлемдегі саясаткерлер жастардың бүгінгі және ертеңгі өмірге қосар үлесі туралы әртүрлі және «жүрдім-бардым» ойлайды. Балалар құқығы жөніндегі БҰҰ конвенциясы (1989) төрт қағидаттың бірі ретінде баланың өз пікірін білдіру құқығын қосты. Бұл «Азаматтық» пәні бойынша оқу жоспарының және «өмір бойы білім алу» қағидатының ажырамас бөлігі ретінде қаралады. Қалай тыңдау және білім беру, сондай-ақ қалай оқыту бұл мұғалімдердің, мектептердің және бірлестіктердің міндеттері.



*1-сурет. Оқыту және оқу мәселелері бойынша оқушылардан кеңес алу себептері*

### Оқушылардан кеңес алу мақсатында «күш өрісі» талдауын жүргізу «Күш өрісін» талдау дегеніміз не?

«Күш өрісін» талдау (Курт Левин) – сараптамалық ойлауға сүйенетін шешім қабылдау техникасы, оның нәтижелері әдетте графикалық түрде беріледі. Бұл техника проблемаға әсер ететін барлық оң және кері күштерді анықтауға мүмкіндік береді.

«Күш өрісін» талдау – мәселелерді шешудің белгілі бір тәсілінің «жақсы» және «жаман» жақтарын бағалауға арналған өте пайдалы техника. Шын мәнінде бұл «жақсы» және «жаман» жақтарын анықтаудың мамандандырылған әдісі.

Осындай талдау жүргізе отырып, Сіз өз шешіміңізді «қолдайтын» айғақтарды нығайту шараларын жоспарлап, немесе оған «қарсы шыққан» айғақтардың ықпалын қалай азайтуға болатынын ойластыра аласыз.

*Талдау жүргізу үшін келесі беттегі кестені пайдаланыңыз және мынадай үш қадам жасаңыз:*



## ОҚУШЫЛАРДАН КЕҢЕС АЛУДЫҢ ҰЛТТЫҚ МӘНМӘТІНІ

### Мектеп мәнмәтіні

Соңғы 20 жылда жас буынның өзгергеніне қарағанда, мектептердің өзгергені шамалы және көптеген жастар мектептен тыс және мектеп ішіндегі өмірде күрделі байланыс пен міндеттемелерді сәйкестікке келтіру үшін күреседі: мектепте көптеген жастар оларға әлі де «бала ретінде» қарайтынын айтады және олар күннен күнге шеттетілуде. Оның үстіне, кейбіреулерінің бойында ерте жастан-ақ мұғалімдер оларды оқушы ретінде теріс қабылдайды деген сезім қалыптасады және жүйе оларды теріс қақпайлайтынын сезеді. Бір оқушы: «Мектеп – жақсы жер, бірақ мен оған жоламаймын» деген екен.

Жастардан кеңес алу екі жағдайды шешу әдістерінің бірі болып табылады. Кеңес алу балаларға оларды жеке тұлға ретінде де және мектепке қарайтын мектеп мүшесі ретінде де құрметтейтінін сезінуге көмектеседі. Тұйық балаларды мектеп өміріне араласуға тарту арқылы олардың белсенділігін арттыруға болады. Оқушылардан кеңес алатын мектептер, оқушылар арасындағы айырмашылық қабылданатын, оқытуды күрес деп санайтын оқушылар үшін өз пікірін білдіруге мүмкіндік берілетін орынға айналған жағдайда инклюзивтік білім беру дәстүрі қолданылатын орын бола алады.

Біз ұстаз өз тәжірибесін жақсарту үшін оқушылардан пән бойынша оқыту тәжірибесі туралы сұрау алатын зерттеу мен мектептегі кеңінен таралған саясат мәселелері туралы кеңес алу арасындағы айырмашылықты талқылаймыз. Оқушылармен жүргізілген зерттеу түрінің екеуінің де мақсаты мен нәтижелерін талқылау орынды деп ойлаймыз.

Егер біз оқушылардың оқу үлгерімін жақсартқымыз келсе, оқушылар оқыту мен оқу туралы айтқандарына сүйеніп өз бағдарламамызды кем дегенде ішінара өзгертуіміз қажет. Бірақ кеңес шынайы болуға тиіс және оқушылардың айтқандарының барлығы мұқият қаралатындығына және олар айтқан сын немесе кеңес нәтижесінде қабылданған кез келген шешімдер бойынша түсініктеме алу арқылы мұғалімдердің шынымен қызығушылық туғызатынына сенімді болуға тиіс.

Оқушылар бірдене түсінді ме, тапсырманы орындады ма және тағы қосымша тапсырма алғысы келе ме екенін, т.б. тексеріп, белгілі бір кезеңдерде мұғалімдер оқушылардан кеңес алып отырады. Алайда біз бұл жерде бірізділік туралы айтып отырмыз. Соңғы бірнеше жыл ішінде кеңес алу мәнері мен тақырып ауқымы ұлғайды. Мұғалімдер:

- Бір немесе барлық жастағы оқушылардың пікірі жинақталатын жаппай «референдум» өткізуді;
- Сабақта бағалау пікірінің стандартты моделін құруды;
- Бірнеше тікелей талқылаулар мен шағын топтағы талқылаулар арқылы белгілі бір ішкі топ оқушыларының мүшесі (енжар оқушылар, үлгерімі жақсы оқушылар, мәселен, ұлдар, қыздар) оқыту туралы не ойлайтынын түсінуді;
- Сыныпта немесе мектепте жаңа бастаманы құру жөніндегі нұсқаулық құруды қалауы мүмкін.

Алайда бұндай кеңес алу мектеп үшін жаңа тәсіл болып табылатын жерде әдеттегіден басқа тәсілдермен балалармен сөйлесу мәселесі мұғалімдерде алаңдаушылық тудыруы мүмкін. Өз жұмысын ашық әрі сындарлы қарастыра алатын сенім атмосферасын құру үшін мұғалімдерге де, оқушыларға да уақыт қажет болады.

### 2. Оқушылардан кеңес алудың артықшылығы

Оқушылардан кеңес алудың ықпалы қандай? Сенімді дәлел табу оңай емес: оқушыларға шын мәнінде көптеген нәрселер әсер етеді, соның қайсысы тиімді болып жатқанына сенімді болу қиын. Соған қарамастан, әсерді талдаудың бірнеше тәсілін ұсынамыз. Олардың бәрі оқушылар мен мұғалімдердің жеке дәлелімен толықтырылуы мүмкін.

Бұнын дәлелін біз:

- Кеңес алу жүргізілген пән бойынша оқушылардың сабақ үлгерімі артатынынан;



- Кеңес алуға қатысқан оқушылардың белгілі бір тобының сабақ үлгерімі артатынынан;
- Сабақ үлгерімі шегінен шығатын жетістіктерге қол жеткізетінінен;
- Оқушылардың оқуға немесе мектепке деген қарым-қатынасы өзгеретінінен *көре аламыз*.

Немесе:

- Оқу туралы оқушылардың өте сындарлы және ойластырылған пікірі;
- Оқушылар өз оқуын бағалай бастауы *сияқты дәлелдерді таба аламыз*.  
Бұндай тәсілдер қандай ілгерілеушілікке қол жеткенін көру үшін кеңес алу басталмай тұрып, айқын бастапқы деректердің болуын талап етеді.  
Егер кеңес алу ұзақ уақытқа созылса, мұғалімдер мен мектепке әсер ету нәтижелері мынадай болар еді:
- Мұғалімдердің оқушылардан қашан және қалай тиімді кеңес алу туралы түсінігінің артуы;
- Күнделікті сынып тәжірибесінде кеңес алу тәсілдерін пайдалану;
- Мектептің кеңес алуды және оның нәтижелерін ашық әрі сындарлы пайдалану мүмкіндіктерін тұрақты дамытуды ұстануы.

### **Оқушылардың ойынша олар кеңес алудың нәтижесінде не алады**

Бұл жерде оқушылар кеңес алудың артықшылығы деп санайтын құбылыстың кейбір ортақ белгілері берілген. Оған мыналар енеді:

- Сені құрметтейтінін, тыңдайтынын және пікіріңді шындап қабылдайтынын сезіну;
- Сенің көзқарасың мектеп пен сыныпта жұмыстар қалайша орындалатынына әсер ететінін білу;
- Оқыту және оқу қарқыны мен мәнерін бақылай алатыныңды сезіну;
- Өз оқуың туралы айта алатыныңды және оны жақсартуға өте сенімді екеніңді сезіну;
- Оқуға және мектепке үлкен сеніммен қарау, себебі оның мақсатымен өзіңнің байланысыңды сезесің.

Кеңес алуға қатысты оқушылардың айтатын кейбір теріс пікірлері әдетте мына мәселелерді қамтиды:

- Пікірлер мен толықтырулар болған жоқ;
- Мұғалімдер маңызды шешімдерді өздері қабылдады;
- Мұғалімдерді оқушылар не айтатыны мүлдем қызықтырмайды.

### **Мұғалімдер кеңес алудың артықшылығы туралы**

Мұғалімдердің кеңес алудың оң нәтижелері туралы пікірлері оқушылардікіне ұқсас.

Мәселен:

- Оқушылар оқуды талқылауға аса қабілетті және өзінің оқудағы қажеттіліктерін жақсы біледі;
- Егер өзіне бірдеңе түсініксіз болса, оқушылар мұғалімге еркін сұрақ қояды;
- Оқушылар қандай да бір тапсырманың мақсатын жақсы түсінеді және жауапкершілікті қатты сезінеді;
- Оқушылар сабаққа қатысуға және тізгінді өз қолына алуға мейлінше жақсы дайындалған.

Мынау мұғалімдердің сөзбе-сөз келтірілген пікірлері:

*Біз көп дүниені білдік... оқушылар өз оқуында қалай жылдам жетілетінін, педагогтермен диалог арқылы, өзінің маңыздылығын сезіну, өзі туралы қамқорлық сезімі мен қаншалықты мәнге ие екенін сезінуі арқылы ынтасы артып, өзін құрметтейтінін білдік. Бұл өте зор әсер берді деп сенемін (орта мектеп мұғалімі).*

*Балаларға оқу қалай ұнайтыны туралы оқушылардан біле алдық және оқытудың түрлі тәсілін қолдануға белгілі бір түрткі болды деп ойлаймын. Кей идеяны өзгерттік немесе одан әрі дамыттық, оған мықты уәжіміз болды (орта мектеп мұғалімі).*

*Оқушылармен талқылау кезінде олардың тапсырған жұмыс туралы мұғалімдер не ойлайтынын талқылауға жиі тырысатынын байқадым. Олар жалпы «Бұндай бағалаумен келіспеймін» дейді, себебі өлшемдердің қандай екенін біледі. Олар теріс пікірге қарсы шыға алады және меніңше олар өздері тапсырған жұмыстың құндылығы туралы ашық диалог жүргізу қабілетіне ие болды (орта мектеп мұғалімі).*

*Оқушылардан олардың оқуы туралы кеңес алу өте маңызды деп ойлаймын... бұл өзінше білім беретін мәні бар, олар өз оқуы үшін жауапты болу қабілетін дамытады (орта мектеп мұғалімі).*

Сондай-ақ мұғалімдер оқыту мен оқудың қалыптасқан кейбір аспектілері туралы балалармен әңгімелесу нәтижесінде олардың қабылдау қабілетінің өзгергенін де айтады. Олар зерттеу мен талдау қабілеті туралы өз пікірін жақсы жаққа өзгерте алды:

*Балалар оқудың тек мұғалім беретін біліммен ғана шектелмейтінін ұқты (бастауыш мектеп мұғалімі).*

*Сіздің пікіріңізше, бұл жөнінде ешқашан тыңдағысы келмеген және сабақтың қалай өткенін көрген, және де «Иә, жақсы екен, дегенмен бұл менікі емес» дейтін педагогтер оқушылардың қалай реакция білдіргенін көріп және айтқан сөзін (сабақта олар: «Ал егер бұны сәл өзгеше жасасам, сіз қарсы болмайсыз ба?» дей алады) естіп, кенеттен «дегенмен олар не айтып отырғанын білетін шығар» деп ойлай бастайды. Бұл басқа да мұғалімдерді осы үдеріске тартады (орта мектеп мұғалімі).*

### **3. Оқушылардан не жайлы кеңес алу қажет**

#### **Жалпы мектеп мәселері**

Оқушылардан:

- Мектеп миссиясының тұжырымдамасын қайта қарау;
- Ғынталандыру жүйесін өзгерту;
- Мектеп ережесінің мазмұны мен оны сақтау жолдарын қайта қарау;
- Бұзықтықты азайту;
- Мектеп директорына қажетті қасиеттер;
- Мектеп киімі;
- Жас ерекшелігіне қарай оқытудағы сараланған тәсіл;
- Мектеп кеңесінің жұмысын жақсарту;
- Ресурс орталығын жақсарту тәсілдері сияқты жалпы мектеп мәселелері бойынша кеңес алынды.

#### **Жас шамалары әртүрлі топтарға байланысты сұрақтар**

Оқушыларға жас топтарына байланысты:

- Жас ерекшеліктері бар топқа арналған кіріспені жоспарлау;
- Ата-аналарды көбірек тарту тәсілдері;
- Ата-аналар кешін қалай жақсы ұйымдастыруға болатыны;
- Мұғалімдерге тән қасиеттер;
- Мұғалімдердің қандай пікірлері жұмысты жақсартуға көмектеседі;
- Оқушылар мақсат туралы не ойлайды;
- Жас тобының міндеттері мен ерекше міндеттілігі;
- Үй тапсырмасын немесе зерттеуді орындау кезіндегі ұйымдастырудың үздік тәсілдері сияқты сұрақтар бойынша кеңес алынды.

#### **Сыныпта оқыту**

Оқушылардан:

- Оқуға көмек беретін заттар;
- Оқуға кедергі келтіретін заттар;
- Сыныптағы шудан қалай құтылуға болады;
- Сабақта ненің көбірек немесе азырақ болғанын қалайды;
- Оқушыларды орналастыру;
- Оқушыларды топтастырудың әртүрлі тәсілдері;

- Оқуда құрбыларын қолдау;
- Сабақты бастау мен аяқтаудың ең жақсы тәсілі;
- Сабақты түсінбесе немесе өткізіп алса сыныптастарын «қуып жету» тәсілі сияқты сыныптағы оқыту проблемалары бойынша кеңес алынды.

Кейде оқушылардан мектеп басшылығы үшін, директор үшін, жоғары басшылық тобы үшін немесе педагогикалық кеңес үшін кеңес алу нәтижелерін ұсыну үшін өз көзқарасын қорытындылау сұралады.

#### **4. Практикалық нұсқаулық**

##### **Қарым-қатынас**

Ынталандыру мен сенім ашық әрі мақсатқа бағытталған кеңес алу үшін негізгі, басты шарт болып табылады. Мұғалімдер мен оқушылар сұрақтарға мүдделі болып, бір-бірінің қарым-қатынастарына сенімділікті сезінуге тиіс. Мұғалімнің бірі: «Бұл педагог пен оқушылар арасында өзара сыйластық болған кезде, оқушылар біздің оларды тыңдауға құлықты екенімізді білгенде және оларға сөзсіз құрметпен қараған кезімізде жұмыс істейді» деді.

##### **Кеңес беруді жоспарлау**

Бұл әдіс *зерттеу ауқымына* (жалпы мектептік немесе белгілі бір сынып аясында), *оқыту кезеңіне*, *оқушылардың жас мөлшеріне* немесе басқа санаттарға қарай әртүрлі болып келеді. Кеңес алуды мектепте жұмыс істейтін мұғалімдер, ғалымдар немесе сарапшылар сол жерде жүзеге асырады; кей жағдайда белгілі бір тақырып бойынша оны зерттеу қызметін жүзеге асыратын және басқа оқушыларға ресми кеңес беретін оқушылар жүргізе алады («Оқушылар зерттеуші ретінде: Әлемді түрлендіру» деген осы сериядағы екінші ресурсты қара).

Егер қолданылатын тәсіл сыныптағы немесе жас тобындағы кей оқушылар ғана кеңес алуға қатысуын талап етсе, бұндай жағдайда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлінуге тиіс:

- таңдау өзекті болып табылады;
- тек аса тиімді, қабілетті немесе тәртіпті оқушылар ғана таңдалмайды;
- оқуға ынтасы төмен оқушылардың көзқарасы да есепке алынады;
- аз топтың көзқарасы да ұсынылатынына кепілдік берілуі керек.

##### **Кеңес беру жиілігі**

- **Тұрақты негізде**
  - сынып деңгейінде (мәселен, жұмыс блогы соңында);
  - мектеп деңгейінде (мектеп кеңесінің тұрақты жиналысы арқылы);
  - тоқсан ішінде немесе жылына бір рет әр сыныппен кеңесу арқылы (мәселен, директор немесе сынып жетекшісі өткізеді).
- **Мезгіл-мезгіл**
  - бір рет өткізілетін референдум арқылы (мәселен, мектеп киімі туралы);
  - кезең-кезеңмен қайталанатын шараларға қатысты (мәселен, мектеп бітіретін сынып үшін ата-аналар кешін жоспарлау);
  - ерекше бастамаларға жауап ретінде (мәселен, ойын алаңын жақсарту үшін сәулетшімен жұмыс істеу).

##### **Кеңес алу кезінде ұстанатын негізгі қағидаттар:**

- жастарды тыңдау ниеті шынайы болып табылады;
- тақырып соны, жаңа болып табылады;
- кеңес алу мақсаты жастарға түсіндіріледі;
- жастар өздері айтқан деректермен не болатынын және өзінің пікірін, сезімін немесе тәжірибесін шынайы айтқаннан оларға зиян келмейтініне сенімді;
- өз пікірін білдірген оқушыға кері байланыс ұсынылады;

- жастарда өзіндік пікір-көзқарастардың қалыптасуына, сондай-ақ олардың бірнәрсеге алаңдауын тудыруға ықпал ету мақсатында қабылданған іс-шаралар түсіндіріледі және қажет болған жағдайда негізделеді.

Кеңес алуды бағыттауға көмектесетін кейбір тәжірибелік, әдіснамалық және этикалық қағидаттар 1-қосымшада (45-бет) қысқаша баяндалған.

Онда мектеп пайдаланған тәсілдің екі үлгісі ұсынылып отыр: екі өлшемді сауалнама және қосарланған тексеру парағы.


### 1-үлгі

Сауалнаманы (оқушылар мұғалім не істегенін және олар үшін не маңызды болғанын салыстырған) 6 сыныптың барлық оқушылары толтырды. Оқушылар қысқаша мәлімдемелерді талқылады. Қызу талқылау тудырған тармақтардың бірі: «Мен тапсырманы дұрыс орындаған кезде мұғалімдер мені мақтайды» деген тармақ болды. Оны бір оқушыдан басқа барлық оқушылар олар үшін өте маңызды және олардың мұғаліміне қатысты дұрыс айтылған деп бағалады.

Тек бір оқушы қарсы пікір білдіргенін шын жүректен мойындап, былай деді: «Маған мақтау қажет емес. Егер мен жұмыспен қанағаттанған болсам, мен үшін сол ғана маңызды. Оған қарамастан, мен өзгелерді мақтаймын. Себебі әдетте олардың жұмысы менің жұмысымнан жақсы болып жатады, үнемі емес әрине. Бірақ шын мәнінде солай болған кезде, мақтауды аямаймын». Оның түсініктемесі мақтау, оның әсері, мақтаудың түрлері: «арзан» мақтау мен балалар шынайы бағалайтын мақтау туралы ұзақ талқылау тудырды. Талқылау мақтауды әр адам түрліше қарайтынын бірінші орынға шығарды. Талқылауға қатысқан мектеп директоры үшін бұл құнды ақпарат болды.

### 2-үлгі

Орта мектеп мұғалімі «Оқыту мен оқуда ненің ықпалы бар?» тақырыбына зерттеу жүргізгенде ұқсас тәсілді пайдаланды. Сауалнама екі пікірді білу мақсатында жүргізілді, біріншісі белгілі бір сынып тапсырмасының жиілігі туралы, екіншісі осы тапсырма оқуда қаншалықты жақсы көмектескені туралы (оқушылардың пікірі бойынша). Мұғалім мен оқушылар, төменде берілген диаграммада көрсетілгендей, нәтижеліліктің ол тапсырманы қолдану жиілігіне тәуелділігін көруге мүмкіндік алды:



## Әңгімеге негізделген тәсілдер

Әңгіме негізінде кеңес алудың кең тараған үш түрі:

- Әңгіме құру;
- Талқылау;
- Сұхбаттасу.

Әр тәсіл формалдылық дәрежесі бойынша ерекшеленетіндігіне қарамастан, үшеуі де оқу мен оқыту туралы рефлексивті диалогы ретінде сипатталып, мұғалімдер мен оқушылар арасында ашық әрі сенімді қарым-қатынас құруға және қолдауға көмектесе алады.

Әр тәсіл шеңберінде әдетте тікелей сұрақтарға берілетін жауаптар бірінен соң бірі жылдам келеді. Оқушылар өзіне онша сенімді болмаған жағдайда жауапты табуға «көмек сөз» (подсказка) көмек береді. Жақсы көмек сөз дегеніміз оқушылар үшін таныс және шынайы болып көрінетін сөздер, мәселен «оған түсінікті тілмен айтылған» оқыту туралы басқа балалардың пікірлері немесе басқа сыныпта болған олар үшін таныс және оқушы түсініктеме бергісі келетін жағдайдың фотосуреті. Оқушылар әңгіме жүргізгісі, талқылағысы немесе сауалнамаға қатысқысы келетін тақырыптардың әралуандығын ескеріп, біздің ойымызша, жақсы модельді көрсететін бірнеше үлгімен ғана шектелдік.

### Ойлауға арналған тіл

Кейде оқушыларға өз ойын зерттеу үшін сөздік қоры жетіспейтіні көрініп тұрады. Олар әдетте үдеріске қарағанда, мазмұнға қатысты айтқанда өздерін жайлы сезінеді, «оқу туралы» айтқанша, нені үйренгенін айтуға ынтық; сабаққа келу немесе жазу мәнерін немесе сауаттылықты жақсарту туралы айтқан ұнайды.

Алайда бір мектепте біздің тобымыздан біреу 6-сынып оқушыларынан нені оқығанын және нені түсінетініне сенімді екенін сипаттауды сұрады. Бір бала бізді таң қалдырып, өз еркімен орташа шама, медиан және сән туралы түсініктеме беруді ұсынды. Топтың қалған алты мүшесінің бәрі осы ұғымдардың мәні мен арасындағы айырмашылығын түсіндіре алды, бұл осы ұғымдарды қалай оқығаны, еске сақтап қалғанын және сыныптан тыс жағдайда қалай қолданғанын айтып талқылауға түрткі бола алды. Көпшілігі үдерісті сипаттау үшін сөздік қоры жетіспей, қиындық көрген жағдайда («осыны үйрендік»), топтардың біреуі оны есте сақтауға ойластырылған түсініктеме берді, осылайша өз құрбыларына метатанымдық келешекке жол ұсынды.

*Мен медиан туралы ойлаймын. Мен өз бетімше орташа деген не екеніндігі жайлы ойланамын. Орташа шама деген не? Мен медианды қайдан таба аласыз деп ойладым. Әншейін жүріп келе жатып, орташа арифметикалық мәнді кездестірдіңіз делік. Мектепте орташа адамды таба аламыз және мен орташа адам туралы және оның қандай болатынын ойлаймын, бұл Крис. Ал сән деген не? Сәнді бәрі жасай алады немесе көпшілігі жасайды. Бұл көп адамның жасайтыны. Осылайша орташа адам деу адамдардың бірдей не әртүрлі екенін сипаттаудың ең жақсы тәсілі емес. Себебі орташа адам туралы айтатын болсақ, біз ол адамдарға тән ерекшеліктердің барлығын қамтымаймыз. Бұл дегеніміз орташа шама.*

Осы қысқаша абзац адамдарды оқу туралы **әңгімеге** тартудың қаншалықты қызықты және болжап болмайтындығын көрсетеді.

Оқушылар сондай-ақ демалыс кезінде немесе кешке әртүрлі тапсырмаға қанша уақыт жұмсайтынын көрсету үшін диаграмма немесе шеңберлі диаграмма жасады. Тіпті ересектерден белгілі бір тақырып бойынша өз сезімін қысқаша баяндау тәсілі ретінде сурет салу сұралды. Мектеп көшбасшылығын зерттеумен айналысатын ғалымдар мектеп көшбасшыларына «*жұмыс орнындағы көшбасшылардың*» суретін салуға шақырды; бұл өте тиімді, сапалы жұмыс болып шықты. Себебі тіл кедергісін жоюға ғана көмектесіп қоймай, қарым-қатынасты, көшбасшылық тұжырымдамасы мен сенім жүйесін талқылау үшін негіз болды (МакБит және МакГлин қара, 2002, 123-бет).

## Фотосуреттер



Арзанқол, бір рет пайдаланылатын камералар оқушыларға олардың ойынша оқуын қолдайтын мектеп ортасы мен үй ортасының негізгі аспектілері бойынша көзқарасын білдірудің жеңіл жолын ұсынады. Фотосуреттің пайдасы бұнымен шектелмейді, олар сондай-ақ зерттеулер мен талқылау үшін көмекші бола алады.

Бір орта мектепте 7-сынып оқушылары оларға көмек беретін сыныпты ұйымдастыру тәсілдері мен тапсырманың фотосуретін жасады. Олар фотоаппаратты бірнеше күн өздерімен бірге сақтай алды, алайда біріншіден нені суретке түсіргісі келетінін ойлауға тиіс еді; одан соң өз сыныбында және камераға түсіргісі келген объектілерге кіруге рұқсат берілген басқа сыныптарда бақылады.

Фотосуреттер оқушылардың тәжірибелік тапсырмаға бағдарланған сабақты қалағанын (мәселен, дизайн және технология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, ғылым) және топпен жұмыс істеуден, сол сияқты оқудағы тәлімгерімен бір жұпта жұмыс істеуден рахат алғанын көрсетті. Фотосурет материалдарынан олар сабақта бос отырып, тек мұғалімнің айтқанын тыңдайтын сабақтарды онша ұнатпайтынын көруге болады.

### **Бұл жылдам қол жететін нәтиже емес!**

Кез келген мектепте Шратц (1999) «миссионерлер» деп атаған штаттағы ынталылар үнемі болады. Олар кейде орындалмайтын уәде береді, болмаса олардың пікірі оқушылардан кеңес алуды мектеп арқылы тікелей практикаға және ойлауға енгізу өте оңай деген сияқты жалған оптимизм тудыруы мүмкін. Ал төменде пікірі келтірілген мұғалім реалист екен:

*Менің ойымша, осы тәсілдерді білім беру бағдарламасына енгізу үшін (үлкен) мектепке ұзақ уақыт қажет болады... бұл бір түнде болатын емес, біртіндеп жүретін адымды үдеріс болмақ.*

Бұл әрине сіздің мектептегі бастамаңыздың жағдайына, оның ұжымдық немесе жеке шара екеніне байланысты. Кейде сыртқы жобамен байланыс немесе мектептер тобымен жұмыс кей іс-қимылды жүзеге асыруда жақсы көмек береді, себебі кейін сыртқы үмітті ақтау үшін уақыт пен басымдылық қайта топтастырылады.

Әріптестер мен басшыларға оқушылардың пікірі қаншалықты пайдалы екенін көрсете алу тәсілін табу әлем бойынша оқушылардан кеңес алуды ұлғайту жолына алғашқы қадам болуы мүмкін. Оның үстіне, мектеп күнінің, білім беру бағдарламасының, пәндердің, кестелердің, бір мұғалім мен екінші мұғалім арасын ажырату деңгейінің ерекшеліктеріне қатысты терең тамыр жайған құрылымдық факторларды ескермеуге болмайды. Бұл тек бір сыныптан келесіге көшкенде ғана емес, бір жылдан екіншісіне ауысқан кезде оқушылар тәжірибесінде тізбектіліктің болмауына алып келуі ықтимал. Бұл мектеп деңгейі мен мектептің көлеміне қатысты. Оқушылар олардан кеңес алу тәжірибесін бір сыныптан екіншісіне көшіретін тасымалдағыш бола алады, ал ашық мұғалімдер осы оқушылардан үйреніп, жаңа тәжірибені қабылдай алады. Екінші жағынан, егер оқушы өте талапшыл болса, бұл ұжым мүшелері тарапынан қарсылық тудыруы мүмкін.

Алайда қазірдің өзінде өзіне міндеттеме алып, оқытуды қолдау үшін жүйелі түрде оқушылардан кеңес алуды пайдаланатын мектептер бар. Олар бұл істің құны тұрады деп санайды. Сыныптағы тыйымдар алып тасталса, оқушылар сыныпта өз көзқарасын білдіріп, өзгелердің пікіріне құлақ асуға дайын. Олар сұрақтарға жауап беруге өз еркімен келісуі мүмкін. Тіпті өздеріне қауіп төндіруі мүмкін сұрақтарды қойып, қандай көмек қажет екенін мойындайды. Бастауыш мектептің директоры айтқандай: «Бұндай жағдайда оқушылардың сенімі жоғары, өзінің оқудағы қажеттіліктерін жақсы түсінеді әрі мойындайды және бірдеңені түсінбесе мұғалімнен сұрауға еш қымсынбайды».

Сөз соңында айтарым, кеңес алудың ұзақ мерзімді әсері мұғалімдер өздерінің күнделікті жұмысында бұл тәсілді қаншалықты пайдаланатындығына байланысты болады.

Білім беруді реформалауға шақырған үндеулер мектепті жастардың оқығысы келетін және оқи алатын орнына айналдыруда көмектесе алмады. Оқушыларға осыған қалай қол жеткізуге болатыны туралы әңгімеге қосылуды ұсынатын уақыт келіп жетті.

(Кук-Сэйзер, 2002, 9-бет)

## XX ғасырдың озық білім беру теориясы мен тәжірибесі

Өнеркәсіптік революция аяқталғаннан кейін білім алу әр адамның құқығы болып танылды. Алайда, XX ғасырдың басында Дьюи (1990) революция нәтижесінде қоғамның өзгергеніне қарамастан мектептер сол қалпында қалғанын айтты. Осы мәселені жою үшін ол мектептерге мынаны ұсынды:

*Белсенді сабақтарды жүргізу, табиғатты, жаратылыстану ғылымы пәндерін, өнерді, тарихты оқу, қарапайым бейнелеме және ауызша сабақтардан арылу және оларды екінші жоспарға ауыстыру; мектептегі рухани атмосфераны өзгерту, оқушылар мен мұғалімдерге келетін болсақ – тәртіпті өзгерту; өте белсенді факторларды, дәлдікті және өзін-өзі басқаруды енгізу – бұның барлығы кездейсоқ емес, өте ауқымды революция үшін қажетті нәрселер болып табылады. (1990)*

Бұл шамамен бір ғасыр бұрын жазылғанына қарамастан, Дьюидің көптеген көзқарастары әлі де өзекті. Оқушы/мұғалім өзара қарым-қатынасының маңыздылығы, «мектептегі рухани атмосфераны» өзгерту әрекеті және өзін-өзі басқаруды қолдау сыныпта демократиялық оқытуды құру үшін қазіргі таңда да маңызды.

XX ғасырдың басында-ақ Дьюи мектептің оқушылар «тобы» қатарға құрылған парталармен бөлінген орындарда отыру үшін құрылған көңілсіз орын екендігін көре білген. Бұл, ол айтқандай, материалды тыңдаушылардың белсенді емес тобына бірқалыпта беруге болатындығының анық айғағы еді. Шындығында, ол сыныптарды бір нәрсе жасауға емес, «тыңдауға» арналған орын деп санады (1990). Дьюи бұны оқытудың табиғи тәсілі – диалог және әлеуметтік алмасуға қарама-қарсы келетін нәрсе ретінде қарастырды.

Выготскийдің (1987) әлеуметтік сындарлы теориясы сияқты Дьюи жаңа тәжірибемен үнемі алмасу және жаңа тәжірибені алуға белсенді ат салысу арқылы білім тез алынады деп санады (189-бет). Дьюи «дәстүрлі» білім беруді енжарлықпен білім алу үдерісі деп сипаттай келе, өзара әрекеттің немесе сыни қатысуды төмен деңгейін қажет ететін жаттап алу әдісін сынайды. Төменде ол мектептерді оқуға қалай қарауға болатындығы туралы біртұтас көзқарас туралы ойлауға шақырады...

*«Пәнді статикалық және оқушының тәжірибесінен тыс өздігінен дайын болатын нәрсе ретінде қарастыруды қойыңыздар; оқушының тәжірибесі – бұл күрделі және тез табылады деп ойламаңыз; ол жайында баяу, туындап жатқан және аса маңызды бір нәрсе сияқты ойланыңыз; осыдан кейін, біз оқушы және білім беру бағдарламасы – бұл бір үдерісті анықтайтын екі шекара екенін түсінеміз». (189-бет)*

Дьюи (1990) мектеп оқушы өмірінің басқа салаларынан, мысалы, олардың үйдегі өмірінен және әлеуметтік мәнмәтінінен бөлек тұрған түсініксіз формальдық институттарға айналғанын көрсетті. Ол өмірдің осы сыртқы салалары білім беру мәнмәтінінде танылуға және қолданылуға тиіс деп есептеді. Білім беру саласындағы мамандар қазіргі таңда «оқушыға бағдарланған» оқытуға қойылатын тәсілдер шеңберінде «тәжірибелі» оқушы деп атайтынды анықтау үшін негізгі идеяларды біріктірген кезде, Дьюидің еңбектері жүз жылдықтың ортасында туындаған озық білім беру қозғалысына үлкен әсерін тигізгендігі күдік тудырмайды. Білім беру идеясына Дьюи ықпалын білім беру саласындағы Карл Роджерс және Джером Брунер сияқты америкалық психологтардың, сондай-ақ білім беру саласындағы британдық теоретик Лоуренс Стенхауз зерттеулерінен көруге болады.

Америкалық психолог Карл Роджерс 1960 жылы жарияланған өз зерттеулерін «жеке тұлғаға бағдарланған» терапияда қолданды және Дьюи оқыту кезінде қатысушы ретінде тәжірибе алу маңыздылығын мойындағандығымен, тығыз байланыста болатын бірқатар қағидаттарды әзірлеумен айналысты. Оқушылардың білім алу қажеттіліктері туралы Роджерстің тұжырымдамалары бүгінгі таңда «оқушыға бағдарланған» оқыту және «тәжірибелі» оқыту ретінде әйгілі болған тұжырыммен, білім беру саласындағы үдемелі қозғалысқа күшті ықпал еткен тұжырымдамалармен мәнделес болды. Жеке қағидаттарына адал

болған ол өз қорытындыларын бірқатар мәселелер бойынша оқушылармен орнатқан тікелей кері байланысқа негіздеді. Оның теорияларында сыныпта аса белсенді және жағымды жағдайды жасағысы келетін мұғалімдерге арналған мәселелер толық жазылады. Төмендегі ақпаратта Роджерс (1994: 5-7) оқушылар тарапынан айтылған басты тілек деп анықтаған нәрселерге шолу жасалған:

- Оқушылар өздеріне *сенгенді және құрметтегенді* қалайды. Олар мұғалімнің өздеріне деген қамқорлығын сезінгісі келеді, көмектесуге деген ниетін, оларды кейін қалушы емес, үлгеруші ретінде көргісі келетінін білдіргенін қалайды.
- Оқушылар өздерін *отбасы* мүшесі ретінде сезінгісі келеді. Олар мектептің директордан бастап барлық қатысушылар бірлесе жұмыс істей алатын қоғамдастыққа ұқсас болғанын қалайды.
- Оқушылар *рұқсат беруді* емес, *еркіндікті*, мақсатқа қол жеткізу үшін өз ойын айту еркіндігін қалайды.
- Оқушылар *жауапкершілік алу мүмкіндігі берілгенін* қалайды; олар оқыту туралы шешім қабылдауда белсенді қатысушы болу үшін жеткілікті түрде оларға сенім білдірілгенін қалайды.
- Оқушылар *таңдау жасағанды* қалайды. Олар белгілі бір дәрежеде өз оқуын басқаруды қалайды.

Оқушылар «өздерінің білім алу қауымдастығында акционер» болуға тиіс дегенге қатысты Роджерс пікірі (1994: 8) демократиялық білім берудің гуманистік түсініктерімен үндеседі. Егер бес негізгі кезеңді мұқият зерттесек, онда «оқушыларға қамқорлық жасау», «өз ойын ашық айту» және «таңдау мүмкіндігі» туралы ұғымдар ең маңызды болып табылатындығы анық.

Мектептердегі «тестілеу және есептілік» негізінде білім беру бағдарламасы тіпті қамқор ұстаздың өзі тым көп еркіндік беретіндігіне алаңдайтындығын білдіруі мүмкін – мысалға, олардың жеке сынақтардың бағасы мен нәтижелеріне қауіп төндіру қорқынышы. «Жеке тұлғаға бағдарланған» оқыту зияткерлік даму мен «мардымды» академиялық табысқа қарама қарсы бірдеме ретінде қарастырылатын болды, шындығында олай емес. Роджерс (1983) оқушылар бастама жасайтын оқыту, сондай-ақ барлық тұлғаны, оның сезімі мен ақылын қатыстырып оқыту – ең ұзақ және жан-жақты оқыту екендігін айтты.

### Эксперименталды және белсенді оқу

Өзінің еңбектерін 1960 жылдары жарыққа шығарған, оқыту саласындағы танымдық психолог және теоретик Джером Брунер бұл іске «эксперименталды» оқыту немесе «жаңалық ашу жолымен оқыту» идеясын әкелді. Ол Дьюидің оқушының тәжірибесі сыныпта қолданылуға тиіс екендігі туралы түсінігіне жаңа маңызды ой қосты. Брунер оқу *үдерісі* мен оқу *пәнін* бөлуге болмайтындығын атап өтті (1962). Оның идеяларын бейнелеуге арналған мысал ретінде поэзияны оқыту келтірілген, яғни поэзияның белгілі бір қасиеттерін түсіну үшін, оқушы оның қалай жұмыс істейтінін түсіну үшін осы қасиетті өлең жазғанда қолдануы қажет (77-бет). Оқытуды қалыптастырудағы мұғалімнің рөлі осымен тығыз байланысты. XX ғасыр тәжірибесінде Брунер оқушының жеке мүддесінің шеңберіне қамтылған, оқытудың идеалистік, оның пікірінше, аса «мейірбан» қағидаттарын сынайды (115-бет) және де «білім беру оқушылардың қызығушылығымен шектелуге тиіс деу аз, қызығушылықтардың өздері де құрылуға және ынталануға тиіс» деп айтқан (117-бет). Мұғалім осындай белсенділікті қолдау үшін өте маңызды рөл атқарады және бұл мәселеде Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынады.

Брунер теориясының ажырамас бөлігі «*жаңалық ашу*» және «егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға және өзіне өзін ашушы болуға рұқсат етілсе (sic!), алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды (1962). Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт

аспектінің арқасында: біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі. Брунер мұндай әдіс арқылы оқытуды, оны дәстүрлі «сипаттау» әдістерінен бөлетін, «болжаулық» тәсілді ұсынатын оқыту ретінде сипаттайды (83-бет). «Іс-әрекет арқылы оқыту»; «сынау және қателер» арқылы оқыту және «жаңалық ашу» ұғымы көптеген елдерде білім беруге қатты ықпал етті. Брунердің Сынау және қателесу үдерісіндегі болжаулық түсінік туралы тұжырымдамасы жаңалық ашу жолымен оқыту ретінде белгілі болған тәсілді қолдайды. Мұндай тұжырымдаманың ажырамас бөлігі тәуекел, яғни идеяны зерттеу кезіндегі сынау мен болжамды қателер ұғымы болып табылады.

Британдық ойшыл Лоуренс Стенхауздың білім беру саласындағы еңбегі де маңызды болды. Роджерс және Брунерге қарағанда, Стенхауздың психологияда емес, оқыту мен педагогикада тәжірибесі болды және оның теориялары мектепте, көбінесе жалпы білім беру мектептерінде оқушылар мен мұғалімдер атсалысқан зерттеулерге тікелей негізделді. Стенхауз өте демократиялық мектеп құруға көңіл бөлді және оның теориялары билік, білім беру және еркіндік арасындағы өзара байланыс әдістерін қамтыды.

Стенхауз формалды оқыту кезінде әлеуметтендіру және жеке тұлғаның даму үдерістері тығыз байланыста екендігін, бірақ екі үдеріс те қоғамға бейімделуіне байланысты болғандықтан, нормаларды ұстану мен жеке тұлғаның дамуы арасында шиеленіс те туындауы мүмкін екенін мойындады (1967). Стенхаус мектеп мәдениеті жеке тұлғаның дамуы үшін кең мүмкіндіктер ұсынуға тиіс, олай болмаған жағдайда, бейімделу үдерісі бостандық емес, тұзаққа айналуы мүмкін деп ойлайды (29-бет). Жалпы алғанда, ол мұндай қоғам ең алдымен, «...алдыңғы ұрпақ қалыптастырған адамдарға емес, білімді» адамдарға негізделеді дейді. «Яғни, білім адамға өз идеяларын құру және дамыту еркіндігін арттыруға көмектесуге тиіс» (1971). Осылайша, Роджерс сияқты, Стенхауз да сыныптағы өзара байланыс кезінде еркіндік көбірек қажет екендігін көрді және егер мектептер сапалы білім беру үшін анағұрлым демократиялы болғылары келсе, бұл аса маңызды шарт болып табылады деп санады. Стенхауз мұғалімдер де, оқушылар да бірлескен алмасудан пайда табады деп есептеді және Дьюи сияқты оқыту диалог түрінде оқытуға негізделеді деген идеяны ұстанды, және де ол, Стенхауздың пікірінше, «ойлану, басқалармен көңілді және жемісті өзара әрекет ету арқылы тәжірибені байытуға» тиіс (1967).

Сонымен қатар, Дьюи сияқты, Стенхауз ерікті және демократиялық білім беру жүйесі үйлесімді, әділ және демократиялық қоғамды құратындығына сенім білдірді. Бұл идеалистік пікір болып көрінуі мүмкін, сондықтан Стенхауз білім арқылы қоғамды жақсарту идеясы кеудемсоқтық екенін мойындады; бірақ ол көптеген жылдар бұрын не қалай болғанын ескерсек, білім берудің қандай нәтижелерге қол жеткізгенін, әлеуметтік тұрғыдан қандай жарқын өзгерістер болғанын көруге болатындығын атап көрсетті (1967). Ол (Интернет пен «ғаламдық» мәдениеттің құрылуына дейін шамамен 20 жыл бұрын) болашақта мәдениеттің қалыптасуында бұқаралық коммуникация қаншалықты маңызды болса, кепілдік берілген білім де соншалықты маңызды екендігін мойындады – бірақ, бұл әлі де қол жеткізілуге тиісті мақсат сияқты.

4-KYH







## **ТӘЖІРИБЕДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ҰСТАНЫМ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ**

Төменде бір мұғалімнің өз мақсаттарына қол жеткізу және өз тәжірибесін дамыту үшін стратегиялық іс-әрекетті қалай пайдаланғаны туралы оқиға беріледі.

Әрбір оқиғада мыналарды белгілеу үшін, түрлі-түсті үш қарындашты пайдаланыңыз:

- Мұғалімнің құндылықтары;
- Мұғалімнің ұстанымы;
- Мұғалімнің өзгерістер енгізу үшін алдын ала қолданатын стратегиялық іс-әрекеті.

Бұл мұғалімнің бастаманы қалай қолға алып, оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу мен дамыту үдерісін ұйымдастырғанын топтағы басқа қатысушылармен бірге талқылаңыз.

### **Дипактың оқиғасы**

Дипак математикадан сабақ беретін және мұғалім болып істешеніне небәрі 2 жыл болды. Ол кейбір оқушылардың математика сабақтарына қызықпайтындығына алаңдайтын. Сөйтіп мұғалім осындай оқушылардың назарын аудару мақсатында оқытуды жақсарту тәсілдерін таппақ болды.

Ол сауалнама парақтарын пайдаланып, оларға көп ұнайтын тапсырмалар туралы оқушылардың пікірін сұрауды ұйғарды. Бірақ кейін егер оқушылар математиканы ұнатпайтын болса, олардың пікірлері өздерінің бұрынғы жасағандарына ғана қатысты болуы мүмкін деген негізде бұл ойынан бас тартты.

Өз мектебінің математиктер кеңесінде ол әріптестеріне өзінің проблемасын түсіндірді және олар сабақта немесе тапсырма беруде қолданатын барынша тиімді 3 әдісті атауды өтінген сауалнама ұсынды. Дипак оларды тізім бойынша жинап алды және кейін кейбір сәттерді барынша жан-жақты талқылау үшін жекелеген әріптестерімен кездесті.

Содан соң Дипак тізімдегі әрбір стратегияға жүйелі тәжірибе жасады. Ол оларды сабақ беруде қолданып, өз қадағалауларының жазбаларын жасай отырып, әрбір стратегияны бағалады, ол оқушылардан пікір парақтарын толтыруды сұрады және уақыт өткен сайын әріптестерінен егер оларда бос уақыт болса, қадағалауды өтінді.

Бірнеше ай өткеннен кейін Дипак өзінің әріптестерімен құндылығын өз жұмыс барысында бағалаған жана стратегиялар туралы пікірмен бөлісе алды. Бұл ақпарат тізімге енген әдістердің еш уақытта ешқайсысын пайдаланбаған әріптестері үшін өте бағалы болып шықты.

Бұдан әрі, Дипак оқытудың ең жақсы 3 тәсілін атауды өтініп, басқа пәндерден сабақ беретін әріптестерін тарта бастады. Ол осы идеялардың көпшілігін математика сабақтары үшін бейімдеуге болатынын, сондай-ақ бұның мұғалімдер ортасында сабақ беру әдістері туралы талқыға түрткі болатынын байқады.

## **МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН АНЫҚТАУ**

Бұл тапсырманы Сіз басқа екі мұғаліммен бірге орындауға тиіссіз. Сіз үш адамнан тұратын топта (А, В және С) жұмыс істей отырып, шағын топтағы пікірталас арқылы өзіңіздің кәсіби құндылықтарыңыз бен міндеттеріңізді талдауға тиіссіз. А В-ға төменде жазылған сұрақтарды қояды. С В-ның жауаптары туралы ескертулерді жазады.

Қорытындысында, С В-ға оларға рефлексивті қорытынды жазуға көмек көрсету үшін түсініктеме береді. Осы қорытынды кейін сіздің портфолиодағы тәжірибелік дәлелдеме ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл жұмыс кейін үш мұғалімде де «сұхбат» беру мүмкіндігі болатындай етіп құрылады, топтағы әрбір адам әртүрлі позицияда болып көреді.

### **Кәсіби рөл**

Сіз қандай мектепте жұмыс істейсіз? Сіз онда қанша уақыт жұмыс істейсіз? Мектептегі Сіздің рөліңіз қандай? Ол сыныптағы жұмысқа ғана негізделген бе немесе Сіздің қандай да бір әкімшілік міндеттеріңіз немесе ерекше жетекші (жетекшілік) рөліңіз бар ма?

### **Құндылықтар мен мүдделер**

Сіздің негізгі кәсіби құндылықтарыңыз қандай? Сіз негізінде білім беруде нені маңызды деп санайсыз?

### **Дамыту бойынша жұмыс**

Сіз сабақ беруден басқа қызметтерді атқарасыз ба немесе арнайы тапсырмалар орындайсыз ба? Сіз бұрын өз еркіңізбен қосымша қандай да бір жобалар немесе бастамаларға қатыстыңыз ба? Сіздің жолыңызда қандай күрделі міндеттер тұрды?

### **Мектептік даму басымдықтары**

Қазіргі уақытта сіздің мектебіңізде оқытудың қай салаларын дамыту қажет? Басымдықтары қандай? Осы басымдықтарды алға жылжытуға сіз қалай көмек берер едіңіз?

### **Кенес алу**

Егер мектепте жобаны жүзеге асыруды қаласаңыз, сіз кіммен кеңесуге тиіссіз?

### **Күшті жақтары**

Сіз сыныптағы өз жұмысыңызды өзгерту арқылы қандай жақсылықтар енгізер едіңіз?

### **Қажеттіліктер**

Сізге қандай дағдылар мен қасиеттеріңізді дамытуға тура келеді? Сіздің ойлауыңызша, даму үшін сізге қандай қолдау қажет болады?

## **ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫҢЫЗ, ҰСТАНЫМЫҢЫЗ ЖӘНЕ ТИІСТІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫҢЫЗДЫ ДАМУ**

Төменде берілген кестелерді толтыру үшін құндылықтар, ұстанымдар мен стратегиялық іс-әрекеттер туралы не білгеніңізді пайдаланыңыз. Бұл тапсырма Сізге не қажет екендігін, қандай өзгеріс енгізгіңіз келеді және өзгерісті қалай енгізе алатыныңыз туралы сіздің ойларыңызды дамытуға көмектеседі.

**Стратегиялық іс-әрекет** – Өзгерістер енгізуім үшін менің не істеуім керек?



**Ұстаным** – Мен оны қандай түрде көргім келеді?



**Құндылықтар** – Мен үшін не маңызды? Менің нені өзгерткім келеді?

1- жаттығу.

А)

### **ОҚУ МӘДЕНИЕТІ СІЗДІҢ СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІБІНЕ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Мына сұрақтар төңірегінде ойланыңыз:

- Сыныпта тәртіп ережелері қаншалықты сақталады?
- Қабылдауға болатын және қабылдауға болмайтын мінез-құлықтарға нені жатқызасыз?
- Қандай ынталандыру шараларын қолданасыз?
- Оқыту мақсаттарын қаншалықты нақты түсіндіресіз?
- Жаттығулар мен тапсырмаларды түсіндіру жолдарыңыз қандай және оған оқушылардың топтары қаншалықты терең/кең деңгейде жауап береді?
- Оқушылардың мәселелерін қаншалықты дәрежеде шеше аласыз?
- Сіздің әртүрлі топтағы оқушыларға қолданатын тәсілдеріңіз бір-біріне қаншалықты ұқсас немесе олардың қандай айырмашылықтары бар?  
Өз пікіріңізді әріптесіңізбен бөлісіңіз.

Ә)

### **СІЗДІҢ СЫНЫПТАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ҚАНДАЙ? ОЛ ОҚУШЫҒА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?**

Мұғалім әрекеті		Оқушы әрекеті		
біржақты	ұйымшылдық		біржақты	
Негізсіз кінәлау	Күнделікті дәйекті кінәлау	Келісілгендік	Күнделікті дәйекті ауытқушылық	Негізсіз, ережелермен шектелген бұзушылық

*1-кесте. Сыныптағы мұғалім мен оқушы мінез-құлқының түрлерін жіктеу*

Мүмкін сіз сыныптағы психологиялық жағдайға қатысты «эмоциялық деңгей» идеясын зерттегіңіз келетін шығар. Сіздің сыныбыңызға байланысты «сенімді-достық», «формалды», «шиеленісті», «жаулық» терминдерін қарастырайық.

Сіздің сыныбыңызда эмоциялық деңгей тұрақты ма әлде ол сабақ барысында өзгеріп тұра ма?

Психологиялық жағдайлардың өзгеруіне не ықпал етеді?

- Бұл өзгерістерді сіз қалай анықтадыңыз?
- Эмоциялық ахуал барлық оқушылар үшін бірдей ме?
- Психологиялық жағдайдың өзгеруіне оқушылар қалай қарайды?

Сіз өз әріптесіңізді сіздің сабақтарыңызды бақылап, сыныптың психологиялық жағдайын анықтауда өз ұсыныстарын беруін сұрай аласыз.

Психологиялық жағдайды әдейі өзгерткіңіз келген жағдайлар болды ма?

Сабақтағы жеке оқушылармен және топтармен жұмыста сіздің іс-әрекетіңіз қаншалықты жүйелі болып келеді?

## **2-жаттығу. ОҚУШЫҒА ӨЗІНІҢ ТҮСІНБЕГЕНДІГІН МОЙЫНДАУЫ МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІН ТҮСІНУГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСЕ АЛАМЫЗ? МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ КЕҢЕЙТУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

Сіздің беріп тұрған материалыңыз оқушылардың түсінуіне, қабылдануына қиын болса, бұндай жағдайда не істейсіз? Бұл олардың өзін-өзі бағалауды дамытуда маңызды болып саналады. Сіз қолданатын сөздер оқушыларға қиындықтардың пайда болуы қалыпты құбылыс екендігін және де бұны мойындау оқытудың маңызды бөлігі болып табылатындығын көрсетеді.

Мұғалімдер оқушыларға олар қолдауды қажетсінетін салаларда олардың өздеріне деген сенімдерін дамытуға көмектесетін және өздерінің табысты болғандығын сезінген салаларда одан әрі ынталандыратын мәселелердің бар екендігі туралы тоқтамға келді. Бұл мынадай мәселелер:

- Жаңа не үйрендіңдер?
- Бәрінен де неге риза болдың?
- Сізге ең оңайы не болды?
- Сізге не ерекше қиын болды?
- Өз пробле­маңызды шешуге не көмектесті?

Осы сұрақтарға жауап алу үшін мұғалім оқушылармен барынша көп сөйлесуі қажет.

2а) Сабақта сөйлесуге қанша уақыт бөлінгенін зерттеу үшін, сабақтың бейнеклипін көру ұсынылады. Бұл орайда оқушылар мен мұғалім айтқан сөздердің ара-қатынасын ескеру қажет.

- Жалпы сабақта әңгімеге қанша уақыт беріледі?
- Әңгіме кезінде кімнің рөлі негізгі болып табылады?
- Қай оқушы әңгімеге көп қатынасады? Белсенділігі төмен немесе мүлде әңгімеге қатыспаған кім?
- Қай кезде мұғалім көп сөйлейді?
- Қандай жағдайда әңгіме тек оқушылар арасында жүреді?

### **2б) Оқушылардың өзара қарым-қатынасы**

Ересек оқушылардың өзара қарым-қатынастарының тәсілдерін терең зерттеу қажет. Бұл зерттеу түрлі қатынас түрлерінің толық тізімін жасауды талап етеді. «Білім алу», «ұйымдастырушылық», «әлеуметтік» және т.б. сөздерді пайдалана отырып, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жіктеуге болады. Сіздің байқауыңызша, өзіне-өзі сенімі төмен оқушыларға қатынастың нақты қай түрі көмектеседі? Бұл оларға қалай көмектеседі?

**Алға басу.** Мына мәлімет сізге топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыруға көмектесе ме? Сіз сабақтағы жұмысты топтардың құрамын үнемі өзгертіп отыратындай етіп ұйымдастыра аласыз ба?

## МҰҒАЛІМ-ОҚУШЫ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Оқыту мен оқуда болып жатқан өзгерістермен бірге мұғалім мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынас пен әрекеттер де өзгеріп тұрады. Бұл жаттығу мұғалімге оқушылардың күнделікті қарым-қатынасын, ол қарым-қатынасты оқушы өзіне қалай елестететінін және оларды қалай өзгертуге болатынын анықтауға мүмкіндік береді.

### Ұсынылатын жаттығу:

Төменде берілген сызбада сыныптағы мұғалім-оқушы қарым-қатынасы моделі көрсетілген. Онда екі белдік (ось) берілген: бірі - мұғалімнің іске араласуын, екіншісі оқушының бастамасын көрсетеді.

### Жеке жұмыс:

Жақында өткізген сабағыңызды талдап, мұғалім мен оқушының, сіздің пікіріңізше, қарым-қатынасын белдікте (ось) берілген координаттармен салыстырыңыз.

### Топтық пікірталас:

Сабақтағы мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасына не әсер етеді? Ол қарым-қатынас әртүрлі жағдайларға қарай өзгеріп отыра ма? Сіз өзара қарым-қатынасты қалай өзгертер едіңіз?





## БОЛАШАҚТЫҢ МЕКТЕБІ

XXI ғасырда өмір сүретін жас ұрпақ үшін өзекті болып табылатын білім беру бағдарламаларын дамытуға мектептер қалай қатыса алады дегенге заманауи көзқарас басқаша.

Қазақстанның әлемдік қоғамдастыққа ықпалдасуы шетелдік тәжірибені зерделеп, енгізуді қажет етеді, бұл әсіресе XXI ғасыр ұрпағы үшін өзекті мәселе болып табылады.

Шығармашылық қасиеттер мен сараланған оқытуды дамытуға бағытталған педагогикалық тәсілдерді енгізу ұлттық білім беру мен оқу бағдарламаларының өзгешеліктерін ескере отырып жүргізілуі керек.

Әрбір жеке мектеп бірлестігі өзінің білім беру және моральдық-өнегелілік басымдықтарын айқындап, доминанттарын белгілеп алуға құқылы.

Нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін шығармашылық топтарға жаңа және дәстүрлі бағдарламалардың (тәсілдердің) жақсы жақтарын айқындап, олардың өзара әсерлерінің деңгейін анықтап алу қажет.

Төменде беріліп отырған ұсынымдарды өзгертуге және толықтыруға болады.

Шағын топтардағы жұмыс:

1. Бар идеялардың тізімін алып, оны әріптесіңізбен талқылаңыз.
2. Сіздің мектебіңіз үшін анағұрлым маңызды және қолайлы идеяларды анықтаңыз, неліктен олар осындай екендігін талқылаңыз.
3. Оларды енгізу стратегиясын және оқу жоспарына (оқу тапсырмаларына) енгізілуі мүмкін өзгерістерді анықтаңыз (мәселен, бұрын мұғалімдер үлгі бойынша карточкаларды жай таратты, сурет салды т.б.,)

<b>Ескі негіздер</b> Негізгі дағдылар, сауаттылық пен есептеу сауаттылығын қалыптастыруға көңіл бөлу	<b>Эмоциялық білімдарлық</b> Жастарды білімде де, әлеуметте де табысты болу үшін өз қабілеттеріне сенімділігін, өзін-өзі бақылауды дамытуға көмектесу.
<b>Жаңа негіздер</b> XXI ғасырда қажетті дағдыларды: тез тіл табысқыштық, креативтілік, сараптамалық ойлауды қалыптастыруға көңіл бөлу.	<b>Ақпараттық білімділік</b> Сын тұрғысынан талдау, түсіну және сандық ақпарат құралдарын жасау қабілеттерін дамыту
<b>Даралап оқыту</b> Оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқу жоспары мен оқыту әдістемесін жасау	<b>Білім ала білу</b> Табысты оқу үшін қажетті ептілікті жетілдіру.



5-KYH






## “ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР” КЕСТЕСІ

Оқушылардың оқуына оң әсер ететін факторлар	Оқушылар	Оқушылар үшін оқу үдерісін айтарлықтай қиындататын факторлар
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жақсы денсаулық;</li> <li>• Дұрыс тамақтану;</li> <li>• Қажетті ұйқы;</li> <li>• Тиісті киім;</li> <li>• Талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Әлеуметтік және физикалық факторлар</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сырқаттану;</li> <li>• Аштық;</li> <li>• Шаршағандық;</li> <li>• Сәйкес келмейтін киім;</li> <li>• Нашар тұрғын үй жағдайлары</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Неменеге күш жұмсауға болатынын анықтау;</li> <li>• Өз табысына сенімділік;</li> <li>• Маңызды марапаттар;</li> <li>• Оқу үдерісі туралы хабардар болу;</li> <li>• Шеберлік сезімі;</li> <li>• Ол үшін беделді болып табылатын адамдардан алған марапаттар;</li> <li>• Бай тәжірибе және тіл</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Оқушының жеке факторлары</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Күш жұмсауға тұрмайтын әрекеттерді анықтау;</li> <li>• Сәтсіздікті мойындау, ұят;</li> <li>• Марапаттың болмауы;</li> <li>• Оқу үдерісін нашар түсіну;</li> <li>• Әлсіздігін сезіну;</li> <li>• Ілтипаттың не көтермелеудің жоқтығы;</li> <li>• Тәжірибенің және сөздік қордың шектеулілігі</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Отбасының белсенді қолдау көрсетуі және жоғары нәтижелер күтуі;</li> <li>• тетелес топтардың оң бәсекелестігі мен қолдауы;</li> <li>• әлеуметтік және отбасылық қолдау жүйесі, рөлдік үлгілер мен тиісті тәжірибе</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Әлеуметтік қолдау түрлері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Отбасынан шеттеуі және олардың төмен нәтижелер күтуі;</li> <li>• Құрдастардың қабылдамауы және оқуға деген үстіртін көзқарас;</li> <li>• Шектелген әлеуметтік қолдау, еліктеу үшін ұнамсыз үлгі мен басы артық факторлардың көптігі</li> </ul>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• ойлау деңгейіне сәйкес;</li> <li>• эмоционалдық тұрғыдан қанағаттандырады;</li> <li>• жеке тұлға үшін маңызды болып қабылданады;</li> <li>• белсенді педагогика арқылы еліктіреді;</li> <li>• пән бойынша қызықты тапсырмаларды енгізеді.</li> </ul>	<p style="text-align: center;"><b>Тапсырмалар мен берілген есептердің сапасы</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• өте жеңіл немесе өте ауыр;</li> <li>• эмоционалдық тұрғыдан алаңдататын, орынсыз және мән-мағынасыз сияқты қабылданатын;</li> <li>• оңтайлы емес оқыту әдістерінің негізіндегі немқұрайлылық;</li> <li>• қызықсыз тапсырмалар немесе пән.</li> </ul>
<p><b>Оқушының міндеттері</b></p> <p>Назар аудару, шоғырлану, тәжірибе, ойлану, табандылық көрсету, тұжырымдамалық негіздердің мәнін түсіну және оны кеңейту.</p>		

«Мектеп міндеттері: Оқушылардың оқуға деген ынтасын дамыту» материалдары бойынша [http://www.nar.edu/catalog.php?record\\_id=10421](http://www.nar.edu/catalog.php?record_id=10421)

## ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ ЖӨНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДАН КЕҢЕС АЛУ

Жастардың өз пікірін айтуға құқығы бар және олардың мектеп тәжірибесі туралы айтарлары бар екендігін әлем мойындаған. Әлемдегі саясаткерлер жастардың бүгінгі және ертеңгі өмірге қосар үлесі туралы әртүрлі және «жүрдім-бардым» ойлайды. Балалар құқығы жөніндегі БҰҰ конвенциясы (1989) төрт қағидаттың бірі ретінде баланың өз пікірін білдіру құқығын қосты. Бұл өмір бойы жалғасатын Азаматтық және оқу бағдарламасы ретінде қаралады. Қалай тыңдау және білім беру, сондай-ақ қалай оқыту бұл мұғалімдердің, мектептердің және бірлестіктердің міндеттері.



1-сурет. Оқыту және оқу мәселелері бойынша оқушылардан кеңес алу қажеттігінің себептері

### Оқушылардан кеңес алуды енгізу мақсатында «күш өрісі» талдауын жүргізу

#### «Күш өрісін» талдау дегеніміз не?

**«Күш өрісін» талдау (Курт Левин) – шешім қабылдау техникасы, жағымсыз әсер ететін проблемалардың барлық оң және кері күштерін сәйкестендіреді (жиі графикалық түрде беріледі)**

«Күш өрісін» талдау – бұл ең алдымен сараптамалық ойлауға сүйенетін пайдалы техника, проблемаларды шешудегі барлық «жақтайтын» және «қарсы» күштерді қарастырады. Шын мәнінде бұл «жақтайтын» және «қарсы» мамандандырылған дауыс беру әдісі.

Осындай талдау жүргізе отырып, Сіз шешімді қолдайтын немесе оған қарсы әсерлі пікірді төмендететін күштерді нығайтуды жоспарлай аласыз.

*Талдау жүргізу үшін келесі беттегі кестені пайдаланыңыз және мынадай үш қадам жасаңыз:*

- Бланк ортасындағы өрісте өзгеріс бойынша өз жоспарыңызды немесе ұсынысыңызды жазыңыз.
- Әр бағанға өзгеріске ықпал ететін барлық күштердің тізімін жазыңыз.
- «Жақтайтын» және «қарсы» әрбір күшті 1-ден (әлсіз) 5-ке дейін (күшті) бағалаңыз.






Аты: ..... Сабақ не туралы болды? .....

## Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?



### Бұл сабақ қаншалықты қиын болды?



### Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдым?



Мүлде  
сенімсізбін



Сенімсізбін



Аздап сенімдімін



Сенімдімін



Өте сенімдімін



Аты:.....

Сабақ не туралы болды?.....

**Бүгінгі сабақ саған ұнады ма?**



**Бұл сабақта мен үшін не қиын болды?**



**Бұл мен үшін неге қиын болды?**



**Бұл қиындықтарды ненің көмегімен  
еңсердім/ еңсере аламын?**





6-KYH





## ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ҮДЕРІСІН ҚАДАҒАЛАУ

- Оқушылар өз пікірлерін кезекпен айта ма немесе бір-бірінің сөзін жиі бөле бере ме?
- Олар бір-бірінің идеяларын қолдай ма?
- Олар бір-бірін тыңдай ма және сыныптастарының идеяларына жауап қайтара ала ма?
- Олар бір-бірінің пікір білдіруін сұрай ма? (мысалы, «Сіз неге солай ойлайсыз?» деп сұрай отырып)
- Оқушылар себебін көрсетіп, түсінік пен мысалдар келтіре отырып, өз пікірлерін қалыптастыра біле ме?
- Оқушылар өз көзқарасын сыныптастарының түсіндірмесін ескере отырып, өзгерте ала ма?
- Олар топтық шешім қабылдар алдында идеяларымен бөлісе ме?

Сыныпта кім кіммен пікірталас жүргізетінін суреттейтін карта құрастырыңыз.

## КЕЙС СТАДИ: МАТЕМАТИКАЛЫҚ ПІКІРТАЛАС САПАСЫН АРТТЫРУ

Біз бұл мысалды бірге және жарыса жұмыс істейтін мұғалімдердің шағын тобы өз оқушыларының математикалық пікірталасының сапасын қалай арттырғандығын суреттейтін болғандықтан алдық.

### Алғышарттар

Ұлыбритания орта мектептерінің үш математика мұғалімі оқушылардың кейбір жұптары арасында математикалық пікірталастардың жеткілікті түрде негізді және терең болмағандығын, оған үйрету кезінде және нәтижелерге қол жеткізуде жеткілікті оң әсер ете алмағандарын анықтайды. Осылайша, олар мұндай пікірталастардың сапасын және тереңдігін жақсартуды мақсат етіп алды.

### Эксперимент қалай жүргізілді

Эксперимент төрт кезеңмен жүргізілді.

Біріншіден, 16 жастағы оқушылар тобының шаршылық теңдеулер тақырыбы бойынша математика сабағы бейнетаспаға жазылды;

Екіншіден, мұғалімдердің біреуі 13 жастағы оқушылар тобында пікірталасты дамытуға ықпал ететін жаңа стратегияларды қолданып көрді. Тәсіл жетілдіріліп, басқа топта қолданылды.

Қорытындысында, мұғалімдердің біреуі жоғарыда сипатталған эксперименттердің қорытындыларын 11 жастағы оқушылардың қиын тобына қолданды.

Мұғалімдер пікірталас жүргізу дағдыларын қалай жақсартуға тырысты:

Олар негізгі үш тәсілді пайдаланды. Оқушылардан мыналар талап етілді:

- өз ойларының барысын түсіндіру;
- серіктесін сендіру,
- серіктесінен өздерінің көзін жеткізуді өтіну.

Мұғалімдер сапалы пікірталас жүргізуге ықпал жасау үшін төмендегі сөздерді қоса отырып, нақты тіркестер келтірді:

- ... екеніне мені сендіріңіз.
- басқа оқушыны ... екеніне қалай сендірер едіңіз?
- Сіз неге .... деп ойласыз?

Оқушылар сонымен қатар түсініктер мен мысалдар суреттелген плакаттар дайындауы тиіс.

### Нәтиже

Мұғалімдер пікірталас жүргізу сапасын жақсартуда оқушыларға көмек көрсету мүмкін екендігін дәлелдеді. Соңғы сабақта мұғалімдер көптеген оқушылардың, тіпті үлгерімі төмен оқушылардың да серіктестеріне нақты түсініктер беріп, басқалардың айтқанын сын көзден өткізіп отырғандығын сүйсіне айтып өтті. Бақылау көптеген оқушылардың мұғалімдер ұсынған сөз тіркестерін пайдаланғандығын көрсетті.

### Мұғалімдер не түйіндеді

Мұғалімдер тереңірек пікірталасты дамытуға ықпал ету үдерісіне өздерінің ықпалы қаншалықты зор екендігін сезінді. Мұғалімдер:

- жұмысты жүргізудің дұрыс әдісін модельдей алады;
- тапсырманы және оны орындауды оқушылар қалайша талқылауы тиістігін жоспарлай;
- сабақтың әртүрлі кезеңдеріне оқушыларды дайындай;
- тапсырманың түйінді идеясын түсіндіре;
- үлгілер мен басқа да креативті идеяларды бере отырып, жазбаша түсініктерді енгізіп және
- жоғары деңгейдегі пікірталастарды мақтай алады.

«Біз меңгерген негізгі мәселелердің бірі оқушылардың бір-бірімен қалай тіл табысу керектігін көп жағдайда біле бермейтіндігімізді анықтауымыз деп санаймын. Оларды үйретуіміз керек. Үйрететін болсақ, тіпті үлгерімі төмен оқушылардың өздері орындап шығады.»

### Дереккөз

Pinco, E. (2008) How can we improve the quality of pupils' mathematical conversations? [Оқушылардың математикалық пікірталасының сапасын қалай жақсартуға аламыз?] National Centre for Excellence in the Teaching of Mathematics grant report.



## ӘНГІМЕЛЕСУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ АРҚЫЛЫ ИНКЛЮЗИВТІЛІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

Балалардың тіл табысу дағдылары арқылы инклюзивтілікке қол жеткізуге болатынын көрсететіндіктен, біз осы мысалға тоқталдық. Осы үдеріске тартылған балалар алдағы сабақтарда белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетті. «Табысқа жету үшін қарым-қатынас жасау» жобасы өзара әрекеттестікке оқыту және бірге ойлау мен талқылау арқылы білім алуға балалардың саналы түрде келуін қамтамасыз ету үшін әзірленді.

### **Алғышарттар**

Қарым-қатынас жасау дағдысының жеткіліксіздігі балалардың сабақтағы белсенділігінің төмендеуіне әсер етеді, оларды оқу әрекетінен алыстатып, жетістіктің төмен болуына әкеледі.

Англияның оңтүстігіндегі үш мектептің алты жастағы балаларды оқытатын алты мұғалімі екі күн бойы балалардың ауызша сөйлеу тілін және топтағы сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтардың бағдарламаларын жасаумен айналысты.

Аталған мектептер ағылшын тілі ана тілі болып саналмайтын оқушылардың көп болуымен ерекшеленетін.

### **Өзара әрекеттестікке және бірге ойлау үдерісіне қандай оқушылар оқытылды**

Сөйлеу дағдыларына оқыту «Бірге ойлаймыз» атты бес негізгі сабақтарда жүзеге асырылды. Бастапқы сабақтар тыңдау, ақпаратпен алмасу, ынтымақтастық сияқты дағдыларды дамыта отырып, сөйлеу үдерісінің маңыздылығын сезінуге бағдарланған болатын. Кейінгі сабақтар әртүрлі жағдаяттарға өзіндік қатынасын сын тұрғысынан дәлелдеуді дамытуға ықпал етті.

#### *Сабақтардың кейбір түйінді сәттері:*

- топтық жұмыс үшін оқытудың мақсаты сабақтың кіріспе бөлімінде нақты белгіленген;
- топтар ауызша сөйлеу тілінің сапасын жалпы сабақтарда ұғынған;
- сыныпта сұрақты құрастыру және қою сияқты дағдылар қалыптастырылған;
- мұғалім сыныптағылардың көңілін ауызекі сөйлеу тілінің сапасын арттыруға аударған, түзетулер енгізу үшін топтағы талқылауларда үзіліс жасай отырып, сыныппен қарым-қатынас жасау кезінде басқаларға үлгі болған.

Оқушылар сыныпта топта ортақ пікірге келуге мүмкіндік беретін ауызекі сөйлеу тілінің негізгі ережелерін құрастырды және ол келісілді.

#### *Тізім мынадай тармақтардан тұрды:*

- топтың әрбір мүшесі қалғандарымен сөйлесуі керек;
- маңызды ақпаратпен бөлісу қажет;
- әркімнің қосқан үлесі құрметпен қарастырылады;
- қиындықтар қабылданады;
- топ шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Аталған сабақтар барысында балалар әртүрлі қарқындылықпен жұмыс істеді.

### **Оқыту барысына түзетулер енгізудің ықпалы**

Тірек мектептердің барлық мұғалімдері өз сыныптарындағы әріптестікті дамытуға, инклюзивтілікті және қарым-қатынас деңгейіне бұл бағдарламаның оң әсері барын атап өтті.

Әсіресе, жуас балалардың пікірталасқа сенімдірек және белсендірек қатыса бастағандығы атап көрсетілді. Олар бағдарламаға қатыспаған балаларға қарағанда сұрақтарды көп қойып, ойларын жиі-жиі дауыстап айта бастады. Олар сондай-ақ бірін-бірі әңгімеге тартуға, сыныптасының айтқанын мұқият тыңдауға және сұрақ қиындық тудырса да сындарлы жауап беруге үйренді.

Сонымен бірге балалардың мақсатты тобы бағдарламаның соңында тестілерді орындау барысында басқатырғыштарды алғашқы нәтижелерімен салыстырғанда бірнеше пайызға жақсы шешті. Бақылау тобында мұндай факторлардың бірі де байқалған жоқ.

Тілді пайдалану және сабаққа қатысу жағынан алғанда, бағдарлама жүргізілген кезде балалардың «Неге? Не? Қалай?» деген сияқты сұрақтарды сабақта пайдалану жиілігі өсті. Бұл төменде келтірілген мақсатты топтардағы балалардың диалогтарында тіркелген.

Балалар (Нуреша, Виджэй және Кайл) бағдарлама басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін логикалық ойлау дағдыларын талап ететін бір тапсырмамен жұмыс істеді. Балаларға геометриялық суреттегі ақ фигураға мүмкіндігінше сәйкес келетін алты паздың бөлігін тандап алу ұсынылды.

#### *Бағдарламаға дейін*

Нуреша мүлдем сөйлемейтін және тапсырманы орындауға ешбір қызығушылық танытпайтын. Тапсырма басталғаннан кейін Виджэй мен Кайл бір-бірінің пікіріне келіспей қалды және өз пікіріне ешбір дәлел келтірместен, кім өз фигурасын суретке жапсыруы тиіс екендігін дауласа бастады.

Виджэй: Ал мынау сәйкес келеді ғой, иә?

Кайл: Жоқ.

Виджэй: Мынау сәйкес келе ме?

Кайл: Жоқ.

Виджэй: Иә.

Кайл: Жоқ.

#### *Бағдарлама аяқталғаннан кейін*

Балаларға осындай тапсырманы орындау ұсынылды. Олардың жұмыс істеу тәсілі түбегейлі өзгерді. Бұл жолы Нуреша топтағы бірлесе ойлауға басқа екі баламен өзара әрекеттестікте белсенді қатысты, екі бала да бір-бірін мұқият тыңдап, бір-бірінің пікірін қабылдай білді:

Виджэй: (Нурешаға) Сен Виджей мен Кайлдың қайсысыныкі дұрыс екендігін айтуға тиіссің.

Нуреша: Мен 2-нөмір деп ойламын.

Кайл: Мен 4-нөмір деп ойлаймын.

Виджэй: Нуреша, қарасаңшы.

Нуреша: Жоқ, мен мына фигура келеді деп ойламын.

Кайл: Жоқ, қарашы, мынау дөңгеленген, мында да, анда да сырттан дөңгеленген, көрдің бе?

Виджэй: Мүмкін мына пазл.

Кайл: Жоқ, өйткені оның майысқан сызығы жоқ.

Виджэй: Осы дұрыс болуы тиіс.


Екінші тест кезінде балалар алғашқысына қарағанда мәселенің шешімін бірлесе іздеуде тиімді жұмыс істей отырып, 2 сұраққа артық дұрыс жауап берді (15-тен).

#### **Дереккөз:**

Wegerif, R. et al (2004) Widening access to educational opportunities through teaching children how to reason together [Балаларға бірлескен талқылау жүргізу әдістерін үйрету арқылы білім алу мүмкіндіктеріне қол жеткізуді кеңейту]. *Westminster Studies in Education*, 27 (2).

## СОЦИОГРАММА ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

### Кілтi



Бұл менің ең жақын үш досым

Мына адамдармен дос болғым келеді

Бұл адамдармен үзіліс және түскі ас кезінде  
ойнаймын

Бұл біздің сыныптың танымал оқушылары

Бұлар біздің сыныптың ең ақылды оқушылары



## ҮЛЕСТІРМЕ МАТЕРИАЛ. СОЦИОГРАММА

### Кілтi



Бұл менің ең жақын үш досым



Мына адамдармен дос болғым келеді




Бұл адамдармен үзіліс және түскі ас кезінде  
ойнаймын



Бұл біздің сыныптың танымал оқушылары



Бұлар біздің сыныптың ең ақылды оқушылары



Мен

7-KYH





# ОҚУШЫЛАРҒА ОҚУДАҒЫ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖЕҢУГЕ ҚАЛАЙ КӨМЕКТЕСУ КЕРЕКТІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРГЕ КЕҢЕС БЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ

## Оқыту және оқу салалары



Осылайша, дұрыс шешім қабылдау үшін бұл қызметтің үш саласын ескеру қажет.

### 1. Таным және оқу

Мынадай тұжырымдарды талқылаңыздар:

Мұғалімнің рөлі оқушыларға:

- пәнді түсінуін дамытуға;
- ақпаратты сақтауға және толықтыруға (жады);
- мәтінді оқудағы, жазудағы және математикалық есептегі қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беру деген тұжырыммен келісесіз бе?

Ең маңыздысы, мұғалімдер оқу мақсаты – бұл оқушылар *істеуге тиіс* нәрселер ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі қаншалықты мүмкін болса, соншалықты өз бетінше жұмыс істеуге көмектесу екендігін түсінулері керек.

Мұғалім көптеген жолдар арқылы оқушыға оқу жоспарын меңгеруіне көмектесе алады.

Төменде келтірілген стратегияларды талқылаңыздар. Топтық пікірталас кезінде қалыптасқан өз идеяларыңызды ұсыныңыздар.

Біз бірнеше стратегия ұсынамыз. Бірақ жекелеген оқушылардың қажеттіліктері, Сіз жұмыс істейтін жағдайлар жекелеген оқушыларға оқуға көмектесетін бірқатар шығармашылық тәсілдерді қолдануға жетелеуі мүмкін.

#### Түсінуді дамыту жөніндегі ұсыныстар:

- оқушыларға оқу мен нұсқаулықты дұрыс түсіндіруіне көмектесуде ым, визуалды белгілерді қолданыңыз және басқа да көмек көрсетіңіз;
- сұрақты түсінбеушілік танытып, сұрақ қойып немесе мәселе көтеріңіз, бұл Сізге жұмыс барысында нұсқаулықты ұстанып отыруға мүмкіндік береді;
- оқушылардан не істеулері керектігін түсіндіруге өтініш білдіріп, олардың мәселені түсінетінін тексеріңіз;
- нақты объектілерді, белгілерді, символдарды, фотосуреттерді, сандық осьтер және компьютерлік анимацияларды қолдану арқылы абстрактілі ұғымдарды нақты ұғымдарға айналдырыңыз;
- жазбаша тапсырмаларды орындауға арналған шаблондар мен жауаптардың болжалды нұсқалары бар тапсырмаларды ұсыну арқылы тапсырмаларды орындауға көмектесіңіз.

Issue 1

Date: 14/12/2011



### **Жады:**

- оқушыларға оқу мақсаты туралы естеріне салыңыз; егер бұл мүмкін болса, суреттер мен артефактілерді пайдаланыңыз;
- көрнекі құралдар пайдаланыңыз;
- тапсырманы орындауда жасалатын амалдар реті бар объектілер, суреттер, белгілерді немесе түйінді сөздерді пайдалана отырып, карточка-еске түсіргіш дайындаңыз;
- оқушы өздігінен тыңдай алатын нұсқаулықтардың дыбыстық жазбаларын жасау үшін диктофонды пайдаланыңыз;
- ескертпелерге арналған стикерлерді, қысқаша жазбалар, жеке тақтаны қалай пайдалану керектігін іс жүзінде көрсете отырып, түйінді сөздерді жақсы есте сақтау үшін оқушыларды соларды пайдалануға ынталандырыңыз.

### **Сауаттылық және тілді үйрену кезіндегі қиындықтар:**

- бастапқыда оқушыларға сұрақ қоя отырып, оларды мәтінді қабылдауға дайындаңыз;
- сабақта оқушылардың өзара жәрдемдесуін және өзара әрекеттесуін ынталандырыңыз;
- мәтіндегі жаңа сөздерге көңіл аударта отырып, оқушыларға мәтінді оқу кезінде көмектесіңіз;
- жазудың балама нысандарын пайдаланыңыз: зияткерлік карта құрастыру, оқу материалының ауызша таныстырылымы, белгілері бар карточкаларды сыныптауға арналған тапсырмалар, мәтінді өңдеуге арналған бағдарламалық жасақтама, диаграммаларға, диктантқа ат беру (тақырып қою), екі өлшемді және үш өлшемді көрсетілімдерді даярлау.

### **2. Қызметтің әлеуметтік саласы: қарым-қатынас және өзара әрекеттестік**

Мынадай тұжырымдарды талқылаңыздар:

Сіз оқушылардың дағдылары мен баламалы қарым-қатынас әдістерін дамыта отырып, топтық және ұжымдық тапсырмаларға қатысуға мүмкіндік беру арқылы мұғалімдер оқушылардың оқуын бақылап отыруы керек деген көзқараспен келісесіз бе?

### **Әлеуметтік өзара әрекеттестік дағдыларын дамыту жөніндегі ұсыныстар**

- визуалды нұсқаулықтарды пайдаланыңыз: сөйлеу кезінде қолданылатын тірек сөздер мен белгілер;
- ең маңызды ақпарат сөйлемнің басында берілген қысқа әрі нақты сөйлемдерді пайдаланыңыз;
- оқушыға топтағы, сыныптағы пікірталастарда өз пікірін айтуға көмектесіңіз;
- мәжбүрлі баламасы бар сұрақтар ұсыныңыз («ол кезде күн бе еді әлде түн бе еді?»);
- түйінді сөздер жазылған арнайы плакаттарды бірлесіп жасаңыз.

### **3. Қызметтің аффекттік саласы: мінез-құлық, эмоциялық және әлеуметтік даму**

Мынадай тұжырымдарды талқылаңыздар:

Оқушылар белгілі бір жағдайларда неліктен өздерін олай ұстайтынын түсіну үшін мұғалім олардың әлеуметтік және эмоционалдық дамуы туралы мейлінше толық хабардар болуы тиіс дегенмен келісесіз бе?

### **Қызметтің аффекттік саласын дамыту жөніндегі ұсыныстар**

Оқушылардың оқудағы эмоционалдық, әлеуметтік және мінез-құлықтық кедергілерді жеңу үшін Сіз жеңіл қолдана алатын бірқатар стратегиялар бар:

- бірінші және ең маңызды жол – оқушыларды мойындау және қабылдау; бұған оқушылардың әуестенетін нәрселеріне қызығушылық таныту, тапсырма құрастырғанда олардың мүдделерін ескеру немесе білдірмей көмек ұсыну арқылы қол жеткізуге болады;
- оқушыларға көбірек көңіл бөлу қажет, белгілі себептермен ерекше ықылас пен қамқорлықтан тыс қалған балаларды таңертең қарсы алып, амандасқан дұрыс, осының салдарынан олардың демалыс күндері жақсы өтеді;
- зейінсіз оқушылармен қатар отыратын оқушылар олардың жинақталуына және оқуға тартуға көмектесе алады;
- мұғалім зейінсіз оқушыларға жиі сұрақтар қоя отырып, олардың назарын бағыттай алады;
- оқытуға ынталандыру мен өзін-өзі сыйлау сезімін дамыту үшін жағымды кері байланыс ұсыныңыз; артық күш жұмсаудан қашқақтай отырып тапсырмалардың қиындығын біртіндеп көбейту және қысқа мерзімді, жеңіл қол жеткізуге болатын мақсаттарды белгілеу маңызды.
- оқушыларға тапсырмамен айналысып, оны орындауға жеткілікті уақыт ұсыныңыз.
- әлдебір ерекше бағдарламалар мен оқыту әдістеріне қарағанда, сіздің сөйлеу мәнеріңіз сенімді оқу ортасын құруға көбірек ықпал етеді.

Тиімді тілді пайдаланыңыз, бұл дегеніміз – мүмкіндік тілі, үміт тілі және табыс тілі. Мәселен, сіз мына сөйлемді ескерер ме едіңіз: «Мен X-ті әрдайым қате түсінемін» және «Ия, сіз аздаған қателік жібердіңіз, бірақ сіздің проблемаңыздың себептері неде екенін анықтап көрейік».

## **АҚШ-ТА ЖҮРГІЗІЛГЕН ПРОФЕССОР ДВЭКТИҢ ЗЕРТТЕУІ**

### **АҚШ-та жүргізілген зерттеу: оқушылардың табандылығын дамыту**

Кейбір оқушылар қиындыққа тап болған кезде неге бірден беріле салады немесе басқалары қиындықты сенімділікпен жеңіп жатқанда, бұлар бастаған жұмыстарын орта жолда үзеді. Калифорниядағы Стенфорд университетінің психология профессоры Керол Двек көп жылдар бойы оқушыларды алған бағытқа табандылықпен жүруге не ынталандыратыны туралы сындарлы теориясын жасады.

#### **Оқушылар өздері туралы не ойлайды**

Профессор Двек оқушылардан өздерінің ақыл-ой қабілеттері жөнінде не ойлайтыны туралы сауалнама толтыруды сұраған кезде, оқушылардың жартысының «дүниетанымдары шектеулі» екенін анықтады. Олар өздерін туғанда ақыл-ой шектеулі берілген және оны әрі қарай дамытуға шамамыз жетпейді деп ойлайды екен. Олардың ойынша, бұл талантқа негізделген, яғни бар мәселе – «тұқымға байланысты». Қиындыққа тап болған кезде олар бірден жеңіле салады және «мен ешқашан барлығын есте жақсы ұстап тұра алмаймын» «бұл менің қолымнан келмейді» деп барлығын өздерінің зияткерлік қабілеттерінен көретін.

Алайда оқушылардың қалған жартысының «дүниетанымды кең» болып шықты. Олар мүмкіндік пен жетістік оқуға байланысты, оқу уақыт пен жігерді талап етеді деп ойлайды. Қиындыққа тап болған кезде олар «мен «жүгенді тарта тұрып», алдымен мұны түсініп алуым керек» және «мақсатқа жетуге аз ғана қалды» деп жігерлене жұмыс істейді.

Двек барлығын тастау немесе бір нәрсеге табандылықпен қол жеткізу туралы шешім қабылдау дағдының шынайы деңгейіне байланысты еместігін білгенде таң-тамаша болды. Дайындықтары жақсы оқушылардың көбі бірден беріле салатын, күмәнданатын, өздерінің сәтсіздігін ақыл-ойының аздығымен байланыстыратын, ал дайындықтары аздау оқушылар қиындықты құлшына, табанды жеңе білді.

#### **Ақыл-ой қабілеттері шектеулі деп ойлайтын оқушыларға қалай көмектесуге болады?**

Двек барлық оқушылар жеңілісті өзінің кемшілігі деп қабылдаудың орнына, жай ғана тапсырманың сәтсіз орындалуы деп қарастыруын ынталандыруды ұсынады, ал оны қажырлылық пен табандылық арқылы жақсартуға болатындығын жеткізу керектігін ескертеді. Ол, мәселен «Сен осындай тапсырмаларды тамаша орындайсың» деген сияқты жеке тұлғаға бағытталған мадақтаудан аулақ болуды ұсынады, өйткені мұндай мадақтау түрі оқушының жеке қасиеттері есебінен жеткен жетістігін меңзеп, оқушыларға қиындықтарды өздерінің жеке әлсіздіктері деп қабылдауға үйретеді. Керісінше, Двек «сен шынымен де тырыстың» немесе «мұны орындаудың жақсы тәсілін таптың» деген сияқты үдеріске бағытталған мақтауды ұсынады, өйткені ол баланы күш-жігер жұмсалатын, тиімді стратегияларды табуға бағытталған, табысқа жетуге қажетті үдеріске бағдарлайды. Сонымен қатар ол «сенің тапсырманы мұқият қарап, өз қорытындыларыңды дәлелдеу үшін сапалы деректер ұсынғаның көрініп тұр» деген сияқты тапсырмаға бағытталған мақтауларды қолдануды ұсынады.

Двек зияткерлік қабілеттері терең оқушылар қолданатын ішкі диалогті зерделей отырып, мұғалімдерге оқушыларда ұшырасатын қиындықтардың белгілі түрлері бойынша айрықша тапсырмаларды шешуге арналған стратегиялар ұсына отырып, оқушылардың табандылығын қолдауды ұсынады. Ғалым мұғалімдерге, біріншіден, оқушыларға дағдыны үйрену кезінде уақыт пен күш-жігер жұмсау қажеттігін, екіншіден, басындағы сәтсіздік бұл тапсырманың жұмыс істеуге тұрарлық тапсырма екендігінің көрсеткіші болып табылатындығын нақты түсіндіруді ұсынады.

**Керол Двектің сауалнамасы (1-қосымшаны қараңыз).**

**Пайдаланылған әдебиет**

Dweck, C. (2000) *Self-theories: Their role in motivation, personality and development* [Өзіндік қабылдау теориясы: ынталандыру, даралау және дамытудағы оның рөлі]. Philadelphia: Taylor and Francis.

*1-қосымша. К. Двек құрастырған сауалнама*

<b>Ақыл-ой қабілеттері шектеулі болып табыла ма? Сіз мұнымен келісесіз бе? Бір пікірді таңдаңыз.</b>	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Үзілді-кесілді келіспеймін
Сізде белгілі бір ақыл-ой қабілеттерінің қоры бар және сіз оны түбегейлі өзгерте алмайсыз.				
Сіздің ақыл-ой қабілеттеріңіз өте қарапайым және сіз оны түбегейлі өзгерте алмайсыз.				
Сіз бір жаңа нәрсені зерделей аласыз, алайда сіз өзіңіздің ақыл-ой қабілеттеріңізді өзгерте алмайсыз.				
Сіздің ақыл-ой қабілеттеріңіздің деңгейі маңызды емес, сіз кез келген уақытта оны аздап өзгерте аласыз.				
Сіз өзіңіздің ақыл-ой қабілеттеріңізді едәуір өзгерте аласыз				
<b>Жеке қасиеттер. Біреуін таңдаңыз.</b>	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Үзілді-кесілді келіспеймін
Сіз өте мейірімді адамсыз және мұны айтарлықтай өзгертуіңіз екіталай.				
Сіздің қаншалықты мейірімді адам екеніңіз маңызды емес, сіз кез келген уақытта едәуір өзгере аласыз.				
Сіз нәрселерді басқаша жасай аласыз, бірақ жеке тұлғаңыздың маңызды бөліктерінің өзгеруі мүмкін емес.				
Сіз өз мінезіңіздің негізгі белгілерін кез келген уақытта өзгерте аласыз.				

## ТІЛ ҮЙРЕНУДЕ СТРАТЕГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Оқушылар тіл үйренуде белгілі бір стратегияларды қолданғанда жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Кейбір зерттеушілер (Рубин, 1975; О’Малли және Чамот, 1985; Макаро, 2006; Оксфорд, 2011) бұндай стратегияларды оқудың тамаша құралы деп санайды.

Жалпы алғанда, стратегиялар оқушыға тіл үйренуде тиімділікті қамтамасыз ететін, яғни ақпаратты оқуға, табуға, сақтауға және пайдалануға көмектесетін әрекеттер жиынтығы. Стратегияны осы тұрғыдан қарастыру оны стратегиялардың басқа түрлерінен, атап айтқанда қарым-қатынас стратегиясынан айыруға мүмкіндік береді.

1985 жылы О’Малли оқудың үш стратегиясын атап көрсетеді:

- *метатанымдық*,
- *танымдық*;
- *әлеуметтік*.

Метатанымдық стратегиялар жоспарлау, мониторинг және оқу жетістіктерін бағалаумен байланысты.

Танымдық стратегиялар тікелей алатын ақпаратпен байланысты, ал әлеуметтік стратегиялар қоршаған адамдармен жұмыс жүргізуді және өзін-өзі бақылауды көздейді.

Кейбір ғалымдар (Гриффис, 1985) стратегияның өзіндік 6 ерекшеліктерін бөліп көрсетеді:

- *белсенділік* – оқушының жасайтын әрекеті, оның ақыл-ой қабілеттілігі және физикалық мінез-құлқы.
- *саналылық*;
- *таңдаушылық* – оқу стратегиясын ақылмен таңдай білу;
- *мақсатқа бағытталғандық*;
- *бақылау* – оқушы оқу үдерісін бақылайды және реттейді;
- *тілді оқу* – алған білімдерін іс жүзінде қолдануға балама ретінде.

Стратегиялармен жұмыс сонымен қатар оқушыларға оқуда көмектесетін түсінікті, таныс жұмыстарды қамтиды, оқу тиімділігін арттыруға бағытталған стратегия туралы оқушылардың білімдерін кеңейтеді.

Алайда, оқушыларға тіл үйрену стратегияларын қолдану туралы еске салып отыру керек. Егер сіз бұны тек қана бір сабақта істесеңіз, онда оқушылардың көпшілігі бұл туралы ұмытып кетеді, тек бір-екеуі ғана есте сақтап, сабақта қолданады.

Бұдан әрі тыңдау, оқу, жазу, айту және жаңа лексикалық бірліктерді зерделеу дағдылары кезек-кезек қаралатын болады. Бірақ стратегиялар қатары аталғандармен шектелмейді. Мүмкін, сіз және сіздің оқушыларыңыз бұл тізімді толықтырарсыздар.

Griffiths, C. (2008). *Lessons from Good Language Learners*. Cambridge: CUP.

Macaro, E. (2006). Strategies for language learning and for language use: Revising the theoretical framework. *The Modern Language Journal*, 90/3, 320-337.

O’Malley, J. M., Chamot, A., Stewner-Manzanares, G., Kupper, L. & Russo, R. (1985). Learning strategies used by beginning and intermediate ESL students. *Language Learning*, 35/1, 21-46.

Oxford, R. (2011). *Teaching and Researching Language Learning Strategies*. Pearson Longman.

Rubin, J. (1975). What the ‘good language learner’ can teach us. *TESOL Quarterly*, 9/1, 41-51.

## **Оқылымға байланысты стратегиялар**

### **Оқудың алдында мен...**

- орындайтын тапсырмаларды түсінетіндігімді тексере аламын;
- мәтіннің /суреттердің/ кестелердің/ сызбалардың аттарымен және тағы басқа сілтемелермен таныса аламын;
- осы мәтінде пайдаланылуы мүмкін сөздерді ойластыра аламын;
- өзім игерген энциклопедиялық білімдерді қолдана аламын (мәтіннің мазмұнын алдын ала болжау, т.б.).

### **Оқып отырғанда мен...**

- мәтіннің түрін анықтай аламын (тарих, жаңалық және т.б.);
- мәтінді жылдам оқып, негізгі идеясын түсіне аламын;
- мәтін кім үшін жазылғанын түсіне аламын (нысаналы аудитория);
- автордың мақсатын анықтай аламын (сендіру, хабардар ету, суреттеу);
- егер мәтіннің жеке бір бөліктерін түсінбесем, үрейленбеймін, бұл қалыпты жағдай;
- таныс сөз бен сөз тіркестерін таба аламын;
- атаулар мен аттарға, тыныс белгілерінің қолданылуына көңіл бөлемін;
- таныс емес сөздерді елемей қалдыра аламын;
- грамматикалық құрылымдардың (шақ, сөздердің орны) байланысын орната аламын;
- логиканы пайдалана аламын.

### **Оқығаннан кейін мен...**

- нәтижені талдап, ненің сәтті шыққанын анықтай аламын;
- оларды сөйлегенде, жазуда пайдалану үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестерін теріп жаза аламын;
- пайдаланылған стратегияларды талдай аламын;
- анағұрлым тиімді стратегияларды сыныппен талдай аламын.

## **Оқылымға арналған тапсырмалар:**

### **1. Біз қандай стратегияларды пайдаланамыз?**

Мұғалім тапсырма береді. Орындап болғаннан кейін, оқушылар барлық пайдаланған стратегияларды айтып шығады. Стратегияның қайсысы ең тиімді болғанын анықтау мақсатында оларды жоғарыда айтылған стратегиялармен салыстырады. Мәтінді оқу кезінде бірнеше жаңа стратегияларды сынайды.

### **2. Топта оқу**

Сабакқа дайындалудың алдында мұғалім көлемі үлкен мәтінді алып, оны параграфтарға бөледі. Сыныпты топтарға бөліп, әр топқа бір-бір параграфтан береді. Оқушылар мәтінмен жұмыс жасау стратегияларын пайдалана отырып, өз мәтіндерін өңдеулері керек, сондай-ақ мәтінді аудармай, оның негізгі мағынасын беру керек.

Пайдаланған стратегиялар туралы талқылаған кезде оқушылар мейлінше тиімді стратегиялар бойынша қорытынды шығарады. Әр топ өз тізімін жасайды.

### **3. Мұғалімнің үлгісі**

*«Дауыстап айтылатын ой» стратегиясы*

Аталған стратегияны пайдалана отырып, мұғалім оның мәтінмен қалай жұмыс істейтінін (өзінің ойлау логикасын) көрсетеді.

Мәтінді проектор арқылы шығарған кезде оқушыларға мәтінмен жұмыс істеу стратегиясын түсіндіру қажет. Өзіңіздің болжамды іс-әрекеттеріңізге түсініктеме бере отырып, дауыстап сұрақ қойыңыз:

*«Мен ең алдымен не істер едім? Мәтіннің не туралы екенін түсіну үшін мен суреттерге қарар едім. Мен қаланың орталығын, көп кісілерді көріп тұрмын. Мәтінде*

*сандар, статистикалық мағлұматтар көп екен. Маған бұл мақала қаладағы өмір туралы жаңалықтардан алынған сияқты және т.б.»*

Маңызды ақпаратты көрсету үшін, маркер пайдаланыңыз.

### **Тыңдалымға байланысты стратегиялар**

#### **Тыңдардың алдында мен...**

- орындайтын тапсырмаларды түсінетіндігімді тексере аламын;
- мәтіннің /суреттердің/ кестелердің/ сызбалардың аттарымен және тағы басқа сілтемелермен таныса аламын;
- осы мәтін бойынша тапсырмада пайдаланылуы мүмкін сөздерді ойластыра аламын;
- өзім игерген энциклопедиялық білімдерді қолдана аламын (мәтіннің мазмұнын алдын ала болжау, т.б.).

#### **Тыңдап тұрғанда мен...**

- мәтіннің түрін анықтай аламын (әңгіме, жаңалық және т.б.);
- артында шығатын дыбыстарға (шу және т.б.) көңіл бөле аламын;
- үзіндіде не туралы талқыланатынын түсінуге тырысамын;
- әңгімеге қатысушылардың даусы, үні, интонациясы туралы ойлай аламын;
- егер мәтіннің жеке бір бөліктерін түсінбесем, үрейленбеймін, бұл қалыпты жағдай;
- таныс сөз бен сөз тіркестерін таба аламын;
- атаулар мен аттарға көңіл бөлемін;
- оларды ішімнен бірнеше рет қайталап, таныс емес сөздерді жаттай аламын;
- сөйлеу ағынын мәнді бірліктерге бөлуге тырысамын;
- түсініксіз үзінділерді жазып аламын, логикалық жүйелі дұрыс сөйлем құра аламын;
- грамматикалық құрылымдардағы (шақ, сөздердің орны) байланысқа көңіл аудара аламын.

#### **Тыңдағаннан кейін...**

- ненің сәтті шыққанын анықтай аламын;
- пайдаланылған стратегияларды талдай аламын.

#### **Тыңдалымға арналған тапсырмалар:**

«Оқу» бөлімінде жазылған кейбір тапсырмаларды тыңдау кезінде де қолдануға болады.

#### **1. Біз қандай стратегияларды пайдаланамыз?**

Мұғалім тапсырма береді. Орындап болғаннан кейін, оқушылар барлық пайдаланған стратегияларды айтып шығады. Стратегияның қайсысы ең тиімді болғанын анықтау мақсатында оларды жоғарыда айтылған стратегиялармен салыстырады. Мәтінді оқу кезінде бірнеше жаңа стратегияларды сынайды.

#### **2. Мұғалімнің үлгісі**

*«Дауыстап айтылатын ой» стратегиясы*

Аталған стратегияны пайдалана отырып, мұғалім оның мәтінді тыңдаған кезде қалай жұмыс істейтінін (өзінің ойлау логикасын) көрсетеді. Өзіңіздің болжамды іс-әрекеттеріңізге түсініктеме бере отырып, дауыстап сұрақ қойыңыз:

*«Мен ең алдымен не істер едім? Мен аттарға, атауларға, тірек сөздерге көңіл бөле отырып, мәтіннің негізгі идеясын ұғуға тырысар едім. Ал енді мен...»*

Енді қиын жағдайларды талқылау үшін оқушыларға *тейпскрипт* таратуға болады.

Тыңдау алдында оқушыларға ылғи стратегияларды пайдалануды ескертіп отыру керек.

#### **Жазылымға арналған стратегиялар**

#### **Жазар алдында мен ...**



- менің орындайтын тапсырмаларды түсінетінімді тексере аламын;
- жазуда пайдалануға болатын идеяларды жазып ала аламын;
- өз идеям мен ойларымды білдіру үшін қажетті жоспар әзірлей аламын;
- жазу кезінде қолдануға болатын грамматикалық құрылымдарды (шақ, шылаулар, үстеулер, сын есімдер) ойластыра аламын.

#### **Жазып отырғанда мен...**

- сөздікті пайдалана аламын;
- синонимдерді келтіре аламын;
- жазылып қойылған сөйлемдерге қайта оралып, оларды тексере аламын;
- жұмыстың шимай нұсқасын жазып, оны түзете аламын.

#### **Жазып болғаннан кейін мен...**

- жазған шығармамды дауыстап оқып шыға аламын (оның қалай естілетінін талдай аламын);
- грамматикалық құрылымдардың дұрыс қолданылуын (шақ, бастауыш пен баяндауыштың үйлесімі, сауаттылығы және т.б.) тексере аламын;
- шығармаға тағы қандай әдемі сөздер мен сөз тіркесін қосқым келетінін ойластыра аламын;
- қажет болса, жұмысқа өзгерістер енгізе аламын;
- жоғарыда айтылған кезеңдерді бірнеше күннен кейін іске асыра аламын.

#### **Жазылымға арналған тапсырмалар:**

##### **1. Бірлесіп жоспарлау**

Мұғалім оқушыларға ұсынылған тақырып бойынша идеяларды, ойларды, тірек сөздерді және құрылымдарды жазу туралы немесе оны кейіннен талқылап, бағалау үшін шығарма жазу туралы алдын ала тапсырма береді.

##### **2. Мұғалім тапсырмаларды құрастырады және оларды бүкіл сыныппен бірлесіп орындайды.**

Мұғалім алдын ала әзірлеген тапсырма бойынша оқушылар шығарма тақырыбын барынша толық пысықтауға бағытталған бірқатар іс-шараларды орындауға тиіс болады:

- ұсынылған тақырып бойынша эскиз жасау;
- шығарманың тақырыбына байланысты тірек сөздерді теріп жазу;
- негізгі грамматикалық құрылымдарды (шылаулар және т.б.) және жақсы жазбаша жұмыста болуға тиісті басқа элементтерді талдау.

Талқылау барысында ұсынылған барлық идеялар тақтаға жазылады, мұғалім жоғарыда айтылған идеяларды ескере отырып, сыныппен бірлесіп шығарманы тақтаға жаза бастайды. Мұғалім мезгіл-мезгіл стратегияларға қайта орала отырып, шығарма жазуға оқушыларды да қатыстыра алады.

#### **Айтылымға арналған стратегиялар**

##### **Сөйлер алдында мен...**

- дыбыс/ бейнежазбаны тыңдап/ қарап, дикторлардың сөйлеу мәнеріне еліктей отыра, сөз сөйлеп, дауыс ырғағын тексере аламын;
- мен сөйлесетін адам туралы ойлай аламын. Ол сөйлеудің қандай стилін пайдаланады (ресми, ауызекі сөйлеу); әңгіме барысында біз қандай тақырыптарды талқылаймыз, ол үшін маған қандай сөздер мен сөз тіркестері қажет болады;
- барлығы жақсы болатынына өз-өзімді сендіре аламын.

##### **Сөйлеу барысында мен...**

- қарапайым сөз тіркестерін қолдана аламын;
- сөйлеушінің айтқан сөзін басқаша жеткізе аламын;

- дұрыс екендігіне сенімім жоқ пікірлерден аулақ бола аламын;
- синонимдерін қолдана аламын («свитер» - «пуловер», т.б.);
- көп мағыналы сөздерді қолдана аламын («зат», «нәрсе», т.б.);
- антонимдерді пайдалана аламын («жақын» - «алыс», т.б.);
- жанымдағы адамнан көмек сұрай аламын («Бұл ағылшынша қалай айтылады?», «Бұны қалай атар едіңіз?», т.б.)
- «mmm», «мен не айтайын деп едім?», «білесіз бе» сияқты одағайлар, сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана аламын;
- мүмкіндік болса, дайындық жасап, өз сөзімді жазамын және/немесе қайтадан жаза аламын;
- толқуымды басу үшін мәтінді дауыстап (өзіммен өзім) айта аламын. «Бәрі өте жақсы болады», «Менің акцентім өте жақсы», «Сөйлеуіме көңіл бөлу керек», «Күлімде, әрі асықпа» деген сияқтыларды айтып, өз-өзімді тыныштандыра аламын.
- «Барлығы жақсы дыбысталып тұр ма?» деп өз-өзімнен сұрай аламын.

#### **Сөйлегеннен кейін мен...**

- сөйлескен адамымның пікірін сұрай аламын;
- жаңа сөздер мен ұғымдарды теріп жазып, іштей айтып, қайталай аламын.

#### **Айтылымға арналған тапсырмалар:**

Оқушыларға сыныпта орындау үшін айтылымға қатысты тапсырмалар беріледі:

1. жұмыс жоспарын құру;
2. өздерінің сөйлейтін сөздерін (mp3) жазу;
3. жұмыс барысында қолданылған стратегияларды атап өтіп, қорытынды жасау;
4. орындалған жұмысты басқа оқушылармен талқылау.

Сөйлеуге бағытталған стратегиялар	1 тапсырма: ауа райының өзгеруін талқылаңыз 14/2/12	2 тапсырма : Шылым тартудың мәселесін талқылаңыз 2/3/12	3 тапсырма: жоғары білім туралы сөйлесу 25/3/12
Сол тіл өкілдерін тыңдау және сөйлегенін келтіру арқылы дыбыстарды дұрыс айтуды пысықтау		√	√
Сөйлеуде антонимдерді қолдану			

5. оқушылар қолданған стратегияларды белгілейтін сызба құрастыру (жоғарыға қараңыз).
  6. өздері сөйлеген сөздерін тыңдап, жақсартуға болатын жерлерін атап көрсету.
  7. айтылымға бағытталған тағы бір тапсырма орындау.
  8. стратегияларды пайдалану туралы шағын талдау жазу.
- Талдау аяқталғаннан кейін келесі жолы қолданылатын стратегияларды таңдап алу қажет.

#### **Жаңа лексикалық бірліктерді оқуға бағытталған стратегиялар**

- жаңа сөздерді бұрын үйренген сөздермен байланыстырып, оларды жүйелеп жазып отырыңыз;

- сөздерді жақсы есте сақтау үшін суреттер пайдаланыңыз;
- сөздердің қолданылуы мүмкін жағдайларға байланысты есте сақтауға тырысыңыз;
- сөздерді санат бойынша топтаңыз;
- «қара-жап-айт-жаз-тексер» техникасын қолданыңыз;
- 1. сөзге қараңыз
- 2. оны жауып тастаңыз
- 3. оны ауызша айтып шығыңыз
- 4. оны есте сақтауыңыз бойынша жазыңыз
- 5. жазғаныңызды тексеріңіз
- 6. егер қате жіберсеңіз, жоғарыда жазылған тізім бойынша қайталаңыз;
- сөздерді есте жақсы сақтау үшін, үнемі қайталап отырыңыз;
- сөздерді mp3 жазып, оларды бос уақытыңызда тыңдап отырыңыз;
- жаңа сөздердің тізімін жасап, оларды ылғи өзіңізбен алып жүріңіз, бос уақытыңызда қайталап отырыңыз;
- сізді біреу жүйелі тексеріп тұруын өтінізіз;
- мнемотехника мен ұйқасты ойластырыңыз;
- жаңа сөздермен ойын ойлап табыңыз;
- жаңа сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

**Жаңа сөздерді есте сақтау үшін пайдаланатын тапсырмалар:**

1. жаңа сөздерді үйде оқып келуге тапсырма беріңіз ;
2. келесі сабақта оқушылардан осы тапсырманы қалай орындағандарын сұраңыз;
3. пайдаланған стратегиялардың тізімін жасау;
4. оқушылар жаңа сөздермен жұмыс жасауда пайдаланғысы келетін стратегияларды таңдау, оларды қолдану және тиімділігін талдау;
5. басқа стратегияларды іздестіріп, жоғарыда көрсетілген кестеге қосу.
6. Төменде келтірілген кестені толтыруға болады.

Сөйлеу стратегиялары	Қолданылды: 14/2/12	Қолданылды: 2/3/12	Қолданылды 25/3/12
«Қара-жап-айт-жаз-тексер» стратегиясы		√	√
Басқа стратегиялар (оқушыларға өздерінің оқу стратегияларын қосуға мүмкіндік беру керек)			

## ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ДРАМА

Драманы (сахналау, рөлдік ойын) тандаған жағдайда оның мазмұны, сахналық шарттылықтар, өткізу нысаны ескеріледі, бұлар пәндік салада кең ауқымды жұмыстар жүргізуге көмектеседі.

Драмаға жүгіну сауаттылықтың дамуына ғана емес, сонымен қатар жеке тұлға, тұлғааралық қарым-қатынас психологиясының, этиканың, мінез-құлық мәдениетінің дамуына, үздік моральдық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Педагогикалық құрал ретінде драма *эстетикалық өзара әрекеттесу* арқылы іске асырылады, ол *«ұғым арқылы емес, сезімдік тәжірибенің құрылымдық элементтерін қабылдау, ...өз қызметін сенім мен түйсіну арқылы жүзеге асыратын адамға тән эстетикалық қабылдау арқылы әрекет ететін зияттың көрінісі болып табылады; мәселен, зияттың логикалық тұжырым сияқты басқа түрлерімен салыстыруға келетін түрлерінің бірі болып табылады»* (Abbs; 1989).

### Драма ағылшын тілін эксперименталды оқытудың педагогикалық амалы ретінде

#### Ағылшын тілі сабағындағы драма:

Бұл блок 5 тараудан тұрады және мұғалімдерді драманы сауаттылық деңгейін көтеруге арналған педагогикалық құрал ретінде қалай қолдануға болатындығымен таныстырады. Жоспар демократиялық оқыту және оқу қағидаттарына негізделіп, бірқатар негізгі ұғымдарды қамтиды.

Мысалы, оқу тиімді болу үшін ол:

- Эксперименталды және тәжірибеде жүзеге асырылуға тиіс;
- Қоғамдық қажеттіліктермен үйлесімді;
- Белсенді болуы керек;
- Тілектестік, түсіністік пен сенімге негізделеді.

#### Зерделеуге арналған сұрақтар

Драманы талдай, зерделей отырып, оқушылар нені үйрене алады?

- Адамның мінез-құлқы мен ол өмір сүретін әлемді түсіну;
- Ойлар мен сезімдер өзгере отырып қалай дамитынын түсіну;
- Мәдени дискурс (тілдік тәжірибе) қарым-қатынастың тиімді құралы екендігін түсіну.

#### Оқушылар драма арқылы қалай білім алады?

Форма пен мазмұнды зерделей отырып, қажетті дағдыларды қалыптастыратын тәжірибелік тәсілдер арқылы.

#### Драма негізінде оқыту оқытудың басқа әдістерінен несімен ерекшеленеді?

Драманы пайдалану негізінде оқыту басқа тәсілдерден оның өзара әрекеттесу тәсілімен, яғни эстетикалық-танымдық және эмоциялық өзара әрекеттесумен ерекшеленеді.

*Сіздерге осы курста зерделеуге болатын сұрақтарды ұсынамыз.*

*Сұрақтар Сіз жұмыс істейтін оқушылардың, мектептің жеке қажеттіліктерін және жағдайларды ескере отырып құрастырылады.*

## 1. ІС-ӘРЕКЕТТІК ОҚУ

Біз бұл бөлімде драма негіздерін сахналық ойын және іс-әрекеттік оқу арқылы жүзеге асырылуы тұрғысынан қарастыратын боламыз.

Әдетте сахналық (рөлдік) ойын оқудағы жеке тәсіл ретінде қарастырылмауына қарамастан, ол ертеден қолданылатын оқу әдістерінің бірі болып табылады.

Ол сыныпта орындалатын, алдын ала келісілген бірқатар шаралардан басталады. Бұл жағдайда сенім мен құрмет білдіру қарым-қатынастың бұл сияқты тәсілін іске асырудың негізі болмақ.

### **Ойынның негізгі сипаттамалары:**

- ойын ережесін белгілеу;
- ойнау;
- «рөлге ену».

### **Драма бұл...**

- мәдениет пен әлеуметте болып жатқан негізгі оқиғаларды қамтитын динамикалық іс-әрекет;
- топтық іс-әрекет;
- ойластырылып іске асырылатын іс-әрекет;
- рөлдер және қарым-қатынастардың дамуын зерделеу режимі.

### **ТЕОРИЯҒА КІРІСПЕ** («Іс-әрекеттік оқу» таныстырылымын қара)

## ЖАТТЫҒУЛАР

### **1. Кіріспе (ынтымақтастық пен сенім орнату)**

Драманы пайдаланудың бірнеше идеялары ұсынылып отыр.

#### **A. «Ұқсастықты тап» (бүкіл сыныпқа арналған тапсырма)**

Оқушылар 3 минут ішінде сыныпта жүріп өздерін таныстырады және өзіне ұқсас әдеттері мен қызығушылығы бар адамды табуға тырысады. Олар лайықты кандидатураны тапқанда, барлығына ортақ бір нәрсе бар адамдар жиналған топ құрады (сынып жетекшісі де топ мүшесі ретінде бірге қосылады!)

#### **Топ мүшесін іздеуге арналған өлшемдер:**

- бір айда туғандар;
- үйінде үй жануарын ұстайтын адамдар;
- екі ағасы бар немесе бірнеше ағасы бар адамдар және т.б.

#### **B. Күн... сәулесін төгеді (бүкіл сыныпқа арналған тапсырма)**

Оқушылар шеңбер болып отырады, бір адам ортада орындықсыз тұрады да «Күн ... сәулесін төгеді» дейді, бұл орайда көп нүктенің орнына «көзілдірігі бар» немесе «компьютер ойындарын жақсы көретін» деген сияқтыға келтіріп өз тарапынан бірдеңе қосады. Осы сипаттамаға сәйкес келетіндер осы кезде орындарын ауыстырады, ал ортада тұрған адам олардың орнына отырып үлгеруі керек, сөйтіп ауысып отырады.

#### **C. Жұптағы сұхбат**

Жаттығудың екі түрін ұсынамыз – бірінші (1) нұсқа көп уақыт, екінші (2) нұсқа азырақ уақыт қажет етеді.

### **1. Есімдер тарихы:**

Оқушылар жұптасып (жұптар кездейсоқ құрылуға тиіс) мәліметтерді қысқаша жазып

отырып, бір-бірінен сұхбат алады. Олар жауап берушіден оған бұл есім қалай қойылғанын сұрайды. Әрқайсысы өз жауап беруші адамын бүкіл сыныпқа таныстырып, «Бұл ... есімінің тарихы...» деп жалғастырады.

## **2. Мен сіздерді ... таныстырғым келеді:**

Оқушылар жұптасып (жұптар кездейсоқ құрылуға тиіс) мәліметтерді қысқаша жазып отырып, бір-бірінен сұхбат алады. Олар сөйлесетін адамынан көбірек ақпарат алулары керек. Әрқайсысы өз жұбын бүкіл сыныпқа таныстырады, «Мен сіздерді ... таныстырғым келеді» деп бастайды.

## **2. Іс-әрекеттік оқудағы рөлдер мен қарым-қатынастар**

**(Ойдан шығарылған мәнмәтін арқылы сөйлеу және түсінудің дағдыларын дамыту. Рөлдер және өзара қарым-қатынас арқылы тұлғааралық қатынастарды дамыту).**

### **А. Карта ойыны (бүкіл сыныпқа арналған тапсырма)**

Қажетті заттар: Алдын ала дайындалған бірнеше карталар жинағы. Мұғалімге адамның мәртебесі маңызды болып табылатын орын таңдау керек, мысалы, хан сарайы, үлкен компанияның кеңсесі, кино түсіру павильоны.

Ойынның шарты:

1. Сыныптан 4 ойыншы таңдалады. Ойыншылар қорапшадан 4 карта таңдайды, карталар олардың маңдайларына жапсырылады. Картада не бейнеленгенін тек басқа ойыншылар ғана көре алады карталарды маңдайға жапсыру үшін, жіпті қолдануға болады). Сахналау көрсетіледі, ойыншылардың рөлдері картадағы белгілерге сәйкес болуы тиіс. Ойыншылар өз рөлдерін білмегендіктен, ойын барысында басқалар олардың не көрсетуге тиіс екенін түсіндірулері керек.
2. Ойыншылар сахналаудан кейін өздерінің рөлдеріне сипаттама береді, әрі оларға өздерінің рөлдерін түсінуге көмектескен қимыл және сөйлеу арқылы берілген көмектерді атап көрсетеді.

**Жалпы рефлексия: Топ қатысушылары сөздер, іс-әрекет және сезімдер арқылы өзара қарым-қатынастың қалай көрсетілгеніне көңіл аудара отырып, қатысушы ретінде не сезінгендерін талқылайды.**

### **В. Кеңседе (рөлдік жұптармен жұмыс істеу)**

(Драма және рөлдік ойындар арқылы ойдан шығарылған мәнмәтінді анықтау сөйлеу және түсіну арқылы сенімді спикер дағдыларын дамытуға көмектеседі).

Ойдан шығарылған мәнмәтін белгілеу: мұғалім іс-әрекет орнын ұсынады, мысалы, банктегі кеңсе (2 кресло мен үстел).

Оқушылар жұптарға бөлініп, «А» және «В» деп аталады

«А» - несие бөлімінің қызметкері

«В» - қарыз алушы, банк клиенті (оқушылар несие не үшін керектігін өздері ойлап шығарады).

1-бөлім. Оқушылар рөлдерін ойнайды – «А» «В»-ның қарызды төлей алатына сенбегендіктен, сұрақ қояды. «В» аталған дәйектерге қарсы тұрып, дәлелдеу қажет.

5 минуттан кейін мұғалім ойынды тоқтатады және банк қызметкерінен оның шешімі туралы сұрайды.

**Жалпы рефлексия: «А» тобы несие беретіндігін немесе бермейтіндігін талқылайды. «В» өздеріне қойылған сұрақтарды талқылай алады.**

2-бөлім. Мұғалім топқа нәтижесінің қандай болуына қарамастан, тапсырманы одан әрі

орындау үшін барлығына несие берілген сынай таныту қажет екендігін хабарлайды. «А» банк қызметкері болып қалады, «В» банк менеджеріне айналады. Енді оқушылар басқа рөлдерді ойнау керек, онда банк менеджері несие бөліміне телефон соғып, клиенттің несиені төлемейтіндігін хабарлайды. Несие бөлімінің қызметкерінің жұмыста қалуы бастықтың шешіміне байланысты болады.

### **ТАПСЫРМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША РЕФЛЕКСИЯ**

**(мұғалімдердің тренингі аясында орындалады)**

Осы бөлім бойынша оқушылар түсіну және сөйлеудің қандай дағдылары іске асырылғанын талқылайды.

Іс-әрекеттік оқу: белгілі бір материалды суреттер арқылы оқытуға қарағанда, рөлдік ойындар арқылы оқыту әдісі тиімдірек болып табыла ма, олай болатын болса, неліктен екендігін тақылаңыздар.

### **2-бөлім. Әлеуметтік тіл**

Біз бұл бөлімде «қарым-қатынас жасау теориясының» негізгі ұғымдарын қарастырамыз және іс жүзінде драманың тиімді қарым-қатынас жасауды дамыту үшін қажетті мәнмәтінді қалайша қамтамасыз ететіндігін зерттейміз.

Визуалды және ауызша сауаттылықты түсіну рөлдік ойындар арқылы дамытылатын болады. Бұл тарау тілдің әлеуметтік қарым-қатынас арқылы дамитындығына негізделеді. Ана тілді оқудың негізгі қағидаттары:

- *оқу үдерісінің негізі – бала;*
- *өзінің қажеттіліктері, сезімдері мен қалауларын білдіру үшін ынталандыру мен оқудың мақсаты қарым-қатынасқа ниеттенеді.*
- *бала құрдастарымен, ересек адамдармен қарым-қатынастар арқылы, теледидар, ән, сурет, кітап арқылы оқиды;*
- *тілін дамыту үшін бала күнделікті қарым-қатынасты қолданады - өзара әрекеттесу, бақылау, эксперимент, себеп пен салдар;*
- *бала әлеммен өзара әрекеттесу және ойын арқылы адами мінез-құлық туралы білімді игереді (балалар әлеуметтік мәнмәтіннен қол үзбей оқиды).*

Осылайша, ойдан шығарылған әлеуметтік мәнмәтінді қамтамасыз ету арқылы драма тілді үйренуге ықпал ете алады.

Драманы зерделеу арқылы мынадай негізгі ұғымдар зерттеледі:

- Жағдаят (қызмет пен мақсатты аудитория арқылы анықталады);
- Мәдени мәнмәтін (сынып арқылы, оқушылардың ұлты немесе нәсіліне қатысты анықталады).

Мәнмәтінтегі тиімді қарым-қатынас осы негізгі ұғымдарды іріктеу, таңдау және қолдану үдерісіне көмектеседі.

**ТЕОРИЯҒА КІРІСПЕ** («Тілдің әлеуметтік теориясы» таныстырылымын қараңыз)

### **Жаттығулар**

#### **1. Саябақтағы орындық**

(- импровизация – бүкіл сыныпқа арналған тапсырма)

*Сыныптың бір оқушысы бақтағы жалғыз орындыққа отырады. Өзгелері жартылай шеңбер жасап айнала отырады. Басқалардың міндеті: орындықта отырған адамды орнын босатып беруіне көндіру. Орындықта отырған адам өзін жайлы сезінеді, оған қолайлы жағдай тумағанда орнын босатып беруге асықпайды. Басқа оқушылар*

*«орындықта отырғанды» өз орнын босатуға сендіре аламыз деген өздеріне сенімді болған жағдайда ғана ойынға қосылады.*

*«Көндірушілер» өз мақсатына жету үшін әртүрлі рөлдерді қолдана алады. Мысалы; полиция немесе мүгедек адам сияқты т.б. рөлдер.*

*«Отырған» адам шын жауап беріп, өз орнында қалу үшін дәлелді деректерді келтіруі тиіс.*

**Жалпы рефлексия:** Қандай рөлдер орындықта отырған адамның орнын босатуына түрткі бола алды? Нақты сендіре алған кім, неге?

## **2. Бұзақылардың пәтерге шабуыл жасауы**

(бүкіл сыныпқа арналған тапсырма және 3-4 адамнан тұратын топтардағы топтық жұмыс)

Бұл тапсырмада оқушылар «Әлеуметтік тіл» таныстырылымында айтылған теорияны тәжірибеде қолданады.

Оқушылар белгілі бір әрекеттер арқылы тілдерін және сауаттылығын дамытады.

*Жағдаяттың сыртындағы, ішіндегі және шекарасындағы әрекеттер*

I. Оқушыларға бұзақылардың пәтерге басып кіргені туралы шын оқиға басылған газеттер таратылып беріледі (үлестірме материалдар).

Мақалада бұзақы топ үйге келе жатқан екі жас адамның соңына түсіп, жастардың (бірінің аяғы ауыр жұбайын қоса) және басқа пәтерлердің қариялары үйде қалған кезде, үйді қоршауға алып, үйге тас, бөтелке лақтырады. Полиция қызметкерлері шақырылып, жігіттердің біреуі ауруханаға жіберіледі.

II. Бүкіл сынып осы жағдаяттың «ішінде» болған қатысушылардың тізімін жасайды.

Олар; бұзақылар, жастар, қыз, кәрі көршілер, полиция қызметкерлері. Сондай-ақ, жағдаяттың «шекарасында» (аурухана қызметкерлері, газет тілшілері, оқиғаға қатысқан адамдардың ата-аналары мен туыстары) және «сырттағы» адамдар (жаңалықты теледидардан естіген, газеттен оқыған адамдар, парламенте зорлық мәселесін талқылайтын саяткерлер) тізімдері жасалады.

III. Оқушылар топтарда 3-4 адам бірігіп, «қимылсыз суреттер» арқылы сипатталған оқиғалардың көріністерін жасайды.

IV. Содан соң оқушылар оқиғадан кейін мәнмәтінде талқылау үшін қатысушылардың бір тобын тандап алады. Оларға рөлдерді, өзара қарым-қатынастар және талқылаудың мақсаттарын есепке алу керек. Мысалы, полицейдің жігіттердің біреуінен жауап алуы, репортердің бір көршіден сұхбат алуы, саясаткердің жастар арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуына қандай шаралар қолданатындығы туралы оппозициялық партия өкілінің сұрақтарына жауап беруі.

## **ТАПСЫРМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША РЕФЛЕКСИЯ**

**Оқушылар бөлімнің тапсырмалары арқылы әлеуметтік тілдің қалай дамығандығын; осы стратегияларды әдеби мәнмәтінде қалай қолдануға болатынын анықтайды: мысалы, романдағы оқиғаларды, кейіпкер және қаһармандардың арақатынастарын зерделеу.**



## ОҚУШЫЛАРДА ОҚУДАҒЫ ВИЗУАЛДАНДЫРУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Оқушылар үшін 11-14 жаста ғылымды оқудағы маңызды аспектілердің бірі құбылыстар мен оқиғалардың белгілі ауқымын түсіндіру үшін терминдер мен ұғымдарды қолдана отырып, негізгі ғылыми идеяларды қолдану мен пайдалану қабілеті болып табылады. Бұл басты ғылыми идеялар табиғатта абстрактілі, сондықтан да ғалымдар оларды түсіндіру үшін аналогия мен модельдерді жиі қолданады. Ағылшын тілін екінші тіл ретінде үйреніп жатқан оқушылар төмендегідей салаларда табысқа жету үшін сөйлеудің ғылыми стилін қолдануды дамытулары қажет:

- Модельдер мен аналогтарды пайдалануда негізгі ғылыми идеяларды визуалдандыру;
- Болжамдар жасап, айғақтарды түсіндіріп, қорытынды жасауда негізгі ғылыми идеяларды пайдалану;
- Негізгі ғылыми идеяларды ғылыми сұраныс диапазоны шегінде пайдалану.



Модельдер мен аналогтарды пайдалану оқушылардың басты ғылыми идеяларды түсінуін дамытуға көмектеседі.

- Модельдер тиімді оқыту құралы ретінде пайдаланылады;
- Абстрактілі идеяларды суреттеу және елестету үшін модельдер мен аналогтарды пайдалану оқытудың мықты тәсілі болып есептеледі;
- Құзырлы мұғалімдер жалпы модельдер мен аналогтардың күшті, әлсіз жақтарын сезінеді және сыни тұрғыдан ойлауға ұмтылған оқушыларға қолдау көрсетеді;
- Құзырлы мұғалімдер оқушыларды өздерінің модельдерін жасауға тартады.

Ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушылар үшін модельдерді пайдалану ғылымды оқудағы ең күшті құрал болып саналады. Модельдер дерексіз идеялар мен қиын байланыстарды нақты елестетуге көмектеседі. Бұл нақты елестетулердің ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушылар үшін ғылымда өз мүмкіндіктерін ашуда, ғылыми сауаттылығын дамытуда маңызы өте зор.

Ғылымда «модель» терминінің бірнеше түсіндірмесі бар. Ғылымды оқытуда «модель» (үлгі) ұғымын нақты түсіндіру ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқитын оқушыларға қажетті қолдау (көмек) деңгейін анықтауға көмектеседі.

Ғылыми модельдер - ғылыми идеялардың көпшілік мақұлдаған көрінісі, мысалы: жарықтың сәулелері, энергия ұғымы және жасушалардың өмірдің негізі екендігі.

Оқыту модельдері:

- объектілер мен үдеріс болып есептелетін физикалық модельдер, олар өте аз немесе өте көп, немесе абстрактілі идеялар болып есептеледі, мысалы: күн жүйесі, ас қорыту үдерісі, ұсақ бөлшектерді жүйелеу.
- аналогтар, мысалы электр тізбектерін елестету үшін көлік ағыны идеясын көрсетуге болады.
- нысандарды, үдерістерді және веб-жүйелер сияқты дерексіз ұғымдарды көрсететін визуалды диаграммалар.
- ғылыми мәтіннің негізгі бөліктерін түйіндейтін блок-сызбалар.
- жылдамдық, ара қашықтық, уақыт сияқты түсініктер арасындағы өзара байланысты көрсететін кестелер, диаграммалар және математикалық формулалар.



## ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ МОДЕЛІНІҢ ҮЛГІСІ

Эмоциялық

Танымдық

Әлеуметтік

Ынталандырушылық

## ЖАДЫНЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### 1-жаттығу

**Мақсаты:** жадыны дамытуға арналған көптеген стратегияларды пайдалануға үйрену және әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін неғұрлым тиімді стратегияны іріктеп алу.

**Шолу:** басында тапсырма күнделікті өміріміздің аясындағы жады идеясын қарастырады, содан кейін оны мектепте қолдану мәселесіне көңіл аударады. Бастапқыда бірқатар техникалармен танысар алдында есте сақтау және еске түсіру қабілеті тексеріледі, сосын бұл техникалар қысқа жаттығуларда пысықталады, содан кейін жадыға арналған күрделі тапсырмалар кезінде қолданылады. Сабақтың соңында оқушылар қайталау, «жасырынбақ» ойыны, топтау сияқты стратегиялар туралы мейлінше хабардар болуы тиіс.

### Жадыны дамытуға арналған техникалар

**Қайталау:** Сөзді өзіңнің қалауың бойынша еске түсіргенше қайта-қайта қайталау.

**«Жасырынбақ» ойыны:** Оқушылар ақпаратты жаттап алғаннан кейін ақпарат жасырылады немесе өзгертіледі, содан кейін олар өздеріне қажет нәрсені еске түсіруге тырысады. Аталған ақпаратты қайта қарауға болмайды.

**Топтауға арналған тапсырмалар:** есте сақталатын нәрсенің әртүрлі бөліктері арасындағы байланысты табу арқылы топтарды қалыптастыру және оларға ат беру.

**Фрагменттерді қалыптастыру:** үлкен көлемді ақпаратты есте сақтау үшін шағын, оңай есте қалатын «фрагменттерге» бөлу. Техника топтарды қалыптастыру техникасына ұқсайды.

**Қауымдастықтар:** Таныс емес нәрсені бұрыннан таныс нәрсемен байланыстыру арқылы есте сақтау.

**Мнемоника:** Әрбір сөзі есіңізде сақтағыңыз келген нәрсенің алғашқы әрпінен басталатын тіркес немесе сөйлемді ойластыру; мысалы кемпірқосақтың түстерінің ретін еске түсіру үшін пайдаланамыз: (Қызыл, Қызғылт-сары, Сары, Жасыл, Көгілдір, Көк, Күлгін) Қалам Қолымда, Сағындым Жазды, Көктемде Көңіл Көтеріледі.

**Бейнелер тізбегі/«Жады бойынша серуен»:** Сөздер мен нысандар тізімін өзіңіз есіңізде сақтағыңыз келген ретпен кездесетіндей оқиганы ойлап табыңыз.

### 1-жаттығудың жан-жақты сипаттамасы

#### Бой жазу

1. Оқушыларды өз өмірлеріндегі есте қаларлық сәттерді ойлауға шақырыңыз – мысалы, бастауыш немесе жоғары сыныптағы алғашқы күнін, туған күндерді, сосын олардың естеліктерін сыныпта талқылаңыз. Оларға өткен айдың белгілі бір уақыты мен мерзімін пайдалана отырып, сол уақытта қайда болғандарын сұраңыз. Оқушылардың кейбір түрлі ақпараттарды қаншалықты жақсы есте сақтай алатындықтарын және жеке бір оқушылардың басқалармен салыстырғанда ақпаратты тиімдірек есте сақтай алатындықтарын салыстырыңыз.

#### Негізгі тапсырма

2. Сабақты бастамас бұрын сіз оқушылардан осы тапсырмадан кейін бірден зерттеуге дайын жадыны пайдалануды талап ететін айрықша оқыту мақсатын ескергеріңізге көзіңізді жеткізіңіз.
3. Сыныптан бір ақпаратты басқа ақпаратқа қарағанда есте қаларлықтай ететін не екенін анықтаудан бастаңыз және бір нәрсені есте сақтау қабілетіне жеткізе отырып, мектептегі оқуды табысты аяқтаудың, соның ішінде өз пәніңіз бойынша да маңыздылығын түсіндіріңіз.
4. Есте сақтау және еске түсіру есте сақтау үдерісінің бөліктері екенін түсіндіріңіз.
5. Оқушыларға 20 нысан көрсетіңіз – мұны үстел үстінде, ақ интербелсенді тақтада немесе тізімде көрсетуге болады. Оқушыларға нысандарды есте сақтауға 3 минут уақыт берілетіндігін және үш минуттан соң мұғалім нысандарды қалай есте сақтағындықтарын тексеретіндігін түсіндіріңіз. Үш минут уақыт өткен соң бірнеше оқушыға барлық тізімді айтпа және олардың мүмкіндіктерін жазып алыңыз.

6. Оқушыларды нысандарды есте сақтау мен еске түсіруге тырыса отырып, өздері пайдаланған стратегия, тәжірибелерімен алмасуға ынталандырыңыз.
7. Кері байланыстың және өзіңіздің жеке есте сақтау тәжірибеніздің көмегімен бір не екі техниканы қоса отырып, кейбір стратегияларыңызбен бөлісіңіз: қайталау, ақпараттарды топтау тапсырмалары, мнемоника, жадылық серуен немесе қауымдастықтар және оқушыларға оны тәжірибеде қалай пайдалану керектігін көрсетіңіз.
8. Оқушылардың техниканың қалай жұмыс істейтінін және олардың қаншалықты пайдалы екендігін түсінуі үшін әртүрлі тапсырмалардың бірқатарында техниканы орындауға мүмкіндік бере отырып, белгілі бір уақыт беріңіз, мысалы біздің күн жүйеміздегі ғаламшарлар тәртібін есте сақтау, қарапайым сандарды есте сақтау немесе Лондонның метро тармағындағы бекеттерді есте сақтау.
9. Оқушыларға бұрын қолданылған стратегиялардың біреуін қолданудың маңыздылығын көрсете отырып, тағы 20 нысанды есте сақтауға мүмкіндік беріңіз.
10. Оқушылармен қандай техникалар пайдалы болар еді және сіздің пәніңіз, басқа пәндер бойынша да қандай салада олардың қолданылатындығын талқылаңыз.

### Метатану

1. Бұдан әрі сыныппен табысты оқудағы жадының маңызын талқылаңыз. Оқушылардан мектепте оқығандарын қалай есте сақтайтындықтарын және есте сақтауда көмектесетін белгілі стратегияларды пайдалануға тырысатын-тырыспайтындықтарын сұраңыз.

## 2-жаттығу

**Мақсаты:** бұдан әрі жадыны дамыту және ұзақ мерзімді жады мен түсінуде тиімді ұсталатындай ақпаратты есте сақтаудың күрделі тәсіліне үйрету.

**Шолу:** Тапсырма қайталаудың неге тиімді техника болып табылатындығын ашады. Тапсырма сонымен қатар есте сақтаудың еске түсіру кезінде пайдаланатындай есте сақтау үшін мүмкін үдерісті қарастырады. Оқушылар тапсырма соңында ақпаратты есте сақтауға жоғары деңгейде дайын болуы тиіс.

### Ұсынылатын дереккөздер

*Пелманизм немесе жұптық ойын* - сөз немесе суреттері бар бірнеше ойын картасын үшбұрыш түрінде немесе кездейсоқ тәртіпте жаю (оқушылардың қажеттіліктеріне қарай карталардың саны әртүрлі болуы мүмкін). Оқушылар карталарды ашып қарайды да, лайықты жұбын табуға тырысады. Жұбын тапқан кезде карталарды алып тастайды. Карталарды жұбымен көп тапқан оқушылар немесе топ жеңеді.

*Жадыны дамытуға арналған пасьянс* - оқушыларға нысандар мен суреттер жинағы беріледі. Оларға көбірек нысанды есте сақтаулары үшін бір немесе екі минут уақыт беріледі. Нысандар мен суреттер аударылады да, оқушылар нысандар/суреттердің санын көбірек айтуларына қарай ұпай жинайды. Аталған тапсырманы түрлендіру үшін бір немесе одан да көп нысандарды алып тастап, оқушылардан қай нысан жоқ екендігін сұрауға болады.



**1.8-сурет. Эббингауз тиімділігін түсіндіру**

## **2-жаттығудың жан-жақты сипаттамасы**

### **Бой жазу**

1. Барлық сыныппен немесе топта «Жұппен» ойнаңыз (сипаттамасын жоғарыда қараңыз) ойнаңыз.

### **Негізгі тапсырма**

2. Оқушыларға есте сақтауға және емтиханда қолдануға тиіс пән немесе сурет бойынша белгілі ақпаратты беріңіз.
3. Оларға 1-жаттығу туралы еске түсіре отырып, ақпараттың ең көп мүмкін санын есте сақтау үшін бірнеше минут уақыт беріңіз де, алдында таратылған техникалардың көмегімен олардың жадын тексеріңіз.
4. Оқушылардан қандай техниканы қолданғандарын, қолданса неге нақты соны қолданғандарын сұраңыз.
5. Оқушылардан егер есте сақтауға арналған ақпарат бір уақыт ішінде қайта берілсе, ол жадының сапасына қандай әсер ететіндігіне болжау жасауды сұраңыз.
6. Оқушыларға ақпаратты көрсетіңіз, олардың жадын тағы тексеріңіз, олардың нәтижелерін кестеге жазып қойыңыз.
7. Әуелгі кезеңді 5 рет қайталаңыз және нәтижелерін Эббингауз тиімділігін көрсететін бағанға жазып, сыныпқа көрсетіңіз (8.1 суртті қараңыз). Мектепте әртүрлі пәндерді оқу кезінде бұдан қандай шешім шығаруға болатынын талқылаңыз.
8. Есте сақтауда қайталаудың табысты техника болып табылатын себебін анықтаңыз.
9. Нейрондық желінің физикалық моделін жасау арқылы талқыланатын теорияға жалғасатын ғылыми деректерді көрсетіңіз. Физикалық таныстырылымның жақсы әдісі құмды тұғырлықтың түбіне өлшеуіш стақанмен ақырын су құю болып табылады. Су жолын, астаулардың тереңдігін және судың құмға жайылуын бақылай отырып, оны қайталаудың жаңа нейрондық бірігулері мен есте түсірулерін жасауға көмектесетінімен байланыстыру.
10. Ақпаратты неғұрлым тиімді еске түсіруге көмектесу үшін қарапайым байланыстарды табу жолымен есте сақтауға тырысатын ақпарат бөліктерін топтастыру тәсілдерін табуға топтастыру стратегиясын қолданыңыз.
11. Оқушылардан өздері құрған топтарға «атау» беруін сұраңыз, содан кейін атаулардың әрбір тобының астына белгі жасаңыз. Оңай есте сақталатын ақпараттық «фрагменттердің» үлгісі және оның белгілері олардың жадыларын жақсартудың маңызды бөлігі болып табылатынын түсіндіріңіз.
12. Соңында оқушыларға өздерінің «фрагменттелген» жазбаларын талдауға мүмкіндік беріңіз және оларды қайта тексеріңіз.

### **Метатану**

1. Оқушылардың өз жадыларын тиімді пайдалану және ұйымдастыруға тырыса отырып, мектепте ұшырасатын қиындықтарын талқылаңыз және анықтаңыз. Әсіресе, көптеген пәндерді ұйымдастыру мен сабақтар арасындағы уақытты ұйымдастырудағы қиыншылықтарға ерекше көңіл аударыңыз; мысалы, ағылшын тілі сабағы сейсенбі күні, одан кейін тек қана жұма күні өтеді.
2. Оқушылардан жадыны тиімді тасымалдау және білімді қолдану үшін мектептің сабақ кестесінен қандай қорытынды шығаруға болатынын сұраңыз.

### **Дағды мен білімді тасымалдау**

- Барлық пәндер бойынша жаңа тақырып берілгенде оқушыларға осы дағды мен білім саласын естеріне түсіруі маңызды.
- Тілдерде жаңа лексикалық қорды оқу кезінде қайталауды қолдану маңыздылығы мен дамытуға көңіл аударыңыз.
- Математикада есте сақтау және еске түсіру формулаларына мнемониканы енгізіңіз.
- Ағылшын тілінде жады стратегиялары ақындар пайдаланатын әртүрлі поэтикалық тәсілдерді есте сақтау оқушыларға көмек көрсету үшін маңызды болып табылады.

8-KYH







### 3-5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН БІЛІМ АЛУЫН ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Басқа балалармен өз білімімен бөліседі
Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады
Өз мүмкіндіктерін біледі
Назарын бақылай алады және алаңдамайды
Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады
Нені қалай жасағаны туралы немесе нені білгені туралы айта алады
Өз сезімі мен өзгелердің сезімі туралы біледі, көмектеседі және көңілін көтереді
Жаңа тапсырманы сеніммен қолға алады
Мәселелерді шешуден рахат алады
Ойластырып таңдау жасайды және шешім қабылдайды
Өз міндеттері мен мақсатын жоспарлайды
Қиындыққа тап болғанда табанды бола алады
Тапсырманы орындаудың өз жолдарын іздейді
Ересектердің көмегінсіз ақпарат көзін табады
Тапсырманы қашан әрі қалай орындау қажеттігін талқылайды
Сұрақ қояды және жауап береді
Алға басуды қадағалайды және қажет кезде көмек сұрайды
Жеке және құрдастарымен бірлескен тапсырмаға қатысады
Бұрын естіген сөзді өз мақсатына пайдаланады
Құрдастарымен әлеуметтік мәселелерді шеше алады
Тапсырмалар ұсынады



## ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУДІҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Эмоциялық

Танымдық

Әлеуметтік

Ынталандырушылық



## ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУДЫ ДАМУДЫ БАҚЫЛАУ ПАРАҒЫ

(3-5 жастағы БАЛА)

Баланың аты \_\_\_\_\_

Мұғалім: \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Мектеп \_\_\_\_\_

	Үнемі	Әдетте	Кейде	Ешқашан	Түсініктеме
<b>Эмоционалды аспект</b>					
Өз тәртібі мен оның салдары туралы, өзгенің тәртібі мен оның салдары туралы айта алады					
Жаңа тапсырманы сеніммен орындайды					
Назарын бақылай алады және алаңдататын сәттерге қарсы тұра алады					
Алға басуды бақылайды және тиісті тәсілмен көмек іздейді					
Қиындықта табандылық танытады					
<b>Әлеуметтік аспект</b>					
Тапсырманы қашан әрі қалай орындау керектігін талқылайды					
Құрдастарымен әлеуметтік мәселені шеше алады					
Өздігінен әрекет ете алады					
Тапсырманы дербес не құрдастарымен					

бірлесіп орындайды					
Өзгенің сезімін түсінеді, көмектеседі және көңілін көтереді					
<b>Танымдық аспект</b>					
Өз мүмкіндіктерін біледі					
Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады					
Жоспарланған тапсырмалар туралы айта алады					
Шешімді негізді қабылдай алады және таңдау жасай алады					
Сұрақ қояды және жауап береді					
Бұрын зерделенген стратегияны пайдаланады					
Бұрын естіген сөзді өз мақсатына пайдаланады					
<b>Ынталандырушылық аспект</b>					
Ересектердің көмегінсіз ақпарат көздерін табады					
Міндеттерді шешудің жеке тәсілдерін жасап шығарады					
Тапсырманың бастамашысы болады					
Өз міндеттері мен мақсатын жоспарлайды					
Мәселелерді шешкенді ұнатады					



## Өз бетінше оқуды дамыту моделінің үлгісі

Іс-шара

Күні

Балалар

Зерттеу

Өзін-өзі реттеудің негіздемесі

### Эмоциялық:

- Өз тәртібі мен өзгенің тәртібі туралы және оның салдары туралы айта алады.
- Жаңа тапсырманы сеніммен орындайды.
- Назарды бақылай алады және алаңдататын сәттерге қарсы тұра алады.
- Алға басуды бақылайды және тиісті тәсілмен көмек іздейді.
- Қиындықта табандылық танытады.

### Танымдық:

- Өз мүмкіндігін біледі.
- Нені қалай жасағаны туралы немесе нені үйренгені туралы айта алады.
- Жоспарланған іс-қимыл туралы айта алады.
- Шешімді негізді қабылдай алады және таңдау жасай алады.
- Сұрақ қояды және жауаптар ұсынады.
- Бұрын үйренген стратегияны пайдаланады.
- Бұрын естіген сөзді өз мақсатында пайдаланады.

### Әлеуметтік:

- Тапсырманы қашан әрі қалай шешуді келіседі.
- Құрдастарымен әлеуметтік мәселені шеше алады.
- Бірге және кезектесіп дербес жұмыс істейді.
- Құрдастарымен бірлескен жұмысқа қатысады.
- Өзін қоршаған адамдардың сезімін түсінеді, көмектеседі және қолдау білдіреді.

### Бінталандырушылық:

- Ересектердің көмегінсіз жеке ресурстарды табады.
- Міндеттерді шешудің жеке тәсілдерін жасап шығарады.
- Жаңа іс-әрекеттер ұсынады.
- Өз міндеттері мен мақсатын жоспарлайды.
- Тапсырманы шешкенді ұнатады.



9-KYH







## **БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН ӨЗІ РЕТТЕУІН БАҚЫЛАУ: 3-5-жастағы балаларды тексеру парағы**

**3-жаттығу.** 3-5 жасар баланың өздігінен білім алуын тексеру парағы.

Курс тыңдаушыларын 2-3 адамнан шағын топқа бөліңіз. Әр топқа қос қайшыдан беру қажет.

Тапсырманы орындау үшін әр топқа:

- 3-5 жасар баланың орындаған тапсырмасының көшірмесі;
- анықтамалар шәкілінің көшірмесі қажет.

Тыңдаушыларға Бронсон (2002) айқындаған өзін өзі реттеудің төрт саласы: танымдық, әсершілдік, әлеуметтік және ынталандырушылық туралы ескертіңіз.

Өз бетінше оқуды дамыту тапсырмасының парағы CindLe жобасы аясында әзірленгенін түсіндіріңіз. Қазіргі уақытта ол пайдаланылады және халықаралық жобалардың қосымша тізіміне енген.

Тыңдаушылардан орындалған тапсырманың көшірмесін жолақтарға кесіп, анықтамалар шәкіліне сәйкес оны санаттар бойынша бөлуді сұраңыз.

Пікірлердегі кез келген айырмашылықты талқылай отырып, топтар арасында орындалған тапсырманың нәтижесін салыстырыңыз. Әдеттегідей, кез келген ұқсастықтар мен балама түсіндірулер құпталады. Ғылыми-зерттеу жобасында «ең жақсы сәйкестік» модельдері алынды.

**Тренерлер:** Орындалған тапсырмалары бар парақтар онда өлшемдер шәкіліне қарай қалай топтастырылғанын салыстыру үшін «Өз бетінше оқуды дамытуды бақылау парағын» қараңыз.

Осы басылымға қоса берілген дискіні көрсетіңіз.

«Іс-шаралар» таныстырылымы үшін пайдаланылатын әртүрлі үш тәсіл бар:

- ескертпелері бар бейнежазба;
- тәжірибе элементтері қосылған бейнежазба;
- ескертпелер мен суреттер қоса берілген дыбыстық таныстырылым.

### **4-жаттығу.** *Бейнероликтерді талдау*

Курс тыңдаушыларын жұппен жұмыс істеуге шақырыңыз.

Әрбір жұп дискідегі 3-5 жастағы балалар туралы бір оқиғаны таңдап, жазу үшін бақылау парағын (CINDLE өз бетімен оқуды зерттеудің 2-парағы) пайдаланып, оларды бақылау тізіміндегі 21 тұжырыммен салыстыра отырып талдауға тиіс.

Талқылау барысында талдауды топтар арасында үлестіріңіз.

### **5-жаттығу.** *Өз тапсырмаларының нәтижелері туралы ойлану.*

Курс тыңдаушыларын шағын пікірталас топтарына (4-6 адам) бөліңіз.

Талдау кезінде жазған деректерінің көшірмесін таратыңыз.

Топтардан қандай тұжырым жиі, ал қандай тұжырым сирек кездесетінін талқылауды сұраңыз.

Одан кейін әр топ өздерінің ортақ тізімін жасайды.

Әр топтан курстың қалған тыңдаушыларына бақылау тізімінің басқа бөліміне жататын идея ұсынуын сұраңыз.

Жалпы мінез-құлықты айқындау үшін қандай үлгілер қарастырылды? Қандай мінез-құлық өте аз кездеседі?

**Таныстырылым:** *Бақылау тізімін пайдалану.* «Бақылау парағын пайдалану» **PDF** **файлын** көрсетіңіз (материалдар папкасының 2-бөлімі). Бұл файлда бейнематериал бар.

**Powerpoint таныстырылымы:** «Тұжырымдамалық карталар үлгісі». Осы таныстырылым бір мұғалімнің өзін өзі реттеуді растау үшін қысқаша оқиғаны қалай

талдағанын көрсетеді.

**6-7-жаттығу (шамамен 4 сағат).** Өзін өзі реттеу педагогикасы: Өздігінен оқуға ықпал ету және ынталандыру.

**Powerpoint таныстырылымы:** *Өзін өзі реттеу педагогикасы.*

Ескерту: Барлық Powerpoint таныстырылымдарына арналған ескертпелер жеке таныстырылымдарда берілген. Оларды «өзгерту» режимінде қарауға болады және слайдтармен бірге қағазға басып шығаруға болады.

**Өзін өзі реттеу үдерісінің табыстылығына ықпал ететін шаралардың өзіне тән ерекшелігі қандай?**

Алдыңғы зерттеулерде белгіленген және CINDLE жобасында расталған осы саладағы табысты тәжірибенің негізгі сипаттамалары мен қағидаттары бар. Оған:

*эмоциялық сенімділік пен қауіпсіздікті сезіну;*

*бақылау сезімі;*

*танымдық проблемалар;*

*оқыту үдерісін дыбыстау жатады.*

**Эмоциялық сенімділік пен қауіпсіздік сезімі**

Балалар үшін эмоциялық сенімділік пен қауіпсіздіктің болуы маңызды екені белгілі. Тәжірибеде расталғандай, кішкентай балалардың бір нәрсеге үйірлігі жағымды әлеуметтік, эмоциялық және танымдық нәтижелерге байланысты болады. Сонымен қатар, эмоциялық қауіпсіздік – бұл баланың ерте жасындағы өзара қарым-қатынастарды эмоциялық тұрғыдан жылы, сезімтал және алдын ала болжауға болатын ара-қатынас ретінде түсінуі екенін білдіреді.

**Бақылау сезімі**

Зерттеу нәтижелері бойынша, біздің туғаннан бастап бағалайтын, әрі ол жайлы қам жегенді ұнататын құқық – қоршаған ортаны бақылау құқығы екені айқындалды.

**Танымдық проблемалар**

Өзін өзі реттеу мен өз бетінше оқуға ықпалын тигізетін жақсы тәжірибенің үшінші негізгі қағидаты танымдық проблеманың болуы болып табылады. Біз Выготскийдің оқыту моделін қарастырған кезде талқылағандай, ең тиімді оқу бала өзінің жақын арадағы даму аймағында болғанда және ересектердің көмегінсіз дербес жасай алмағандықтан аздаған қолдаумен тапсырманы орындай алған жағдайда ғана орын алады. Балалар өз ойынында проблеманы үстірт қабылдайды және таңдау болған кезде, көбінесе ересектердің ойынша осы сәтте лайық болуы мүмкін міндетке қарағанда, даму үшін келешегі зор міндетті таңдайды. Балалардың алдына олар қол жеткізе алатын проблема қою, ересектер тарапынан тиісті қолдау көрсету - балалардың бойында оқуға жағымды көзқарас, проблеманы дербес шешу қабілетін қалыптастырудың аса маңызды тәсілі болып табылады.

**Оқыту үдерісін дыбыстау**

Танымдық даму үшін оқу туралы ойлану маңызды. Егер балалар өзінің ақыл-ойының даму үдерісін түйсінуге ынта білдірсе, онда ересек адамдар ойлау мен оқу үдерісін нақты ойластыруға тиіс, себебі балалар сөйлеу мен өзінің оқуы мен ақыл-ойы туралы ойлауды өз бетінше үйренуге тиіс. Осылайша оқу туралы ойды дыбыстаудың маңызды екендігі көптеген зерттеу нәтижелерімен расталады.

**8-жаттығу.** *Педагогиканың аспектілеріне (төрт негізгі қағидаттарына) сәйкестік.*

Курс тыңдаушыларын пікірталас топтарына бөліңіз.

Әр топқа «Педагогика санаттары» мен «Негізгі 4 қағидат» құжаттарының көшірмесін ұсыныңыз.

Әр топтан «педагогика санаттары» парағын жолақтарға кесіп, осы төрт қағидаттар бойынша бөліп қоюды сұраңыз. Бұл тапсырмада дұрыс не бұрыс жауаптар жоқ.

Педагогиканың кей аспектілері бірнеше қағидатқа жатуы мүмкін.

Тақтаға жазу арқылы топтың идеяларын салыстырыңыз.

Осы тапсырмаға арналған материалдардың арасынан эксперименттік оқу күні нәтижесінде алынған осы тапсырманың нәтижесінің бір үлгісін таба аласыз.

«Педагогика санаттары» құжатының көшірмесін үлестірме материал ретінде таратыңыз.

**Powerpoint таныстырылымы: Шектеулер мен мүмкіндіктер.**

Осы таныстырылым курс тыңдаушыларын өз оқушыларына оқуда өзін өзі реттеуге тәрбиелеу үшін педагогикалық жағдай жасау мүмкіндігін қарастыруға шақырады.

**9-жаттығу. Мүмкіндіктерді анықтау**

Жазба жүргізу үшін «Талқылау парағын» қолдануды ұсына отырып, курс тыңдаушыларын олардың өздерінің сыныптарында өзін өзі реттеуді дамыту үшін жасалған мүмкіндіктер мен проблемаларды талқылауға шақырыңыз.

Мұғалімдерге өз тәжірибесін жақсарту жолдарын қарастыруды ұсыныңыз. Оларды өздерін қызықтыратын саланы анықтауға, бір топқа келіп таңдау жасап, оны жақсартудың педагогикалық тәсілдерін әзірлеуге ынталандырып, ықпал етіңіз.

Топтың ұсыныстарын салыстырыңыз.

**10-жаттығу.** Өзін өзі реттеу мүмкіндіктерін айқындау (шамамен 2 сағат).

«Мектептегі тәжірибе» кезеңінде мұғалімдер:

- өз сыныптарында өзін өзі реттеуді дамыту үшін әзірленген ұсыныстарды жоспарлауға және енгізуге;
- өз бетінше оқудың болғанын растайтын фактілер мен дәлелді ұсынуға (фотосуреттер, артефакті немесе бейнетаспалар түрінде);
- powerpoint таныстырылымы немесе суретпен берілген әңгіме түрінде топқа арналған әзірлемелер дайындауға;
- рефлексивтік есеп жазуға (2000 сөз) тиіс.

Осы кезең ішінде мұғалімдерге өз сыныбындағы өзгерістерге қатысты жоспарлар мен мүмкіндіктерді талқылауға уақыт беру қажет.

Жоспарлаудың осы үдеріс шеңберінде үш таныстырылым бар.

**Powerpoint таныстырылымы: 1 және 2 мұғалімнің мысалдары** – бұл оқуға әсер ету нәтижесінде алынған, бақылаулар мен ұстанымдарға енгізген өзгерістерді сипаттайтын мұғалімдер берген ұсыныстар үлгісі.

**Альбом:** CindLe ғылыми-зерттеу жобасынан келтірілген жаңалықтардың бірқатар үлгісін салыстыру. Қоса берілген шағын дискіні қарап, басқа үлгілерді де табуға болады.



## ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУДІҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Эмоциялық

Танымдық

Әлеуметтік

Ынталандырушылық

**1-жаттығу.** Өзін өзі реттеу тұжырымдамалық картасы

**Жаттығудың мақсаты** курс тыңдаушыларын:

- идея мен тәжірибені талқылауға кірісіп;
- балалардың өзін өзі реттейтін немесе өз бетінше оқуының дәлелі болатын мінез-құлқы туралы өмірден алынған мысал келтіруге ынталандыру болып табылады.

**Түйінді мәселелер:**

*Өзін өзі реттеп оқу туралы Сіздің пікіріңіз қандай?*

*Қандай мінез-құлықты Сіз өзін өзі реттеп оқудың дәлелі деп санайсыз?*

*Өзін өзі реттеп оқуды ынталандыру мақсатында өз сыныбыңызда қандай шараларды қабылдайсыз немесе қабылдар едіңіз?*

Жаттығуды орындау үшін сізге курс тыңдаушыларын 2-4 мұғалімнен тұратын шағын топтарға бөліп, әр топқа үлкен парақ пен бірнеше түсті қалам беру қажет болады.

**Топқа арналған нұсқаулар:**

1. «Өзін өзі реттеу» деген терминді өзінің қалай түсінетінін талқылау.
2. Өзінің жеке тәжірибесінен өзін өзі реттеу мысалдарының тізімін құру.
3. Балалардың өзін өзі реттеуінің түйінді элементтері мен олардың арасындағы қарым-қатынасты көрсете отырып тұжырымдамалық карта жасауда осы тізімді пайдалану.

Басқа мұғалім өткізген осыған ұқсас жаттығудың нәтижесі берілген «Тұжырымдамалық карталар үлгілері» таныстырылымын қарап, оны курс тыңдаушылары көрсеткен нәтижемен салыстырыңыз.

**Powerpoint таныстырылымы:** Кішкентай балалардың өзін өзі реттеуі.

Осы таныстырылым аталған сабақтың басында талқыланған теориялық негіз бөлімін қорытады.

Бұл таныстырылымда CindLe жобасында зерттелетін өзін өзі реттеудің төрт саласын айқындайтын Марта Бронсон (2002) жұмысы ұсынылған:

- *танымдық өзін өзі реттеу, метатаным*

Балалардың өз оқуы туралы білімі мен өзін өзі тану деңгейін арттырумен байланысты. Америкалық психолог Джон Флэйвелл (жоғарыда теориялық негіздер бөлімін қара) 1970 жылдары еркін оқу мен ойлау қалай дамығанының маңызды аспектісі ретінде метатанымды айқындаған.

- *эмоциялық өзін өзі реттеу: «эмоциялық зият»*

Эмоция саласында балалар өз эмоциялары мен өзгелердің эмоциялары туралы көбірек хабардар болады; бұл балалардың өзін өзі эмоциялық тұрғыдан бақылауы мен басқа адамдарға қамқорлық білдіруін дамыту үшін өте маңызды.

- *әлеуметтік өзін өзі реттеу: «зерде теориясы»*

Балалар достық орнатуға, өзге адамдармен ынтымақтасып жұмыс істеуге және ересектердің көмегінсіз әлеуметтік мәселені шешуге үйренетін әлеуметтік саламен байланысты. Заманауи зерттеулер осы әлеуметтік қабілет балалардың дамып келе жатқан «зерде теориясына», яғни басқа адамдарда да оның өзінікіне ұқсас ақылы бар екенін түсінуіне тікелей байланысты болатынын көрсетті.

- *ынталандырушылық өзін өзі реттеу: «шеберлікке бағыттау»*

Ынталандыру саласындағы зерттеулер балаларда бақылау сезімі мен өз күшіне деген сенімділік сезімінің немесе ғылыми әдебиетте «шеберлікке бағытталушылық» деп аталатын қасиетті дамыту маңызды екенін көрсетті. Бұл қауіпті жағдайларға төзімділікті дамытады; қателіктен сабақ алып, күрделі тапсырмаларды шешуден ләззат ала білуге ықпал етеді.

## ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУДЫ ЖӘНЕ ӨЗІН ӨЗІ РЕТТЕУДІ ДАМУ

### CindLe ғылыми-зерттеу жобасы

CindLe ғылыми-зерттеу жобасы – 3-5 жасар балалар арасында өзін өзі реттеуді дамытуды зерттейтін екі жылдық жоба. Жобаның мақсаты:

1. 3-5 жасар балалардың өзін өзі реттеуін дамыту үдерісін түсінуін жақсарту.
2. 3-5 жасар балалардың өзін өзі реттеуді бағалау құралын жасап шығару.
3. Балалардың өзін өзі реттеуін дамыту үшін қажетті іс-қимыл мен тәсілдерді айқындау.

Жоба кезінде мұғалімдер сыныптағы жұмыс кезінде пайдаланылатын, балалардың өзін өзі реттеуін дамытуға ықпал ететін жаңашылдық тәсілдерді ұсынды және талқылады. Мұғалімдердің ұсыныстары мынаны қамтыды:

- Бала таңдаған сынып бөлмесінің дизайнын талқылау (мысалы, жеке бөлікті театрландыру, көрме немесе «үй бұрышы»);
- Рөлдік ойын, қуыршақты пайдалану және т.б. арқылы математикалық тілді тәуелсіз пайдалануды дамыту;
- «Пошта бөлімшесі» немесе «Мектеп кеңсесі» жағдайында рөлдік ойындар арқылы өз бетімен жазбаша баяндауды дамыту;
- Оқу және балаларды тартып қызықтыратын, бір-біріне үйрететін басқа іс-қимыл;
- Бірлескен ұжымдық жұмыс және міндеттерді шешу;
- Оқу мен ойлау үдерісін қарастыру мен талқылау;
- Балаларды өзін өзі бағалау үдерісіне тарту.

Мұғалімдер мен зерттеушілер осы жаңашылдық жағдайында өзара іс-қимыл жасайтын балаларды таспаға жазып алды. Нәтижесінде балаларды өзін өзі реттеуге оқытуды дамыту фактісін растайтын 1000-нан астам дәлелдеме тіркеліп талданды.

Оның үстіне, мұғалімдердің әрқайсысы сынып ішінен өзін өзі реттеуді дамыту деңгейін белгілеу үшін үлгі етіп көрсетуге болатын алты баланы таңдап алды. Осы балалардың әрқайсысына бір жыл ішінде үш рет бақылау парағы толтырылды. Осы бақылау парағы негізінде 3-5 жасар балалардың өзін өзі реттеуін дамытудың түйінді аспектілерін растайтын 22 үлгіні қамтитын осы нақты нәтижелерге негізделген кең ауқымда пайдалануға болатын бірыңғай құжат жасалды. Бұл құжат – «Дамуды тәуелсіз зерделеудің бақылау парағы», аталған құжат «3-5 жастағы баланың бақылау парағы» деген атпен танылған. Онда 3-5 жастағы баланың өзін өзі реттеуіне елеулі ықпал ететін баланың танымдық, әлеуметтік, эмоциялық және ынталандырушылық дамуы бойынша ұсыныстар бар.

Осы ұсыныстардан мұғалімге мына үш бағыт бойынша көмек көрсетуге бағытталған ғылыми зерттеудің дәлелдерін, тәсілдері мен үлгілерін таба аласыз:

1. Кішкентай балаларды өзін өзі реттеуге оқытудың табиғаты мен мәнін түсіну.
2. Өзін өзі реттеуді зерделеуге бағытталған бақылауларды түзету мен талдау.
3. Өзін өзі реттеуді зерделеуге ықпал ететін тәжірибелік жұмыс түрлерін әзірлеу.

**Powerpoint таныстырылымы:** *Өзін өзі реттеу түсінігі* (10\_L2W2D1\_Тұжырымдамалық карталар үлгілері)

**Мінез-құлықтың қандай түрлері өзін өзі реттеудің дәлелдемелері болып саналады?**

Зерттеу барысында мұғалімдер оқыту ауқымы мен қызмет сипатын, қоршаған айналаның әсерін; практиктер мен басқа ересектер қызметіне тиесілі болу сипатын, түрі мен деңгейін; қызмет үдерісінде қолданылатын және ұсынылатын өз бетімен оқу түрлерін тіркеді.

**1-жаттығу.** Өзін өзі реттеудің тұжырымдамалық картасы

Осы жаттығудың **мақсаты** курстың қатысушыларын:

- теория мен практиканы талқылауға;
- өзін өзі реттеу немесе өз бетімен үйренудің дәлелі болып табылатын балалардың мінез-құлқының практикалық үлгісімен бөлісуге шақыру болып табылады.

**Түйінді сұрақтар:**

Өзін өзі реттеу дегенді қалай түсінесіз?

Сіз қандай мінез-құлықты өзін өзі реттеуге оқытудың дәлелі деп санайсыз?

Сіз өз сыныбыңызда өзін өзі реттеуді оқытуға ықпал ететін қандай жағдай жасайсыз немесе жасағыңыз келеді?

Осы қызметті жүзеге асыру үшін сіз курсқа қатысушыларды 2-4 мұғалімнен шағын топқа бөлуге және әр топқа қағаздың үлкен парағы мен бірнеше түсті қалам беруге тиіссіз.

Топқа арналған нұсқаулықтар:

1. «Өзін өзі реттеу» терминін қалай түсінетінін талқылау.
2. Өз тәжірибесінен алынған өзін өзі реттеу үлгілерінің келісілген тізімін құру.
3. Балалардың өзін өзі реттеуінің негізгі элементтері мен олардың арасындағы қарым-қатынасты көрсететін тұжырымдамалық карта құру үшін осы тізімді пайдаланыңыз.

Басқа мұғалім орындаған осы сияқты қызмет нәтижесін көрсететін тұжырымдамалық картаны көрсететін таныстырылымды қараңыз және оны курстың басқа қатысушыларының таныстырылымдарымен салыстырыңыз.

**Powerpoint таныстырылымы:** *Өзін өзі реттеудің теориялық негізі* (8\_L2W2D1\_Мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік реттелуі)

Осы таныстырылым аталған сабақтың басында талқыланған теориялық бөлімінің үлкен бөлігін қорытады.

Бұл таныстырылымда CindLe жобасында зерттелетін өзін өзі реттеудің төрт саласын айқындайтын Марта Бронсон (2002) жұмысы ұсынылған:

- **танымдық аспект, метатану**

Балалардың өз оқуы туралы білімі мен өзін өзі тану деңгейін арттырумен байланысты. 1970 жылдары метатануды ғылыми көзқарастарды зерделеу және дамытудың негізгі аспектісі деп америкалық психолог Джон Флэйвел (жоғарыда теориялық негіздер бөлімін қара) санай бастаған деген жорамал бар.

- **эмоционалдық аспект: «эмоционалдық зият»**

Эмоция саласында балалар өз әсері мен өзгелердің әсері туралы көбірек хабардар болады; бұның эмоциялық өзін өзі бақылауын және басқа адамдар үшін қам жеуді дамыту үшін негізгі мәні бар.

- **әлеуметтік аспект: зерде теориясы**

Балалар достық орнатуға, өзге адамдармен ынтымақтасып жұмыс істеуге және ересектердің көмегінсіз әлеуметтік мәселені шешуге біртіндеп үйренетін әлеуметтік саламен байланысты. Заманауи зерттеулер осы әлеуметтік қабілеттің шешуші деңгейде балалардың дамушы «зерде

теориясына», яғни басқа адамдарда оның өзінікіне ұқсас ой-өрісі бар екенін түсінуіне байланысты болатынын көрсетті.

- **Ынталандырушылық аспект: шеберлік бағдары**

Ынталандыру саласындағы зерттеулер балаларда бақылау сезімі мен өз күшіне деген сенімділік сезімінің немесе ғылыми әдебиетте «шеберлік бағдарын» дамыту деп аталатын қасиеттер маңызды екенін көрсетті, бұл қауіп-қатермен байланысты жағдайда төзімділікті; қателіктен сабақ алуын және күрделі міндеттерді шешуден рахат алуын дамытуға жол ашады.

## **2-жаттығу: Өз бетімен оқу/өзін өзі реттеудің төрт аспектісін көрсететін бейнежазбаларды қарау.**

Папкада төрт бейнежазба бар:

- *Костюм кию* (TrHW2\_D4\_video1)
- *Балмұздақ жасау* (TrHW2\_D4\_video2)
- *Планишет* (TrHW2\_D4\_video3)
- *Кеңседе* (TrHW2\_D4\_video4)

Әрбір бейнежазба Марта Бронсон жіктеген санаттарға қатынасына қарай өзін өзі реттеу мінез-құлқын бейнелеу үшін таңдалып алынды:

- *Танымдық;*
- *Эмоционалдық;*
- *Әлеуметтік;*
- *Ынталандырушылық.*

Осы кезеңде топқа таңдалған бейнежазбалардың қай санаттағы мінез-құлқыты бейнелейтінін көрсетпеңіз.

Әрбір топтан өз бейнежазбасына көңіл аударуын сұрап, барлық төрт бейнежазбаны қараңыз.

Әрбір топтан бірінші «Бақылау парағын» (12\_L2W2D1\_Өз бетімен оқуды дамытуды бақылау парағы) пайдаланып, қаралған бейнежазбаның ерекшелігін/сипаттамасын талдап, бақылау нысанының бірінші парағында өз бақылаулары туралы ескертпе жазуын сұраңыз.

Нысанның екінші бөлігінде әрбір топ мінез-құлқытың төрт санаты ішінен біреуіне мейлінше сәйкес келетін бейнежазба туралы өз идеясын жазуға тиіс (7\_L2W2D1\_Өзін өзі реттеу моделі).

Әрбір топтан курстың басқа қатысушыларының алдында өз бейнежазбасы бойынша өзінің түсініктерін және бақылауларын йтып беруді сұраңыз.

Тренерге арналған ақпарат: өзін өзі реттеудің ұсынылып отырған түрлі аспектілерін егжей-тегжейлі сипаттайтын бейнежазбалар:

- *Күртеше кию. Эмоционалдық*
- *Балмұздақ дайындау. Әлеуметтік*
- *Планишет. Танымдық*
- *Кеңседе. Ынталандырушылық*

(бірақ бұл бейнежазбаларда өзін өзі реттеудің төрт аспектілерінің арасында өзара байланыс бар екендігі сөзсіз).



10-KYH





# ТОПТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ 5 ҮЛГІСІ

## ӘҢГІМЕНІҢ ҮШ ТҮРІ

### 1. Әңгіме-дебат барысында:

Ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;  
Ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;  
Қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;  
Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

### 2. Кумулятивтік әңгіме барысында байқалатын жайлар:

Айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;  
Әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер  
ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;

Идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

### 3. Зерттеушілік әңгіме кезінде:

- Барлығы белсенді тыңдайды;
- Адамдар сұрақ қояды;
- Адамдар тиісті ақпаратпен бөліседі;
- Идеяларға дау айта алады;
- Дауласуға себеп табылады;
- Қатысу алдыңғы тәжірибеге негізделеді;
- Барлығының қатысуы ынталандырылады;
- Идеялар мен пікірлерге құрметпен қарайды;
- Сенім атмосферасы орнайды;
- Ортақ мақсат сезімі пайда болады;
- Топ бірлескен шешімдер қабылдау үшін келісім іздейді.

© Нил Мерсер, 2008

## ТОПТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ 5 ҮЛГІСІ

### *Топтағы әңгіменің 5 үлгісі*

#### **1-эпизод: Шейн мен Лестер**

*5 жасар 2 бала мозаикамен жұмыс істеп отыр (Смайл бағдарламасының бөлігі), онда олар Нью-Йорк картасының қандай координаталарында піл тығылғанын табу керек.*

Лестер: Мен мұны жасай аламын.

Шейн: *(Экранға қарап отыр)* жоқ, жоғары емес, төмен.

Лестер: Бұлай болу мүмкін емес.

Шейн: Мүмкін.

Лестер: Оның қайда екенін білемін. *(Шейн екеуі кезекпен әрекет етеді, бірақ пілді таба алмайды).*

Лестер: Мен айттым ғой саған, онда емес деп. *(Ол да таппақ болады, бірақ таба алмайды).*

Шейн: хахахахаха *(рахаттана күледі)*

Лестер: Жаңа не болды? Түсінбедім.

Шейн: 1,2,3,4,5,6 *(санайды)*.

Лестер: Мен оның қайда екенін білемін.

Шейн: Мен ең жақын нүктедемін.

Лестер: *(санайды)* 1,2,3,4,5,6,7,8.

Шейн: Мен ең жақын нүктедемін, 5.

Лестер: Яғни, бұл 1,8 болуы тиіс.

Лестер: 2,8

Шейн: Бұл келеді.

#### **2-эпизод: Ханна, Дерил және Дебора**

*5/6 жастағы үш бала компьютерде жұмыс істей отырып, дыбыс өткізбейтін түрлі материалдарды тестілеуге арналған Ғылым Таратушыны модельдеуді пайдаланады.*

Ханна: *(нұсқаулықты оқып отыр)* «Тыныштық сақтаңыздар. Дыбыс өткізбеу үшін қандай материал жақсы? Естіп көру үшін «құралды» басыңыз. Дыбыс жиілігінде айырмашылық бар ма?»

Дерил: Жоқ, біз матаны қаламаймыз. Анда қараңдаршы, бұл не. *(Экранды көрсетеді).*

Ханна: Жоқ, Дерил, бұл мата.

Ханна: Төмен. Стефанидің бізбен болғаны жақсы еді.

Дерил: Метал?

Ханна: Жақсы, байқап көр.

Дебора: Нені байқап көрейін? Мынаны ма?

Ханна: «Шыныны» көр.

Дерил: Иә.

Дебора: Біреу емес.

Ханна: Қазір!

Дерил: Өлше!

Ханна: Қазір өлше. Ұста. *(Дыбыс деңгейін экраннан төмен бұрады).*

Дерил: Нәтижелер, ескертпелер!

Ханна: Нәтижелер. Біз басқаны қарауымыз керек. Нәтижелер!

Дерил: Иә, сен басқаны қарауға тиістісің, сондықтан барлығын жазып ал.

## ТОПТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ 5 ҮЛГІСІ

Ханна: Мен жазып отырған жоқпын.

### 3-эпизод: Фритци, Вики және Глория

*"Біздің Галактика" жөніндегі сабақтар топтамасы аясында үш қыз (5 жасар) мұғалімінің айтқан сөзінің шындығын талқылап отыр.*

Фритци: *(оқып отыр)* "Күн Құс жолы деп аталған галактикадағы миллиондаған жұлдыздардың бірі». Өтірік пе әлде шын ба?

Вики: Мен сенімсізбін. Мен ...

Глория: Иә, бұл шын, ол осылай аталады

Вики: Иә, мен..сенімсізбін, бірақ солай шығар деп ойлаймын.

Фритци: Неге?

Вики: Енді, түнде аспанда жұлдыздар өте көп. Бірақ сендер..... қарасаңдар...mmm....

Фритци: ғаламшар?

Вики: ... иә, ең үлкен жұлдыз ол ғаламшар, ол жылтылдайды, мен мұны ғаламшар деп ойлаймын...

Глория: Иә, өткен түні мен өте үлкен ғаламшар көрдім, және шын мәнінде біреу емес, үш үлкен ғаламшарды, үш үлкен жұлдызды көрдім.

Вики: Не?

Глория: ... бұл өте керемет екен, ал ол жылтылдаған да жоқ.

Фритци: Демек тек, тек жұлдыздар ғана жылтылдайды ғой, иә?

Глория: *(басын изейді)*

Вики: Иә.

Фритци: Ә-ә, бұл сонда шын ғой.

Вики: Иә, «шындық» деп көрсету керек

Фритци: Шындық, шындық *(қағазды көрсетеді)*

Вики: Мен істей алмадым, мен шындық қалай жазылатынын есіме түсіре алмай отырмын.

© Нил Мерсер 2008

### 4-эпизод: Эленор, Джорджи және Кармел

*"Біздің Галактика" жөніндегі сабақтар топтамасы аясында үш қыз (5 жас) мұғалімінің айтқандарының шындығын талқылауда.*

Эленор: Жаксы (оқиды) *«Жердің көлеңкесінде болғандықтан Ай формасын өзгертеді».*

Кармел: Жоқ. Бұл шындық емес, себебі айды жабатын бұлттар бар ғой

Эленор: Жоқ, бұл олай емес, ...иә

Джорджи: Иә

Эленор: Себебі күндіз, ай жоқ деп ойлағанда, бұлттар ...

Кармел: ... оны жауып тұрады.

Джорджи: Иә, сондықтан ол маған ұнайды, ал демалыс күні мен далаға шықсам, таңғы сағат бес екен, сонда ай болды, бұл дұрыс па, себебі әлі қараңғы болды ғой, иә.

Эленор: Иә

Джорджи: Біз шыққанда, бұл сағат бес пе, төрт пе, шамамен төрт болды ау деймін, осы уақыта ай болмаған сияқты, бірақ мен айдың жартысын көрдім, мен анамның досына: «Тони, қарашы, ай шығыпты» дедім, ол маған «Иә» деді. Себебі біз таңертең келгенде бұлттар болды ...

Мұғалім: Болды, талқылауды аяқтаймыз.

Эленор: Біз не ойлаймыз?

Джорджи: Менің ойымша бұл өтірік.

Кармел: Өтірік...

### 5-эпизод: Эммилин, Оливер және Мэдди

*5 жастағы балалар тобына олар оқыған тропикалық орманның әртүрлі жануарларының фотосуреттері берілді. Оларды «шөп қоректі» және «жыртқыштар» деп сыныптауға тиіс.*

## ТОПТЫҚ ӘҢГІМЕНІҢ 5 ҮЛГІСІ

- Эммилин: Мәселен бізде балық бар.  
Оливер: Қандай, пиранья ма?  
Эммилин: Жоқ, кішкентай, қабыршақты  
Мэдди: Екеу, екі ... (күмәнданады)  
Оливер: Қос тынысты балық  
Мэдди: Бәлкім ол өзен ішіндегі барымен қоректенетін шығар, себебі маймылды немесе тағы бірдеңені ұстап алу үшін судан шықпайды ғой, иә? *(барлығы күледі)*
- Эммилин: Иә, мүмкін.  
Оливер: *(сөзге килігеді)* Әрине онда су өсімдіктері бар, кейбіреулері осы өсімдіктерді және суға түсетін жапырақтарды жейді.
- Мэдди: Иә, бәлкім бұл шөп қоректі шығар  
Бэн: Біздің айтарымыз жоқ  
Эммилин: Сен қалай ойлайсың, бұл не болуы мүмкін  
Оливер: жоқ, мен жыртқыш деп ойлаймын, көптеген балықтар...  
Эммилин: Жоқ, себебі ....  
Оливер: *(сөзге килігеді)* Бұл біздің ең жақсы балығымыз.  
Эммилин: *(сөзге килігеді)* Иә, бірақ біреуі мында, екіншісі анда *(ол тақтадағы картадан балық тәріздес жыртқыш әрі шөп қоректіні көрсетеді)*  
( Бэн бірдеңе айтқанша ... талқылау жалғасады)  
Бэн: Дауысқа салайық.  
Эммилин: Иә, дауысқа салайық.  
Бэн: *(Оливерге)* Сен не ойлайсың?  
Оливер: Мен жыртқыш деп ойлаймын  
Бэн:*(Мэдди)* Сен не ойлайсың?  
Мэдди: Мен шөп қоректі деп ойлаймын  
Бэн:*(Эммилин)* Сен?  
Эммилин: Шөп қоректі  
Оливер: *(Бэнге)*  
Бэн: *(күледі, жасқана қарайды, жауап бермейді )*  
Оливер: бол, бұл оған тұрмайды, бұл екі...  
Бэн: Жыртқыш  
Оливер: Жыртқыш, екі
- Бэн: Жақсы, онда *(ол тиынды лақтыруға дайындалады)*
- Оливер: жоқ, тиынды лақтыру керек емес.  
Бэн: *(сөзге килігеді, лақтырады )* Қойшы.  
Оливер: ... деп ойлаймын!  
Бэн: бүркітше немесе санақша?  
Оливер: жеңіл, жоқ, тыныш!  
Эммилин: Бүркітше. Сен ұттың.  
Оливер: *(кәртішкеден қос тынысты балықты таңдап алады)* «Қос тыныстылардың екі өкпесі және ұсақ желбезектері болады және олар батпақта үнгір жасайды да ауамен тыныстайды. Олар шөп қоректі бола алмайды, себебі құмда жейтін олардың тамағы жоқ? Онда жейтін ештеңе жоқ».

## СЫНЫПТАҒЫ ДИАЛОГТІК ТӘСІЛ МЕН АҒЫМДАҒЫ ТӘЖІРИБЕГЕ КӨЗҚАРАС

Бұл тапсырмада өз сабақтарыңызда сыныппен жұмыс істеу кезінде диалогтік тәсілді қаншалықты жиі және қалай қолданатыныңыз туралы ойлануды өтінеміз. Шыншыл болуыңызды өтінеміз – бұл сіздің өзіндік даму үдерісіңіз үшін маңызды. *Сіздің өз сыныбыңыздағы тәжірибеңізді* қай салаларда дамыту қажеттігін өзіңіздің шешкеніңіз маңызды болып табылады.

<p><b>«Тіл – оқыту мен оқуда негізгі рөл атқарады»</b> Жоғарыдағы пайымдаумен сіз қаншалықты келісесіз? Өз жауабыңызды жазыңыз.</p>

<b>Ағымдағы тәжірибені бағалау: сіз әдетте сыныппен қалай әңгімелесесіз?</b>	
Барлық сынып үшін <i>интербелсенді</i> оқытуды қолданатыныңызға мысал келтіре аласыз ба?	
«Интербелсенді ойлау» деген сөзді қалай түсінесіз? Интербелсенді ойлау сіздің ағымдағы тәжірибеңіздің бөлігі болып табыла ма? Мысал келтіріңіз.	
Ағымдағы тәжірибеңізде көбінесе жеңіл немесе жеңіл және қиын дәрежедегі сұрақтар жиынтығын қолданатыныңызды айта аласыз ба? Мысалдар келтіріңіз.	
Өз жағдайыңызда, қабілет деңгейлері әртүрлі оқушылар үшін сұрақтарды саралағаныңызға мысал келтіре аласыз ба?	
Оқушының «дұрыс емес» жауабына Сіз қандай әрекет жасайсыз?	
Өзіңіздің ағымдағы тәжірибеңізде түсіндірме әңгіме жүргізесіз бе? Мысал келтіре аласыз ба?	
Сіз тәжірибеңіздің бір бөлігі ретінде топтық жұмысты қолданасыз ба? Соңғы кездегі бірнеше мысал келтіре аласыз ба?	
Өз жағдайыңызда оқыту мен оқуда диалогтік тәсілдерді қолдануда қандай қиындықтар туындайды?	

## БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ ЕМЕС СЫНЫП

Анағұрлым «белсенді сынып» құрудың мақсаты – мұғалімнің сабақта орталық фигура болмауын қамтамасыз ету. Сабақтарда үстемдік ететін «мұғалімнің сөйлеуінің» орнына «оқушының сөйлеуіне» негізделген оқытумен қатар интербелсенді оқыту ұсынылады. Төмендегі салыстыруларды қараңыз:

БЕЛСЕНДІ ЕМЕС сынып – бұл сыныпта төмендегі жағдайлар көрініс табады	БЕЛСЕНДІ сынып – бұл сыныпта төмендегі жағдайлар көрініс табады
мұғалім сөйлейді	оқушылар бір-бірімен сөйлеседі
сұрақты мұғалім қояды	оқушылар мұғалімге және өзінің сыныптастарына сұрақ қояды
мұғалім бөлме ішінде қозғалады	оқушылар басқа оқушылармен жұмыс істеу үшін бөлме ішінде қозғалады
мұғалім сыныпқа нұсқау беру үшін тақтаға жазады	оқушылар басқалармен бөлісу үшін жазады
мұғалім түсіндіреді	оқушылар түсіндіреді
мұғалім көрсетеді	оқушылар көрсетеді
мұғалім оқып тұрып, оқушылар жазады	оқушылар бір-біріне жазбалар жасайды
оқушылар тыныш тыңдайды	мұғалім мұқият тыңдайды
оқушылар мұғалімге бетпе-бет отырады	оқушылар бір-біріне бетпе-бет отырады
мұғалім тыныштықты талап етеді	оқушылар өздерін еркін ұстайды, және бір-бірімен ой бөліседі

### Сұрақтар

1. Сіздің пікіріңізше, сіз сөйлеп тұрған кездегі уақыт көлемінің, сабақ кезінде оқушы сөйлеп тұрған уақытқа пайыздық ара қатынасы қандай?
2. Оқушыларға сабақ уақытында өзінің сыныптастарымен сөйлесу мүмкіндігі қаншалықты жиі беріледі?
3. Оқушылардың бір-біріне сұрақ қою мүмкіндігі қаншалықты?
4. Оқушыларға сұрақ қою мүмкіндігін беру үшін Сіз сыныпта қандай тәртіп орнаттыңыз? Осы мақсатта Сіз қандай әдістер қолданасыз?
5. Егер Сіздің оқушыларыңыз сабақ үстінде өз орындарында отырмаса, сіз өзіңізді қаншалықты жайлы сезінесіз?

**Тапсырма:** Сабақ үдерісінде Сіздің сөзіңіз оқушылардың сөзіне қарағанда өте аз - пайыздық қатынаста 20%-дан аспайтын сабақ әзірлеңіз. Сіз әзірлеген сабақ жоғарыда көрсетілген белсенді сыныптың он сипатының кем дегенде ЖЕТЕУІН қосқаныңызды көрсетуі тиіс. Осы өзгерістер оқытудың әлеуметтік, дербес және пәндік аспектілеріне қалай әсер ететіндігі туралы ойланыңыз.



### «Бірге ойлаймыз, сөйлесеміз» кестесі

Менің есімім \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Бұл сабақ \_\_\_\_\_ туралы

Мен жұмыс істейтін топ мүшелерінің есімдері:

1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_ 3. \_\_\_\_\_

Әңгімеге қатысты оқу мақсаты:

Топпен жұмыс кезінде мен мына мәселелерге көңіл бөлемін:

(бұны есептеу кестесіндегі [\*]торды толтыру үшін пайдаланыңыз)

#### Есептеу кестесі

Әңгімеге қатысушылар	1	2	3
Әңгіменің түрі			
Жақсы сұрақ қойды			
Қызық сын айтты немесе қарсылық білдірді			
Жақсы ұсыныс айтты			
Өз пікірін өзгертті			
Жақсы нәтиже берді			
Тиісті ақпаратпен бөлісті			
Мұқият тыңдады			
Келісімге келуге тырысты			

Жалпы сабақ үшін есте сақтағым келетін кез келген түсініктемелер бар ма? (+ парақтың сыртқы жағын пайдалан)

## СҰХБАТ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАР

### БҮКІЛ СЫНЫПТЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚУЫ ЖӘНЕ ЖАУАП АЛУ

---

1. Жақында жасаған сабақ жоспарыңызды пайдаланып, сабақтың кіріспе, таныстырылым, негізгі және қорытынды кезеңдерін талқылау үшін кем дегенде бес сұрақ құрыңыз:

Ойыңызды нақты жеткізу үшін төменде келтірілген кестені мысал ретінде қолданыңыз.

Сабақ кезеңі	Сауалдың мақсаттары
Кіріспе	Тұлға аралық байланысты орнату Сыныптың білім деңгейін анықтау Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау Оқушыларды сабақтың тақырыбын түсінуге жетелейтін проблеманы баяндау
Таныстырылым	Қызығушылық пен назарға қол жеткізу Пайымдауға және логикалық ойлауға себепші болу Оқушылар болып жатқан оқиғаларды түсінгендерін анықтау
Негізгі бөлім	Назар аударту және түсіндіру Балаларды бақылауды жүргізу мен қорытынды шығаруға жетелеу Қиындықты, түсінбеушілікті анықтап, жекелеген оқушыларға көмек көрсету
Қорытынды	Сабақтың басты сәттерін анықтау Сабақ қорытындысы мен түсіну дәрежесін, меңгеруін бағалау Қосымша проблемалар туралы әңгімелесу

Сұрақтарды әріптестеріңізбен бірге талқылаңыз. Сұрақтар жеңіл ме әлде қиын ба? Әңгімелесу барысында өзгерістер енгізгіңіз келе ме?

#### Үдеріс туралы ойланыңыз:

- Әріптесіңіздің пайдалы ұсыныстары болды ма?
- Өз идеяларыңызды басқа біреумен талқылауды пайдалы деп санайсыз ба?
- Неліктен?
- Дәл осылай, мұғалімнің сұрағына оқушылардың қалай жауап беретінін талқылауда немесе тақырып бойынша өз білгендерін анықтауда жұптық жұмыстың пайдалы екендігін түсінеді. Оқушылардың идеяларды бірлесіп талқылау тәжірибесі олардың оқуына қандай көмек берер еді?

Жоғарыда келтірілген сұрақтарға жазбаша жауап беріп, өз сабақ жоспарыңызды сұрақтарыңызбен қоса портфолиоңызға салуыңыз қажет.

**«А» бақылау парағы**  
**Топтық жұмыстағы рөлдерді бақылау**

**Күні:**

**Назарға алынатын мәселелер:** топ ішіндегі өзіне тән рөлдер, мүмкіндіктер және міндеттерді зерттеу

Таймkipер	
Бақылау	
Хатшы	
Бақылау	
Төраға	
Бақылау	
Баяндамашы	
Бақылау	
Жалпы	
Бақылау	

**«Ә» бақылау парағы**  
**Топтық бірлескен жұмысты бақылау жоспары – Оқығудың үлгісі**

**Күні**

Қатысушы	Біреуді оқығудың үлгісі Сөздер/ дене қимылымен білдіру	Уақыты

**«Б» бақылау парағы**  
**Өзіне тән білім немесе дағдының мысалы**

**Күні**

Білім немесе дағды	Мысал	уақыты

## 1-СЕМИНАР: ЖАУАП АЛУ АРҚЫЛЫ СЫНЫПТАҒЫ ӘНГІМЕНІ ДАМУ

### **Мақсаты:**

Осы шеберлік сыныбы аяқталған соң мұғалімдер:

- 1 Сыныпта тиімді әңгіме жүргізудің, әсіресе жауап алу қағидаттарын түсінуге;
- 2 Сабақтарда жауап алудың кейбір жаңа әдістерін әзірлеуге, ұсынуға, ал одан кейін оларды бағалауға тиіс.

### **Зерттеулерден алынған дәлелдер**

Мұғалімдердің пікірінше жауап алу әдісін пайдаланудың ең таралған себептері (маңыздылығына қарай орналастырылған):

- a) ойларды ынталандыру, идеяларды, құбылыстарды, үдерістер мен құндылықтарды түсіну;
- b) түсінуді, білімді және дағдыларды тексеру;
- c) тапсырмаға назар аудартқызу, оқыту үдерісінде белгілі бір тармаққа дайындау, көшу;
- d) жадыда шолу, қайта қарау, жандандыру, нығайту болып табылады.

2. Іс жүзінде мұғалімдер пайдаланатын көптеген сұрақтар жадының нақты жандануымен байланысты.

Сұрақтардың салыстырмалы шамалы үлесі ойлау дағдыларын қолдайды және дамытады.

Бұл жоғарыда 1-тармақта көрініс тапқан басымдықтар мен сыныптағы тәжірибе арасындағы алшақтықты болжайды.

3. Көптеген оқушылардың курстың немесе сабақтың «ауқымды көрінісін» көре білуі мұғалімге байланысты және алғашқылары қандай элементтер мен тапсырмалар жазылғанын көруге көмектесу үшін үнемі нұсқау жасап отыруды қажет етеді. Жауап алу – бұл бағытты белгілеу және мақсатты айқындау тәсілі, сондай-ақ оқушылардың түсіну дәрежесін бақылау тәсілі болып табылады.

4. Оқушылар ауызша нысандағы кері байланыс жазбаша нысанға қарағанда едәуір тиімді деп пайымдайды. Жауап алу ауызша кері байланыстың маңызды нысаны деп есептелінуі мүмкін, бұл ретте оқушылар мұғалім «басқарып отыратын» диалогке тартылады.

5. Жақсы сұрақ себепті, бағытты нұсқап, айқын баяндалып, тиісті дауыс ырғағымен айтылуы тиіс. Ол әсер тудыруы және таң қалдыруы мүмкін, бірақ ол басқаларды төмендету құралы болуға тиіс емес. Жақсы сұрақ оқушылардың оқу үдерісіне тартылу деңгейін қолдайды, ойлауды ынталандырады және сезімдерді оятады (Морган және Сакстон, 1991).

6. Сапалы жауаптарға ең алдымен белсенді тыңдау арқылы қол жеткізіледі және сапалы жауаптар сыныптың әлеуметтік мәнмәтіні мен пәннің белгілі бір мазмұнына сәйкес сапалы ойлауға уақытының болуына негізделеді. Неғұрлым терең жауаптардың берілуіне мүмкіндік жасау үшін мұғалімдер жауап алу үдерісінде жауап күту уақытын ұзартуға тиіс. Бұған әртүрлі топтық стратегиялардың көмегімен мұғалімнің және оқушының арасында сенімді қарым-қатынас орнату арқылы қол жеткізуге болады.

7. Мұғалімдердің жауап алудағы кейбір жиі кездесетін қателерінің бірі:

- бірден бірнеше сұрақ қояды;
- сұрақ қойып, оған өздері жауап береді;
- сұрақты ең ақылды және өздері жақсы көретін оқушыларға қояды;
- күрделі сұрақты тым ерте қояды;
- тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтарды қояды;
- бір үлгідегі сұрақтарды жиі қояды;

## «Жауап алу» тақырыбындағы семинарлар

- сұрақтарды қорқыту түрінде қояды;
- сұрақ үлгісіндегі өзгерістерді атамайды;
- түсінетіндігін тексеру үшін жауаптарды пайдаланбайды;
- оқушыларға ойлауға уақыт бермейді;
- жауаптардың салдарын көрсетпейді;
- жауаптардың жетілуін қадағаламайды.

8. Жетекші сұрақтарды айқындау жолымен жауап алу стратегиясын жоспарлап алуға болады, ал бұл бірқатар ықтимал жауаптарды алдын-ала болжау арқылы әріптестермен бірге жүргізілсе, тіптен жақсы.

9. Жоспарлауды құрылымдаудағы, белгілеу мен айқындау, бағыттау мен таратудағы, үзіліс жасау мен ырғақтағы, ойға салу мен сынаудағы, тыңдау мен жауап беру және жауап алу тәртібін анықтаудағы мұғалімнің дағдыларымен толықтыру қажет.

10. Мұғалімдер жауап алуды төменгі тәртіптегі сұрақтардан (білу, түсіну, қолдану) неғұрлым жоғары тәртіптегі сұрақтарға (талдау, синтез, бағалау) өзгертіп дамытулары қажет.

11. Бұған бір оқушымен өзара әрекеттесуді кеңейту және оқытуды топтағы немесе сыныптағы әрбір оқушы өзара әрекеттесіп, бірін-бірі алмастыра алатындай етіп ретке келтіру арқылы қол жеткізуге болады.

12. Мұғалім жауап алудан күтетін нәтижесін нақты белгілеген жағдайда оқушылардың арасында өздерінің жеке сұрақтарын дамыту ағымы байқалады және сыныптағы диалогке белсенді қатысып, неғұрлым терең үйрену орын алады.

Дереккөз: Goldsworthy, A. (2000) *Raising Attainment in Primary Science* [Бастауыш ғылым саласындағы жетістіктерді арттыру], GHPD, «Reed» оқыту-кәсіптік баспасы ЖШС. Рұқсат берілгеннен кейін көшірілген.

Екі сыныпта «Еру» тақырыбына сабақ өтті. Өткен сабақта екі сынып әртүрлі сұйық және қатты заттарды араластырды және мұғалім балалардан үдерісті байқап тұруды сұрады. Екі мұғалім мынадай айқын мақсатпен егжей-тегжейлі жоспар жасады: «Балалар кейбір қатты заттардың суда еритінін және де біз оларды көрмесек те, олардың бар екендігін білуі тиіс». Екі мұғалімнің де сыныпты бақылау үшін деңгейі жеткілікті және олардың жоғары сапалы жабдықтары бар. Сабақтар былайша өтті.

#### **А МҰҒАЛІМ.**

*Мұғалім:* Дұрыс. Қараңдар, біз бүгін немен айналысатынымызды көрсетемін. Мынау – мензурка. Мен оны жартылай сумен толтырамын. Мынау – тұз. Мен бір қасық тұзды суға салып араластырамын. Мен осыны істер алдында маған мынадай сұраққа жауап берсеңдер – тұз қатты ма, әлде сұйық зат па?

*Екі оқушы қолдарын көтереді, олардың біреуіне мұғалім басын изейді.*

*Оқушы W:* Қатты

*Мұғалім:* Жақсы. Сонымен мен осы тұзды суға қосайын деп тұрмын. Су – қатты ма, әлде сұйық зат па?

*10 оқушы қолдарын көтереді. Мұғалім нашар оқитын оқушылардың біріне жауап беруге рұқсат етеді.*

*Оқушы X:* Қатты зат.

*Мұғалім:* Сен сенімдісің бе?

*Оқушы W:* Жоқ, бұл сұйық.

*Мұғалім:* Дұрыс. Мен қатты зат - тұзды суға саламын да араластырамын. Қараңдар, тұз сумен араласты. Сендер оны көре алмайсыңдар, дегенмен ол бар. Оған көз жеткізу үшін басқа сезімімізді пайдалана аламыз – біз судың дәмін көре аламыз. Тұзды су зиянды емес, сондықтан оның дәмін көруге болады.

*Мұғалім саусағын суға салып, судың дәмін татып көреді.*

*Мұғалім:* Ох! Тұзды. Қатты зат сұйықтықпен араласқаннан кейін сендер оны көре алмайсыңдар, енді біз зат еріді деп айтамыз. Және осы қоспаны бәріміз ерітінді деп атаймыз. Бүгін әртүрлі қатты заттарды сумен араластырасыңдар және олар ери ме, соны қарайсыңдар. Сендер үш қатты затты – қантты, ұнды және құмды сынайсыңдар. *Мұғалім сыныпты топтарға бөледі. Оқушылар жабдықтарды алып, тапсырманы орындайды, бұл ретте нәтижесін жазып отырады, әрбір қатты заттың атауының қасында оның ерігенін немесе ерімегенін көрсететін құстұмсық белгісін немесе «алу» белгісін қояды. Мұғалім оқушылардың барлық нұсқаулықтарды орындап отырғанына және тапсырмадан ауытқымағанына көз жеткізу үшін әрбір топтың жанына барады.*

*Мұғалім:* Жақсы. Барлықтарың аяқтадыңдар. Сендер нені анықтадыңдар? Құм еріді ме, ерітінді пайда болды ма?

*Барлық оқушылар қолдарын көтерді. Мұғалім бір оқушыны таңдады.*

*Оқушы Y:* Жоқ.

*Мұғалім:* Жақсы. Ал қантты алатын болсақ?

*Барлық оқушы қайтадан қолдарын көтерді. Жауап алуға мұғалім біреуін таңдады.*

*Оқушы Z:* Ол еріді.

*Мұғалім:* Дұрыс. Ал ұн ше?

*Оқушылар қайтадан қолдарын көтерді. Мұғалім X оқушысынан жауап беруді сұрады.*



*Білімді тереңдете отырып*

*Оқушы X:* Иә.

*Мұғалім:* Сенімдісіңдер мен? Ол еріді ме?

*Оқушы X:* Жоқ.

*Мұғалім:* Иә, ол еріген жоқ. Сонымен суда еріген жалғыз қатты зат ол қант болды. Тексеріңдер, барлығың қанттың қасына құстұмсық белгісін қойдыңдар ма? Құм да, ұн да суда еріген жоқ. Олардың қасына алу қойғандарыңызға көз жеткізіңдер. Егер қателессеңдер, түзетіңдер. Бұл едәуір оңай болды, солай емес пе? Өте тамаша. Сендер бүгін жақсы жұмыс істедіңдер. Енді құралдарды жинап, ойнауларыңа болады.

**В МҰҒАЛІМ.**

*Мұғалім:* Дұрыс. Өткен сабақта біз кейбір қатты заттарды араластырып, не болғанын жаздық. Кейбіреулерің мына сөзді қолдандыңдар. Мұғалім тақтада «ерітінді» деген сөзді жазады.

*Мұғалім:* Мен сендердің жұмыстарыңды қарадым, кейбіреулерің «ерітінді» деген сөзді басқа мағынада пайдаланғансыңдар. Бүгін біз «ерітінді» деген сөз нені білдіретінін анықтаймыз. Сабақтың соңында қайсыларыңда осы үдеріс жөнінде нақты ұғым бар екендігін анықтаймыз. Жақсы. Алдымен Жерге басқа ғаламшардың жылы шырайлы өкілі келгенін және ол сендерден ерітінді деген не екенін түсіндіруді сұрап отырғанын елестетіңдер. Басқа ғаламшар өкілі ол туралы ештеңе білмейтіндігін есте сақтаңдар. Жауап беру үшін серіктестеріңмен бірігіп жұмыс істеңдер. Сендерде үш минут бар. Кірісеміз.

*Мұғалім жұпта талқылау болып жатқан кезде оқушыларға кедергі жасамайды.*

*Мұғалім:* Енді мен сендердің ойларыңды естігім келеді. Екеулеріңнен бастайық. Мұғалім екі оқушыны көрсетеді.

*Оқушы M:* Біздің ойымызша, қандай да бір зат ерігенде ол жоқ болып кетеді.

*Мұғалім:* Рахмет. Мен оны тақтаға жазамын. Басқа да идеялар бар ма екен?

*Мұғалім басқа жұпты көрсетеді.*

*Оқушы N:* Заттардың еруі үшін заттарды араластыру керек деп айттық.

*Мұғалім:* Сонымен сендер ерітіндіні араластыру керек деп айтасыңдар ғой. Мен дұрыс түсіндім бе?

*Оқушы N:* Иә, біз солай деп ойлаймыз.

*Мұғалім:* Жақсы. Бұл басқа идея. Мен оны жазып қоямын.

*Мұғалім идеяларды тыңдауды жалғастырады және оларды тақтада жазады.*

*Мұғалім:* Рахмет. Сендерде «ерітінді» деген сөз туралы өте көп ойлар пайда болды. Сендердің ойларыңды сабақтың соңында қараймыз және олармен келісіп/келіспейтіндігімізді шешеміз. Қазір сендер әртүрлі үш қатты зат – қантты, ұнды және құмды сумен араластыруға тырысыңдар. Суы бар үш мензурканы алыңдар, оларға қасық толы әр затты қосыңдар және араластырыңдар. Осыны жасап отырғанда мына үш зат туралы ойлаңдар:

*Мұғалім тақтаға үш сұрақты жазады.*

1 Үш затты сумен араластырғанға дейін олар қалай көрінеді?

2 Сендер көрмесендер де суда қандай да бір заттың қалуы мүмкін бе?

3 Қалай ойлайсыңдар, ерітінділерді бір күнге қалдырсақ, олар қандай болып көрінеді?

*Мұғалім:* Сендерге топтарда практикалық жұмысты орындау керек. Әрбір топ үш сұрақты жазып алып, жұмыс барысында олардың жанына ескертулер жазып отыру қажет.

Әрбір идеяны жазып отыруға тырысыңыз. Ал мен қастарыңа барып, не жазғандарыңды қараймын.

*Мұғалім топтардың арасында жүреді және оқушыларға осы үш сұрақты қояды.*

*Мұғалім:* Жақсы. Барлықтарың аяқтадыңдар ма. Сендердің идеяларыңды тыңдайық..

*Мұғалім бүкіл айтылған идеяларды тыңдайды және атқарылған жұмысқа сілтеме жасап, оқушылар суға қосқан барлық заттардың қатты болатындығын олармен бірге растайды.*

*Мұғалім:* Екінші сұрақты алатын болсақ? Біз көре алмайтындай бірдеңе болуы мүмкін бе? Ол туралы не ойладыңдар?

*Мұғалім оқушылардың екі жұбын көрсетеді.*

*Оқушы P:* Біз басқа заттар туралы ойладық. Біз олар туралы білеміз, бірақ көре алмаймыз, мысалы, ауа.

*Білімді тереңдете отырып*

*Оқушы Q:* Иә. Қант сумен араласқан кезде ол суда бар, бірақ біз көре алмаймыз деп ойладық.

*Мұғалім:* Жақсы. Қантты көре алмасақ та, әлі де суда деп ойлайсыңдар ғой. Егер осымен келіспесеңдер, қолдарыңды көтеріңдер.

*Көптеген оқушылар қолдарын көтереді.*

*Мұғалім:* Сендердің кейбіреулерің басқаша ойлайсыңдар. Неге солай ойлайтындығыңды айтып берші (оқушыны көтереді)?

*Оқушы R:* Иә, біз сенген жоқпыз.

*Оқушы S:* Бір жағынан қанттың суда екеніне сенгім келеді, ал екінші жағынан мен көрмегендіктен, оны жоқ деп ойлаймын.

*Мұғалім:* Хм, иә, бұл қиын, солай емес пе? Біз көзімізді пайдалансақ, қант еріп кеткендей көрінеді. Осы проблеманы шешу үшін біз басқа сезімдерімізді пайдалана аламыз ба, соны білгім келеді.

*Оқушы R және S:* Иә! Біз дәмін көре аламыз ғой.

*Мұғалім:* Дұрыс, өте жақсы ой. Қанттың және судың дәмін тату қауіпсіз, сондықтан екеулеріңе жақындап дәмін татуға болады.

*Оқушылар қанттың ерітіндісінің дәмін көреді және тәтті екендігін мәлімдейді.*

*Мұғалім:* Қанттың ерітіндіде болуы туралы біз енді айта алатын сияқтымыз. Біз қантты көрмесек те, оның дәмін сезінеміз. Ал соңғы сұраққа қалай қарайсыңдар? Осы ерітінділерді бір күнге қалдырсақ, олар қалай көрінеді деп ойлайсыңдар. Мен сендердің жазба жасағандарыңды білемін. Сендердің пікірлеріңше, олардың қалай көрінетіндігі туралы үш болжам жасап, маған көрсете аласыңдар ма?

*Мұғалім тез сыныпты аралап өтеді және кімнің қандай сурет салғанын қарайды.*

*Мұғалім:* Жақсы. Ұқсайды, көпшіліктерің қант пен судың және құм мен судың ерітінділері қазіргідей көрінеді деп ойлайды екенсіңдер. Қазір менде кеше араластырған ерітінділер бар. Сендердің айтқандарың дұрыс па, соны қарайық.

*Мұғалім:* Сендердікі дұрыс сияқты. Бірақ су мен ұнның қоспасы туралы сөз қозғалғанда, сендер суретті біршама басқаша салыпсыңдар. Кейбіреулерің ерітінді көмескі болады деп ойлайсыңдар, басқалары ұн судан бөлінеді деп пайымдайды. Енді іс жүзінде не болатынын қарайық.

*Мұғалім ұн шөгіндіге айналған су мен ұнның қоспасын көрсетеді.*

*Мұғалім:* Сонымен су мен ұн араласқан жоқ. Үш қатты заттың қайсысы суда ерігендігі және оны қалай анықтай алатындығымыз туралы ойлауға сендерде екі минут уақыт бар.

*Мұғалім барлық жауапты тыңдайды, одан кейін барлық сынып басқа галамишар өкіліне ерітіндінің мынадай анықтамасын құрастырады: «Ерітінді – қатты зат сұйықтықпен араласқан кезде қатты заттың қалдықтарын көре алмайсыз. Сіз қатты затты көре алмасаңыз да, ол сұйықтықта бола береді. Зат еріген жағдайда ол араласады және бөлінбейді». Сынып қанттың ерігенімен келіседі. Олар осы тұжырымдаманы өздерінің бастапқы идеяларымен салыстырады.*

*Мұғалім:* Өздерінің серіктестіктеріңе қарай бұрылыңдар және бүгін ерітінді туралы нені білдіңдер, сол туралы айтыңдар. Мұғалім оқушылар жұптарының жауаптарын тыңдайды.

*Мұғалім:* Сонымен ерітінді ұғымы нені білдіретіндігі туралы толық түсінік алдық па?

*Оқушылар:* Иә.

*Мұғалім:* Ғалымдар қандай сөз қолданатыны туралы және олар нені білдіретіні туралы өте тиянақты ойластыруға тиіс және бүгін сендер дәл осыны жасадыңдар. Сендер жұмысты жақсы атқардыңдар. Енді құралдарды жинастырыңдар, одан кейін ойнауларыңа болады.

## ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ СҰРАҚ ҚҰРАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ҮЛГІЛЕРІ

<b>Мақсаты</b>	Мұғалім бұл үлгіні жауапты сын тұрғысынан ойлауға немесе нақты талқылауларды немесе сұрақтар блогын жоспарлауға көмектесетін сөйлемдердің басы ретінде пайдалана алады. Мұғалімдер оқушылардың салмақты жауаптарын қолдау мақсатында сауалдар әзірлей отырып, бұл жаттығуды толықтыра алады.
<b>Материалдар</b>	Жоқ
<b>Ақпараттық құралдар</b>	Жоқ
<b>Тақырып</b>	Сіздің оқытуыңызды қалай ұйымдастыруға болады
<b>Тәжірибе</b>	Жоғары деңгейдегі сұрақтар

### Жоғары деңгейдегі сұрақтарды құрастыру және түсініктеме жасауға арналған сөйлемдер басының жүйесі

**1-бөлім.** Еске салу ретінде сөйлемнің басын пайдалана отырып, сыныпқа қатысы бар сұрақтар құрастырыңыз. Сұрақтарды тиімді реттеу туралы ойлаңыз немесе тереңірек түсіндіру үшін қосымша деректерді пайдаланыңыз.

Мынадан бастап СҰРАҢЫЗ	СЫНЫППЕН ЖҰМЫС КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН СҰРАҚТАР
<p><b>Үдерісті немесе тұжырымдаманы түсіндіру үшін...</b></p> <p><i>__ қалай жұмыс істейді?</i></p> <p><i>__ үшін тәртіп қандай?</i></p> <p><i>__ пайдаланылатын әртүрлі бөліктер мен қадамдар қандай?</i></p> <p><i>__ тәртібінің мәні бар ма?</i> <i>Түсіндіріңіз.</i></p> <p><i>__ жасау үшін __ қалай пайдаландыңыз?</i></p> <p><i>Сіз мұны 5 жасар балаға қалай түсіндіресіз?</i></p>	

<p><b>Талдау және түсіндіру үшін...</b></p> <p>___ не түрткі болды? Басқа қандай себеп болуы мүмкін?      ___ қалай әсер етеді?      ___ және ___ несімен ұқсас?      Оның айырмашылығы неде?      ___ мақсаты қандай?      Неге бұл маңызды?      Қандай ақпарат жетіспейді?      Бұл топқа не/кім жатпайды?      Кім ең үлкен/күшті/жақсы?      Неге?      Автордың пікірі қандай?      Егер .... болса не болушы еді?      ___ нені білдіреді?      ___ неге осылай болды?</p>	
<p><b>Синтез үшін...</b></p> <p>___ басты идеясы мен тақырыбы қандай?      Сіз қандай жалпылау жасай аласыз?      ___ мынаған ___ қалай қарайды?      Ықтимал шешім қандай?      Сіз қандай қорытындылар жасай аласыз?      ___ туралы жаттағанымызбен қалай байланысты болуы мүмкін?</p>	

**2-бөлім.** «Жоғары деңгейдегі сұрақтарға жауап ретінде оқушылар қандай сөйлемдердің бастарын пайдалана алады?» деген сұрақ бойынша миға шабуыл жүргізіңіз. Түсіндіруге және оқушының идеясының пайдасына айтылған дәлелдерді пайдалануға көмектесетін «көмек сөздер» туралы ойлаңыз. Сіздің тізіміңізді бастау үшін бірнеше мысал ұсынылады:

<b>ОҚУШЫНЫҢ ЖАУАБЫНА АРНАЛҒАН СӨЙЛЕМДЕРДІҢ БАСЫ</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>• .... себепті мен келісемін немесе келіспеймін</li> <li>• .... себебі неліктен</li> <li>• ...шығармасына сәйкес</li> <li>•</li> <li>•</li> <li>•</li> </ul>

Сөйлемдердің басын үлестірме материал немесе талқылау кезіндегі сілтеме ретінде қабырғаға іліп қоюға болады.

## ЖАУАП АЛУДЫҢ ТИІМДІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Келесі сценарийді оқып, мұғалімнің оқушыларға сұрақты қалай қоятынына түсініктеме беріңіз.

Әрекет етуші тұлға	Іс-әрекет барысы	Пікірлер
Мұғалім:	Бүгін біз магнит пен магниттелетін материалдарды оқимыз.  Магниттің полюстері қалай аталатынын кім айта алады?	
1-бала:	Қызыл және көк?	
Мұғалім:	Жоқ, нақты емес	
2-бала:	Солтүстік және оңтүстік полюстер?	
Мұғалім:	Жақсы, дұрыс, жалғастырамыз. Қазір мен әртүрлі заттарды алып, сіздерден ол заттардың магниттелетінін немесе магниттелмейтінін айтуды сұраймын. (Бейтарап жаққа) Біздің қол көтеру ережемізді ұмытпаңыздар және парталас көршілеріңмен сөйлеспеңіздер – мен әркімнің не ойлайтындарыңызды білгім келеді.  Кеңсе скрепкасын көтереді де сыныпқа қарайды.	
1-бала:	Ол магниттеледі деп ойламаймын.	
Мұғалім:	Мен сендерге айқайлап айтпай, қолдарыңды көтеріңдер дедім.  (2-бала қолын көтерді)  Иә?	
2-бала:	Ол магниттеледі.	
Мұғалім:	Иә, сен дұрыс айттың, ол магниттеледі.  (Ол магнитке тартылатынын көрсетеді).  (Ағаш қасықты көрсетіп) Сіздер ағаш қасық туралы не ойлайсыздар?	
1-бала:	(Көзін жерге қадап, жауап беруге тіпті де тырыспайды).	

2-бала:	Магниттелмейді.	
Мұғалім:	Өте жақсы. Мен барлықтарыңыз магнетизм түсінігін жақсы меңгердіңіздер деп ойлаймын.  Үзілістен кейін әртүрлі заттарды магнетизмге тексере отырып, біз зерттеу жүргіземіз.  ҮЗІЛІС	
Мұғалім:	Үзіліске дейін біз магнит пен магниттелетін материалдарды талқыладық. Енді біз магнит және материалдарды зерттеу жұмысын жүргіземіз.  Барлықтарыңыз зерттеу дегеннің не екенін білесіңдер ғой, солай емес пе?	
Балалар	<i>Бастарын жайлап изейді</i>	
Мұғалім:	Ээ...ммм....парталарыңызда кейбір металл заттарды көресіздер; олардың қайсысы магниттеледі, қайсысы магниттелмейді анықтай аласыздар ма? Бастамас бұрын ең алдымен жұпқа бөлініп, осылардың қайсысы магниттелетіндігін ойлаңыз. Олардың барлығы металл болады деп санайсыз ба? Сіз таңдаған материалдар не себепті магниттеледі деп ойлайсыз? Материалдардың басқа мысалдарын келтіре аласыз ба?  Түсінікті ме? Жақсы. Бара берулеріңізге болады	

### Шағын топтарда:

1. Мұғалімнің сауалы тиімді болмағандығының себептерін анықтап, нені түзету керек екендігіне ұсыныс жасаңыз. Ұсынылған жазба парақтарын пайдаланыңыз.
2. Оқушылардың жақсы жауап беруіне қол жеткізу үшін жауап алудың барысын қалай өзгертуге болады? Оқушылардың аса жоғары ойлау қабілетіне жету үшін қандай сұрақ түрлерін қосар едіңіз?

## Жазбалар парағы

**Врагг Э.К. және Браун Г. (2001ж.). *Жалпы бастауыш мектебінде сауалды жүргізу*. Лондон: Раутледж Фолмер. Врагг және Браун мұғалімдер тәжірибеде жасайтын кейбір типтік қателерді ашты. Оларды әрекет барысын талдау үшін пайдаланыңыз.**

### **Мұғалімдер:**

- Бірден көп сұрақ қояды.
- Сұрақтар қояды және оларға өзі жауап береді.
- Оқушыларға ойлауға уақыт бермейді.
- Тек ер балалардан / қыз балалардан немесе нақты бір оқушылардан сұрайды.
- Жүйелілігі дұрыс емес, мысалы, балалар өз жауаптарын құру үшін жеткілікті ақпарат алмай тұрып, өте қиын сұрақтардың ерте сатыда қойылуы.
- Орынсыз сұрақтар.
- Белгілі бір типтегі сұрақтарды қою, мысалы, балаларды тек еске түсіруге ниеттендіретін сұрақтар (олардың білетіндері).
- Ойлауды дамыту үшін проблемалық сұрақтар пайдаланылмайды.
- Оқушылардың жауап беру ниетін басатын немесе дәлелденбейтін қауіпті сұрақтарды қояды.
- Сұрақтарға көңіл аудартпайды, мысалы, қарқын/екпінін өзгеру арқылы.
- Дұрыс жауаптарды анықтау тізбегін құруда қателіктерге / жолсыздықтарға назар салмайды.
- Жауаптарды түзетпейді.
- Дұрыс жауап беру әрекеті кезінде жауаптардағы сөз астарын көрмейді.

## ТОПТЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Әңгімелесу барысында әріптестер 1 және 2-жаттығу кезінде оқушылардың мәтінді бөлудегі өзара әрекеттерінің сапасын талқылайды. Оқушылар тіл байлығын дамыту үшін қандай дағдыларды қолданатынын байқаңыз. Оқушылардың оқып-үйренуге деген қабілетін арттыруда әлеуметтік өзара әрекет қалай көмектесетінін талқылаңыз.

### 1-жаттығу

1	<i>Дәурен</i>	Алдымен оқып алып, содан кейін қысқаша жазып аламыз ба?
2	<i>Әсел</i>	Ол өзін пайдасыз деп санайды... ол (мәтіннен үзінді оқиды) «сенің неге пайдаң жоқ?» дейді
3	<i>Дәурен</i>	Жарайды, ...егер мен барлығын жазып алсам, содан кейін....
4	<i>Марат</i>	Ол оны Ұлпабас деп атайды (күледі)
5	<i>Дәурен</i>	...содан кейін біз бұл туралы сөйлесеміз.
6	<i>Әсел</i>	Жай ма ...неге?
7	<i>Дәурен</i>	Білмеймін... «мүмкін оның сақалы болғандықтан шығар».
8	<i>Марат</i>	Мен Конрад өзінің әкесін сыйламайтынын, оны есі ауысқан кәрі қаңғыма деп санайтынын айтқым келеді.
9	<i>Гүлнәр</i>	Конрадтың әкесіне жаны ашымайды, ...ол оны пайдасыз деп санайды (мұны жазып алады).
10	<i>Марат</i>	Сен мұны шынында жазып алып жатырсың ба?
11	<i>Әсел</i>	Мен оның әкесіне деген ешқандай да сыйластық сезімі жоқтығын жазып отырмын.
12	<i>Гүлнәр</i>	Әсел, сен кітаптан үзінділерді көшіріп жазып жатырсың ба?
13	<i>Әсел</i>	Иә, кейбір үзінділерді, мысалы, Конрад пен әкесінің бір-бірімен сөйлескен жерлерін.
14	<i>Марат</i>	Бұл орынсыз ..., танк жасау мүмкін емес!
15	<i>Дәурен</i>	Бірақ сіз ол танкті шынында істей алады деп ойлайсыз ба немесе ол мұны тек қиялдайды ма?... (мәтіннен оқиды).... Онда «Өзінің қиялында ...» деп айтылады
16	<i>Марат</i>	Ал енді не ойлайтыныңызды жазыңыз ...Мен бұл орынсыз деп ойлаймын.



## 2-жаттығу

1	<i>Гүлнәр</i>	Ол Снайдерді басқаларға қарағанда өте жиіркенішті етіп жасаған деп ойлаймын.
2	<i>Әсел</i>	Иә, басқалары сияқты...әдемі...әдемірек.
3	<i>Дәурен</i>	Миссис Муттеренс сияқты ...(мәтіннен оқиды) «ол ақ шашты және кішкентай домалақ жүзді».
4	<i>Марат</i>	Иә, ол саусақтары жоқ қызықты қолғап киіп, мұз кәмпит сорады.
5	<i>Әсел</i>	Иә, ол оларды осылай сипаттады,...бірақ ол миссис Муттеренс пен Эмиді кішкентай ғып бейнелейді, және ол мұны бір мақсатпен жасады деп ойлаймын.
6	<i>Гүлнәр</i>	Ол Снайдерді аса жексұрын етіп бейнелегенін айтқым келеді.
7	<i>Марат</i>	Снайдерді қауіп төндіретін, ...өте қорқынышты етіп бейнелеу үшін ... (өйткені, иә...бұл жерде оның беті ақ және түрі түксиген болды деп айтылады)
8	<i>Дәурен</i>	«Үлкен қара көздерінің мысықтық ойыпаздығымен» (мәтіннен оқиды).
9	<i>Әсел</i>	Ол оны мысықтың баласы ретінде ...кішкентай мысықтың баласы деп айтатын шығар деп ойлаймын.
10	<i>Дәурен</i>	Бірақ жай ғана кішкентай емес.
11	<i>Әсел</i>	... мысықтың баласы сияқты,...себебі оны кез келгені ренжіте алады
12	<i>Марат</i>	Барлығы емес...
13	<i>Дәурен</i>	Бірақ, мысықтың баласы адамдарға сенеді ғой, солай емес пе? Ол Эмиді оңай зиян келтіре алатын біреу ретінде бейнелеуге тырысады деп ойлаймын
14	<i>Гүлнәр</i>	Иә..., «себебі, қараңыз ...Уоллас Снайдерді кәрі, құбыжық адам деп атайды..., сондықтан ол Эмиді кішкентай мысықтың баласы деп, ал Снайдерді құбыжық деп бейнелеп алғаны жақсы деп ойламайтын шығарсыз.
15	<i>Марат</i>	Ал мына жерде ...мына жерде тағы да ол аюға ұқсаған деп айтады ...(мәтіннен оқиды) «қабырғадағы оның аю көлеңкесі».
16	<i>Гүлнәр</i>	Себебі, ол мысықтың кәрі анасы сияқты ....толық және сүйкімді
17	<i>Марат</i>	Ал сен ол әлсіз және шошыған дейсің?

## Тренердің ескертпелері

1-жаттығу барысында Дәурен (1) мәтін бойынша ұжымдық сауал бере отырып, топтық ынтымақтастықты дамыту әрекетін қолданады, бірақ әрекет шектеулі жетістікке жетті. Ол барлық топ үшін өз еркімен жазушы болу ықыласын білдіреді және талқылау жалғасатыны жайында жорамал бар. Осы кезеңде Дәуреннің жасағаны дұрыс екенін көрсететін белгілер бар. Әсел (2) Дәуреннің ұсынысын қабылдап, қолдау белгісі ретінде мәтінге жүгінеді, ал Марат Конрад әкесін сипаттау кезінде кемсітіп көрсететін сөздерді қолданғанына назар аударады. Алайда, бұл зерттеулік өзара әрекет қысқа мерзімде болып, жекелеген тәуелсіз схема бойынша жұмыстың басталуы туралы белгі береді де, Марат пен Гүлнәрдің (8, 10 және 11) айтқандары сияқты кесімді әрекеттерге әкеледі. Дәурен (15) *сіз есептейсіз бе* деп сұрай отырып, бірлескен пікірталасты енгізуге тырысқан жағдайда, оның ұсынысы қабылданбайды.

2-жаттығу барысында «*Конрад соғысы*» және «*Лондон қары*» іс-әрекеттерін талқылауға қатысушыларының пікірлерінің арасында айырмашылық та кездеседі. Қыздар әңгіменің бас кейіпкерлеріне көп көңіл бөле отырып, пікірталасты жүргізе бастайды. Әңгімелесу толық ынтымақтастықта дамып, *егер де, ойлаймын, мен есептеймін, бірақ сіз ойламайсыз ба, сонымен сіз айтасыз ба, иә, бірақ, сіз қайдан білесіз және мүмкін* сияқты лингвистикалық сөз мәнерлерін қолдану арқылы, зерттеулік жұмыс ретінде сипатталуы мүмкін. Сонымен қатар, әңгімелесу топпен саналы түрде бақыланады, себебі міндеттерді нақтылайды, пікір алмасады, дауласады, талқылайды, жориды және идеяларын ортаға тартады.

Гүлнәр (1) зерттеушілікті білдіретін *мен ойлаймын* деген сөз мәнерімен пікірталасты бастайды, ал Әсел (2) қолдау ретінде кітаптан деректерді келтіре отырып, басшылықты өз қолына алады. Қатысушылар Гүлнәрдің басшылығын қолдағандықтан, өзара әрекеттестікке кіріседі. Дәурен мен Марат (3 және 4) Гүлнәрдің болжауын негіздеу үшін мәтінді зерттейді. Гүлнәр (6) өз пікірін тағы да растайды да, басқалардың қатысуын мойындағанын жасырын түрде көрсетеді. Марат және Дәурен (7 және 8) Гүлнәрдің пікірін қолдау үшін мәтіннен дәлелдер іздей отырып, жауап береді. Әсел (9) *ойлаймын* деген лингвистикалық сөз мәнерін қолдану арқылы, болжауды ұсынып, пікірталасты дамытады. Дәурен Әселдің пікірін қабылдайды да, өзінің көзқарасын ұсына отырып, оны әрі қарай дамытады. Дәуреннің айтқаны (13) есте қаларлық, себебі ол әлеуметтік те, танымдық жағдайда да бірлескен әңгімелесудің шынайы сипаттамасын көрсетеді. *Мен ойлаймын* дегені зерттеушілік қабілетті көрсетсе, ал олардың... *дұрыс емес пе* дегені оның қатысуына басқаларды келісуін немесе келіспеуін білдіру үшін алдын ала шақыруды білдіреді. Гүлнәр (14) Дәуреннің дерегін қолдап, мәтінге жүгіне отырып, оны кеңейтеді. *Сіз есептейсіз бе* дегені тағы да белгісіздікті білдіріп, топтың басқа мүшелеріне өз көзқарастарын дамыту мүмкіндігін қалдыра отырып, пікірталасқа қатысуды ұсынады. Өз пікірін білдіру үшін жалғауларды қолдану, бірлескен талқылаудың тағы да бір сипаттамалық белгісі болып табылады.

Өз кезегінде «*және*», «*сондықтан*», «*сонымен*» шылаулары (15, 16, 17) байланыстыратын құралдар болып табылады да, оқушылар жеке пікірлерін білдіріп қана қоймай, сондай-ақ назар аударып, мәселені бірге шешетіндігін көрсетеді.

Бір оқушылардың сөйлеу сапасы тұрғысынан 1 және 2-жаттығу арасындағы айырмашылық, бұл ұқсас міндеттердің негізгі сәттерін белгілеу мен мұғалім үшін де, оқушы үшін де маңызды болып табылатын мақсаттар мен болжамдарды ажырата білу болып табылады.

## ТАЛҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМА ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ

### 4-жаттығу

Мысыр көріністері бар екі сайтты салыстыру.

Мысыр көріністерін көрсете отырып, екі сайтты жұп болып талқылау.

Талқылау барысында туындаған негізгі идеяларды кестеге жазу.

	Небаумн мазарының анимациясы	Ход Ход әуе шарларындағы серуен фотосуреттері
Сайтты жасаушы. Бұл сайтты кім жасады?		
Мақсат. Бұл сайт неге керек?		
Сынып үшін пайдалылығы. Бұл оқытуды дамытуда қалай, қандай түрде пайдалы болуы мүмкін?		
Неге көңіл аудармауға болады?  Фотосуреттерде пайдалы болатын тағы нені көрсетілуі мүмкін?		
Пікірталас барысында туындаған басқа сұрақ		
Пікірталас барысында туындаған басқа сұрақ		

## **1-САБАҚ**

### **ӘНГІМЕ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ**

#### ***Мұғалім не дейді***

Мүмкін, балалар мұғалім құрған топтарда ынтасыз жұмыс істейтін болар. Бұл жағдайда оларға мұндай сабақтардың мақсаты не екенін, әрі топтар достық негізінде құрылса, олар бір-бірімен келісе беріп, сын тұрғысынан ойлау болмайтындығын алдын-ала айтқан дұрыс болар. Олардың әрқайсысы топтың жұмысына өзінің үлесін қосады деп күткендіктен, балалар осылай отырғызылғанын түсіндіріңіз. Топ қатысушыларын бір-біріне қарама-қарсы немесе бір қатарға отырғызғаннан гөрі үстелдің айналасына отырғызған жақсы – бұл топ мүшелерінің барлығының өнімді қатысуына мүмкіндік береді.

#### ***Ескерту***

Қажет болса бұл сабақты екі отырыста қарауға болады. Ол екі бөлімге бөлінген.

#### ***Ресурстар***

Әңгіме болатын жағдайлардың немесе заттардың суреттері бар карточкалар. Карточкаларды кесеміз.

#### ***Мақсаты***

Баланың әңгімелесудегі сенімділігін арттыру: «Біз әңгіме туралы әңгімелесіп үйренеміз».

#### **Табыстың ықтимал критерийлері**

Балалар бірқатар жағдайларда туындайтын мұндай әңгімелер туралы бір-біріне айта алады.

Балалар оларды талқылауды барлық сыныпқа сипаттай алады.

Балалар бірін бірі тыңдай алады.

Балалар жақсы шешеннің бірқатар қасиеттерін атай алады.

Балалар жақсы тыңдаушының бірқатар қасиеттерін атай алады.

#### **I-бөлім**

##### ***Бүкіл сыныптың кіріспесі***

Әңгіме туралы талқылауды барлық сыныппен бірге бастаңыз. Төмендегі сұрақтарды талқыны бастауға негіз етіп алуға болады:

- Кім өзін сөзшең деп есептейді?
- Кім өзін тұйық деп есептейді?
- Сіз кіммен әңгімелескенді ұнатасыз? Неге?
- Сізден қай кездері үндемеуді сұрайды? Неге?
- Неліктен сөйлесе білу қасиеті өте пайдалы?
- Бір-біріңмен әңгімелесу кезінде бірлесіп тағы не істеуге болады?

Енді балаларға суреттердің бірін көрсетіңіз. Олардан суреттегі іс-әрекетті сипаттауды сұраңыз.

##### ***Топтық жұмыс***

Сыныпты үш адамнан тұратын топтарға бөліңіз. Әр топқа бір суреттен таратып беріңіз және суретте не туралы әңгіме болуы мүмкін екенін шешіп, ол әңгімені сипаттайтын бірнеше сөзді келісуді сұраңыз. Топтың бір мүшелерді жазбалар жасап отырады.

Стикерлерді пайдалануға болады. Талқылауға бірнеше минут беріңіз. Сондай-ақ балалар кәртішкедегі әңгіме аясында пайдалануы үшін сөздер жазылған карточкаларды таратып беруге болады.

### ***Бүкіл сыныптың әрекеті***

Топтардан көмекші құрал ретінде таратылған сөздерді пайдалана отырып, суретте не болып жатқанын айтуды сұраңыз. Балалардың өз идеяларына негіздеме бергеніне көз жеткізіңіз.

## **II бөлім**

Енді сөздері бар кейбір карточкаларды таңдап алыңыз, алдыңғы әрекетте пайдаланылмаған сөздерді таңдаңыз. Бұл сөздердің нені білдіретіні туралы не ойлайтындарын сұраңыз? Олар бұл сөздерді сөйлем ішінде пайдалана ала ма? Әңгімелесумен бірге олар бір-бірін тыңдауды үйрену қажеттігін түсіндіріңіз.

### ***Топтық жұмыс***

Оқушыға өзімен әңгімелесетін адамды табуды сұраңыз. Оларға бір минут уақыт берілетінін түсіндіріңіз. Бір минуттың ішінде әңгімелесуші өз көршісіне бірдеңе айтып отырады. Бұл үй жануары, ағасы немесе қарындасы, сүйікті ойыншығы немесе ойыны, жуырда барған дүкені немесе туған күні туралы болуы мүмкін.

Бір минут өткеннен кейін топтың қатысушыларын рөлдермен алмасуды сұраңыз. Тапсырманы қайталаңыз.

Енді кейбір оқушылардан оның әңгімелесушісі не туралы айтқанын бүкіл сыныпқа айтуын сұраңыз.

Топпен әрекеттерді бірнеше рет қайталаңыз, бұл ретте балалардан әңгімелесушілерін ауыстыруды сұраңыз.

### ***Қорытынды шығару***

Балаларға сабақтың тақырыбы «Әңгіме» екенін естеріне түсіріңіз. Жақсы шешен дегеннің кім екені туралы олардың не білгенін сұраңыз. Неге? Жақсы шешеннің портретін бірлесіп жасаңыздар. Мысалы:

- Өз идеяларымен бөлісетін адам;
- Өз идеяларын негіздейтін адам;
- Өзінің не айтқаны туралы сұраққа жауап беруге тырысатын адам.

Сабақтың тақырыбы әңгімелесу, сондай-ақ тыңдай білу болды. Олардың пікірі бойынша кім жақсы тыңдаушы болды? Неге? Оқушыны жақсы тыңдаушы ететін не екендігі жайындағы бірнеше пікірді біріктіріңіз:

- Сіз сөйлегенде сізге қарап отыратын адам;
- Салмақты отырған адам;
- Сіздің айтқаныңыз оған қызық екенін көрсететін адам.

Енді әңгіме және тыңдай білу туралы барлық ойларды балалардан топпен компьютерде жұмыс істеуді сұраған жағдаятпен байланыстырыңыз. Олардың бірлескен жұмысына жақсы шешен мен жақсы тыңдаушы қасиеттері қалай пайдалы болуы мүмкін?


Сөздері бар карточкаларға қайта қараңыз. Осы карточкалар компьютерде жұмыс істейтін топтарға қалай көмектесе алады? Сіздің басқа балалармен топ болып компьютерде жұмыс істеу кезінде қандай жұмыс жақсы орындалады?

Баға: мақсатқа жеттік пе, соны талқылаңыз.

***Одан арғы ықтимал әрекеттер***

- «Әңгіме» тақырыбына қатысты сөздердің анықтамаларын қарап шығыңыздар.
- Балалар осы кезде пайдаланып отырған кітаптардан немесе басқа оқу әдебиетінен «әңгіме» тақырыбы бойынша сөздерді табыңыздар.
- «Әңгіме» тақырыбына қатысты сөздердің тізімін жазыңыз: балалар «әңгіме» тақырыбында естіген сөздерді жазыңыз.

***Әңгіме туралы 1-сабақ: Суретті карточкалар***



*Әңгіме туралы 1-сабақ: Сөздері бар карточкалар*

<b>Сипаттау</b>
<b>Дауласу</b>
<b>Пікір</b>
<b>Себеп</b>
<b>Талқылау</b>
<b>Бөлу</b>
<b>Тыңдау</b>
<b>Шешу</b>
<b>Есте сақтау</b>
<b>Көзін жеткізу</b>
<b>Әңгімелеу</b>
<b>Сұрау</b>
<b>Үзу</b>

### 3-САБАҚ

## СИҚЫРЛЫ ШАРШЫЛАР – НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР ТӘЖІРИБЕСІ

#### **Мұғалім не дейді**

Негізгі ережелерге бірнеше минутымызды жұмсайық. Бұл ережелерді балалар көре алатындай дисплейге орналастырған ыңғайлы. Бұл егер сіз ереженің мәнін немесе неліктен әр ереже маңызды екенін түсіндіруді балалардан өтінген кезде көмектеседі. Әңгіме карточкаларының маңызы зор. Олар тіркестерді балалардың есіне түсіріп, негізгі ережелерді пайдалануға көмектеседі. Бір топ олардың тез арада көруіне жеңіл болуы үшін карточкаларды экранның айналасына бекітуді ұсынды.

#### **Ескерту**

Бұл сабақтың мақсаты – балаларға әңгіме жүргізудің негізгі ережелерін пайдаланып дағдылануына мүмкіндік беру. Сабақ барысында 2-сабақта сыныппен келісілген ережелерді қайта қарап, қайталау қажет. Компьютерде жұмыс істеудің кез келген қосымша келісілген ережелерін сабақта еске түсіріп, қайталап отыру қажет.

#### **Ресурстар**

Әңгіме карточкалары – бір жинақты әр топ үшін қию қажет.  
«Сиқырлы шаршылар» компьютерлік файлдары (Word 97 немесе 2000 пайдалану қажет).  
Әңгіменің негізгі ережелерін қайталау қажет.

#### **Мақсаттар**

Математикалық мәселелер бойынша әңгіме жүргізудің негізгі ережелерін қолдану.

1-жалпы қиындықта он сандық белгіні тез алып шығу (СП 39)

Ойша бірнеше аздаған сандарды қосу (NNS43.)

Математикалық тапсырмалар мен бас қатырғыштарды шешу (СП 79).

#### **Жалпысыныптық жұмыс (тікелей оқу)**

Сабақты сұрақ қоюдан бастаңыз, өйткені балаларға әңгіме жүргізудің негізгі ережелерін еске алуға мүмкіндік беру керек («Мұғалім не дейді» дегенді қараңыз).

Енді сабақтың мақсатын түсіндіріңіз, осы ретте бұл сабақ математикалық басқатырғыштарды бірлесе ойлай отырып, балаларға әңгіме жүргізудің ережелерін пайдалануды бастауға мүмкіндік беретіндігін атап көрсетіңіз.

Балаларды сиқырлы шаршылармен таныстырыңыз (егер бірінші рет қолданып тұрмасаңыз, қайталаңыз). Сіз басқа да сиқырлы шаршыларды пайдалана аласыз (мына шаршылар *Bridging Units from SMILE Mathematics* алынған, 6-бет).



11	3	10
7	8	9
6	13	5

Әрбір жолдағы, бағандағы және диагональдағы қосындыны талқылаңыз. Олардың бәрі 24-ке тең. Бұл сиқырлы сан. Олар ортадағы сан мен сиқырлы сан арасындағы қатынасты көре ала ма?

Енді келесі толық емес Сиқырлы шаршыны көрсетейік:

8		
	5	7
		2

Балалардан осы сиқырлы шаршыны шешуге арналған стратегияны талдауды сұраңыз. Оларға өздерінің ұсыныстарын негіздеу керек екендігін ескертіңіз. Олар өздерінің идеяларымен бөліскен кезде кері байланыс үшін сұрақ қойыңыз және осындай ұсыныстың себептері туралы қайта сұраңыз.

Қазіргі кезде сынып үшін 1-Сиқырлы шаршының файлында сандарды қалай таңдау керек екендігі көрсетілген. Бұл Сиқырлы шаршы «15» сиқырлы санын пайдаланады (қажеттілігіне қарай әртүрлі файлдар қолданылады).

## Magic Square

Can you change the numbers in the square to make as many rows, columns and diagonals odd into 1.5?

	4		9		2
	1		5		1
			1		6

When you have done, add your names here.

add your names here

Now print out the screen. Clicking on the picture of the picture at the top left of the screen.

Сіз тордағы санға басқанда, тізім ашылады. Тінтуірмен керек санға жүре отырып, өзіңізге керекті санды таңдап, жіберіңіз. Сондай-ақ оған балалар қағазға басардың алдында өздерінің атын жазатын арнайы терезе бар.

### Топтық жұмыс

Топтық жұмыстың мақсаты жалпы талқылау болып табылатындығын түсіндіріңіз, өйткені сиқырлы шаршыны шешу үшін қандай стратегияны қолдану керектігі туралы келісіп алған жөн. Әр топқа көптеген әңгіме карточкаларын таратыңыз, бұл оларға негізгі ережелерді ұстануға көмектеседі. Олар карточкаларды көрсетілген тәртіпте қолдануға тиіс. Олар шешім қабылдасымен өздерінің атын жазып, қағазға басуға жібереді.

### Жалпы кеңес

Әрбір топтан мәселелердің үлгілерін беріп, осы мәселені шешуге арналған өзінің стратегиясын түсіндіруді сұраңыз.

Оқушылар қолданатын стратегияның түрлерін және олар өз топтарында оны қалай ұйымдастырғанын анықтаңыз. Олар бұл шешімге қалай келді?

Топтан әңгіме жүргізудің негізгі ережелерін қалай пайдаланғандығын сұраңыз. Сабақтың мақсатына қол жетті ме?

### Қосымша тапсырмалар

Сиқырлы шаршылар үшін жалпы шешім біреу – бұл кез келген берілген санға ортақ  $3n$  болуы. Негізгі стратегия диагональды құрайтын тізбектелген үш санды анықтау болып табылады, яғни жалпы алаңның орталық саны  $3$ -ке бөлінген.

$n-1$	$n+4$	$n-3$
$n-2$	$n$	$n+2$
$n+3$	$n-4$	$n+1$

«Bridging Units from SMILE Mathematics»-мегі (16-бет) «Көпқырлы сиқырды» түсіну үшін Әңгіме жүргізудің негізгі ережелерін қолданыңыз. Бұл басылым түрлі үлгідегі

Сиқырлы шаршыларды және әртүрлі символдарды пайдаланатын Сиқырлы шаршыларды зерттейді.

Сіз не ойлайсыз?

Сіз неге олай деп  
ойлайсыз?

1-әңгіме карточкасы

---

Мен ... келісемін,  
өйткені...

Мен ... келіспеймін,  
өйткені...

2- әңгіме карточкасы

---

Бөліскіңіз келетін  
тағы қандай  
идеяларыңыз бар?

Бәрі келісе ме?  
(Әлде әңгімені  
жалғастырғыңыз келе ме?)

3- әңгіме карточкасы

---

## СИҚЫРЛЫ ШАРШЫ

Әр қатарда, бағанада немесе диагональдағы сандардың қосындысы 12 болатындай етіп шаршыны толтыра аласыз ба?

Қосымша кеңес: 0-ден 8-ге дейінгі әр санды пайдаланыңыз

0	0	0
0	0	0
0	0	0

Осыны орындағаннан кейін...

..... мына жерге өз есіміңізді қосыңыз..... —————>

Енді беттің үстіңгі жағындағы принтер белгісіне басып, бетті басып шығарыңыз.

Мұғалімдер үшін ескертпелер

Бір шешім:

5	0	7
6	4	2
1	8	3

Басқа шешімдер

1	6	5
8	4	0
3	2	7

немесе

5	6	1
0	4	8
7	2	3

Ребусты жеңілдету үшін сандары бар кестелердегі ашылатын тізімі бар кейбір формаларды санмен ауыстырыңыз. Біріншіден, Құралдар тақтасы мәзірінде «Түр» деген белгінің астындағы нысанның Құралдар тақтасында орналасқан «құлып» белгісінің көмегімен форманың құлпын ашыңыз. Содан кейін өзгерткіңіз келетін ұяшықты белгілеңіз де, қалаған санды енгізіңіз. Қаншалықты көп енгізсеңіз, ребус соншалықты жеңілдей береді. Бір қатарда 2 сан пайда болғанда, ребусты адымдап шешуге болады. Егер сіз өзгерістер енгізсеңіз, ашылатын тізімі бар формалар қайтадан жұмыс істеп тұру үшін формаға қайта құлып қоюды ұмытпаңыз. Аралық қадам ретінде сіз шаршының ортасына 4 санын енгізе аласыз.

Сабақ жөнінде ұсыныстар

Осы ребустың үлкен нұсқасын ауызша жауап беру немесе ойлау үдерісінің бастамасы ретінде пайдаланыңыз. Бүкіл сыныппен бірлесіп 12-ге дейін шаршыны

толтырыңыз және барлық сынып болып қосындысында 12 беретін сандардың басқа комбинацияларын (мысалы, бірдей сандарды пайдалана отырып,  $3+3+6$ ;  $4+4+4$ ;  $5+5+2$ ) жасауды сұраңыз. Сосын сыныпқа 15 сиқырлы шаршы ребусын беріңіз. Бұл үшін олар 1-ден 9-ға дейінгі әр санды пайдалануға тиіс. Бір топ оны жұппен экранда шешуге тырысады (егер сізде бір компьютер ғана болса, топтар оны қағазда шешіп, жазып және шешімін басып шығара алады). Екінші топқа екі белгіленген сан беріңіз (бұрыштағы сан мен қарама қарсы жақтағы ортадағы сан есепті қиындатады)

Үшінші топқа үш тұрақты сан беруге болады, ал басқа қажеттілерін сыртқы жағында кішкене белгісі бар кәртішкелермен беріңіз.

Әдетте олар 15 ребусын шешудің жеңіл тәсілі 12 ребусының шешіміндегі шаршының әр торына 1 қосу екенін түсінбейді.

Тапсырманы басқалардан бұрын аяқтаған оқушылар үшін қосыша тапсырма беруге болады, айталық, 2-ден 10-ға дейінгі сандар қолданылатын шаршының ортақ нәтижесі қандай екендігін сұраңыз (18). Ал тапсырманы жылдам орындай алмағандар үшін 15-ке жеткізу үшін қос санды және үшінші санды пайдалануды сұрауға болады ( $7+7+1$ -ге  $1+1+13$ -тен 7 табу).



11-KYH







# 1А ЖАТТЫҒУ: КӨЗБЕН КӨРЕТІН АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

**Сабақ тақырыбы:** Тарих және география сабақтарында сын тұрғысынан ойлауға үйрету

**1а жаттығу:** Көзбен көретін айғақтар негізінде сын тұрғысынан ойлау

Бұл әрекет саяхат және көлік тақырыбына назар аудара отырып, тарих және география пәндері бойынша айғақтар көзі ретінде фотосуреттермен жұмыс жасауға бағытталған. Олар әртүрлі жас топтарына лайықтап саралануы мүмкін, мұғалімдер мен тренерлер оларды кәсіптік даму үшін пайдалана алады. Бұл жаттығуды біліктілікті арттыру курсына тренерлермен қатар, сынып жағдайында балалардың әрекетін бақылап және жазып отыратын мұғалімдер де пайдалана алады.

## **Мақсат:**

Балалардың оқуы мен танымдық дамуын қалыптастырушы бағалау үшін және әлеуметтік ғылымдағы оқыту үдерісінің бір бөлшегі ретінде куәлардың көмегімен сын тұрғысынан ойлау үдерісін бақылап, жазып отыру. Бұл «Ауызша алынған ақпарат туралы сын тұрғысынан ойлау» атты 1б-жаттығумен тығыз байланысты және екі жаттығуды да тренерлер мен мұғалімдер үшін қатарынан немесе тізбектеп, ал балалар үшін жеке және біртіндеп өткізуге болады.

## **Дайындық:**

Қазақстандағы және басқа жерлердегі саяхат пен көлік туралы фотосуреттердің (суреттер, сызбалар немесе гравюралар) жиынтығы отбасылық альбомдардан, қоғамдық фотомұрағаттардан (жергілікті немесе ұлттық мұражайлар), сондай-ақ веб-сайттардан алынуы мүмкін. Оқушыларды үйлерінен әкелген материалдар үшін қолпаштап, сонымен қатар тиісті суреттерді интернеттен іздеуге болады.

Бұл бейнематериалдар тарихи уақыттың түрлі мерзімдері бойындағы жер, су немесе ауадағы саяхатты көрсету үшін іріктелуге тиіс. Олар жеке көлікті (мысалы, жылқыдан бастап мотоциклге дейін, мотоциклден бастап автомобильге дейін) және қоғамдық көлікті (мысалы, пойыздардан бастап автобустарға дейін немесе аэропланнан бастап ғарыш зымырандарына дейін) қамтуы қажет. Іріктеліп алынған материалдар жиырмасыншы ғасырға жататын, тіпті, одан ертерек кезеңді, немесе тек қана қазіргі заманға қатысты географиялық ерекшелігі бар түрлі өңірлер мен орындарды көрсетуі қажет. Географиялық ерекшелік, дүниенің басқа бөліктеріндегі саяхат пен көлік бейнелерін беру үшін, әсіресе, экономикалық даму деңгейін көрсету үшін кеңейтілуі мүмкін.

Зерттеу мақсаттары алдын-ала белгіленген фотосуреттер топтамасын ашық зерттеудің өзіндік зерттеу аясы болады. Фотосуреттерді іріктеу ерекше тақырыпты көрсету үшін іске асырылады (аталған жағдайда саяхат және көлік). Сонымен қатар, фотосуреттер бойынша балалар қоюы мүмкін сұрақтардың түрлерін болжау үшін, зерттеудің негізгі мақсаттары әрекет басталмай тұрып айқындалуы керек.

# 1А ЖАТТЫҒУ: КӨЗБЕН КӨРЕТІН АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

## 1- тапсырма: Тарихи және географиялық санаттар бойынша сұрыптау

Шағын топтардағы қатысушылар іріктелген фотосуреттер мен суреттерді қарастырып, талқылайды. Тарихи немесе географиялық санаттардың тақырыптары бар үлкен қағаз парақтары әзірленеді және суреттер әр параққа сәйкес сұрыпталады [бұл үшін сызбалар мен диаграммалар салыңыз; ересек оқушылар өздерінің сызбаларын жасай алады]:

Ерте-ерте-ертеде (ұлы әжелер ұрпағы); өте ертеде (әжелер мен аталар ұрпағы); ертеректе (ата-аналар ұрпағы); қазіргі заман (біздің ұрпақ). Неғұрлым озық оқушылар үшін бұл санаттар: 100 жылдан бұрын; 100-50 жыл бұрын; 50-25 жыл бұрын; соңғы 25 жыл болуы мүмкін.

Құрлықтағы көлік; су көлігі; әуе көлігі; қоғамдық көлік; жеке көлік; (қазақстандық дереккөздер үшін: ауылдық жер; қалалық жер); (әлемдік дереккөздер үшін: экономикалық дамушы елдер; экономикалық дамыған елдер).

Мақсат тарихи немесе географиялық нақтылықты анықтау емес, дәл түсініктер мен білімді пайдалана отырып, айғақтарды зерттеу және ойларды талқылау кезіндегі оқушы ойының барысы. Мұғалімдерге тарихи немесе географиялық көрсетілімдерді түсіну сатылары туралы ойлану үшін, балалардың талқылауларын жазып алуына болады немесе қысқаша ескертпелер жасауы мүмкін, сондай-ақ балалар пайдаланған лексиканы жазып алуына болады. Аталған бақылаулар мен жазбаларды кейінірек мұғалімдер арасында немесе жоғары сынып оқушыларымен талқылауға болады.

Төменде орналасқан кестелер мен сызбалар суреттерді сұрыптауға арналған үлгі болып табылады. Міндет: балалардың өз идеяларын алға тартуы мен оны өз араларында талқылауы кезінде, мұғалім оларды талқылау барысында қажет болатын тиісті терминологияларды қолдануға үйретеді. Сондай-ақ әртүрлі қосымша санаттарды пайдалануға болады.

Суреттерді сұрыптау бойынша орта буын оқушыларына арналған тарихи кестенің үлгісі:

Ерте-ерте-ертеде (ұлы әжелер ұрпағы)	Өте ертеде (әжелер мен аталар ұрпағы)	Бұрынғы кезең (ата-аналар ұрпағы)	Қазіргі заман (біздің ұрпақ)

Суреттерді сұрыптау бойынша анағұрлым жақсы оқитын оқушыларға арналған тарихи кестенің үлгісі:

	100 жыл бұрын	100-50 жыл бұрын	50-25 жыл бұрын	Соңғы 25 жыл
Жеке көлік				
Қоғамдық көлік				

## 1А ЖАТТЫҒУ: КӨЗБЕН КӨРЕТІН АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

Суреттерді сұрыптау бойынша орта буын оқушыларына арналған географиялық кестенің үлгісі:

Жерде саяхат жасау	Суда саяхат жасау	Әуеде саяхат жасау

Суреттерді сұрыптау бойынша анағұрлым жақсы оқитын оқушыларға арналған тарихи кестенің үлгісі:

	Жерде саяхат жасау	Суда саяхат жасау	Әуеде саяхат жасау
Экономикалық дамушы елдер			
Экономикалық дамыған елдер			

# 1А ЖАТТЫҒУ: КӨЗБЕН КӨРЕТІН АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

## 2- тапсырма: Көзбен көретін айғақтар бойынша сауалнама

Шағын топтағы қатысушылар бір, екі немесе үш қарама-қарсы сурет таңдайды. Әрбір сурет үлкен қағаз парағына орналастырылады. Сурет бойынша «миға шабуыл» әдісі арқылы ықтимал сұрақтар қойылып, суреттің айналасына жазылады: Бұл фотоны түсірген немесе суретті салған кім? Ол қашан жасалған/салынған? Бұл қай жерде жасалған? Ол қашан түсірілді/салынды? Бұл қай жерде жасалған? Бұл фото немесе сурет қандай себеппен жасалған? Көмекші/мұғалім бастапқыда бір немесе екі арнайы сұрақ ұсынуы мүмкін, ал қатысушылар барынша көбірек сұрақтар құрастыруы қажет. Сондай-ақ, 1-жаттығу кезінде мұғалімдер кейінгі талқылауларға арнап балалардың ойлауы мен олардың лексикасы туралы жазбалар жасап отыруына болады.

<b>Қадағалау сұрақтары:</b> Мысалы ... «Бұл суреттен біз нені көре аламыз?»	<b>Проблеманы шешетін сұрақтар:</b> Мысалы ... «Осы көліктің түрін кім және қандай мақсаттармен пайдалануы мүмкін?»
<b>Сараптамалық сұрақтар:</b> Мысалы ... «Фотосурет қашан түсірілген немесе картина қашан салынған және неліктен?»	<b>Ерекшелетін сұрақтар:</b> Мысалы ... «Осы фотосурет қандай типке жатады?»

## 3- тапсырма: Сұрақтарды бағалау және жауап іздеу

Сұрақтарды сұрыптау үшін қатысушылар өз кестелерін ұсынады. Арнайы тарихи немесе географиялық зерттеулер үшін қандай сұрақтар барынша пайдалы болып табылады? Жауаптарды іздеу үшін қайда жүгінуге болады?

## 1А ЖАТТЫҒУ: КӨЗБЕН КӨРЕТІН АЙҒАҚТАР НЕГІЗІНДЕ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

Аты		Күні
Тақырыбы: [саяхат және көлік]		
Менің сұрақтарым несімен пайдалы және жауаптарын қайдан іздеуге болады?		
Сұрақ:	Түсініктер: «Аталған сұрақтың қандай пайдасы бар? Ол менің түсінігімді жақсартуға қалай көмектеседі?»	Көбірек ақпаратты қайдан табуға болады? Кітаптардан ба? Ғаламтордан ба? Сарапшыға жүгіну арқылы ма?

### 4- тапсырма: Көңіл күйге ортақтасу

Көліктің ескі түрлерін пайдаланып, ескі заманның адамдары қалай өмір сүргендерін елестетіп көріңіз. Сіздің қазіргі өмір туралы біліміңіздің арқасында қандай өзгерістер болуы мүмкін? [кестені құрған кезде «кейін» және «қазір» сөздерін пайдаланыңыз].

### Дереккөздер:

Оксфам білім бөлімінен:

Бейнелеулер және материалдар: Деректер: Фотосуреттерді сыныпта пайдалану

[http://www.oxfam.org.uk/education/teachersupport/cpd/images\\_and\\_artefacts/files/background\\_to\\_using\\_photographs\\_in\\_the\\_classroom.pdf](http://www.oxfam.org.uk/education/teachersupport/cpd/images_and_artefacts/files/background_to_using_photographs_in_the_classroom.pdf)

## **1Б -ЖАТТЫҒУ: АУЫЗША АЛЫНҒАН АҚПАРАТ ТУРАЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ**

**Сабақ тақырыбы: Тарих пен география сабақтарында сын тұрғысынан ойлауға үйрету**

### **1б -жаттығу: Ауызша алынған ақпарат туралы сын тұрғысынан ойлау**

Бұл жаттығу география мен тарихты білетін аға буын өкілдерінің назарын көлік пен саяхат тақырыбына шоғырландырып, олармен сұхбат жүргізу ретінде орындалады. Ол әртүрлі жас топтарына лайықтап саралануы мүмкін және мұғалімдер мен тренерлер оны кәсіптік даму үшін пайдалана алады. Бұл жаттығуды біліктілікті арттыру курсына тренерлермен қатар, сынып жағдайында балалардың әрекетін бақылап және жазып отыратын мұғалімдер де пайдалана алады.

#### **Мақсаты:**

Балалардың оқуы мен танымдық дамуын қалыптастырушы бағалау үшін және әлеуметтік ғылымдағы оқыту үдерісінің бір бөлшегі ретінде куәлардың көмегімен сын тұрғысынан ойлау үдерісін бақылап, жазып отыру. Бұл «Көзбен көретін айғақтар негізінде сын тұрғысынан ойлау» атты 1а-жаттығумен тығыз байланысты және екі жаттығуды да тренерлер мен мұғалімдер үшін қатарынан немесе тізбектеп, ал балалар үшін жеке және біртіндеп өткізуге болады.

#### **Дайындық:**

Бұл жаттығудың жекелеген мәліметтерін балалардың көмегімен олардың отбасының үлкендерінің тәжірибесі туралы сұрау кезінде жинауға болады (бұл жағдайда саяхаттар мен көлік туралы, сонымен қатар бұл тәсілді өткен өмірдің басқа қырларын айқындауда да қолдануға болады). Сын тұрғысынан ойлау деректерді әзірлеу мен жинау кезінде, ал кейіннен талдау кезінде пайдаланылады. Іс-әрекет мұғалімдер мен тренерлердің, оқушылардың бір-біріне сұрақ қоюынан басталады. Ол тарих, география пәндері бойынша электрондық поштаны немесе бейнеконференцияны пайдалану арқылы Қазақстанның басқа аудандарының немесе басқа елдердің балаларымен жалғасуы мүмкін.

Зерттеу аясын айқындау үшін шараны жоспарлау қажет болады, мысалы, зерттеу мектепке дейінгі көлік пен саяхат, жұмыс кезіндегі көлік пен саяхат, отбасылық саяхаттар сияқты тақырыптар бойынша жүргізіле алады. Бастапқыда, егжей-тегжейлі зерделеуге кірісердің алдында, қолда бар деректердің қырларын ашу үшін жоспарлау ортақ болуы мүмкін.

Сондай-ақ, жоспарлау жазып алу мен сақтау үшін қолданылатын технологияны: сандық дыбыс жазу құралдары мен дыбыстық файлдарды айқындау үшін қажет. Дыбыстық файлдарды қоғамдық мұрағаттар мен көпшілік кітапханалардан табуға болады.

#### **1-тапсырма: Сауалнама жүргізу жоспары**

Өткен уақыттарда басқа адамдар жасаған және бізге түзеу үшін ұсынылған фотосуреттер мен суреттердің негізгі айырмашылығы сол - біз біреуге сауал қою арқылы деректерді айқындауға қатыса бастаймыз. Сауалнама жоғары деңгейде жүргізілуі үшін, жүргізілетін сауалнаманың сұрақтары алдын-ала жоспарланып, талқылануы тиіс.

Түрлі буын өкілдерінен (мәселен, ата-ана, ата мен әже) алынған сауалнама уақытпен (тарих) байланысты өзгеріске бағытталуы мүмкін. Немесе түрлі аудандағы көлік пен саяхат арасындағы айырмашылықтар (мәселен, қала мен ел, тау мен жазықтық) мен жергілікті жердің ерекшеліктеріне (география) қатысты болуы мүмкін.

Сауалнама барысында көмек ретінде фотосуреттер мен көрнекіліктерді пайдалануға болады.

Әр сұхбат беруші үшін қанша сұрақ болады? Бір-екі оқушы сұрақ қояды, бір-екі оқушы хатшы ретінде жұмыс істейді, біреуі деректерді жазып отырады.

Сауалнамаға қанша уақыт кетеді? Үдерістен біз нені анықтағымыз келеді? Белгілі бір уақыт ішінде біз барлығына үлгеруіміз керек.

Тарихтан ауызша сауалнаманың үлгісі:

## 1Б -ЖАТТЫҒУ: АУЫЗША АЛЫНҒАН АҚПАРАТ ТУРАЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

<b>Сұхбат берушінің аты:</b>	<b>Туған күні:</b> (Неше жаста?)
<i>Отбасы туралы сұрақтан бастаңыз, мысалы...</i>	
Қай жерде туып-өстіңіз?	
Неше бауырыңыз немесе қарындасыңыз бар?	
Ата-анаңыз немен айналысты?	
<i>Саяхаттар пен көлік туралы ерекше сұрақтарды қойып жалғастырыңыз, мысалы...</i>	
Мектепке дейінгі саяхатыңыз қалай өтті?	
Тағы қандай саяхаттарда болдыңыз? Оған жалғыз немесе отбасыңызбен бірге бардыңыз ба?	
Осы сапар кезінде қандай көлік түрін пайдаландыңыз?	
Сізге саяхатқа шығу ұнады ма? Тәжірибеңізбен бөліссеңіз. Ол жайлы, қызықты, есте қаларлықтай болды ма?	
Өткенді еске түсіре отырып, өткен өміріңізде саяхаттар мен көлік қаншалықты өзгергенін сипаттай аласыз ба?	

### 2-тапсырма: Ауызша түрде алынған ақпарат туралы сұрақтар

Ауызша ақпаратты талдап салыстырыңыз, сын тұрғысынан бағалаңыз. Кітаптан алынған ақпараттың ғаламтордан табылған ақпараттан қандай ерекшелігі бар? Салыстыруды фотосуретпен және суреттермен де жасауға болады.

Суреттермен жұмыс істей отырып, оның қандай мәлімет беретінін ғана емес, қандай мәліметті ашпайтындығын да сұрау қажет.

### 3- тапсырма: Тағы нені білуіміз қажет?

Сауалнама нәтижесінде алынған ақпаратпен байланысты емес, қосымша сұрақтар туралы ойланыңыз. Саяхаттар мен көліктер бойынша қосымша ақпаратты (арнайы сұрақтар негізінде құрылған) оқулық, энциклопедия немесе веб-сайт сияқты қосымша дереккөздерден жинауға болады.

Аты:		Күні:	
Тақырыбы: [сапарлар мен көлік тақырыбы аясында]			
Нені үйрендім және білімді кеңейту үшін не істеуім керек			
Дереккөзден алынған ақпарат:	Түсініктеме: «Ақпарат қаншалықты шынайы?» «Тағы нені білуім керек?»	Тағы қайдан іздеу керек? Кітаптан ба? Ғаламтордан ба? Сарапшыға жүгіну керек пе?	

### 4- тапсырма: Бүгінгі Қазақстандағы саяхаттар мен көліктерді салыстыру

Қосымша ақпаратты көлікті зерттеу жөніндегі мәліметтерден немесе сыныптастары арасында мектепке дейінгі жолда жүретін көлік туралы сауалнама жүргізу көмегімен алуға болады.

# Талқылау құралдары



Made by Mike Gershon – [mikegershon@hotmail.com](mailto:mikegershon@hotmail.com)





# Не үшін сөйлеу керек?



Жұмыс дәптері бос болса, не сабақ «өнімі» болмаса бұл әдетте тапсырма орындалмаған деп саналады. Бұл мектепті бағалау барысындағы есептілік және тексеру үдерісімен қуатталған пікір, сабақ үстіндегі тапсырма немесе оқу оқушылар сезінетіндей болуы керек деген ойға жетелейді. Көрсетуге болатын «нәтиже» болуы керек. Көптеген зерттеулер мен жеке тәжірибе көрсетіп отырғандай, түсіну өз бетінше ғана пайда болмайды, ол – анағұрлым тиімдірек жазбаша жұмыстан немесе бір нәрсе жасау кезінде де орын алады.

Демек оқу, тереңдетілген оқу міндетті түрде материалдық дәлелдермен қосақталып жүруі керек деген пікір дұрыс емес болып шықты.

Орыс психологі Лев Выготский сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты деп жазған. Сөйлеу үдерісі бізге дүниені тану үшін қолданатын ойларымызды айту және тұжырымдамаларды дамыту арқылы білім алуымызға көмектеседі. Қарым-қатынас және түсіну тәжірибе барысында жақсарады. Демек түсінуді дамыту үшін сөйлеу қабілеті өте маңызды.

Әрине, құр сөйлесудің өзі жеткіліксіз – әңгіме дамытуды қажет ететін пәнге шоғырланған болуы керек. Шоғырланбаған жазу шоғырланбаған нәтижелерге әкеліп соғады, талқылау мен пікірталастар ақиқаты сондай. Бұл жинақта көрсетілген әдіс-тәсілдер оның нысаналы, құрылымдалған (немесе әдейі құрылымдалмаған) және оқушылар мен параметрлерге сәйкес келетін болуы үшін, әңгімеге қолдау және көмек көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар, мадақтау мен бағалаушы әңгіме ақпарат береді; тыңдау мен сөйлеу сияқты, қарым-қатынас жасау өте маңызды.

## Әңгіменің түрлері

Мерсер (1995) әңгімелесудің үш түрін анықтады:

- Әңгіме-дебат (мәлімдеу және қарсы мәлімдеу)
- Топтық (қайталау, мақұлдау, түсіндіру)
- Зерттеушілік (сыни әрі сындарлы).

Сонғы екеуі PSHE-де кең тараған, өйткені олар оқушыларды эмоцияларын білдіруге, бағалауға, сипаттама беруге және өз ұстанымдарын білдіруге ынталандырады. Кейде дебат та болуы мүмкін, бірақ оның дәлелдерге негізделген стилі қауіпсіз және қолайлы орта құра алмайды. Бұл оқушыларды өз көзқарастарына бағытталған орынсыз шабуылдардан сақтанып, тайсалмай сөйлеуге итермелейді. Топтық әңгіме қауіпсіз ортаны құруға барынша ыңғайлы. Бұл жерде «сөйлеушілер әңгіме құрып, өз бетінше және өзара қолдау көрсету арқылы, сынап-мінемей, ақпарат ұсына отырып, білім және түсінік негізін бірлесіп құрады» (Мерсер, *Сөздер мен Саналар*, 2000)



# Пікірталастар мен талқылауға арналған жаттығулар

Төменде пікірталастар мен дебаттарды қолдау үшін қолдануға болатын тәсілдер берілген. Тінтуірмен айналдырыңыз немесе слайд шоуудағы сілтемеге басыңыз.

[Уақыт шеңбері](#)

[Балалар философиясы](#)

[Кемпірқосақ топтары](#)

[Қар кесегі](#)

[Жұптық әңгіме](#)

[Тыңдап отырған үштік](#)

[Өкілдер](#)

[Джигсо](#)

[Құндылықтар спектрі](#)

[Ыстық орындық](#)

[Ара қашықтық](#)

[Алтын балықтың аквариумы](#)

[Стоп-кадр](#)

[Ақылдың алты қалпағы](#)

[Еркін талқылау](#)

[Радиоға қоңырау шалу](#)

[ТВ Шоу](#)

[Сұрақтар шеңбері](#)

[Стикердегі диалог](#)

[Айналмалы бекет](#)

[Ойлан –Жұптас - Бөліс](#)

[3 қадамдық сұхбат](#)

# Уақыт шеңбері

## Мақсаты:

Идеялар, тәжірибелер және ойлармен бөлісу. Өз-өзіңді және басқаларды түсінуді дамыту. Топ сұрақтарын құрастыру.

## Ұйымдастыру:

Барлығы орындықта немесе еденде шеңбер құрып отырады. Сөйлеуші ғана ұстайтын зат бар (мысалы, доп).


## Жаттығудың сипаттамасы:

Мұғалім оқушылар сияқты орындықта немесе еденде отыр. Бұл мына ерекше сынып тапсырмасында мұғалімнің директор емес, үйлестіруші екенін білдіреді. Мұғалім Уақыт шеңберіндегі құрылымдық ережелерінің сақталуына, әр оқушының эмоциясын қорғауға және лайықты тапсырмаларды дайындауға жауапты. Егер оқушылар ережелерді үнемі бұза берсе, мұғалім тапсырманы аяқтауға дайын болуы керек.

Уақыт шеңберіндегі ең маңызды ереже – талқылауға барлығы түгелдей қатысулары керек. Бұл - бірінші қадағалануы тиіс тапсырмалардың бірі. Негізгі үш ережені талқылау керек:

- Тек біреу ғана сөйлеуі керек – әңгіме тақырыбы ережелердің сақталуына мүмкіндік туғызуы керек.
- Егер сіз бір тақырып аясында сөйлегіңіз келмесе, «сөзіңізді» басқаға бере аласыз.
- Ешқандай қатал сын болмауы керек.

Толығырақ: <http://www.circle-time.co.uk/site/home>



# Балалар философиясы

## Мақсаты:

Балалар философиясы балаларды (немесе ересектерді) сыни, байыппен, шығармашыл және бірлесіп ойлауға ынталандыруға бағытталған. Бұл мұғалімге қатысушылардың өздері сұрақтар құрастырып, өздері қоятын және «қалай оқу керектігін үйренетін» «сұраныстар қоғамын» құруға көмектеседі. (Уилл Орд - <http://www.thinkingeducation.co.uk/p4c.htm> )

**Ұйымдастыру:** Орындықтарды шеңбер етіп қойыңыздар, (егер қажет болса) сөйлеушіні білдіретін бір затты алыңыз (мысалы, доп). Бөлме ішінде оқушыларға арналған ынталандыру материалдарын орналастырыңыз.

**Жаттығудың сипаттамасы:** Мұғалім тақырыппен таныстырып, үдерісті түсіндіреді. Оқушыларға ынталандыру материалдарын толығымен қарауға бірнеше минут беру керек. Оқушылар шеңберге оралғанда, жауап беруі тиіс тақырыпқа/пәнге қатысты сұрақтарды ойластыру үшін, оларға бір-екі минут беріледі. Оқушылар пікір алмасып, мәселені талқылап, бір тоқтамға келу үшін дауыс береді. Мұғалім сұрақтарды дұрыс құра отырып, дамытатын сұрақтар қойып немесе әр оқушының қатысуын қамтамасыз ету үшін топпен бірге әрекет ете отырып, үйлестіруші ретінде қатысады.

Толығырақ: <http://www.sapere.org.uk/>



# Кемпірқосақ тобы

## Мақсаты:

Әр оқушы (бастапқы топта) тыңдайды және (Түрлі-түсті топта) сөйлейді.


## Ұйымдастыру:

Топта қозғалуға және талқылауға орын қалдыра отырып, қатысушыларды орналастыру.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушыларды талқылау үшін (бұл «бастапқы топ») тақырып бойынша (барлығына бір тақырып немесе әр топқа бөлек тақырып) топтарға бөліп отырғызыңыз. Талқылаудан кейін оқушыларға түстер беріп, тиісінше қайтадан топқа бөледі. Жаңа топтар «бастапқы топ» қатысушыларынан тұрады. Кейін оқушылар жаңа топта не талқылағандарын айту үшін «бастапқы топқа» қайта оралады. Бұл одан әрі талқылауға түрткі болады.

Толығырақ: [http://www.brainboxx.co.uk/a3\\_aspects/pages/TALKrainbow.htm](http://www.brainboxx.co.uk/a3_aspects/pages/TALKrainbow.htm)



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Қар кесегі

## Мақсаты:

Келіссөздерді, бірге қарастыруды және негіздеуді қолдануға көмектеседі.

## Ұйымдастыру:

Қозғалуға және араласуға ыңғайлы болу үшін үлкен кеңістік қажет. Немесе оқушылар парталардың айналасына топтар құрып, тиісінше орындықтарды қозғалта алады.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұп ақылдасып, олардың екі жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт жауап бір жауап болып біріктіріледі.

**Мысалы.** Бір оқушы мінсіз өмір сүру үшін қажет үш зат таңдайды.

Кейін оқушылар жұпта талқылап, 6 жауаптан тек үшеуін таңдайды.

Сосын 4 оқушы дәл солай алтыдан 3 затты таңдайды.





# Жұптық әңгіме

## Мақсаты:

Идеяларды құрастырып, белсенді тыңдап, бар ойын талқылауға шоғырландыруға мүмкіндік береді. Жұптарды қолдану оқушыларға сөйлеуге және үлкен топтарда өзін сенімсіз сезінетін оқушыларға көмектесуге мүмкіндік береді.

## Ұйымдастыру:


Талқылау кезінде басқа жұптармен қосылып талқылау, а жол бермеу үшін жұптар арасында аз да болса арақашықтық сақтаған дұрыс әрі тиімді болмақ.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушылармен талқылау үшін ынталандыратын немесе арнайы сұрақтар мен тақырыптарды қолданыңыз. Белсенді тыңдап, жауап беруге жетелеңіз. Тақырыпты белгілеу үшін А мен Б атаңыз (мысалы, А тыңдайды, ал Б сөйлейді, кейін керісінше). Оқушылардан олар жеке жауап алғысы келетін сұрақ қоюды сұраңыз, кейін бұл сұрақ жұпта талқыланады. Әр жұпқа мақсат қойыңыз – мысалы, мынаған жауап беріңдер.

Толығырақ:

<http://www.teachingenglish.org.uk/language-assistant/primary-tips/working-pairs-groups>



[Мазмұны](#)  
[на қайта](#)  
[оралу](#)



# Тыңдап отырған үштік

## Мақсаты:

Бұл - әңгіме тақырыбының тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған жаттығу. Сондай-ақ бақылаушы рөлі арқылы өзін-өзі сараптауды дамытуға ықпал етеді.

## Ұйымдастыру:

Оқушылар үшеуден отырады, екеуі бірге, ал біреуі оларға қарсы сәл алшақта – сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы шешен, тілші және хатшы рөлін атқарады. Шешен бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Хатшы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады. (ақпарат көзі <http://www.at-bristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc>)

Толығырақ:

<http://www.ltscotland.org.uk/glossary/l/listeningtriads.asp?strReferringChannel=learningaboutlearning>



[Мазмұнға оралу](#)

# Өкіл

## Мақсаты:

Белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

## Ұйымдастыру:

Топтарды сынып бойынша үш-төрттен орналастыру.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін, топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, зерделенген материалды түсіндіру және жинақтау, бұл туралы жаңа топтың ойын, бір шешімге келгенін немесе жетістікке жеткенін білу үшін басқа топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бірсарынды «баяндама жасалатын», мезі қылатын сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады. (ақпарат көзі <http://www.at-bristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc>)

## Толығырақ:

[http://schools.norfolk.gov.uk/index.cfm?s=1&m=1146&p=412\\_page&id=263](http://schools.norfolk.gov.uk/index.cfm?s=1&m=1146&p=412_page&id=263)



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Джигсо

## Мақсаты:

Сұрақтар топтамасымен жұмыс істеудің құрылымдалған тәсілі және топта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

## Ұйымдастыру:

Оқушыларды сынып бойынша үш-төрттен орналастырыңыз.

**Жаттығудың сипаттамасы:** «Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

- Мұғалім сыныпты шағын топтарға бөледі (әдетте, төрт адамнан). Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі.

- Құрылған әр топқа дәстүрлі тапсырма беріледі. Тапсырма үлестірме материалдар түрінде таратылады. Күрделілігі бойынша оқуға арналған материалдің тиісті күрделілік деңгейі сақталуы керек. Егер топ төрт адамнан тұратын болса, басты тапсырманың ішінде топтың әр мүшесіне бір сұрақтан төрт сұрақ немесе тапсырма болады. Сұрақтар немесе тапсырмалар топ ішінде оқушылардың өзара келісуі арқылы бөлінеді.

- Бірдей тақырыпты немесе тапсырманы таңдаған оқушылардан *Сарапшы топ* деп аталатын жаңа топ құрылып, ортақ проблеманың шешімін табу үшін олар бірлесіп жұмыс істейді. Тапсырманы орындаудың бұл кезеңінің соңына қарай оқушы өзге «сарапшылармен» өзара қарым-қатынас жасап, мәселені талқылаудың арқасында өз сұрағы бойынша сарапшы болып қалыптасады.

- Оқушылар бастапқы топтарына қайтып оралады. Материалдар таратылады да, бастапқы топтарға қорытындылаушы тапсырма беріледі. Ол ұжымдық қорытынды шығару немесе жеке тапсырма болуы мүмкін. Бұл тапсырманың көздегені: тапсырманы сәтті аяқтау үшін оқушылар әрқайсысының сарапшы топта болған кезде алған мәліметтерін ескере отырып, бастапқы топтың бірлескен «ақылына» сүйенуін қамтамасыз ету (ақпарат көзі [http://www.at-](http://www.at-ristol.co.uk/cz/teachers/D)

[ristol.co.uk/cz/teachers/D](http://www.at-ristol.co.uk/cz/teachers/D)



[Мазмұнға  
оралу](#)

Find Out More: <http://serc.carleton.edu/introgeo/cooperative/jigsaw.html>

# Құндылықтар спектрі

## Мақсаты:

Пікір айту, құндылықтарды көрсету, пікірлердің әртүрлілігін талқылау, қоғамдық талқылауға қатысу.

## Ұйымдастыру:


Спектр үшін жіпті, тақтаны көрсетіп тұратын стрелкаларды пайдаланыңыз; қарама-қарсы қабырғаларға пікірлердің екі ең шеткі нүктелерін орналастырыңыз.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушылар немесе оқушылардан құрылған топтар айтылған пікірмен қаншалықты келісетіндігін айта отырып, оған қатысты өз ойларымен бөліседі. Мұны жүзеге асырудың тәсілдері өте көп: оқушылардан олардың өз пікірлерін көрсететін сызықтың нүктелеріне келіп тұруды өтінуге болады немесе олар айтылғанды алдымен топ ішінде талқылайды да, содан кейін топтан бір оқушы шығып өз тобының ұстанымын түсіндіре отырып, тобының белгі/карточкасын сызықтың бойына орналастырады. Бұл – бір сұрақтардың әртүрлі жауаптарын салыстырып, пікірлер арасындағы алшақтықты анықтауға арналған өте жақсы әдіс (ақпарат көзі <http://www.at-ristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc>)

Толығырақ:

<http://www.english-teaching.co.uk/learninglearning/valuecontinuumpg.pdf>



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Ыстық орындық

## Мақсаты:

Біреуге алаңдаушылық танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма. Сұрақтарды зерделеп, ұстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.

## Ұйымдастыру:

Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып сөйлей алады. Мысалы, оқушылар белгілі бір рөлді немесе адамды сомдай алады (мысалы, Гордон Браун немесе жалғыз басты жас ана).

Толығырақ:

<http://www.thinkinghistory.co.uk/ActivityModel/ActModHotSeat.html>



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Қашықтықтан басқару

## Мақсаты:

Эмоционалды немесе қарама-қайшылықты мәселелерді талқылау бойынша жұмыс жүргізу.

## Ұйымдастыру:

Арнайы еш нәрсе керек емес.


## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушыларды кінәмшіл ,эмоционалды немесе қарама-қайшылықты тақырыптардан қашықтықта ұстау үшін әңгіме, драма, рөлдік ойынды және т.б. қолданыңыз. Мысалы, жас жігіттің жоғалту/айрылу кезіндегі сезімдерін ашық талқылауды сұраудан гөрі сол жас жігіттің атынан айтылған әңгімені қолданып, сосын оқушылардан оның не сезінгенін талқылауды сұрауға болады.

Толығырақ:

[http://www.bbc.co.uk/northernireland/learning/eyewitness/learning/pdfs/tr\\_difference.pdf](http://www.bbc.co.uk/northernireland/learning/eyewitness/learning/pdfs/tr_difference.pdf)

( 2 сабақ)



*Сен бөлініп барасың, солай емес пе?*

[Мазмұнға оралу](#)

# Алтын балыққа арналған аквариум

## Мақсаты:

Топқа идеяларын ұсынуға мүмкіндік береді, негіздеу қабілетін , сараптамалық сұрақтар қоюды, идеялар алмастыруды дамытады.

## Ұйымдастыру:

Топқа арналған орындықтар ортада, сыныптың қалған бөлігі тыңдаушылар ретінде отырады.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Барлық сынып алдында өз пікірін білдіргені болмаса, қалған жағдайда «ыстық орындық» сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда отырады, басқалары оларға сұрақ қойып, түсініктеме беруді талап ете алады және т.б.

Find Out More [http://www.xpday.org/session\\_formats/goldfish\\_bowl](http://www.xpday.org/session_formats/goldfish_bowl)





# Стоп-кадр

## Мақсаты:

Талқылауға қолдау көрсетуге арналған кинестетикалық әдіс.

## Ұйымдастыру:

Шеңберде бастап кейін топтарға бөліну – үстелдерді жылжытып, әрекет етуге мүмкіндік болатындай кеңістік қалдырып қойыңыз.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Оқушылардан тақырыптың, хикаяның және мақұлдаудың стоп-кадрын жасауды сұрайды. Стоп-кадр бұл «камера» өз жұмысын тоқтатқан нүкте – стоп-кадрдың сыныпқа көрінбейтін басы және аяғы болады (сонысымен ол фотографиялық суреттен ерекшеленеді). Топтар суретте не болып жатқанын талқылау үшін, өз стоп-кадрларын сыныпқа көрсетеді.

Толығырақ: <http://www.lgec.org.uk/LagaNews/jun04tool.pdf>



[Мазмұнға  
оралу](#)



# Ақылдың алты қалпағы

## Мақсаты:

Мәселені барынша мұқият талқылап, баланың жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолданылатын әдіс.

## Ұйымдастыру: Алты түсті қалпақ

**Жұмыс алгоритмі :** Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған) де, олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Бұл әдістің көздегені: осылайша мәселенің немесе ойдың барлық аспектілерін қамтитын карта жасау. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді.

## Ақылдың алты қалпағы (Де Боно)



Фактілер  
орташа, объективті  
ақпарат



Эмоциялар болжамдар,  
сезу, алдын ала сезу



Сыни аналитик,  
Логикалық  
негатив



Шуақты  
оптимизм,  
логикалық  
позитив



Шығармашылық  
өсу, мүмкіндіктер,  
идеялар



салқынқандылық, іс-әрекет  
жоспары, өңдеу, шолу,  
ұйымдастырушы, шешім

Толығырақ:

[http://en.wikipedia.org/wiki/Six\\_Thinking\\_Hats](http://en.wikipedia.org/wiki/Six_Thinking_Hats)

# Еркін әңгіме

## Мақсаты:

Оқушының жауапкершілігін, көшбасшылығын ынталандырып, мұғалімнің материалды қайтадан пайдалануын болдырмауды көздейтін әдіс.

## Ұйымдастыру:

Топтар немесе барлық сынып, шеңбер, үстел немесе орындықтар.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Мұны шағын топта, сондай-ақ бүкіл сыныппен орындауға болады. Құрылымы болмағандықтан, мұндай әңгіме барысында оқушыларға көмек керек болуы мүмкін. Көмекті мұғалім көрсете алады, бірақ жұмыс топтарда жүрсе, мұғалім барлық топқа үлгермеуі мүмкін. Аталған мәселені шешудің тағы бір жолы: бір оқушыдан көмекші болуды сұрауға болады, бұл техника оқушылар үйлестірушінің өзін қалай ұстауы қажеттігі туралы тәжірибеден өткеннен кейін, олармен осы рөлдің негізгі аспектілерін талқылауға мүмкіндік береді.

(Ақпарат көзі <http://www.at-ristol.co.uk/cz/teachers/Debate%20formats.doc>)



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Тікелей радиоэфир

## Мақсаты:


Оқушыларды белсенді тыңдау, көптеген талқылау дағдыларын дамытуға ықпал етуге бағытталған әдіс.

## Ұйымдастыру:

Радио жүргізуші-мұғалім (немесе оқушы) төрт қонақты (оқушыны) және аудиторияны (қалған оқушылар) қарсы алады.

## Жұмыс алгоритмі

Радио жүргізушісі талқыланатын тақырыпты таңдайды. Студия қонақтарына (төрт оқушыға) рөлдік карточка беріліп, олар сол карточкадағы рөлдерін ойнайды. Тыңдаушылар аудиториясы (сыныптағы оқушылар) баға береді, сұрақ қою үшін «қоңырау шалады», ескертпелер жасайды және т.б.



[Мазмұнға  
оралу](#)

# ТВ шоу

## **Мақсаты:**

Көптеген оқушылардың (және мұғалімдердің!) сөйлеу және тыңдау, көру және тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

## **Ұйымдастыру:**

Сіз қандай шоу көрсеткіңіз келетініне байланысты.

## **Жұмыс алгоритмі**

Мұғалім жүргізуші оқушылармен, түрлі кейіпкерлермен сөйлескендей тақырыпты талқылайды. Аудитория сұрақтар қояды, талқылауға қатысады, құрдастар бағалайды және т.б. Бұл Ньюзнайт, Опра, Паркинсон, Монтель және т.б. стилінде болуы мүмкін.

Find out more <http://www.tweakit.co.uk/attachments/chatshow.pdf>



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Сұрақтар шеңбері

## Мақсаты:

Бұл әдіс оқушылар бойында идея білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіруді көздейді.

## Ұйымдастыру:

Жылжымалы орындықтар болғаны абзал.

## Жұмыс алгоритмі :

Бұл әдіс бойынша оқушылар кезектесіп сөз сөйлейді. Оқушылар төрт немесе бес адамнан тұратын топ. Оқушыларға тақырып және сол бойынша ой жинақтау үшін бірнеше минут беріңіз. Содан кейін талқылау басталады, әр оқушыға үздіксіз сөз сөйлеу үшін үш минутке дейін (немесе өзге уақытты таңдаңыз) уақыт беріледі. Бұл уақытта ешкім еш нәрсе айта алмайды.

Әрқайсысы бір рет сөз сөйлегеннен кейін жалпы әңгіме жүргізу мақсатында шағын топтар шеңберінде сөз беріңіз. Бұл кезеңде оқушылардың өзінің жеке идеяларын емес, біреудің айтқандарын негізге ала отырып сөйлеуге тиіс екенін алдын ала ескертуді ұмытпаңыз, сонымен қатар, әңгімені қорытындылау кезеңінде олар жаңа идеяларды енгізе алмайтындығын еске салу қажет (Брукфильд және Прескиль, 1999)

(Ақпарат көзі

[http://cte.uwaterloo.ca/teaching\\_resources/teaching\\_tips/Other/gw\\_types\\_of\\_s](http://cte.uwaterloo.ca/teaching_resources/teaching_tips/Other/gw_types_of_s)



[Мазмұнға  
оралу](#)

Find Out More [http://stephenbrookfield.com/pdf\\_files/Discussion\\_Materials.pdf](http://stephenbrookfield.com/pdf_files/Discussion_Materials.pdf)

# Стикердегі диалог

## Мақсаты:


Көпшілік алдында «сөз сөйлеу» қажеттілігі жоқ ашық пікірталас жүргізу арқылы визуалды, кинестетикалық және тыңдау аспектілерін дамытудағы тиімді әдістердің бірі. Талқылауға арналған маңызды тақырыптың болғаны дұрыс.

## Ұйымдастыру:

Әр оқушыға стикерлер, жүріп-тұруға болатын орын қажет.

## Жаттығудың сипаттамасы:

Бұл әдісті қолданудың әртүрлі жолдары бар. Айталық: қабырғаға немесе тақтаға пікірлер немесе сұрақтар жазылған бірнеше түрлі-түсті қағаз ілінеді, болмаса оларды үстелдің үстіне қоюға болады. Оқушылар оларды оқып, стикерлерге өз ойларын жазып қалдырады. Екінші жолы: 3/4/5 адамнан тұратын топтар стикердегі сұрақтарға жауап береді немесе ол жөніндегі өз ойларымен бөлісіп, талқылап, стикерге өз ойларын жазады, кейін пікірлерін қорғайды. Оқушылар стикерлерде өз пікірлерін/эмоцияларын білдіре алады.



[Return to contents](#)



# Айналмалы бекеттер

## Мақсаты:

Бұл әдіс оқушылардың өзгелердің идеясына сүйеніп, проблеманы немесе мәселені толығымен қамтуын көздейді, сондай-ақ олардың белсенді болып, жылдам қозғалуын талап етеді.

## Ұйымдастыру:


Бөлмеге индикаторлары, түрлі-түсті қағаз және қаламдар бар бірқатар бекеттер қою керек (немесе әр топқа әр түсті қалам беріңіз, осылайша кім қандай үлес қосқанын көре аласыз).

## Жұмыс алгоритмі:

Әр топты өз бекетінің жанына орналастырыңыз. Оларға талас тудыратын проблеманы талқылап, өз идеяларын газетке немесе тақтаға жазу үшін 10 минут уақыт беріледі. Уақыт аяқталғаннан кейін, топтар кабинеттегі жаңа бекеттерге көшеді, ол бекетте бұған дейін болған топтардың идеяларын негізге ала отырып, талқылауды жалғастырады. Барлық топтар бекеттердің барлығын өтіп, өзге топтардың түсініктемелерін қарастырып болғанша әр 10 минут сайын топтар бекеттерін ауыстырып отырады.

(Ақпарат көзі

[http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion\\_formats.htm](http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion_formats.htm))



[Мазмұнға  
оралу](#)

# Ойлан – жұптас – бөліс

## Мақсаты:

Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі.


## Орналастыру:

Арнайы еш нәрсе қажет емес.

## Жұмыс алгоритмі:

### Төменде қараңыз

Толығырақ: [http://www.eazhull.org.uk/nlc/think\\_pair\\_share.htm](http://www.eazhull.org.uk/nlc/think_pair_share.htm)





# Үш қадамдық сұхбат

## Мақсаты:

Идеялар мен ойларды дамытудың құрылымдалған әдісі.

## Орналастыру:

Сыныптағы оқушылар шағын топтарға бөлінеді. Сыныпта шағын топтармен жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасалуы керек.

## Жұмыс алгоритмі:

Төрт адамнан тұратын топтарды жұптарға бөліңіз: А және Ә, Б және В.

1-қадам. А Ә-дан сұхбат алады, ал Б В-дан сұхбат алады.

2-қадам, керісінше. Ә А-дан сұхбат алады, ал В Б-дан сұхбат алады.

3-қадам. Әр оқушы өз жұбы туралы ақпаратпен төрт адамдық топ ішінде бөліседі.

(Ақпарат көзі

[http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion\\_formats.htm](http://drscavanaugh.org/discussion/inclass/discussion_formats.htm) )

Толығырақ: [http://its.guilford.k12.nc.us/act/strategies/three\\_step\\_interview.htm](http://its.guilford.k12.nc.us/act/strategies/three_step_interview.htm)



[Мазмұнға  
оралу](#)

## МИҒА ШАБУЫЛ

Стратегиялардың қайсысы неғұрлым тиімді болып табылатыны, Ерекше дәрежедегі сын тұрғысынан ойлауға не жататыны туралы ойлау.

### Шағын топтардағы миға шабуыл:

- Оқушылардың икемді есептеу стратегиясын пайдалануына ықпал ететін оқыту мен оқу стратегиялары (яғни, ерекше есептеулер үшін барынша қолайлы стратегиялар);
- Өздері пайдаланатын есептеу стратегияларының тиімділігі туралы оқушылардың ойлануы мен талқылауына ықпал ететін оқыту мен оқу стратегиялары.

Үлкен параққа икемді есептеу стратегиясын қарастыруға және пайдалануға ықпал ету үшін қоюға болатын сұрақтар тізімін жазыңыз.

## СҰРАҚТАР

Доктор Кристианна Алгер дұрыс қойылған сұрақтар сыныптың сын тұрғысынан ойлауын қалыптастыра алады деп пайымдайды. (Сіз сұрақтың нақты қойылмауынан, болмаса дұрыс емес сұрақ қойылып, оған дұрыс жауап күткен жағдайларда оқушының жауап бере алмай басын төмен түсіріп тұрғанын көп рет көрдіңіз).

**АЙҚЫНДЫҚ.** Сіз мұны басқа сөздермен айта аласыз ба? Не айтқаныңызды ойлай аласыз ба? Проблеманы айқынырақ көрсететін басқа сөз немесе сөз тіркесі бар ма?

**НАҚТЫЛЫҚ.** Бұл тұжырымның растығын қалай тексере аламыз? Оның дұрыстығын қалай тексеруге болады? Ақпарат көзі қандай? Ақпаратты қалай нақтылай немесе тексере аламыз? (Бұл дереккөзі белгілі және мұғалім оны бақылайтын мәселе болса, онда жеңілірек, ал бұл мәселені шешуге мүмкіндік бере ме?)

**ТЕРЕҢДІК.** Қандай фактор бұл мәселені қиындатады? Бұл мәселеге қандай ерекшеліктер тән? (Қарапайым жауаптарға қатысты)

**БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ.** Бұл мәселеге қатысы қандай? Бұл бізге мәселені шешуге қалай көмектеседі?

**ӘДІЛДІК.** Сіз бұл мәселеге шын мәнінде қызығушылық танытасыз ба? Басқалардың әртүрлі көзқарастарын Сіз тілектестікпен ұсынасыз ба? (Менің бұл ой толғауымның кіндігі сын тұрғысынан ойлау деп аталады. Оқушы мұғалім мүддесіне қарама-қайшы келтірмей, түбегейлі басқа көзқарас ұсына ала ма?)

**Сабақ тақырыбы: Тарих және география сабақтарында сын тұрғысынан ойлауға үйрету**

**2-жаттығу: САЛЫСТЫРУ ЖӘНЕ ЖИНАҚТАУ**

Жаттығу саяхат пен көлік тақырыбына назар аударып, география мен тарих саласындағы негізгі деректерді жинау мен жіктеу кезінде, 1 және 2-жаттығуларда алынған оқу мен тәжірибе негізінде құрылады. Олар әртүрлі жас топтарына лайықтап саралануы мүмкін, мұғалімдер мен тренерлер оларды кәсіптік даму үшін пайдалана алады. Бұл жаттығуды біліктілікті арттыру курсына тренерлермен қатар, сынып жағдайында балалардың әрекетін бақылап және жазып отыратын мұғалімдер де пайдалана алады.

**Мақсаты:**

Түсініктеме алу үшін оларды өзара біріктіру арқылы түрлі дереккөздерден алынған деректерді жинақтау және салыстыру; суретте бейнеленген айғақтар мен ауызша мәліметтерден алынған, білімге негізделген дәлелдерді әзірлеу және таныстыру. 1 және 2-жаттығуда көрсетілген тапсырмалар қатысушының суреттер мен фотосуреттерде бейнеленген айғақтарға, екінші жағынан өзінің естеліктеріне сын тұрғысынан қарауды талап етеді. 5-6 адамнан тұратын шағын топтарда жұмыс істеуді жалғастыра отырып, оқушыларға өз жұмысымен бөлісуге, көпшілік алдында деректер мен жаңалықтар туралы сөйлеуге, сондай-ақ алынған деректерді қолданып қорытынды жұмысты құруға мүмкіндік береді.

**Дайындық:**

1 және 2-жаттығуда әзірленген ақпарат пен талдауды (кесте, сызба), сондай-ақ тақырыпқа қатысты қосымша дереккөздерді одан әрі зерттеу кезінде алынған ақпараттарды өзара біріктіріңіз.

**1-тапсырма: Көзге көрінетін және ауызша айғақтардың артықшылығы мен шектеулерін салыстырыңыз**

	<b>Артықшылығы</b>	<b>Шектеулер</b>
<b>Суреттер</b>		
<b>Естелік</b>		

**2-тапсырма: Деректерді баяндау ретін құру**

Әр топ көптеген дерек көздерінен жинақталған ақпараттарды біріктіріп, саяхаттар мен көлік туралы әңгіме құрайды немесе есеп жазады. Бұл есеп екі ұрпақтың арасындағы тарихи уақыттың шектеулі кезеңі ішіндегі немесе ауыл мен қалалық жер, таулы мен жазық жерлер немесе теңіз жағасы жағдайындағы саяхат пен көліктің дамуын салыстыру арқылы сипаттайтын болады.

**3-тапсырма: Бүкіл сыныпқа таныстырылым жасау**

Әр топ іріктелген суреттер мен дәйексөздерді пайдалана отырып, бүкіл сыныпқа көрсететін таныстырылым дайындайды. Әрбір таныстырылымнан соң қалған оқушылар топ мүшелеріне тапқан ақпараттары, таныстырылымды дайындау үдерісі мен жұмыс барысында кездескен қиындықтар туралы және осы шарадан не үйренгендері туралы сұрақтар қояды.

## ЗА- ЖАТТЫҒУ: ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ (ТАРИХ)

**Сабақ тақырыбы: Тарих және география сабақтарында сын тұрғысынан ойлауға үйрету**

### **За-жаттығу: Жинақтау және қолдану (тарих)**

Бұл жаттығу даму мен себептердің тарихи үдерісі туралы сын тұрғысынан ойлау негізінде құрылған саяхаттар мен көлік туралы деректерден алынған ақпараттар мен білімнің қосындысы болып табылады. Енді жұппен немесе үшеуден жұмыс істей отырып, оқушылар суреттер мен ауызша айғақтарда жетіспейтін «олқылықтарды толықтыру» үшін кітаптар мен ғаламтордың көмегімен зерттеу жүргізуді жалғастырады. Бұл жаттығуды біліктілікті арттыру курсына тренерлермен қатар, сынып жағдайында балалардың әрекетін бақылап және жазып отыратын мұғалімдер де пайдалана алады.

#### **Мақсаты:**

Саяхаттар мен көлік куәгерлерінің айғақтары арқылы, сол сияқты уақыт ағымындағы өзгерістер туралы сын тұрғысынан ойлау негізінде (болашақ туралы ойлауды қоса алғанда) білімдерін кеңейту. Бұл 3б-жаттығумен тығыз байланысты және екі жаттығуды да тренерлер мен мұғалімдер үшін қатарынан немесе тізбектеп, ал балалар үшін жеке және біртіндеп өткізуге болады.

#### **Дайындық:**

Саяхаттар мен көлік туралы қосымша дереккөздер ғаламтордан, сондай-ақ кітаптар, анықтамалар мен энциклопедиялардан жиналады. Қосымша негізгі дереккөздер ғаламтор көмегімен немесе жергілікті мұрағатта автомобильдер, мотоциклдер мен пойыздардың, халықаралық сапарлардың көне жарнамасы түрінде сақталған материалдардан немесе ескі газет мақалаларынан жиналуы мүмкін.

#### **1-тапсырма: Кесте құру (болашақты есепке ала отырып)**

Үлкен параққа әрбір шағын топ тапқан оқиғалары мен көлік саласының даму хронологиясын білдіретін көлік қозғалысы мен саяхаттар кестесін бейнеленейді. Бұл зерделенген суреттерді салу, сондай-ақ кез келген жеке куәлердің сөздерінен құрылуы мүмкін.

Кесте кез келген уақыт аралығын, бірнеше жүздеген жылдар, соңғы ғасыр, өткен елу жыл немесе тіпті жуық мерзімді (тек бір ұрпақтың тәжірибесін) білдіруі мүмкін. Ол сондай-ақ, алдағы 50 жыл ішінде болуы ықтимал өзгерістер мен жаңалықтар туралы ойлап, келешекті қозғауы да мүмкін.

Ол дәл уақытты көрсетуі міндетті емес, алайда ғасырды, ондаған жылдарды көрсетуі немесе тұтас буынның оқиғаларын қозғауы мүмкін (қазіргі буын, біздің ата-аналарымыз, сондай-ақ олардың ата-бабалары). Бірақ, бұл кесте *бірізділікке* қосымша, *аралықты* (мотоциклді, пойызды немесе автомобильді ойлап шығару сияқты негізгі оқиғалар арасындағы уақыт кеңістігі - салыстырмалы түрде), сондай-ақ *әрекет ету мерзімін* (көліктің қандай да бір түрі, мәселен, паровоздар мен пароходтар жаңартылмай тұрған кезде пайдаланылған уақыт кезеңі) көрсете алатындай көлемді бере білуі тиіс.


#### **2-тапсырма: Қолданыс мерзімін, өзгерген сәттерін, басты оқиғалар мен өнертабыстарды айқындаңыз.**

Түрлі топтың кестесінде көрсетілген ақпаратқа қарап, бүкіл сыныппен немесе үлкен топпен бірігіп, көлік пен саяхаттың қандай аспектілері ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз қалып отырғанын талқылаңыз.

Көлік құралдарының өзгеруі мен адамдардың саяхаттау әдеттеріне ықпал ететін басты оқиғалар қатарына нелерді жатқызуға болады?

## 3А- ЖАТТЫҒУ: ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ (ТАРИХ)

3-тапсырма: Ұзақтық пен өзгерістердің себептерін ұсыныңыз.



### 3А- ЖАТТЫҒУ: ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ (ТАРИХ)

1-тапсырмада берілген сұрақтарға *қиял-гажайып* сұрақтар қосыңыз. Бұл «Егер...не болады?» деген сияқты «болжамдық» сұрақтар немесе болашақта саяхаттар мен көліктің қалай дамидыны туралы сұрақтар болуы мүмкін. Бұндай сұрақтар балалардың елестету көмегімен себептер мен салдарлар туралы түсінігін жақсартуға мүмкіндік береді.

<p>Бақылау сұрақтары: <i>Мысалы: Нені көре аламыз?</i></p>	<p>Проблеманы шешетін сұрақтар: <i>Мәселен: Мына көлік түрін кім және қандай мақсатта пайдаланар еді?</i></p>	<p><b><i>Қиял-гажайып сұрақтар</i></b> (өткен шақ пен болашақ туралы) <i>Мәселен:</i> <b><i>Егер ауада саяхат жасау ойлап шығарылса, сіздің кім болғыңыз келеді?</i></b>  <b><i>Менің өмірімде немесе алдағы 100 жыл ішінде не өзгерер еді?</i></b></p>
<p>Талдау сұрақтары: <i>Мысалы: Фотосурет қашан түсірілді немесе сурет қашан салынды және неліктен?</i></p>	<p>Айрықша сұрақтар: <i>Мысалы: Мына фотосуреттің типі қандай?</i></p>	

**Сабақ тақырыбы: Тарих және география сабақтарында сын тұрғысынан ойлауға үйрету**

**3б-жаттығу: Жинақтау және қолдану (география)**

Бұл жаттығу саяхат және көлік туралы деректерден алынған білім мен ақпаратты жинақтауды қолдана отырып, 3-жаттығуды тереңдету мақсатында орындалады, сондай-ақ 4-жаттығуды тереңдету болып табылады. Енді жұппен немесе үшеуден жұмыс істей отырып, оқушылар суреттер мен ауызша айғақтарда жетіспейтін «олқылықтарды толықтыру» үшін кітаптар мен ғаламтордың көмегімен зерттеу жүргізуді жалғастырады. Бұл жаттығуды біліктілікті арттыру курсына тренерлермен қатар, сынып жағдайында балалардың әрекетін бақылап және жазып отыратын мұғалімдер де пайдалана алады.

**Мақсаты:**

Қоғам мен жеке тұлғаларға (қоршаған орта мен тұрақтылықты қоса алғанда) технологияның әсері туралы сын тұрғысынан ойлау арқылы, саяхат пен көлік куәларының айғақтарын зерттеу арқылы білімін кеңейту. Бұл «Жинақтау және қолдану (тарих)» атты 3а-жаттығумен тығыз байланысты және екі жаттығуды да тренерлер мен мұғалімдер үшін қатарынан немесе тізбектеп, ал балалар үшін жеке және біртіндеп өткізуге болады.

**Дайындық:**

Қосымша дереккөздер, әсіресе, ғаламтор қолжетімді болуға тиіс. Материалдар әлемдік карталарды және Қазақстанның картасын қамтуға тиіс (оқушылар өз мақсаттарына сәйкес келетін карталарды табады және таңдайды). Қоршаған орта, қозғалыс, табиғаттың ластануын, пайдаланылатын көліктің экологиялық қауіпсіздігін зерттеу жөніндегі есептер дайындалады.

**1-тапсырма: Картадан бір-біріне мүлде ұқсамайтын 2 елді немесе Қазақстанның әртүрлі 2 өңірін көрсетіңіз.**

Картадан географиялық орындарды табыңыз, сондай-ақ саяхат және көлікке қатысты физикалық географияның ерекше белгілерін анықтаңыз. Карталарды салып, аталған зерттеу үшін маңызды ерекшеліктер тізімін жасаңыз.

**2-тапсырма: Әртүрлі географиялық, физикалық және экономикалық факторларға талдау жасаңыз.**

Маңыздылық реті бойынша географиялық факторлар тізімін жасаңыз. Әр факторды жеке карточкада жазуға болады, содан соң топпен бірге талқылау кезінде факторларды маңыздылығы бойынша ромб түрінде реттеуге болады, бұл ретте басты белгіден маңыздылығы кемдеу белгіге қарай жылжу керек.



**3-тапсырма: Технологиялық жаңалықтардың артықшылықтары мен проблемалары туралы есеп жазу**

Дәлелдерді жазуда дербес, жұппен немесе үш-үштен жұмыс істеу үшін кестелерді пайдалануға болады. Мұнда үш жас ерекшелігі үшін немесе жас топтары үшін үш деңгейдің жас ерекшелігінің кестелерін жасау үлгілері ұсынылған.

Аты (аттары)	Күні
Саяхаттар мен көліктегі технологиялық инновацияның артықшылықтары мен проблемалары.	
Артықшылықтар	Проблемалар
Жасалған қорытындылар бойынша, мен/біз ойлаймыз:	
Себебі ...	

Аты (аттары)	Күні
Айғақтарға сәйкес, саяхат және көліктегі технологиялық инновацияның артықшылықтары мен проблемалары	
Артықшылықтар	Проблемалар
<p>Алғашқы сәт:</p> <p>Осының айғағы ...болып табылады.</p>	<p>Алғашқы сәт:</p> <p>Осының айғағы ... болып табылады.</p>
<p>Екінші сәт:</p> <p>Осының айғағы ...болып табылады.</p>	<p>Екінші сәт:</p> <p>Осының айғағы ...болып табылады.</p>
<p>Үшінші сәт:</p> <p>Осының айғағы ...болып табылады.</p>	<p>Үшінші сәт:</p> <p>Осының айғағы ...болып табылады.</p>
<p>Менің/біздің қорытындымыз:</p>	
<p>Себебі ...</p>	

Аты (аттары)	Күні
Көлік және саяхаттың кез келген дамуының артықшылықтары мен проблемалары, мысалы: жеке көліктерді пайдаланудың артуы, туризмнің өсуі	
Жақтаушы дәлелдер:	
Қарсы дәлелдер:	
Жасалған қорытындылар бойынша, мен/біз ойлаймыз:	
Себебі ...	

#### 4-тапсырма: Болжам жасау

1 және 4-тапсырмалардың сұрақтарына «болжам жасау» жөніндегі сұрақтарды қосыңыз:

<p>Қадағалау сұрақтары: <i>Біз нені көре аламыз?</i></p>	<p>Шешім қабылдауға арналған сұрақтар: <i>Осы көлік түрін кімнің және қандай мақсаттар үшін пайдалануы мүмкін?</i></p>	<p>Фантастикалық (теориялық) сұрақтар (өткен және келешек туралы) <i>Мысалы:</i> <i>Егер әуе саяхаты ойлап табылса, сіз кім болар едіңіз?</i></p> <p><i>Менің өмірімде ... немесе алдағы 100 жыл ішінде не өзгеруі мүмкін?</i></p>
<p>Сараптамалық сұрақтар: <i>Фотосурет қашан түсірілген немесе картина қашан салынған және неліктен?</i></p>	<p>Айрықша сұрақтар: <i>Осы фотосуреттің типі қандай?</i></p>	<p><b>Жорамал жасау жөніндегі сұрақтар:</b></p> <p><i>Егер ұшақ әр адамның жеке көлігі болса, не болар еді?</i></p> <p><i>Егер Жерде мұнай қоры таусылса, не болар еді?</i></p>

## СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

### 1-тапсырма: Математиканы оқыту тәсілдері

Математиканы қалай оқытатынымыз математика деп нені қабылдайтындығымыздың салдары болып табылады.

Сіз қалай ойлайсыз?

Сандарды таңдай отырып, төменде берілген тұжырымдармен қаншалықты келісетініңізді көрсетіңіз.

1 - толығымен келісетініңізді білдірсе, 5 - мүлде келіспейтіндігіңізді көрсетеді.

Математика – білуге тиіс деректер, ұғымдар мен тәртіптер жиынтығы	1	2	3	4	5
Математика – бұл қоғамдық өмірдегі өте пайдалы құрал	1	2	3	4	5
Математика адамның талпыныстары арқылы жасалатын және қол жеткізілетін ұғымдардан тұрады	1	2	3	4	5
Жекелеген адамдар айналысатын нәрсе математика болып табылады	1	2	3	4	5
Математика – бұл адамдармен қарым-қатынас жасау, сол арқылы бірлесіп әрекет ету тәсілі.	1	2	3	4	5

Төрт адамнан құрылған топта:

- 1) Қандай пікірлермен келісетініңізді, қандай пікірлермен келіспейтіндігіңізді талқылаңыз және неліктен келіспейтіндігіңізді талқылаңыз.
- 2) Математиканы оқытудың «Математика – білуге қажетті деректер, ұғымдар мен тәртіптер жиынтығы» (Платондық көзқарас) деген немесе «Математика адамның талпыныстары арқылы жасалатын және қол жеткізілетін ұғымдардан тұрады» (зерттеушілік көзқарас) деген тұжырымдармен қалай байланысатынын талқылаңыз.
- 3) Үлкен парақты бірдей етіп екіге бөліңіз. Бір жартысына «Платондық көзқарас» жолымен математиканы оқытуға тән белгілерді, ал екінші жартысына - «Зерттеушілік көзқарас» жолымен математиканы оқытуға тән белгілерді көрсетіңіз.
- 4) Барлық топпен бірге бес тұжырымның әрқайсысының математиканы оқытуға қалай ықпал ететіндігін талқылау.

## СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ: БАСТАУЫШ МАТЕМАТИКА: 2-ТАПСЫРМА

<p><math>\frac{3}{4}</math>-ті <math>\frac{1}{2}</math> бөлу үшін:</p> <p><math>\frac{3}{4} \times \frac{2}{1} = \frac{6}{4}, \frac{6}{4} = 1 \frac{1}{2}</math></p>	<p>20-ны 14-ке көбейту үшін (20x14)</p> <p><math>2 \times 14 = 28</math> Нөлді қоямыз – 280</p>
<p>8-ді 29-ға көбейту үшін (8x29)</p> <p><math>8 \times 30 - 2 \times 30 = 60</math> көбейту керек <math>2 \times 60 = 120</math> көбейту керек <math>2 \times 120 = 240</math> көбейту керек <math>8 \times 29 \quad 240 - 8 = 232</math></p>	<p><math>\frac{3}{4}</math>-ті <math>\frac{1}{2}</math> бөлу үшін:</p> <p><math>\frac{3}{4} \frac{1}{4}</math> қалдығымен бір <math>\frac{1}{2}</math> бар <math>\frac{1}{2} \frac{1}{4} \frac{1}{2}</math> бар Сондықтан <math>1 \frac{1}{2}</math> жартылай <math>\frac{3}{4}</math> бөлу керек</p>
<p>2007 – 1998 азайту үшін</p> <p><math>1998 + 9 = 2007</math> Сондықтан <math>2007 - 1998 = 9</math></p>	<p>8 x 29 көбейту үшін</p> <pre style="text-align: right;">       29     X  8     ----      232       7   </pre>
<p>143 ÷ 11 бөлу үшін</p> <pre style="text-align: right;">       13     11 ) 143         11         --          33           0           0           0   </pre>	<p>2007 – 1998 азайту үшін</p> <pre style="text-align: right;">       1/2 10 10 17       1  9  9  8       0  0  0  9   </pre>
<p>20 x 14 көбейту үшін</p> <p><math>2 \times 14 = 28</math> 20 -бұл 2 еселенген 10. Сондықтан, 2 ондық 2 жүздік болады, 8 болса 8 ондық болады және бірліктер қатарына нөлді қоямыз – 280</p>	<p>143 ÷ 11 бөлу үшін</p> <p><math>143 = 99 + 44</math> <math>11 \times 9 = 99</math> <math>11 \times 4 = 44</math> <math>11 \times 13 = 143</math> Сондықтан <math>143 \div 11 = 13</math></p>

## «ТИІМДІ ЕСЕПТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ»

**Ерекше дәрежедегі сын тұрғысынан ойлауды қамтитын** стратегиялардың қайсысы неғұрлым тиімді болып табылатынын ойлау.

**Шағын топтардағы миға шабуыл:**

- Оқушылардың икемді есептеу стратегиясын пайдалануына ықпал ететін оқыту және оқу стратегиялары (яғни, ерекше есептеулер үшін барынша қолайлы стратегиялар);
- Өздері пайдаланатын есептеу стратегияларының тиімділігі туралы оқушылардың ойлануы мен талқылауына ықпал ететін оқыту және оқу стратегиялары.

Үлкен қағаз парағына икемді есептеу стратегиясын қарастыруға және пайдалануға ықпал ету үшін қоятын сұрақтар тізімін жазыңыз.

# СӨЙЛЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ КЕЗІНДЕГІ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

## Бастауыш мектеп математикасындағы сын тұрғысынан ойлау

### Сөйлеу проблемалары кезіндегі сын тұрғысынан ойлау

Шағын топтарда алдымен сөйлеу проблемаларын шешуде пайдаланылатын үдерістерді талқылаңыз, содан кейін олардың тізімін жасаңыз, айталық, автобусқа қатысты тапсырманы шешудегі мәселелер, т.б.

1) Проблеманы оқыңыз немесе тыңдаңыз және тиісті ақпаратты таңдаңыз.

2) Қандай әрекет қабылдау керектігін шешіңіз.

3)

4)

және тағы сол сияқты.

Оқушыларды сын тұрғысынан ойлануға ынталандыратын, өзіңіз оқушыларға ұсынатын (немесе ұсына алатын) математикалық проблемалар түрін талқылаңыз.

Үлкен парақты екіге бөліңіз:

- Бір жартысында сын тұрғысынан ойлауға ықпал ететін проблемалар тізімін құрыңыз.
- Екінші жағында проблеманы шешу кезінде сын тұрғысынан ойлауға ықпал ететін оқыту әдістемелерінің тізімін жасаңыз.



12-KYH





## ОҚЫТУДЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛУЫНЫҢ ОН ТӘСІЛІ

**1. Тапсырма.** Балаларға (жекелеп немесе топтарға) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әр түрлі тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті балаларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, мәселелерді шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар беруге болады.

**2. Нәтиже.** Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бір тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Бастапқы ойды немесе үдерісті түсіне алатындай етіп басқаларға қалай түсіндіру керек екенін түйсіну өте күрделі, сонымен қатар өте тартымды іс болып табылады. Қабілетті баладан басқа балаларға қандай да бір нәрсені түсіндіруді немесе қандай да бір затты үйретуді өтінуге болады, басқа жастағы балалар үшін бірдеңе жазуды немесе жасауды сұрауға болады.

**3. Жұмыс қарқыны.** Балаларға жалпы тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Қабілетті бала басқаларға қарағанда негізгі міндеттерді орындауға аз уақыт жұмсайтынын болжауға болады, ал содан кейін айтарлықтай күрделі жұмысты орындауға кірісе алады (яғни, келесі оқу мақсатына көшпей, негізгі оқу жоспары мақсатының мәнмәтінінде оқытуды кеңейту және күрделендіру бойынша жұмыс істеу). Көптеген қабілетті балалар қызығушылық пен ұмтылыстың жоқтығынан негізгі тапсырманы өте баяу орындағандықтан, мүмкіндігінің болуына қарамастан қосымша тапсырмаларды орындауға үлгермейді. Кей жағдайларда кейбір балаларға барлық тапсырманы орындамай («тығыздау» деген атпен белгілі болған әдіс), қосымша жұмысқа бірден кірісуге рұқсат етуге болады.

**4. Қолдау.** Балалар жалпы тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көп немесе кем қолдау көрсетіледі. Қабілетті балаға білімнің кейбір салаларында жеке көмек қажет болуы мүмкін, мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу дағдыларын немесе бірлесіп оқу дағдыларын дамыту.

**5. Ресурстар.** Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әр түрлі ресурстар беріледі. Қабілетті балалардың әр түрлі ресурстарды немесе өз жұмыстарын таныстыру үшін балама әдістерді пайдалануына түрткі болуға болады.

**6. Топтау.** Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ барлығының табысты болуын қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Қабілетті балаларды кейде қабілеті ұқсас құрдастарымен топтастырып, олар тапсырманы айтарлықтай жоғары деңгейде орындайды деп күтуге болады.

**7. Ақпарат.** Балалар ортақ тапсырма алады, бірақ оларға әртүрлі ақпарат, немесе қосымша ресурстар мен ойлауды талап ететін көлемі әртүрлі ақпарат беріледі.

**8. Рөлдер.** Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ олардың әрқайсысы әртүрлі рөл атқарады. Қабілетті балаға бас зерттеуші немесе ақпаратты және топ ресурстарын басқаруды ұйымдастырушы рөлін беруге болады.

**9. Үй жұмысы.** Балаларға әртүрлі үй тапсырмалары беріледі, ал жекелеген оқушыларға сыныпта бастаған жұмысты аяқтау үшін қосымша уақыт қажет болуы мүмкін. Айтарлықтай қабілетті балаларға толық зерттеу жүргізу үшін тақырыптың күрделі аспектілерін қарастыруды тапсыруға немесе басқа тапсырма беруге болады.

**10. Диалог/Сұрақтарды пайдалану.** Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өздері қоятын сұрақтары мен оқушылар қоятын сұрақтарға жауаптарын саралайды. Соңғы кезде диалог бойынша саралау жоғары қабілетті балалардың қажеттілігін қанағаттандыру мәселелерін шешуде шешуші мәселе ретінде атап көрсетілуде.

- Еуге материалдары бойынша (1997). Кәдімгі мектепте қабілетті балаларды оқыту.

# СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ ҚҰРАЛДАРЫ

## Сын тұрғысынан ойлау

Сын тұрғысынан ойлау сұрақ қоюдың, дәлелдеудің басты дағдыларын және төмендегі қабілеттерді дамытуды көздейді:

- айтқандарын негіздеуге және өмірлік тәжірибемізден «сабақ алуға» әзірлік;
- күн ілгері кесіп-пішіп қоюға ұмтылмай, сұрақ қою, тапсырма беру және басқалардың идеяларын сыни бағалау;
- өзіңнің пікірінді басқалардың сыни бағалауына және пікіріңіздің қате болуына ашық болу;
- идеяларды тексеріп, «шындықты» іздеуге ұмтылу.

Балаларға негізделген, әділ сын тұрғысынан ойлауды қалай дамыту керектігін көрсету қажет. Оларға сұрақ қою, негіздеу, болжам жасау мен модельдеу дағдыларын жаттықтыру қажет. Сын тұрғысынан ойлауға оқыту:

- қалай, қашан және қандай сұрақтарды қою қажет екендігі;
- қалай, қашан және қандай негіздеу әдістерін пайдалану керектігі туралы негізді шешім шығаруға үйрету дегенді білдіреді

Бенджамин Блумның жіктеуінде *сын тұрғысынан ойлау* «бағалау» деген атпен ойлаудың алты дағдысының ең жоғарғысы болып табылады.

### 1. Ақылдың алты қалпағы

Ақылдың алты қалпағы – Эдвард де Боно әзірлеген әдістеме, ол әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады.



Ақ қалпақ бізге белгілі немесе қажетті ақпаратқа назар аудару үшін пайдаланылады.



Сары қалпақ айқындылық пен өмірге сеніммен қарауды бейнелейді. Бұл қалпақты киіп сіз идеяның жағымды жақтарын зерделейсіз және өз назарыңызды, күш-жігеріңізді оның жетістіктері мен жақсылықтарын іздеуге жұмсайсыз.



Қара қалпақ– бұл «әзәзілдің қорғаушысы» немесе неліктен кейбір тетіктер дұрыс істемейтінін бағалау.



Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.



Жасыл қалпақ креативтілікке, мүмкіндіктерге, баламаға және жаңа идеяларға бағытталады.



Көк қалпақ ойлау үдерісін басқару үшін қолданылады. Бұл бақылаушы тетік, ол барлық алты қалпақтың талаптары дұрыс орындалып жатқандығына кепілдік береді.

### 2. «Дананың кілттері» (Thinker's Keys)

Тони Райан жасаған «Дананың кілттері» бірқатар ойлауды талап ететін тапсырмаларды орындауға оқушыларды қызықтыру және тарту үшін арнайы әзірленген жиырма шақты іс-әрекет (кілттер) кешені болып табылады.

Бірқатар көмекші сұрақтар немесе тапсырмалар оқушылардың талдау жасау, сын тұрғысынан және креативті ойлау қабілетін ашуға арналған кілт түрінде ұсынылған.

- «Керісінше» кілті – сөйлемде «істей алмаймын», «ешқашан» және «істемеймін» сөздерін пайдалануды көздейтін тапсырма, мысалы, «Сіз Лондонда ешқашан таба алмайтын заттардың тізімін жасаңыз».
- «Егер де» кілті – «егер де» деген сұрақ қойып, олардың ойларын графикалық органайзерге жазып отырыңыз.

- «Әліпби» кілті – берілген тақырыпқа қатысы бар сөздердің тізімін А-дан Я-ға дейін әліпби ретімен тізбектеңіз.
- «Жаңа дизайн» кілті (ағылшынның *BAR* аббревиатурасынан: (*B - bigger*) артық, (*A - add*) қосу, (*R – remove, replace*) алып тастау) – күнделікті заттарға жаңа дизайн беру үшін қолданылады.
- «Конструктор» кілті – шектеулі құрылыс материалдарын креативтілікпен пайдалануды талап ететін мәселелерді шешу жөніндегі тапсырма.
- «Кемшіліктер» кілті – нақты бір пән немесе тәжірибелік сабақ бойынша кемшіліктер тізімін жасаңыз.
- «Тағы қалай?» кілті – күнделікті қолданылатын заттарды әртүрлі жағдайда пайдалану тізімін жазу үшін қиялыңызды пайдаланыңыз.
- «Қиыстыру» кілті – үйлеспейтін екі объектінің қасиеттерін санамалаңыз, одан кейін жаңа және жақсарған өнім жасау үшін осы қасиеттерді біріктіріңіз.
- «Жөнсіздік» кілті – ауани орындауға болмайтын жөнсіз пікірлер айтыңыз, содан соң оны дәлелдеуге ұмтылыңыз.

### 3. Сананың әдеттері

Сана әдеттерін (Ойлау ерекшеліктерін) жасаған Арт Коста былай деген екен: «Сана әдеттері» - бұл шешімдері бірден туындамайтын проблемаларға тап болғанда ақылды адам жасайтын іс-әрекеттердің сипаттамалары.

Олар көптеген дағдылардан, қарым-қатынас пен бейімділіктерден тұрады, солардың ішінде:

- Құндылық: өнімділігі шамалы үлгілерге қарағанда, зияткерлік мінез-құлық моделін қолдануды таңдау.
- Бейімділік: зияткерлік мінез-құлықтың белгілі бір моделін пайдалану үрдісін сезіну.
- Сезімталдық: зияткерлік мінез-құлық моделін орынды пайдалану мүмкіндіктерін сезіну.
- Қабілеттілік: зияткерлік мінез-құлықтың түрлі модельдерін пайдаланудағы негізгі дағдылар мен мүмкіндіктерді меңгеру.
- Адалдық: зияткерлік мінез-құлық модельдерін терең түсінуге және оны пайдалану дағдыларын жақсартуға ұдайы ұмтылу.

Сананың 16 әдеті бар:

1. табандылық таныту;
2. қызбалықпен күресу;
3. басқаларды тыңдау – түсіністікпен және тілектестікпен;
4. ойлау икемділігін таныту;
5. ойлау үдерісіміз туралы ойлау – метатану;
6. дәлдік пен шынайылыққа қол жеткізу;
7. сұрақ қою және проблеманы тұжырымдау;
8. бар білімін жаңа жағдайға қолдану;
9. анық және дәл ойлау және өз ойын білдіру;
10. барлық сезім азғаларының көмегімен ақпарат жинау;
11. инновацияларды жасау, қиялдау және енгізу;
12. таң қалып, ілтипат білдіру;
13. тәуекелдер үшін өзіне жауапкершілік алу;
14. әзіл-оспақ іздестіру;
15. өзара байланыстырып ойлау;
16. үздіксіз оқу.

### 4. Жауап беруді талап ететін сұрақтарды жазу

Жауап беруді талап ететін сұрақтарды жазу әдісін Аризона университетінің профессоры, доктор Марилис Витт жасады деген пікір бар. Ол өз студенттерінің дерттер

туралы беймәлім мәліметтер бізге белгілі мәліметтерден асып түсетіні жайлы білгенін қалады. Сондықтан оның студенттері өздері білмейтін нәрселер туралы сұрақтар жазды.

Бұл техника жетілдіріліп, пайдалы ойлау құралына айналды. Жазбаларды пайдалану тәсілдерінің бірі төмендегі кестеде көрсетілген. Тапсырма қарқынды болуға тиіс, яғни жаңа ақпараттың пайда болуына қарай оған үнемі толықтыру енгізіп, түзетіп отыру немесе жаңа сұрақтармен толықтыру қажет.

### ББТЗО кестесі

Б Ол туралы мен не білемін?	Б Нені білгім келеді?	Т Көбірек ақпаратты мен қайдан таба аламын?	З Нені зерделеу керек?	О Одан әрі не істеу керек?

### 5. Ойлау карталары

Әмбебап ойлау үдерісін оқытуға арналған сегіз көрнекі құралдан тұратын кешен:

- МӘНМӘТІНДЕ АЙҚЫНДАУ
- СИПАТТАУ
- САЛЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАРАМА-ҚАРСЫ ҚОЮ
- ЖІКТЕУ
- БӨЛІК/ТҮТАС
- САБАҚТАСТЫҚТЫ АНЫҚТАУ
- СЕБЕП ПЕН САЛДАР
- ҰҚСАСТЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ойлау карталарын доктор Дэвид Айрль әзірлеген. Олар ойлаудың жалпы көрнекі тілін көрсетеді және танымдық дағдыларды егжей-тегжейлі үйрену үшін пайдаланылады, ойлау карталарын барлық оқу салаларына және бүкіл жастағы топтарға қолдануға болады.

Ойлау карталары сынақтан өткізіліп, жастарға әртүрлі ойлау үдерістерін дамыту және оларды пайдалану жолдарын оқытуда тиімді болып шықты. Олар ойлау сапасын кеңейтеді және жетістікке жеткен оқушыларды қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұдан басқа олар оқыту мен оқудың көптеген аспектілеріне елеулі әсер етеді, соның ішінде жазбалардың сапасына да ықпал етеді.

### 6. Блум таксономиясы

Блум танымдық салада алты деңгейді бөлді, ол ең төменгі деңгей ретінде фактілерді қарапайым қабылдау мен танудан бастап анағұрлым күрделі және абстрактілі психикалық деңгейлерге қарай жылжи отырып, ең күрделісі бағалау деп жіктеді.



## 7. ТНАОК (*DATT - Direct Attention Thinking Tools*)

Тікелей назар аударуға арналған ойлау құралы –Эдвард де Боно ойлап шығарған.

- **С&Ж – Салдарлары және Жалғастыру**  
Бұл құрал кейбір іс-қимылдардың, шешімдер мен ережелердің салдарларын көру үшін болашаққа көз жүгіртуге мүмкіндік береді.
- **ҚАҚ – Қосу, Алу, Қызықты**  
Шешімдерді немесе міндеттерді қабылдағанға дейін сұрақтардың жан-жақты қаралғанына көз жеткізіңіз.
- **ТТБ - Тану, Талдау, Бөлу.**  
Тұжырымдаманы басқаруға ыңғайлы, неғұрлым кішірек бөліктерге бөліңіз.
- **БФЕ – Барлық факторларды ескеру**  
Іс-қимылдарға, шешімдер мен жоспарларға байланысты барлық факторларды зерделеніз.
- **ММЗ – Мақсаттар, Міндеттер, Заттар**  
Іс-қимылдарды қозғайтын ниеттерге толық және саналы түрде көңіл аударыңыз.
- **БМТ – Баламалар, мүмкіндіктер, таңдаулар**  
Баламаларды саналы түрде табуға тырысыңыз.
- **БАП – Басқа адамдардың пікірі**  
Басқа адамдардың пікірлеріне назар аударыңыз.
- **БҚҚ – Басқа да қатысы бар құндылықтар**  
Біздің ойлауымыз құндылықтарымызға қызмет ететініне көз жеткізіңіз.
- **БМБ – Бірінші маңызды басымдықтар**  
Ең маңызды идеяларды, факторларды, заттарды, күтілетін нәтижелерді таңдаңыз.
- **ЖШҚӘІ – Жоба, Шешім, Қорытынды, Әдіс-тәсіл, Іс-қимыл**  
Бұл тәсіл ойлау барысында жасалған қорытындыларға, сол қорытындыдан туындайтын іс-қимылдарға тікелей көңіл бөлу үшін қолданылады.

## 8. Ойлау бутерброды

Бұл – ойлау үдерістерін басқару стратегиясы.

Бастамастан бұрын тоқтап, ойланып алыңыз!

### 1-қадам

Дайындалыңыз.

Мыналарға уақыт бөліңіз:

- Санаңызды таза ұстаңыз.
- Соңғы рет не істегеніңізді еске түсіріңіз.
- Осы жолы не істейтіңізді көз алдыңызға елестетіңіз.

Жаңа тапсырмаға кірісіңіз.

### 2-қадам

Мыналармен байланыс орнатыңыз:

- Өзіңіз білетін басқа заттармен;
- Өзіңіз жасап отырған басқа заттармен;
- Өзіңіз зерделеп отырған басқа заттармен.

### 3-қадам

Өзіңізден сұраңыз:

- Не жақсы шықты?
- Не қиындық тудырды?
- Нені жақсартуға болады?

## **ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ: ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

Әлеуметтік ғылымдар – бұл *жаратылыстану* ғылымдарындағы эмпирикалық әдістерге негізделетін пәндердің көмегімен қоғамды зерделеуге арналған ортақ термин. Әлеуметтік ғылымдар антропология, экономика және саясатты сөз етеді, бірақ біз мектептің оқу жоспарын география және тарих пәндерімен толықтырамыз. География және тарих пәндері бірінші кезекте аналитикалық, сыни және теориялық болып табылатын әдістерді қолдана отырып, бейнелеу және әртістік өнер сияқты неғұрлым шығармашылық әрекетке дейін кеңейе алатын, адамның жай-күйін зерттейтін академиялық пәндерге қолданылатын терминмен анықталатын гуманитарлық ғылым ретінде жиі айқындалады. Осылайша, география мен тарихты оқыту эмпирикалықтан теориялық әдіске дейінгі бірқатар тәсілдермен толықтырылады.

География әлеуметтік-экономикалық, сонымен қатар физикалық географияны, адамдардың өзара әрекеттестігін және қоршаған ортаны, сондай-ақ осы әрекеттестіктер барысында дамитын экономикалық жүйе мен технологияларды қамтиды. Тарихтың әлеуметтік ғылымдардағы сияқты, саясат пен экономика, қоғам және мәдениетке қатысты гуманитарлық ғылымдарда да негізі бар. Төмендегі абзацтар әлеуметтік ғылымдар немесе «әлемді тану» ретінде анықталған осы екі пәнге қатысты тең дәрежеде мүмкіндік беретін, Ұлыбританиядағы география және тарих пәндері бойынша оқу жоспарында жазылғандай, гуманитарлық ғылымдарға арналған манифест болып табылады.

### *Оқу жоспарындағы гуманитарлық ғылымдардың көлемі және ықпалдастыру*

Ұлыбританияның Гуманитарлық ғылымдар қауымдастығы оқыту және оқу кезінде жекелеген гуманитарлық пәндер саласы арасындағы шектеуді жоя отырып, ықпалдастырылған оқытуды батыл қолдайды. Гуманитарлық ғылымдарды жалпы мектептік оқу бағдарламасының орталық және негізгі көрсеткіші ретінде қарастыру керек.

### *Жалпы мектептік оқу бағдарламасы*

Гуманитарлық ғылымдарды жалпы мектептік оқу бағдарламасының орталық және негізгі көрсеткіші ретінде қарастыру керек. Әлемді сыни зерделеу үшін әртүрлі әдістемелерді қолданатын ерекше белгілері бар сұрақ жүйесін оқытуға енгізуге ұмтылу қажет.

### *Гуманитарлық ғылымдарды оқыту тәжірибесі*

Гуманитарлық ғылымдар көлемі оқытудағы адамдық фактордың негізін дәл тануға тиіс. Гуманитарлық ғылымдар адамның түрлі мәнмәтіндердегі «шарттармен» өзара әрекеттестігіне бағытталған болуға тиіс: мысалы, табиғи, ғылыми, технологиялық, көркем, философиялық, тарихи, кеңістіктік, мәдени, әлеуметтік, экономикалық, саяси, моральдық және рухани. Сондықтан, гуманитарлық ғылымдардың көлемі басқа пәндердің қысқартылуы есебінен арттырылуы тиіс.

### *Мектеп тапсырмасы және этнос*

Мектеп тапсырмасының және этностың (салт-дәстүр) орталық бөлігін анықтаған кезде, гуманитарлық ғылымдар постиндустриалдық, ғаламдық және өзара тәуелді қоғамдағы жеке тұлғалар сияқты, олардың өзіндік құндылықтары мен қарым-қатынастарын зерттеуге және проблемаларын қарастыруға ықпал ете отырып, студенттерді оқытудың барлық тәжірибесіне тоғысатын бірқатар мектеп бағдарламаларының моделін ұсынады. Бұл жастарға олардың қоғамдағы белсенді, тегіс қамтитын рөлін айқындап, одан әрі білім алу мен жұмыс істеуге дайындалуға мүмкіндік беруі тиіс.



### *Оқыту және оқу*

Гуманитарлық ғылымдардың көлемі оқыту мен оқудың инновациялық стильдерін тануға, қолдауға және дамытуға ұмтылуы тиіс. Пәндер арасындағы ықпалдастықтың маңыздылығы (атап айтқанда, гуманитарлық) танылуға, бағалануға және ынталандырылуға тиіс. Гуманитарлық ғылымдар үйренушілер үшін зерттеу және проблемаларды анықтауда, проблемаларды шешу дағдысын дамытуда өздерін қызықтыратын жаңа бағыттар бойынша өз білімдерін құра және дағдыларын дамыта отырып, олардың дербес және зерек оқушылар болуын, өздеріне деген сенімдерін дамытуға көмектеседі.

### *Негізгі сұрақтар*

Гуманитарлық ғылымдардың көлемі адамзат үшін маңызды мәнге ие «негізгі сұрақтарды» зерттеумен байланысты болуға тиіс. Бұл мәселелер адамзатты танып-білудің негізінде жатқан басты ұғымдарды: өзара байланысты (әр түрлі деңгейдегі), билік пен оның бөлінуін, идеологияларды, кеңістіктік өзара әрекеттестікті, ұзақтықты және өзгерістерді, қайшылықтар және адамгершілікті іске асырады. Біз оқушыларға өзінің әлемдік тәжірибесін неғұрлым ауқымды білім мен тәжірибе саласына жатқызу мүмкіндіктерін ұсынуға ұмтылуымыз қажет.

### *Өзгерту және дамыту*

Оқушылар өзгеру және дамудың маңыздылығын түсінуге тиіс. Олардың жеке, қоғамдық, ұлттық және ғаламдық деңгейлердегі өзгерістердің әлеуетті агенттері ретіндегі өз рөлін және өзгерістер туралы білуі қажет. Осыған байланысты, гуманитарлық ғылымдардың көлемі Азаматтық ретінде сипатталған көптеген тәсілдерді бөліп қарастырады.

<http://www.hums.org.uk/resources.html>



13-KYH








## ҚОРЫТЫНДЫ БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІ




	Иә/Жоқ
Әдетте Сіз жалғыз өзіңіз бағалайсыз ба?	
Әдетте Сіз жалғыз өзіңіз түсіндіресіз бе?	
Әдетте Сіз бағалауды да, түсіндіруді де өзіңіз жүргізесіз бе?	
Егер Сіз екеуін де өзіңіз жасайтын болсаңыз, Сіз бірінші түсіндіресіз бе, әлде бағалайсыз ба?	
Әдетте Сіз жағымды жағдайлардан мысал келтіруден бастайсыз ба?	
Әдетте Сіз аяғына дейін жасалмаған жұмыстарды айтудан бастайсыз ба?	
Әдетте Сіз жасалатын жұмыстарды толық түсіндіресіз бе?	
Сіздің бағалауыңызда дамыту туралы ұсыныстар бола ма?	
Сіз кері байланыс орнату мақсатында оқушыларға өз пікірін айтуға мүмкіндік бересіз бе?	
Орнатылған кері байланыс оқушыларға өз жұмысы туралы ойлануға көмектесе ме?	

<b>Кері байланыс үдерісінде оқушылардың жауабын мадақтау және жеке мақсатты көрсеткіштерді белгілеуді көздейтін бағалау</b>	
<p>Негізгі идея - оқушыларды өздерінің жұмысына қатысты айтылған пікірлер жайында ойландырып, оларды келешекте жетілдіру мүмкіндіктерін табуға ынталандыру.</p>	
<p>Сіз оқушылардың жұмысына қатысты сын айта отырып, олардың ойлануына қалай көмектесе аласыз, олардың қабілеттерін бұдан әрі жетілдіру мүмкіндіктері қандай?</p>	
<p>Оқушылар өз жұмысының нәтижелері туралы ауызша не жазбаша пікірлерді алғаннан кейін, оның салдары қандай болатыны туралы айтып, немесе өмірден мысал келтіре аласыз ба?</p>	
<p>Сіздің ойыңызша, оқушылардың кері байланысқа жағымды көзқараспен қарауына қандай кедергі бар және олардың бұдан әрі жұмыс істеуі үшін қандай тапсырма беруге болады?</p>	

**ОҚУШЫНЫҢ ЫНТАСЫН АНЫҚТАУДЫ РЕЙТИНГІЛІК ТИІМДІ ТЕСТІЛЕУ  
КЕЗІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ӘСЕРІ**

<i>Тілекке сәйкес емес</i>	<i>Тілекке сәйкес</i>	
Оқушылардың талпынысы дамуға бағытталған:		
Оқушылардың тапсырмаға деген ынтасы жоғалады	<div style="text-align: center; margin-bottom: 20px;">  <p><b>Мұғалім ұсынған кері байланыс оқушыға өзін жетілдіруге көмектеседі.</b></p> </div> <div style="text-align: center; margin-bottom: 20px;">  <p><b>Мұғалімнің кері байланысы бағалар мен балл түрінде болады.</b></p> </div> <div style="text-align: center;">  <p><b>Мұғалімнің пікірі оқушының қабілеттілігіне байланысты болады, мысалы: «ақылды оқушы», «ұқыпсыз оқушы». Оқушының әлеуеті өзгермейді.</b></p> </div>	Оқушылар тапсырманы орындауда табанды жұмыс істейді.

**ОҚУШЫНЫҢ ЫНТАСЫН АНЫҚТАУДЫ РЕЙТИНГІЛІК ТИІМДІ ТЕСТІЛЕУ  
КЕЗІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ӘСЕРІ**

	 <p><b>Мұғалімнің кері байланысы тапсырмаға байланысты болады. Кері байланыс оқушыға өзін әрі қарай жетілдіруіне көмектеседі.</b></p>	
<p align="center"><b>Оқытуға деген қарым-қатынасты бағамен шектемей, ынталандыру керек:</b></p>		
<p>Оқушылар тапсырманы аяқтау деңгейіне қарай және балл/бағалар көмегімен өз жұмыстарын бағалайды.</p> <p>Оқушылар конкурс, бағалау және әлеуметтік мәртебе сияқты сыртқы факторлармен ынталандырылған.</p>	 <p>Тестілеуге дайындалып жатқан және алдағы сынақтан қорқыныш сезінетін сыныптар</p> <p><b>Іріктеу және бағалауға негізделген білім беру жүйесі</b></p>	<p>Оқушылар жеткен жетістігін талқылай отырып, алға ілгерілеу нәтижелері бойынша өз жұмысын бағалайды.</p> <p>Оқушылар оқу материалымен және ішкі қалауымен оқып үйренуге ынталандырылған.</p>
<p><i>Тілекке сәйкес емес</i></p>	<p align="right"><i>Тілекке сәйкес</i></p>	
<p align="center"><b>Оқушылардың тестілеу туралы пікірі оқушының оқып үйренуіне ерекше әсер етеді:</b></p>		
<p>Оқыту бірсарынды болады; тек жекелеген оқушылар жаттау әдісінің көмегімен нәтижелерге жетеді.</p> <p>Жекелеген оқушылардың жетістіктері айтарлықтай болмаған соң, олар қызығушылығын жоғалтады. Бұл, әсіресе, қызығушылығы жоқ оқушыларға ерекше әсер етеді.</p>	 <p><b>Тестілер оқыту тәсілдерін бұрмалайды, оқыту білім беруге емес тестіге дайындалуға негізделген.</b></p> <p><b>Әрбір оқушының дербес оқу стилін ескере отырып, оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдану қажет.</b></p>	<p>Оқыту түрленеді, барлық оқушылардың тапсырмаларға қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, олардың оқып үйренуіне мүмкіндік туғызады.</p> <p>Оқушылардың көбісі ынталандырылған, өйткені олар жүйелі түрде өзінің оқу үлгеріміне назар аударады. Қателер оқудағы «келесі қадамдарды» анықтаудың</p>

**ОҚУШЫНЫҢ ЫНТАСЫН АНЫҚТАУДЫ РЕЙТИНГІЛІК ТИІМДІ ТЕСТІЛЕУ  
КЕЗІНДЕГІ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ӘСЕРІ**

<p>Тест алдындағы қорқыныш, әсіресе, қыздарда тапсырманы сәтті аяқтауға кедергі жасайды.</p>	<p>Құрбыларын және өзін-өзі жүйелі бағалауды қолдану оқушылардың бірлескен жұмысы мен олардың сана-сезімдерін жетілдіреді.</p>	<p>әдістері ретінде қарастырылады.</p> <p>Оқушылар бірігіп жұмыс істейді.</p>
	<p>Тестілеу қажеттілігіне негізделген оқыту тәжірибені қайталауды талап етеді және алаңдаушылықты күшейтеді.</p>	
<p>Емтихан нәтижелері оқушының әзірлеген жауаптарын көрсету барысында өзгеріп отыратын оқушының түсіну деңгейінің көрсеткіштері болып табылады.</p>	<p>Оқушылар бағалау мақсатын түсінеді және бағалаудың оқушының жеке білім алуына мүмкіндік туғызатындығына назар аударады.</p>	<p>Оқушылардың түсінуі және тестілерді тапсыру деңгейі өзін өзі реттеп білім алуға көбірек көңіл бөлген сайын жетіле түседі, бұл бағалауды диагностикалық қолданудан шығады.</p>
	<p>Мұғалімдер әзірлікті терең білім және түсінумен үйлестіре отырып, оқушыларды тест тапсыруға дайындайды.</p>	
	<p>Кейбір оқушылар саналы түрде қабылдағанымен, тестілеу үдерісіне көңілі соқпайды.</p>	



### КУРСҚА ДЕЙІНГІ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ПІКІР

Сіз осы тұжырымдармен қаншалықты келісесіз?	Толығым ен келісемін	Келісемін	Жауап беремін алмаймын	Келіспеймін	Үзілді-кесілді қарсымын
1. Мұғалімнің оқушылардың жұмысын бағалауы негізінен баға қою түрінде болуы керек.					
2. Оқушылар үшін олар өз құрдастарымен салыстырғанда қандай деңгейде екенін түсіну маңызды.					
3. Бағалау мұғалімге оның оқушылары материалды қаншалықты игергені, әрі бұны келесі сабақтарды жоспарлауда қалай қолдануға болатындығы туралы мәлімет беруге тиіс.					
4. Оқушыларға өз оқу мақсаттарын анықтауға мүмкіндік беру керек.					
5. Сұрақтар, негізінен, оқушылардың нақты білімін анықтау үшін қолданылуы керек.					
6. Мұғалім жасаған бағалау анағұрлым орынды болып саналады.					
7. Оқушыларға олардың өткен жұмыстарына қарағанда өз міндеттерін қаншалықты жақсы орындағанын айту маңызы.					
8. Оқушылар жоспарланатын сабақтың немесе сабақтар топтамасының мазмұнын нақты түсінуі керек.					
9. Мұғалімнің басты міндеттерінің бірі оқушыларды қателіктері туралы хабардар ету болып табылады.					
10. Оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалауға тартылуы керек					
11. Оқушылар өздерінің <u>қалай</u> білім алатынын түсінуі қажет.					
12. Қолданылатын бағалау түріне қарамастан, оқушының жұмысына түсініктеме берілуі керек.					
13. Мұғалім міндеттерінің бірі – оқушылармен оларды оқыту стратегиясын жақсарту жолдарын талқылау.					
14. Оқушылар өз жұмыстарын бағалауға тартылмауы керек.					
15. Оқушыларға оқу барысында					

туындайтын проблемаларды анықтау және шешу тәсілдерін табуға көмектесу керек.					
16. Оқытуды жетілдірудің тиімді мүмкіндігі ретінде оқушылардың қатемен жұмыс істеуіне көмектесу керек.					
17. Келесі сабақты жоспарлауда мұғалім оқушылардың өткен сабақты қалай меңгергеніне емес, бекітілген білім беру бағдарламасына көбірек назар аударуы керек.					
18. Оқушылар өздеріне баға беріп, білімін қалай жетілдіре алатынын түсінуі керек.					
19. Мұғалімдер оқу сапасына емес, жұмыс мөлшеріне және таныстырылымның көп болуына назар аударуы керек.					
20. Жазбаша жұмыс нәтижелері әрбір оқушының оқуын бағалаудың ең жақсы тәсілі болып табылады.					
Кембридж университеті Білім беру факультеті әзірлеген «Қалай оқу керектігін үйрену» жобасының материалынан алынған.					

## МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУЫ

Мұғалімдер оқушылардың үйренгенін үнемі жинақтап отырады, өйткені, оқушылардың оқу үлгерімін тиімді бағалауды түсіну олардың бұдан былайғы оқуда алға жылжуларының ажырамас бөлігі болып табылады. Бірақ бұл сыныпта қолданылатын бағалаудың жалғыз тәсілі емес. Оның ата-аналар үшін баланың оқу үлгерімі бойынша есеп беруде, оқушыны белгілі бір сыныпқа бөлу кезінде мектеп басшысына көмек көрсетуде; оқушыға оқу барысында қосымша сабақтарды таңдауда көмек көрсетуде; сыртқы біліктіліктің барлық немесе жеке құрылымдарын қалыптастыруда; оқушылардың мектепте жеткен нақты жетістіктері туралы ақпарат беру мақсатында қолданылуы орынды.

Ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығы мұғалім өткізетін жиынтық бағалаудың негізгі ұстанымы болып табылады. Сенімділік оқушының оқу үлгерімі туралы шынайы және толық ақпарат беру дәрежесін білдіреді, ал дұрыстығы бағалау үшін маңызды және түбегейлі болып табылатын барлық тұстарды бағалауды талап етеді.

Оқушының еңбегін бағалау жөніндегі мұғалімнің пікірі маңызды болып табылады, әрі дәлел ретінде кеңінен қолданылады. Түптеп келгенде, бұл мектептен тыс агенттіктер әзірлеген қандай да бір бағалаудың әдістеріне қарағанда, мұғалімнің оқушылар жұмысын айтарлықтай мұқият бағалау қабілеттілігімен түсіндіріледі. Бұл бағалау сенімділігін (бағалаудың сырттан әзірленген әдістеріне қарағанда, айтарлықтай көп ақпарат ұсынады), бағалаудың дұрыстылығын да (дәлелдеудің жеткілікті ауқымын) қамтамасыз етеді.

Ақпараттың дұрыстығы мен барынша сенімділігі бірігіп, бағалау үдерісіне кепілдік беріп, оның сенімділігін арттырады.

Бағалау сенімділігі әділетсіз немесе бір жақты бағалауды, мұғалімдер қолданатын үлгілердің алуандығын, түсіну мен машықтардың маңызды аспектілері туралы ойлау қабілетсіздігі сынды мәселелерді жоюға мүмкіндік береді.

Сыныпта жиынтық бағалау жүйесін әзірлеуде бағалау нәтижелерін пайдалану әдістерін ескеру қажет: мақсатты түрде пайдалану немесе фактілерге негізделген бағалау (кейде мақсатсыз) ретінде пайдалану.

*Сыныптағы сапалық жиынтық бағалау* келесі мәселелерді көздейді:

- оқушыларды өздерінің оқу үлгерімін қадағалап отыруға қатыстыру;
- мұғалімнің оқушы ұмтылатын келешек мақсаттарды нақты қалыптастыру қажеттігін түсінуі және қалыптастыра білу қабілеті;
- оқушының еңбегін бағалауда мұғалімнің әр түрлі әдістерді пайдалана білуі;
- мұғалімдердің оқу барысы мен нәтижелерін жазбаша белгілеп отыру қажеттігінсіз, әрбір оқушының оқу үлгерімін бақылауға мүмкіндік беретін есептілік үдерісін іске асыруы;
- мұғалімнің әрбір оқушымен тіл табыса алу қабілеті.

*Жалпы мектепшілік сапалық жиынтық бағалау* келесі мәселелерді көздейді:

- мұғалімнің өзі жауап беретін оқушыларының еңбегі туралы есепті жүйелі түрде беріп отыру;
- пікірлердегі сыңаржақтылықты жою мақсатында, мұғалімдер қолданатын стандарттардағы айырмашылықтарды жою;
- мұғалімнен алған жиынтық бағалау нәтижелерін мектепте ойластырып қолдану (іске немқұрайды қарамау);

- ата-аналарға/қамқоршыға оқушының оқу үлгерімі туралы ақпаратты беру жауапкершілігі.

Әділ бағалауды қамтамасыз ету мақсатында, сыныпта осы рәсімдерді жүргізуге қажетті тестілер мен тапсырмалардың сапасына ерекше назар аудару керек. Мысалы, орта білім беретін мұғалімдердің көбісі оқулықтан немесе өткен емтихан тапсырмаларынан алынған тест сұрақтарын пайдаланады.

Сыныпта күнделікті бағалау үдерісі үнемі арнайы тапсырмалар мен тестілер әзірлеуді қажет етпейді. Көптеген жағдайларда оқушылардың оқу үлгерімін күнделікті сабақ уақытында бағалап, солардың негізінде қорытынды бағалауды жасаған да жеткілікті.

Осы бағалау нысаны ортаңғы сыныптар мұғалімдеріне қарағанда, әрбір оқушының жетістігі туралы ақпаратты жүйелеуге мүмкіндігі мол бастауыш сынып мұғалімдері үшін қолайлы.

Бағалау нәтижелері ең басында сынып немесе мектеп ішінде пайдалануға арналған жағдайда бағалау сенімділігі соншалықты талап етілмейді. Сондай-ақ, негізгі мақсат алдағы оқуда неге көңіл аудару қажеттігін анықтау болса, күн сайынғы жиынтық бағалауды реттеу қажет емес.

Ақпараттың сенімділігі мен дұрыстығы бағалау нәтижелері сырттай пайдалануға арналған жағдайда ғана қажет.

Қорытынды бағалауды сапалы жүргізу мұғалімдерден жоғары шеберлікті талап етеді.

Сонымен қатар, мұғалімдердің қалыптастырушы бағалауы жиынтық бағалау талаптарымен бұрмаланбауы керек, ал бұл өте күрделі іс.

#### **Дереккөз:**

Black P & Wiliam D (2007). Large-scale Assessment Systems: Design principles drawn from international comparisons [Ірі көлемді бағалау жүйелері: қағидаттары халықаралық салыстырмалардан алынып жасалған]. *Measurement*, 5 (1): 1-53.

14-KYH





<b>МҰҒАЛІМНІҢ БАҒАЛАУДАҒЫ РӨЛІ</b>	
Бағалаудың рөлі	Рөлдердің мақсаттары
Мұғалім тәлімгер ретінде	Кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету.
Мұғалім жетекші ретінде	Топты ағымдағы жұмыс үдерісінде алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастыру.
Мұғалім есепке алу маманы ретінде	Оқушылардың өсуі және жетістіктері туралы жазу.
Мұғалім баяндамашы ретінде	Оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

## ШҚІРЛЕР ПАРАҒЫ

Бағалаудың негізгі сипаттамасы	Оқыту жолдары	Үлгілер	Оқытуға ықпал ету
Оқыту мақсатымен бөлісіңіз	Ол оқушыға түсінікті тілмен берілген бе?		
Алда не күтіп тұрғанын оқушылардың білуіне көмектесіңіз	Адал жұмыс өлшемдерімен бөлісіңіз.  Адал атқарылған жұмысқа мысал келтіріңіз		
Өзін-өзі және құрбыларын бағалау	Оқушылардың нені үйренгені және оқыту мақсатын пайдаланып қандай қиындыққа тап болғаны туралы интербелсенді әңгімелесу үшін мүмкіндік бар ма?		
Оқушылар жұмысты жақсарту үшін не қажет екенін білуіне көмек беретін пікірлермен қамтамасыз етіңіз	Пікірлер жазбаша ма, әлде ауызша ма?		
Оқушылардың өздерін жетілдіре алатынына сенімділігін дамыту	Сыныптағы ахуал жайлы ма және сұрақ қойғаны үшін оқушылар мадақтала ма?		
Мұғалімдер мен оқушылар көбіне бірлесіп бағалау туралы ақпаратты талдайды және ойластырады.	Осы мақсатқа арналған уақыт пен кадрлар бар ма?		



### 3-СЕМИНАР: ОҚУШЫЛАРДЫ КРИТЕРИЙЛЕРМЕН ТАНЫСТЫРУ

#### Мақсаты

Осы семинар соңында мұғалімдер:

- оқушылар бір сұраққа неге әртүрлі жауап беретінінің себебін түсінуі;
- оқушыларға критерийлерді жеткізу және оны сыныпта пайдалану үшін сызба жасай алатындай болуы;
- осы стратегияларды енгізуді жоспарлай алатындай болуы тиіс.

Зерттеулерден алынған дәлелдемелер

1. Көптеген оқушылар үшін мектептегі оқыту мағынасыз әрекеттер болып көрінеді. Олар өз уақыттарын өз абыройын түсірмейтіндей етіп тапсырманы қалай орындайтындықтарын талқылай отырып өткізеді. Қорытындысында, олар жай ғана «мектепке барып жүреді» немесе «әртүрлі нәрселермен айналысады».

2. Оқушылар оқуда өздерінің ілгерілеуін көруге көмек беретін «сызбаға» қол жеткізген жағдайда олардың жұмысы мақсатқа бағытталады. Ройс Сэдлер (1989, 121) атап өткендей: Сапа тұжырымдамасын мұғалім қалай түсінсе, оқушының да солай түсінуі, жұмыс нәтижелерінің сапасын үздіксіз бақылау мүмкіндігі және кез келген сәтте пайдалануға болатын баламалы адымдар мен стратегияларға қол жеткізу оқытуды жақсартудың міндетті шарттары болып табылады.

3. «Үш таңбалы саннан екінші үш таңбалы санды алу қабілеттілігі» сияқты кейбір тапсырмаларға қатысты оқушыларға мұндай тапсырмалардың дұрыс орындалған-орындалмағанын түсіну аса қиын емес. Ал «жақсы әңгіме жазу» сияқты оқытудың басқа мақсаттары үшін тапсырмаларын табысты орындаудың ешқандай нақты критерийлері жоқ, бірақ оқушыларға Гай Клэкстон айтқандай «сапаны сезгіштікті» дамытуға көмектесуге болады.

4. Оқушылардың сапаға көзқарасы көп жағдайда мұғалімдердің көзқарасымен келіспей жатады. Орташа тап отбасыларынан шыққан оқушылар мұғалімнің болжамымен ұқсас жауап беретіндігінің дәлелдері бар. Барри Купер мен Мэйрид Данн жұмысшы табы отбасыларынан шыққан оқушылар идеяларды өз тәжірибесінен алып жауап беретіндігін, ал орташа тап отбасыларынан шыққан оқушылар бұл әрекеттің қандай жағдайда орынсыз екенін нақтырақ түсінетіндігін жеткізеді.

5. Оқушылардың басқа топтары, мысалы, ұлдар мен қыздар немесе әртүрлі этностық және мәдени топтардың балалары арасындағы айырмашылықты осылайша түсіндіруге болады.

6. Оқушылар «жақсы жұмыс» дегеніміз не екені туралы ойлануға мүмкіндік алса, оқу мен үлгерім деңгейін жақсартып алады. Алайда, базалық білімдері мен дағдылары нашар оқушыларда жақсару деңгейі анығырақ байқалады. Аталған факт мектепте білімді меңгеру деңгейінің төмен болуы оқушылардың оларға білім алу үшін не қажет екендігін түсінбеуінен ушыға түсетіндігін көрсетеді.

7. Критерийлерді түсіну жай ғана бастапқы нүкте болып табылады. Әуелде сөздің мағынасын оқушылар мұғалімдердей түсінбейді. Оқушыларға «Сапа критерийін» немесе «табыс критерийін» жай ғана ұсыну жеткіліксіз. Оқушылар бұл критерийлердің өз жұмыстарына қатысты нені білдіретінін түсінбейінше, ол критерийлерден пайда болмайды. Оқушы жұмыстарынан мысал келтіру критерий мағынасын тәжірибеде көрсетуге арналған стратегиялардың бірі болып табылады. Мұндай мысалдар «үлгілі» болмауы керек. Оқушылар өздерінің ағымдық стандартынан шамалы ғана жақсы жұмысты көре отырып, жақсырақ оқиды.

#### *Пайдаланылған әдебиет*

Claxton, G. (1995). What kind of learning does self-assessment drive? [Өзін өзі бағалау оқудың қандай түрін дамытады] Developing a 'nose' for quality: comments on Klenowski, Assessment in Education: principles, policy and practice, 2(3), стр. 339-343. Cooper, B.

- and Dunne, M. (1999). Assessing children's mathematical knowledge: social class, sex and problem-solving. Buckingham, Open University Press.
- Frederiksen, J. and White, B. (1997). Reflective assessment of pupils' research within an inquiry-based middle school science curriculum [Орта мектеп бағдарламасындағы зерттеу аясында оқушылар зерттеулерін рефлексивтік бағалау]. In Proceedings of the Annual Meeting of the AERA Conference, Chicago, IL.
- Murphy, P. and Elwood. J. (1998). Gendered experiences, choices and achievement [Гендерлік тәжірибе, таңдау және жетістіктер] — exploring the links, International Journal of Inclusive Education, 2(2), стр. 95-118.
- Sadler, D. R. (1989). Formative assessment and the design of instructional systems [Қалыптастырушы бағалау және оқыту жүйесін құру], Instructional Science, 18, 119-144.

### **Семинар тапсырмалары**

Бұл семинар ол басталмай тұрып орындалатын тапсырмадан және қосымша үш тапсырмадан тұрады. 2-тапсырмаға баламалы тапсырма бар; ол бұл салада ілгері басқан мұғалімдерге жақсы келеді.

### **Семинар басталғанға дейін орындауға арналған тапсырма**

Қатысушылар оқушылардың аздаған жұмыстарын жинап, семинарға әкелуі керек. Бұл жұмыстарды бағалау қажет емес, бірақ тапсырманы орындаудың күштіден әлсізге дейінгі әртүрлі деңгейін көрсетуі тиіс. Төрт қатысушыдан тұратын топ үшін мұндай жұмыстардың бір топтамасы жеткілікті.

#### **1-тапсырма: Ұлдар мен қыздардың жауаптары**

Ағылшын тілінен 15 жастағы оқушыларға арналған бір сауалнамада тең қанатты инеліктердің екі суретін көрсетіп, «олардың ең маңызды айырмашылықтары» болып табылатын белгілеріне ерекше назар аудара отырып «сипаттауды» сұрайды. Бұл бағалауға арналған тапсырма болғандықтан, мұғалімдер оқушылардан нені күтетіндігін алдын ала түсіндірмеді. Оқушылар нұсқаулықта жазылған сипаттамаға сүйене отырып, бұны өз беттерінше ұғынулары тиіс болатын.

1. Тең қанатты инеліктер туралы тапсырма бойынша жоғары баға алған екі жауапты оқыңыз (төмендегі «Тапсырма материалдарын» қараңыз). Біріншісі – ұл баланың, екіншісі – қыз баланың жауаптары.
2. Екі жауапты оқығаннан кейін қайсысы ұлдың жауабы, қайсысы қыздың жауабы екенін шешіңіз (бұл көп уақыт алмауы тиіс), содан кейін екі оқушының бір тапсырмаға әртүрлі жауап бергенін жұпта талқылаңыз.
3. Өз идеяларыңызды топтың басқа қатысушыларымен талқылаңыз.

#### **2-тапсырма: Оқушыларға критерийлерді түсіндіріп жеткізуге арналған сызба жасау**

Бұл тапсырма оқушыларға тапсырмалардың әлсіз деңгейден жоғарыға дейін түрленетін бірқатар жауаптарын ұсынуды көздейді. Бұл тарих пәні мұғалімінің жұмысынан басталған. Ол оқушыларға «түпнұсқаны, құжатқа қатысты сұрақты және әртүрлі төрт жауап ұсынған, оқушылар оларды сапасына қарай саралауға тиіс болатын». Бұдан кейін олардан неліктен бұлай саралағанын негіздеп, талқылау сұралады.

1. Үш немесе төрт адамнан тұратын топтарда семинарға дайындалған тапсырмаларды қарап шығыңыз, әуелі олардың орындалу сапасын бағалаңыз (бұл кезеңде өз пікіріңізді

білдіру үшін оқу жоспарының ұлттық критерийлеріне тікелей сілтеме жасауға тырыспаңыз). Мүмкіндігінше жұмыстың үстіртін критерийлер бойынша бағаланбауына көңіл аударыңыз (мысалы, жауап көлемі, пайдаланылатын сөздердің жетіктігі, ұқыптылық немесе дұрыс жазу).

2. Өз топтарыңызда үздік жұмыстарды басқалардың қатарында үздік ететін не екенін анықтауға тырысыңыз – бұл пайымдаулар енді оқу жоспарының ұлттық критерийлерінде негізделуі мүмкін, сонымен қатар тапсырманың ерекше критерийлері мен жауаптың кенеттен туындаған аспектілері ескерілуі тиіс. Бұл идеялар аңдатпада жазылып, үлгілер базасын дайындау үшін әрбір жұмысқа қоса берілуі мүмкін.

3. Семинар тапсырмаларына өз көзқарастарыңыз бен алған әсерлеріңізді барлық топ болып талқылаңыз.

### **3-тапсырма: Әрекетті жоспарлау**

Оқушыларға критерийлерді жеткізудің мұндай «сызбасының» күшті жақтары мен шектеулерін барлық топпен талқылаңыз және оны сыныпта қалай пайдаланатыныңызды ойлаңыз.

#### **Балама тапсырма**

«Оқу үдерісіне үйрену» жобасы барысында білім алушыларға критерийлерді жеткізу үшін мектепте әзірленген бірқатар тәжірибелік стратегиялар анықталды:

- сабақтың/бөлімнің басында оқу мақсатын түсіндіру;
- критерийлерді оқушылар тіліне аудару;
- оқу туралы әңгімеде пайдалануға арналған түйінді сөздері бар плакаттар немесе флеш-карточшаларды әзірлеу – бұл нақты затқа жататын арнайы сөздер немесе мәнмәтінге қарай әртүрлі түсіндірілетін жалпылама сөздер болуы мүмкін, мысалы, сипаттаңыз, түсіндіріңіз, бағалаңыз;
- оқушыларға өз жұмысын құрылымдауға көмек беру үшін жоспарлауға/жазуға арналған ережелер әзірлеу;
- әртүрлі бағалау критерийлерін көрсету үшін әртүрлі стандарттар үлгілерінің банкін дамыту;
- оқушылардың өз тестілерін/тапсырмаларын жобалауға мүмкіндік беру.

Жоғарыда айтылғандардың қайсысы сіздің мектепте немесе кафедрада қолданылатынын және қай тармақты бұдан әрі дамытқыңыз келетінін талқылаңыз. Келесі кездесулерде қатысушылар осы стратегияларды пайдаланудағы өз тәжірибелерін сипаттап, бағалай алады.

### **Тапсырма материалдары**

#### **Тең қанатты инелік**

##### **1-ЖАУАП (НАҚТЫ ТРАНСКРИПЦИЯ)**

Тең қанатты инеліктің көкірек қуысы қысқа, құрсағы ұзын, көздері күрделі дөңес.

А түрінде жоғарыда айтылған барлық қасиеттер бар, бірақ Б түрінен былайша ерекшеленеді:

1. Оның аяқтарының төменгі бөлігінде ұзын түктері бар алты ұзын қара аяқтары бар. Б түрінің төрт аяғы ғана бар және алдыңғы аяғының табанында және артқы аяқтарының жоғарғы жағында түктері бар.
2. А түрінің қанаттары мөлдір емес, қысқа және жалпақ. Б түрінің А түріне қарағанда, ұзынырақ және жіңішкерек мөлдір қанаттары бар.
3. А түрінің қарыны өте ұсақ бөліктерге бөлінген, аяқ жағының ұшы сүйірленеді. Б түрінің

карыны өте ұсақ бөлшектерден құрылған, денесінің соңы үшбұрыш түрінде тарылады.

4. Бұл екеуінің арасындағы көзге едәуір көрінетін айырмашылық – олардың түсінде. А түрі – кеуде жасушасы қоңыр және жасыл, оның қанаттары шеттеріне қарай жеңіл болатын қоңыр, сонымен бірге құрсағы да қоңыр. В түрі көгілдір және көкірек қуысы ашық қоңыр, оның қанаттарының шетіндегі қоңыр дақтардан басқа жері түссіз, сонымен қатар құрсағы көк кара-қоңыр түсті, кеудесі қызғылт реңкті.

5. А түрінің көзі қоңыр, тісті сызықтармен бөлінген. Б түрінің көзі көк (бозғылт), ортасында қара дағы бар.

6. А түрінің жағы сүйірленген, ал Б түрі қорапша формалы.

## 2-ЖАУАП (НАҚТЫ ТРАНСКРИПЦИЯ)

Далада жаздың ыстық күндерінің бірі, айналаның бәрі жылы және тып-тыныш. Төбенің іргесіндегі көлді қоршаған ағаштар ақырын жайқалады, көл бетіндегі шымырлаған діріл бейбітшілік пен тыныштық сезімін ұялатады.

Көл шетінде қамыстар мен лалагүлдер өсіп тұр. Мазасыз шыбындар биік шөптердің арасында жем іздеп ұшып жүр. Аралар тозаңға толы лалагүлдер арасында олардың балшырынын ішіп, ерігеді, ал тең қанатты инеліктер еменнің биік жасыл бұтақтарына жабысып, қозғалыссыз отыр.

Олардың біреуі ұрғашы, екіншісі еркек. Оларды мен көріп жатырмын, өйткені мен осы кәрі еменнің мықты діңіне қарама-қарсы жатқан едім. Олар – мен көрген жәндіктердің ішіндегі ең әдемісі, бірақ олар әртүрлі.

Біреуінің шілтер қанатының ашықтығы соншалық, мен олардың ар жағынан судың шетін көре аламын. Оның түрі алқызыл және көгілдір түспен жарқырайды, олар өздерін қоршаған сарғалдақтар арасында ерекше көрінеді. Оның құрсағы саусақ сияқты ұзын және өте жіңішке. Ол сондай нәзік көрінеді, кез келген қозғалыстан бұтақ сияқты сынып кететіндей көрінеді. Оның шілтердей қанаттары фен сияқты барлық денені салқындата отырып, құрсақ бойына созылады. Оның басы кішкентай, бірақ мықты. Оның түсі көк, басының екі жағында жан толғандыратын екі кара көзі бар. Бұл керемет жәндіктің аяқтары ұзын әрі кара, аяқтарында ең әсем жіптің ұлпасына ұқсас түгі бар.

Басының жанындағы көкірек қуысы үлкен. Ол құрсағы сияқты жіңішке емес, бірақ жарқыраған күн жарығының кара көк шағылысындай бөлігі жылтыр.

Мен бақылап тұрғанда, оның басы жан-жаққа бұрылады, содан кейін кенеттен көлге пырылдап ұшып, жоқ болып кетеді.

Екінші тең қанатты инелік әлі орнында. Ол біріншісі сияқты әдемі емес, бірақ оның бояуы өте қанық. Қанаттары – күңгірт қоңыр. Олар жалпақтау әрі онша ұзын емес. Олар басқа инеліктің шілтерлі, жіңішке қанаттарына қарағанда мықтырақ көрінеді. Бұл жәндіктің құрсағы жуанырақ. Ол қанаты сияқты күңгірт қоңыр түсті, бірақ көкшіл және сұр түсті дақтары бар. Қанаттары сияқты ол да мықты, берік және пайдалырақ.

Аяқтары өте жуан, әйтсе де оларда ырғақпен дірілдейтін жіңішке түктер көрінеді. Көкірек қуысы алдыңғы инеліктегідей аса ұзын емес, бірақ жуанырақ әрі анағұрлым дамыған.

Қоңыр жолақты жасыл түсті көкірек қуысы мықты сауытты тақта сияқты көрінеді.

Басы үлкен әрі қарымды. Оның басы жоғары көтерілген, ал көздері үлкен, қарасы өткірлеу. Бұл жәндік сыртқы пішініне қарағанда мықтырақ әрі қайратты болғандықтан, еркек болуы мүмкін.

Бірнеше секунд ішінде ол ауада қозғалыссыз күтіп тұра алады, содан кейін басқа инеліктерді іздеу үшін көл бетінде ұшып жүреді де, жоғалып кетеді.

Енді мен өзіммен өзім қалдым, күн күйдіріп тұр, шыбын-шіркей жем іздеп, ауада шыр айналып жүр.

## **"ЭЙФЕЛЬ МҰНАРАСЫ" ЖАТТЫҒУЫ**

Оқушыларға сабақтарда үлкен жетістіктерге жетуде көмек көрсету үшін мен оқыту мақсаттарының құндылықтарын, оқытудың нәтижелерін және деңгейлік баспалдақтарын түсінуге қол жеткізу мақсатында ұжыммен оқу жаттығуларын өткіздім.

Нұсқаулық: - Ұжымды 7 топқа бөлу және әр топқа газет, скотч және слайдтардың біреуін беру.

- Өз мұнарасын құрастыруға 45 минут беріп, одан кейін әр топта бар ақпаратты ұжыммен бөлісу үшін слайдтарды пайдалана отырып, кері байланыс орнату.

<b>ОҚУШЫЛАРДЫ САБАҚТЫҢ ОҚУ МАҚСАТЫМЕН ТАНЫСТЫРУ</b>	
Мақсаты - оқушыларды сабақтың мақсаттарымен таныстыру	
Өз сабақтарыңызда осыны қандай дәрежеде және қаншалықты жиі жүргізесіз?	
Сіз бізге осыны жүргізген кезден мысал келтіріп немесе әдетте Сіздің сабақтарыңыз қалай басталатынын айтып бере аласыз ба?	
Оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстыруда Сізге қандай кедергілер кездеседі?	

<b>САБАҚТЫҢ ТАБЫС КРИТЕРИЙЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ</b>	
Мақсаты оқушыларға әр қадамдарын түсіндіру немесе сабақтың мақсатына жету үшін оларға не қажет екендігін түсінуге жетелеу болып табылады. Кейде бұл оқушылармен кеңесу кезінде жүргізіледі.	
Өз сабақтарыңызда осыны қандай дәрежеде және қаншалықты жиі орындайсыз?	
Сіз осыны орындағаныңыз туралы мысал келтіре аласыз ба немесе оқушыларыңыз қандай деңгейге ұмтылу керектігін қайдан білетінін айтып беріңіз.	
Оқушыларды сабақтың табыс критерийлерімен таныстыру мен талқылауда қандай кедергілерді кездестіресіз?	

<b>САБАҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОУБ СТРАТЕГИЯЛАРЫ</b>	
Бұған мұғалім өткізген немесе оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуіне бағытталған сынып жұмыстарының көптеген түрлерін енгізуге болар еді. Соған қарамастан, негізгі мақсат оқушылардың не оқығаны немесе оқуға не көмектесетіні туралы өз идеяларын білдіруге ынталандыру болып табылады.	
Өз сабақтарыңызда осыны қандай дәрежеде және қаншалықты жиі жүргізесіз?	
Сіз мұны қашан жасағаныңызға мысал келтіре аласыз ба немесе Сіз бізге өз оқушыларыңыздың оқуды қалай түсінетіні туралы бөліскен жағдайлары жайлы айтып бере аласыз ба?	
Сіздің жағдайыңызда олардың жұмыстарын түсінетінін талқылауға оқушыларды ынталандыру кезінде қандай кедергілер туындайды?	

## САБАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ТАБЫС КРИТЕРИЙЛЕРІН ӘЗІРЛЕУ

### Өзара байланысты сабақтардың шағын циклін жоспарлау (кем дегенде екі сабақ)

**Сабақтың міндетін** оқушыларға неғұрлым түсінікті тілде жазыңыз. Сіз сыныпқа келген кезде осы міндеттерді сабақтың басында оқушылармен бірге талқылаңыз – оларды тақтаға жазып қойыңыз немесе ауызша айтыңыз – міндеттерді қолдана отырып, сабақтың мақсатын талқылаңыз. Сонымен қатар, сабаққа қажетті **табыс критерийлерін** анықтаңыз (көп емес!), оларды да оқушыларға айтыңыз. Оларды қалай жазатыныңыз өзіңізге байланысты (қалай болғанда да, олар оқушыларға түсінікті тілде жазылуы керек). Ең бастысы, олар оқыту міндеттеріне қол жеткізуде «жетістікке апаратын қадамдарды» көрсетуі керек, сабақтың басында оларды оқушылармен талқылап, негізгі білімдерін бекіту үшін сабақ бойы қолдану қажет.

**Сізге сабақ жоспарының көшірмесін портфолиоға салу керек. Сабақтың оқыту міндеттері мен табыс критерийлерін (жетістікке жеткен) белгілеп көрсетіңіз.**

Бірнеше сабақ өткізгеннен кейін оқушылардан өз жұмыстарын Сіз ұсынған табыс критерийлері бойынша бағалауды сұраңыз.

Олардан төмендегілерді қолдана отырып өз ойларын айтуларын сұраңыз:

- Ишаралар: «*бас бармақты жоғары көтеру*», «*төмен түсіру*» немесе «*қимыл бағытын ауыстыратын бас бармақ*»;
- Бағдаршам сигналдары:  
жасыл сигнал = *Мен жақсы орындадым*, сары = *Мен жартылай орындадым, бірақ тағы жұмыс істеу қажет* және қызыл сигнал = *Маған көмек керек*.
- Оқушылардың орындаған жұмыстары сабақтың табыс критерийлеріне қаншалықты сәйкес екендігі туралы оқушылар пікірлерінің түсініктемелері.

Сонымен қоса, Сіз оқушылардан критерийлер бойынша жұмыс туралы не ойлайтындарын сұрауыңызға болады.

1) төменгі сыныптағы оқушылар үшін эмоциялар символдарын (смайликтер) қолдануға болады, оларды шеңберге алу немесе бояу қажет

Жетістікке жету үшін мен не істеу керектігін білемін:

☺                      ☹                      ☹

Табыс критерийлері маған жұмысты жақсы орындауға көмектесті:

☺                      ☹                      ☹

2) Жоғары сынып оқушыларымен сандарды шеңберге алу тәсілін қолданыңыз.

Төменде сабақта оқытудың бірнеше тәсілдері көрсетілген: әр іс-әрекеттен қаншалықты көп білгеніңізді көрсететін санды шеңберге алыңыз:

	Мен көп білдім (үйрендім)	Мен көп білген жоқпын	Мен аз білдім
Табыс критерийлеріне қол жеткізу жұмысы	3	2	1
Өз жұмысымды бағалау	3	2	1
Өздік жұмыс	3	2	1

Сіздің оқушыларыңыз не ойлайды?

Олар сізге табыс критерийлеріне қол жеткізгендіктерін айта ала ма?

Өз жұмыстарын бағалай алатын нақты критерийлер туралы олар не ойлайды?

Өзіңіздің сұрақ-жауаптарыңыздың нәтижелерін сараптаңыз.

**Сіздің оқушыларыңыз табыс критерийлерін қолдану туралы не ойлайтыны туралы қысқаша сараптамалық есеп жазыңыз да, оны портфолиоға салыңыз.**

## 4-СЕМИНАР: ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ӨЗАРА БАҒАЛАУ

### *Мақсаты*

Осы семинар өткеннен кейін, мұғалім:

- оқушыларды оқыту үдерісін жақсартудағы өзін өзі және өзара бағалаудың рөлін түсінеді;
- оқушылармен жұмыс жүргізу үшін өзін өзі бағалаудың және өзара бағалаудың бір немесе бірнеше стратегиясын әзірлей;
- осы стратегияларды қолдануды жоспарлай білетін болады.

### **Зерттеулерден алынған үзінді**

1. Оқушылар өзінің білім алуы үшін өзіне жауапкершілік алуы тиіс, себебі басқа ешкім де олар үшін оны істемейді. Яғни, оқушылар оқытуды бағалау үдерісіне тартылуы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, үздіксіз дамуға ықпал ету, оқыту үдерісін сезіну және оқушылардың оларды басқару қабілеттілігі ерекше маңызға ие болады. (Бағалауды Реформалау тобы, 1999).

2. Өзін өзі бағалау «өткен тәжірибені пайымдау, оқығаны және қол жеткізгені туралы нақты түсінікті алуға талпына отырып, еске алуға және түсінуге ұмтылыс жасау үдерісі» деп айқындалады (Мунби және басқалар, 1989).

3. Өзін өзі бағалау барысында оқушылар олардың жұмысын бағалау кезінде қолданылатын критерий мен стандарттарды нақты түсініп, осы критерий немесе стандарттарға сай өз жұмыстары туралы пікір қалыптастырулары керек, мұғалімнің берген түсініктемелерін ескеріп, жұмыс барысында анықталған мәселелерді пысықтап отырулары қажет.

4. Өзін өзі бағалау үдерісі нәтиже беру үшін, оқушыларға белгілі бір стандарттарға сәйкес өз жұмыстары жайлы ойлануға мүмкіндік беру маңызды. («Белгілі бір» стандарттар деп жалпыға ортақ оқу бағдарламасын алуға болады немесе оларды сыныпта өздеріңіз жасай аласыздар). Оқушылар өз қателері мен қиындықтарын мойындаулары керек, алайда бұл кезде оқушы өзіне деген сенімін жоғалтпас үшін, мұғалім тарапынан жеткілікті дәрежеде қолдау көрсетілуі тиіс. Қателермен жұмыс жүргізу үшін уақыт бөліп, оқушыларға соңғы шешім қабылдағанға дейін түрлі шешімдердің арасынан таңдау жасау әдеттегі құбылыс екенін жеткізу керек.

5. Мұғалім бағалауынан өзін өзі бағалауға көшу айтарлықтай қиындық тудыратын қадам және сыныптастарды бағалау бұл үдерісті жеңілдетуге көмектеседі. Сыныптастарын бағалау маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік беріп, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуіне сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге үдеріске араласудан шектеліп, жай ғана бақылауға мүмкіндік береді (Блэк және басқалар, 2003).

6. Оқытудың жаңа стратегиялары басқалардың жұмыстарын мұқият зерделеу арқылы әзірленуі мүмкін, себебі бұл оқушыларға өздерінің мүмкіндіктері туралы толығырақ ақпарат береді. Өзгелердің жұмыстарын зерделеу оқушыларға бір тапсырманы шешудің түрлі жолдарын көрсетеді және өздерінің мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

7. Басқалар диалог барысында өзінің мықты және осал жақтары туралы айта отырып, оқушылар өзінің мақсаттары мен күтетін нәтижелерін дұрыс анықтай алады. Бұл жаңа және айтарлықтай ұтымды стратегияларды меңгеруге ықпал етуі мүмкін.

8. Драхмэн мен Суэтстің (1988) айтуынша, кері байланыс пен құрдастарының ескертулері тұрақты нәтижелерге қол жеткізуде мұғалімнің сынына қарағанда тиімді болуы ықтимал. Алайда оқыту үдерісі оқушылардың тапсырманы орындаудың бастапқы кезеңінде өзінің



білімі мен дағдылары және тапсырма аяқталғаннан кейін нені білетіндігі туралы нақты білген жағдайда ғана тиімді болады. (QCA, 2001).

9. Өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалау оқушыларға ойлайтын және оқитын тұлға ретінде өзінің білімін, ағымдағы тапсырмаларды түсінуге, оқыту үдерісін жақсартудың жолдарын сезінуге мүмкіндік бере отырып, оқыту үдерісінде жетістікке жетуге мүмкіндік береді. Ол өзін өзі сыйлау сезімін, оқу үшін өзінің ынталануы мен жеке жауапкершілігін арттыруға үлес қосады.

10. Ұтымды өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалау оқытуды бағалауға бағытталған үш өзге де маңызды үдерістерді қамтиды (1, 2 және 3-семинарларды қараңыз):  
жауап алу арқылы сыныпта сөйлеу дағдыларын дамыту;  
кері байланыс ұсыну;  
табыс критерийлерін айту.

### ***Пайдаланылған әдебиет***

Assessment Reform Group (1999) Assessment for Learning: beyond the black box [Оқу үшін бағалау: қара жәшіктің сыртында]. Cambridge, University of Cambridge School of Education.

Black, P., Harrison, C., Lee, C., Marshall, B. and Wiliam, D. (2003) Assessment for Learning: putting it into practice [Оқу үшін бағалау: тәжірибеде жүзеге асыру]. Maidenhead, Open University Press.

Druckman, D. and Swets, J. (1988). Enhancing Human Performance [Адами қажеттіліктерді дамыту]. Washington, DC, National Academy Press.

Munby, S. et al., (1989) Assessing and Recording Achievement [Бағалау және жетістіктерді жазу]. Oxford, Blackwell.

QCA (2001) Using Assessment to Raise Achievement in Mathematics: Key Stages 1, 2 and 3 [Математикадан оқу үлгерімін жақсартуда бағалауды пайдалану: 1, 2 және 3-деңгей]. London, QCA.

### **1-тапсырма: Сендер не істейсіңдер?** (орындауға шамамен 30 минут беріледі)

Әріптестермен бірлесіп жұмыс істей отырып, өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалауға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді анықтаңыздар. Олар өзін өзі бағалау мен сыныптастарын өзара бағалаудың артықшылықтары туралы айтылған талаптарға қатысты қаншалықты тиімді?

Бір мысалды негізге ала отырып, оның:

- 1 оқушыларға тапсырмалардың мақсаттарын түсінуге көмек көрсетуде;
- 2 оқушыларға қандай критерийлер бойынша бағаланатындықтарын түсінуге көмек көрсетуде;
- 3 оларды бағалау критерийлерін қалыптастыру үдерісіне тартуда;
- 4 оларды таңдап алынған критерийлерге сәйкес жұмысты ойластыру және жетілдіруге арналған жолдарын анықтау үдерісіне тартуда;
- 5 өз білімінің кейбір аспектілерін бақылауға мүмкіндік беруде;
- 6 оларға осы, өткен және келер шақпен байланыстыра отырып, оқуға үздіксіз үдеріс ретінде қарауын қалыптастыруға көмек көрсетуде;
- 7 ынталандыруды арттырып, өзінің тұлға ретіндегі бағасын қалыптастыруда қолдау көрсетілуін қамтамасыз етуде *қаншалықты мүмкіндік беретіндігі туралы ойланыңыз.*

### **2-тапсырма: Оқыту үдерісінде өзін өзі бағалау қалай көрініс береді?** (орындауға шамамен 20 минут, оның 10 минуты бүкіл топпен талқылауға беріледі)

Екі-төрт адамнан тұратын топтарда өзін өзі бағалау стратегияларының ұсынылған тізімін қарастырыңыз (Тапсырма материалдарын қараңыз) және олардың біреуін немесе бірнешеуін

қаншалықты белсенді қолдана алатындығыңызды анықтаңыз. Ол үшін сізге:

(а) сіз оларды өз тәжірибеңізге енгізуді бастағаныңызға;

(ә) сіз мектептегі тәжірибе кезінде оларды оқушылармен жұмыс жүргізу барысында ұдайы қолданатыныңызға *көз жеткізу қажет*.

### **3-тапсырма: Іс-әрекет** (орындауға шамамен 5 минут беріледі)

Семинар кезінде өзіңіздің ой-пікірлеріңіз туралы бірнеше ескертпе жасап алыңыз.

Оқыту үдерісінде өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалаудың қандай стратегиясын қолданатын боласыз? (Бір немесе бірнеше тәсілді таңдап алып, мезгіл-мезгіл оларды пайдаланып отырған маңызды).

Ол әріптестеріңіздің істерімен үйлесе ме?

Оқушыларды тиімді өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалау үдерісіне дайындау үшін не істеу қажет?

**Қосымша тапсырма:** оқыту үдерісінде өзін өзі бағалаудың және сыныптастарын бағалаудың рөлін түсіну.

Бұл тапсырманы орындау үшін сізге өз сабағыңызда немесе әріптесіңіздің сабағында (оның келісімі бойынша) өзін өзі бағалауды тәжірибеде қолдануды бейнефильмге түсіріп алу қажет. Бейнефильмді көруге 5-10 минут беріңіз, келесі 10 минутты жұп арқылы сұрақтарды талқылауға және соңғы 5 минутты топта талқылауға бөліңіз.

Бейнефильмнен үзінді көріңіз, сосын жұптасып келесі сұрақтарға жауап беруге дайындалыңыз:

- 1 Оқушылар критерийлерді қаншалықты пайдаланады?
- 2 Сын жұмсалған күш-жігерге бағытталған ба, әлде орындалу сапасына ма?
- 3 Болмашы мәселелерге қаншалықты назар аударылды (мысалы, жоспар, ұқыптылық)?
- 4 Жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар бар ма?
- 5 Оқушылардың тәуекелге баруға дайын екендігін неден көруге болады?

### **Тапсырма материалдары**

#### **Өзін өзі бағалау және сыныптастарын бағалау стратегиялары**

##### **ОҚУШЫЛАРДЫ БАҒА ҚОЮҒА ТАРТУ**

Оқушылар оқытудың нақты критерийлеріне және мақсаттарына сәйкес өзіне де, сондай-ақ сыныптастарына да баға қоя алады. Бұл критерийлерді сабақ барысында жаттығу ретінде беруге болады; бұл жаттығу мұғалімнің оқушылардан не күтетінін айқындап, оқушыларды өздерінің жұмыстарының осы үмітке сәйкестігі туралы ойлануға итермелейді. Сыныптастары бағалайтын оқушының жұмысын жақсартудың амалдарын одан әрі дамытуға арналған бағыттарды анықтау тапсырманың мақсаты болып табылады.

##### **ТОПТАРДА БАҒА ҚОЮ**

Өзін өзі бағалаудың орнына кей жағдайларда топтарда баға қоюды қолдануға болады. Жақын арада аяқталған жұмыстарға ерекше назар аударып, топтың мүшелері бір-біріне белгілі бір критерийлерге сәйкес жұмысты бағалауға көмектесулері, сондай-ақ жетілдіруге арналған тәсілдерді ұсынуға тиісті.

##### **АҢДАТПАЛЫ МЫСАЛДАРҒА ҚАТЫСТЫ БАҒА ҚОЮ**

Баға қоюдағы тағы бір пайдалы стратегия топтарда өзара әрекет ету үшін және олардың жұмыстарының «мінсіз шешім» талаптарына сәйкестік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Бірнеше мінсіз шешімдердің болуы мүмкін екенін ескергенмен, топпен талқылау оқушыға оның жауабының критерийлерге сәйкестігін және олардың нені жақсартуға алатындығын ұғынуға көмек көрсетуге бағытталуы керек.

## ЖЕКЕ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ

Оларды бағдарламаның кейбір элементтеріне арнап әзірлеп, оқушылардан жұмыстарының белгілі бір критерийлерге қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы ойлануды сұрауға болады. Осы тұрғыдан алғанда олар нәтижені жетілдіру үшін оқушыларға не істеу керектігін көрсетуі қажет.

## БАҒДАРШАМ

Бұл стратегия тиімді деп танылды, ол оқушыларды белгілі бір тапсырманы немесе жаттығуды орындау барысында оқыту үдерісі туралы ойлануға итермелейді. Егер олар осы жұмыстың материалын түсінетіндіктерін ұғынса, онда олар жасыл индикаторды (фломастер, түрлі-түсті қарындаш/бор, карточка немесе стикер) пайдаланады. Егер олар білімдеріне сенімсіздеу болса, онда сары түсті пайдаланады. Ал мүлдем күмәнданатын болса, онда қызыл индикаторды пайдаланады. Бұл стратегияның идеясы – «бағдаршамның» түстері арқылы оқушының өз біліміне қатысты сенімділігін көрсету. Ол оқушылардың жұмысын бағалаудың кезекті жүйесі емес. Бұл – болмашы болса да, өте маңызды айырмашылық. Тұжырым қалыптастырылғаннан кейін оқушылар қызыл/сары түстерден жасыл түске ауысуы үшін не істеу қажет екендігін ойланғаны маңызды. Жасыл индикатор көрсеткен оқушылар сары түсті пайдаланғандарға көмектесулеріне, сондай-ақ мұғалім ретінде қызыл түсті пайдаланған оқушылармен жұмыс жүргізуіне болады. «Бағдаршамға» балама ретінде смайлдардың үш нұсқасын немесе стикерлерді қолдана аласыз.

## СОҢҒЫ БЕС МИНУТ

Сабақтың басында мұғалім мақсатын түсінікті етіп жеткізеді және аяқталар алдында соңғы бес минут ішінде бір оқушы сабақта не үйренгені туралы айтады. Қалған оқушылар оған сұрақ қояды.

## МАТЕРИАЛДЫ ТҮСІНУДІ ЖАҚСARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

Сабақтың соңында немесе жұмыстың белгілі бір бөлігінде оқушыларға белгіленген критерийлердің шегінде түсінулерін бағалау барысында пайда болатын сұрақтарын қоюларына болады. Бұл стратегияны жоғарыда көрсетілген стратегияларды ескере отырып, сыныптастарының үй тапсырмаларын бағалау кезінде қолдана бастауға болады.

## АЛДЫНДА ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСПЕН САЛЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ӨЗІН ӨЗІ ЖЕТІЛДІРУДІ ТЕКСЕРУ

Өткен материалды қайталау түрінде бір тақырып немесе тапсырма сабақта бірнеше рет көтерілуі мүмкін, ол оқушыларға олардың ойлау үдерісінің қаншалықты күрделі және қиын екендігін бағалауға мүмкіндік береді. Өткен тақырыптарға және тапсырмаларға қайта оралу, сондай-ақ қазіргі жауаптарды өткен жолы берілген жауаптармен салыстыру арқылы оқушылар өзінің ойлау қабілетінің қаншалықты артқанын және ойлаудың жаңа нысандарын дамытуын бағалауға мүмкіндік береді.

## АЛДЫҢҒЫ ЖҰМЫСТАР ПОРТФОЛИОСЫ

Оқушылар барлық сыныптың портфолиосын немесе қол жеткізілген нәтижелерді көрсететін жекелеген пәнге арналған портфолио жинай алады. Оны жоғарыда келтірілген стратегиялардың мысалдарын пайдалана отырып, әрдайым жаңартуға болады.

## ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

Оқытудың белгілі бір бөлімінде сыныпқа бірдеңенің таныстырылымын жасау ағымдағы үдерісті және тақырыптың түсінілгендігін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда өзін өзі бағалау үдерісі таныстырылымға нені қосу және оны қалай ұсыну керектігі жөнінде шешім қабылдау кезеңінде басталады. Мұғалім мен сыныптастардың ескертулері мен ұсыныстары сыныптастарды бағалау үдерісін дамытуға ықпал етеді.

## ТОПТЫҚ ТАНЫСТЫРЫЛЫМНЫҢ БЕЙНЕЖАЗБАСЫ

Бұл оқушыларға өз білімдерін өзінің пайымдаулары мен сыныптастар арасында талқылау арқылы ойластыруға және бағалауға мүмкіндік береді.

### ЖОСПАРЛАУ, ІСТЕУ, ТЕКСЕРУ

Бұл үдеріс кішкентай балаларға арналған ауқымды жоба аясында әзірленді. Әр тапсырманың басында мұғалім сабақтың мақсатын анықтау үшін балалармен жұмыс жүргізеді. Балалар тапсырмаға кіріседі және одан кейін сабақтың соңында мұғалім өткен материалға шолу жасау үшін уақыт бөледі. Уақыт өте, бұл міндет оқушылардың өздеріне жүктелуі мүмкін.

### ЕГЕР МАТЕРИАЛДЫ ТҮСІНБЕСЕҢІЗ НЕ «ТҰЙЫҚҚА ТІРЕЛСЕҢІЗ», БҰЛ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЕМЕС

Оқушылар тапсырманы қиын деп тапқан жағдайда мұғалімнің бұл жағдайдан қалай шығатындығы өзін өзі бағалау дағдыларын дамытудың маңызды элементі болып табылады. Мұғалімнің айтқаны мұндай оқиғаларға жағымды көзқарас қалыптасуына ықпал етеді және жаңа білімді меңгеру үдерісінде бұндайдың болып тұратындығын түсінуге көмектеседі. Оны оқушыларға қалай жеткізетіндігіңізді ойластырыңыз. Оның үстіне, мұғалімдер өткен материалды ой елегінен өткізуге арналған ортақ сызбаны енгізу өз-өзіне деген сенімін дамытуға көмектесіп, жетілдіруді қажет етпейтін және қажет ететін тармақтарды анықтауға ықпал етеді. Төменде келтірілген сұрақтарды пайдалануға болады (екі сұрақ қоюға болады). Әдетте, оларды осы сабақтың нақты мақсатымен байланыстырған дұрыс.

- 1 Сіз өзіңіз үшін жаңа не білдіңіз?
- 2 Сізге бәрінен бұрын не ұнады?
- 3 Сіз үшін не жеңіл болды?
- 4 Сіз үшін не ауыртпалық тудырды?
- 5 Сіздің қиындықтарыңызды шешуге не көмектесті?
- 6 Сіз бұрын істей алмайтынды қазір істей аласыз ба?
- 7 Сізге қай жерде көмек қажет болды?
- 8 Бұл тапсырманы басқа топ үшін қалай өзгертер едіңіз?
- 9 Сіздің қандай да бір сұрағыңыз бар ма?

## ӨЗАРА БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ

Оқушылар өзінің жеке жұмысына немесе бір-бірінің жұмысына жай ғана баға қойғаннан гөрі, өзара бағалаудың (және өзін өзі бағалаудың) маңызы зор. Ондағы мақсат - оқушыларға өз жұмыстарының сапасын көтеруге қызықтыру және оларға оны жақсартудың мүмкіндіктерін талдауға көмектесу. Нәтижесінде, бұл мұғалімнің жұмысын жеңілдетпек, себебі оқушылар оқыту үдерісі үшін тек мұғалім ғана жауапты емес екендігін түсінеді.

Өзара бағалау оқушыларға бір-бірімен өзара оқуға және бір-бірін өзара қолдайтындай, қажетті кері байланысты орнатуға көмектеседі, ол оқушыларға сөйлесу, талқылау, түсіндіру және бір-бірін сыни бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Тиімді жасалған өзара бағалау алдағы уақытта оқу кезеңінде оқушылардың одан әрі алға ұмтылуға деген жауапкершіліктерін дамытуға көмектеседі.

Жұмысқа баға қоюмен ғана шектеліп қалмайтын оқушыларды өзін өзі бағалауға немесе өзара бағалауға ынталандырудың көптеген тәсілдері бар. Өзін өзі бағалау стратегияларының жалпы сипаты – белгілі бір критерийлердің болуында. Бұл – орындалған жұмысқа қатысты сабақтың табыс критерийлерін қолдану түрінде болуы мүмкін немесе таныстырылым кезінде оқушылар бір-біріне іске қатысты сұрақ қоя алады. Оқушылар өздерінің сұрақтарын әзірлеп, оларға берілген жауаптарды бағалау барысында бағалаудың нақты критерийлерін негіз ретінде пайдалана алады. Зерттеулер өзін өзі бағалау және өзара бағалау нақты критерийлерді қажет ететіндігін көрсетеді. Олар:

- не тексерілуге тиіс екенін түсіну;
- оқушыларға өзінің жұмыстарын қайта қарауға мүмкіндік беру;
- оқушыларға өздерінің жеке мақсаттарын анықтауға және өз жұмыстарын жақсарту үшін не істеу керектігін анықтауға көмектесу үшін керек.

Өзара бағалауды қолдану ол мұғалім журналға баға қоймайды деген сөз емес, әрине; мұғалім оқушылар орындайтын жұмысты қарап, оған түсініктеме беріп отырады. Бірақ кей жағдайларда оқушылар өзара бағалауды мұғалім жұмысты тексергенге дейін өткізе алады, ал кейбір жағдайларда өзара бағалауды мұғалімнің баға қоюының орнына қолдануға болады. Мақсат мұғалімнің орнын алмастыруда емес, оқушыларға жақсы нәтижелерге қалай қол жеткізуге болатынын түсінуге көмектесуде екенін есте сақтаңыздар.

Мысалы:

Математика сабағында оқушылар пластиктен жасалған жыландардың ұзындығын өлшеудегі табыс критерийлері мынадай болады:

Оқушы...

- сызғышта нөлдік белгінің қай жерде болатындығын және бөлініс мәні қандай екендігін анықтай алады;
- объектіге дұрыс қою үшін, сызғыштағы интервалдарды қолдана алады;
- сызғыштағы шәкілге сүйене отырып, объектінің ұзындығын анықтай алады;
- объектіні өлшеу тәсілдеріне қарамастан, ұзындықтың өзгермейтіндігін түсіне алады.

Оқушылар төмендегілердің көмегімен өзара бағалауды немесе өзін өзі бағалауды жүргізу мүмкін:

- әр жыланды өлшегенде бірдей нәтиже алғанын, не алмағанын және сол нәтижелері мұғалім ұсынған жауаптарға сәйкес келгенін, не келмегенін талқылау;
- бір-біріне өлшеу кезінде сызғышты қалай қойғандарын және бөлініс мәнін қалай анықтағандарын немесе қалай өлшегендерін көрсету;
- жыланды өлшеуді басынан немесе құйрығынан бастаған маңызды ма, жоқ па екендігі туралы талқылау.

Тіл үйрену сабағында оқушылар желені дайындауға арналған нұсқаулық жазу кезіндегі табыс критерийлері мыналар:

Оқушы...

- бұйрық райды қолдана алады (мысалы, «желені қалтадан алыңыз»)
- әрекетті дұрыс тәртіпте қолдана алады;
- тізім жасау кезінде таңбалауды қолдана алады, мысалы, тізімнің құрылымын жақсарту үшін сандарды «біріншіден, екіншіден және т.б.».

Оқушылар осы параметрлерді пайдаланып, нұсқаулық бойынша жұмыс істеудің қаншалықты жеңіл болғандығын бағалай отырып, желе дайындауға арналған нұсқаулыққа өзара баға немесе өзіне-өзі баға бере алады:

- нұсқаулық жеткілікті дәрежеде анық болды ма?
- ондағы әрекеттер дұрыс тәртіпте орналастырылған ба?
- желе дәмді болды ма – бұл нұсқаулықтың дұрыстығын білдіреді?

Мұғалімдер оқушылардың табыс критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендігін білу үшін, оқушыларға төменде көрсетілген сияқты сұрақтарға жауап жазатын бланкі бере алады.

Өлшеу бойынша сабақтарда мұғалім оқушылардың талқысын тыңдап, оқушылардың табыс критерийлеріне қаншалықты жақсы жеткендігі бойынша мәліметтерді өзі жазып алуына болады. Бірақ мұғалімнің оқу үдерісінің барысы туралы ақпаратты жай ғана айтып қойғанынан, оқушыларды олардың жеке бағалауына немесе олардың құрдастарын бағалауға қатыстыру оқушыларды білімге ұмтылдырады, көп нәтиже береді, сонымен қатар мұғалімнің оқушыларды білім алуға тартып, олардың өз білімдері үшін өздерінің жауапты болуын ынталандыруы – маңызды мәселе.

Оқушы белгілі бір табыс критерийлеріне сәйкес өзін және басқаларды бағалауға үйренуі керек; бұл істе мұғалімдер оларға қолдау көрсетіп отыруы қажет. Оқушы есейген сайын, бұл оған жеңіл тиетін болады.

Төменде ұсынылған өзін өзі бағалау жөніндегі бланкі үлгісін шет тілдер тақырыбы бойынша пайдалануға болады:

Аты .....

Сыныбы .....

Тақырыптың аты.....мысалы: Мекенжайды сипаттау

**Тыңдалым және айтылым:**

Мен, өзімнің үйім және қай жерде тұратындығым туралы сұрақтарға жауап беріп, сипаттай аламын. Мен мына мәліметтерді түсіне аламын:

- |   |  |                          |
|---|--|--------------------------|
| 1 | менің үйім/пәтерім                         |                          |
|   | - өлшемі                                   | <input type="checkbox"/> |
|   | - бөлме саны                               | <input type="checkbox"/> |
|   | - бөлмеде не бар                           | <input type="checkbox"/> |
| 2 | менімен кім тұрады; отбасы, үй жануарлары  | <input type="checkbox"/> |
| 3 | үй/пәтер қайда орналасқан (қалада, кентте) | <input type="checkbox"/> |
| 4 | облыс                                      | <input type="checkbox"/> |

**Оқылым**

Мен осы ақпарат түрін қамтитын кітапшаның, жарнаманың, хабарландырудың, хаттардың мәтінін түсіне аламын

**Жазылым**

Мен өз үйім туралы және қайда тұратыным туралы жаза аламын

Мен сөз тіркестерін дұрыс көшіре аламын

Мен сөз тіркестерін ойымнан жаза аламын

Мен үлгі-хатты қолдана аламын және өз жағдайыма қарай ақпаратты өзгерте аламын

**Әлі нені дамыту қажет?:**

Тыңдалым және айтылым.....

Оқылым.....

Жазылым.....

**Оқушы түсініктемесі**

Маған не ұнады? Не қиын болып көрінді?

.....

**Мұғалімнің/басқа оқушының түсініктемесі**

.....

Оқушыларды үдеріске тартқандықтан, әрі оларға өзінің білім алуы үшін жауапкершілікті арттыратындықтан, «нені әлі де дамыту қажет?» деген сұрақ өте маңызды.

## 2-СЕМИНАР: ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС

### *Мақсаты*

Бұл семинар аяқталған соң мұғалімдер:

- тиімді кері байланыс оқушыларға өз күші мен осал жерлерін, осыладың өз оқуын жақсартуға қаншалықты көмек беретінін түсінеді;
- оқушылармен жұмыс істегенде олардың оқуын жақсартатындай тиімді кері байланыс құра алатын жағдайда болады;
- кері байланыстың тиімді әдістерін жүзеге асыруды жоспарлай алатын болады.

### **Зерттеулерден алынған деректер**

1. Кері байланыс ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Қай нысан жақсырақ екені туралы ешқандай нақты дәлел жоқ; бұл мәнмәтінге байланысты.
2. Құзырлы мұғалімдер құзыреттілігі төмендеу мұғалімдерге қарағанда мақтауды сирек қолданады.
3. Мақтау жалпылама түрде емес, нақты болып, мақтауға тұратын оқушыны нақты сипаттауға тиіс.
4. Кері байланыс адамға емес (адамды қамтитын), тапсырмаға негізделген (тапсырманы қамтитын) болса, анағұрлым тиімді болады.
5. Бағаның, белгі, құстұмсық белгісінің және т.б. кейінгі жұмысқа ықпалы шамалы.
6. Оқушының тәртібі мен сыртқы бейнесіне кері байланысты жиі ұсыну (мысалы, ұқыптылық) кері байланыстың ойлау үдерісінің сапасына берілген баға ретіндегі мәнін төмендетеді.
7. Жүйелі түсіндірмелер оқушыларға қалай дамуы қажет екенін түсінуге көмектеседі.
8. Жақсарту саласын анықтап, дамуға арналған стратегияларды айтып отыру, толық шешім ұсынғанға қарағанда (мысалы, мұғалімдердің жұмысты түзетуі), анағұрлым тиімді болмақ, себебі оқушылар өз бетімен ойланады.
9. Оқушылардың өз жұмысын дамытудың ең бастапқы сатысында жақсыға қарай өзгеруге мүмкіндік берілуі тиіс.
10. Бүкіл сыныпты қамтитын жалпы кері байланысты ұсыну маңызды болған жағдайда бүкіл сыныптың көзінше дербес кері байланыс ұсыну қауіпсіз емес.
11. Қателер бұдан әрі оқу үшін маңызды мүмкіндік ретінде қарастырылуы мүмкін.
12. Егер оқушылардың білім алу үшін жұмсаған күш-жігерлері атап өтілсе, олар өз оқуларын жақсарта алатындығына сенетін болады. Олар табыс туа біткен қабілеттілікке байланысты деп ойлайтын болса, жеңіле салуы мүмкін.

### ***Пайдаланылған әдебиет***

- Bangert-Drowns, R.L., *et al.* (1991) The instructional effect of feedback in test-like events [Кері байланыстың оқытудағы ықпалы], *Review of Educational Research*, 85, 213-238.
- Butler, R. [1987) Task-involving and ego-involving properties of evaluation: effects of different feedback conditions on motivational perceptions, interest and performance [Бағалаудың тапсырма мен оқушының өзіндік пікірін қамтитын түрлері: оқушыларды ынталандыру, қызығушылығын арттыруда және қажеттіліктеріне түрлі кері байланыс берудің әсері], *Journal of Educational Psychology*, 79, 474—482.
- Dwenk, C. (1986) Motivational processes affecting learning [Оқуға ықпал ететін ынталандыру үдерістері], *American Psychologist*, 41, 1,040-1,048.
- Kluger, A. and DeNisi, A. (1996) The effects of feedback interventions on performance: a historical review, a meta-analysis and a preliminary feedback intervention theory [Өнімділікке бағытталған кері байланыс әсері: тарихи шолу, метаталдау және кері байланыс ықпалының бастапқы теориясы], *Psychological Bulletin*, 119, 254-284.



Tunstall, P. and Gipps, C. (199fi) Teacher feedback to young children in formative assessment: a typology [Қалыптастырушы бағалау кезінде кішкентай балаларға ұсынатын мұғалімдер кері байланысы: жіктеу], British Educational Research Journal, 22, 389-404.

### **Семинар тапсырмалары**

Бұл семинар ол басталар алдында орындауға арналған тапсырмалардан, семинар кезінде орындалатын үш тапсырмадан және семинардан кейін орындауға арналған тапсырмадан тұрады.

#### **1-тапсырма: баға қою әдістемесін зерттеу**

1. Бір жыл ішіндегі бірқатар пәндер бойынша бір оқушының жұмысы жөніндегі түсініктемелер тізіміне қараңыз (төмендегі Тапсырма материалын қараңыз).
2. Өріптеспен бірге өз әсерлеріңіздің тізімін жасаңыз. Оқушы жетістіктері мен кемшіліктерін түсінетінін және ол оқу үдерісін жақсарту үшін не істеу керек екенін талқылаңыз.

#### **2-тапсырма: Тәжірибелік сабақтарды дамыту (шамамен 25 минуттай)**

1. Төрт немесе одан да аз адамнан тұратын топтарда бағаланбаған жұмыстарды тексеріңіз, мына мәселелерді талқылаңыз:
  - Неге түсініктеме берген дұрыс?
  - Неге түсініктеме беру қажет емес?
  - Жұмыстың мықты жақтары қандай?
  - Әлсіз жақтары қандай? Олар маңызды ма?
  - Жұмыстағы кемшіліктердің себебі қандай? Мұны сіз қалай түсінесіз?
  - Жұмысты қалай жақсартуға болады?
2. Жеке тапсырма:
  - Оқушының жұмысына жазбаша түсініктеме (немесе оған не айтатыныңызды) ойластырыңыз.

#### **3-тапсырма: Іс-қимыл жоспарын құру және қағидаттарды қалыптастыру (шамамен 15 минут)**

Бүкіл топ:

- өздерінің 2-тапсырманы талқылауларына сүйене отырып, баға қоюға арналған бірқатар қағидаттар мен әдістерді қалыптастырыңыздар.
- мақсат пен кестенің жүзеге қалай асатынын жоспарлаңыздар.
- жоспарланып отырған өзгерістер туралы оқушыларға, ата-аналарға, инспекторларға қалай хабарлау қажет екенін қарастырыңыздар.

#### **Қосымша тапсырма: іс-қимылды енгізу және шолу**

- тоқсанның келесі жартысында енгізіңіз;
- Сіздің тобыңыздың басқа да қатысушыларымен кеңес жүргізгеннен кейін, алынған түсініктемелерді қарастырып, кателерді түзетіңіз.

#### **Тапсырма материалдары**

Баға қою әдістемесі: 7-сынып оқушылары жұмыстарының үлгілері, транскрипция, 2003/4

А ПӘНІ

- Өте жақсы жұмыс, баға А1
- Жақсы
- Жақсы ұйымдастырылған
- Өте керемет, баға А1
- А1

Жақсы талпыныс, А1

Баға А1

Барлығы емес

Өте жақсы жұмыс

Баға А1

Баға А1, Өте жақсы идея

Түсі?

Егжей-тегжейлі қарастырылған, баға А1

Сіз анық түсінетініңізді көрсеткеніңіз өте жақсы

Осы бетіңізден таймаңыз

Өте жақсы

Тамаша жұмыс, өте жақсы жарнамалық хабарландырулар, сыналды

Өте жақсы таныстырылым

## В ПӘНІ

3 түзету (түзетілді), жақсы жазылған хат

Жиектегі түсініктемелер: Етістіктің шақтарын байқау керек – 3 түзету (түзетілген), құстұмсық белгісі және “?”

Көптеген жақсы суреттер берілген, өте жақсы жұмыс – жазу ережесін дұрыс қолдан

Өте жақсы карта – жақсы ұсынылған. Жақсы жұмыс

Жиектегі түсініктемелер – секциялар жақшаға алынған - 'не?' түзетілгені 2 (мәтінде түзетілген) - толықтырулар

'және', 'туралы' және 'сонда' сөздері сызылған;

• Жалпы жақсы жазылған, бірақ мәніне жету үшін көп уақыт қажет. Кейбір сәттер естен жаңылдырады

[мұғалімнің уақытша орынбасарына ауысу]

• Бұл жақсы суреттер және сен дәйексөздерді ұмытпапсың, өте жақсы

• 10/10, 8/8, 10/10

« Уау!

• Ғажап (мөрі)

• Ғажап (мөрі)

## С ПӘНІ

• Өте жақсы, А1

• Жақсы

• Жақсы

• Қателердің жанында жақсы жауап жазылған

• Жақсы

• Жақсы жұмыс Н!

• Тек мүмкін емес/мүмкін/дәл дегенді қолданыңыз – (аталған терминдердің қолданылуы түзетілген - А1 ынтасы өте жақсы, бір баға

• Өте жақсы тырысқансың, А1

• Өте жақсы + түзетілген қателер

• Өте үздік, жақсы

• Өте жақсы

## Д ПӘНІ

Бензин бітті (түзету)

А2

А2 жақсы, анық жауаптар, өте жақсы

Жақсы тырысқансың, бірақ біршама шатасып кеткен жауап В2

Жиектегі белгі – өте мықты жұмыс

10/10 + смайлик

Жиектегі белгі – бас әріп, бір сөз; түзетілгендері 2; Жақсы В2

Диаграммалар жақсы қолданылған

А3 А жақсы талпыныс А2 – егер түсініксіз болса, маған кел

А1 Өте жақсы баға

A2 жақсы сәттері бар  
Мынаны толтыр (меңзермен көрсетілген)  
Бұл меңзерлердің бағыты компастың бағытымен сәйкес келуі тиіс  
Жақсы қадағалаулар  
Жақсы. Сондықтан бұл электр магниті туралы айтады - өзекті магнитпен салыстыр B2  
C3 Жұмыстың жасалуы жаман емес, бірақ тұрақтылық болуы керек. Мен A1 бағасын алуға  
шамаң бар деп ойлаймын. Мақсаты – тәжірибеге гипотеза мен пікірлерді енгізу қажет

#### E ПӘНІ

A1 Ашық! Толық сөйлемдермен жауап бер  
A1 Жақсы күш салғансың  
A1 Жақсы  
Мына сандарды боя  
A1 Жақсы тырысқансың  
Аталған санды белгіле  
Жақсы  
Жақсы күш салғансың  
A1, Жақсы күш салғансың

Сөйлемді «өйткені» деп бастама

#### F ПӘНІ

A1 Muy Bien  
A2 Sp x 1 түзетілді, жаттап ал (төңкерілген сұрау белгісі)  
A2 Buen esfuerzo  
Buen trabajo - (стикер)  
A2 Bien  
A1 Bien (оқу мүмкін емес), Sp x 1 түзетілді 20 = veinte  
A1 Bravo  
B3 No has terminado - аяқталмаған  
A4 Mira las correcciones  
A2 Estupendo  
A1 Bien hecho  
B2 Muy Bien un/una  
B2 Aprende - Dinamarca, Gran Bretana  
Sp x 4  
B2 Presentacion por favor  
A1 Bien merito  
A2 Ұсақ бөлшектерді назардан қалдырма, мысалы, екпін  
A1 Bien esfuerzo. Әйел тегі анықтауыштарын қалай қолданғаныңды қадағала  
1 қате, Muy bien  
! Muy Bien!  
B3  
A1 Excelente  
A1 Muy Bien

#### G ПӘНІ

B3 H, аталған тізімді тағы бір қарап шық, кейбір тармақтары фактор емес, пікір болып  
табылады  
Толымсыз сөйлем  
B2/3 Қызықты ақпарат бар  
Жиіктегі ескертпе – жақсы. Түзетілгені x 1 + Гр x 1 екеуі де түзетілген. A1 өте жақсы баға H!  
A2  
A2

## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕРДІ ТИІМДІ ҰСЫНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ҚАДАМДАР

- **Бірінші қадам:** Табыс критерийлері туралы айту: табыс критерийлерін оқушылар жақсы игеру үшін олар сынып ішінде әңгіме түрінде талқыланады. Табыс критерийі сәтті орындалған жұмысты мысалға ала отырып (өткен жылдардағы тәжірибені алуға болады) түсіндіріледі.
- **Екінші қадам:** Бастапқы жоспар дайындау: оқушылар бағалаудың алғашқы жоспарын өз дәптерлерінде дайындайды. Оны үйде немесе сыныпта орындауға болады, содан кейін мұғалімге тапсырады.
- **Үшінші қадам:** Жетістікті анықтау: Оқушылардың үш жетістігі анықталады және табыс критерийінің сақталғаны туралы белгі қойылады. Жұмыстың төменгі жағына «смайлик» суреті салынады және үш жетістік бойынша оқушылар жұмысының қорытындысы жасалады.
- **Төртінші қадам:** Алдағы жұмыстарды жақсарту үшін мақсатты анықтау: бұдан әрі, табыс критерийіне толық қол жеткізілмеген жұмыс бөлігінің жанына жұлдызша қойылады. Сондай-ақ, жұмысты әлі де жақсартуды қажет ететін жұмыс бөлігінің төменгі жағына да жұлдызша қойылады.
- **Бесінші қадам:** Берілген түсініктемеге қатысты оқушының ойлануы және жауабы: оқушылардың жұмыстары қайтарылады және оларды бағалаудың соңғы нұсқасы дайындалады. Олардың бағаларында жұмысты жетілдіру жолдарын ұсынуды ескеру қажет.
- **Алтыншы қадам:** Деңгейлерін анықтау және оқушыларға жұмыстарын қайтару: соңғы нұсқаның деңгейі анықталады. Оған түсініктеме жазылмайды. Бұл оқушы өз деңгейін сыныптастарының деңгейімен салыстыра алады деген сөз. Алайда, бұл жылына тек үш рет өткізілетіндіктен, оқу үлгерімі төмен оқушыларға теріс ықпал ету мүмкіндігі шектеулі.

15-KYH





# ҮЙ ЖҰМЫСЫНЫҢ БУКЛЕТІ


## Биология

АТЫ: \_\_\_\_\_ СЫНЫП: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ пайдаланылады

Бұл буклетті сақтаңыз және әр сабаққа  
әкеліп отырыңыз

## Жүрек



appinscience.com-нан бейімделген

## Зерттеу жобасы туралы ақпарат

Барлық қажетті ғылыми сұрақтарды қамтып, өз зерттеуіңіздің табысын қамтамасыз ететініңізге көз жеткізу үшін «Табыс критерийлерін» қолданыңыз.

Веб-сайттардың тізімі зерттеу жүргізуге көмектесу үшін ұсынылған. Егер сіз интернетке қатынай алмасаңыз, бұл туралы мұғалімге хабарлауыңызды өтінеміз.

Әрбір тапсырманы аяқтағаннан кейін, оның күрделілік деңгейін бағалаңыз; оңай, орындарлық немесе күрделі.

Осы буклеттің бас жағында глоссарий бар, сіз жұмысты жеңілдету үшін оны өз зерттеуіңізде алға жылжыған сайын толтырып отыруыңыз керек.

**Мұғалім буклеттің әрбір бөлімімен жұмысты қашан аяқтау қажеттігі жөнінде хабардар етеді.**

### **Осы жобаның оқу нәтижелері:**

Ғылыми деректерге негізделген дәлелдер құру және адамдар мен қоғам үшін толыққанды жасанды жүректердің маңызын талқылау.

### **Жобаның мақсаты:**

Бұл тапсырма Сізге даулы медициналық техниканы пайдалану және пайдалану салдарларын қарастыруға түрткі болу үшін жасалған. Бұл сіздің ағзалар мен жүйелер туралы біліміңіз бен түсінігіңізді іске қосады.

Бұл жоба сіздің ғылыми деректерге негізделген дәлелдемені дамыту және ғылымның жеке адамдар мен қоғамға әсерін қарастыру қабілеттеріңізді жақсартады.





# 1-зерттеу

Жасанды жүректер

Оқыту мақсаттары



## Табыс критерийлері

- ✓ Жасанды жүректерге қажеттіліктің туындауына не әсер еткенін ойланыңыз.
- ✓ Жасанды жүрек қалай жұмыс істейтінін сипаттаңыз немесе түсіндіріңіз.
- ✓ Жасанды жүректерді әзірлеу, дамыту және пайдалану үдерісіндегі ғалымдардың жұмысы қандай екенін түсіндіріңіз.

## Вебсайттар:

<http://science.howstuffworks.com/innovation/everyday-innovations/artificial-heart.htm>

<http://www.fi.edu/learn/heart/healthy/fake.html>

<http://news.bbc.co.uk/1/hi/health/7694663.stm>

<http://inventors.about.com/library/inventors/blartificialheart.htm>

Үй тапсырмасын бағалаңыз:



Оңай



Орындарлық



Күрделі

Егер сізге көп орын қажет болса, басқа А4 парағын пайдаланыңыз және оны осы параққа бекітіңіз.

# 2-зерттеу



## Табыс критерийлері

- ✓ Жасанды жүректерді пайдалануды қолдайтын не қарсы болатын экономикалық, этикалық-моральдық, әлеуметтік немесе мәдени дәлелдерін зерттеңіз.
- ✓ Жасанды жүректі қолданудың емделушіге, оның отбасына, дәрігерлерге, биоинженерия компанияларына және жалпы қоғамға әсерін талқылаңыз.
- ✓ Экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени салдарларды назарға ала отырып, болашақта жасанды жүректерді пайдалану туралы ойластырылған пайымдау құрыңыз.

## Вебсайттар:

<http://archives.cnn.com/2001/HEALTH/07/04/cohen.debrief.otsc/>

<http://www.lotsofessays.com/viewpaper/1682665.html>

[www.thetimes.co.uk/](http://www.thetimes.co.uk/) осы бетке кіріңіз де, іздеуге енгізіңіз: жасанды жүрек

## Үй жұмысын бағалаңыз:



Оңай



Орындарлық



Күрделі

Егер сізге көп орын қажет болса, басқа А4 парағын пайдаланыңыз және оны осы параққа бекітіңіз.

# 3-үй тапсырмасы

**Жасанды жүректер шынымен де трансплантанттар тапшылығы мәселесін шеше ала ма?**

Осы сәтке дейін жиналған ақпаратқа сүйеніп, жасанды жүректерді болашақта пайдалану туралы телевизиялық деректі фильмге арналған сценарий жазыңыз.


## Бағалау критерийлері

Деңгейге жету үшін	Сіз істеуге тиіссіз:	AF2
6	✓ Жасанды жүректі салу туралы шешім экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени мәнмәтіндер негізінде қабылданатындығын сипаттау.	6.1
	✓ Жасанды жүректі трансплантациялаудың жалпы қоғамға және ғылыми қауымдастыққа әсерін түсіндіріңіз.	6.2
	✓ Жасанды жүректерді пайдаланудың басында туындаған кейбір ғылыми сұрақтарды сәйкестендіру.	6.3
	✓ Жасанды жүректі салатын команда пайдаланатын ғылымды сипаттау	6.4
7	✓ Жасанды жүректі жасау қажеттілігіне әсерін сипаттау.	7.1
	✓ Жасанды жұмысшы жүректі жасаудың трансплантация, <b>органдар</b> донорлығы және біздің орган жасау қабілетімізге көзқарасымызды қалай өзгерте алатынын түсіндіріңіз.	7.2
	✓ Жасанды жүректерді пайдалануды қолдау және қарсы болудың экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени дәлелдемелерін талқылаңыз.	7.3
8	✓ Қоғам құндылықтары қымбат жасанды жүректерді жасауға қалай әкелетінін сипаттаңыз.	8.1
	✓ Жасанды жүректердің қоғамға әсерін бағалаңыз.	8.2
	✓ Жасанды жүректерді бірінші орнату кездерінде туындаған андаусыз салдарларды түсіндіріңіз.	8.3
	✓ Экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени салдарларды назарға ала отырып, жасанды жүректерді болашақта пайдалану туралы ойластырылған пайымдауды құру.	8.4

Тапсырманы табысты орындағаныңызға көз жеткізу үшін бағалау критерийлері кестесін пайдаланыңыз, өйткені бұл тармақтар сіздің жұмысыңызды бағалау үшін пайдаланылатын болады.

3-үй тапсырмаларын жеке парақта/парақтарда орындаңыз. Сізге өз сценарийіңізді Word, PowerPoint бағдарламасында теруге немесе бейне таныстырылым жасауға болады.

# Мұғалім түсіндірмелері



# Өзін-өзі бағалау

Денгей	Сіз істеуге тиіссіз:	Табысты орындалған жағдайда, құстұмсық белгісімен белгілеңіз	Әрбір бөлімді жақсарту қажеттігіне қатысты түсіндірмелер (егер қолданылатын болса):
6	✓ Жасанды жүректерді салу туралы шешім экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени мәнмәтіндер негізінде қабылданатындығын сипаттаңыз		
	✓ Жасанды жүрек трансплантациясының жалпы қоғамға және ғылыми қауымдастыққа әсерін түсіндіріңіз.		
	✓ Жасанды жүректі пайдаланудың басында туындаған кейбір ғылыми сұрақтарды сәйкестендіру.		
	✓ Жасанды жүректі салатын команда пайдаланатын ғылымды сипаттау.		
7	✓ Жасанды жүректі жасауға қажеттілікке әсерді анықтау.		
	✓ Жасанды жүректі жасау трансплантация, органдар донорлығы және органдарды жасау қабілетімізге көзқарасымызды қалай өзгерте алатынын түсіндіріңіз.		
	✓ Жасанды жүректерді пайдалануды қолдау және қарсы болудың экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени дәлелдемелерін талқылау.		
8	✓ Қоғам құндылықтары қымбат жасанды жүректерге қалай әкелетінін сипаттау.		
	✓ Жасанды жүректердің қоғамға әсерін бағалау.		



	<p>✓ Жасанды жүректерді бірінші орнату кезінде туындаған аңдаусыз салдарларды түсіндіріңіз.</p>		
	<p>✓ Экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени салдарларды назарға ала отырып, жасанды жүректерді болашақта пайдалану туралы ойластырылған пайымдауды құрыңыз.</p>		

## Сыныптастарды өзара бағалау

Деңгей	Сіз істеуге тиіссіз:	Табысты орындалған жағдайда, құстұмсық белгісімен белгілеңіз	Әрбір бөлімді жақсарту қажеттігіне қатысты түсіндірмелер (егер қолданылатын болса):
6	✓ Жасанды жүректерді салу туралы шешім экономикалық, әлеуметтік немесе мәдени мәнмәтіндер негізінде қабылданатындығын сипаттаңыз		
	✓ Жасанды жүрек трансплантациясының жалпы қоғамға және ғылыми қауымдастыққа әсерін түсіндіріңіз.		
	✓ Жасанды жүректі пайдаланудың басында туындаған кейбір ғылыми сұрақтарды сәйкестендіру.		
	✓ Жасанды жүректі салатын команда пайдаланатын ғылымды сипаттау.		
7	✓ Жасанды жүректі жасауға қажеттілікке әсерін анықтау.		
	✓ Жасанды жүректі жасау трансплантация, органдар донорлығы және органдарды жасау қабілетімізге көзқарасымызды қалай өзгерте алатынын түсіндіріңіз.		
	✓ Жасанды жүректерді пайдалануды қолдау және қарсы болудың экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени дәлелдемелерін талқылау.		
8	✓ Қоғам құндылықтары қымбат жасанды жүректерге қалай әкелетінін сипаттау.		
	✓ Жасанды жүректердің қоғамға әсерін бағалау.		
	✓ Жасанды жүректерді бірінші орнату кезінде туындаған аңдаусыз салдарларды түсіндіріңіз.		
	✓ Экономикалық, этикалық/моральдық, әлеуметтік немесе мәдени салдарларды назарға ала отырып, жасанды жүректерді болашақта пайдалану туралы ойластырылған пайымдауды құрыңыз.		

## 1-ЖАТТЫҒУ. СІЗДІҢ СЫНЫПТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҮБ ТӘСІЛДЕРІН ДАМУ

### 1-тәсіл

**Оқушыларды сабақтың мақсаттарымен таныстыру**  
(мақсат – оқушылар мен сабақ мақсаттары арасындағы байланыс орнату)

және

**Сабақтың табыс критерийлерін ұсыну және талқылау**  
(мақсат - оқушылардың оқу мақсатына жетуі үшін олар жасауға тиіс қадамдарды немесе оны ұғыну деңгейін түсіндіру).  
Кейде бұл оқушылармен бірлесіп жасалады.)

ОҮБ осы екі стратегиясы бір-бірімен байланысты және төменде оларды әзірлеуге қатысты ұсыныстар келтірілген.

### Кіріспе

Зерттеу оқушылардың оқу бағдарламасының түрлі салаларында және олардың оқушы ретінде дамуының түрлі деңгейлерінде ненің жетістік болып саналатынын ұғынуы қаншалықты маңызды болып табылатындығын көрсетті. Бұл мұғалімдердің «ниеттерін, үміттерін, мақсаттарын, міндеттерін» (бұл сөздер бірінің орнына біреуі қолданылып жатады) және оқытудың «табыс критерийлерін» оқушыларға жеткізуінен тұрады. Егер оқушылар өз оқулары үшін көп жауапкершілікті өздеріне алса, онда олар не оқып жатқандарын, табысты оқудың не екенін және олар табысқа жеткендігін қалай түсінуі мүмкін екендігін білуі тиіс.

Бұл оқытудың айқын ниеттерін/мақсаттарын және табыс критерийлерін пайдалану үдеріске қалай ықпал ететіндігі сияқты. Алайда олар әдетте жалпылама әдістермен жасалатындықтан, олар өз беттерінше жеткілікті емес. Оқушылар өзінің немесе бөтен жұмыстың мәтініне байланысты не ескерілетінін түсінуі тиіс. Олар критерийлерді бірден түсінбеуі мүмкін, бірақ нақты мысалдарды үнемі талқылау оқушыларға сапаны түсінуді дамытуға көмектеседі.



## Оқу үшін бағалауды пайдалану

Сонымен қатар, оқу үдерісінде Оқыту мақсаттары/Табыс критерийлері және ниеттер деген ұғымдардың нені білдіретіндігін түсінуде оқушылардың біршама шатасып қалуы мүмкін. Олардың анықтамалары:

**Оқыту мақсаттары** (немесе ниеттері - Сіз қай ұғымды пайдаланатыныңызды өзіңіз шеше аласыз) балалардың нені оқығанын қалайтыныңызды білдіреді. Олар оқушылар **не білуі, не түсінуі** тиіс екендігін немесе сабақтың соңына немесе бірнеше сабақтан кейін олардың **не істеуге қабілетті** екендіктерін сипаттайды.

**Табыс критерийлері** (ТК) мұғалімдердің оқушыларға нені оқығандарын нақты тұжырымдауға көмектесу үшін пайдаланатын және оқушылармен олардың жұмысы туралы диалогқа және өзара іс-қимылға негіз бола алатын өтініштері.

### Бастауыш мектептен алынған мысалдар

Төменде бастауыш мектептегі жаратылыстану сабақтарынан алынған сұрақтың мәнін көрсететін кейбір мысалдар келтірілген:

#### **А. Сүзу**

*Оқыту мақсаты:*

1. Суда ерімейтін қатты бөліктерді сүзу арқылы бөліп алуға болатынын оқыту.
2. сүзу үдерісін орындап, оны сипаттай алуы.

*Табыс критерийлері:*

1. Сүзгі ұсақ торға ұқсайтынын білемін.
2. Сүзгі сұйық заттан қатты бөліктерді бөле алатынын және оны тазартатынын білемін.
3. Сүзу сұйық заттан барлық қатты бөліктерді бөле алмайтынын білемін.

#### **В. Қайтымды және қайтымсыз өзгерістер.**

*Оқыту мақсаттары:*

1. Материалдар бірге араласып кеткенде не болатындығын түсіну.
2. Өзгерістер қайтымды немесе қайтымсыз болатынын түсіну.

*Табыс критерийлері:*

1. Мен әртүрлі қатты бөліктер мен сұйықтықты бірге араластырған кезде болатын, көзге көрінетін өзгерістерді бақылай аламын.
2. Мен қайтымды және қайтымсыз деген ұғымдарды түсіндіре аламын.
3. Мен қандай қоспалар толығымен өзгеруі мүмкін екендігін сәйкестендіре аламын.

#### **С. Тіс және тамақтану**

*Оқыту мақсаты:*



## Оқу үшін бағалауды пайдалану

1. Адамдарда болатын әртүрлі тістерді атай алу.
2. Әрбір тістің не істейтіндігін түсіндіре алу.
3. Тістің пішіндері оларға түрлі жұмыстарды атқаруға мүмкіндік беретінін білу.

### Табыс критерийлері:

1. қандай тістер азу, ұры және күрек тіс екендігін атай аламын.
2. Азу тіс шайнауға, ұры тіс жаруға, күрек тіс кесуге арналғандығын білемін.
3. Түрлі тістер қандай пішінде болатынын білемін.

Осылайша, табыс критерийлері оқушылардың білуі мен оқыту мақсаттарына қол жеткізуді ұғынуы үшін істеуі қажет шешуші ұғымдар болып табылады. Табыс критерийлері жоғарыда көрсетілгендей «мен жасай аламын» немесе «білемін» деген пікірлер түрінде айтылуы мүмкін немесе төмендегідей жалпы түрде айтылуы мүмкін (тағы да бастауыш мектептен мысал):

Пән, жыл	Оқыту мақсаты	Мазмұны	Табыс критерийлері – табысқа жету қадамдары
Сауаттылық 2-жыл	Нұсқаулық жаза білу	Желе әзірлеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұйрық райды пайдаланыңыз («Қораптан желені алып шығыңыз»)</li> <li>• Нұсқаулық дұрыс тәртіпте келтірілгеніне көз жеткізіңіз («Қайнаған суды желеге құйыңыз. Желе ерігенше араластырыңыз»)</li> <li>• Таңбаланған тізімді, сандарды немесе қосалқы сызбаларды пайдаланыңыз</li> </ul>
Ғылым 6-жыл	Әділ тесті жоспарлау және өткізу	Аяқ киімдерді салыстыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Аяқ киім таңдау (әртүрлі аяқ киім)</li> <li>• Салыстырылатын заттар арасындағы айырмашылықтарды айқындау (аяқ киім мөлшері, материалы және т.б.)</li> <li>• Нені және қалай өлшеуді шешу</li> <li>• Үнемі бір әдісті пайдалану.</li> </ul>
Математика 3-жыл	сызғышты пайдаланып стандартты өлшем бірлігін ең жақын тұтас бірлікпен немесе бірліктің жартысымен өлшеу және салыстыру	Мармелад жыланшалардың ұзындығын өлшеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сызғышта нөл қай жерде басталатынын және аралық көлемін айқындау.</li> <li>• Объектіні сызу үшін сызғыштағы аралықты пайдалану (жыланшаның басын немесе құйрығын)</li> <li>• Есептеуді сызғыштағы есептеп шығару жүйесінен бастау (бастың немесе құйрықтың ең соңғы нүктесі)</li> <li>• Қалай өлшесең де ұзындық өзгермейтіндігін білу – өлшем бірдей болу керек (бастан құйрыққа немесе құйрықтан басқа)</li> </ul>

Орта мектептің мәнмәтінінен алынған мысалдар		
Бағалау саласы	Бағалар (егер сұрақты ашпасаңыз – 0-ді, сұрақ толығымен ашылса 5-ті айналдыра сызыңыз)	Жалпы баға
<p><b>Тау кезеңдері:</b> Модельде сізге тау кезеңдерінің үдерістерін түсінуді қалыптастыруға көмектесу үшін пайдалы, ғылыми тұрғыдан нақты ақпарат болуы тиіс.</p>	0 1 2 3 4 5	
<p><b>Бейнелер мен сызбалар:</b> Олар сіз қайда қарағаныңызды түсіну үшін анық, хабардар ететін және таңбаланған болуы тиіс</p>	0 1 2 3 4 5	
<p><b>Таудың түрлері туралы ақпарат:</b> Сізге тастар қалай қалыптасатыны, оларды қайдан табуға болатыны, сондай-ақ үш түрлі тастың кейбір мысалдары туралы ғылыми тұрғыдан нақты ақпарат табу қажет.</p>	0 1 2 3 4 5	
<p><b>Жалпы түсінік:</b> Сіздің модель/плакат жөніндегі толық түсінігіңіз – онда пайдалы ақпарат бар ма және шынында да оны қолдану жеңіл ме? Бұл оқыту барысында басқаларға көмектесе ала ма?</p>	0 1 2 3 4 5	
	<b>Жалпы баға</b>	

Сіздің моделіңіз қандай дәрежеге жатады деп санайсыз?

<b>0-5</b> <b>Үздік модель!</b>	<b>6-10</b> <b>Тамаша модель!</b>
<b>11-15</b> <b>Өте жақсы модель!</b>	<b>16-20</b> <b>Таңғажайып модель!</b>



## Оқу үшін бағалауды пайдалану

Осы жерде өз моделіңізді қалай жақсартатыныңыз туралы түсініктемеңізді қосыңыз:

Жұмысты бағалау кезінде Сізде қандай қиыншылықтар туындады?

Сіздің жұмысыңызды жақсарту әрекеттеріңіздің қандай артықшылықтары бар деп санайсыз?



Ал енді осы тәсілді өз сабақтарыңызда пайдаланып көріңіз

**А. Өзара байланысты сабақтардың қысқа тізбегін жоспарлаңыз** (кем дегенде тізбектелген екі сабақ болуы керек), оқушыларыңыз түсінетін тілде сабақтың міндеттерін жазыңыз. Олар туралы сабақтың басында өз оқушыларыңызға ауызша айтыңыз немесе тақтаға жазып қойыңыз – және міндеттерді пайдалана отырып, сабақтың мақсатын қарастырыңыз.

Сонымен қатар, сабақтар үшін тиісті табыс критерийлерін (сонша көп емес!) әзірлеңіз және олар туралы да балаларға айтыңыз. Оларды қалай жазатыныңызды өзіңіз білесіз (бірақ олар оқушыларға түсінікті тілде жазылуы тиіс). Олар өйткені оқыту мақсаттарына қол жеткізуде «табысқа жету қадамдарын» көрсетіп отырады, әрі оқушылар оларды сабақтың басында талқылайды және сабақ барысында қолданып отырады.



## Оқу үшін бағалауды пайдалану

### В. Осы тәсіл туралы оқушыларыңыздың пікірін сұраңыз?

Мысалы, Сіз смайликтерді не цифрларды пайдалана аласыз, өз сұрақтарыңызды қосыңыз.

1) Төмен сыныптағы оқушылар үшін смайликтерді пайдалана аласыз, оларды дөңгелетіп немесе бояп белгілейді.

#### *Мен өзімді былай сезінемін*

*Өз жұмысымды өзім бағалағанда*



*Өз достарымның қасында болғанда*



2) Немесе жоғары сыныптағы оқушылар үшін сандарды пайдаланыңыз бұл жерде сабақта оқытудың кейбір әдістері берілген.

Сіздің әрбір қызмет түрінен қаншалықты көп білгеніңізді сипаттайтын санды дөңгелетіңіз:

	Мен көп нәрсені үйрендім	Мен аз нәрсе үйрендім	Мен ештеңе үйренбедім
Өз жұмысымды бағалағанда	3	2	1
Өз бетімше жұмыс істегенде	3	2	1



**ӨЗАРА БАҒАЛАУ ҮДЕРІСІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ**

Оқушылардың өздерінің немесе біреудің жұмысын жай ғана бағалауға қарағанда, өзара бағалау және өзін-өзі бағалаудың мәні анағұрлым зор. Бұл үдерістің мақсаты олардың назарын өз жұмысының сапасына аудару және жақсартуға болатын жақтарын талдауға көмектесу болып табылады. Нәтижесінде бұл оқушыларды оқытуды дамытуда жауапкершіліктің жалғыз мұғалімге ғана жүктелмейтіндігін көруге мүмкіндік беріп, мұғалімнің жұмысын жеңілдетуі тиіс.

Өзара бағалау оқушыларға кері байланыс беруге көмектеседі, яғни бір-бірінен білім алуға және бір-біріне қолдау көрсетуге, бір-бірімен талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі сынауға мүмкіндік береді. Сапалы өзара бағалау өз жұмысын бағалау сапасын жақсартуға ықпал етеді, нәтижесінде ол оқушылардың бойында өзінің алға дамуы үшін жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

«Баға қоюдан» басқа оқушыларды өзара бағалау үдерісіне тартудың көптеген тәсілі бар. Өзін-өзі бағалаудың барлық стратегиясына ортақ нәрсе түрлі критерийлердің қолданылуы болып табылады. Ол атқарылған жұмысқа қолданылатын сабақтың табыс критерийлері (ОҮБ стратегияларын қараңыз) немесе жай ғана тиісті сұрақтарды құрастыру болуы мүмкін, кейіннен таныстырылым барысында құрбы-құрдастарына осы сұрақтарды қоя алады.

Жазбаша жұмысты өзара бағалауға келер болсақ, ол мұғалім жұмыстарды тексеруді толығымен тоқтатады деген сөз емес; мұғалімге жұмыстарды қарап шығып, өзінің пікірлері мен ескертулерін айту қажеттігі сөзсіз. Жұмыстың белгілі бір бөлігін мұғалімнің бағалауына дейін өзара бағалауға болады немесе кей кездері мұғалімнің тексеруінің орнына өзара бағалауды қолдануға болады. Дегенмен, бұл үдерістің мақсаты мұғалімді алмастыру емес, оқушыларды өз жұмысын жақсарту жолдарын тануға көмектесу болып табылатындығын ұмытпау керек.



Енді мұны өз сабақтарыңызда қолданып көріңіз

---

Өзара бағалауды дамытуға ықпал ететін көптеген стратегиялар бар. Төменде екі нұсқасы келтірілген. Бір рет қолданғаннан стратегияның әлеуетін толыққанды бағалауға мүмкіндік болмайтынын естеріңізде сақтаңыздар, сондықтан таңдап алынған стратегияны кем дегенде екі сабақта қолданып көру қажет (асылы, оны сыныпта қолданатын тәсілдеріңіздің қатарына қосқан дұрыс).

***N.B. Бұл стратегиялар оқушыларға оқытудың мақсаттарын және күтілетін нәтижелерін тұрақты негізде айтып отыруды көздейді. Олай болмаған жағдайда, Оқу үшін бағалаудың 1-стратегиясын қолданған жөн (Оқыту мақсаты және Табыс критерийлері). Алдағы уақытта сіз бұл стратегияларды сынап көре аласыз.***

**1) Оқушылардың жетекшілігімен жүргізілген пікірталас**

Егер де сіз әдетте сабақты қорытынды шығарып, өткен материалға қысқаша шолумен аяқтайтын болсаңыз, онда бұған балама ретінде оқыту мақсатын айтып, оқушылар қол жеткізген жетістіктерді қарау және алдағы қадамдарды талқылау үшін оқушылардың шағын



## Оқу үшін бағалауды пайдалану

тобын тағайындау тәсілін қолдана аласыз (егер оқушыларда бұған дейін мұндай тапсырмаларды орындау тәжірибесі болмаса, онда сізге оның мақсаттары мен міндеттерін бүкіл сыныпқа түсіндіріп, алғашқы ретте пікірталасты жүргізудің бірнеше тәсілдерін ұсыну қажет).

Төменде қолдануға болатын бірнеше нұсқалар келтірілген:

1. Оқушыларға алдағы уақытта пікірталас жүргізу ұсынылатындығын және оның қалай өтетіндігін түсіндіретінін хабарлаңыз.
2. Пайдалануға болатын тіркестер мен сөйлемдерге мысал келтіріңіз, олардың материалды меңгеру деңгейін және де жақсартуды, дамытуды талап ететін салаларды анықтауға қалай көмектесе алатындығын түсіндіріңіз.
3. Пікірталас жүргізуді сеніп тапсыратын топты алдын-ала ескертіңіз.
4. Әрбір жаңа пікірталастан кейін жекелеген оқушының өз күшіне деген сенімінің артуын қадағалаңыз.
5. Оқушылардан өз топтарында жетекші топ ұсынған қорытындылармен келісетінін/келіспейтінін қысқаша талқылауды сұраңыз.
6. Оқушыларға қосымша көзқарас білдіруді ұсыныңыз.
7. Талқылауды басқарып отырған оқушылардың сіздің тарапыңыздан толық қолдау көріп отырғандығына көз жеткізіңіз.

*(UK DfES AfL материалдары бойынша)*

## 2) Жазбаша жұмыстарды топтық бағалау

Бұл тапсырма бір-бірінің жұмысын бағалау үшін оқушыларды жұпқа бөлер алдындағы дайындық кезеңі ретінде қаралуы мүмкін. Ол бағалайтындарға да, сондай-ақ бағаланатындарға да барынша аз жүк салады.

Сабақтан бірнеше жұмысты таңдап алыңыз – ол кез келген нәрсе болуы мүмкін, мәселен, сурет немесе жазбаша жұмыс, т.б., дегенмен аталған кезеңде сіздің пікіріңіз бойынша осы сабақ үшін табыс критерийіне барынша жауап беретін жұмысты таңдау маңызды. Жұмыстың авторы кім екені белгісіз екендігіне көз жеткізіңіз. Егер де сізде жұмысты барлық сыныпқа көрсетуге мүмкіндік болса, онда оқушыларға оны көрсетіңіз және жұппен жұмыс істей отырып, өз идеяларын ұсынуды сұраңыз. Бұл мүмкін болмаса, онда 4 адамнан тұратын топтарға жұмыстың көшірмелерін таратыңыз. Оқушыларға өз пікірлерін айтуға және ұсынылған жұмысқа қатысты пікірлерді талқылауға уақыт берген маңызды.

Оқушыларға сіздің тәлімгерлігіңіз қажет болады:

- осы сабақ үшін оқытудың мақсаттары және табыс критерийлері туралы (немесе күтілетін нәтижелер туралы) естеріне салыңыз;
- неге назар аудару қажет екендігін көрсетіңіз. Бұл жағдайда нақты жұмыс бойынша ерекше мысалдар келтіруге болады, бірақ олардың жұмысты әрбір табыс критерийіне сәйкес қалай бағалайтынын естіген әсіресе маңызды.
- Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін (одан ерте емес), сіз олардан жұмыс сапасына жалпы баға беруді сұрай аласыз.
- Оқушылардың осы пән немесе тақырып бойынша алдағы жұмысты жақсарту үшін нені қолдану қажеттігін нақты көруі ерекше маңызды.

Бұл өте қиын тапсырма және оқушыларға тиісті нұсқаулықтар мен ақыл-кеңес беруді қажет етеді, әсіресе олар жұмысты тек мұғалім ғана бағалай алады деп есептейтін болса, оларға қолдау қажет болады. Үдерістің мәні – нәтижесінде бұл тәжірибе оқушылар өз жұмысын орындау барысында пайдалану үшін оқушыларға жұмысты жақсартудың жолдары мен амалдарын талқылауға мүмкіндік беру.

## Оқу үшін бағалауды қолдану

### ӘРІПТЕСТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕНІ ДАМЫТУ

#### Шаралар қолдану үшін зерттеу жүргізуге үйретуді бағалау

1. Мұғалімдер зерттеуінің бірлескен режимінде жұмыс істеудің негізгі ережелері.
2. Бақыланатын оқушыларды таңдау (үш немесе үш еселенетін).
3. Зерделеуге арналған сала мен себептерді айқындау – сіздің зерттеуіңіздің немесе сұрауыңыздың негізгі бағыты.
4. Негізгі бағытқа қатысты мәлім ақпаратты жинау.
5. Бірлесе жоспарлау (міндетті емес).
6. Өзара бақылау (және деректер жинау), кейбір жағдайда топтың бір ғана мүшесін бақылауға болады.
7. Бақыланатын оқушылар мен зерттеуші мұғалімдер зерделеген тармақтарды талқылау, талдау және жазып алу.

#### Lesson study-дің болжамды қосымша компоненттері

1. Әдістемелерді/деректерді алу (мысалы, бейне, сурет немесе дыбыс жазбасы арқылы).
2. Сіз игерген ақпаратты зерделеуде басқаларға көмек көрсету тәсілдерін жасау – инновациялық, жақсартылған, модификацияланған.
3. Ақпаратты беруге арналған құрал жасау (педагогикалық кеңес, PowerPoint таныстырылымы, бейнежазба, басшылық) және оны нақты қолдану.

*NCSL, CfBT and TLRP (2005) Network Leadership in Action: Getting Started with Networked Research Lesson Study, p6. бейімделген*



#### Lesson study өткізу

Бастапқыда өзіңіздің кіммен жұмыс істейтініңізді анықтауыңыз қажет. Бұндай шешім қабылдай отырып:

1). *Мұғалім зерттеуінің бірлескен режимінде жұмыс істеу жөніндегі негізгі ережені белгілеңіз:*

Сіз бақылау жүргізу үшін бір біріңіздің сабақтарыңызға қатынаудың тәжірибелік жағын ойластыруыңыз қажет. Бұл қашан жасалатын болады? Сіздің әріптесіңіз сіздің сабағыңызға толығымен қатыса ма, әлде бағалау стратегиясы қолданылған бөліміне ғана қатыса ма? Мұғалімдер қайда отырады? Оқушыларға сабаққа басқа мұғалімдердің қатысатынын қалай түсіндіресіз? Қанша сабақта бақылау жүргізіледі (Бір мақсатты қолданған жағдайда, екі сабақты бақылау жақсы идея сияқты – төмендегі 3-тармақты қараңыз).

2) Бақыланатын оқушыларды анықтаңыз (әдетте қабілеттері әртүрлі үш оқушы).

Lesson study-да бақыланатын оқушылар әдетте алдын-ала анықталады, себебі сабақ барысында әріптестер ол оқушылар туралы ескертпе жасап отырады. Төменде көрсетілген нысанға ұқсас нысанды қолдана отырып, бақылаушылар сабақтың әртүрлі сатысындағы оқушылардың жауаптарын тіркеуге тырысады (сіз өз нысаныңызды дайындай аласыз – мүмкін сізге көп орын қажет болар).

Олар кез келген күрделі сәттерді тіркейді. Егер жалпы үрдіс байқалатын болса (мысалы, қабілеті әртүрлі барлық бақыланатын оқушылар бір нәрсені түсінбейді), бұл «Қосымша түсіндірмелер» бөлімінде белгіленеді.

## Оқу үшін бағалауды қолдану

	1-оқушы	2-оқушы	3-оқушы
1-бақылау			
2-бақылау			
3-бақылау			
4-бақылау			
5-бақылау			
Қосымша түсіндірмелер:			

3) Сіздің нені және неліктен білгіңіз келетінін анықтау – сіздің зерттеулеріңіз немесе белгіленген мақсат.

Сізге өз зерттеуіңіздің бағытын анықтау қажет – әріптестер бір бірінің сабақтарында неге көңіл бөлуі қажет? Біз 2-деңгей стратегияларының біреуіне көңіл аударып, бір немесе екі сабақта оның қолданылуын дамытуды ұсынамыз. Бұны әріптестеріңіздің арасында келісіп алыңыздар.

4) Сіздің бағытыңыз туралы мәлім нәрселерді байланыстыру және қолдану.

Сіздің сабағыңызда неге назар аудару қажет екенін түсіну үшін Сіз өзіңіз жұмыс істейтін әріптесіңізге бұған дейін не істелгені туралы мұқият түсіндіруіңіз қажет.

5) Бірлесе жоспарлау (міндетті емес)

«Егер адамдар бір нәрсені хабарласа отырып жоспарлаған болса, онда бір нәрсе бұрыс шығып жатса да, қорқынышты ештеңе жоқ екендігі қызық мәселе»

Бірдеңені бірлесіп жоспарлауға мүмкіндік болмауы мүмкін, бірақ бұны істеу міндетті де емес. Сонда да өзіңіздің нені жоспарлап отырғаныңызды және сабақтың нақты бөлігінде қандай мақсаттар бақылануы тиіс екенін түсіндіре отырып, әріптестермен өз жоспарларыңызбен бөлісуіңіз қажет.

6) Бірлесе бақылау (және деректер жинау), кей жағдайда топтың бір мүшесі ғана бақылануы мүмкін.

Сіздер екеуіңіз де сабағыңызға бақылау жүргізгенін қалайсыздар. Егер сіз сыныбыңыздағы аталған жұмысты аяқтаған жалғыз оқытушы болсаңыз, олардың сабақтарын бақылауға қатыспай, әріптестеріңізді өз сыныбыңызға бақылау жүргізуді сұрауыңыз қажет.

Деректер жинаған кезде әріптесіңіз бүкіл сабақ барысында сыныпта отырса да, олардың оқу үшін бағалау стратегиясына байланысты сабақ бөлігінің он минутына ерекше назар аударғаны маңызды. Жіті бақылаудың 10 минутынан кейін көп нәрсені талқылауға болатынын байқайсыз.

# Оқу үшін бағалауды қолдану

## Тапсырма

---

Бақыланатын оқушылар мен мұғалімдердің көмегімен зерделенгендерді талқылау, талдау және жазып алу.

Сіз сабақтың бақыланатын бөлігіне қатысты әріптесіңіз екеуіңізде туындаған негізгі пікірталас сұрақтарын жазып алуыңыз қажет. Сіздер мынадай сұрақтарды талқылай аласыздар:

Стратегия қаншалықты сәтті болды (дәлелдер келтіру)?

Оқушыларда әртүрлі реакция байқалды ма? Сіздің ойыңызша, неліктен бұлай болды?

Стратегияны қолданған кезде сіз қандай да болмасын қиындықтармен және проблемалармен кезіктіңіз бе?

Сіздің жоспарыңызбен және сабақ мақсаттарымен алмасу қаншалықты пайдалы болды?

Бұдан да көп сұрақ туындайтыны сөзсіз. Сіздер стратегияны қолдануға қатысты кәсіби көзқарасыңызбен алмасқан маңызды. Сондай-ақ сіз тағы да бір сұраққа жауап бергеніңіз маңызды:

Бұл үдеріс өз сыныбыңызды түсіну және өз әдістеменіңізді дамыту үшін сізге қаншалықты пайдалы болды?

Пікірталастың негізгі тармақтарын тіркеу үшін сіз төменде келтірілген нұсқаулардың біреуін ұстануыңыз қажет (сізде бейнекамера немесе материалдарды жүктеу үшін мүмкіндіктердің болу немесе болмауына байланысты, және де болған жағдайда мұны қолдануға қаншалықты дайынсыз):

- әріптесіңізбен сабақты талқылау нәтижелерін жазу үшін өз блогыңызды пайдаланыңыз.

- өз пікірталасыңыздың негізгі тармақтарын және/немесе бұл үдеріс Сізге өз әдістеменіңізді дамытуға қалай көмектескенін түсіндіріп жатқан қысқаша бейне ролик жасаңыз, онлайн қарау үшін бейнежазбаны жүктеңіз.

- жоспарлау кезеңінде әріптестермен оқушыларды бақылау нысанын толтырудың орнына, сабақтың қандай бөлімдері бейне камераға жазылатынын келісіңіз; бұл бейнежазбаны және сабақты талқылау нәтижелерін өз блогыңызға жүктеңіз.

## ТРЕНЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ЖАЗБА

Өзін өзі бағалау – оқушыны бағалау үдерісінің кейбір немесе барлық аспектілеріне тарту үдерісі.

Басқа да кез келген бағалау түрлері сияқты, өзін өзі бағалау әр түрлі мақсаттар үшін қолданылады. Өзін өзі бағалау, мысалы, оқушы өзінің жұмысын жауап парағымен салыстырып тексерген кезде жиынтық болуы мүмкін. Бұл жағдайда әдетте оқушыдан бағалауды алдағы уақытта оқытуын жақсартуға пайдаланады деп күтуге болмайды (әйтсе де кейбір оқушылар оны осы мақсатқа пайдалана алады, ал мұғалімдер бұл бағытта оларға қолдау көрсете алады). Дегенмен, өзін өзі бағалау зерттеу әдебиетінде оқу үшін бағалауға қатысты қолданылған жағдайда, бұл үдерістің мақсаты қалыптастырушы аспект болып табылады, яғни өзін өзі бағалауды оқушыларды мақсатқа немесе оқыту стандартына жақындату мақсатында пайдалану.

Бауд (1994) өзін өзі бағалаудың «айқындаушы ерекшелігін» «оқушылардың стандарттар және/немесе критерийлерді жұмысқа сәйкестендіру және осы стандарттар мен критерийлерге сәйкестік дәрежесі туралы пайымдауларын қалыптастыруға қатыстылығы» деп сипаттайды. Ол сонымен қатар «әдетте өзін өзі бағалау басқалардың критерийлері мен пайымдауларынан құрылады, бірақ шешімді оқушы өз еркімен қабылдайды» деп қосады.

Бағалаудан сабақ алу үшін оқушылар өзінің үйренуі үшін дәлелдемелер жинап қана қоймай, сонымен қатар:

- мақсатқа/стандартқа қатысты өз жұмысын талдау;
- оқу үдерісін жақсарту үшін не істеу қажеттігі туралы шешім қабылдау;
- ағаттықтарды жою үшін не істеуге болатынын білу;
- басты мақсатқа жету үшін өзінің ілгерілеуін бақылау қажет.

Осы құрылым аясында өзін өзі бағалау өзін өзі талдау және өзін өзі бағалау элементтерін қамтиды.

Кейде өзін өзі бағалау міндеттері оқушылардан өздеріне, өздерінің білім алуына қатысты рефлексия жасауын талап етеді, яғни олар өзінің оқу үдерісін қалай жақсы ұйымдастыруға болатындығы, тапсырманы орындауға арналған оқытудың қандай да бір стратегияларын таңдаудың негізділігі туралы ойлануға тиіс. Осылайша, өзін өзі бағалау негізінен өзін өзі реттеумен байланысты, Циммерман (2001) өзін өзі бағалауды «өзінің оқу үдерісінде оқушылардың метатанымдық, ынталандырушылық және мінез-құлықтық белсенділігі» ретінде сипаттайды. (5-бет). Төменде берілген 1-кесте өзін өзі реттеудің түрлі аспектілерін жалпылап қорытады және пайымдауларды қалыптастыруға арналған бағдарларды ұсынады.

1-кесте. Өзін өзі бағалау және өзін өзі реттеу

	Оқушылар не істеуі керек	Пайымдауларды қалыптастыруға арналған бағдарлар
Өзін өзі бағалау	Оқыту дәлелдемелерін жинау, олардың мағыналарын өзінше түсіндіру	Жеке мақсат, сыртқы стандарт
Өзін өзі талдау	Өз жұмыстарын салыстыру	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
Өзін өзі түзету	Өзгерістер мен түзетулер енгізу. Жаңа мақсаттар қою.	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
Өзін өзі бақылау	Ағаттықтарды жоюдағы немесе түзетілген мақсатқа қол жеткізудегі алға басуды бақылау.	Мақсат, критерий, үлгі
Өзіндік рефлексия	Жұмыс барысы, пікір білдіру, тапсырмаға қатысты өз күшін ойластырып бөлу.	Оқуға құштарлықты көрсететін түсініктер

### Сілтемелер

Boud, D. (1994) The move to self-assessment: liberation or a new mechanism for oppression. Retrieved from [www.leeds.ac.uk/educol/documents/00002954.htm](http://www.leeds.ac.uk/educol/documents/00002954.htm).

Zimmerman, B. (2001). Theories of self-regulated learning and academic achievement: an overview and analysis. In B. Zimmerman and D. Schunk. (Eds.) Self-regulated learning and academic achievement: theoretical perspectives (2<sup>nd</sup> ed.). New Jersey: Lawrence Erlbaum Associates.

## ӨЗІН ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ӨЗІН ӨЗІ РЕТТЕУ

	Оқушылар не істеуі керек	Пайымдауларды қалыптастыруға арналған бағдарлар
Өзін өзі бағалау	Оқыту дәлелдемелерін жинау, олардың мағыналарын өзінше түсіндіру	Жеке мақсат, сыртқы стандарт
Өзін өзі талдау	Өз жұмыстарын салыстыру	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
Өзін өзі түзету	Өзгерістер мен түзетулер енгізу. Жаңа мақсаттар қою.	Мақсат, критерийлер, үлгі, оқу үдерісіне қатысушылар арасындағы кері байланыс
Өзін өзі бақылау	Ағаттықтарды жоюдағы немесе түзетілген мақсатқа қол жеткізудегі алға басуды бақылау.	Мақсат, критерий, үлгі
Өзіндік рефлексия	Жұмыс барысы, пікір білдіру, тапсырмаға қатысты өз күшін ойластырып бөлу.	Оқуға құштарлықты көрсететін түсініктер



## РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ КҮНДЕЛІК ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Оқушылардың жазбаша күнделік жүргізуі оқу үдерісі туралы ойлану әдісі ретінде зерттелген. Математика сабағының соңғы 5-10 минуты күнделікке тиісті күннің оқу үдерісі туралы жазба қалдыруға бөлінген.

### **Күнделікке жазуға арналған негізгі тараулар**

Барлық оқушылар күнделікке қандай жазба енгізу қажеттігі туралы идеяларын айтады:

- Мен не істедім немесе мен не білдім,
- Көп білу үшін қажетті көмек,
- Эмоциялар: маған не ұнады/ ұнаған жоқ, немесе мен қандай сезімде болдым,
- Пайдалы және қызықты заттар,
- Не жеңіл болып көрінді, немесе мен оны бұған дейін білгем,
- Тікелей оқыту үдерісі (метатану)

### **Күнделікті жүргізудің артықшылығы**

#### ***Оқушылар үшін:***

- Математикалық мәселелер туралы талқылау үдерісін жақсартады.
- Жазба сақталатындықтан, оқылған материалды қайта қарауға мүмкіндік береді.
- Эмоцияны шығару терапиялық әсер береді.
- Математикалық материалдың мазмұнын және мәнін түсінуге көмектеседі.
- Сабақтың қалай өткенін ойлауға көмектеседі.
- Метатану. Оқушыларға ойлау үдерісі туралы ойлануға көмектеседі.
- Оқу үдерісін өз бетімен реттеуге көмектеседі.

#### ***Мұғалімдер үшін:***

- Мұғалімдерді оқушылар туралы диагностикалық және қалыптастырушы ақпаратпен қамтамасыз етеді.
- қысқа мерзімді, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаны жоспарлауға және өзіңіздің сабақ беруіңізді бағалауға көмектеседі.

#### ***Оқушылар мен мұғалімдер үшін:***

Сіз бен оқушы арасында қарым-қатынас, кері байланыс және диалог орнатуға көмектеседі.

### **Күнделік туралы ойлар**

Оқушыларды зерттеу барысында олардан өздерінің күнделіктеріне күнделікті жүргізу тәжірибесі туралы олардың не ойлайтыны туралы жазуды сұрадық. Содан кейін осы сұрақты ауызша талқыладық. Төменде оқушылардың күнделіктерінен алынған үзінділер келтірілген.

#### ***Еске сақтау***

"Мен жазу жазған кезде, басымда не болып жатқанын еш қиындықсыз еске түсіруге мүмкіндік береді".

#### ***Ойлану***

«Мен оны керемет деп ойлаймын, себебі мен не үйренгенімді ойлап және қажет болса, қайта-қайта оқи аламын»

«Тағы немен жұмыс істеу керектігін білген жақсы».

### **Жазба**

«Мен оны шынында да керемет деп ойлаймын. Бұл мені көбірек жұмыс істеуге талпындырды, себебі ол өте ыңғайлы – мен қайталап оқып, көп нәрсе білгеніме қуанамын».

### **Математикалық идеяларды ұйымдастыру**

"Мен бір нәрселерді жазғанда, мен оны шынымен білетініме көз жеткіземін, сабақтан кеткенде оны мен істей аламын ба, істей алмаймын ба деген күмәнда болмаймын. Жазу екіұштылықты жояды».

"Күнделікті жүргізу пайдалы ма, жоқ па деп күмәнданған сәттерім болды, бірақ маған өзімнің не туралы ойлағанымды жазуға тура келгенде, мен нақты жауапқа тоқталуға мәжбүр болдым".

### **Сезім**

"Күнделік жүргізу маған көмектесті деп ойлаймын, себебі осылай мен өзімнің математикаға деген сезімімді білдіре аламын".

"Мен оның көмегі болады деп ойламаппын, бірақ бұл шын мәнінде пайдалы".

### **Менің оқу стилім**

"Күнделік жүргізу маған оқуда көмектесті, өйткені мен естігеннен гөрі, көзбен көргенді жақсы есте сақтаймын. Мен жаңаны көзбен қабылдап, тәжірибеде қолдану арқылы үйренемін".

"Мен бұрын жай ғана оқитынмын, бірақ үйренгендерімді күнделікке жазып отыру маған білім алуға көмектеседі».

### **Ойлану үдерісі туралы ойлар**

"Сіз жазып отырғанда, қалай оқитыныңыз туралы ойлайсыз".

"Сіз ойлай алмайтын нәрсеңіз туралы жаза аласыз, және керісінше жаза алмайтын нәрсеңіз туралы ойлана аласыз».

"Бұл – барлығын ойластырып, ойыңызды жинақтап, сосын соның бәрін жазып алуға көмектесетін жақсы әдіс».

### **Ойлану үдерісі туралы ойлар**


Оқушылар күнделік жүргізгенде олар негізінен математиканы оқу жағына көп көңіл бөлді. Оны олардың оқуына арналған айна деп қарауға болады (төмендегі диаграммадағы қара жуан сызық). Оқушының ұқсас бейнесі пайда болады.



Бірақ олар күнделік жүргізудің олардың оқуына қалай ықпал еткендігі туралы ойланғанда, оқушылар олардың ойлау үдерісінің өзі (метатаным) туралы ойлайтынын дәлелдейтін көптеген идеялар айтты.

Олардың қалай оқып жатқандарын ұғынуы оқу үдерісіне бейімделе алатын тәуелсіз оқушы қалыптасып жатыр дегенді білдіреді.

Бұл жағдай сіз екінші айна арқылы күнделік жүргізу үдерісіне қарап тұрғандай болып көрінеді. Осылайша математикалық күнделікті қалай жүргізу керектігі туралы ойлау үдерісінің (ауызша немесе күнделіктің көмегімен жазбаша) әртүрлі қырын көрсететін оқушы бейнесінің калейдоскопы пайда болады.



### Ұсынымдар

- Математикалық күнделік жүргізіңіз. Бұл математиканы оқуға көмектеседі. Әр сабақтан кейін бірдеңе жазып отыру міндетті емес, бірақ кем дегенде аптасына бір рет жазба енгізіңіз.
- Жүйелі түрде оқушылардың күнделіктерінде түсініктеме жазып отырыңыз немесе ауызша талқылау кезінде айтыңыз.
- Оқушыларды күнделік жүргізуге шақырыңыз. Бұл транзактті жазбаша талдау.
- Мезгіл-мезгіл оқушылармен бірлесіп күнделікті жүргізудің алға басуы туралы ой жүгіртіңіздер. Оқушыларыңызмен бірлесіп күнделік тексеріңіз. Оны жазбаша немесе ауызша істеуге болады. Бұл оқушыларға оқу үдерісі мен ойлау үдерісі туралы ойлануға көмектеседі.

## “ҚАРА ЖӘШІК” ІШІНДЕГІ ЖҰМЫС

### Сабақтағы оқу үшін бағалау

Пол Блэк пен Дилан Уильям өздерінің «Қара жәшік ішінде» атты көпке танымал мақаласында қалыптастырушы бағалауды жақсарту оқушылардың үлгерімін арттыратынын көрсетті. Төменде олар әріптестерімен бірлесіп мұғалімдерге өздерінің жұмыс әдістерін өзгертуге, ал оқушыларға өздерінің мінез-құлықтарын өзгертуге көмектескен, сол арқылы әр тарап оқу үшін өз жауапкершілігін түсінген жоба туралы әңгімелейді.

### Пол Блэк, Кристина Хэrrисон, Клэр Ли, Бетан Маршалл және Дилан Уильям

1998 жылы «Қара жәшік ішінде» атты мақала журнал бетінде пайда болды<sup>1</sup>. Содан бері біз «Сыныпта бағалау арқылы оқытудың стандарттарын арттыру» атты мақалада берілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті практикалық кезеңдер туралы көп нәрсе білдік.

«Қара жәшік ішінденің» бірінші тарауында біз үш сұраққа жауап бермек болдық. Бірінші, *қалыптастырушы бағалауды жақсартудың оқытудың стандарттарын арттыратындығының қандай да болмасын дәлелдері бар ма?* Жауап нығыз ИӘ болды, қорытынды бірнеше елдердің зерттеушілері жариялаған 250-ден астам мақалаларға жасалған шолуға негізделген болатын<sup>2</sup>. Тек білім берудегі кейбір жобаларда ғана стандарттарды арттырудың қажеттілігі туралы тұжырымды қолдайтын, күшті дәлелді базалары болды.

Бұл сұраққа құптайтын жауап алынғандықтан, екінші сұрақ туындады: *Қай бағытта жылжу керектігінің дәйекті дәлелі бар ма?* Бұл жолы да қолжетімді фактілерге қарап, анық ИӘ деген оң жауап алдық, сонымен қатар жағдайды толық бейнелейтін бұл жауап басты үш проблеманы анықтап берді: 1) мұғалімдер оқытуда қолданатын бағалау әдістері оқушының оқуға деген ынтасын арттыруда тиімсіз, 2) белгі қою арқылы бағалау тәжірибесі оқушының жеке тұлға ретінде жетілуіне емес, бәсекелестікке ерекше мән берілуіне алып келеді және 3) бағаға берілетін түсініктемелер әдетте балаларға, әсіресе нашар үлгеретін, яғни «қабілетім» жоқ, сондықтан оқи алмаймын деп санайтын оқушыларға кері әсер етеді.

*Пол Блэк – Лондон Патшалық колледжінің Кәсіби оқыту және білім департаментінің еңбек сіңірген профессоры, Кристина Хэrrисон сонда жаратылыстану ғылымдарының мұғалімі болып істейді. Клэр Ли – Уоркишир графтығы мұғалімдер кеңесінің кеңесшісі. Бетан Маршалл – Лондон Патшалық колледжі Педагогикалық факультеті Кәсіби оқыту және білім департаментінің ағылшын тілі мұғалімі. Дилан Уильям – Білім саласындағы тестілеу қызметі Оқыту мен оқуды зерттеу орталығының (Принстон, Нью Джерси) директоры. Олар Медуэй мен Оксфордшир графтығының жергілікті білім беру органдарына, осы жобаға тікелей қатысқан мектептерге, әсіресе өздеріне сондай зор жауапкершілік артқан мұғалімдерге алғыстарын білдіреді. Бұл мақалаға негіз болған жұмыс Нафилад Қоры мен АҚШ-тың Ұлттық Ғылым Қорының қолдауымен оқыту мен оқуды жақсарту мақсатында Стэнфорд университеті жанында өткізілген Сыныптағы бағалау жобасының аясында өткізілген. Бірақ осы мақалада айтылған пікір авторларға тиесілі. 2004 жыл, Дилан Уильям.*

Қалай болған күнде де, үшінші сұрақ туындайды: *Қалыптастырушы бағалауды қалай жақсартуға болатыны сипатталған материалдар бар ма?* Бұл сұрақтың анық жауабы жоқ еді. Материалдарда жақсартуға арналған көп идеялар ұсынғанына қарамастан, онда мұғалімдерге осы идеяларды өздерінің сабақтарында қолдануға

мүмкіндік беретін тетіктер болмады. Біз мұғалімдер «бұл идеяларды іске асыруға арналған өмірден алынған әртүрлі мысалдарға» мұқтаж деп шештік.

### **Саяхат: Мұғалімдермен бірге оқу**

1998 жылдан бастап біз бірнеше бағдарламаны жоспарлап, іске асырдық, онда Англиядан келген мұғалімдер тобы өздерінің сабақтарында инновациялық тәжірибелерді дамытуға қолдау көрсетті. Ол үшін бірінші мақаладағы идеялар пайдаланды. Бұл әрекет алғашқы ұсынысты толықтай растап, сонымен бірге көптеген жаңа практикалық дұрыс жаңалықтарды ашуға түрткі болды. Сондықтан қазір біз сыныптағы бағалауды жақсарту туралы дұрыс кеңес бере алатынымызға сенімдіміз.

### **«ПМОҚБЖ» жобасы**

Қажетті зерттеу жұмысын жүргізу үшін бізге қосымша қызметпен айналысып, тәуекелге баруға дайын мұғалімдер тобымен ынтымақтастық орнату қажет болды, сондай-ақ бізге олардың аудандары мен мектептерінің қолдауы қажет болатын. Nuffield қоры бұл жобаны молынан қаржыландырды, соның арқасында біз Англияның оңтүстігіндегі Оксфордшир мен Мэдуэй атты екі ауданды таңдап, олардың әкімшілігі мәселені түсініп, бізбен ынтымақтастық орнатуға келісімін берді. Әр аудан үш орта мектепті таңдады: Оксфордшир үш аралас мектепті таңдаса, Мэдуэй бір аралас мектепті, бір ер балаларға және бір қыз балаларға арналған мектептерді таңдады. Әр мектеп екі жаратылыстану ғылымы мұғалімін және екі математика мұғалімін таңдады. Біз әр мектептің директорымен жоспарларды талқылап, 24 мұғаліммен бірінші кездесуді белгіледік. Осылайша, 1999 жылы қаңтар айында «Патшалық-Мэдуэй-Оксфордширдегі Қалыптастырушы бағалау жобасы» (ПМОҚБЖ) (King's-Medway-Oxfordshire Formative Assessment Project - КМОФАР) пайда болды.

Жоба туралы барлық ақпаратты біздің «*Оқу үшін бағалау: Тәжірибеде қолдану*» атты кітаптан табуға болады<sup>3</sup>. Біздің алға қойған мақсатымыз зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу болды. Мұнда ұсынылған қорытындылар Патшалық колледждің командасы сабақтарға қатысқаннан кейін алынған мәліметтер мен бақылауларға, барлық мұғалімдердің кездесулерінің хаттамаларына, мұғалімдерден алынған сұхбаттар мен олардың өздері жүргізген сауалнамаларға, оқушылар топтарымен өткізілген бірнеше әңгімелерге негізделген. Басында біз жаратылыстану ғылымы және математика мұғалімдерімен жұмыс істедік, соңынан зерттеу кеңейтіліп, жобаға сол мектептердің ағылшын тілінің мұғалімдері және басқа мектептердің басқа пәндерінің мұғалімдері шақырылған болатын.

### **Бүкіл әлемге тарату**

Жобаның даму барысында біз осы мәселені басқа кеңесшілермен және мұғалімдермен талқылау туралы көптеген ұсыныстарға жауап бердік. Нақты айтқанда, 5 жылдың ішінде осындай 400-ден астам әңгіме өткіздік. Олар барлық оқу пәндерін және екі оқыту деңгейін: бастауыш және орта мектепті қамтыды. Бұдан басқа, кейбір бастауыш мектептермен тұрақты ынтымақтастық орнатылды. Бұның барлығы біздің жалпы қорытындыларымыз барлығы үшін өте пайдалы болады деген сенім тудырды, алайда түрлі жастағы топтар мен оқу пәндері үшін кейбір маңызды тетіктер өзгеріп жатуы мүмкін. Оның үстіне, Стэнфорд Университетінің тобы Патшалық Колледжбен бірлесіп Калифорния мектептерінде осындай дамыту жобасын құру үшін Ұлттық Ғылым Қорынан ақшалай қаражат алды. Осы қаржының арқасында жұмысымызды кеңейтуге мүмкіндік алдық. Біз сондай-ақ жобаның басшы тобын құрған бірнеше үкіметтік ұйымдардың жеке тұлғаларынан материалдық қолдау алдық, кеңес беріп, насихат жүргіздік, сол арқылы Англия мен Шотландияның білім беру саясатының басты тақырыбы – *оқу үшін бағалау* екеніне көз жеткізуге көмектестік.

### **ОҚУ ҮШІН БАҒАЛАУ**

◆ Оқу үшін бағалау – бұл басым міндеті оқыту мақсатын оқушыларды білім алуға ынталандыратындай етіп құруды көздейтін кез келген бағалау. Сондықтан ол әдеттегі бағалаудан ерекшеленеді, әдеттегі бағалау бірінші кезекте құзыреттілікті растап немесе рейтинг жүргізу, бақылауға арналған. Мұғалімдер мен оқушылар басқаларды не өзін бағалағанда түсініктеме ретінде пайдалана алатын, болмаса өздері қатысатын оқыту үдерісін өзгерту үшін қолдана алатын ақпарат берсе, бұндай бағалау қызметі оқуға көмектесе алады. Нәтижелері расында да оқыту мен оқу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолданылса, мұндай бағалау «қалыптастырушы бағалау» болмақ.

### **Оқыту барысындағы жетістік**

Шетел ғылыми әдебиеттеріне жасаған шолуымызға сүйене отырып, тіпті олар мемлекеттік міндетті тестілеудегі балдар сияқты көрсеткіштермен өлшенген күннің өзінде де, күшті қалыптастырушы бағалау оқушылардың білімді игеру деңгейінің өсуіне жағдай жасайтынына көзіміз жетті. Бізге белгілі болғаны, бастапқы кезеңде сыныпта және ұзақ уақыт ішінде алуға болатын білімдердің деңгейінің кейбір көрсеткіштері болғаны маңызды. Жобаға қатысқан әр мұғалім осы идеяларды жүзеге асыруда сыныпты өз қалауы бойынша таңдайтын болғандықтан, біз әрқайсысымен мектепте қандай деректер алуға болатынын талқылап, сондай-ақ әр мұғалім үшін «шағын эксперимент» жүргізу белгіленді.

**Көптеген мұғалімдер сыныпта оқушыларға білім алуға көмек беретін диалогтерді жоспарламайды және өткізбейді.**

Әр мұғалім өзі мен өзінің сыныбы үшін «нәтижелер өлшеуіші» қандай болатынын өзі шешті. Оныншы сыныптағылар үшін, бұл – ұлттық мектеп бітіру емтиханын тапсыру нәтижесінде алған бағалар (бұл емтихан орта мектепті аяқтау жөніндегі аттестат алу үшін 16 жаста тапсырылады). Сегізінші сыныптағылар үшін бұл – 14 жаста тапсыратын ұлттық тестілеуде алған балдары немесе жеткен деңгейі. Қалған сыныптар үшін модуль бойынша қорытынды бақылау жұмыстарының бағасынан бастап жылдық емтихан бағаларына дейін түрлі бағалар пайдаланылды.

Жобаға қатысатын әр сынып үшін мұғалім салыстыратын екінші сынып таңдаған. Кейбір жағдайларда бұл өткен жылдары (және кей жағдайда сол жылы) сол мұғалім сабақ берген параллель сынып болған. Басқа жағдайларда біз басқа мұғалім сабақ беретін параллель сыныпты пайдаландық немесе керісінше, онда сол мұғалім немесе басқа мұғалім сабақ беретін параллель емес сынып таңдап алынды. Тестілейтін сынып пен салыстыру үшін алынған сынып параллельді болмаған жағдайда біз «сапа» өлшеуішінің көмегімен алғашқы білім деңгейіндегі болжамды айырмашылықтарды, мәселен, өткен жылдардағы емтихан бағалары немесе басқа да қабілет өлшемдерін бақыладық.

Бұл дегеніміз әр мұғалім үшін жақсарту деңгейі әр түрлі тәсілдермен өлшенді деген сөз. Мысалы, жобаға қатысатын оныншы сынып салыстырылатын сыныптан британ оқушыларына арналған міндетті емтихандардың жарты балына озуы, ал басқа мұғалімнің жобаға қатысатын сегізінші сыныбы оқу жылының соңындағы қорытынды емтиханда өзі салыстырылатын сыныпты 7% озып шығуы мүмкін еді. Барлық нәтижелердің басын қосып, тұтас бір қорытынды жасау үшін біз «әсердің стандартты мөлшерін» жалпы өлшем бірлігі ретінде алуды ұйғардық. Оны есептеу үшін эксперименталды және салыстырмалы топтардың балдары арасындағы айырмашылықты есептеп, содан соң ол санды стандартты ауытқу мөлшеріне бөлдік (топтардың балдары арасындағы айырмашылықты өлшеу шамасы).



Толық деректері болған 19 мұғалім бойынша әсердің орташа мөлшері шамамен 0,3 стандартты ауытқуды құрады. Барлық мектеп бойынша осындай жақсарту орын алса, бұл мектепті ұлттық көрсеткіштер кестесінің төменгі деңгейінен орташадан жоғары деңгейіне дейін көтерер еді.

Осылайша, жақсы оқыту мен тестілеуден алынған жақсы нәтижелер арасында теңгерімді тапқан мұғалімдер біз ұсынған идеяларды пайдаланып, өзінің оқушыларының үлгерімін шын мәнінде жақсарта алатыны түсінікті болды.

### **Өзгеріс қалай жүреді**

Біз сыныптағы жұмыс туралы басты қорытындыларымызды төрт атаумен шығардық: *жауап алу, жіктеуге негізделген кері байланыс, өзара бағалау және өзін өзі бағалау, жиынтық қорытындыларды білім беру құралы ретінде пайдалану*. Келесі беттерде келтірілген көптеген дәйексөздер педагогтер жазған мақалалардан алынған. Кепілді құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында мұғалімдер мен мектептердің бүркеншік аттары пайдаланылды.

### **Жауап алу**

Көптеген мұғалімдер сыныпта оқушыларға оқуға көмек беретін диалогтерді жоспарламайды және өткізбейді. Зерттеу көрсеткендей, сұрақ қойылғаннан кейін мұғалімдер бір секундтай күтіп, содан соң жауап болмаса, басқа сұрақ қояды немесе ол сұраққа өздері жауап береді<sup>4</sup>. «Күту уақытының» қысқа болуының салдарынан, ойланбастан, жылдам жауап беруге болатын сұрақтардың, яғни жаттап алынған фактілерді айтып беруге негізделген сұрақтардың ғана «күні туады». Демек, диалог үстіртін деңгейде жүреді. Педагогтердің бірі өз ойын білдірді:

*Мен жабық және ашық сұрақтар түріндегі әңгімеге көңілім толмады, ол менің сабақты ойланбастан жүргізуімнің нәтижесі еді; мен дұрыс жауаптарды қабылдауға еріне бастадым, кейде өзімді де, оларды да қинамау үшін, сыныптың үнсіз отырғанын қалайтынмын... Егер «сұрақ-жауап» ойдағыдай өтпесе, мен сұрақты ауыстыратынымды немесе оған өзім жауап беріп, болмаса бұл жауапты «анағұрлым ақылды оқушылардан» алатынымды бәріміз біліп алдық. Сырттан келген бақылаушы менің сабағымды көптеген ұйқылы көрермендер қоршаған шағын топтың талқылауы түрінде көретін кездер де болды (әлі де бар ма екен?). – Джеймс, Two Bishops мектебі.*

Бұл мәселені «күту уақытын» ұлғайту арқылы шешуге болады. Бірақ көптеген мұғалімдерге бұл қиынға соғады, себебі оларға орнығып қалған әдеттерді бұзуға тура келеді. Олар өзгерісімен, оқушылар да өзгере бастайды:

*Сұрақ берілгеннен кейін «күту уақытын» ұлғайту менің алғашқы сұрақ қойылған соң бірден бірдеңені «қосқым» келіп тұратын әдетімді жою қиын екенін растайды. Сұрақ қойылғаннан кейінгі үзіліс «азапты» болды. Бұндай «өлі» кезең оғаш болып көрінгенімен, оған табандылықпен төздім. Ойлануға көбірек уақыт алған соң оқушылар олардан ойластырылған жауап талап етілетінін түсіне бастаған сияқты. Қазір, өзімнің жауап алу стилімді өзгерткен бірнеше айлардан соң көптеген оқушылар қосымша ишарасыз-ақ (қажет болса) жауап беріп, түсініктеме келтіретінін байқадым. – Дерек, Century Island мектебі.*

Бір педагог сыныпта «сұрақ-жауап» түріндегі диалогті пайдалануды жақсарту әрекетінің жалпы нәтижелерін былай шығарған:

### **Жауап алу**

- *Жалпы алғанда, менің сабақ оқыту стилім өзара іс-қимыл жасауға көбірек негізделе бастады. Оқушыларға шешімді қалай табуға болатынын көрсетудің*

орнына, оларға сұрақ қойылып, жауапты барлығы бірігіп талдауға уақыт беріледі. Менің сегізінші жылымда (жетінші сынып) мақсатты сынып осы әдіспен жұмыс істеуге әдеттенген. Мен бұл әдісті басқа топтармен жұмыс істегенде көбірек пайдалануға тырысамын.

Қол көтерусіз

- Егер олар сұрақтың жауабын білсе, ерекше өтініш жасалмаса, оларға қол көтерудің қажеті жоқ екенін біледі. Тіпті «Мен білмеймін» деген жауап болса да, барлық оқушылар кез келген уақытта жауап бере алады деп болжанады.

Жағымды атмосфера

- Оқушылар қате жауап беруге қорықпайды. Олар дұрыс жауап сияқты қате жауаптың да пайдасы болатынын біледі. Олар өз сыныптасына оның қате жауабын талдауға көмектесуге қуанышты. – Ненси, Riverside мектебі.

«Күту уақытын» ұлғайту көптеген оқушыларға өз жауаптарының көлемін ұлғайтып, талқылауға белсендірек қатысуға көмектесуі мүмкін. Жұмысқа барынша тартуды күшейтудің тағы бір әдісі – мұғалім жауапты сұрардың алдында екі-үш минут ішінде оқушылардан сұрақты жұп болып немесе ұжымдасып талқылауды сұрау. Бұл тәсілдің арқасында мұғалімдер оқушылардың бастапқы білімдері туралы, сол білімдегі қандай да болмасын кемшіліктер мен жалған түсініктер туралы көбірек біліп, өздерінің алдағы қадамдарын оқушылардың тікелей қажеттіліктеріне бағыттап алады.

Бұндай өзгерістерді пайдалану фактілерді айқындауға бағытталған шектеулі сұрақтармен жұмысты азайтып, балалардың назарын сұрақтардың түрлі функциялары мен сапасына аударуды көздейді. Мәселен, «үлкен сұрақты»: сабаққа кіріспе бола алатын және шағын топтарда немесе бүкіл сынып ішінде талдау жүргізуге түрткі бола алатын ашық сұрақ немесе проблемалық жағдайдан шығудың шешімін табу туралы тапсырманы пайдаланып көріңіз. Қалай болған күннің өзінде де бұл стратегия өнімді болу үшін бұл тапсырманы орындау нәтижесінде алынатын екі жауап та, осы жауаптан кейінгі қадамдар да болжаулы болуы керек. Жақсы сұрақ қою туралы идеялар мен тәжірибе алмасу мақсатындағы мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық өте пайдалы. Сұрақтардың өздері сабақтың маңызды бөлігіне айналады, себебі бұл сұрақтардың оқушылардың оқуына ықпал етіп, оны дамытатындай етіп құрылып, пайдаланылуы басты назарда болады. Төменде осы жөнінде бір мұғалімнің пікірі келтірілген:

*«Мен орта буындағы топты таңдап, шын мәнінде оларға қоятын сұрақтарымның түрлері туралы ойлана бастадым: олар бір сөзден тұратын жауап талап ете ме; олар нені тексереді – оқушының білімін бе, әлде түсінігін бе; мен сыныпқа жауапты ойлауға жеткілікті уақыт беремін бе; дұрыс жауапты тез аламын ба; оқушыдан өзінің жауабын түсіндір деп сұрадым ба; қате жауап алғанда өзімді қалай ұстадым? Бұл туралы ойлауды қойғанда, мен сабақтың мазмұны мен барысын құру үшін олардың жауаптарын пайдалану арқылы қыздарды оқыту тәжірибесін өзгерте алатынымды сезіндім. – Гвен, Waterford Мектебі.*

Тиімді жауап алу да оқушылардың әңгімесіне мұғалімнің жоспарланбай араласуының маңызды аспектісі болып табылады. «Сен неге солай ойлайсың?» немесе «Сен оны қалай түсіндіре алар едің?» сияқты қарапайым сұрақтар сабақта өзара іс-қимылға жетелейтін ықпалды күш, сонымен бірге олардың жұмысына бірден түсініктеме беру арқылы оқушыларға тереңнен ойлауға түрткі болатын баға жетпес мүмкіндік болып табылады.

Мұғалімдердің тәжірибесіне негізделген жұмыста пайдалы болатын басты кеңестер:

- Сұрақтарды құруға көп күш салу қажет. Бұл сұрақтар оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етуі қажет.



- Оқушыларға сұрақты жан-жақты ойлауға мүмкіндік беру үшін «күту уақытын» бірнеше секундқа ұлғайту қажет, сондай-ақ әр оқушыда қойылған сұраққа өзінің жауабы бар және ол әңгімені қолдай біледі деп күтілу керек. Сол жағдайда дұрысы болсын, қатесі болсын, барлық жауаптар оқушылардың тақырыпты түсінуін дамыту үшін пайдаланылады. Негізінен жауап алудың мақсаты жай ғана жауап алу емес, сұрақты терең түсінуін дамыту болып табылады.
- Одан кейін орындалатын тапсырмалар терең мағыналы болуы керек, өйткені олар оқушыларға өзінің түсінігін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен, сұрақ қойғандағы жалғыз мақсат мұғалімге қажет немесе оқушылар ойлануға тиіс ақпарат алу болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұндай өзгерістер орын алғанда, оқушылар оқу үдерісіне мейлінше белсенді қатысып, оқу негізінен олардың жылдам дұрыс жауап беру қабілетінен емес, өз ойларын жеткізуге дайын болып, өздерінің пікірлерін қорғай білуіне байланысты екендігін түйсінді. Мұғалімнің рөлі де ақпаратты жай ғана жеткізуден, оқушылар айтқан идеяларды дамыту үдерісін басқарушыға дейін өзгереді.

### ***Жіктеуге негізделген кері байланыс***

Оқушыларға олардың ауызша және жазбаша жұмыстарына қатысты айтылған пікір сыни сипатта болады. Зерттеу эксперименттерінен көрініп отырғандай, егер түсініктеме беру түрінде пікір білдірілсе, бұл оқытуды жетілдіруге ықпал етеді, ал сандық балл немесе баға алу керісінше кері әсер етуі мүмкін, себебі оқушылар бағаның алдындағы түсініктемелерге көңіл аудармайды<sup>5</sup>. Мұғалімдер бұндай нәтижелерге қайран қалуда, алайда кейбіреулері баға қоюдан бас тартып, бұндай жағдайларда оқушылардың өзінің жұмысын жақсартуға бағытталған істері анағұрлым өнімді деген тұжырымды растап отыр.

Көптеген мұғалімдерді балл немесе баға емес, түсініктеме жазылған жұмыстарын алғанда оқушылар қандай жағдайда болатыны толғандырады. Дегенмен, бұл мектеп саясатына қайшы келуі мүмкін:

*Менің баға қою тәжірибем мектеп саясатына сәйкес келетін баға қойылып, мақсаттары жазылған түсініктеме беруден бастап, тапсырма берілген түсініктеме жазуға дейінгі жолдан өтті. Баға қойылмаған жағдайда оқушылар мақсаттармен, түзетулермен анағұрлым өнімді жұмыс істейді. Клэр (Ли) егер тапсырмаға түсініктемелермен бірге баға да қойылған болса, оқушылар түсініктемелерді оқуға өте аз уақыт жұмсайтынын бірнеше рет көрген екен. Қазір өзім таңдаған сыныпта мен мынадай жұмыс тәртібін орнаттым: 1) баға қойылмайды, тек түсініктеме беріледі; 2) ненің жақсы жасалғанын, ал нені әлі де пысықтау қажеттігін көрсететін түсініктеме беру; 3) қосымша тапсырманы келесі бағалағанға дейін орындауға болатын көлемде беру. – Нэнси, Riverside мектебі.*

Оқушылар бұны қалай қабылдар деген бастапқы қорқыныш негізсіз екен, тіпті ата-аналар мен мектеп инспекторлары да жылы қабылдады. Шынымен, оқушыларға түсініктеме беру ата-аналарға белгілі бір балл немесе баға не үшін қойылғанын түсінуге тынысқанша, оқу мәселесіне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Қазір біз үй тапсырмасын бағалауға кетіретін мұғалімдердің күшін басқаға аударуға болады деп санаймыз. Балл немесе баға оқушыларға олардың жұмысын қалай жақсарту керектігін айтпайды, сондықтан бұл тәсілдің олардың білімін арттыруға ықпалы болмайды.

Бастапқыда түсініктеме беру көп күш қажет етеді, себебі мұғалімдерге өздері айтатын түсініктеменің сапасын қадағалау керек. Тиімді түсініктеме беру туралы идеялар мен тәжірибе алмасу мақсатында орнаған мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық өте пайдалы, бұл тәжірибе кері байланысты жиі қолдануға әсер етеді. Қалай десекте, оқушылар оларды алдағы жұмысында басшылыққа алатын болса, түсініктеме оқушылармен кері байланыс орнатудың тиімді құралы болмақ.

*Алғашқы біліктілікті арттыру семинарынан кейін оқушыларға барынша мазмұнды пікір беру үшін жұмысты бағалаудың басқа амалын қолданып көргім келді. Оқушылар менің түсініктемеме назар аударғандығын білу үшін әрдайым барлық жұмыстарды қайталап қарай бермеу үшін, олардың менің түсініктемеме реакциясын бақылаудың қарапайым тәсілін пайдаланып көруді ұйғардым. Мен 8-сыныптағы әрбір оқушының дәптерлерінің соңғы парағында түсініктеме парағын жүргіздім. А4 көлеміндегі парақтың сол жақ бөлігі менің түсініктемелеріме, ал оң жағы оқушыларға арналды, онда олар олардың жұмысты істегендігін көруге болатын парақтарға сілтеме жасайды. Түсініктемелер шын мәнісінде маңызды бола бастады, ал жұмысты тексеруге мен бір сағаттай ғана уақыт жұмсаймын. – Сиан, Cornbury Estate мектебі.*

Түсініктемелерге назар аударудың көп жолдарын кездестірдік. Кейбір мұғалімдер ұпай мен баға қоюды мүлде тоқтатса, кейбіреулері бағаны оқушылардың дәптерлеріне емес, өздерінің жеке журналдарына қоя бастады, өзгелері ұпай мен бағаны оқушылар мұғалімнің ескертпелерін орындағаннан кейін қоя бастады. Кейбір мұғалімдер өздерінің жұмысқа қатысты жақсы түсініктеме бергеніне көз жеткізуге көп уақыт жұмсап қойып, содан кейін жіберіп алған уақыттың орнын толтыру үшін олар басқа жұмыстарды бағаламайды, немесе аптасына бір рет дәптерлердің бір бөлігін ғана тексереді, болмаса оқушыларды сол жерде орындалуы тиісті тапсырмаларды тексеруге тартады.

Сабақтағы белгілі бір уақыт бөлігін жұмыстың таңдап алынған бөлігін көшіріп жазуға арнау маңызды тәсіл болып саналады. Осылайша мұғалімнің қолдауымен түсініктемеге көңіл аударылады. Мұндай тәжірибе оқушылардың сыныптағы және үй жұмысындағы тапсырмаларға көзқарасын өзгертуі мүмкін.

Жобаға қатысушы мұғалімдер пайдалы түсініктеме құруға талпыныс жасаған кезде, олардың көпшілігі оқушыларға берген тапсырмаларын қайта құру қажет екенін түсінді. Олар көптеген тапсырмалардың оқушының тақырыпты түсінген/түсінбегенін анықтау үшін пайдалы екенін, ал бірқатар тапсырмалар көп жағдайда ақпарат беруге бағытталғандығын анықтады. Сондықтан кейбір жаттығулар алынып тасталып, қалғандары өзгертіліп, жаңадан жақсартылған тапсырмалар қосылды.

Тұтастай алғанда, мұғалімнің түсініктемелерін жақсартуға бағытталған басты идеяларды былайша жинақтауға болады:

- ауызша жауап алумен қатар жазбаша тапсырмалар да оқушыларды дамытуға ықпал етіп, оқып жатқан тақырыбының маңызды тұстарын түсінетінін көрсетулері тиіс;
- түсініктемелер ненің жақсы орындалғанын, нені жақсарту керектігін және оны қалай жақсартуға болатынын көрсетуі тиіс;
- оқушылардың түсініктемеге қатысты әрекет етуі бүкіл оқу үдерісінің бір бөлігі ретінде көзделуі тиіс.

Бұл жердегі басты қорытынды мұғалімнің пікірі оқушыларды ойлануға мәжбүрлеуге тиіс деген қорытынды болып табылады, тек сол жағдайда ғана ол тиімді болмақ. Мұндай реформаларды жүзеге асыру мұғалімдер мен оқушылардың жазбаша жұмыстарға деген көзқарасын өзгертуі мүмкін, оқушылардың жұмысын бағалау бәсеке немесе бірдененің қорытындысын шығару сияқты сипатта болмай, негізінен білім алу барысындағы ерекше сатыға айналады.

### **Өзара бағалау және өзін өзі бағалау**

Оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін өзі бағалаудың маңызы зор<sup>6</sup>. Оқушыларының бойында өзін өзі бағалау дағдыларын дамытуға талпынған көптеген мұғалімдердің аңғарғаны: бұл реттегі ең бірінші және ең күрделі мәселе – оқушыларды өз жұмысы туралы мақсат қою тұрғысынан ойлануға мәжбүрлеу. Олар бұны қалай істеу керек екенін түсінгеннен-ақ, өз

жұмыстарына шолу жасай бастайды, сол арқылы оны өздері орындап, өздері бақылай алады. Басқаша айтар болсақ, оқушылар метатанымдық деңгейде жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Құрбы-құрдастарын бағалау өзін өзі бағалаудың маңызды бөлігі болып табылады. Құрбы-құрдастарын бағалаудың пайдалы екендігінде сөз жоқ, себебі оқушылар өз жұмысына қатысты айтылған құрбыларының пікіріне құлақ асады. Ал оны мұғалім айтқан болса, олар оқушыға сондай әсер етпеуі мүмкін. Құрбы-құрдастарымен бірге жұмыс істеу де маңызды, себебі пікір алмасу оқушы күнделікті өмірінде қолданатын тілде жүреді, сонымен қатар оқушылар мұғалімнің және емтихан алушының рөлін ойнай отырып білім алады<sup>7</sup>. Бір мұғалім оқушының өз құрбы-құрдастарын бағалау туралы пікірімен бөлісті:

*Өз жұмысына баға беріп (талқылау мен нақты нұсқау беру арқылы) бағалаған сияқты, оқушылар басқаның жұмысын да бағалайды. Олар бұны үлкен адамдарша ойланып істейді, бұл сөзсіз пайдалы тәжірибе болды. Оқушылар келесі сабақтың басында сыныптас құрбылары үй тапсырмасын тексеретіндігін біледі. Сондықтан барлығы үй тапсырмаларын жақсы орындайтын болды, тек сирек жағдайда ғана үй жұмысын істей алмағандар кездесті. Олар өз сыныптастарының бірін оны тексеруді сұрайтын болғандықтан, жақсы орындалған жұмыстары үшін мақтаным сезінді. Жауаппен келіспесе, ол бойынша ортақ келісімге келгенге дейін мұқият, ашық талқыланады. – Элис, Waterford мектебі.*

Мұғалімнің түсініктемесінің соңғы сөйлемінде басты мағына жатыр: оқушылар түсініктемені түсінбеген кезде, олар мұғалімнен емес, өзінің құбысынан сұрайды. Оның үстіне, бұл тәжірибе құрбы-құрдастарын бағалау ауыртпалығын оқушыға салуға болатындығымен құнды. Мұғалім тыныш қана бақылап, болып жатқан жағдайға қарай тиісті шаралар қабылдап отырады.

*Біз құрбы-құрдастарын бағалауды жиі өткіземіз – бұл тәжірибенің өте пайдалы екендігін айтқым келеді. Тақырып бойынша көптеген түсініксіз жайттар анықталып жатады, үй тапсырмасын қарастырғанда соларды талқылаймыз. Одан кейін мен сыныпты аралап оқушылармен жеке-дара әңгімелесе отырып, өзара бағалауға көшемін. – Роуз, Brownfields мектебі.*

Алайда, өзін өзі бағалау мұғалім өз оқушыларына, әсіресе үлгерімі нашар оқушыларға осы дағдыны дамытуға көмектескен жағдайда жүзеге асады. Ол айтарлықтай уақыт пен іс-тәжірибені талап етеді.

*Балалар мен істеңдер деп сұраған істі орындау дағдыларын игермеген. Меніңше, бұл ұзақ мерзімді жоспарда анағұрлым тиімді болмақ. Алайда бұл іске уақыт бөлсеңіз, ол өзін ақтап шығады. Оның балаларды жауапкершілікті сезініп, іс-қимылында дербес болуға ықпал ететін күші бар. – Том, Riverside мектебі.*

Қарапайым және тиімді идея – оқушыларға «бағдаршам» түстерін пайдалану, өз жұмысын жасыл, сары немесе қызыл түстермен бағалау тиісінше жақсы, орташа немесе шамалы түсіндім дегенді білдіреді. Бұл белгілер оқушылардың өзіне берген бағасын хабарлаудың қарапайым амалы болып табылады. Содан кейін оқушылардан өз пікірін құрбы-құрдастарына ашық айтуды сұрап, өзара бағалау мен өзін өзі бағалауды байланыстыруға болады. Бұлай байланыстыру олардың дағдыларын дамыту үшін қажет, ал бұл екі тәсілді бір-бірінен бөлу өзін өзі тиімді бағалау дағдысын қалыптастыруға жол ашады.

Тағы бір жолы, алдымен оқушылардан жұмыстың белгілі бір кезеңінде өз кестелерімен – «бағдаршам» түстерімен белгілеп отыруды сұрауға болады, соңында жұмыс үшін жасыл, сары немесе қызыл түс қойғанын көтеру арқылы көрсетіп бағалайды.

Мұғалім «жасыл» немесе «сары» түстер бірлесіп бір-біріне проблеманы шешуге көмектесуі үшін оларды жұпқа біріктіре алады. Ал «қызылдар» тобы өздерінің үлкен ақаулықтарын жою үшін мұғаліммен «топтасады». Топтық жұмыс тиімді болу үшін оқушыларға оның барысында өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек, соның ішінде олардың бойына басқаларды тыңдай білу және барлығын кезекпен істеу сияқты дағдыларды сіңіру қажет.

Оқушылардың пәнді түсінуге қатысты ойлары да алдағы сабақтарды жоспарлауда қолданылуы мүмкін, олардың түсініктемелері мұғалімге қай салаға көбірек көңіл аудару қажет екенін анықтауға көмектеседі. Жаңа тараудың басында оқушылардан «бағдаршам» түстерінің көмегімен өткен тарау бойынша қорытынды тестіге баға беруді сұраңыз: сары мен қызыл түстер жоспарлау кезінде басымдықтарды белгілеуге көмектесе алады. Бұл тәжірибе сыныптағы жұмысты жақсартуға бағытталған мынадай тұжырым жасауға ықпал етті:

- Білім берудегі кез келген жетістіктерді бағалау критерийлері оқушылар үшін айқын болуы керек, себебі оларда өздерінің жұмыстарының мақсаттары туралы және оны ойдағыдай аяқтау үшін не қажет екендігі туралы анық түсінік болуы керек. Бұндай критерийлер абстрактілі болуы мүмкін, бірақ түсінікті дамытуға бағытталған тапсырмаларды құрғанда нақты мысалдар пайдалануы қажет.
- Оқушыларға құрбыларын бағалау жұмысының ерекшеліктері мен осы жұмыс кезіндегі ынтымақтастық дағдыларын үйрету керек, өйткені бұл жұмыс шынымен маңызды және қатарластарын бағалау өзін өзі бағалауда шыншыл болу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
- Оқушылар оқудағы мақсаттарын үнемі жадысында ұстап, осы мақсатқа жету жолындағы өзінің алға басуын бағалай білуі тиіс. Сонда олар өздерінің жұмысын басқаратын, мейлінше дербес оқушы бола алады.

Бұның барлығы қатарластарын бағалау мен өзін өзі бағалау оқушылардың білімін дамытуға ықпал етеді дегенді меңзейді. Оның үстіне, олар басқа тәсілмен қол жеткізе алмайтын мақсаттарына қол жеткізеді.

### ***Жиынтық тестілерді білім беру құралы ретінде пайдалану***

Өзін өзі бағалау және өзара бағалау тәжірибесін тесті дайындау барысында қолдануға болады. Оны мына мысалдан көреміз:

*Оқушылар біз сыныпта талқылаған қайталау тәсілдерінің бірде біреуін қолданған жоқ. Барынша егжей-тегжейлі жауап алу барысында олардың көп уақытын материалдарды жай ғана қайталауға жұмсайтындары анықталды. Олар өз жұмыстарын қайта-қайта оқиды, бірақ өз жұмысын талдап, шолумен айналыспайды. Үй жұмысын істеу кезінде біз сыныпта қолданған белсенді оқыту стратегияларын қолданбады. – Том, Riverside мектебі.*

Бұл жағдайды түзету үшін оқушылардан тестілерге енгізілген негізгі сөздер мен тақырыптарды «бағдаршам» түстерімен бағалау сұралады. Бұл тапсырманың мақсаты оқушыларды қандай тақырып қиындық тудырмайтындығы туралы ойлануға итермелеу болып табылады. Ол тақырыптар жасыл түспен бағаланады, ал барынша назар аударуды талап ететін тақырыпқа сары немесе қызыл түс қойылады. Бұл «бағдаршам» белгілері қайталауды жоспарлау үшін негіз болады. Оқушыларға өткен тестілерден алынған, «қызыл» түспен бағаланған тақырыпқа жататын сұрақтарды бағалау ұсынылуы мүмкін. Осыдан кейін балалар бұл сұрақтарға жауап бере алатындығына көз жеткізу үшін оқулықтармен немесе топтағы құрбы-құрдастарымен бірлесіп жұмыс істейді.

Тестілер қалыптастырушы бағалауға негіз бола алады. Егер алдымен оқушылардан балдарды есептеу ережесін жасау талап етілген жағдайда, құрбы-құрдастарының тестілерді бағалауы пайдалы бола алады, себебі бұл тапсырма оқушылардан олардың білімінің сапасының критерийлеріне назар аудартады. Құрбы-құрдастары баға бергеннен



кейін, мұғалім қалған уақытты сыныпта қиындық тудырған сұрақтарды талқылауға жұмсай алады.

Зерттеу барысында біз анықтаған тағы бір жаңалық – емтиханға дайындалғанда алдымен өз сұрақтарын құрып, содан кейін ол сұрақтарға жауап беріп дайындалған оқушылар дәстүрлі тәсілмен дайындалған оқушылардан асып түскен<sup>8</sup>. Тестілік сұрақтарды дайындау оқушыларға тақырып бойынша түсінік қалыптастыруға көмектеседі.

*Оқушыларға тест үшін жақсы сұрақ құруға не көмектеседі деген сұрақ төңірегінде ойлану керек, ол үшін олар тақырыпты толық түсінулері керек. Оның үстіне, ынталандыру түрінде жақсы сұрақтар сыныпқа арналған тестінің құрамына енгізілді. Осылайша, оқушылар жұмыстарының бағаланатындығын көреді, ал мен олардың бұл саладағы жетістіктерін көремін. Тестіні талқылау барысында белгілі бір тақырыптың проблемалық мәселелеріне назар аударатырып, топтық және жұптық жұмысты пайдаланған дұрыс. – Энжела, Cornbury Estate мектебі.*

Осы сияқты жетістіктерге сүйеніп күтілетін нәтижелерді өзгертуге болады. Кейбіреулердің пайымдаулары бойынша, қалыптастырушы және жиынтық бағалау өздерінің мақсаттары бойынша мүлде әртүрлі, сондықтан оларды бір-бірінен ажырату керек. Онысымен қоймай, өз тәжірибесінен алынған күрделі жиынтық тестінің оқуға кері әсер еткенінің мысалын келтіріп, жағдайды одан сайын ушықтыра түседі. Қалай болған күнде де, мұғалімдер мен оқушылар бұларды ажыратып отырады дегенге сену қиын, сондықтан олардың арасында оңтайлы өзара ықпалға қол жеткізуге ұмтылған дұрыс. Біз сипаттаған барлық тәсілдер мұғалім баға қойылуын бақылайтын тестілерде пайдалануы мүмкін. Алайда, мұғалім шамалы бақылайтын немесе мүлде бақыламайтын тестілерде олардың пайдалануы шектелуі мүмкін.

Жалпы алғанда, қалыптастырушы мақсаттарға арналған жиынтық тестілерді пайдалана отырып, сынып жұмысын жақсартудың негізгі мүмкіндіктері:

- Оқушыларға өз жұмыстарын қайта қарастыруды тиімді жоспарлауға мүмкіндік беру үшін оқушылар жасаған жұмыстарының рефлексивтік шолуына қатысулары тиіс;
- Өздеріне бағалау үдерісін түсінуге көмектесу үшін және алдағы уақытта күш-жігерін қай саланы жақсартуға жұмсау керектігін түсіну үшін оқушылар сұрақ қойып, жауап беруге тиіс;
- Оқушылар өздерінің жұмыстарын қалай жақсартуға болатындығын түсіну үшін өзара және өзін өзі бағалау критерийлерін қолдануға тиіс. Бұл сыныпта оқушыларға емтихан сұрақтарын пысықтауға мүмкіндік беруді қамтуы да мүмкін.

Бұл жердегі көзделген мақсат - жиынтық тестілер оқу үдерісінің жағымды бөлігі болуы тиіс. Тестілерді дайындау үдерісіне белсенді тартылу арқылы оқушылар тестілеудің құрбаны болудың орнына, оның пайдасын көруге мүмкіндік алады, себебі тестілер оқытуды жақсартуға көмектесе алады.

## **ОЙЛАР: БІРНЕШЕ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

Оқу үшін бағалауды жақсартудың арқасында орын алған өзгерістер бізді және жобаға қатысушы мұғалімдерді оқыту мен оқу міндеттері туралы терең ойлануға түрткі болды.

### **Оқыту теориясы**

Кәсіби біліктілікті арттыру курсының бірінші жартысында бір қызық жағдай орын алды – оған қатысқан мұғалімдер оқыту психологиясы бойынша семинар өткізуді өтінді. Өткенге шолу жасайтын болсақ, мұндай өтініштің болатынын күтуіміз керек екенін көреміз. Ақыр соңында, оқушыға қайтарылған ақпарат оның білімін жақсарту үшін

пайдаланылған жағдайда ғана мұғалім пікірінің қалыптастырушы функциясы болатындығы атап өтілді. Ал әзірше біреулер мұғалімнің пікірі күтілген нәтижеге жеткендігін зерттеп жатса, екіншілері оқушыларға пікір айту үшін мұғалімдерге не қажет екенін зерттеуде, ал ол пікірдің пайдалылығына олар сенімді. Бұл үшін оларға оқушылар қалай оқитындығының моделін құру керек.

Сондықтан оқушылардың жауаптары шын мәнісінде оқыту үдерісіне көмектесетіндігіне көзі жеткенде мұғалімдер тапсырмаларды, сұрақтарды және басқа да жаттығуларды таңдауға мұқият қарайтын болды. Бұл әрекеттер оқушылар бұл тапсырмалардан өздеріне қандай пайда алады деген ойға итермелеуі мүмкін. Осылайша, оқушыларға жаңа және айтарлықтай маңызды идеяларды қосу үшін өздерінің білімдерін қайта құруға көмектесу тәсілдерін іздестіру тиімді оқудың негізі болып табылады. ПМОҚБЖ жобасының сыныптарында мұғалімдер оқушылардың жауаптарына мұқият назар аударып бастаған кезде, оқушылар оқу – білімді енжар түрде алу үдерісі емес, оқушылардың білімді өз бетінше түсінуге белсенді қатысу үдерісі екендігін барынша түсіне бастады. Басқаша айтар болсақ, тестіден жақсы баға алуға қаншалықты күш-жігер жұмсалғанына қарамастан, оқуды оқушы өзі ғана құра алады.

Мысалдардың көмегімен оқушылар қандай жұмыс жақсы екендігін түсіне бастайды. Кей кездері белгілі бір мысалдың төңірегінде бүкіл сыныппен нысаналы әңгімелесу кезінде; кей кездері құрбы-құрдастарының жұмыстарын өзара бағалау үшін белгілі бір критерийлерді қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Құрбы-құрдастарын бағалауға және өзін өзі бағалауға тартылуы – жай ғана қателерді түзету немесе біліміндегі ақауларды толтыруға қарағанда анағұрлым күрделі. Ол әдетте көзге көрінбейтін нәрсені тануды қамтиды, сондықтан да оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Бір оқушы былай деп жазыпты:

*Зерттеулерімді құрбы-құрдастарым бағалағаннан кейін, маған өз қателерімді мойындау оңай. Зерттеуді орындау нәтижесінде жалғыз мен ғана білім алып қоймай, оны бағалаған оқушы да білім алады деп сенемін. Келесі жолы маған заттарды барынша анық түсіндіруіме тура келеді, себебі олар «Мұны түсіну қиын...» деп жатыр. Қазір түсінікті болуы үшін мен өзімнің есебімді тағы да түсіндіремін.*

Жоба барысында оқушылар да олар білім алған не алмаған кездерін терең сезіне бастады. Кейіннен оқу үшін бағалау жобасына қатыспаған мұғалім сабақ берген бір сыныптың оқушылары: «Тыңдаңызшы, біз сізге айттық қой, біз мұны түсінбейміз. Сіз неге келесі тақырыпқа көшесіз?» деп шағымданып, мұғалімді таңқалдырды. Оқуда еш қиындығы жоқ оқушылар мұғалімдер үшін қиындық тудырып жатқанда, бізге шешуге тура келетін қиындықтар дәл осылар болар деп үміттенеміз.

### **Пәндердің айырмашылығы**

Зерттеулер туралы естіп, әріптестерімен пікір алмасқан соң, мұғалімдер негізгі дағдылар тізімін жасады. Олар ойлану үшін жеткілікті уақыт берілетін сұрақтарды жоспарлап, ойлануға мәжбүрлеуге бағытталған түсініктемелер ұсынды. Олар оқушыларға өзінің жұмыстарын және басқалардың жұмыстарын бағалау үшін жеткілікті уақыт беруге тырысты.

Алайда белгілі бір уақыт өткеннен кейін, бұл негізгі талаптар белгілі бір дәрежеге дейін ғана әкелетіні түсінікті болды. Жақсы сұрақты таңдау үшін пәнді жан-жақты білу қажет, бұл үшін пәнді терең меңгерген жағдайда ғана алуға болатын білім міндетті емес. Пән бойынша жоғары деңгейлі дайындыққа қарағанда, пәннің фундаменталды қағидаттарын толық түсіну, оқушыларға ұшырасуы мүмкін проблемалық мәселелерді түсіну және өнімді ойлауды ынталандыратын сұрақтарды құрудағы шығармашылық қабілет анағұрлым маңызды<sup>9</sup>. Сонымен қатар, мұндай педагогикалық білім оқушылардың жауаптарын түсінуде маңызды болып табылады. Яғни, оқушылардың айтқандары

олардың ойын білудің кілті болуы мүмкін, дегенмен мұндай кілтті түсіну пәнді оқыту үдерісінде туындауы мүмкін жалпы қиындықтар туралы толық білуді талап етеді. Сондықтан, қалыптастырушы бағалаудың жалпы қағидаттары барлық пәндерде қолданылғанымен, олар әр пәнде әртүрлі тәсілдер арқылы көрініс беруі мүмкін. Математика, жаратылыстану және тіл пәндерінің мұғалімдерін салыстыру барысында, біз осындай айырмашылықтарды көрдік.

Математика пәнінде оқушылар алгоритмдерді қолдануға және оларды қолдайтын ұғымдар туралы түсінік қалыптастыруға үйренеді. Оқушылар белгілі бір жағдайда ғана қолданылатын стратегияларды өткен кезде олардың тағы басқа жерлерде қолданылмайтынын түсінбеуі қиындық тудыруы мүмкін. Осы стратегияларды талқылап, оқушылар бұл стратегияларға қатысты өз түсінігін өзгерту қажеттігін түсінетіндей етіп бұл проблеманы тереңірек зерделеу үшін *жауап алуды* қолдануға болады. Мұндай оқудың әдетте анық көрінетін дұрыс нәтижесі болады. Ашық тапсырмаларда, сондай-ақ күнделікті тапсырмаларды шешу үшін математикалық тәсілдерді қолдану кезінде дұрыс шешімдердің бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Бұл жағдайда сапа критерийлерін түсіну қиындау тиіп, ол нақты мысалдар мен абстрактілі критерийлерді бірлесіп талқылауды қажет етуі мүмкін.

Жаратылыстану пәндерінде жағдай осыған ұқсас. Табиғатта ғылым «дұрыс» түсініктеме беретін көптеген құбылыстар болып жатады. Алайда, көптеген оқушылар мектептен тыс та түрлі білім алады. Мысалы, кейбір оқушылар жануарлар қозғалатындықтан олар тірі, ал ағаштар және өсімдіктер тірі емес, себебі олар қозғалмайды деп ойлауы мүмкін. Немесе оқушылар айда ауа болмағандықтан, ғарышкерлер онда салмақсыз болады деп есептеуі мүмкін. Осындай «қарама-қарсы ұғымдардың» көбін алдын ала болжауға болады, себебі олар жақсы құжатталған. Сонымен бірге жалғыз «дұрыс» көзқарас бар деп тұжырымдау тиімсіз екені анықталды. Бұндай жағдайда осы идеялар төңірегінде әңгіме бастап, ал содан кейін ғылым әлемінен алынған жаңа фактілер мен дәйектерді енгізе отырып, оның көзқарасын жоққа шығаратын түсініктеме ұсыну қажет.

Нәтижесін болжауға болмайтын басқа да аспектілер бар. Айталық, математика пәнінде ашық тапсырмалар қалыптастырушы бағалаудың түрлі тәсілдерінің қолданылуын көздейді. Ал ғылыми жетістіктердің әлеуметтік және этникалық салдарларына қатысты сұрақтар әлі ашық күйінде қалуда. Сондықтан, оны шешудің фундаменталды тәсілін қолдану үшін мұндай жұмыс барынша «ашық» болуы тиіс. Түсініктеме берудің басты міндеті оқушыларды әңгімеге тарту, олардың қандай болжамдары бар екенін біліп, ұсынатын дәйектерінің сапалы болуына көмектесу болып табылады.

Тіл сабағындағы өзара бағалау мен өзін өзі бағалаудың өзіндік тарихы бар. Пәннің мазмұны болсын, көптеген тапсырмалардың нәтижелері болсын бұл тәсілдерді пәннің жалпы мақсаты – оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын күшейтуге қатысты басты орынға шығарып, бірінші кезекке қояды.

**Түсініктеме берудің басты міндеті оқушыларды әңгімеге тарту, олардың қандай болжамдары бар екенін біліп, ұсынатын дәйектерінің сапалы болуына көмектесу болып табылады.**

Өзара бағалау мен өзін өзі бағалаудың екінші маңызды функциясын Ройс Садлер енгізді. Оның пайымдауы бойынша, критерийлердің өздері жұмыс сапасын бағалау үшін немесе алға басушылықты анықтау үшін пайдасыз, себебі қосымша факторлар өте көп<sup>10</sup>. Мәселенің шешімі белгілі бір жағдайларда критерийлерді қалай түсіндіруді білуде жатыр. Осы жағдайда мұғалімдерге «білім жүйесі» қажет болады. Мұғалімдер бұл білімді оқушылардың білімін бағалау жолымен алады. Бұл – оларға бағаларды саралауға, алға ілгерілеушілікке қалай қол жеткізілгенін білуге мүмкіндік беретін үдерістің дәл өзі. Өзара

бағалау мен өзін өзі бағалау оқу барысында оқушыларға сапа критерийлерімен көзделген осындай мүмкіндіктерді ұсынады.

Әдебиет сабағында, жаратылыстану және математика пәндеріндегідей негізгі сабақтарға басты назар аударған дұрыс. Оқушыларға мәтін мазмұны туралы түсінігін кеңейтуге немесе өз идеяларын жазбас бұрын оларды құрып алуға мүмкіндік беретін кеңейтілген тапсырмалар өте ұтымды болып саналады. Олар шағын топта немесе жұппен жұмыс жүргізуді көздегенімен, нәтижелері бүкіл сыныптың талқылауына шығарылады. Әдебиет сабақтарында жұмыстың тағы бір түрі кездеседі – бұл дағды оқуға қадам сайын қолдау көрсетіп отыру үшін тапсырманың белгілі бір құрылымын қалыптастыру үшін ғана қолданылады, дегенмен ол ойды шектемес үшін оған қатты екіпін жасалмайды. Жұмыстың мұндай түрлері оқушыларға әңгімелесу барысында түсінікті дамытуға мүмкіндік берумен қатар, алдағы жауап алу кезінде мұғалімге сабақтың өнімділігін бағалап, оқушылардың жұмысын басқаруға мүмкіндік береді. Тапсырманың сапасы қаншалықты жақсы болса, оның ықпал ету сапасы да соғұрлым жақсы болмақ.

Оқу тапсырмаларының арасындағы айырмашылық олардың әрқырлығы тұрғысынан қарастырылуы мүмкін. Бір жағынан – жалғыз дұрыс жауабы бар «жабық» тапсырма, екінші жағынан лайық келетін бірнеше жауаптары бар «ашық» тапсырма. Әдебиет сабағының тапсырмасы - мысалы, өлең жазу – көп жағдайларда әртүрлі нұсқа болуын көздейді. Алайда, тіпті осындай тапсырмалардың өзінде тұрақты компонент бар – мысалы, грамматикалық және жанрлық ережелерді сақтау. Математика бойынша тапсырмаларға келер болсақ, олар негізінен бір ғана дұрыс жауап күтеді, бірақ күнделікті проблемаларды шешу үшін математиканы қолдану ашық бағалауға әкелуі мүмкін. Сондықтан, оқытудың екі нысаны үшін де кез келген пәнде қолдануға болатын белгілі бір ережелер қажет.

Осы айырмашылықтарға қарамастан, тәжірибе баланың бойында дамыған негізгі дағдылар барлық пәндерде қолданылатындығын көрсетті. Жобаға қатысқан жаратылыстану пәнінің бір мұғалімі өз әріптестеріне біз талқылаған тәсілді өз тәжірибесінде қолданғандығы жөнінде айтып беріп, одан кейін бұл тәжірибенің барлық пәндерге тарағандығын көрген:

*Сурет және актерлік шеберлік мұғалімдері, технология мұғалімі де оларды жиі қолданады (кей кездері түрлі жауапты, ұзақ мерзімді жобаны көздейтін немесе оқыту бағдарламасымен қатты шектелмеген тапсырмалармен жұмыс жүргізеді). Алайда, ағылшын тілінің мұғалімі бүгін маған келіп, айтты: «Кеше таңғажайып күн болды. Бүгін мен оны өзімнің 8-сынып оқушыларыммен жүргізуге тырыстым. Ол менің қолымнан келді. Ешқандай қол көтерусіз, ойлануға жеткілікті уақыт берілді. Мен жыл бойы ауыз ашпаған балалардан таңқаларлық жауаптар алдым. Олар барлығы өз ойларын ортаға салуға тырысты және олардың жауаптарының сапасы тамаша болды. Ұзақ уақыт бойы сабақ беріп жүрсем де, алғашқы рет сабақ беру әдісімді өзгертуден жаңа бір сезімге бөлендім». - Джеймс, TwoBishops мектебі.*

### **Уәждеу және өзіндік қадыр-қасиет**

Оқу – тек қана танымдық үдеріс емес: ол адамды тұтасымен тартып алады. Оқушының ынтасын арттырып отыру қажет екені анық. Әдетте баға, алтын жұлдыз және сыйлық сияқты сыртқы марапаттар оны ынталандырудың ең жақсы жолы сияқты қабылданады. Алайда, бұл ұйғарымды жоққа шығаратын дәлел бар.

Оқушылар белгілі бір жетістікке жететініне сенімді болса тапсырманы орындауға құлшыныс білдіреді. Егер де сабақ жарыс деп қарастырылатын болса, онда жеңімпаз да, жеңіліс тапқан да болатыны түсінікті, сондықтан бұған дейін жеңіліс тапқандар тізімінде болған оқушылар талпынуға тырыспайды да. Осылайша, мұғалімдердің алдында тұрған міндет – кейбіреулер табысты болып, ал басқалар шамалы нәтижеге қол жеткізетініне қарамастан, барлық оқушыларды бірдей ынталандыра білу. Бұл мәселені шешуде



орындалған тапсырма туралы түсініктемелердің маңызы зор. Көптеген зерттеушілер осы тұжырымды қолдайды. Бірнеше мысал келтіре кетейік:

- Оқушыларға түсініктемелер «сендерге оқуда көмектеседі» делінсе, олар «сендердің тапсырманы қалай орындағандарың бізге сендердің қаншалықты ақылды екендеріңді, қандай баға алатындарыңды көрсетеді» деп айтылған оқушыларға қарағанда көп біліп алады. Нашар оқитын оқушылар үшін бұлардың айырмашылығы зор<sup>11</sup>.
- Баға алатын оқушылар бұдан өздерін басқалармен салыстыру амалын көреді (жеке қызығушылық); ал тек қана түсініктеме алған оқушы бұдан жақсартуға бағытталған көмекті сезінеді (тапсырмаға деген қызығушылық). Соңғысы алғашқыларынан асып түседі<sup>12</sup>.
- *Бәсекелестік жүйеде* үлгерімі нашар оқушылар өзінің үлгерімінің нашар болуын «қабілетінің» жеткіліксіздігімен, ал үлгерімі жақсы оқушылар өзінің талпыныс, күш-жігерімен байланыстырады. *Тапсырмаға бағдарланған жүйеде* үлгерім жұмсалған күштің нәтижесі деп саналып, оқу, әсіресе нашар үлгеретін оқушылардың оқуы жақсарады<sup>13</sup>.
- Түсініктемелерді зерттеуге жан-жақты шолу жүргізу оның үлгерімді 60 пайызға жақсартатынын көрсетті. Пікірлер пайдасыз болған жағдайларда, ол пікір жай ғана пайымдау немесе қалай жақсартуға болатынын көрсетпейтін бағалау ғана болған<sup>14</sup>.

**Баға алған оқушылар бұдан өздерін басқалармен салыстыру амалын көреді; ал тек қана түсініктеме алғандар жақсаруға бағытталған көмекті сезінеді. Соңғысы алғашқысынан асып түседі.**

Жалпы алғанда, мадақтау немесе бағалау түріндегі пікір тапсырмаға деген қызығушылыққа қарағанда, жеке қызығушылықты арттырады. Ол оқушылардың назарын талпынудың маңызды екендігіне аударудың орнына, олардың «қабілетіне» аударды, осылайша нашар үлгеретін балалардың өз күшіне деген сенімін талқандап, «сырттан таңылған дәрменсіздік» проблемасына әкеледі<sup>15</sup>. Ал не істеу керектігі туралы түсініктемелер балаларға өздерінің оқуларын жақсартуға алатындықтарына сенім ұялатады. Мұндай пікір оқушылар тарапынан күш жұмсау арқылы, мұғалімдер тарапынан сол күшті жұмсауға ынталандыру арқылы оқуды жақсартуға ықпал етеді<sup>16</sup>.

### **Шығармашылық идея: Оқуға ден қою**

Жоба аясындағы біздің эксперименттеріміз мұғалімнің негізгі мақсаты *оқушының оқуын жақсарту* екенін түсіну қажеттігін көрсетті. Бұл мақсатқа қол жеткізу сабақтарды жоспарлауды қайта қарап, мұғалімнің өзінің де, оқушының да оқу үдерісін қолдаудағы рөлін өзгертуге дайын болуын көздейді.

### **Оқу ортасы: Негіздері және жоспарлар**

Сабақта оқытуды жақсарту үшін алдын ала мұқият дайындық талап етіледі.

*Бұған дейін оқыту туралы ойым менің кәсіби даму жолымда пайда болған және оған ықпал ететін кез келген мәселені шеше алуым үшін мен идеялар мен стратегияларды ойлап таба аламын дегенге саятын. Қазір мен сабақтардың мазмұнын барынша мұқият ойластырамын. Менің «Мен нені оқытпақпын және оқушылар не істейді?» деген ойым «Мен бұны қалай үйретемін және оқушылар нені білудері тиіс?» деген ойға ауысты. - Сюзан, Waterford мектебі.*

Мұғалім көрегендігінің мақсаты – өз жұмысын жақсартатындай етіп жоспарлау. Мысалы, сұрақтар мен сабақтарды жоспарлау оқу мақсатына сай келуі тиіс.

*Қалыптастырушы жаттығулардың алдында сұрақтарды құруға жеткілікті уақыт жұмсамаған екенмін. Өз жұмысымды талдау барысында оның соншалықты нашар екендігіне көзім жетті. Сұрақтарды уақыт өткізу үшін пайдаланғанымды, оқушылардың тарапынан мұқият ойлануды талап етпейтін сұрақтарды қойғанымды анықтадым. Оқушылармен, әсіресе оқуда қиындықты көп сезінетіндерімен әңгімелесу барысында оларды тақырып туралы ойландыратын, оқу барысында алға қадам басуға мүмкіндік беретін сұрақтарды қойған дұрыс. – Дерек, Century Island мектебі.*

Мұғалімнің диалог барысында немесе жазбаша жұмысқа түсініктеме беру кезінде беретін жауаптарының сапасы туралы да ұмытуға болмайды. Дұрыс түсініктеме оқушыларға жоғары сапалы жұмыстың қандай болатынын ұғындырып, өз жұмысының сапасын жақсарту үшін не істеу қажеттігі туралы жөн сілтеуі қажет. Сонымен бірге, кері байланыс оқушылардың дағдылары мен тиімді оқыту стратегияларын жақсарта алады.

Осы орайда тағы бір үлкен проблема бар. Оқу ортасы оқушылардың оқу тапсырмаларын орындауға барынша қарқынды тартылуына ықпал ететіндей етіп «құрылуы» тиіс. Бұл жерде оқушылардың ойлану үдерісі басты назарға алынып, ол ойлану үдерісі мейлінше ашық болуы, яғни дыбысталуы тиіс. Мұғалімдердің бірінің айтуы бойынша:

*Белгілі бір кезеңде оқыту үдерісіне өзімнің қандай үлес қосатынымнан, оқушының үлесі қандай екеніне көбірек көңіл бөлуге ауыстым. Оқушылардың оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізу тәсілдерінің бірі оларды мейлінше көп ойлануға жетелеу, түрткі болу екендігін түсіндім. Одан кейін мен оқушылар үшін оқыту үдерісін барынша ашық ету тәсілін іздестірумен айналыстым. Қазір өз уақытымның басым бөлігін оқушыларды өзінің білімі үшін жауапкершілік алуына мәжбүрлейтін тәсілдер мен оқыту үдерісін бірлесіп өткізу жолдарын іздестіруге жұмсаймын. – Том, Riverside мектебі.*

Мұғалім мен оқушының, оқушылардың өздерінің арасындағы өзара қарым-қатынас оқушылар өздерінің идеяларын зерттей алатын, өз құрбы-құрдастарынан баламалы идеяларды естуіне және оларды бағалауға мүмкіндік беретін қолайлы ортаның қалыптасуына ықпал ете алады.

*Оқушылардың әрқайсысына өз әріптесіне түсіндіру үшін материалдың бір бөлігін беру арқылы оқушыларды шағын топтарға бөлу тәсілін қолдандым. Оларға дайындалу үшін бірнеше минут, бірнеше ойтামыздық беріледі, өз ойларын жазып алу үшін олар дәптерлерін пайдаланады. Одан кейін әрбір оқушы өз тақырыбын топтың қалған мүшелеріне түсіндіреді. Оқушылар бір-бірінің ойларына тез назар аударады, мысалы: «Меніңше, сен таңдап алған мысалдар өте пайдалы, себебі олар біздің кітапта бар материалдарға қарағанда өзгеше. Мен оларды есіме де алмас едім». Немесе, «Сұйықтықтар мен газдар арасындағы айырмашылықты түсіндіру кезінде бөлшектер туралы айта кетерсің деп ойладым». Мұндай сабақтар кейбір оқушылардың түсіну деңгейін ұғыну үшін маған ғана емес, сондай-ақ оқушылардың өздері үшін де құнды болды. – Филип, Century Island мектебі.*

Мұндай оқу ортасының тағы бір артықшылығы – мұғалім сыныптың қалған бөлігі де қарқынды жұмыс істеп жатқандығын біле отырып, бір топпен қарқынды жұмыс істеп, сол топтың идеялары мен болжамдарын талқылай алады.

Сонымен, тиімді оқыту ортасын құруға арналған негізгі іс-әрекеттер:

- сыныптағы сабақтарды оқушыларға өз ойларын ортаға салуға мүмкіндік беріп, түсініктемелер олардың ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететіндей етіп жоспарлау;
- түсініктемелерді оқыту үдерісін жақсартуда жетекшілік ететіндей етіп құру;
- әрбір оқушы қатысып, тапсырма алуы үшін бірлесіп жұмыс істеуді талап ететін тапсырмаларды пайдалану және оқушыларды бірін-бірі тыңдауға және өзгелердің идеяларын құрметтеуге үйрету;
- оқушылар сабақта белсенді қатысатындығына сенімді болып, оқытудың дұрыс жауап беруге қарағанда, өзінің түсінігін айтуға және талқыға араласуға дайын болуына байланысты болатындығына сендіру.

### **Оқу ортасы: Рөлдер мен күтілетін нәтижелер**

Дәрісханалық оқытудың жаңа бір түрін жоспарлау бір басқа, оларды алға қойылған мақсаттарға сәйкес іс-тәжірибеде қолдану бір басқа. Бұл жерде дайын тәсіл жоқ. *Қара жәшіктің ішінде* қалыптастырушы бағалауды ұтымды дамыту «әрбір мұғалім өзіндік дәрісханалық оқыту моделінен шығатын идеяларын қалыптастырып, сабақ өткізудің өзіндік тәсілін тапқан» жағдайда ғана жүзеге асырылады деп нақты айтылған.

Екінші қағидат – қарастырылып отырған оқу ортасы сынып мәдениетін талап етеді, ол мұғалімге де, оқушыға да бейтаныс болып, екеуін де әбігерге салуы мүмкін. Мұғалім енгізген инновацияның әсері мұғалімдер мен оқушылар арасындағы «сыныптық келісімді» - күтілетін тәртіпті анықтайтын ережелерді өзгертіп, оны мұғалімдер де, оқушылар да мойындауға тиіс.

Оқушылар мұғалім ұсынатын білімді енжар түрде қабылдаушыдан, өзінің білім алуы үшін жауап беретін және өз оқуын басқаратын белсенді оқушыларға айналуы қажет.

Мұғалімдерге жігерлілік пен батылдық қажет. Жобамыздың бастапқы кезеңінде көптеген қатысушылар жаңа тәсілді «үрейлендіретін» деп сипаттағандары бар, өйткені олар өз сабақтарын бақылаудан шығарып аламыз ба деп қорыққан екен. Жобаның соңына қарай олар бақылауды жоғалту жөнінде емес, оқушылардың оқуы үшін жауапкершілікті сыныппен бөлісу туралы айта бастады; бұл да дәл сол үдеріс, тек басқа көзқарас тұрғысынан қарастырылады. Бір жағынан, мұғалімдер мен оқушылар жеткізуші/алушы сияқты өзара қарым-қатынаста болады, екінші жағынан олар ортақ мақсатқа ұмтылған әріптестер:

*Қалыптастырушы бағалау мені өзіме қарағанда, оқушыларға көп көңіл бөлуіме жетеледі. Оқушыларға алға қарай ілгерілеуіне мүмкіндік бере алатындығыма көзім жетті.* – Роберт, Two Bishops мектебі.

Нәтиже қандай? Нәтиже – әрқайсысының үміттері – атап айтқанда, мұғалім мен оқушылардың өздері не істеулері қажет деген ойлары өзгерді. Бұндай өзгеріс жүргізу оңай болмауына қарамастан, олар кенеттен жүрмеуі керек. ПМОҚБЖ жобасының мұғалімдері тәжірибе жинақталуына қарай баяу және біртіндеп өзгеріп, түсініктеме беру мен бірлескен жұмысты жақсарту жөніндегі түрлі стратегияларды пайдаланудағы сенімділігі өсті. Мысалы, көптеген мұғалімдер ойлауға ықпал ететін сұрақтар қоя бастады. Одан кейін олар ауызша және жазбаша түсініктемелерін жақсартып, ойлануды бірінші орынға шығару арқылы өзара бағалау және өзін-өзі бағалауды дамытуды жалғастырды.

Қорытындысында, төмендегі тәсілдер арқылы:

- «сыныптағы өзара қарым-қатынасты» барлығы мұғалім мен оқушы бірлескен нәтиже үшін бірігіп жұмыс істейді деп күтетіндей етіп өзгерту арқылы (бұл ретте бірлескен нәтиже әрқайсысының оқуын жақсарту болып табылады);
- оқушыларға белсенді оқушы болуға мүмкіндік беріп, осылайша олардың өз оқуы үшін жауапкершілік алуы арқылы;
- орынды болған жағдайда, қадамдап мұғалімнің рөлі туралы ұғымға өзгеріс енгізу арқылы;

- бағалау оқытуды жақсартатын амал-тәсілдерді ойластыру және үздіксіз назар аудару арқылы *сынып мәдениеті мен күтілетін нәтижелерді өзгертуге болады.*

### **Сіз не істей аласыз?**

Өз қызметіңізге қалыптастырушы бағалау идеясын енгізу үшін, ең алдымен, сіз не істейтіндігіңіз төңірегінде ойлануыңыз қажет. Әріптестермен талқылау және сабақтарда бірін-бірі бақылау осындай ойларға түрткі болуы мүмкін.

Келесі қадам енгізілген өзгерістерді тексеру болуы тиіс. Бәрін түбегейлі өзгерту қауіпті болып, бәрін бүлдіруі мүмкін, сондықтан өзгертіңіз келетін бір нәрсе таңдап алыңыз, мейлің, «бағдаршам» карточкаларын пайдалану немесе құрбы-құрдастарын бағалау болсын, немесе күрделендірілген жауап алу болсын, әйтеуір біреуі болуы тиіс. Тек істі бастаудан қорықпаңыз. Егер де сіз орта немесе жоғарғы сыныптарда сабақ беретін болсаңыз, онда алдымен бір сыныппен ғана орындап көріңіз. Мұғалімдер өздеріне сенімі артып, оқушыларға нені білетіндерін және нені білгілері келетіндерін айтуға мүмкіндік бере бастасымен-ақ, бағалауды өзінің бүкіл оқыту тәжірибесінде пайдалану керек деп ұйғаратынын байқадық.

Стратегияларды пайдалануды жалғастыру алдағы прогреске апарады. Бірнеше мұғалім бірлесіп жұмыс істегенде, әрқайсысы өзінің стратегиясын таңдап алып, кейіннен қол жеткізген жетістіктерімен бөліседі. Бұл үдеріс бірқатар стратегиядан тұратын «іс-әрекет жоспарының» нақты тұжырымдамасын жасауға әкелуі тиіс, бұл жағдайда сыныппен жұмыс істеуді оқу жылының басынан бастаған дұрыс. Оқу жылының басынан бастап кірісудің бірінші себебі - мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де жұмыстың жаңа тәсіліне үйреніп-төселуіне уақыт болады. Екінші себебі – әбден орныққан жұмыс тәртібін оқу жылының ортасында өзгерту қиын болады. Бірнеше сыныпта ғана бір жыл бойы үзбестен жұмыс істеу тәжірибесі, осы кезде басқа мұғалімдер де осы сияқты жұмыс атқарса, бұл жаңа тәсілдерді жаппай бейімдеуге мықты негіз бола алады.

Осы сияқты инновацияларды енгізуге тартылған топтармен бірлесіп жұмыс істеу қажет. Жалпы бақылау, идеялармен және қол жеткізілген өрлеу туралы тәжірибемен алмасу, тактика үшін де, стратегиялық деңгейде де пайдалы. Сыныптағы оқытудан күтілетін нәтижелерді және сынып мәдениетін өзгертуді ниет еткен кездегі алғашқы күмәнді жеңу үшін әріптестеріңіздің қолдау көрсетуі өте маңызды.

Кез келген жаңалыққа қатысты мектеп әкімшілігінің де қолдауы маңызды болмақ. Мектеп әкімшілігінің қолдау көрсетуінің бір жолы – мұғалімдерге жиі-жиі кездесу өткізуге уақыт бөлу. Сондай-ақ, мұғалімдерге әдістемелік бірлестікке және Педагогикалық кеңеске атқарылған жұмыс туралы баяндама жасауға мүмкіндік беру де маңызды.

Жаңалықты зерттеумен айналысатын кез келген топтың жұмысы бүкіл мектептің қызметіне құйылған инвестиция болып табылады, сондықтан көмек кішіпейілділік сипатта болмауы тиіс. Керісінше, топтың жұмысын бағалағаннан кейін, бай тәжірибені тарату басталады деп күткендіктен, мұндай жұмыс мектеп жұмысын жақсарту жоспарына енгізілуі тиіс.

**Мектептің саясатын қайта қарау қажет сияқты: үй жұмысының барлық түрлеріне баға қою саясаты маңызды тәсіл – түсініктемелерді пайдалануға кедергі келтіреді.**

Сонымен қатар, қалыптасқан мектеп саясатын қайта қарау қажет, себебі саясаттың кейбір қағидаттары қалыптастырушы бағалаудың пайдаланылуын шектеуі мүмкін. Қарапайым мысал ретінде кез келген үй жұмысына ұпай немесе баға қоюды талап ететін саясатты айтуға болады. Ол түсініктемелерді пайдалануға кедергі келтіреді. ПМОҚБЖ жобасына қатысқан алты мектептің бесеуі математика мен жаратылыстану ғылымдары мұғалімдерінің тәжірибесіне сүйеніп, баға қоюдың орнына түсініктеме беруді енгізіп,

өздерінің оқыту тәжірибелерін өзгертті, осы мектептердің екеуі қабылдаған өзгеріс барлық мектеп бойынша үй тапсырмасына ұпай және баға қоюдан бас тарту түрінде болды. Тағы бір мысалда жиі-жиі қайта қарауды талап ететін «мақсат қою» жүйесі орта, ұзақ мерзімді оқу дағдыларын дамытуда шұғыл «өрлеуді» баяулататын оқытудың кез келген тәсілдерін өзгертуге кедергі келтірді.

Сондықтан, оқу үшін бағалаудағы жаңалықтарды оқыту тәжірибесіне енгізуге көмек көрсету, бағалау және алдағы уақыттағы тарату, дамуды бақылау жауапкершілігі мектептің әкімшілігіне жүктелген жағдайда ғана үйлесімді жоспарланатын болады. Біздің тәжірибемізден көрініп отырғандай, бірнеше адамның күшімен қалыптастырушы бағалауды іске асыру сол адамдардың өздеріне қатысты әділетсіздік болар, ал барлық мұғалімдерден өз рөлдері мен әдістемесін табан астында өзгертуді талап ету – ессіздік.

Бұл ретте кем дегенде үш жылға арналған даму жоспары қажет, онда бірнеше шағын топтарға екіжылдық зерттеу жүргізуде қолдау көрсетіледі. Алдағы уақытта бұл топтар осы идеяларды бүкіл мектепке тарату үшін және әріптестеріне өздерінің осы сияқты экспериментін жүргізуге қолдау көрсету үшін түйінді өзек болмақ.

### Сілтемелер:

1. Пол Блэк және Дилан Уильям «Қара жәшік ішінде: сыныпта бағалау арқылы оқыту стандарттарын арттыру», Фи Дельта Каппан, қазан, 1998, 139-148-беттер. Бұл мақала Біріккен Патшалықта басып шығарылды және кеңінен таратылды. 2002 жылы басып шығарылған брошюра да Біріккен Патшалықта кеңінен таралды. Бұл екі мақала да бір мәселені көтерді, авторлары да бір адамдар. Екі брошюра да, сондай-ақ одан кейінгі сол топтамадағы брошюралар НФЕР-НЕЛЬСОН-да басып шығарылды. Бұл жерде әдебиеттерге аз ғана сілтеме берілген. Басылымдар мен ресурстарға қатысты басқа ақпаратты Қалыптастырушы бағалауды дамыту тобының парақтарында Патшалық колледждің веб-сайтынан табуға болады. Кейбір басылымдарды [www.Kel.ac.uk/education/research/Kal.html](http://www.Kel.ac.uk/education/research/Kal.html) сайтынан көшіріп алуға болады.
2. Paul Black and Dylan William «Assessment and Classroom Learning» [Бағалау және сыныпта оқыту], *Assessment in Education*, March 1998, pp. 7-71.
3. Paul Black, Christine Harrison, Clare Lee, Bethan Marshall, Dylan William, *Assessment for Learning: Putting It into Practice* [Оқу үшін бағалау: тәжірибеге енгізу] Buckingham, U.K.: Open University Press, 2003.
4. Mary Budd Rowe “Wait Time and Rewards as Instructional Variables, Their Influence on Language, Logic, and Fate Control” [Күту уақыты және оқытуды өзгерту нәтижелері: олардың тілге, логикаға және бақылау жүргізуге ықпалы], *Journal of Research in Science Teaching*, vol. 11, 1974, pp. 81-94.
5. Ruth Butler, “Enhancing and Undermining Intrinsic Motivation; The Effects of Task-Involving and Ego-Involving Evaluation on Interest and Performance” [Ішкі ынтаны арттыру және жою; Тапсырмаға бағытталған қызығушылық пен жеке қызығушылықтың өнімділігін бағалау], *British Journal of Educational Psychology*, vol. 58, 1988, pp. 1-14.
6. Royce Sadler, “Formative Assessment and the Design of Instructional Systems” [Қалыптастырушы бағалау және оқыту жүйелерін жобалау], *Instructional Science*, vol. 18, 1989, pp. 119-44.
7. Royce Sadler, “Formative Assessment: Revisiting the Territory” [Қалыптастырушы бағалау және оқыту жүйелерін жобалау], *Assessment in Education*, vol. 5, 1998, pp. 77-84.
8. Қараңыз, мысалы, Paul W.Foos, Joseph J.Mora, Sharon Tkacz, “Student Study Techniques and the Generation Effect” [Оқушыларды оқыту техникалары мен негізгі әсері], *Journal of Educational Psychology*, vol. 86, 1994, pp. 567-76; Alison King, “Facilitating Elaborative Learning Through Guided Student-Generated Questioning” [Оқушы нұсқаулығы-Сауалнама арқылы оқуды пысықтауға көмектесу], *Educational Psychologist*, vol. 27, 1992, pp. 111-26.



9. Қараңыз, мысалы, Mike Askew et.al., *Effective Teachers of Numeracy: Final Report* [Сандық ойлаудағы мұғалімдер тиімділігі; қорытынды есеп] (London: King's College London, School of Education, 1997). Бұл жұмыста педагог зерделеген, арифметика және жоғары математика бойынша бастауыш сынып оқушылары орындаған өрлеу арасында өзара байланыс жоқ. Шын мәнісінде, екеуінің арасында аздаған өзара байланыс болды.
10. Royce Sadler, "Formative Assessment: Revisiting the Territory" [Қалыптастырушы бағалау және оқыту жүйелерін жобалау], *Assessment in Education*.
11. Richard S. Newman, Mahna T.Schwager, "Students' Help Seeking During Problem Solving: Effects of Grade, Goal, and Prior Achievement" [Оқушыға проблеманың шешімін табуға көмектесу: сыныптың ықпалы, мақсат және күтілетін нәтижелер], *American Research Journal*, vol. 32, 1995, pp. 352-76.
12. Ruth Butler, "Task-Involving and Ego-Involving Properties of Evaluation: Effects of Different Feedback Conditions on Motivational Perceptions, Interest, and Performance" [Бағалаудағы тапсырмаға бағытталған қызығушылық пен жеке қызығушылық: уәжді, қызығушылықты және өнімділікті арттырудағы түрлі кері байланыстың әсері], *Journal of Educational Psychology*, vol. 79-том, 1987, pp. 474-82.
13. Rhonda G. Craven, Herbert W.Marsh, Raymond L.Debus, "Effects of Internally Focused Feedback on Enhancement of Academic Self-Concept" [Академиялық өзін өзі бағалауды арттырудағы кері байланыстың әсері], *Journal of Educational Psychology*, vol. 83, 1991, pp. 17-27.
14. Avraham N.Kluger, Angelo DeNisi, "The Effects of Feedback Interventions on Performance: A Historical Review, a Meta-Analysis, and a Preliminary Feedback Intervention Theory" [Өнімділікке ықпал етудегі кері байланыстың әсері: тарихи шолу, метаталдау және бастапқы кері байланыстың ықпал ету теориясы], *Psychological Bulletin*, vol. 119, 1996, pp. 254-84.
15. Carol S.Dweck, "Motivational Processes Affecting Learning" [Афферттік оқудағы уәждеу үдерісі], *American Psychologist* (Special Issue: Psychological Science and Education), vol. 41, 1986, pp. 1040-48.
16. Carol S.Dweck, *Self-Theories: Their Role in Motivation, Personality, and Development* [Өздік теориясы: оның уәждеудегі рөлі, жеке тұлға және оның дамуы] (Philadelphia: Psychology Press, 2000).

## ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ ҚАҒИДАТТАРЫН ЗЕРДЕЛЕУ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ КӨЗДЕЙТІН ЖАТТЫҒУЛАР

Мұғалімдерге қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту тәжірибесінде қандай деңгейде қолданылатындығы туралы ойлануды ұсына отырып, Хайлендтің Тұрақты Біліктілікті Арттыру Кеңесі жүзеге асырып жатқан рефлексиялық бағдарламаның В1 тарауында мынадай мәселе көтерілген: “Сонымен оқушылар сабақта не істейді?” Бұл сұрақ өте маңызды, себебі оқыту тәсілдерін жақсартуды емес, оқушыларды өзінің оқуына анағұрлым тиімді тартылуына мүмкіндік беруді көздейтін қалыптастырушы бағалауды дамытуға бағытталған.

Бұны көрсетудің бірден бір ыңғайлы жолы оқудағы диалогтің рөлі болып табылады. Профессор Пол Блэктің пайымдауынша, ертеректегі қалыптастырушы бағалауды зерттеулер негізінен мұғалімнің жауап алу әдістерін жақсарту жолдары мен ол қоятын сұрақтардың түрлеріне басты назар аударған. Егер де біз балаларды өзінің оқуына тартқымыз келсе, біз ең алдымен сұрақтар мен сауалдардың сапасына көп көңіл бөліп, сыныптағы диалогті дамыту тәсілдерін балалардың өздерінің оқуларына барынша белсенді қатысуын қамтамасыз ететін дәрежеге дейін зерделеуіміз қажет.

Төмендегі жаттығу Хайлендтің Тұрақты Біліктілікті Арттыру Кеңесі жүзеге асырып жатқан рефлексиялық бағдарламаның диалогтік оқыту туралы В2 тарауынан алынған Роберт Фишердің «Даралап оқу: мұғалімдерге арналған нұсқаулық» мақаласына негізделген. Тарауда күнделікті тәжірибеде қолдануға арналған пайдалы қосымша материал қамтылған.

### Диалогті бағалай отырып

Александр (2006: 30) сыныптағы әңгіменің бес түрін қысқаша былай сипаттайды:

1. МЕХАНИКАЛЫҚ (мұғалім-сынып): қайталау арқылы фактілер мен идеяларды зерделеу.
2. АУЫЗША ЖАУАП (мұғалім-сынып немесе мұғалім-топ): мұғалім сыныпқа қайталауға арналған сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын бағыттап отырады.
3. НҰСҚАУЛЫҚ/ТҮСІНІК БЕРУ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе мұғалім-оқушы): оқушыларға ақпарат ұсыну немесе түсініктеме беру.
4. ТАЛҚЫЛАУ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе оқушы-оқушы): ақпарат алмасу және проблемалық мәселелерді шешу мақсатында идеялармен алмасу.
5. ДИАЛОГ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ, мұғалім-оқушы немесе оқушы-оқушы): құрылымдалған сұрақтар және нысаналы талқылау арқылы ортақ түсінік қалыптастыру.

Сыныптағы әңгіменің алғашқы үш түрі өте маңызды болып саналады, алайда егер оқушылар өзінің оқуы үшін өздеріне жауапкершілік алатын болса, олар мұғаліммен және бір-бірімен диалогке және талқылауға қатысуға дайын болуға тиіс.

Сіз және/немесе сіздің әріптестеріңіздің бірі тартылған нақты сабақ туралы ойланыңыз:

- жоғарыда аталған бес тәсілдің қайсысы сыныптағы әңгімені анағұрлым жақсы сипаттайтындығын шешіңіз;
- мұғалім әңгімесінің жетістігі мен кемшіліктерін анықтап, диалогті қалай жақсартуға болатындығын қарастырыңыз;
- әріптесіңізден оқушылардың әңгімеге қосқан үлесінің сапасы бойынша жазба жүргізуін сұраңыз. Бұл ретте өзіңіз фактілердің дәлелдері мен тілдің қалай қолданылғанына басты назар аудара отырып, сыныптағы әңгімені қалай жақсартуға болатындығын қарастырыңыз.

## Диалогтік оқыту

Зерттеулер сыныптағы әңгіменің сапасы таным мен оқу үдерісінің дамуына немесе тежелуіне ықпал ететіндігін көрсетті. Ойлау және оқыту үдерісін ынталандыратын нысандар мен нұсқаулықтарды «диалогтік оқыту» деп сипаттауға болады. Диалогтік оқыту оқыту мен оқудағы әңгіменің рөлі туралы ертеден келе жатқан дәстүрлі теориялық және эмпирикалық жұмысқа негізделіп, Сократтан бастау алады. Соңғы жылдары психолінгвистер (Халлидей, Уэллс), социолінгвистер (Барнс), оқу үдерісін зерттеушілер (Мерсер, Галтон, Александр), пікірталас сарапшылары (Синклер, Култхард, Диллон), когнитивтік және мәдени психологтар (Выготский, Брюнер) және Ресейдегі Бахтинді және Америкадағы балаларға арналған философияның негізін қалаушы Мэтью Липменді қоса алғанда философтар диалогтің рөлін зерттеумен көп айналысқан.

Оқу тәжірибесін зерттеу анықтағандай, Ұлыбритания сыныптарында әңгіме үдерісі негізінен проблемалармен байланыстырылады екен. Әңгіме балалардың білім алуына толық көлемде ықпал етіп, оны жеделдетуге көмектескен жағдайда ғана оны (әңгімені) түбегейлі тың тәсіл деп қарастыру ұсынылады (Alexander, 2004). Аталған зерттеу мектептер мен мұғалімдер көп жағдайда:

- әңгімені оқыту мақсаты емес, құралы ретінде қарастыратындығын;
- әңгімені сауаттылықты дамыту үдерісіне ұтымды қоса алмайтындығын;
- бүкіл оқу бағдарламасының барысында оқыту үшін әңгіменің барлық әлеуетін толыққанды пайдаланбайтындығын;
- ауызша оқыту тапсырмалары мен бағалау тәсілдеріне қарағанда, негізінен жазбаша жұмысқа назар аударатындығын;
- әңгіменің танымдық қызметіне қарағанда, әлеуметтік және эмоционалдық функцияларына көп назар аударатындығын;
- сабақта тыңғылықты және өнімді топтық әңгіме құруға ықпал етпейтін жұмысты ұйымдастыратындығын;
- өз жауабын ұсынатын жабық сұрақтарды жиі қолданатындығын, болжам жасап, проблемаларды шешудің орнына ақпарат алмасумен шектелетін қысқа жауаптарды ынталандыратындығын;
- оқушыларға ойлануға берілген уақытты шектейтіндігін (және мұғалімнің ойлау үдерісін модельдеп көрсетпейтіндігін);
- кері байланысты диагностикалау және ақпараттандырудың орнына, мақтау және қолдау көрсету үшін пайдаланатындығын;
- өздері көп сұрақ қоятындығын, дегенмен де оқушылардың тарапынан сұрақтардың аз болатындығын;
- оқушының ойлау барысы мен зерттеуінің кеңейтілген тізбегін құру мақсатында жауаптардың сапасын талдау жұмысын жүйелі жүргізбейтіндігін;
- оқушыларға тиімді диалогтің негізгі ережелерін үйрете алмайтындығын көрсетті.

Диалогтік оқыту механикалық әңгіме, жауап алу, түсіндіру және талқылау сияқты әңгімелесуге үйретудің барынша дәстүрлі түрлерімен тығыз байланысқан. Оны нақты стратегия деп атау қиын, дұрысын айтқанда, ол – сабақ барысында танымдық/бәсекелестік өзара қарым-қатынас қалыптастыратын стратегиялар жиынтығы. Диалогтік оқыту балаларды оқу үдерісіне барынша тарту мақсатында әңгіменің күшін пайдаланады, олардың түсінік-пайымдарын кеңейтіп, оқу мен ұғынуын дамытуға ықпал етеді. Сабақта әңгіме үнемі бұндай нәтиже бере бермейді, кей кездері олар оқушыларға кедергі келтіріп те жатады. Александрдың пайымдауынша (2004), диалогтік оқыту негізгі бес қағидаттарға негізделеді:

- *ұжымдық*: мұғалім мен оқушылар тапсырманы топпен немесе бүкіл сынып болып бірге зерделейді;
- *өзара*: мұғалім мен оқушылар бір-бірін тыңдайды, идеялармен бөліседі және балама көзқарастарды қарастырады;



- *жиынтық*: мұғалім мен оқушылар жеке өздерінің идеяларына және бір-бірінің идеяларына негізделіп, оларды бір тізбекке біріктіреді;
- *қолдаушы*: балалар өз идеяларын анық жеткізеді, дұрыс болмай қала ма деп қорықпастан өз ойларын еркін айтады; олар бір-біріне өзара түсіністікке қол жеткізуге көмектеседі;
- *мақсатты*: мұғалімдер белгілі бір білім беру мақсаты бар әңгімені жоспарлайды және реттеп отырады.

*Диалогтік оқыту төмендегі мәселелерге:*

- әңгіме қандай жағдайда болып жатқанына – тұтастай сыныпта, шағын топта (мұғалім жетекшілік ететін), бірлескен топта (оқушылар жетекшілік ететін), оқушымен;
- сұрақтардың мақсаттарына (мысалы, ақпарат жинау, пікір айту, нұсқау беру, басқару, зерделеу) және олардың құрылымына (мысалы, жабық, ашық, директивті, тар, логикалық);
- жауаптардың нысандарына (мысалы, нақты, сараптамалық, спекулятивті, болжам ұсынатын, бағалаушы) және олардың көлеміне;
- жауаптарға берілетін кері байланысқа (мысалы, бағалаушы, уәждеуші, диагностикалық, бейтарап);
- ойлану үдерісінде прогресс болу үшін жауаптардың қалай құрылғанына;
- сұрақ-жауап алмасудың ұзақтығына;
- оқушы-оқушы нысанындағы талқылау барысындағы рөлдер мен шараларға;
- сыныптағы ахуалға және оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасына;
- сынып бөлмесінің ұйымдастырылуына;
- сабақтың жоспарлануы мен құрылымына;
- сұрақ-жауаптармен тиімді алмасу үшін мұғалімнің қажетті тақырыпты жақсы білуіне;
- сыныпта диалогтік әңгімені тиімді жүргізу үшін қажетті негізгі ережелерге (қызығушылық, тыңдалым, әңгімені дауыстап, анық айту, балама көзқарастарға құрмет көрсету және т.б.) ерекше көңіл аударуды талап етеді.

**Диалогтік және басқа да әңгімелер**

Негізінен, оқыту сыныптағы әңгіменің негізгі үш түрінен басталады:

- *механикалық* (мұғалім-сынып): қайталау арқылы фактілер мен идеяларды зерделеу.
- *ауызша жауап алу* (мұғалім-сынып немесе мұғалім-топ): бұған дейін оқылған материалды тексеру немесе оны қайталауды ынталандыру үшін; сұрақтардағы ишаралар арқылы оқушыларды дұрыс бағытқа бағыттау үшін дайындалған сұрақтар арқылы білім мен түсінуін тереңдету;
- *нұсқаулық / түсінік беру* (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе мұғалім-оқушы): оқушыға не істеу қажеттігін түсіндіру және/немесе ақпарат беру, және/немесе фактілерді, қағидаларды немесе рәсімдерді түсіндіру.

Әңгіменің жоғарыда көрсетілген түрлері тікелей нұсқаулық ұсыну түрінде жүретін оқытудың әдеттегі және дәстүрлі тәсілдері десе болады. Ал төмендегі екі тәсіл азырақ қолданылады:

- *талқылау* (мұғалім-сынып, мұғалім-топ, оқушы-оқушы): ақпарат алмасу және проблемалық мәселелерді шешу мақсатында идеялармен алмасу.
- *қолдаушы диалог* (мұғалім-сынып, мұғалім-топ, мұғалім-оқушы немесе оқушы-оқушы): нұсқалар саны мен қателесу мүмкіндігін азайтатын және де ұғымдарды жеткізіп түсіндіру үдерісін жеделдететін, жұмыс барысында жетекшілік етіп, ишара білдіріп отыратын құрылымдалған және жиынтық жауап алу және талқылау арқылы ортақ түсіністікке қол жеткізу.

Әңгімені сипаттайтын бұл екі топ бір-бірін жоққа шығармайды, сонымен бірге бұл екі әңгіме түрі қолданылды деп, механикалық әңгіме, болмаса ауызша жауап алу пайдаланылмайды деп айта алмаймыз. Әңгіменің барлық бес түрінің өз орны мен маңызы бар. Осылайша, диалогтік әңгіме мектептердің барынша кеңейтілген оқу жоспарының әр алуан мақсатына қол жеткізу үшін қажетті бай ауызша құралдардың бір бөлігі болып

табылады. Ол сонымен бірге балалардың өздерінің білім деңгейін қазір және болашақта есейіп, қоғамның толыққанды мүшесіне айналған кезде де жетілдіре алуы үшін қажетті.

Әңгіме әлеуметтік тұрғыдан да, танымдық тұрғыдан болсын баланың өзіне өзі беретін бағасын көтере алады, сондықтар балалардың өздері де:

- әңгімелеуге;
- түсіндіруге;
- нұсқаулық беруге;
- түрлі сұрақ қоюға;
- жауап алуға және құрастыруға;
- проблемаларды талдауға және шешуге;
- ой жүгіртуге және елестетуге;
- идеяларды зерделеуге және бағалауға;
- талқылауға, дауласуға, пайымдауға және келіссөз жүргізуге үйренуі тиіс.

Оның үстіне мұны басқалармен барынша ұтымды жасай алуы үшін олар:

- тыңдай білуі;
- балама көзқарастарға зерек болуы;
- не естігендері туралы ойлай білуі;
- басқаларға ойлануға уақыт беруі тиіс.

Сыныптағы әңгіменің сапасы көптеген факторларға байланысты болады, атап айтқанда: балалар мен мұғалімдерде сөйлеу және тыңдау дағдыларының болуы (балалардың ойлауын дамыту үшін ойлау бағыттарының анық тұжырымдалған картасы болуы тиіс), сыныптағы жағдай, сыныптың ұйымдастырылуы және т.б. Төменде көрсетілген көрсеткіштер екі топқа бөлінген. Бірінші топ диалогтік оқытуды қамтитын айтарлықтай кең тақырыппен жұмыс істейді. Екінші топ диалогтік оқытудың өзегі болып саналатын әңгіменің бірқатар басты қасиеттерін тізімдейді.

#### **Диалогтік оқытуды айқындайтын салалар:**

- **мұғалімнің оқушымен өзара қарым-қатынасы** (мысалы, мұғалім жетекшілік ететін бүкіл сынып болып орындалатын немесе топтық жұмыста), бұл жағдайда:

- сұрақтар саналы жауап алуға негізделіп құрылымдалады, жауаптар, өз кезегінде, келесі сұрақтарды туындатады және диалогтің «құрылыс материалы» деп қарастырылады;
- диалогтерді өзара байланыстыратын мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының идеялармен жеке алмасуы;
- әңгіменің әлеуметтік және танымдық мақсаттарының, мақұлданған қатысу және құрылымдық түсінік арасында теңдестік бар;
- мұғалімге ғана емес, сонымен қатар оқушыларға да сұрақтар қоюға және түсініктеме беруге мүмкіндік беріледі;
- сөйлеп тұрмағандар тыңдау, бақылау, ойлау және жағдайды бағалау арқылы қатысады;
- сынып бөлмесі барлығы бір-бірін көре алатындай және бір-біріне жауап бере алатындай етіп құрылады;
- анық, мәнерлеп, дауыстап айту көтермеленеді;
- балалар өздерінің қате жіберіп қоюлары мүмкін екенін түсінеді және мұндай жағдай ұят емес, керісінше одан сабақ алу керек деп қарастырады.

- **оқушының оқушымен өзара қарым-қатынасы** (мысалы, бірлескен топтарда), бұл ретте балалар бірін-бірі мұқият тыңдайды; бірін-бірі идеялармен алмасуға қатысуын ынталандырады; талқылауға үлес қосады; өзара түсіністікке және келісілген қорытындыларға қол жеткізуге ұмтылады және бұл жағдайда бір пікірді қолдайтындар аз болса, оларды аз деп менсінбей тастамай, керісінше олардың пікірлерін құрметтейді.

- **мұғалімнің оқушыны тікелей бақылауы**, ол алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін қанша қажет болса, сондай кезеңге созылады. Ол бақылауды емес, негізінен жөн сілтеу,

нұсқау беруді көздеп, балалардың соның негізінде өз пікірін құра алатын диагностикалық кері байланысты қамтамасыз етеді.

- **жауап алу** (бүкіл сыныптан және топтан немесе оқушымен жеке-дара жұмыс істеу барысында), ол: сабақтың жоспарына және мазмұнына байланысты; өткен сабақтарға негізделеді; балалардың түсінгендігінің дәлелдерін анықтайды; жабық/тар және ашық/пікірталасты/даулы жауаптардың ("бұл не?" және "бұл не болуы мүмкін?" деген сұрақтарға) болуына түрткі болады; күнделікті жұмыстың қалыптасқан тәртібі мен зерттеуді біріктіреді; ақпарат жинақтауды және жетекші сұрақтарды пайдаланады; проблемалар туралы толғанып, оны жан-жақты ойластыруға ықпал етеді; ашық сұраққа жауап беру қажеттігі мен қате жіберу мүмкіндігін азайтуға арналған нұсқаулық пен құрылым арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырады; ұғымдарды қалай қабылдайтындығында тұрақтылыққа қол жеткізеді (мысалы, сұрақ нұсқаулық емес, сұрақ болып табылады, ал ашық сұрақтар бір дұрыс жауап табуды көздемейді).

- **сұрақтарға берілген жауаптар**, сұраққа барынша терең «бойлап», дұрыс жауап табуға тырысатындығымен сипатталады; «иә/жоқ» немесе қарапайым жауаптардан аулақ болып, кеңейтілген талқы, болжам ұсыну және «дауыстап ойлануға» қарай бет бұру айқын, сондай-ақ жауаптар қысқа әрі мерзімінен бұрын үзілген емес, барынша ойластырылған, толық болып келеді.

- **жауаптарға берілген кері байланыс**, ол біртектес, теріс немесе жалтарма тұжырымды (мысалы, жауап берушінің жауабын қайталауды) мұғалім тарапынан жасалатын бір нәрсеге бағытталған, ақпараттық кері байланыспен алмастырады; мадақтау тиісті дәрежеде қолданылып, әдетте қолданылатын «қарай гөр», «ғажайып», «жақсы бала», «жақсы қыз», «өте жақсы», «тамаша» және т.б. мадақтауларды сүзгіден өткізеді; балаларды қиыншылықтардан қорықпай, егер де оның тұжырымы дұрыс болмаса, ол үшін ұялмай өз идеяларын дұрыс және түсінікті етіп жеткізуге ынталандырады.

- **оқушылармен әңгімелесу**, ол балаларға: әңгімелеуге, түсіндіруге, нұсқаулық беруге, әртүрлі сұрақтар қоюға, бір нәрсені ойластыруға, проблемалық мәселелерді талдап шешуге, ой жүгіртіп, елестетуге, идеяларды зерделеп, бағалауға, талқы жүргізіп, дауласуға және келіссөз өткізуге көмектеседі.

Жақсы әңгіме әр кезде жайдан-жай орын ала бермейді, ол жоспарлануы тиіс. Жақсы *жауап алу* тек ақпаратты білуін ғана тексеріп қоймайды, ол сонымен қатар баланың түсінігіне ықпал етеді. Мұндай тәсіл айтылым кезінде де, оқу және жазу барысында да түсінікті жақсартады. Балаларға ойлануға уақыт берілген жағдайда бала әңгімесінің сапасы айтарлықтай жақсарады. Талқы жүргізу арқылы оқушы өзінің оқудағы мақсатына жақындай береді.

Жазбаша жұмыстың алдындағы әңгіме балаларға ойлануға және содан кейін өз ойларын сөйлем түрінде жазуға мүмкіндік береді. Осы сабаққа арналған тапсырмаларды жазбаша орындамай, оны әңгіме түріне өзгерту баланың жазу дағдыларын жақсартуға ықпал етеді.

Әңгіме – ерекше қажеттіліктері бар балалар мен өзіндік бағасы төмен балалардың өздеріне деген сенімін арттырудың мықты құралы болып табылады.

Балалар жақсы құрылымдалған ауызша сабақтардан ләззат алып, сабақтың үздіксіз ағымын қамтамасыз ететін оның өзге де негізгі ережелеріне тез бейімделеді.

Жазбаша жұмыс қана «нағыз» жұмыс болып табылады деген пайым терең сіңіп кеткеніне қарамастан, балалар әңгіменің де, әсіресе ол жазбаша тапсырмалармен байланысты болса, маңызы зор екенін түсіне бастайды.

## **Сұрақтар**

- Сыныпта топтық талқылау ұйымдастыру үшін қандай тәсіл анағұрлым ыңғайлы?
- Барлық сынып диалогі үшін ең ыңғайлы жағдайлар қандай?
- Бірлескен топтық жұмыс (оқушылар жетекшілік ететін) барысында тәртіпті әрі өнімділікті қалай қамтамасыз ете аламыз? Бұл ретте қандай тапсырма берген дұрыс? Жұмысқа қатысушыларға қандай дағдылар қажет? Бұл дағдыларды қалай дамытуға болады?
- Диалогтік оқыту талап қоюды көздейтін «*Енді маған ... кім айтады?*» деген сұрақты пайдалануды азайтып, нақты оқушыға бағытталған барынша айқын сұрақтарды пайдалануды ұсынады. Сұрақтың мақсаты мен жауапқа қойылатын талаптың арасында дұрыс теңгерімді қалай табуға болады; осы тәсілдердің қайсысын пайдаланған дұрыс?
- Жауап алудың қандай түрі баланың түсінуіне ықпал етеді? Жауап алу мен түсіндірудің арасындағы дұрыс теңгерім қандай? Біз қай жағдайда оқушыдан сұрауымыз керек, ал қай жағдайда оған мән-жайды айтып, ақпараттандырып немесе түсіндіруіміз керек?
- Кері байланыстың қай түрі ақпараттандырады және де оқушының қабілеттілігін ынталандырып, кеңейтеді?
- Әңгіме, талқылау мен диалог арасында қандай айырмашылық бар?

## **Пайдаланылған әдебиет**

- Alexander R.J. (2004) *Towards Dialogic Teaching* [Диалогтік оқыту туралы], Cambridge: Cambridge University Faculty of Education
- Fisher R. (2006) 'Creative Dialogue: developing children's minds through talk' [Шығармашылық диалог: әңгіме арқылы балалардың санасын дамыту], *Teaching Thinking & Creativity*, Vol 7, No 1 pp16-22.

16-KYH





## ҒАЛАМДЫҚ ЖЫЛЫНУ ЖӘНЕ ПАРНИК ӘСЕРІ



Атмосферадағы белгілі бір газдар жер бетінен шығатын энергияны сіңіріп алады. Көмір қышқыл газы осындай газдардың бірі болып табылады және ол адам іс-әрекеттерінің салдарынан көбейіп жатқан газдардың бірі.

### Парник әсері

Жер атмосферасында көмір қышқыл газ парник тәрізді әрекет етеді, ол энергияны сіңіріп, жердің жылуын сақтап қалады.

Бұл күрделі процесс, оның негізгі кезеңдері төменде көрсетілген:

- Күн сәулелері Күннен Жерге жетеді;
- кейбір сәулелер Жердің атмосферасынан шағылып, ашық кеңістікке кері оралады;
- бірақ кейбір сәулелер Жер бетіне дейін жетіп жатады;
- Жер бетіне жететін күн сәулелері Жерді жылытады;
- сондықтан Жер қызады;
- Жер өз кезегінде өзінің жылу сәулелерін (инфрақызыл сәулелер) шығарады;
- бұл сәулелердің кейбіреулері кеңістікке өтеді;
- кейбіреулерін жылуды көбірек шығаратын парник газдары сіңіріп алады;
- органикалық отынды жаққанда және ағаштарды кескенде адамдар атмосфераға көмір қышқыл газын босатады;
- бұл атмосферада көмір қышқыл газының, демек парник газдарының көп екендігін білдіреді;
- олар инфрақызыл сәулелерді көбірек сіңіреді және Жер бетіне қарай бағытталған жылуды көп шығарады;
- бұл Ғаламдық жылынуға әкеледі.

### **Сіздің тапсырмаңыз**

Ғаламдық жылыну мен парник газдары әсерінің анимациясын жасау. Анимацияны ойлап шығарып, көрсету үшін 7 адамнан тұратын топта жұмыс істеуге тиіссіздер.

Тапсырманы орындау үшін алдымен сіз анимацияңыздың сюжетін ойлап табуыңыз керек. Кейіпкерлерді, іс-қимыл болатын жерді және ортаны көрсете отырып, әр топ үшін осылардың бірін (менің көрсеткенімді) пысықтаңыз.

Келесі беретін кеңесім, топтарды жұптарға бөліңіз, әр жұп әртүрлі бөліктерді ойластырады – кейбіреулері ортаны (оқиғаны) немесе нақты кейіпкерлерді ойлап таба алады, басқалары осының анимациясын қалай жасау керектігі туралы ойлана алады.

Бұл сабақтың соңына қарай тапсырманы тезірек аяқтауға көмектесіп, біз анимацияны жұма күні көре алар едік.

**Біз фильмдерді Оскар сыйлығында сияқты етіп бағалап, ең жақсы фильм үшін жүлде тағайындаймыз!**

**АКТ-ның ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ:  
СІЗДІҢ МҰҒАЛІМДІК ТӘЖІРИБЕҢІЗ ТУРАЛЫ ЖАЗБА**

Стратегияны сіз қалай және қашан қолданғаныңыз туралы мысалдар	Стратегия
	<p><b>Еліктеу/Ұқсату (имитация) және модельдеу</b></p> <p>- оқушыларға мектеп зертханасында өте баяу немесе жылдам, өте қауіпті немесе өте қымбат болуы мүмкін құбылыстармен танысып түсінуге көмектеседі;</p> <p>- оқушыларға ауыспалы жағдайлардағы өзгерістердің әсерін зерттеуге немесе тұжырымды түсінікті нығайтуға мүмкіндік береді.</p>
	<p><b>Шамаларды өлшеп, жазып алу үшін жабдықты пайдалану, мысалы, температураны, ылғалдықты, жарықты және қысымды жазу үшін сенсорларды пайдалану,</b> таныстырылым мен нәтижелерді жазу кезінде көмектесіп, уақыт үнемдейді. Оқушыларға эксперименттің мәні туралы болжамды түсіндіру, бағалау және айту үшін көп уақыт беруге мүмкіндік береді.</p>
	<p><b>Деректер қоры мен кестелер</b> ақпарат арасындағы байланысты пысықтау үшін оқушыларға ақпаратты ұйымдастыруға, іздеуге және сұрыптауға, мысалдарды іздеп, болжамдарды тексеруге мүмкіндік береді: <i>мыс.; түрлі тағамдардың құнарлылығы туралы деректі табу.</i></p>
	<p><b>Жарияланымдар мен таныстырылымға арналған бағдарламалық жасақтама, мыс. Мәтінді өңдеуге арналған процессор, шағын баспа жүйесі, мультимедиа бағдарламасы,</b> оқушылардың түсінігін дамытуға және өз қорытындыларын басқаларға таныстыруға мүмкіндік береді.</p>
	<p><b>Ақпарат көздері, мыс. Интернет, CD-Диск және деректер,</b> оқушыларға білімі мен түсініктерін дамытуға арналған ақпарат табуға мүмкіндік береді.</p>



# Интербелсенді тақта және сыныптағы өзара әрекеттестік

## Нил Мерсер бастауыш мектепте интербелсенді тақталарды пайдалану жөніндегі өз зерттеулерімен бөліседі

Кембридж университетінің, Ашық университет және Ланкастер мен Эксетер университеттеріндегі әріптестермен бөліседі \* . Мен бастауыш мектепте интербелсенді тақтаны ( ИТ) пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу жөніндегі үш зерттеу жобасына қатыстым. Бұл зерттеу, ИТ Британияның бастауыш сыныптарында пайдалану мұғалімдердің белгіленген, тиімді тәжірибесіне қандай қатысы барын қажетті деңгейде түсінудің, «оқытуды түрлендіретін» (және түрлендіруге тиіс) құрал ретінде ғана таратылып, орын алады деген қауіптеріне негізделген. Сондықтан біз осы технологияны пайдалануда үлкен тәжірибесі бар мұғалімдер сыныптың күнделікті өмірінде оны қалай қолданатынын зерттедік. Атап айтқанда, біз:

- ИТ мұғалім-оқушы әрекеттестігінде ерекше функция атқара ма?
  - ИТ пайдалану сыныптағы әрекеттестіктің қалыпты түрлерін өзгертті ме?
  - Оқушылардың мектептегі сабақтарға белсенді қатысуына ИТ пайдалану әсерін тигізсе ме?
  - ИТ мұғалім мен оқушылар арасындағы көзқарастардың жалпы жүйесін құруға көмектесе ме және балаларды оқытудың келісушілігі мен ұзақтығын арттыра ма?
  - Мұғалім белсенді пайдаланатын ИТ коммуникативті функциясы бар ма?
  - Сыныптағы балалардың бірлескен жұмысын қолдау үшін ИТ пайдалы ресурс болып табыла ма? - деп сұрадық.
- Қосымша мақсатымыз ИТ-ны тиісті білім теорияларымен байланыстыру болды. Орыс психологі Выготскийдің біртума шығармасына негізделген әлеуметтік-мәдени теория, білім мен түсінікті жинақтауда құралдардың маңыздылығын мойындайды. Бұл көзқарас бізге ИТ-ны мұғалімдердің қалыптасқан тәжірибесін арттыруда, бұзуда немесе таратуда көмектесетін құрал ретінде зерттеуге мүмкіндік берді. Англияның оңтүстік-шығысындағы бастауыш мектептерде мұғалімдер жазып алған бейне-сабақтары, әр сыныпта жазылған сабақтардың бірізділігімен біздің деректерімізді ұсынды. Мұғалімдер барлық жердегі зерттеулерге белсенді қатысып, кейіннен өз пікірлерін ұсынып отырды.

### Нәтижелер

\* Карен Литтлтон, Пол Уорвик, Аллсон Твиннер, Джулия Гиллен, Джудит Кляйн Старман, Рут Кершнер және Сара Хеннеси.

Талдауымыз ИТ мұғалімдерге оқу бағдарламаларының мазмұнын бұрынғыға қарағанда жеңілрек және біркелкі көрсетуге мүмкіндік беретінін көрсетті. Мысалы, мұғалім алдын ала бейнені, содан соң тақтадағы жазбаша ескертулерді көрсетті, содан соң балаларды тақтаға шығып, суреттер мен мәтіндерге жауап беруді сұрады және тақтада қорытынды шығарды. Енді осы барлық іс-әрекеттерді ИТ-ға енгізуге болады.

Мұғалімдер балаларды қызықтыру үшін және ақпаратты әртүрлі форматта бере отырып, олардың дамып келе жатқан түсінігін бағыттау үшін ИТ-ны пайдаланатынын көрдік. Осы қызметтің кейбір түрлерін ИТ-сыз өткізуге болса да, ИТ таныстырылымының икемділігі мен жылдамдығы басқа технологияларда өзіне тең таппайды. Бұл жоспарлауға көмектеседі.

## Талдауымыз ИТ мұғалімге бұрынғыға қарағанда, оқу бағдарламаларының мазмұнын аса жатық және біркелкі ұсынуға мүмкіндік беретінін көрсетті

«ИТ пайдалану сыныптағы әрекеттестіктің қалыпты нысандарын өзгертті ме?» деген сұраққа біздің беретін жауабымыз: «жок». Тақтаның сыныптың алдыңғы бөлігінде орналасуы сұрақтармен және жауаптармен алмасу үшін мұғалім бүкіл оқушылардың назарларының алдында болатын дәстүрлі оқыту стилін нығайтуға бағытталған, ал оны басқа стильдермен және де тәжірибелік сабақтармен алмастыруды ниет етудің арқасында тиімді оқыту орын алады.

ИТ оқушылардың сабаққа белсенді, әдетте кезекпен қатысуына, сондай-ақ топтың қызметін ынталандыру үшін жақсы мүмкіндіктер ұсынады. Бұл жеке және ұжымдық қызмет идеяларын жинақтау үшін өте пайдалы. Мысалы, мұғалімдер мен оқушылар сыныпта талқылауға визуалды түрде қатыса алады. ИТ балалардың топтық қызметін ұйымдастыру үшін жақсы құрал бола алады, мысалы, ол мұғалімге балалар бірге жұмыс істей отырып, өзара әрекеттесе және түсіндіре алатын қызықты, мультимедиялық ресурстардың жақсы құрылымдалған топтамасын жасауға мүмкіндік береді. Өзінің топтық жұмысында ИТ пайдаланған балалар сыныптағы барлық жұмысқа белсенді түрде қатыса білді. Бірақ олардың ИТ-ны тиімді пайдалануы

мұғалімдердің оларды топта жұмыс істеуге қалай дайындағанына байланысты болды, мысалы, қалай сөйлеу және бірге жұмыс істеу жөніндегі «негізгі ережелерді» жасау кезінде олармен келісу. ([www.thinking-together.org.uk](http://www.thinking-together.org.uk) қара). Онсыз, топтағы жұмыс, әдеттегі, ИТ пайдаланусыз сияқты өнімсіз болуы мүмкін. ИТ-ның көлемі мен сыныптың қабырғасында биік орналасуы осы технологияны пайдалану кезінде балалар үшін кейде қиындықтар туғызып жатады.

ИТ мұғалім үшін сабақты мұқият жоспарлау мен аяқ астынан болған оқиға бойынша шара қабылдауды біріктіруде ұсынатын икемді мүмкіндігін ерекше атап өткен жөн, мысалы оқушылардың жете түсінбегенін зерделеу үшін. Мұғалімдер ресурстардың көмегімен кез келген уақытта алға да, кейін де жылжи алады, сондықтан ақпарат пен идеяларды жалпы визуалды жазбаларға, бірлесіп жасалған материалдарға және түсінуге арналған басқа құралдарға сүйене отырып, диалог пен талқылау негізінде қайта қарауға және

жасауға болады. Сондай-ақ, мұғалімдер балалардың іс-әрекеттерін субституитивті, яғни оқушылардың ұқыпсыздықтарын «қолдай» алады, себебі олар ресурстары мен іс-әрекеттерін ИТ-да әзірледі. Осылайша, құзырлы мұғалімдер осы технологияны балаларды оқытуда келісушілікті және ұзақтықты қамтамасыз етуге көмектесу үшін пайдалана алады. Қосымша ақпарат алу үшін <http://iwbcollaboration.educ.cam.ac.uk/> қараңыз.

### Қорытынды

ИТ-ны сабақ нақты құрылымдалған, барлық қажетті материалдармен қамтамасыз етілген болуы үшін пайдалануға болады, ал олардың икемділігі мұғалімдерге сабақ кезінде болатын жағдайларға жоспарсыз әрекет жасауға көмектеседі. Біздің қорытындымыз мынадай:



технологиялық қабілетті мұғалімдер ИТ-ны шығармашылық бағытта да пайдаланады. Бұрынғы сабақты дайындау мен сабақ берудің ұзақ үдерістерін жылдамдатуға болады - және білікті, шығармашыл мұғалімдер оларды, іс-әрекеттің кейбір ерекше тартымды түрлерін жасау үшін пайдаланады. Бұл жаңа құрал кәсіби тәжірибенің, пән бойынша білімнің және педагогикалық дағдылардың қажеттігін алмастырмайды. ИТ шығармашылықпен пайдаланылса оқушылардың қатысу белсенділігі артуға жаңа мүмкіндік береді және сабақтарды тартымды және қызықты етеді. ИТ-ның визуалды керемет материал арқылы жан-жаққа жеңіл жылжу және жаңа ұғымдардың дамуына қарай мұндай таныстырылымдарды бейімдеу үшін ұсынатын нысандарының педагогикалық мәні зор. Бұл – ИТ-ны қолдануда білікті маманның қолына түссе іске асады.

Сонымен қатар, біздің нәтижелеріміз жаңа технологияларды енгізу сабақ беру стилін түп негізімен өзгертпейді деген пікірімізді нығайтады. Біз бақылаған мұғалімдер ИТ-ны тиімді пайдаланды – бірақ олар оны өздерінің қалыптасқан оқыту стилін қолдау үшін пайдаланды. Біз, осы технологияның үкіметтік және басқа жақтаушылары сендіретіндей, ИТ-ның оқыту әдістерін «түрлендіруінің» ешбір дәлелдерін көрген жоқпыз. Демек кейбір табысты мұғалімдер олардың тәжірибесі кейбір жаңа технологияларды қолданғаннан мүлде жаңарып кетеді деп күтпеуі тиіс:

### Біз не білеміз

- ИТ енгізу табысты мұғалімдер үшін оң нәтижелер берді.
- ИТ пайдалану оқыту әдістерін автоматты түрде түрлендірмейді.
- ИТ әлеуеті мұғалімдердің кәсіптік дамуымен тығыз байланыста болса ғана іске асырылатын болады.

технология кәсіпқойларға өз жұмысын жасауға қаншалықты жақсы көмектесетініне қарай бағаланатыны өте орнықты. Осы көзқарасқа орай, ИТ ағылшын мектептеріне енгізілуі табысты мұғалімдер қолында оң нәтижелер береді. Егер біз қадағалаған озат тәжірибелер мысалдары мұғалімдер арасында таратылып, барлық мұғалімдер осы технологияда сарапшы болу үшін оқитын болса, бұл ИТ-ны дамыту үдерісіне септігін тигізеді. Бірақ сыныптағы өзара әрекеттесудің инновациялық типтерін дамыту үшін ИТ-ның әлеуеті диалогті тиімді қолдануды дамыту және сыныптағы оқушыларды жұмысқа тартумен байланысты болған кезде ғана іске асырылады. Британдық тәжірибе сабақтарының осы технологияларды қолдануды кез келген ірі масштабта жаңа бастап келе жатқан әлемнің басқа елдерінде оның қолданылуына әсерін тигізгенін көру қызықты болар еді.

### Автор туралы

**Нил Мерсер** Кембридж университетінің білім профессоры. Ол сыныптағы диалог пен балалардың ойлау қабілетінің дамуына ерекше қызығушылық білдіретін, ғылым мен математика және мектептерде ИКТ пайдалану салаларында бірқатар жобалар жүргізген психолог. Оның соңғы кітаптары *Сөздер мен Ойлар: бірге ойлау үшін біз тілді қалай пайдаланамыз, диалог және балалардың ойлау қабілетін дамыту* (Карен Литтлтонмен) және *Мектептегі әңгімені зерделеу* (Стив Ходкинсонмен).

### Ұсынылатын әдебиет

Гиллен Дж., Клейн Старман, К.Литтлтон, Мерсер Н және Твиннер А. (2007) «Оқыту революциясы»? Британ бастауыш мектептерінде интербелсенді тақталардың педагогикалық тәжірибесін зерттеу. *Оқыту, медиа және технология*, 32 (3), 243-256.

Мерсер Н., Хеннеси С., және Уорвик П. (2010) Интербелсенді тақтаны диалогты, технологияны, педагогика мен сыныптағы білім алуды ұйымдастыруда қолдану, 19 (2), 195-209.


Уорвик П., Мерсер Н., Кершнер Р., және Клейн Старман (2010) Топтың интербелсенді тақтаны қолдана отырып жүргізген бірлескен жұмысында оқушыларды ғылымға үйретуде мұғалімнің жанама қатысуы. *Компьютер және білім беру*, 55 (2), 350-362

17-KYH







## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Үлгерімі жақсы (А)



Үлгерімі орташа (Ә)



Үлгерімі нашар (Б)

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ



## САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ШАБЛОНЫ

Ең алдымен өзіңіздің орта мерзімді жоспарыңызды қарап шығыңыз. Сабақ жоспарын әзірлеген кезде Сізге оқыту және оқу саласындағы соңғы өзгерістерді ескеру қажет.

<b>САБАҚ:</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Күні:</b>		<b>Мұғалімнің есімі:</b>	
<b>СЫНЫП:</b>		<b>Қатысқандар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)</b>			
<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b>		
	•		
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b>		
	•		
<b>Тілдік мақсат</b>	<b>Кейбір оқушылар:</b>		
	•		
	<b>Оқушылар:</b>		
	• ... (істей) алады.		
	<b>Негізгі сөздер мен тіркестер:</b>		
	<b>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:</b>		
	<i>Талқылауға арналған тармақтар:</i>		
<i>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?</i>			
<i>Жазылым бойынша ұсыныстар:</i>			
<b>Алдыңғы тақырып</b>			
<b>Жоспар</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)</b>		<b>Ресурстар</b>
Басталуы			
Ортасы			
Аяқталуы			
<b>Қосымша ақпарат</b>			

<p><b>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b></p>	<p><b>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтардағы байланыс</b></p>
<p>•</p>	<p>•</p>	<p>•</p>
<p><b>Рефлексия</b> Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p><b>Қорытынды бағамдау</b></p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		



18-KYH





## Кері дизайн әдісі

<http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=19488>

Білім беру үдерісінің заманауи әдістерінің бірі – білім нәтижесі қалыптастырылған құзыреттер / құзыреттіліктер түрінде анықталатын *құзыреттілік тәсілі* болып табылады. Бұл тәсілдің білім беруде жиырма жылдам астам қолданылатынына қарамастан, құзыреттілік тәсілін іске асырудың бірқатар теориялық мен тәжірибелік проблемалары әлі де қалып отыр, олар: қолданылатын ұғымдық-санаттық аппараттың, құзыреттілік құрылымның әлі де жүйеге келмеуі, оны білім беру үдерісінде қалыптастыру мүмкіндіктері мен шарттары, бұл үдерістің нәтижелілігін анықтау, зерттелетін жеке тұлға қасиетінің қалыптасу деңгейін диагностикалау.

Бұл проблеманы шешу үшін білім беру үдерісін жобалауда кері дизайн (Backward Design) идеологиясын пайдалану дұрыс көрінеді.

Бұл дегеніміз - жобалау алгоритмін қолдану деген сөз (мақсаттан оны қамтамасыз ететін мазмұнға қарай жылжу). Ол алгоритм қадамдары мынадай:

1-қадам: бағдарлама талаптарына негізделе отырып, пән бойынша жалпы немесе оның жеке модулі бойынша оқу нәтижелерін анықтау. Ғалымдардың пікірі бойынша, пән бойынша оқу нәтижелерінің саны 4-5 болуы мүмкін.

2-қадам: оқу нәтижелеріне қол жеткізілгенін анықтауға мүмкіндік беретін бағалау жаттығуларын белгілеу. Тиісті диагностикалау құралдарын әзірлеу.

3-қадам: оқудың қажетті нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағалау рәсімдерімен бірге оқудың қажетті мазмұнын, технологияларын, құралдарын және түрлерін негіздеу.

Біз үшін маңыздысы кері дизайн логикасын белгілеу ғана емес, білім беру үдерісін құзыреттілікті қалыптастыруға бағыттайтын құзыреттілік тәсілінің мәніне негізделе отырып, тыңдаушылардың іс-шараларын жандандыратын педагогикалық технологиялардың маңызын айқындау болып табылады.

## САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ ҮДЕРІСІН БАҒАМДАУ

Сұрақтар	Иә	Жоқ	Ұсыныс
Үш деңгейдегі оқу нәтижелерінің барлығы оқу мақсаттарына сәйкес келе ме? Олар оқушылардың әртүрлі үш деңгейіне лайық ма?			
Мұғалім мен оқушылар орындайтын шаралар оқушыларға оқытылып жатқан тақырыпқа қатысты оқу нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесе ме?			
Мұғалім мен оқушылар орындайтын шаралар белгіленген үдеріс нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесе ме?			
Мазмұнға қатысты табыс критерийлері оқу нәтижелері сәйкес келе ме?			
Үдеріске қатысты табыс критерийлері үдеріс нәтижелеріне сәйкес келе ме?			
Оқушылар жаттығулар арқылы мазмұнға қатысты табыс критерийлеріне қол жеткізгенін көрсете ала ма?			
Оқушылар жаттығулар арқылы үдеріске қатысты табыс критерийлеріне қол жеткізгенін көрсете ала ма?			
Бағалау моделі оқушылардың мазмұнға қатысты табыс критерийлеріне қол жеткізген-жеткізбегендігін бағалауға жарай ма?			
Бағалау моделі оқушылардың үдеріске қатысты табыс критерийлеріне қол жеткізген-жеткізбегендігін бағалауға жарай ма?			

## **РӨЛДІК ОЙЫН**

Қарым-қатынас жасау саласындағы белгілі бір дағдыларды пысықтау үшін қолданылатын әдіс. Рөлдік ойында кем дегенде 2 ойыншы болады, олардың әрқайсысына белгіленген рөлге сәйкес бір-бірімен мақсатты қарым-қатынас жасау ұсынылады. Әдетте оқуға қатысушылардың күнделікті тәжірибелік іс-әрекетіне байланысты рөлдер алынады.

Рөлдік ойынға рнап жазбаша түрде 3 түрлі нұсқау құрылады:

1. Бүкіл топқа арналған жағдайды қысқаша сипаттайтын нұсқау. Нұсқау бүкіл топқа оқылады, бұдан соң тренер рөл ойнайтын 2 тыңдаушыны тағайындайды.

2. Белсенді қатысушы (БҚ) нұсқамасы. Ол өзі іс жүзінде атқаратын лауазымдағы рөлді ойнайды. БҚ нұсқауында мақсат белгіленеді: БҚ диалог барысында неге қол жеткізетіні көрсетіледі.

3. Қосалқы қатысушы (ҚҚ) нұсқауы. Шынайы қызмет барысында БҚ онымен келіссөз жүргізетін субъектінің рөлі.

Рөлдік ойын өткізер алдында қадағаланатын өлшемдерді белгілеп, топқа олардың ойын барысында қадағалаушы позициясында болатынын айту маңызды.

Өткізу уақыты бір ойынға 3 минут. Үш ойын. (15-20м)

### **Алгоритм**

1. Кеңістікті ұйымдастыру.
2. Тыңдаушыларға нұсқау мен және қадағалау өлшемдерін беру.
3. Ойынды бастау.
4. Ойын 3 мин.
5. БҚ-ға мақсат туралы және ҚҚ-ға сезімдері туралы сұрақ қою.
6. Талдауға не бейнеталдауға көшу.

Топ қарқынына әсері – БҚ мен ҚҚ-ны жандандырады, қадағалаушыларды қызықтырады.

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту, тәжірибе.

## СОЦИОМЕТРИЯ

Адамдардың шағын топтары ішінде, соның ішінде оқу барысында, болып жататын түрлі үдерістерді өлшеу әдісі. Топтағы адамдардың өзіндік ерекшеліктері болатындықтан, сабақ белсенді және тиімді болуы үшін тренердің оқу үдерісін бейімдей отырып, оны түрлендіре білуі аса маңызды.

Бұл әдісті қолдана отырып, тренер не бары 10 минуттың ішінде тыңдаушылар уәжін, олардың оқуға дайындығын, сондай-ақ курс тақырыптары бойынша құзыреттіліктерін тез анықтай алады, сонымен қатар кімнің сарапшы рөліне, ал кімнің көшбасшы рөлін атқара алатынын анықтай алады. Сондай-ақ социометрияның көмегімен тақырыптық модульден кейін білімнің қаншалықты меңгерілгенін өлшеуге болады. Социометрияның кейбір түрлері диагностика жасауға мүмкіндік бергенімен қатар, топта қолайсыз үдерістер орын алатын болса, оларды «емдеуге» септігін тигізеді. Социометрия тыңдаушылар сезімдерін теңестіріп, топтық оқуға жағдай тудырып немесе топқа нәтижелі оқу үшін маңызды құндылықтарды сіңіре алады.

Өткізілу уақыты 5-тен 15 минутқа дейін.

### Алгоритм

1. Нұсқау
2. 5 нысанның бірімен жұмыс
3. Шешім

Социометрияның мынадай үлгілері қолданылады: шәкіл, координаттар жүйесі, дарақ, медальдар, сурет, шеберлер қаласы

Топ қарқынына әсері – топтың күш-жігерін көтеріп, теңестіреді

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту және кері байланыс

## **ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ**

Белгілі бір мәселе бойынша тыңдаушылар пікірлерін құрылымдау және жинау үшін қолданылатын әдіс. Қолдау көрсету әдетте шағын дәріс алдындағы жаңа тақырып басында қолданылады және тренерге барлық тыңдаушыларды ойлануға жұмылдырып, белсенді етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ кейіннен тренер жаңа тақырыпқа кіріспе болып табылатын сөйлемдерге топ назарын аударту үшін қолдау көрсету тыңдаушылардан қажетті пікірлердің барлығын жинап алуға септігін тигізеді.

Өткізілу уақыты тыңдаушылар санына және олардың белсенділігіне қарай 10-нан 20 минутқа дейін.

### **Алгоритм**

1. Шеңбер кеңістігі
2. Жағдайға бойлау
3. Пікір туралы ашық сұрақ қою
4. Пікір жинау
5. Шешім, дәріске апаратын бизнес-көпір

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, қызығушылық тудырады

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту

## **БЕЙНЕТАЛДАУ**

Рөлдік ойындар жазылған бейнематериалдарды талдауға мүмкіндік беретін әдіс. Талдау, яғни қадағаланатын мінез-құлық реакцияларын салыстыру және себеп-салдарлық байланысты анықтау. Бұл ойынға қатысушыларға «осы мезетте және осы жерде» жағдайында өзін сырттай бақылауға мүмкіндік беретін, тренер мен топтың көмегімен өзінің қарым-қатынас жасаудағы мінез-құлықтарының ерекшеліктерін талдауға, күшті тұстарын және дамытуды қажет ететін тұстарын анықтауға жағдай жасайтын рөлдік ойын нәтижелерін ұжымдық талқылауға арналған әдіс. Күшті тұстары – яғни «менің қазір істей алатын нәрселерім». Дамытуды қажет ететін тұстар – яғни нені үйрену қажет.

Өткізілу уақыты –40 минутқа дейін.

### **Алгоритм**

1. Талдау мақсаттарын белгілеу
2. Талдау критерийлерін беру
3. Бейнеүзіндіні қарау (тең интервалдар арқылы үзілістер)
4. Топқа қойылатын сұрақ – қадағалау критерийлері бойынша талқылау
5. Түйіндеу, шешім (тақтаға жазуға болады)
6. 3-5-тармақтарды қайталау
7. Жалпы қорытынды және одан әрі жасалатын әрекеттерге логикалық көпір

Топ қарқынына әсері – қадағалаушыларды қызықтырады, талқылау соңына қарай күш-қуат төмендейді, тыңдаушылар шаршайды. Дегенмен БҚ мен ҚҚ (рөлдік ойынның белсенді және қосалқы қатысушылары) күйзелісте болуы мүмкін.

Тақырыптық модульдегі орны – кері байланыс



## **КЕЙСТЕР ӘДІСІ**

Тыңдаушылардың өмірлік жағдайларына ұқсас оқиғаларды ойын жағдайында модельдеу есебінен барлық тыңдаушылардың белсенді қатысуға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін оқыту кеңістігін ұйымдастырудың ерекше әдісі.

Бұл әдісті өткізу үшін тренер қажетті ақпарат қамтылған нұсқау жазылған үлестірме материал дайындауы тиіс. Әркелкі жағдайларды көрсететін және әсердің түрлі заңдылықтарын ашатын көптеген кейс табуға болады.

Өткізілу уақыты – 10-15 минут.

### **Алгоритм**

1. Қағазға жазылған нұсқау
2. Топтық жұмыс
3. Нәтижелерді дұрыс шешіммен салыстыру
4. Қорытынды

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, топ күш-қуатын көтереді. Күш-қуатын бақылау қиынға соғуы мүмкін.

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту, тәжірибе

## СЕРГІТУ

Әдістің басқаша атауы – психогимнастикалық жаттығу.

Бұл әр тыңдаушыға белсенділік танытуға мүмкіндік беретін және топ қарқынын басқаруға бағытталған қысқа уақытты жаттығулар. Әдетте сергіту тыңдаушылардың психологиялық-физикалық жағдайларын өзгерту үшін қолданылады.

Сергіту тренерге:

- Берілетін материалға тыңдаушылар назарын арттыруға;
- Шиеленістерді жоюға, шаршағанды басуға;
- Топтық ауызбіршілікті арттыруға;
- Тыңдаушылардың бұлшықеттерін, сондай-ақ зейінін, есте сақтау қабілетін және шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### Сергітудің мақсаты:

**А** – байланыс орнату; тыңдаушыларды оқуға қызықтыру, жұмысқа уәждеу, белсенді болу ниеттерін ояту.

**Ә** – қызығушылық ояту; жаңа ақпаратты қабылдауға дайындау.

**Б** – зейінді басқа затқа аудару; сілкі, ұйқыдан ояту, энергияны асқазаннан басқа аудару, шашыраңқы назардан әлденеге шоғырланған назарға өтуге көмектесу.

**В** – шиеленісті жою; топты біріктіру, топтық өзара қарым-қатынасты қолдау, өзара көмек, күні бойы жиналған шиеленіс пен шаршауды басу.

**Г** –эмоциялық тұрғыдан жағымды қабылдау; жағымды кері байланыс ұсыну, курс бойында алынған материалды бекіту, біріктіру, қолдау, ұйымдастыру.

Өткізілу уақыты - 3-10 минут.

### Алгоритм

1. Кеңістікті ұйымдастыру
2. Көрсете отырып нұсқау беру
3. Ойын
4. Ойынды тоқтату
5. Одан әрі жасалатын әрекеттерге логикалық көпір

Топ қарқынына әсері – бүкіл топты алдағы іс-шараларға дайындайды.

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту

## СОЦИОМЕТРИЯ

Адамдардың шағын топтары ішінде болып жататын түрлі үдерістерді өлшеу әдісі.

Адамдар тобы өзіндік ерекше болғандықтан, оқыту белсенді және өзекті болуы үшін тренердің өз жадынан ой шығару, сабақтың нақты үдерістерін түрлендіру қабілетінің болуы аса маңызды.

Бұл әдісті қолдана отырып, тренер не бары 10 минуттың ішінде тыңдаушылар уәждеріне, олардың оқуға дайындығына, сондай-ақ сабақтар тақырыптары бойынша құзыреттіліктеріне қарай тез бағыт ала алады, сонымен қатар кімнің сарапшылар рөліне, ал кімнің көшбасшылар рөліне ниет білдіретінін анықтай алады. Сондай-ақ социометрияның көмегімен тақырыптық модульден кейін алынған білімнің меңгерілу деңгейін өлшеуге болады. Социометрияның кейбір түрлері диагностика жасауға мүмкіндік беріп қоймай, егер топта оқыту үшін қолайсыз үдерістер жүретін болса, «ем» жасауға септігін тигізеді. Социометрияның тыңдаушылар сезімдерін теңестіруге, топтық оқыту үшін жағдай жасауға немесе топқа нәтижелі оқыту үшін маңызды құндылықтарды әкелуге мүмкіншілігі бар.

Өткізілу уақыты 5-тен 15 минутқа дейін.

### Алгоритм

1. Нұсқама
2. Нысандардың бірі бойынша жұмыс
3. Шешімдер

Социометрияның келесі үлгілері қолданылады: шкала, координаттар жүйесі, дарақ, медальдар, сурет, шеберлер қаласы

Топ қарқынына әсері – топ күш-қуатын көтеріп, теңестіреді

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту және кері байланыс

## **ШАҒЫН ДӘРІС**

Тыңдаушыларға алдағы уақытта тәжірибелік іс-әрекетте қолданылатын жаңа ақпаратты ұсыну үшін қолданылатын әдіс.

Шағын дәріс барысында мұғалімнің айтқанының бәрі де шындық деген жағымды ұстаным қалыптастырылады. Шағын дәріс барысында материал тыңдаушы алған ақпаратты пайдаланғысы келетіндей етіп беріледі. Өздерінің жаңа ғана естігендерін іс жүзінде қолданғылары келеді. Тыңдаушылар келесі кезеңге – шағын дәрістерден кейін болатын тәжірибелік жаттығуларға дайын болғандықтан, тәжірибелік дағдыларды пысықтай алады.

Өткізілу уақыты – 5-тен 15 минутқа дейін.

### **Алгоритм**

1. Тақырыпты атау
2. Топқа назар аудару
3. Ақпаратты кезең-кезеңмен сипаттау. Дәлел келтіру. Қажет жағдайда қарсы тұру
4. Үндеуді пайдалану
5. Түйіндеу
6. Бүкіл топ болып қорытынды шығару

Материалды мазмұндау барысында келесі әдістер қолданылады: өтпелі құрылым – сатылы, хронологиялық, шоғырландырылған; жергілікті құрылым – индукциялық, дедукциялық, традукциялық (аналогия бойынша)

Топ қарқынына әсері – ақпараттандырады, уәждейді

Тақырыптық модульдегі орны – ақпарат

## **ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖАТТЫҒУ**

Тақырыптық жаттығу – тыңдаушылардың жаңа дағдыларды жеке-жеке пысықтауына бағытталған белгілі бір түрде ұйымдастырылған жаттығу.

Әрбір тақырыптық жаттығуда мыналар бар:

- Тренер жаттығу міндетін және барысын түсіндіретін нұсқау.
- Әр тыңдаушының өз бетінше жұмысы.
- Әр оқушы басқа тыңдаушылардың әрекеттерін қадағалайды, бұл пікір білдіріп, қорытындылармен алмасып, қателерді қалай тез түзетуге және тапсырманы дәл орындауға болатынын меңгеруге мүмкіндік береді.
- Тренердің басшылығымен тыңдаушылардың өз нәтижелерін бақылауы.
- Жаттығу соңында тренер топта болған жайттың бәрін түйіндейді де, бұның тыңдаушылардың күнделікті қызметінде қай жағдайда және қалай орын алатынына тағы бір тоқталады.
- Тренер жаттығу орындауды қашан тоқтату керектігін өзі хабарлайды.

Тақырыптық жаттығуды ұйымдастырудың бірнеше үлгісі бар: үйде дайындау, доп, командалар жарысы, таныстырылым, «ара», «әткеншек», «үштіктер», «қуырылған жұмыртқа».

Өткізілу уақыты – 25 минут.

### **Алгоритм**

1. Нұсқау
2. Кеңістікті үлгі бойынша ұйымдастыру
3. Топтық жұмыс
4. Кері байланыс
5. Қорытынды

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, топ күш-жігерін арттырады

Тақырыптық модульдегі орны - тәжірибе

## **МИҒА ШАБУЫЛ**

Әр тыңдаушыны шығармашылық тұрғыдан ойлануға ынталандыратын, жаңа идея тудыруға бағытталған топтық жұмыстың арнайы әдісі.

Өткізілу уақыты- 5-тен 20 минутқа дейін.

### **Алгоритм**

1. Тапсырма беру
2. Бірінші кезең – идея туындату. Тақырыпқа қатысты идея мен ұсыныстарды барынша көп жинау. Бұл кезде ұсыныстарды талқылауға, сынауға және жоққа шығаруға жол берілмейді.
3. Екінші кезең – идеяларды талдау. Айтылған идеялар мен ұсыныстарды жіктеп, көрінеу іске асырылмайтын шешімдерді алып тастап, іріктелген шешімдерді іске асыру жолдарын пысықтау, бұл шешімдерді іске асыру үшін қажетті құралдарды анықтау.
4. Үшінші кезең – таныстыруға дайындық. Ватман, маркер және басқа да көрнекі құралдарды пайдалану арқылы баяндама жасауға дайындалу керек.
5. Төртінші кезең – таныстырылым. Идеяларды барлық тыңдаушылар түсінетіндей және қабылдайтындай етіп жеткізу.
6. Туындаған сұрақтарға жауап беру.

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, жұмыс соңында күш-қуат төмендейді

Тақырыптық модульдегі орны – тәжірибе

## **МОДЕРАЦИЯ**

Барлық тыңдаушы бірдей түсінетін және қабылдайтын, бірыңғай критерийлері бар жаңа ұғымды топ болып өндіруге мүмкіндік беретін әдіс. Негізгі ұғымдарды түсіну және қабылдау арасындағы қайшылықтарды жою үшін тренер модерацияны қолданады. Модерация әдетте сыртқы бақылаушыға көрінбейтін ойлау үдерістерін көрнекі етіп, сырттан бақылауға болатындай етеді. Сондай-ақ модерация уақытпен тежелген ойлау үдерісін жайып, тізбектелген кезеңдер түрінде беруге мүмкіндік береді, ал бұның оқыту үшін маңызы зор.

Өткізілу уақыты –45 минутқа дейін.

### **Алгоритм**

1. Жағдайға бойлау
2. Топтарға бөлу
3. Карточкалар мен нұсқау
4. Топтық жұмыс 10 мин.
5. Карточкаларды есептеу, жеңімпаздарды анықтау
6. Таныстырылым туралы нұсқау
7. Командалар таныстырылымы
8. Тренердің жіктемесі
9. Қорытынды

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, жұмыс соңында күш-қуат төмендейді

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту, ақпарат, тәжірибе

## **КИНОМЕТАФОРА**

Зерделеудің неғұрлым маңызды тұстарын көрсететін кино үзіндінің ашықтығы және көрнекілігі есебінен топты талқылау/зерделеу тақырыбына қызықтыратын топтық жұмыс әдісі. Кинометафора белгілі бір мақсатта киноүзінді қарап, кейіннен оны талқылауды-талдауды көздейді.

Өткізілу уақыты – 10-15 минут.

### **Алгоритм**

1. Кино қаралатын кеңістікті ұйымдастыру.
2. Тақырып – тапсырма. Қарау және талқылау туралы нұсқау.
3. Киноны қарау.
4. Үзіндіні талдау. Талдау келесі әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады:
  - ортақ ортада;
  - модерация көмегімен;
  - Ватман, маркерлермен командалар жұмысын ұйымдастыру және спикердің топтық шешімді хабарлауы.
5. Келесі жаттығуға логикалық көпір.

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, топтың күш-қуатын көтереді

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту, ақпарат, тәжірибе



## **ТЕСТ**

Тыңдаушылардың келесі сабақ тақырыбына қызығушылығын арттыратын және тыңдаушыларға өздерін зерттеуге көмектесетін әдіс. Мақсатына қарай тестілер ауыспалы (тыңдаушылардың ақпаратты қабылдауда икемді болуына мүмкіндік береді) немесе диагностикалық (белгілі бір білімді, белгілі бір дағдылардың бар екенін диагностикалауға мүмкіндік береді) болуы мүмкін.

Ауыспалы тестілердің бір тыңдаушыға бір рет қана жүргізілетіндігін оның әлсіз жағы деуге болады. Себебі екінші ретте қатысушылар дұрыс жауапты білетін болғандықтан, оларға қызықсыз болып қалады.

Диагностикалық тестілермен жаңа тақырыпты үйренуді бастауға, сондай-ақ кілтті талдау арқылы ақпарат жеткізуге, сондай-ақ жаңа дағдыларды қалыптастыруға жаттығуға болады.

Өткізілу уақыты – 5-15 минут.

### **Алгоритм**

1. Ынталандыру материалын беру
2. Тренер нұсқауы бойынша өз бетінше тест толтыру
3. Тренер нұсқауы бойынша өз бетінше кілттер бойынша талдау
4. Қорытынды

Топ қарқынына әсері – қызықтырады, проблемаларды ашады, топтың күш-қуатын көтереді.

Тақырыптық модульдегі орны – зейінді күшейту, ақпарат, тәжірибе

## **РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ТАЛДАУ**

1. БҚ-ға сұрақ, мақсат қаншалықты іске асты және ҚҚ-ға сезімі туралы сұрақ, қарым-қатынас жасау қаншалықты қолайлы болды.
2. Тренер нұсқауды оқып шығуды сұрайды.
3. Топқа кері байланыс алгоритмі бойынша сұрақ қою, мақсат қаншалықты және қандай қадағалау критерийлері бойынша іске асырылды. Жауаптарды жазып алу.
4. Тренердің БҚ-ның ҚҚ-ға ықпалы туралы қорытынды түйіндемесі. БҚ-ны мақсатқа не жетеледі.
5. БҚ-ға қандай құнды ой түйгені туралы сұрақ. Тренердің ризашылығы.

### **Талдау жүргізу негізі ретінде қолдау көрсетуші, дамытушы кері байланыс алгоритмі**

1. Не ұнады, мақсатқа не жетеледі? – сұрақ БҚ-ға, ҚҚ-ға және қадағалаушыларға қойылады.
2. Тағы не істеуге, қосуға болады? – сұрақ БҚ-ға, ҚҚ-ға және қадағалаушыларға қойылады.
3. Сіз қандай құнды ой түйдіңіз? – сұрақ БҚ-ға және қадағалаушыларға қойылады.
4. Тренердің барлығына, әсіресе БҚ мен ҚҚ-ға рахметі

Өткізілу уақыты –30 минутқа дейін

Топ қарқынына әсері – қадағалаушыларды қызықтырады, талқылау соңына қарай күш-қуат төмендейді

Тақырыптық модульдегі орны – кері байланыс

19-KYH





## ТӘЖІРИБЕНІҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

- Оқушылар қандай деңгейлі тапсырмалармен жұмыс істейді? Жоғары деңгейлі ме немесе төмен деңгейлі ме? Мұғалімдер қандай деңгейлі сұрақтар қояды? Жоғары деңгейлі ме немесе төмен деңгейлі ме?
- Оқушылар өз ойларын жазбаша түрде нақты жеткізе ала ма?
- Оқушылар өздерінің оқып-үйренгендерін бір саладан екінші салаға немесе бір деңгейден екінші деңгейге ауыстыра ала ма?
- Оқушылардың математикадағы түсінігі тұжырымдамалық па немесе тек рәсімдік қана па?
- Оқушылар сыныпта белсенді ме, әлде енжар ма?
- Кейбір оқушылар – ерекше қажеттіліктері бар оқушылар, қыз балалар немесе ұл балалар толық беріліп жұмыс істей ме? Егер олай жұмыс істемесе бұл сынып жағдайында қалай көрінеді?
- Мұғалімдер сыныпта әңгімелесу және ойландыру сияқты тәсілдерді қолдана ма?
- Мұғалімдер жоғары деңгейлі оқу бағдарламасын нашар үлгеретін балаларға түсінікті етіп жеткізе ме?
- Мұғалімдер оқушылардың білім деңгейін қалай біледі?
- Оқушылар өз жұмыстарының сапасын қалай біледі?
- Оқушылар бағалауда қандай рөл атқарады?
- Оқушылар сынып жұмысын бір-бірімен қалай талқылайды?

## **БАСҚА АДАМДАРДЫ СІЗДІҢ ЖҰМЫСЫҢЫЗДЫ ДАМУҒА ТАРТУ**

Мектепте өз жоспарыңызды жүзеге асыруға ұмтылу кезінде ең маңыздысы – көздеген нәтижелерге жалғыз қол жеткізуді көздемей, өзіңізбен бірге басқа адамдарды іске тарту. Бұл кезеңде басқа адамдарды өз жұмысыңызды дамытуға қалай тартар едіңіз деген мәселені бағалау пайдалы болар еді. Сол кезде егер олар сіздің көздеген мақсаттарыңызға сай келсе, сіз бірлескен жұмысты көбірек жоспарлай аласыз.

Мүмкін сіз төменде берілген тақырыптардың астына өз іс-әрекеттеріңіз туралы біраз жазбалар жазғыңыз келетін шығар.

**Әріптестермен және қызығушылық білдірген адамдармен кеңесу**

**Әріптестерге және қызығушылық білдірген адамдарға мәлімет беру**

**Командамен жұмыс істеу**

**Мектеппен серіктестік қарым-қатынас орнату**

**Оқушылармен жұмыс**

Басқа адамдар сіздің жұмысыңыздың дамуына қолдау жасайтынына көз жеткізу үшін енді не істеуіңіз керек?

## **ТӘЖІРИБЕНІ ЖЕТІЛДІРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

Іс-тәжірибені дамыту мақсатында стратегиялық іс-әрекеттерді қалай қолдануға болатындығына кейбір мысалдар:

### **Оқу**

Ұқсас жобалар бойынша есептер, материалдар іздеу, сұрақтарға ресми жауап алу үшін ғылыми әдебиетті оқу, ғаламтордан ақпарат іздеу және т.б.

### **Сынау**

Сынып оқушыларымен жұмыста жаңа тапсырмалар қолдану, жаңа материалдарды қолдана және бейімдей отырып, сынып жұмысының ерекше аспектісіне екпін түсіретін жаңа оқыту әдістерін сынақтан өткізу және т.б.

### **Дерек жинау**

Сабақтарға бақылау жүргізу, оқушылардың немесе әріптестердің пікірлерін сұрау, оқушылар мен мұғалімдердің күнделіктерін зерттеу, арнайы мақсаттағы топтар, топтық тапсырмаларды тыңдау, оқушылардың жұмысын талдау, құжаттарды қайта қарау, аудиторлық іс-тәжірибе, шолу және т.б.

### **Кеңес алу**

Әріптестерді тыңдау, басшымен әңгіме жүргізу, кеңес сұрау, рұқсат алу, сендіру, идеяларды талдау, бұрын не болғандығын анықтау, сенімділік орнату және т.б.

### **Рефлексия**

Күнделік жүргізу, оны талқылау, тәлімгермен кеңесу және т.б.

### **Бірлескен жұмыс**

Командада жоспарлау, материалды бірлесе дайындау, жиналған деректерді реттеу, бірлесіп оқыту және т.б.

**Сіздің ойыңызша, қандай іс-әрекеттер сіздің даму жұмысыңызға сай келеді?**

## «ҮЗДІК» САБАҚТЫҢ АЛТЫ БЕЛГІСІ

Оқытуға бағытталған сабақ сәтті екенін қалай білуге болады? Сынып жетекшісі Ричард Дарант сәтті сабақты сипаттайтын белгілерді анықтайды.

Сабақтың көп бөлігі көбінесе мұғалімнің ауызша хабарламасы мен тапсырмаларға жұмсалады, ал оларды орындау барысында жетекші рөлді оқушылар емес, мұғалім атқарады. Оқушылардың көбі әрекетсіз отырады немесе тәртіп ережелерін бұзып, сабақтың қалыпты өтуіне кедергі жасайды. Мен айқын және ақталған мақсаттар негізінде сабақты жоспарлауды қалаймын, алайда мұғалімдер оқушыларға қызықсыз тапсырмаларды тек олар алдын-ала жоспарланғандықтан орындататын болса, шынайы оқыту тоқтатылады.

Керемет сабақтарда әдетте оқушылардың барлығы бүкіл сабақ бойы белсенді жұмыс істейді. Мұндай сабақтардың ерекшеліктері олардың қызу өтетіндігінде, сондай-ақ оқушыларға уақыт пен орын беріп, ой салатын зерттеу әдістерінде. Бірде физика мұғалімінің сыныптан толық құтыдағы сұйықтықтың көлемін қалай өлшеуге болады деп сұраған жағдайды бақылағаным бар. Оған қалай өлшеуге болатындығын айтып бере салуға болушы еді. Бұл оқу бағдарламасын «қамтудың» оңтайлы жолы болар еді, бірақ бұл жағдайда, оқушылардың көбі өздеріне ештеңе алмас еді. Осылай істеудің орнына, ол тақтаға толық құтының сызбасын салып, оның көлемін қандай тәсілдермен өлшеуге болатынын сұрады. Ол оқушылар ұсынған әрбір тәсілді ескеріп, тақтаға тізім етіп жазып отырды. Бірнеше ұсынысты тыңдап алып, мұғалім сыныпты топтарға бөліп, оларға тапсырма берді:

- ұсынылған әрбір идеяны талқылаңдар;
- оларды іс жүзінде қолданып көріңдер;
- ең жақсысын анықтандар.

Одан әрі ол өздерінің шешімдері туралы түсіндіріп, екі топтың шешімдері арасындағы өзгешеліктерді талқылау үшін әрбір топтан бір өкіл тағайындады. Бұл жұмыс бірнеше рет қайталанды. Үдеріске, сол арқылы оқытуға әрбір оқушы тартылып отырды.

Қай кезде болмасын оқушылардан сабақта не ұнамады деп сұрағанда, олар мұғалімдердің «көп сөйлейтіндігіне» шағымданады. Мұғалімдер, өз кезегінде, өздерінің қажетінен артық сөйлемейтіндерін айтады. Бар мәселе – мұғалімдер өздерінің қанша сөйлейтіндігі туралы ойланбайтындығында. Осыдан біраз уақыт бұрын өзімнің 11 «И» сыныбыма оларға арнап тапсырма дайындағанымды айттым. Мен оларға өлең туралы әңгімені бір минут ішінде қалай жүргізу керектігін көрсеткім келді. Бір оқушы уақыттың басталғаны туралы белгі беріп, мен іске кірістім. «Тоқтаңыз!», деді ол. Мен оған ашумен қарадым. Ол «Сіздің уақытыңыз бітті» деді сенімді түрмен. Маған әңгімеге он-ақ секунд уақыт кеткендей көрінді. Мен сөйлеген кезде өзім ойлағаннан алты есе көп сөйлеуім мүмкін екенін түсіндім. Мұғалімнің «мылжыңы» – біз оқушыларды оқытуда қолдануға тырысатын құралымыз. Ал керемет мұғалімдер оқытуды жоғарыдағы мысалда келтірілгендей жүргізеді.

### **2. Оқыту орынды, ақпарат беретін және мақсатқа бағытталған болуы керек**

Өте қызықты сабақ үнемі сәтті бола бермейді. Егер де математика мұғалімі өзінің еңбек демалысын Гималайда өткізгендігі туралы әншімелеп сыныпты еліктірсе, сабақ шын мәнінде оқушыларды қызықтырады, бірақ тиімді деп айта алмаймыз. Сәтті сабақтарға тән ерекшеліктері олардың іс-әрекеттерінің мақсатпен сәйкестілігі. Басқа сөзбен айтқанда, іс-әрекет оқу мақсатына сәйкес келіп, қалаулы нәтижеге жетумен аяқталуы тиіс. Кейбір мұғалімдер ерекше тапсырмаларды қолдануға тырысады, бірақ осы жерде олардың мақсаты жоғалады (егер ол болған жағдайда). Егер тапсырмалар оқытылатын мәселе бойынша жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік бермесе (яғни жылдам және нақты болмаса), онда олардың мәні жоқ. Шындығына келгенде, олар пайдасыз.

«Орынды болу» көптеген критерийлерді қамтиды, мәселен, бұл тапсырмалар оқушыларға қызықты; олар жан-жақты ойластырылған; өйткені бір сыныпта өте жақсы



нәтиже берген тапсырмалар басқа сыныпта да керемет нәтиже береді деп күтуге болмайды. Ғұлама мұғалімдер сабақтың мақсатын, әрбір тапсырма мен әрбір оқушыны нақты, әрі айқын сезіне алады.

Үздік сабақтар әр кез ақпарат береді, яғни олар пән бойынша кең және нақты білім ұсынады. Дегенмен, олар басқа ақпарат көздерін де ескереді, мысалы, оқушылардың өткен сабақта алған білімі; мұғалім оқушылардың білімін тексергеннен кейін өзіне қандай пайдалы нәрсе алды; оқушылардың білім деңгейі, олардың қалаулары және әлеуеттері; оқушылардың қажеттіліктері. Сабақ осындай ақпаратты ескере отырып жоспарлануы керек. Сондықтан мұғалімнің сәтті сабағы іс жүзінде қалай болатындығын алдын ала болжау қиын. Біз әрқашан оқыту мақсаттары айқын және нақтылы анықталады деген үміттеміз.

Оқушылар «қай бағытта жылжып баратындығы» жайлы білетін болады және айта алады. Мақсатты сезіну барлық сынып ахуалына ықпал етеді.

### **3. Оқушыларға сабақ ұнайды және оларды өздерінің оқулары қызықтырады**

Кез келген бақылаушы ортақ мақсат сезімін сезіне алады. Бұл – қызығушылық пен елігудің «қоспасы». Оқушылар тапсырмаға «сүңгіп» кеткен, әрі осы арқылы басқаларды жігерлендіруге тырысады. Бұндай оқытуда зерттеушілік сипат бар, ал дидактикалық оқыту немесе дұрыс жауап алу сияқты оқыту азайған. Оқушылар өздерін қызықтыратын мәселелерді зерттегілері келеді. Құрдастарының бағалауы және бірлесіп оқу қалыпты жағдай болып табылады.

Мұғалімдер өздерінің сәтсіздіктерін әдетте көптеген себептермен түсіндіреді: жоспарлауға арналған уақыттың жеткіліксіз болуы; сыныптың үлкен болуы; барынша жақсы жоспарланған сабақтарды бұзатын, бірлесе жұмыс істеуден бас тартатын оқушылар, «ең үздік нәтижелерге» қол жеткізу құлшынысы және т.б. Дегенмен, біздің тек теория жүзінде ғана осыларға қол жеткізгіміз келетіні үлкен қарама-қайшылық болып табылады. Біздің күнделікті іс-тәжірибеміз басқа да аса маңызды қажеттіліктермен, сондай-ақ басқа – еріксіз – құндылықтармен қатар жүреді. Мүмкін, жүрегіміздің түкпірінде, біздің көпшілігіміз тіл алғыштықты және тыныштықты қалайтын шығармыз; мүмкін өзімізді білімімізді ешқандай кедергісіз беру құқығы бар объект ретінде қарастыратын шығармыз; мүмкін жасөспірімдер дұрыс тәрбиеленген болса, олар бір-бірін және бізді автоматты түрде құрметтеуге тиіс деп ойлайтын шығармыз.

Қай жағдай болмасын, кейде бақылау жүргізу барысында мені оқушыларға сабақтың ұнамайтындығы және олардың өз оқуларына қызығушылық білдірмеуі таңғалдырады. Сондай-ақ, мені мұғалім сабақ «моделін» әзірлеп алып, оқушылардың қызығушылығын күтетіндігі мазалайды. Өзім бақылауға тура келген сабақтардың көпшілігі мынадай: мұғалім басым және бақылаушы жақ болып қала береді де, оқушылардың өздерінің жеке оқуларына жауап беру сезімін дамытуға мүмкіндік жоқ; ал кейбір сабақтарда тіпті оның қызықсыз, іш пыстыратыны соншалық, ол сабақты тек мұғалімнің өзі жеке тұлға ретінде қызықты болғандығы ғана құтқарады.

Оқушыларды сабақ үдерісіне тарту тек сыртқы қызығушылық танытумен ғана сипатталмайтындығында күмән жоқ. Шындығына келгенде, мен енжар болып көрінгенімен, сабаққа толығымен беріліп отырған оқушылар қатысқан сабақты бақылағаным бар. Сондай-ақ осыған қарама-қайшыны да көрдім. Оқушылардың сабаққа араласуы ең үздік нәтижеге қол жеткізіп, белгілі бір уақыт аралығында осы жетістіктерді ұстап тұрғысы келетіндігімен байланысты екені күмәнсіз.

Сондықтан да сәтті сабақтарда оқушылар тапсырмаларды орындауға өте қызығып, стратегиялық мақсатты бағалайды және осы тапсырмалардан пайда алады. Басқаша айтқанда, олар тапсырманы орындау керектігін біледі және осы сабақтың алдында алған білімдерімен қалай байланысатынын әрі ол болашақта жаңа білімге қол жеткізуді қалай қамтамасыз ететіндігін түсінеді.

#### **4. Оқушылардың табысқа қол жеткізуі**

Қызығушылық білдірген және белгілі мақсатты көздеген оқушылар табысқа жетеді және бұның өзі оларды бұдан да қызығып, мақсатқа ұмтылуға итермелейді. Осылайша, шеңбер пайда болады. Сіз оқушылар керемет нәтижелерге қол жеткізген сабақтар ғана сәтті болып табылады деп дауласа аласыз. Бірақ та менің ойымша, егер барлық оқушылар қандай да болмасын табысқа қол жеткізсе, сол сабақ сәтті болып саналады. Оның үстіне, мен көптеген сабақтарды бақыладым (ойластырдым). Оларда қандай да бір айқын табыстылықты бөліп айту қиын, дегенмен оларды сәтті деп айтуға болды.

Көптеген мұғалімдерді мазалайтын сұрақ – қысқа уақыт аралығында сіз оқушыларыңыздың жетістіктерін қалай көрсете аласыз? Менің айтарым, бұл мүмкін емес және солай істеуге тырыспай-ақ қойыңыз. Кейбір мұғалімдер бақылаушы бөлмеге кірген кезде импровизацияланған талқылау жүргізуге тырысады. Әдетте ол оқушылардың не білгендері туралы қорытынды жасауды сұрайды. Егер де олар әдеттегідей сәтсіздікке тап болса, олардың еш нәрсені түсінбегендіктері туралы қорытынды жасауға болады. Тіптен жақсысы, бақылаушыларға табысты өздеріне анықтауға мүмкіндік беру. Олардың бұған қол жеткізудің өзіндік әдістері болады: олар, мәселен, сабақты оқушылардың өткендегі жеткен жетістіктерімен салыстыра алады, мысалы: осы тақырып оқушыларды нақтылы бір жетістіктерге әкелетіндей деңгейде оқытыла ма? Шындығында бұл мүлде олай еместігі таңғалдырады.

Ең маңыздысы, прогресс дегеніміз – сіздің нені сезіне алатыныңыз. Оқушылар сабаққа қызығып, сұраққа жауап іздегенде бүкіл зиятын қолданса, зерттеу жүргізіп, өз қателіктерінен сабақ алған кезде сіз ең үздік жетістіктерге жеттім деп толық сеніммен айта аласыз.

#### **5. Бағалау оқыту мен оқуға тиімді әсер етеді**

Әрине, табыс кездейсоқ нәрсе емес. Жақсы бақылаушы мұғалімнің алдыңғы оқыту жұмысы бойынша талдауы сабақ жоспарына қаншалықты әсер еткенін бағалай алады. Сабақ барысында және сабақтан кейін тексерушілер барлық оқушылар сабақтан пайда алды ма және алынған ақпаратты қолдану мүмкіндігі бар ма екендігі жайлы дәлелдер іздеумен болады.

Дегенмен, оқыту барысындағы бағалаудың оқуға ықпал ету деңгейі одан да маңыздырақ. Бұны мен «ат үсті» бағалау деп атаймын. Ғұлама мұғалімдер оқушылардың түсіну деңгейін өлшеу мүмкіндігін саналы түрде енгізеді. Бұл мұғалімдер сабақтың қалған уақытын оқушылардың нені түсінбегенін анықтауға және кімнің қаншалықты ілгерілегені туралы ойларын білдіруге жұмсауға аямайды.

Тәжірибесі аздау педагогтер оқушылардың қате түсінгендігіне мән бермей, жоспар бойынша жұмысты жалғастырады немесе олар 10 минут бұрын «түсінген» нәрселерін қайта-қайта «миларына құйып» ығыр қылады. Сәтті сабақтарда мұғалім сабақ жоспары бойынша жүрмей, тек оған сүйеніп отырады. Кей кездері мен «Балалар, сіздерден кешірім өтінемін. Мен ойымды айқын жеткізе алмадым білем. Бұл мәселеге басқа қырынан қарап көрейік» дегенді айтатын мұғалімді кездестіремін. Осындай мұғалім сыныппен тығыз қарым-қатынас орнатқан, табысқа қол жеткізген мұғалім деп саналатынын білемін.

#### **6. Мұғалімнің сұрақтары оқушылардың ойлау қабілетін ашады, айқындайды және кеңейтеді**

Мұғалімнің сабақ жоспарын қайтадан жасап, қайтадан жоспарламауының себептерінің бірі оқушылардың жетістіктерін және түсінгенін бағалай алатындай ешқандай жауап қату тетіктерін енгізбейтіні болып табылады. Олар ақпарат беру кезінде бағалауға, яғни соңғы бағалауға сүйенеді. Мұғалімдер сабақ барысында сұрақ-жауап түріндегі кері байланыс әдісін қолданады. Сонымен қатар сабақ барысында мұғалімдер өте көп сұрақ қояды.

Сұрақтардың үш түрі бар. Біріншісі жабық сұрақ, бұл сұрақтың тек бір ғана дұрыс жауабы бар (мысалы, «мына сөз қалай жазылады?»). Жабық сұрақтар оқушылардың бір нәрсені білетінін, я білмейтінін анықтап береді, сондықтан көп жағдайларда мұғалімдер осы әдісті қолданады. Сұрақтардың тағы бір түрі – ашық сұрақ, бұл жағдайда көптеген

болжамды жауаптар болуы мүмкін (егер Макбет өз еліне соншалықты берілген болса, онда өз патшасын не үшін өлтірді?).

Мұғалімдер ашық сұрақтарды, яғни өздері дәл жауап бере алмайтын сұрақтарды ешқашан қолданбайды. Олар қоятын сұрақтарды мен «белгілі жауаптары» бар сұрақтар деп атар едім. Бірақ ол сұрақтардың жауаптарын мұғалімдердің өздері іздейді. Менің Макбет туралы сұрағыма назар аударыңыздаршы: бұл ашық сұрақ, бірақ егер мұғалім нақты жауапты талап ететін болса, (мысалы, себебі патшаның өзі халық үшін қауіпке айналды) онда сұрақ жабық сұраққа айналады. Шындығында, біз сұрақтың ашық еместігін білеміз, алғашқы ұсынылған жауаптардың бірнешеуі қызығушылықпен қабылданып, мұғалім өзі күтпеген жауапты естігенде оқушыны мақтайды: «Иә, өте жақсы жауап, жарайсың!».

Уақыт өткен сайын (менің айтып отырғаным 12-14 жас) «белгілі жауаптары» бар сұрақтардың кері әсері болады: олар зерттеу мен оқытуды бұзып, тәуелсіз ойлануды дамытуға ықпал етудің орнына «мұғалім сұрақтарының басшылығымен» болатын, мұғалімнің ойында не бар екенін «қалай тапсам екен» деген түрдегі ойлау жолын қалыптастырады.

Ашық сұрақтар талқылауды кеңейте түседі және білім мен «дәлділіктің» негізінде пайым жасауға, пікір білдіруге негіз болады. Жауаптардың да оқушылардың ой-қабілетін көрсететінін, мұғалімдерге олардың түсінуі туралы қажетті ақпарат беретінін атап өту маңызды. Әрине, шын мәнінде оқуға шоғырландырылған сыныптарда оқушылар көп сұрақ қояды, өйткені бір нәрсе туралы білгіміз келген кезде біз сұрақты жиі қоямыз.

Мен мұғалімдерді өте аз сұрақтар қойғаны үшін кінәламаймын: нәтиже шығаратын пайдалы ашық сұрақтар қою шеберлік пен сенімділікті талап етеді. Бұл сізде ойлануға көмектесетін және жауап күткен кезіңізде ыңғайлы жағдай тудыратын мәдениет пен құрылым болу қажеттігін білдіреді. Сіз «тұтқиылдан қоятын» бірнеше сұрақтарыңызды алдын ала жоспарлап қоюыңыз қажет. Мен осындай сұрақтардың біреуін өзіңіздің толық оқыту мақсатыңыз етуді ұсынар едім. Сабақтың қорытындысын шығарған кезде оқушылар талқыланатын сұраққа оралып, мәселені қарастыра береді. Сабақтың басында (ұйымдастыру сәтінде) осы сұраққа жауап беру үшін біздің не білуіміз керектігін анықтап, жауапты қалай беру керектігі туралы әңгіме жүргізуге болады.

Сұрақтардың сапасы және жоспарлау үздік сабақтың айқын белгісі бола алатыны күмәнсіз. Іс жүзінде біз сұрақтарға көп үміт артамыз. Сұрақтарды қоя білу стратегиясынсыз айтарлықтай ілгерілеу, сабаққа беріліп жұмыс істеу және сапалы бағалау болуы мүмкін емес.

Сонымен, инспекторлардың назары мұғалімдер жұмысына емес, бірінші кезекте оқушылардың қандай нәтижеге жеткендігіне бағытталған, әрі бұл өте маңызды деген тұжырымға оралуға рұқсат етіңіздер. Сабақты бақылаған кезімде, мен мұғалімдерді емес, оқушыларды көбірек қадағалаймын. Кейде оқушылар не айтатынын, не істегенін жазып аламын. Содан кейін осындай оң нәтиже шығуы үшін мұғалім қандай еңбек сіңірді деп өзімнен өзім сұраймын.

Мен осылай жиі істеймін. Оқыту стильдері әртүрлі мұғалімдерден ұқсас нәтиже тапқаным маған қанат бітіреді. Оқыту, шындығына келгенде, әртүрлі өтуі мүмкін және әдетте кәсіби «дағдылар» деп аталатын түрлі себептердің нәтижесінде мұғалім қызметінде оң нәтиже көрінеді.

Сабақтың сәтті болу құпиясы мұғалімнің өз назарын нәтижелерге шоғырландыруына байланысты – мен осы мақалада өзім түсіндірген алты белгіні ұсынар едім, алайда оларға жай қарамаңыздар: оқыту үшін бағалау, талқылаулар, оқытудың сараланған мақсаттары, топтық талқылау – сіздің алға қойған мақсаттарыңыз. Осылардың барлығы мақсатқа жетудің жолдары, бірақ мақсаттың өзі емес.

## ТӘЖІРИБЕДЕ ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Оқытуды басқару және көшбасшылыққа кіретін дағдылар, білім және түсінік уақыт өткен сайын дамиды.

**3-деңгейде** мұғалімдер дамыту жөніндегі жұмысқа жетекшілік етудің негізгі қағидаттарын зерделеп, өздерінің жеке іс-тәжірибесін жақсартуға бағытталған шағын жобаларға қатысады деп күтіледі.

Бұл мектеп директорымен ғана емес, сондай-ақ әріптестермен жобаның негізгі мақсаты мен іс-әрекеттің ұсынылған жоспары туралы кеңесуді қамтитын кәсіби мәнмәтінге негізделіп жасалуға тиіс.

### ***Кәсіби мақсаттарды анықтау***

Оқытуды басқару мен көшбасшылыққа кіретін іс-әрекеттер құндылықтарды нақты анықтауға негізделіп, кәсіби мақсаттарды көздеген жағдайда ғана табысты бола алады.

Сіздің кәсіби мақсатыңыз сіз зерттегіңіз келетін нәрсеге емес, сіз өзіңіз әсер еткіңіз келетін нәрсеге бағытталуы мүмкін. Мүмкін, сіз төмендегі сөйлемдерді өзіңіздің кәсіби мақсатыңыздың мәні туралы ойлануға көмек ретінде қолданғыңыз келер:

- Мен ... жақсартқым келеді.
- Мен ... жаңа тәсілін жасағым келеді.
- Мен ... арналған стратегиялар әзірлер едім.
- Мен біздің ... тәсілді өзгертер едім.
- Мен ... жұмыс істеудің жаңа тәсілін табуға көмектескім келеді.

### ***Өткен сабақта сіз өз құндылықтарыңыз бен мақсаттарыңызды анықтадыңыз***

Осы тәсілді бұған дейін пайдаланған мұғалімдер бұл тиімді өткен уақыт болды деп жиі айтады, өйткені жұмысбасты мұғалімдерде өздерінің жеке құндылықтары туралы ойланып, оларға рефлексия жасауға мүмкіндігі бола бермейді. Өзгеріс енгізе алу үшін, өз мектебіңізде нені бағалайтыныңызды, сіздің ойыңызша нені жетілдіруге болатынын терең түсіну өте маңызды болып табылады.

Дамыту жұмысының мақсаты жақсарту, дамыту және өзгерту болып табылады. Енді сіз өзіңіздің дамыту жұмысыңыздың әлеуетті әсерін қарастыруға көшіп, осы әсерді барынша дамытуды жоспарлауыңыз қажет.

Көбінесе мынадай жағдай орын алады, мұғалімдер жобаларын аяқтап болған соң рефлексия жасайды, сол кезде оларды таңқалдыратын жайт жобаның мұғалімдер күтпеген басқа бағыттарға әсер еткені. Егер де сіз жобаның мүмкін болатын әсерін анықтауға біраз уақыт жұмсап, сол әсердің дамуын барынша жоспарласаңыз керемет нәтиже беретінін естеріңізде сақтаңыз.

### ***Дамыту жоспарын нақтылау үшін келісу және кеңес алу***

Сіз көздеген әсерге қол жеткізу үшін сізге белгілі тәсілдермен әрекет ету немесе өздігінен жұмыс жасау көп жағдайда нәтиже бере қоймайды. Сондықтан, мұғалімдер өз мақсаттарына жету үшін жаңа стратегияларды қолданып, басқа адамдармен бірге әрекет ету керектігін ұмытпаулары керек.

Дамыту жұмысының әсерін кеңейтіп, өзіңіздің жеке көзқарастарыңызды өзгерткіңіз келсе басқалармен кеңесуіңіз керек. Олар мектеп директоры, сіздің жұмысыңызға қызығушылық білдірген басқа басшылар, әріптестер, ата-аналар және басқа қызығушы адамдар болуы мүмкін

### ***Басқа адамдармен кеңесу***

Жобаны дамытудағы элементтердің орындылығы мектептің ұйымдастыру мәдениеті мен салт-дәстүріне байланысты. Бұл тек сіздің мектебіңіздің салынған күні немесе оның ұраны ғана емес, сонымен бірге сіз мыналарды білуіңіз керек:

- бұрын көтерілген бастамалар;
- қызметкерлердің негізгі ұстанымдары мен құндылықтары;

- ұйымдастыру құрылымы;
- қызығушылық білдірген мұғалімдердің педагогикалық дағдыларының деңгейі.


Басшылар және тәжірибелі әріптестер сіздің дамыту жөніндегі жобаңыз енгізілетін мәнмәтін туралы көбірек білуге көмектесе алады.

Өз жоспарларыңызды, сонымен қатар әрекеттеріңізді жазып отырған маңызды. Бұл жазбаларды ойлауыңыз бен жоспарлауыңыздың көрнекі дәлелі ретінде жеке құжаттарыңызға қосуға болады.

#### **4-қадам. Іс-әрекеттерді жоспарлау**

Сіздің дамыту жұмысыңыздың ықпалын түсініп қана қоймай, осы жұмысты басқаруда көмектесетін нақты жоспар әзірлеу де маңызды. Дамыту барысында осы элементтер туралы ойлану (6-тапсырма) іс-әрекеттерді жоспарлауыңызды үйлестіреді.

Сіздің іс-әрекет жоспарыңызда, төмендегі диаграммада көрсетілгендей, 3 элемент тепе-тең жағдайда болу қажет. Диаграммада сауатты жүргізілген дамыту жөніндегі жұмыс сынып жағдайында жаңа тәсілдерді сынау арқылы әріптестерді іс-тәжірибені талқылап, бағалауға тарту идеясын бейнелейді. Деректерді әртүрлі мақсаттарда жинауға болады: айталық, сізге сыныптағы жұмыс туралы оқушылардың пікірлерін жинау керек болды делік; немесе сізге сабақты қадағалау арқылы дерек жинауға тура келуі мүмкін.



8-тапсырма сіздің іс-әрекет жоспарыңызды дамытуға көмектеседі.

#### **8-тапсырма: Іс-әрекет жоспарын әзірлеу**

Сіздің іс-әрекет жоспарыңыз әрқашанда белгілі бір уақытқа арналуы керек. Сіз мектеп жағдайында жоба қалай жүзеге асатынын болжай алмайсыз және проблемалардың туындауына дайын болуыңыз керек. Сіз жоба барысында туындайтын идеялар мен түсінік бағыттың өзгеруіне әкелетінін байқауыңыз мүмкін. Сондықтан сіз жоспарды қанша рет қажет болса, сонша рет қайта қарап түзету үшін сақтауға міндеттісіз. Егер сіздің жоспарыңыз түбегейлі өзгерсе, онда жаңа жоспар күшінде екеніне және оны басқалар қолдайтынына көз жеткізу үшін сізге әріптестеріңізбен және қызығушылық білдірген адамдармен кеңесу керек.

#### **2-кезең: Дамыту жобасын жүргізу (мектепте)**

##### **Шолу**

Өз мектебіңізде өткізілетін екінші кезеңде сіз дайындық кезеңінде әзірлеген дамыту жобасын іске асырасыз. Бұл кезең сіздің іс-әрекет жоспарыңызды аяғына дейін пысықтау үшін басқалармен келісуді, мүмкіндігінше, барлық қатысушыларды хабардар етуді және жоспарыңызды іске асыруды бастауды қамтиды.

#### **5-қадам. Жоспарды нақтылауға бағытталған келіссөздер мен кеңесулер**

Мектепте жобаңызды жүзеге асыру барысында барлығына өзіңіз қол жеткізуге ұмтылғаннан гөрі, басқаларды өзіңізбен бірге әрекет етуге тартуыңыз өте маңызды болып

табылады. Ынтымақтастық негізінде өзгерістерді басқару қызметін әртүрлі тұрғыдан қарастыруға болады.

### **Әріптестер мен қызығушылық білдірген адамдардан кеңес алу**

Жеке даму және іс-әрекет жоспарларын жазудың түбегейлі мән-мағынасы – қызығушылық білдірген адамдармен, әлеуетті қатысушылармен және дамыту жөніндегі жұмысты қорғау және проблемаларды жеңу үшін сізге қолдауы қажет болатын тұлғалармен кеңесу мүмкіндігіне ие болу. Бұл әдетте жоспарды талқылау және талқылаудан кейін оны бекітуге дайын болу үшін жиналған жекелеген кісілер мен топтардың отырысы түрінде өтеді.

### **Әріптестер мен қызығушылық білдірген адамдарды құлағдар ету**

Кенестерді бір реттік оқиға ретінде емес, үздіксіз үдерістің бастамасы ретінде қарастырған дұрыс. Егер әріптестер мен басқалар іс-әрекет қойылған мақсаттарға қарсы келетіндей күрт өзгерді деп мазасыздана бастаса, дамыту жұмысында қиындықтар туындауы мүмкін.

### **Команда болып жұмыс істеу**

Мектептердің көпшілігінде командалар біршама тұрақталып қалған. Бар командалар бірлескен іс-әрекеттерді жоспарлау немесе бағалау сияқты ынтымақтастықты барынша айқын жүргізу жолдарын қамтамасыз ете алады.

### **Мектеппен серіктестік қарым-қатынас орнату**

Мұғалімдер бірлесе бақылау, басшылық ету, жаттықтыру немесе басқа іс-әрекеттер үшін әріптестік қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында дамыту жұмысын ұйымдастыруы мүмкін. Мысалы, оқыту әдістері мен пән тақырыбы арасындағы байланысты зерттеу үшін жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі көркемөнер саласы мұғалімдерімен бірлесіп салыстырмалы зерттеу жүргізуге келісуі мүмкін.

### **Оқушылармен жұмыс**

Оқушылардың пікірі фокус-топтар немесе оқушыларды зерттеушілер рөлінде дамыту жұмысына белсенді тарту арқылы қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ олар үдеріске басшы ретінде машықтану арқылы тартылуы мүмкін.

Осы кезеңде өзіңіздің дамыту жөніндегі жұмысыңызға басқаларды қалай тартқаныңызға баға бере отырып, 9-тапсырманы өткізу пайдалы болар. Осыдан кейін, егер бұл өз мақсаттарыңызға жетуге көмектесетін болса, сіз бірлескен жұмысты бұдан әрі жүргізу жоспарын жасай аласыз.

*9-тапсырма: Дамыту жұмысына басқаларды тарту*

### **6-қадам. Жауап алуға негізделген дамыту жұмысына басшылық жасау**

Істі басқару мен жүргізуге оқыту үнемі ойдағыдай өте бермейді. Мұғалімдер жауап алуға негізделген дамыту жөніндегі жұмысты жүргізуде бірқатар қиындықтарға кездеседі, себебі ол жоспардың барлық элементтерінің іс-әрекет барысында қолданылуын қиындатады. Оның орнына мұғалімдерге іс-әрекеттің жаңа жоспарын жасауға тура келеді. 10-тапсырма сізге өзіңіздің жеке қиындықтарыңызды анықтап, оларды жеңу тәсілдерін білуге көмектеседі.

*10-тапсырма: Қиындықтарды жеңу*

Кез келген дамыту жұмысындағы ең маңыздысы дамыту жұмысы кезінде пайдаланылатын деректерді жинау болып табылады. Дамыту жөніндегі жұмысты жетілдіру үшін оқушыдан кері байланысты қолданатын мұғалімнің тәжірибесінен алынған мысалды қарастырып көрелік.

### **Қысқаша мысал:**

#### **Кері байланысты қолдану тұрғысынан тәжірибені түзету**

*Ширли Валентайн жұртшылықты өз оқушыларының білім алуына тартқысы келді. Ол оқушылар егде адамдармен мүмкіндігінше көбірек араласса, өте жақсы азамат болып өсіп шығады деп ойлады. Ол бұл туралы мектеп директорымен сөйлесіп, директор оны қолдады.*

*Бірінші кезеңде жергілікті қоғам өкілін сабаққа қатысуға шақыру міндеті тұрді. Өкіл 1928 жылы туған әже болып шықты. Оқушыларға оның жасы туралы алдын ала айтылып, «уақыт кесіндісі» жасалды. Балалар осы қарт әйелдің туған жылынан бастап тарихта болған шеңбері оқиғаларды жазу арқылы «уақыт кесіндісін» толтыру үшін негізгі мектеп көздері мен интернетті пайдаланып, шағын топтарда бірлесіп жұмыс істеді. Әрбір топ уақыттың белгілі бір үзінгіне көңіл аудара отырып, келген қонаққа сұрақтарын дайындады. Балалар айтылғандарды жазып алып отырды да, қонақ кеткеннен кейін карточкаларға қысқаша хабарламалар жазды. Оқушылар фотолармен және басқа да табылған суреттермен қосып, оларды «уақыт кесіндісіне» жапсырып қойды. Олар, мысалы, қонақ әже антибиотик ойлап табылғанға дейін медбике болғанын және карбол қышқылын гигиеналық мақсатта пайдаланғанын білді.*

*Ширли оқушылардың ата-аналарынан сауалнама толтыруды сұрады, ол сауалнамада мынадай сұрақтар болды: Балаңыз қонақ әже қатысқан сабақ туралы сізге айтты ма? Сіздің балаңыз осы кездесуден не білді деп ойлайсыз? Мұғалім оқушылардан түсініктемелерін параққа жазып, тақтаға ілулерін сұрады. Осыдан кейін Ширли сынып алдында түсініктемелерді оқып, балалардан белгілі бір түсініктемелермен келіспеген жағдайда қол көтерулерін сұрады. Ширли айтылған пікірлер туралы ойланды. Пікірлердің барлығы жағымды болды, бірақ оқушылардың көбі «уақыт кесіндісіне» жабыстырылған карточкаларда не жазылғанын түсіне алмағандарын айтты. Карточкаларды толтырған оқушылар көп нәрсені біле алды, бірақ ұжым ретінде білуге болатын нәрсенің бәрін меңгере алмады.*

*Ширли сабаққа қонақты екінші рет шақырғанда, оның оқушылары жұп-жұппен жұмыс істеді және ол тапсырмаға жаңа кезең енгізді. Қонақ кеткеннен кейін сынып қонақ туралы не білгендерін талқылауға кірісті, содан соң тарихтың белгілі бір кезеңдері туралы мәліметті көбірек білетінін танытқан оқушылар берген ақпаратты жаза бастады. Бүкіл ақпарат карточкаларға жазылып, тақтаға ілінді. Сосын жұптарға карточкаларға жазылған ақпарат таратылып, сондай-ақ сол ақпаратты тарқатуларына мүмкіндік беру үшін компьютерді қолдануға рұқсат етілді. Оқушылар жұп болып, интернет материалдарын басшылыққа ала отырып, тарихқа қатысты өз бөлігін кеңейте алды, мысалы, қонақ ауруханаларда «карболканы» пайдаланғандары туралы айтқан кезде, оқушылар осындай ақпаратты іздеп, «карбол сабыны таскөмір шайырынан жасалады және екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін техникалық дүкендерде сатылған. Ол әлі де сол кездегіні еске түсіретін, ескі үлгідегі заттарды тұтынғысы келетін адамдар үшін интернет арқылы қолжетімді» деген мәліметті тапты.*

*Бұл жиналған ақпараттың сапасын арттырып, ол туралы таныстырылымды жақсартуға мүмкіндік берді. Басқа оқушыларға соңғы материалды оқып шығу ұсынылды.*

Сонымен қатар сіз ненің өзгергенін және қалай өзгергенін көрсету үшін де деректер жинай аласыз. Содан кейін басқаларға өз жұмысыңыздың әсерін көрсету үшін осы деректерді пайдалануға болады. Сіз жинаған деректер, сондай-ақ оларды жинақтау тәсілі сіздің бастапқы мақсатыңызбен үйлесуі өте маңызды. 11-тапсырмада дамыту жөніндегі жұмысыңызда өзіңізге қолдау көрсететін деректер жинау тәсілін қалай таңдау керектігі туралы кейбір ұсыныстар берілген.

*11-тапсырма: Дерек жинауды жоспарлау*

Сауалнама сізге өзіңіздің оқытуыңызды бағалауға және өзіңіздің жеке түсінігіңізді дамытуға көмектеседі, бірақ егер де сіз шынымен де мектебіңізде оқыту мен оқуды жақсартқыңыз келсе, өзіңіз пайдаланатын деректердің маңызды мәні бар екеніне көз жеткізуіңіз қажет. Өз жұмысыңыздың ықпалын барынша арттыру мақсатында сіз кәсібилікке қатысты пікір білдіру мен талқылауды ынталандыру үшін айғақты пайдалана аласыз, сондай-ақ әріптестеріңіз жағдайды қалай қабылдайтынына әсер ете аласыз.





20-KYH





## БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ ҚЕСТЕСІ: ЖАЛПЫ НУСҚАУЛЫҚ

		Төмен			Орташа		Жоғары - талдау		Жоғары - жинақтау	
Білім	Есте сақтау (бұрын оқылған ақпаратты дұрыс жаңғырту).  Терминология; өзіндік фактілер, тәсілдері және сипаттамалық ерекшеліктермен жұмыс істеу құралдары (шартты белгілер, үрдістер мен жүйелілік, жіктеу және санағтар, критерийлер, әдістеме); әртүрлі салалардағы абстракциялар және эмбебағтар (кағидағтар және жалпылау, теориялар және құрылымдар); нақты және бұрын оқылған ақпарат.	Ақпарат мәнін түсінгенін айқындау	Қолдану Бұрын оқылған ақпараттарды жана және нақты жағдайларда мәселелерді шешу үшін қолдану.	Талдау Материалды құрамдас бөлшектер бойынша бөлу, қарастыру (және оның ұйымдастыру құрылымын түсінуге ұмтылу) түргі болған немесе себептерді сәйкестендіру жолымен қорытынды құруға арналған ақпарат, қорытынды құру және/немесе жалпылау негіздемесі үшін келтірілген дәлелдер.	Бағалау Өзіндік пікірге негізделген материалдың маңыздылығын бағалау, дұрыс немесе қате жауаптарсыз белгілі бір мақсатпен соңғы өнімнің нәтижесін алу.	Жасау немесе жаңа тұтастықты жаңғырту үшін бұрын алынған білімді және дағдыларды қолдану.				
Нақты (терминдерді білу)  Тұжырымдамалық  Қағидағтарды, теорияларды, модельдерді және құрылымды жіктеу	Анықтайды; сипаттайды; тізбектейді; теңдестіреді; білдіреді; нөмірлейді; атайды; жазады; айтады; жаңғыртады; таңдайды; атап өтеді; қарастырады; жазады.  Жіктейді; дәйексөз келтіреді; түрін өзгертеді; сипаттайды; ой жүгіртеді; бағалайды; түсініреді; жалпылайды; мысалдар келтіреді; суреттейді; пайымдайды; астарлайды; өз сөзімен баяндайды; белгілерді көрсетеді; түсінеді; қысқаша айтады.	орындайды; көмектеседі; қолданады; айқын тұжырымдайды; бағалайды; сөмелайды; жинайды; санайды; атап өтеді; салады; бақылайды; көрсетеді; анықтайды; дамытады; ашады; орнатады; кеңейтеді; енгізеді; қосады; мәлімдейді; нұсқайды; белсенділендіреді; қатысады; болжайды; дайындайды; сақтайды; өндіреді; жобалайды; қамтамасыз етеді; байланыстырады;	Талайды; тізбектейді; бөледі; салыстырады; қарама-қарсы қояды; ара қатысын белгілеу; диаграммаларды құрады; саралайды; оңсқрыминациялайды; айырады; назар салады; суреттейді; қорытынды жасайды; шектейді; белгілейді; бөледі; басымдықтарды қояды; таниды; бөледі; белішектейді. Мысалдарды бөліктерді ұйымдастыруды көреді Жасырын мағынаны көреді Құруушытарды теңдестіреді	Баға береді; салыстырады және атап өтеді; қорытынды жасайды; сынайды; шешеді; қарғайды; түсіндіреді; талқалайды, ой салады; шек қояды; қолдайды.	Қолданады; болжайды; ынтымақтасады; құрастырады; хабарланады; құрастырады; шығарады; жасайды; жоспарлайды; дамытады; ойлап табады; өрнектейді; жеңілдетеді; тұжырымдайды; жалпылайды; гипотеза құрайды; біріктіреді; анықтайды; алдын алады; ықпалайды; сөз сөйлейді; үлгілейді; түрін өзгертеді. талқылайды, жоспарлайды; өркендейді; қайта ұйымдастырады;					

## БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ: ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛЫҚ

<p>Әдістемелік Шеберлік және алгоритмдер Пәннің өзіндік әдістері Оларды қолдану уақытын анықтауға арналған критерийлер</p> <p>Метатанымдық</p> <p>1. Стратегиялар: Қайталау: Мнемониканы әзірлеу, астарлау, түсініктерді және байланыстарды орнату</p> <p>2. Мақсаттарды жоспарлау, кері бағытта жұмыс істейтін эвристика проблемаларын шешу, дедуктивті және индуктивті талқылаулар, қорытындыны қалыптастыру</p> <p>3. Өзінді білу, білмейтіннің білу</p> <p>Мысал келтіру</p>	<p>Көрсету</p> <p>Жазу</p> <p>Сипаттау</p> <p>Көшіру және қайталау</p>	<p>Дәлелдер мен идеяларды қолданудағы мәліметтерді ұйымдастыру, нұсқауларымен жүру қажет</p>	<p>хабарлайды; көрсетеді; шешеді; оқытады; береді; қолданады.</p> <p>Әдістерді қолдану, дәлдікті дамыту</p> <p>Деректерді кестеге енгізу</p> <p>Не, қалай, қайда және неге</p>	<p>Құрамдастыру және ықпалдастыру</p> <p>Себеп және салдар</p> <p>Деректердің өзектілігі</p> <p>Өзіндік деректерді талдау</p> <p>Ақпаратты беру</p> <p>Қорытындыларды түсіндіру</p>	<p>Болжау</p> <p>Қорығынды жасау</p> <p>Белгісіздік</p> <p>Сәйкес келмейтін нәтижелер</p> <p>Қорығынды жазу</p>	<p>қайта құрастырады; күшейтеді; түрлендіреді; қайталайды; құрады; алмастыру; бекітеді.</p> <p>Тәжірибелік дағдыларды білу</p> <p>Басынан бастап жоспарлау</p> <p>Жақсартуды ұсыну</p>
--	--	--	--	---	---	--

## БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

Білу	Төмен		Орта	Жоғары талдау		Жоғары синтез
	Еске сақтау	Түсіну		Қолдану	Талдау	
Нақты			.			.
Тұжырымдамалық						
Үдерістік						
Метатанымдық Қалай оқу керектігін үйрену						

Сіздің тізбектелген сабақтар топтамаңыздың аясында алынған оқу нәтижелерін кестенің тиісті торына жазыңыз.

Сіздің сыныбыңыздағы оқушылардың түрлі топтары үшін жоғары және төмен деңгейде ойлауды талап ететін нәтижелердің ара қатысын талдаңыз.



21-KYH







## ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫН ЖОСПАРЛАУ

### Сабақ барысында түсініп меңгеруге үйрету. Сабақтар тізбегін жоспарлау

#### 1. Сіздің сыныбыңыздағы оқушылар кімдер?

##### Сұрақтар:

- a) Өзіңіз оқытатын сабаққа деген көзқарасыңыз қандай? Сіздің пәніңізді меңгеруге оқушылар қаншалықты ынталандырылған?
- b) Сіздің пәніңіз бойынша оқушылардың үлгерімі қандай? Оқушылар үлгерімдерінің арасында қаншалықты айырмашылық бар?
- c) Осы тақырып бойынша оқушылардың тәжірибесі мол ма?
- d) Сіздің оқушыларыңыз оқыту мен оқудағы қандай әдіс-тәсілдермен таныс?
- e) Оқушыларыңыз оқытудың қандай стилін ұнатады?
- f) Оқытуда қандай кедергілер бар және оларды қалай жеңесіз?

#### 2. Білім беру бағдарламасынан сіз нені үйрете аласыз?

##### a) Тұжырымдамалық түсінік

##### Тұжырымдамалар (оқу нәтижелері)

Сабақтардың соңында оқушылар нені үйренулері қажет? Нені түсінулері қажет? Бұл барлық оқушылар үшін бірдей бола ма? Дарынды және талантты оқушыларды қалай ашасыз? Сіз аса жоғары ойлауды және сын тұрғысынан ойлауды үдеріске қостыңыз ба? Пәндік мазмұнға байланысты оқушылар алдында кедергі болатын қандай негізгі қиындықтар бар? Шындығында ғылымда ұғымдар абстрактілі болып табыла ма? Оқушылардың сөздік қоры жеткілікті ме?

ә) Әдістемені түсіну, яғни оқушылар қандай тәжірибелік дағдыларын дамытулары қажет?

б) **Проблемаларды шешу** үшін тұжырымдамалық түсініктер мен әдістемелік дағдыларды біріктіру мүмкіндігі бар ма?

Проблеманы шешуге бағытталған міндеттерді орындау арқылы оқушылар қалай оқу керектігін қалай үйренеді?

## ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫН ЖОСПАРЛАУ

в) **Әңгімені** оқушыларды оқытудың бір тәсілі ретінде сабақтар топтамасына енгіздіңіздер ме?

Оқушылар өздерінің сөздік қорын қандай лексикамен байытады?

Сіздер :

- Диалогтік оқытуды
- Топта талқылауды ескердіңіздер ме?

г) Сіздер оқушыларға **өз беттерінше білім алуға** мүмкіндік бересіздер ме?

Сіздер

- көп материалдың оқылғанын;
- жазбаша тапсырмаларды ескересіздер ме?

### 3. Оқушылар білімді меңгергендерін сіздер қалай анықтайсыздар?

**Оқуды бағалау және оқу үшін бағалау**

Оқушылар нені біледі?

Оқып-үйрену табысты болғанын қалай білуге болады?

Сіз бұл үшін сабақтар топтамасында оқушыларға мүмкіндік беруді жоспарладыңыз ба?


*Оқу үшін бағалау* бойынша тапсырмаларды ескердіңіздер ме? Оның ішінде:

- оқытуға қажетті өзгерістерді енгізу мақсатындағы диагностика;
- бір жауапты талап ететін сұрақтар;
- критерийлерді дұрыс қолдану;
- өзара бағалау бойынша тапсырмалар;
- өзін өзі бағалау бойынша тапсырмалар.

## ОҚУШЫЛАР МЕН ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ АРА-ҚАТЫНАСЫ

Өзіңізге төменде ұсынылған диаграмманың үлкен нұсқасын жасап алыңыз.

Оқушыларыңызды пән мен сабақтар топтамасының тақырыбына сәйкес орналастырыңыз. Жекелеген оқушыларды немесе оқушылардың топтарын белгілеу үшін символдарды пайдаланыңыз.



Осы пәнді немесе сол жастағы оқушылар тобына сабақ беретін бір немесе екі әріптесіңізбен осы диаграмманы пысықтаңыз.

Кезекпен Сіздің тізбектелген сабақтар топтамасының тақырыбын талқылаңыз.

Олармен:

- диаграммаға сәйкес түрлі санаттағы оқушылардың оқуының болжамды нәтижелерін;
- диаграммаға сәйкес түрлі санаттағы оқушыларға арналған оқыту мен оқу тәсілдерін талқылаңыздар.

---

## ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

### А. ОҚЫТУ:

---

Нәтижелерді бағалау үшін төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

#### Тізбектелген сабақтар топтамасында:

1. Оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттері хабарлана ма?
2. **БАРЛЫҚ** оқушылар сыныпта жоғарылауға бағытталған ынталандырумен қамтамасыз етіле ме?
3. Мұғалімнің түсіндіруі мен оқушылардың жеке жұмыстарының арақатынасы тең бе?
4. Келесі жұмыс түрлері ұсыныла ма: жеке жұмыс, топтағы жұмыс, шағын топтардағы жұмыс, бүкіл сыныптық жұмыс?
5. Оқушыларға ойлануға мүмкіндік беріле ме?
6. Оқушылардың білім мен дағдыларын таныс емес жағдаятта қолдану ниеті көтермелене ме?
7. Ағылшын тілін білмейтін оқушыларға қолдау көрсетіле ме?
8. Сабақта қалыптастырушы бағалау қолданыла ма?
9. Кейінгі сабақтарды жоспарлау мақсатында оқушылардың әрекеттері бағалана ма?

#### Жаратылыстану ғылымдарының пәндері үшін

10. Оқушыларға ғылымды күнделікті іс-әрекетпен байланыстыруға мүмкіндік бересіз бе және бұл әрекетті марапаттайсыз ба?
11. Оқушылар біліктілік пен дағдыларды игеруде прогресс байқала ма?
12. Оқушыларға аталған салада (ғылым саласы) келесі әрекеттерді: жүйелі бақылау, болжамдарды өлшеу, шешу және тексеру, жоспарлау, зерттеу жүргізу, мәліметтерді сараптау, мәліметтерді бағалау, қорытынды жасай алуды пайдалана отырып жұмыс істеу мүмкіндігімен қамтамасыз етесіз бе?

### Ә. ОҚУ:

---

#### Оқушыларға төмендегідей мүмкіндіктер беріле ме:

1. Ертедегі жетістіктеріне негізделуге;
2. Өзіне бастамашылық алып, білімді өзіне қатысты дәрежеде меңгеруге;
3. Өз жұмысын бағалауға және шешім қабылдауға;
4. Бір-бірімен ынтымақтастықта болып, бір-біріне көмек көрсетуге;
5. Проблеманы шешу және қарым-қатынасты орнатудағы өз дағдыларын көрсетуге;
6. Тиісті әдістер мен қорларды (ресурстар) таңдауға;
7. Қауіпсіздік және қоршаған ортаға құрметпен қарауға қатысты жауапкершілік танытуға;
8. Таныс емес жағдаяттарда негізгі тұжырымдаманы (концепция) қолдануға;

#### Жаратылыстану ғылымдарының пәндері үшін

9. Келесі дағдыларды: жүйелі бақылау, болжамдарды өлшеу, шешу және тексеру, жоспарлау, зерттеу жүргізу, мәліметтерді сараптау, мәліметтерді бағалау, қорытынды жасай алуды дамытуға;
10. Жаратылыстану ғылымдарының табиғатын қарастырып ғылымдағы осы немесе басқа да ғылыми үдерістердің қалай пайда болғандығын түсінуге;
11. Ғылыми-техникалық үдерістерден туындаған әлеуметтік-экономикалық факторлар мен дилеммаларды зерттеуді қоса алғанда ғылымның тәжірибелік қолдануын зерделеуге мүмкіндік беріле ме?

## ӨЗАРА БАҒАЛАУ НЫСАНЫ: ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫ

	Әртүрлі тақырыптардың идеялары тізбектелген сабақтар топтамасына қалай біріктірілді?	Оларды тиімдірек қалай біріктіруге болар еді?
Диалогтік оқыту		
Қалай оқу керектігін үйрену		
Сын тұрғысынан ойлауға үйрету		
Оқуды бағалау мен оқу үшін бағалау		
АКТ-ны пайдалану		
Дарынды және талантты балаларды оқыту		
Оқушылардың жас ерекшеліктерін назарға алу		

Тізбектелген сабақтар топтамасын жақсарту жөніндегі басқа түсініктемелер мен кеңестер:

1)

2)

## ОРТА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРДЫҢ ҮЛГІСІ

### САБАҚТАР ТОПТАМАСЫНЫҢ ОРТАҚ ТАҚЫРЫБЫ:

Бұл сабақтар аясында не туралы сөз болады: *мысалы, Оқу жоспарының бұл бөлігі оқушыларды геометрияны зерделеуге дайындайды: түрлі сызықтар мен тегіс және кеңістіктік геометриялық фигуралардың атауларымен танысады.*

Пән бойынша оқу мақсаты:		Пән бойынша лексика мен терминология. <i>Мысалы,</i>			Қысқаша шолу: <i>мысалы, Оқушылар негізгі белгілеріне қарап, заттарды, сызықтарды, геометриялық фигураларды қалай ажыратуға болатынын түсінеді</i>	
Сабақтың мақсат(тар)ы		<ul style="list-style-type: none"> <li>– нүкте, сәуле, кесінді</li> <li>– себептері, ерекшеліктері, белгілері</li> <li>– кеңістіктік фигуралар, үшөлшемді форма, шар, цилиндр, конус, пирамида, призма, текше</li> </ul>			Бағалау <i>(Оқушыларға қалай қолдау көрсетіп (ҚБ), жетістігін қалай бағалаймын (ЖБ)?)</i>	
№	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсат(тар)ы	Оқушылардың әрекеттері <i>(Тапсырма барысында олардың не істегенін қалаймын)</i>	Оқушылардың жұмысқа қатысуын қамтамасыз ету <i>(нақты: жекелеген (проблемалы, нашар немесе дарынды) оқушыларды жұмысқа қалай тартамын?)</i>	Ресурстар <i>(Бұл үшін маған қандай материал қажет?)</i>	
1						
2						
3						
4						

22-KYH







## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ ЖОСПАРЛАУ

Мүмкіндігінше, сіздің пәніңіз бойынша сабақ беретін және/немесе сіздің оқушыларыңыздың жасындағы оқушылармен жұмыс істейтін басқа мұғаліммен жұптасып жұмыс істеңіз.

Бірлесіп сабақ жоспарын жасаңыз, ол «Сабақты зерттеуге» кіруі мүмкін.

Төмендегі қадамдарды қолданыңыз.

- 1) Оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында өз сабақтарыңызда сынап көргіңіз келген «оқыту/оқудағы жаңа тәсілді» айқындаңыз. Мысалы:
  - Белгілі бір критерийлерді пайдалана отырып, әріптестердің жазбаша жұмысын бағалау;
  - Топтық жұмыста дарынды және талантты оқушыларға топты басқаруды тапсыру;
  - Оқушылар жұптарының арасында диалогті ынталандыру үшін интернет-ресурстарды пайдалану т.б.
- 2) Оқу жоспарының (тақырыбының) қандай бөлігінде бұл тәсіл аса ықпалды болатынын шешіңіз. Мысалы:
  - Гүлдеген өсімдіктің бөліктерін зерттеу;
  - Сан заңдылықтарын айқындаумен байланысты математикалық есептерді шығару;
  - Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі ландшафты зерделеу т.б.
- 3) Тақырыбына қарай, сіздің оқушыларыңызға лайықты, нақты күтілетін оқу нәтижесін айқындаңыз. Мысалы:
  - 6 жасар оқушылар гүлдеген өсімдіктерде тамыры, сабақтары, жапырақтары мен гүлдері болатынын білуі тиіс. Олар өсімдіктің әр бөлігінің неге арналғанын білетін болады.
- 4) Енді кейс-стадияға қосу үшін сіздің сабақтарыңызда оқушылардың түрлі топтарын көрсететін оқушыларды «іріктеп» алыңыз.  
Бұл жазу сияқты пәнаралық дағдыларға қатысты немесе ғылыми терминологияны білу сияқты арнайы дағдыларға қатысты оқу үлгерімі жақсы, орташа және нашар оқушылар болғаны дұрыс.

Әр мұғалім өз оқушыларының таңдалған тақырыптар бойынша үлгерімінің динамикасы туралы білімін реттеу үшін «18-ресурс. Олардың оқу үлгеріміне сәйкес оқушылар моделі» кестесін пайдалану керек.


Осы материалдың соңында келтірілген сабақ жоспарының шаблонын пайдалана отырып, сабақ жоспарының а), b), c) және d) бөлімдерін орындаңыз.

Мысал:

a) Оқыту/оқудағы тәсіл	«Бірлесіп ойлау» мақсатында оқушылар арасында қарым-қатынасты ынталандыру үшін топтық жұмысты пайдалану
b) Тақырып (оқу жоспарының бөлігі)	Гүлдеген өсімдіктің бөлшектері
c) Оқытудың нақты нәтижесі	Оқушылар гүлдеген өсімдіктерде тамыры, сабақтары, жапырақтары мен гүлдері болатынын білуі тиіс. Олар өсімдіктің әр бөлшегінің неге арналғанын білетін болады.
d) Сабақ	Оқушылар төрт адамнан тұратын топтарға бөлініп, қызғалдақты қарастырады және қандай негізгі бөлшектерден тұратыны туралы ойланады. Сосын олар қызғалдақты құрамдас бөлшектерге кесіп, қағаз паракқа желімдейді. Олар бөлшектердің атауын және функцияларын талқылайды және оларды қағазға жазады.
e) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (А)	
f) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (В)	
g) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (С)	

Сабақ жоспарының шаблону

a) Оқыту/оқудағы тәсіл	
b) Тақырып (оқу жоспарының бөлігі)	
c) Оқытудың нақты нәтижесі	
d) Сабақ	
e) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (А)	
f) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (В)	
g) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (С)	



Үлгерімі жақсы (А)

Үлгерімі орташа (В)

Үлгерімі нашар (С)

Таңдап алған тақырып бойынша сіздің оқушыларыңыздың үлгерімі туралы не білетініңізді жоғарыдағы бала сызбасының ішіне жазыңыз.

## **«Сабақты зерттеу» бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ережесі**

5-6 адамнан тұратын топтарда өзіңіздің кәсіби қызметіңіз тұрғысынан мынадай сұрақтарды талқылаңыз:

- «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына ықпал ететін жағдайлар.
- «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына бөгет жасайтын кедергілер.
- «Сабақты зерттеу» тәсілін қолдану барысында мұғалімдердің бірлескен жұмысына сіз қалай ықпал ете аласыз?

**Өз топтарыңызда «Сабақты зерттеу» тәсілі бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ережесін жасап, осы ереже жазылған плакат шығарыңыздар.**





23-KYH







## САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДІ ЖОСПАРЛАУ

Мүмкіндігінше, сіздің пәніңіз бойынша сабақ беретін және/немесе сіздің оқушыларыңыздың жасындағы оқушылармен жұмыс істейтін басқа мұғаліммен жұптасып жұмыс істеңіз.

Бірлесіп сабақ жоспарын жасаңыз, ол «Сабақты зерттеуге» кіруі мүмкін.

Төмендегі қадамдарды қолданыңыз.

- 1) Оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында өз сабақтарыңызда сынап көргіңіз келген «оқыту/оқудағы жаңа тәсілді» айқындаңыз. Мысалы:
  - Белгілі бір критерийлерді пайдалана отырып, әріптестердің жазбаша жұмысын бағалау;
  - Топтық жұмыста дарынды және талантты оқушыларға топты басқаруды тапсыру;
  - Оқушылар жұптарының арасында диалогті ынталандыру үшін интернет-ресурстарды пайдалану т.б.
- 2) Оқу жоспарының (тақырыбының) қандай бөлігінде бұл тәсіл аса ықпалды болатынын шешіңіз. Мысалы:
  - Гүлдеген өсімдіктің бөліктерін зерттеу;
  - Сан заңдылықтарын айқындаумен байланысты математикалық есептерді шығару;
  - Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі ландшафты зерделеу т.б.
- 3) Тақырыбына қарай, сіздің оқушыларыңызға лайықты, нақты күтілетін оқу нәтижесін айқындаңыз. Мысалы:
  - 6 жасар оқушылар гүлдеген өсімдіктерде тамыры, сабақтары, жапырақтары мен гүлдері болатынын білуі тиіс. Олар өсімдіктің әр бөлігінің неге арналғанын білетін болады.
- 4) Енді кейс-стадияға қосу үшін сіздің сабақтарыңызда оқушылардың түрлі топтарын көрсететін оқушыларды «іріктеп» алыңыз.  
Бұл жазу сияқты пәнаралық дағдыларға қатысты немесе ғылыми терминологияны білу сияқты арнайы дағдыларға қатысты оқу үлгерімі жақсы, орташа және нашар оқушылар болғаны дұрыс.

Әр мұғалім өз оқушыларының таңдалған тақырыптар бойынша үлгерімінің динамикасы туралы білімін реттеу үшін «18-ресурс. Олардың оқу үлгеріміне сәйкес оқушылар моделі» кестесін пайдалану керек.

Осы материалдың соңында келтірілген сабақ жоспарының шаблонын пайдалана отырып, сабақ жоспарының а), b), c) және d) бөлімдерін орындаңыз.

Мысал:

a) Оқыту/оқудағы тәсіл	«Бірлесіп ойлау» мақсатында оқушылар арасында қарым-қатынасты ынталандыру үшін топтық жұмысты пайдалану
b) Тақырып (оқу жоспарының бөлігі)	Гүлдеген өсімдіктің бөлшектері
c) Оқытудың нақты нәтижесі	Оқушылар гүлдеген өсімдіктерде тамыры, сабақтары, жапырақтары мен гүлдері болатынын білуі тиіс. Олар өсімдіктің әр бөлшегінің неге арналғанын білетін болады.
d) Сабақ	Оқушылар төрт адамнан тұратын топтарға бөлініп, қызғалдақты қарастырады және қандай негізгі бөлшектерден тұратыны туралы ойланады. Сосын олар қызғалдақты құрамдас бөлшектерге кесіп, қағаз паракқа желімдейді. Олар бөлшектердің атауын және функцияларын талқылайды және оларды қағазға жазады.
e) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (А)	
f) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (В)	
g) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (С)	

Сабақ жоспарының шаблонуы

a) Оқыту/оқудағы тәсіл	
b) Тақырып (оқу жоспарының бөлігі)	
c) Оқытудың нақты нәтижесі	
d) Сабақ	
e) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (А)	
f) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (В)	
g) Оқушылар үшін оқу нәтижелері (С)	



24-KYH





## МҰҒАЛІМДЕРДІ БАҒАЛАУ

Бағдарламаның түйінді идеялары мен мазмұны мұғалімдердің тиісті сапалық деңгейге қол жеткізуіне бағытталған. Ол сапалық деңгей Мұғалім өзін кәсіби тұрғыдан ой толғауға қабілетті, өзінің оқыту және оқу тәжірибесін өзгертуге дайын маман ретінде таныту үшін қажет.

Кәсіби даму бағдарламасының өн бойында мұғалімдер Бағдарламаның өзара байланысты тақырыптарымен танысады. Олар бұл тақырыптарды өз сабақтарының жоспарларына қосу арқылы өзінің тәжірибелік қызметі тұрғысынан тақырыптарды түсінетіндігін көрсетулері керек. Нәтижесінде мұғалімдер өз тәжірибесіне қандай өзгеріс енгізгені, ол өзгерісті қалай енгізгені туралы рефлексиялық есеп жазады. Мұғалімнің Бағдарламаны табысты игерудің төмендегі үш критерийіне сәйкестік деңгейін анықтауда олардың оқудың соңында жазатын рефлексиялық есебі айрықша мәнге ие болады:

- 1. Бағдарламаның түйінді идеяларын білу және түсіну.*
- 2. Өзінің оқыту және оқу тәжірибесінде Бағдарламаның түйінді идеяларын қолдану.*
- 3. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді енгізу туралы ойлану және одан әрі дамытуға арналған тәсілдер мен идеяларды белгілеу.*

### **Рефлексиялық есеп**

Рефлексиялық есепке қойылатын талаптар төменде жазылған. Дегенмен бағаланатын деректер тұрғысынан, болмаса өздерінің терең білімі мен кәсіби дамуын дәлелдейтін құжат ретінде мұғалімдер рефлексиялық есепке қосымша материал ұсына алады. Мектеп тренерлері рефлексиялық есептің мазмұны, құрылымы бойынша, сондай-ақ рефлексиялық есепті бағалауға арналған деректерді әзірлеуде өз тобының мұғалімдеріне кеңес беріп, қолдау көрсете отырып, ұстаздарға барынша көмек беретін болады.

Рефлексиялық есептің мазмұны (2000 сөз)

- сабақ жоспарларына Бағдарламаның бір тақырыбын енгізуді негіздеу және оны енгізуде қолданылған әдістеме;
- оқыту мен оқу тәжірибесіне өзгеріс енгізілгенін және ол басқарылғанын растайтын сабақтар өткізілгенін және оның тиімділігін талдау.
- ✓ Бағдарламаның бір тақырыбы ықпалдастырылған сабақ жоспарлары (3 жоспар) (250 сөзден тұратын түсініктемесімен қоса).





25-KYH





## Сыни сараптамалық жазба

*Стелла Коттрелл (2008). Оқу дағдылары туралы нұсқаулық, 286.*

Жалпы алғанда, оқушы бағасының төмен болуына басқа қателіктеріне қарағанда, сыни талдаудың болмауы көбірек әсер етеді. Сапалы сыни талдау тамаша орындалған жұмыс пен жай ғана орындала салған жұмыстың айырмашылығын анықтауға көмектеседі. Сіздің жазбаша жұмысыңыз оның сыни сараптама екенін анықтауға көмектесе ме?

<b>Сипаттамалық жазба...</b>	<b>Сыни сараптамалық жазба...</b>
не болғанын баяндайды	мәнін анықтайды
бірдеңеге ұқсайтынын айтады	мықты және осал жақтарын бағалайды
қалай басталғанын баяндайды	бүкіл ақпаратты бағамдайды
барлығының қандай ретпен болғанын айтады	дәйектелген шешім қабылдайды
бірдеңені қалай істеу керектігін айтады	дәлелдемелерге сәйкес дәйектейді
теорияны түсіндіреді	белгілі бір нәрсенің неліктен сәйкес келетінін және жарамды екенін көрсетеді
нәрсенің қалай ықпал ететінін түсіндіреді	нәрсенің неліктен (күштірек) ықпалы бар екенін көрсетеді
әдістің қолданылғанын атап өтеді	белгілі бір нәрсе сәйкес келетінін және жарамды екенін анықтайды
бірдеңенің болып өткенін айтады	мерзімнің неліктен маңызды екенін анықтайды
түрлі құрамдас бөлшектер туралы айтады	құрамдас бөлшектердің маңыздылығын бағамдайды
пікір білдіреді	әрбір өлшемнің қалай таңдалғанын түсіндіреді
толық тізімдеп шығады	ақпарат бөлшектері арасындағы байланыстың маңызын бағалайды
кез келген тәртіпте атап шығады	ақпаратты маңыздылығына қарай құрылымдайды
элементтер арасындағы байланыс туралы айтады	ақпарат бөлшектері арасындағы байланыстың маңызды екендігін растайды
ақпарат береді	қорытынды жасайды

Теруге 01.06.2016. берілді. Басуға 06.06.2016. қол қойылды.  
Пішімі 60x84/8. Кеңсе қағаз 80 гр/м2. Сандық басылыс.  
Шартты б. т. 47,40. Таралымы 8917 дана. Тапсырыс №567а  
«Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ типографиясында  
басылды. 010000, Астана қ., №31 көше, 37а үй.  
e-mail: info@cpm.kz.